ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.УТЕМИСОВА

«ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ЖАҢА БУЫННЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

****

Сборник международной научно-практической конференции

«ЦЕННОСТИ НЕЗАВИСИМОСТИ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ: ВЗГЛЯДЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ»

ОРАЛ
2025

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.УТЕМИСОВА

«ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ЖАҢА БУЫННЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

****

Сборник международной научно-практической конференции «ЦЕННОСТИ НЕЗАВИСИМОСТИ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ: ВЗГЛЯДЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ»

ОРАЛ, 2025

УДК 004:001
ББК 32.973:72
Ц42

Жалпы редакциясы/ Общая редакция:

Сергалиев Н.Х. – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы-ректор

Редакциялық алқа / Редакционная коллегия:

Ахмеденов Қ.М. – география ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры

Журасова А.Ш. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, тарих, экономика және құқық факультетінің деканы

Байбулсинова А.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі

Ихсанова А.Б. - ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы, магистр

Ц42 «Цифрлық дәуірдегі тәуелсіздік құндылықтары: жаңа буынның көзқарастары» = «Ценности независимости в цифровую эпоху: взгляды нового поколения» / халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы = сборник международной научно-практической конференции – Орал:М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2025. - 350б. – қазақша, орысша, ағылшын, түрік.

ISBN 978-601-266-783-7

Жинаққа М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұйымдастырған «Цифрлық дәуірдегі тәуелсіздік құндылықтары: жаңа буынның көзқарастары» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілді. Тәуелсіз Қазақстанның рухани-мәдени және азаматтық құндылықтарын цифрлық трансформация жағдайында жаңаша пайымдау, білім беру мен ғылымның цифрлануы, жастардың қоғамдық санасы мен құндылықтар бағдарлары, тарихи жадыны сақтаудың цифрлық тетіктері, сондай-ақ құқық, саясат және әлеуметтік даму салаларындағы инновациялық үрдістер мәселелері қарастырылады. Мақалаларда ұлттық тарих пен мәдени мұраны қазіргі цифрлық құралдар арқылы репрезентациялау, виртуалды музейлер, жасанды интеллектіні қолдану, мемлекеттік басқару және экономикалық үдерістерді жаңғырту сияқты бағыттар бойынша ғылыми тұжырымдар ұсынылған.

Жинақ ғалымдарға, оқытушыларға, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге, сондай-ақ білім беру, мәдениет және қоғамдық даму саласы мамандарына арналған.

ISBN 978-601-266-783-7
9 786012 667837

©М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2025

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Мухангалиева Ж.К.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӘУЛИЕЛЕР ҚОРЫМДАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ.....9
Özkul Çobanoğlu
GÖK TANRI İNANÇ ÇEVRESİNDEN GÜNÜMÜZE TÜRK DÜNYASINDA KILAVUZ BOZKURT (KÖK BÖRÜ) MİTİ.....15
Gülsün Eroğlu
TARİHSEL SÜREÇTE ORTA ASYA'DA KADIN.....21
Tara Scully
THE FUTURE OF AI AND TEACHING.....24
Дандыбаева А.Н.
ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНАН ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕЙІН: ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҢА КЕҢІСТІГІ.....26

I СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Боранбаева Б.С.
ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМ.....32
Абдрахманова Р.Л.
ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРНО-ДУХОВНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА КАЗАХСТАНА И ТЮРКСКИХ ГОСУДАРСТВ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ.....34
Жалекенова Г.Т.
РАЗВИТИЕ ИСТОРИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПРОШЛОМ И ЕГО РОЛЬ В ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИЙ ШКОЛЬНИКОВ В СОВРЕМЕННЫЙ ПЕРИОД.....39
Губашева А.З.
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕКТЕПТЕР ТАРИХЫ.....44
Янтурсина З.Ю., Нұрсейіт Ш.Ө.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ.....50
Курбангалеев В.Т.
МАРКЕТИНГОВЫЕ УСЛУГИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....54
Калиева А.С.
ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ.....57
Абат Е.Э.
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК ЧЕРЕЗ ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ: ВЗГЛЯД НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ.....61
Елжасов И.Р.
ОРГАНИЗАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ КАК ОСНОВА ЭФФЕКТИВНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭПОХИ НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА.....64

Жангалиева И.
«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ: АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ӨСУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....68
Мырзагалиева Б.С.
ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ.....72
Боран К.Б.
ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАУ БОЛҒАН АЛАШТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ.....76
Святова А.С.
ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ СОХРАНЕНИЯ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ НАРОДА.....80
Раисов А.М.
ВИРТУАЛЬНЫЕ МУЗЕИ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТЕЙ НЕЗАВИСИМОСТИ У МОЛОДЁЖИ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ.....84
Абдуллин Т.Б.
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР.....91
Серикова К.А.
ҚАЗІРГІ ОТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....93
Кожагалиева С.Т.
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....97
Абуова Б.К.
ДОМБЫРА – ҰЛТТЫҚ БРЕНД.....98

II СЕКЦИЯ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫ, МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Хайдаров Е.Е.
ЖЫМПИТЫ ӨҢІРІНДЕГІ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНЫҢ БАСТАУЫ.....104
Сабыргалиева Н.Б.
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ (XIX-XX ғ. басы).....108
Жалмурзина А.Ж.
СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ С 1950-1980 ГОДЫ.....113
Утемис Н.У.
ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ: ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....122
Бекмаганбетов М.Б.
ДАЛА ӨЛКЕСІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА САЙЛАУ КЕЗІНДЕГІ БЕЛСЕНДІЛІГІ.....127
Мұқтар Ә.Қ., Амангелді Н.Қ.
1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ.....133
Мұстафина А.А.
НАРЫН МЕН БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ СЫНАҚТАР: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ТАРИХИ САЛДАРЫ.....137

Батырғали Р.Қ.
БЕРҚАЙЫР АМАНШИННЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....142
Борашева Л.Р.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА ҚАТЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР.....148
Гиниятова Н.Ж.
БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫНА БАНКІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТАУЫ.....154
Қапезов Е.С.
ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭТНОГРАФИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ.....160
Нагимова А.С.
УРОКИ УПРАВЛЕНЧЕСКОГО ОПЫТА В.И. ШУБИНА - ОРГАНИЗАТОРА И БЕССМЕННОГО ДИРЕКТОРА СОВХОЗА ИМЕНИ ГАЗЕТЫ «ПРАВДА».....164
Орынбай Е.М.
ХІХ-ХХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ДІНГЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....168
Сағидулла А.Р.
ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....173
Төлеген М.С.
АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....179
Хамзин Е.Қ.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙМЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР (ХІХ Ғ. ОРТАСЫ - ХХ Ғ. БАСЫ).....184
Айбекова М.Ю.
ТЕРЕКТІ АУДАНЫНЫҢ ТЫЛ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ.....188
Қамиева Н.Е.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....192
Құспанова А.Е.
БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВ ӘУЛЕТІ: ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ДӘСТҮР.....197
Бурбаева Г.С.
ПОРТРЕТ СОВРЕМЕННОГО КАНДАСА (ОРАЛМАНА) АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....200
Каби А.Т.
СОВРЕМЕННАЯ КАЗАХСКАЯ СВАДЬБА: НА МАТЕРИАЛАХ ГОРОДА АКТОБЕ 2010–2020 гг……..206
Қоблан Д.М.
КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЦЕНЗУРА МӘСЕЛЕСІ.....209
Кушкинбаева А.Е.
М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....212
Орман Б.М.
МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨТЕРІЛУІ.....217
Буранбаева С.Е.
ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ №11 МЕКТЕП – ИНТЕРНАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУДАҒЫ Е.Қ. САПАРОВТЫҢ РОЛІ.....221

Сегуатов Д.Ғ.
С.М. МӘШІМБАЕВТІҢ МОНОГРАФИЯСЫНДАҒЫ СЫРЫМ ДАТҰЛЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ПАРАЛЛЕЛЬДЕР.....225
Айитбаева Ә.А.
1930-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПАНАСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....230
Байгалиев Т.С.
АҒАРТУШЫЛЫҚТЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ БАСТАУЫ (XIX-XX Ғ. БАСЫ).....233
Шаманаева А.Қ.
ОРАЛДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ.....238
Күзембаев М.Қ.
МӘЖИТТІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ЕРЛІКТЕРІ.....244
Ермуханова Г.Е.
ЖӘНІБЕК АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТАРИХЫ (1922-1924 ЖЖ).....248
Исмагулова Г.Ж.
ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҮЛГІЛІ АТТЫ ӘСКЕР ПОЛКІНІҢ ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН КОМИССАРЛАР.....254
Акжигитова А.
ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ КЕЙІПКЕРЛЕР.....261
Абдрахманова А.Е.
ШАЙХИСЛАМ БЕКЖАНОВ: СТРАНИЦЫ БИОГРАФИИ ПЕРВОГО ДИРЕКТОРА УРАЛЬСКОГО КАЗАХСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА.....265
Джайылганова А.
ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ.....268
Узбекова М.Н.
ҒАЛЫМ Т.З. РЫСБЕКОВТЫҢ АҚЖАЙЫҚ ӨҢІРІНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....271
Қабышев Ы.А.
1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ӘСЕРІ.....274
Қуанышева М.М.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕР.....280
Сатдыкова И.Н.
БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР.....286
Сулейменова Э.А.
БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ.....296
Сырымқызы А.
XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ САНАСЫНЫҢ ОЯНУЫ.....298

III СЕКЦИЯ. ҚҰҚЫҚ, САЯСАТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУДАҒЫ ИННОВАЦИЯ

Тулебаев Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ МЕН ЗАҢДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК
НЕГІЗДЕРІ.....305

Науанова К.М., Есеева Г.Н.
КАЗАХСТАН В ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССАХ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....311
Куспанова А.Ж.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ ӨҢІРЛЕРІ МЕН ІРГЕЛЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ МӘДЕНИ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ.....315
Гайсина М.Б.
ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЭЛЕКТОРАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМДА ЗЕРТТЕЛУІ.....321
Кирбасова Л.Г.
РАЗВИТИЕ МЕТОДОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ ЗЕЛЁНОЙ ЭКОНОМИКОЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ВЫЗОВЫ.....326
Хуаныш Л.
УПРАВЛЕНИЕ РИСКАМИ И ВОЗМОЖНОСТЯМИ В ПРОЦЕССЕ ПЕРЕХОДА К УГЛЕРОДНОЙ НЕЙТРАЛЬНОСТИ КРУПНЫХ ПРОМЫШЛЕННЫХ КОМПАНИЙ КАЗАХСТАНА.....329
Ерсайнова Т.
БҚО АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1933-1940 ЖЖ.) 333
Аманжолова А.
АЛАШ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨРІНІСІ.....337
Чеботарева М.К.
ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ЕВРОПЕЙСКИМИ СТРАНАМИ В КОНЦЕ XX-НАЧАЛЕ XXI ВЕКА.....342
Махметова Г.Н.
ЦИФРОВАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЭЛЕВАТОРНОГО ХОЗЯЙСТВА: ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА И ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА.....347

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар, құрметті конференция қатысушылары!

«**Цифрлық дәуірдегі тәуелсіздік құндылықтары: жаңа буынның көзқарастары**» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қош келдіңіздер! Баршаңызды қасиетті **16 желтоқсан – Тәуелсіздік күнімен** шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгі конференция – еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі қарсаңында ұйымдастырылып отыр. Бұл жиын ғылыми қауымдастық үшін ғана емес, Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық дамуы үшін де айрықша мәнге ие.

Қарқынды цифрландыру дәуірінде тәуелсіздік құндылықтары жаңа мазмұнмен толығып, ұлттық қауіпсіздіктен бастап, білім мен ғылымға, экономика мен мәдениетке дейінгі түрлі салаларда ерекше рөл атқаруда. Сондықтан бүгінгі басқосуда көтерілетін мәселелер ел дамуының заманауи талаптарын айқындауға, жаңа шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді деп сенемін.

Келер жылы тәуелсіздігіміздің **35 жылдық мерейтойын** атап өтеміз. Бұл – азат елдің жаңа белесі. Осы орайда бүгінгі конференцияның мазмұны мен ұсыныстары мемлекетіміздің келешек бағыттарын айқындауға өз үлесін қосады деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер!

Ғалымдарымыздың, сарапшыларымыздың, жас зерттеушілердің тың идеялары мен ғылыми бастамалары қоғам дамуына жаңа серпін берері анық. Мұнда айтылатын ойлар – ертеңгі күннің шешімдеріне, жаңа буынның дүниетанымына, ұлттық дамудың жаңа траекториясына айналатынына толық сенімдемін.

Алдымызда келе жатқан **Тәуелсіздік күні** – тарихи дата ғана емес, еркіндіктің, жаңғырудың, береке-бірліктің мерекесі. Баршаңызды осы мерекемен тағы да шын жүректен құттықтаймын!

Еліміз аман, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз жарқын болсын!

Сергалиев Нурлан Хабибуллович

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ҒТАХР 03.20

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӘУЛИЕЛЕР ҚОРЫМДАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНУИ ҮРДІСТЕРІ

Мухангалиева Жанар Кажмуханбетовна
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты
Орал қ., Қазақстан
Zhan_2102@mail.ru

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – халқымыздың сан ғасырлық арманының жүзеге асуы және ұлттық мемлекеттіліктің жаңа кезеңінің басталуы болды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заң елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани жаңғыруына жол ашып, Қазақстанды халықаралық қауымдастықтың дербес мүшесі ретінде танытты. Егемендік жылдарында барлық салада жүйелі реформалар жүргізіліп, тұрақты экономикалық өсуге, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға және әлемдік деңгейдегі ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік туды.

Осы жетістіктер қатарында ғылым мен білім саласындағы жаңғыру айрықша маңызға ие. Соңғы жылдары ғылымды басқару жүйесі институционалдық тұрғыдан күшейтіліп, Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі қайта жаңғыртылды, Президент жанынан Ғылым және технология жөніндегі ұлттық кеңес құрылды. Ғылымды қаржыландыру көлемі айтарлықтай өсіп, 2024 жылдан бастап ірі жер қойнауын пайдаланушылардың табысының бір бөлігі ғылыми зерттеулерге бағытталуы заңмен бекітілді [1].

Жас ғалымдарды қолдау да жаңа деңгейге көтерілді: гранттық бағдарламалар кеңейді, ғылыми инфрақұрылым жаңартылды, халықаралық тағылымдамаларға жол ашылды. Мұның бәрі ұлттық ғылыми әлеуеттің нығаюына, инновациялық даму бағытының күшеюіне және Қазақстанның жаһандық ғылыми кеңістіктегі орнын бекітуге ықпал етуде.

Тәуелсіздік жылдарында ғылым саласының серпінді дамуы еліміздің жоғары оқу орындарындағы ғылыми мектептердің де жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ҚР тарихы кафедрасында жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу бағыттары ерекше атап өтуге тұрарлық. Кафедра ұжымы тәуелсіздік кезеңінде ұлттық тарихты жаңаша зерделеуге, өңірлік тарихи-мәдени мұраны ғылыми айналымға енгізуге көп еңбек етуде.

2013 жылдан бері кафедраның ғылыми-зерттеу бағыттарының бірі ретінде Батыс Қазақстан аймағындағы әулиелер қорымдарын кешенді түрде зерделеу мәселесіне ерекше назар аударылып келеді. Бұл бағыттың өзектілігі халықтың ертеден қалыптасқан аруақтарды қастерлеу дәстүрінің ислам діні енген кезеңмен өзара сабақтаса дамуына байланысты. Әулиелерді құрметтеу феноменінің кең таралуы кездейсоқ емес: олар дәстүрлі қоғамда салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың сақталуына ықпал етіп, имандылыққа бастайтын, Аллаға адал, керемет қасиеттерінің арқасында өздерін, өзге де адамдарды қорғап, сақтайтын тұлғалар ретінде танылды.

Алайда қазіргі кезеңде әулиелердің қоғамдағы тарихи-мәдени рөліне күмәнмен қараушылар да кездеседі. Осыған байланысты «әулиелер кімдер, олардың қоғамдағы қызметі қандай, ата-бабаларымыз не себепті оларды қастерледі?» деген сұрақтарды ғылыми тұрғыдан қарастыру ұлттық тарихи жадымызды айқындап, мәдени

болмысымызды терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бүгінгі таңда әулиелерге құрмет көрсетуді оларды шамадан тыс дәріптеп, табыну деңгейіне жеткізетін түсініктермен шатастыру фактілері де орын алуда. Мұндай қате пайымдаулардың таралуы қазақ қоғамында әулиелер институтының мәні мен рөлін дұрыс түсінбеуден туындайды.

Осы тұрғыдан келгенде, қоғам және мемлекет қайраткері Өмірбек Байгелдінің: «Жаңа имандылыққа бет бұрған адамдарға неден бастау керек, алдымен нені білу керек соны түсіндірудің орнына қазақтың жанына қайшы келетін, ешқандай шарасына сыймайтын, ата-бабаңды ұмыт, олардан без, әулие дегенге барма деген әңгімелермен елдің зәресін ұшырып, шошытуда. Аллаға ширік келтіруге болмайды деген әңгімені шығарып алды да, міне осыдан шыға алмай жүр. Адамдардың барлығы да он сегіз мың әлемнің жаратушысы және оның иесі бір Алла деп біледі. Бірақ, сонымен қатар, басқа ұлы бабаларының, әке-шешелерінің басына барып та зиярат жасайды. Бұл екеуі бір-біріне қайшы келетін ұғым емес...», деген ойы жұмыстың негізгі мақсатын ашып берері сөзсіз [2, 4 б.].

Бұл көзқарасқа үндес пікірді Гүлбану Кеніштайқызы өзінің ғылыми зерттеуінде келтіреді. Ол бұл мәселенің өзектілігін былайша ашып көрсетеді: «Бүгінгі күні «әулие» ұғымын жаңаша көзқараста қарастырудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, кеңес дәуірі кезеңінде өз тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды деректері яғни ауызша деректер ғылыми айналымға дер уақытында түспеуі себебінен ғылыми зерттеулер мен көпшілікке арналған оқулықтарда жаңсақ пікірлер пайда болды. Екіншіден, қоғамымызда кездесетін түрлі кедергілерге байланысты әулие мәселесі ислам дінімен бірге ғана зерттеліп, арнайы зерттеу объектісі ретінде қаралмады» [3, 161 б.]. Осылайша жоғарыда келтірілген екі автордың пікірлері қоғамдағы әулиелер институтына қатысты көзқарастардың әркелкілігін, оның ғылыми тұрғыдан қайта қаралуының маңыздылығын және тарихи-мәдени сананы терең түсіндіру қажеттігін айқындай түседі.

Студенттер және магистранттармен зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында төмендегі мақсат-міндеттерді назарға алдық:

- «әулие» түсінігінің исламдық және халықтық дүниетанымдағы тарихи негіздерін саралау;
- Батыс Қазақстан облысы бойынша кең таралған әулиелердің қорымдарын анықтап, оларды географиялық және тарихи тұрғыдан жүйелеу;
- халықтың әулиелерге қатысты сенімін, зиярат ету себептері мен рәсімдерін этнографиялық материалдар негізінде сипаттау;
- облыс бойынша анықталып-зерттелген әулиелердің қорымдарының тізімін жасақтау, зерттеу нәтижесі ретінде және әулиелердің қорымдарын тарихи-мәдени, діни объектілер ретінде танымал ету;
- ғылыми құндылығы жоғары еңбектер жазып, жинақталған дерек көздерін ғылыми айналымға түсіру.

«Ортаазиялық аймақ территориясына ислам дінінің таралуы кезеңінде мұсылмандық пен исламға дейінгі культ тығыз араласып, синкреттеліп кеткендігі сондай, исламға дейінгі және исламдық арасына нақты шек қою қиынға соғады, тіпті кейде мүмкін емес». Ислам діні Құдайды тану жолдарын ұсынса, сопылық ілім адамның өзін-өзі тану жағдайларын алдыңғы орындарға шығарады. Өзіңді өзің тану жағдайларын жоғары дәрежеде меңгерген, шариғат, тарихат және мағрипат жолынан сәтті өтіп, хақиқатқа жету жолын іздеген білімді жандар – әулиелер болған деп есептеледі.

Мұсылман халықтары үшін «әулие» сөзі таңсық емес, бірақ бұл мағынада «әулие» сөзінің шығу тегі мен мағынасын исламдағы діни аяттарға сәйкес анықтайды. Расында ұғымның негізі араб тіліндегі «уәли» сөзіне барып тіреледі. Араб тіліндегі «уәли» сөзі де осы ерте кезеңдерден бастау алады. «Уәли» – мағынасы жағынан

«жақын», «дос», «қорғаушы» дегенді білдіретін сөз. Оның көпше түрі – «аулия». Ислам терминдер сөздігінде «Әулие» сөзіне «Алла Тағаланың сүйген құлдары, нәпсісінің тұтқынынан құтылып, рухани кемелдеген тұлғалар. Алла Тағаланы естен шығармай үнемі зікір еткендер» деген анықтама береді [4, 7 б.].

Халық арасында аса беделге ие болған, халық жаппай зиярат ететін барлық әулиенің тарихына тоқталсақ, бәрінің тарихы бір жерде үндеседі, яғни, бәрі де хақ дініміз Исламды өркендетуге өмірлерін қиған. Сондықтан да халқымыздың әулиені зиярат етуі, құрметтеуі, қастерлеуінің бәрінің хақ Құранмен негізделген дәлелдері бар. Оған халық ауыз шығармалары да дәлел бола алады. Мәселен Үмбетей жырау «Бөгенбай қазасын Абылай ханға естірту» атты жырында:

Анау бір жолы аттанған
Әскерді қырғыз қырғанда,
Басынан оба қылғанда,
Ол хабарды ел біліп,
Көп батырмен сен жүріп,
Көзіңнің жасын көл қылып,
Қысылған әскер басының
Қасына барып тұрғанда,
Ақбоз атты шалғанда,
Мойныңа кісен салғанда,
Баба түкті Шашты Әзіз,
Содан бата алғанда,
Тілеуің қабыл болғанын,
Басыңа Қыдыр қонғанын,
Ұмыттың ба соны Абылай?! – демей ме?! [5, 74 б.].

Бұл жырда аласапыран заманда Абылай ханның әулие Баба түкті Шашты Әзиз басына зиярат етіп, ақбоз атты құрбандыққа шалып, Баба түкті Шашты Әзізден бата алғандығы, одан соң ханның басына Қыдыр қонып, тілеуінің қабыл болғандығы баяндалады.

Мұхаммед пайғамбар хадисінде: «Қайсыбір пендеге Алла жақсылық жасап, оны дін және шариғат ілімдеріне жетік етіп қояды. Оған дұрыс жолды сілтеп тұрады» – дегенді айтады [6, 59 б.]. Сол ілімін әрі қарай дамыта білген әрбір адам көп адамдар жете алмайтын жетістіктерге жетеді. Дін мен шариғатты қатар меңгерсе ерекше қасиетімен түрлі кереметтер, ғажайыптар көрсетеді. Ел ішіне даңқы көзінің тірісінде-ақ тарайды, ондай адамдарды халық «әулиелер» деп таныған.

Сондай-ақ, әулиенің ерекше кереметтерінің бірі – перзентсіз ата-анаға ұрпақ сыйлайтын қасиеті екендігі қазақ эпостарында, аңыздарында тұрақты дәріптеледі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында бұл жағдай былайша көрініс табады:

Сексенге жасы келгенше
Бір бала көрмей Тоқтарбай,
Қайғыменен қан жұтып,
Ақылынан адасқан.....
Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі,
Жарылғандай жүрегі... [7, 4-5 бб.].

Перзентке зар кәрі ата-ана «атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» батыр баланы қалайды, нәтижесінде ол ел үшін еңіреген ердің ері болады. Ал, батырды өмірге

келуіне о баста шапағат жасаған әулие оны алдағы қиын-қыстау ұрыстарда да ұдайы жеңіске жеткізуші жебеуші пірге айналады.

Өткен тарихымызда қазақтың дәстүрлі сенімінде – «әруақты шақырып», «әулиеден, пірінен медет тілеу» дәстүрі болғанын Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Өлеңмен берілген аят» атты өлеңінде де әулиеден медет тілеп, пірінен көмек сұрау, қазақ дәстүрінде бар екендігін дәлелдейді. Ол туралы:

Кәміл дүр сенің пірлерің
Барша білер сырларын,
Түркістан-дүр жерлерің,
Хазірет Сұлтан, сенен медет! [8, 232 б.] немесе «Түркістан сапары» өлеңінде:
Шығып ек кешегі айда елімізден,
Мекен-жай, қоныс қылған жерімізден.
Хазіреттің ақ күмбезін зиярат қып,
Қол жайып бата алғалы пірімізден – деп көрсетеді [8, 120 б.].

Әулиелер, әулиелік орындар – адам мен жерді, өткен уақытпен бүгінді, ата-бабалар аруағын бүгінгі пендемен жалғастырып жатқан, реалды географиялық координатқа ие нүктелер болып табылады. Адам осындай жерге зиярат (түнеу) ету арқылы құдды басқа бір өлшемге, арғы дүниеге сапар шеккендей болады, ата-бабааруағынан өзінің тілегінің орындалғанын көрсетер белгі-нышан күтеді. Баяғының сөзімен айтқанда «аруақ қолдайды». Әулиелер бізден бас тартса, әулиелік орындар өздерінің киелілігінен айырылып, кесірлі орындарға, әулиелерге, ата-бабалар рухына деген сенім өз өзектілігін жоғалтса – олардың мекендері жын-жыпырдың ордасына айналады деп сенген.

Қабірлерге, әулиелерге зиярат ету – қазақ салт-дәстүрлерінің ықпалды бір бөлігі, ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие институты. Мұндай тұтас институтты халықтың санасынан сылып тастау мүмкін емес. Әрі бұл қадам аса қауіпті де. Өйткені зиярат институты жойылған жерде пайда болған рухани бос кеңістікті міндетті түрде әсіре деструктивті ағымдар жаулайды.

Бүгінгі материалдық дүниенің көзімен қарағанда, «әулие» дегеніміз – көбіне-көп көзге түсе бермейтін жалғыз құлпытас, ағаш түрінде мола ғана. Сондықтан мұндай орындар ресми тарихи-сәулет ескерткіштерінің қатарына қосылмай, ресми ескерткіштер тізіміне енгізілмей қалып жатады. Өйткені әулиелерді құрметтеу бүгінгі діни оқулықтарда қарастырылмаған, қайта керісінше – жоққа шығаруға деген бейімділік байқалады.

Сондықтан олардың басын қарайтып, күніміз түскенде ғана бірдеңе дәметіп түнеумен шектелмей, олар туралы ақпарат жинап, олардың рухани болмысын тануға да әрекеттену керек. Өйткені олар жөніндегі түсініктердің басым көпшілігі азын-аулақ аңыздар ғана. Ал шындығында, қай әулиенің болмасын, аңызының астарында ғасырлардың ғана емес, мыңжылдықтардың сыры жасырулы жатыр [9, 38 б.].

Хадистерде де бұл ұғым кеңінен қамтылған. Пайғамбар Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла Тағаланың өз уәлилерін ерекше қорғайтынын баяндай отырып, мына хадисті жеткізген:

«Кімде-кім Менің уәлиіме дұшпандық жасаса, Мен оған қарсы соғыс жариялаймын. Құлым Маған ең сүйікті амалдармен – парыздармен жақындайды. Содан кейін ол нәпіл амалдармен де жақындай береді, ақыры Мен оны сүйіп қаламын. Сол кезде оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүрген аяғы боламын...».

Бұл хадисте уәлидің сипаттары мен рухани дәрежесі ашық баяндалған. Яғни, әулиелік – Жаратушыға деген шынайы сүйіспеншілік пен құлшылықтың, толық берілу мен тақуалықтың нәтижесінде берілетін рухани мәртебе.

Құдайға жақын, адамдарға өнеге болатын, дұға мен ізгі амалдарымен танылған, кереметтерімен (карамат) көзге түскен адамдар арасында «ахун», «ишан», «халфе», «молда» деген лауазым атауларын кездестіруге болады.

«Ахун» атағы діни кітаптарды аударушылар, әрі ел арасында дінді насихаттаушыларға, медреседе толық білім алған талантты жандарға берілген. Қазақтар белгілі бір қызметтерін тиянақтайтын әрекет иелерін, соның ішінде халыққа пайдасы тиген, діни сауаттандырған ғұламаларын ерекше мойындап, қастерлеп отырған.

Ахун – патша үкіметі ресми түрде бекіткен, «Сібір қырғыздары туралы Ереже» бойынша заңдастырылған указной молда. Олар халықтың ішінен сайланып, патшалық билік тарапынан бекітіліп отырды. Ахундар тек діни қызмет қана емес, сонымен қатар әкімшілік және кейде медиаторлық (бітімгерлік) рөл де атқарған.

Батыс өңірде бұл атау көп кездеспейді, тек Қайыржан Хасановтың «Дала дарындары» кітабында Қаратөбе өңіріндегі әулиелігімен, көріпкелдігімен елге сыйлы болып өткен Жұбан ахунды [10] атауға болады.

Қазақ тілінде «ишан» діни термин ретінде екі түрлі мағынада қолданылады, бірі халық арасында діни сауат ашу, ғибадат жолын насихаттаумен айналысатын, қазы не имам сияқты ресми лауазым иесі болмаса да, беделді діни адамға берілетін атақ, екіншісі, діни ғұлама, ұстаз.

Біздің өлкеміздің дәстүрлі ислам білімін терең меңгеріп, ресми түрде ишан атанған, білім жолында ұзақ сапар шеккен ірі діни тұлға – Едіге Шымырұлы. Оның Бұхара медресесінде үздік оқуымен қатар, алтын әріппен жазылған «Шатырхат» алу фактісі – Едігенің тек өз заманы емес, бүгінгі күн үшін де маңызды тұлға екенін дәлелдейді [11, 8-9 бб.]. Батыс Қазақстан өңірінде мұндай мәртебеге ие болған санаулы ишандардың бірі ретінде ол халық арасында «әулие» дәрежесіне көтерілген. Бұл оның діни беделінің, рухани әсерінің және киелілік сипаттарының халықтық танымда орныққанын көрсетеді.

Самарқандта үлкен мешіттің қабырғасында алтындаған үлкен әріппен «Бұл мешітте Шымырұлы Едіге ишан қызмет жасаған» деген жазу да дәлел бола алады [12, 15 б.].

Қаратөбе өңірінің солтүстік-шығысында орналасқан «Наурыз» мен «Демеу» мешітінің орны – Едіге ишанның ілім таратқан, шәкірт тәрбиелеген қасиетті мекендердің бірі. Уақыт өте келе бұл мешіттің көзге көрінетін ізі көмескі тартса да, ел жадындағы киесі өшпеген. Халық арасында «Қызыл бәлніс» атанған ғимараттың құрылысына сол мешіт тастарының пайдаланылуы – материалдық тұрғыда бір мәдени қабаттың келесі біріне ауысуын білдірсе, рухани тұрғыда бұл – Едіге ишанның артында қалған ізі мен ықпалының әлі де сезілетінін көрсетеді. «Жердің киесі, елдің иесі – Едіге ата» деп тануы – халықтың ол кісіге деген терең құрметі мен сенімінің көрінісі. Бұл мекен-жай ғана тарихи орын емес, әулиенің рухани ізі қалған, киелі санаға енген жер [13]. Едіге Шымырұлының ишан болғанының негізгі белгілері болып, Бұхарада алған алтын шатырхат, шәкірт тәрбиелеген мешіт орнының болуы, халықтық аңыз-әңгімелерде «әулие», «киелі» тұлға ретінде сақталуы жатады.

«Хазірет» араб тілінде «құрметті», «ардақты», «жоғары мәртебелі тұлға» деген мағынаны береді. Ислам дінінде пайғамбарлар мен әулиелерге, сондай-ақ аса құрметті дін қайраткерлеріне айтылған. Қазақ қоғамында биік діни лауазымдарды ұстанғандарға – қазыларға, сопы шейхтерге, әулие атанғандарға, медресе басшысына қолданған. Біздің өлкемізде оған Жұмағыз хазірет, Сағи, Сүлеймен т,б, хазіреттер мысал бола алады.

Молда парсы тіліндегі «мұғалім», «оқымысты», «діни ғалым» деген сөз, қазақ қоғамында Құран оқи алатын, діни білім берген, шариғат негіздерін үйреткен адам. Мәселен, Бөкей Ордасы ауданындағы Сайхын ауылының тұрғыны Хасен молда және т.б,

Қорыта айтқанда, бұл баяндамамда Батыс Қазақстан облысы аумағындағы әулиелер мен олардың қорымдарын зерттеу арқылы қазақ халқының рухани әлемін тануға, әулиелік феноменнің ұлттық дүниетанымдағы орны мен мәнін ашуға, оның әлеуметтік, этнографиялық және мәдени маңызын бағалау жолында біраз жұмыс

атқарып келдік, әлі де атқармақшымыз, нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткіздік:

- Ж.К.Мухангалиева мен А.С.Омарова бірлесіп дайындаған «Батыс Қазақстан аймағындағы әулиелік қорымдар: тарихы, тағылымы» (Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019) монография жарық көрді [14];

- аңыз-әңгімелер, далалық экспедициялар барысында (Сырым, Қаратөбе, Бөрлі, Бөкей Орда аудандарында) жинақталған деректер негізінде облыс аумағында орналасқан әулиелер қорымдарының нақты географиялық координаттары анықталды, осы координаттар негізінде спутник карта жасалды, әлі де бұл ақпараттар толығады, бұл нәтиже туристік, ғылыми және танымдық мақсатта пайдалануға мүмкіндік береді;

- алғаш рет облыс көлеміндегі әулиелердің қорымдарының жүйеленген тізімі жасалды, әлі де толықтырылады. Бұл тізім фольклорлық, этнографиялық және жазба деректермен негізделді, яғни ғылыми негізделген әрі тарихи сенімді дереккөзі. Әрбір әулиенің өмірбаяны, танымалдылығы, зиярат ету ерекшеліктері жөнінде қысқаша мәліметтер қамтылатын картотека әзірленді;

- далалық экспедиция барысында түсірілген бейнематериалдар негізінде танымдық, деректік, көркем құндылығы жоғары деректі фильм дайындалды, алғашқы сериясы, тағы да серияларын жариялау көзделіп отыр [15]. Фильм арқылы халықтың арасында рухани-мәдени мұраға деген қызығушылық артады, әсіресе жастар арасында деп ойлаймыз. Деректі фильм мектептерде, ЖОО-ларда, музейлерде және бұқаралық ақпарат құралдарында білім беру мен насихаттау мақсатында кеңінен қолдануға жарамды болады.

Міне осындай зерттеу жұмыстары нәтижесінде құнды фольклорлық деректер жинақталып, ғылыми жүйеге түсірілді, тарихи-рухани мұраның маңыздылығы қайта танылып, ұлттық руханиятты ұлықтау жолында маңызды қадам жасалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Тәуелсіздік жылдары жүзеге асырылған ғылыми жобалар. // https://baq.kz/tauelsizdik-zhyldary-zhuzege-asyrylgan-gylymi-zhobalar-200011688/

2 Байгелди Ө. Қазағым қайда барасың? // Егемен Қазақстан. – 2010. – қараша. – 3. – №456 (26299) 1 – 4 бб.

3 Кеніштайқызы Г. Қазіргі қоғамдағы әулие ұғымы, шығу тегі және дамуы. / ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2011. – №4 (63). – 160– 162 бб.

4 Исламдық терминдер сөздігі / Құраст.: М.Исахан, М.Муслимов, С.Көкенай, Б.Сыдықов. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, – 2015. – 60 б.

5 Жеті ғасыр жырлайды: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 2004. 1 – том. – 528 б.

6 Мұхаммед пайғамбардың хадистері / Аударған Н.Қазыбеков. – Алматы: Жазушы, 1993. – 64 бет.

7 Батырлар жыры. 1 том. – Алматы: Жазушы, 2000. – 256 б.

8 Көпейұлы М.Ж. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2005, – 336 б.

9 Омарова А.С. Әулие деген қандай адам? // Дана. – 2014. – №1 (12). – қазан. – 35 – 38 бб.

10 Құттымұратұлы Қ. Жұбан молда. – Алматы: Арыс, 2018. – 152 б.

11 Хасанов Қ. Дала дарындары. – Орал, 2011. – 36 б.

12 Хасанов Қ. Шымырұлы Едіге. – Орал: Шұғыла-Принт, 2014. – 67 б.

13 Салахаддин. // Орал өңірі. – 2023. – №96 (21281). – 30 қараша. – 17 б.

14 Мухангалиева Ж.К., Омарова А.С. Батыс Қазақстан аймағындағы әулиелік қорымдар: тарихы мен тағылымы (монография). – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019. – 84 б.

15 Батыс Қазақстан облысындағы әулиелік қорымдар тарихы (XVIII-XXғғ.). // https://www.youtube.com/watch?v=9DbDVoFOehI&ab_channel=%D0%A0%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D0%91%D0%B0%D1%82%D1%8B%D1%80%D0%B3%D0%B0%D0%BB%D0%B8

УДК 82-343

GÖK TANRI İNANÇ ÇEVRESİNDEN GÜNÜMÜZE TÜRK DÜNYASINDA KILAVUZ BOZKURT (KÖK BÖRÜ) MİTİ

Özkul Çobanoğlu
Hacettepe Üniversitesi , Ankara, Türkiye.

Özet: Bildirimizde Türk kültür tarihinin “Gök Tanrı” inancının hakimiyet döneminden başlayarak tanrısal bir elçi ve kılavuz olarak Türklere gönderilen “kutsal bozkurt” fenomeninin tematik, yapısal ve işlevsel boyutlarıyla birlikte değişme ve süreklilik açılarından ele alarak değerlendireceğiz. Kutsal bozkurttun tanrısal dilek ve istekleri kağana ileterek onun karar ve icraatlarına sağladığı meşruiyet ve sosyo-kültürel psikolojik motivasyona özellikle dikkat çekilecek ve Türk devletlerinin hayatındaki yeri ve rolü üzerine analizler yapılacaktır.

Anahtar kelimeler: bozkurt, tanrısal elçi ve kılavuz, Türk kağanlığı, Türk dini, Türk mitolojisi, Türk devletinin meşruiyet kaynakları

Paper title: Grey Wolf (Kök Börü) in the Sky God Belief System and Its Socio-Cultural Psychological Functions

Abstract: In this paper, we will examine the phenomenon of the "sacred gray wolf," sent to the Turks as a divine messenger and guide, beginning with the dominance of the "Sky God" belief in Turkish cultural history, in terms of its thematic, structural, and functional dimensions, as well as its changes and continuity. We will particularly focus on the legitimacy and socio-cultural psychological motivation that the sacred gray wolf conveyed to the khan by conveying divine wishes and desires, thus providing his decisions and actions. We will also analyze its place and role in the life of the Turkish states.

Bu çalışmanın konusunu tanrısal bir elçi ve kılavuz olarak Türklere gönderilen “kutsal bozkurt” fenomeninin tematik, yapısal ve işlevsel boyutlarıyla birlikte değişme ve süreklilik açılarından ele alarak değerlendirmek oluşturmaktadır. Kılavuz bozkurt, Göktanrı tarafından yol, yöntem gösterilmek yanlışa düşülmesine mani olmak amacıyla sevilen ve kut verilen kağanlara ve kağan olmasa da önemli şahıslara gönderilen bozkurttur. Bu bozkurt adeta tanrının dileğinin veya istediğin don değiştirmiş hali gibidir.

Bilindiği gibi bu tür bir “kılavuz bozkurt motifi”nin yaygın olarak bilinen en eski örneğini Oğuz Kağan Destanı'nın Uygur varyantında (Bang 1936) görmekteyiz. Oğuz Kağan'ın dört bir yana yaptığı seferler ile düşmanlarına boyun eğdirmesi ve pek çok boyun meydana geliş ve adlandırılış sürecinin anlatıldığı destanda kılavuzluk yapmakta olan bozkurt aynı zamanda Oğuz Kağan'a öğütler de (Reichl 1992: 35) vermektedir. Destanda beş kez işaret edilen kılavuz bozkurt motifinin tuttuğu yer az gibi görünmesine karşın aşağıda ele alacağımız vechile görüleceği üzere, kaynağı, mahiyeti, yapısı ve bunlara dayalı işlevleri nedeniyle gerçekte destanın kahramanı olan Oğuz Kağan'ın destani kişiliğinin oluşumunda temel unsur konumundadır.

Oğuz Kağan destanında kılavuz bozkurt motifinin kaynağının tanrısal olduğu görülmektedir. Gök Tanrı, topladığı kurultayda halkına ve beylerine verdiği yarlıkla "Ben sizlere oldum Kağan: alalım yay ile kalkan: nişan olsun bize buyan: kurt olsun bize uran, demir kargı olsun orman: av yerine yürüsün kulan: daha deniz daha müren (ırmak), güneş bayrak, gök kurıkan (çadır)." (Bang 1936: 17) diyerek milli emelleri bildiren ve cihangirlik davasına kalkışan Oğuz Kağan'ın adeta dileğine -ki bir anlamda bunu dua olarak da kabul etmek mümkündür- katıldığını ve onu desteklediğini bildirmek için tıpkı ona ilk hanımını gönderdiği gibi kutsallığı ve kutsamayı simgeleyen "güneş gibi parlak" bir ışık içinde kılavuz bozkurt gönderilmektedir. Kılavuz bozkurt'un gönderilişi ve onun misyonunu bildirişi destanda şu şekilde ifade edilir: “Oğuz Kağan gazaba gelerek onun üzerine yürümek istedi; bayrağını açarak, asker ile ona karşı yürüdü. Kırk gün sonra Muz Tağ adında bir dağın eteğine geldi. Çadırını kurdurdu ve sessizce uyudu. Tan ağarınca Oğuz Kağan'ın çadırına güneş gibi bir ışık girdi. O ışıktan gök yeleli büyük bir kurt çıktı. Bu kurt Oğuz Kağan'a hitap etti ve : Ey Oğuz, sen Urum üzerine yürümek istiyorsun: ey Oğuz, ben senin önünde yürümek istiyorum- dedi. Ondan sonra Oğuz Kağan çadırını dürdürdü ve gitti. Gördü ki, askerin önünde gök tüylü ve gök yeleli büyük bir erkek kurt yürümektedir ve kurdun ardı sıra ordu gelmektedir.” (Bang 1936: 15). Bu bağlamda söz konusu metinde açıkça görüldüğünce, Tanrı tarafından gönderilen kılavuz bozkurt Oğuz Kağan'ın gelecekle ilgili planlarını bilmekte ve ona Tanrı'nın tayin ettiği ve takip etmesi gereken yolu ve yönü gösterecek kılavuz misyonu içinde ordusunun önünde yürümek istediğini, onunla konuşarak bildirmektedir. Şu halde kılavuz bozkurt Tanrı'nın dileğinin "dona girerek" Oğuz Kağan'a ulaşmasından başka bir şey değildir.

Nitekim Oğuz Kağan da kendisine ulaşan bu tanrısal buyruğa karşı çıkmaksızın ordusuyla beraber onu takip eder. Tanrı buyruğuna uyulması ve kılavuz bozkurdun takip edilmesi neticesinde varılan ve bozkurdun durmasıyla durulan dolayısıyla da onun tarafından seçilmiş olan yerde karşılaşılan ve "Urum Kağan" olan düşmanla yapılan savaş zaferle neticelenecektir. Bu olay destanda şöyle anlatılır: “Gök tüylü ve gök yeleli bu erkek kurt bir kaç gün sonra durdu. Oğuz Kağan da askeri ile durdu. Burada İtil Müren adında bir deniz vardı. Bu İtil Müren'in kenarında bir kara dağın önünde savaş başladı. Okla kargı ile kılıçla vuruştular. İtil Müren'in suyu zencefre gibi baştan başa kıp kırmızı oldu. Oğuz Kağan yendi ve Urum Kağan kaçtı.” (Bang 1936: 15-21). Bu metinde söz konusu kılavuz bozkurttun konuşması kadar davranış ve hareketleri de durması, yürümesi vb. anlam içermekte ve tanrısal misyonuna uygun şekilde sonuçlar elde edilmesini sağlamaktadır.

Ancak Tanrı tarafından görevlendirilip gönderilen kılavuz bozkurt daima Oğuz Kağan'la beraber değildir. O misyonunun icap ettirdiği hallerde ortaya çıkmakta ve Oğuz ile ordusuna öncülük ederek onları düşmanın bulunduğu yere götürmekte ve Oğuz'a öğütler vermektedir. Nitekim destanda Urum Kağan savaş sonrası ortadan kaybolduğu anlaşılan kılavuz bozkurdun tekrar ortaya çıkarak Oğuz Kağan'a görünmesi ve onunla konuşup kılavuzluk etmesi şu ifadelerle vurgulanır: “Ondan sonra Oğuz Kağan yine ve gökyeleli kurdu gördü. O kurt Oğuz Kağan'a "Şimdi, Oğuz, sen asker ile buradan yürüyerek, halkı ve beyleri götür: ben önden sana yol gösteririm- dedi. Tan ağarınca Oğuz Kağan gördü ki, erkek kurt askerin önünde yürümektedir: sevindi ilerledi.” (Bang 1936: 23).

Kılavuz bozkurdun daima Oğuz'la birlikte olmayıp misyonu gereğince görünüp kaybolmasına dair bir başka ifade de, Oğuz Kağan'ın Çürçet Kağan'la olan savaşı anlatılırken tekrar edilir: “ Yine bir gün gök tüylü ve gök yeleli erkek kurt durdu. Oğuz kağan da durdu ve çadırını kurdurdu. Bu, tarlasız ve çorak bir yerdi. Buraya Çürçet diyorlardı. Büyük bir yurt idi: atları çok, öküzleri ve buzağıları çok, altın ve gümüşleri çok, cevahirleri çoktu. Burada Çürçet Kağan ve onun halkı Oğuz kağan'a karşı geldiler. Vuruşma ve çarpışma başladı. Oklarla, kılıçlarla vuruştular. Oğuz Kağan yendi.” (Bang 1936: 25-27).

Oğuz Kağan kendisine Tanrı tarafından kılavuzluk etmek üzere gönderilen ve gerektiğinde ortaya çıkarak yol gösteren kurdun varlığının, Tanrı tarafından kutlanılıp "kut bulmuş"luğunun tescili olarak görür ve kendisi ile ordusunu zaferden zafere koşturan kurdun

ortaya çıkıp görünmesine sevincini gizlemez ve bu husus destanda belirtilir. Destanda Oğuz Kağan ömrü boyunca yaptığı bütün seferler ve kazandığı savaşlar anlatılırken kılavuz bozkurdun bunların hepsinde yer aldığı yukarıda belirttiğimiz nedenlerle bilhassa zikredilir: "Ondan sonra yine bu gök tüylü ve gök yeleli erkek kurtla Hint, Tangut, ve Suriye taraflarına yürüdü. Pek çok vuruşmadan ve pek çok çarpışmadan sonra onları aldı ve kendi yurduna kattı; onları yendi ve kendisine tabi kıldı." (Bang 1936: 27).

Destanın sonunda Oğuz Kağan yurdunu oğulları arasında paylaştırırken hayatı boyunca yaptıklarının bir ilâhi misyon sonucu olduğunu ve yaptıklarının Gök Tanrı'ya olan borcunu ödemekten ibaret olduğunu şu ifadelerle dile getirir: “Sonra Oğuz Kağan oğullarına yurdunu üleştirip verdi ve: "Ey oğullarım, ben çok aştım: çok vuruşmalar gördüm; çok kargı ve çok ok attım: atla çok yürüdüm: düşmanları ağlattım: dostları güldürdüm. Ben Gök Tanrıya borcumu ödedim. Şimdi yurdumu sizlere veriyorum" dedi. (Bang 1936: 33).

Gerek bu ifadeden ve gerekse Oğuz Kağan'ın olağanüstü doğumu ve büyümesi onun Tanrı tarafından seçilmiş biri oluşu inancını aksettirir. Burada asıl önemli olan Tanrı tarafından seçilmiş olmasının da ötesinde yeryüzünü fethi ve yaptığı düzenlemelerin Tanrı tarafından onaylandığını ve dahası kazanılan bütün askeri zaferlerin kaynağında Tanrı'nın yardımının olmasıdır ki bu yardım Tanrı tarafından gönderilen kutsal kılavuz bozkurt sayesinde elde edilmiş olmaktadır.

Bu açıklamaların ışığında Oğuz Kağan'a öğütler verip, yol gösteren kılavuz bozkurt motifinin işlevsel özellikleri şöyle sıralanabilir:

* Kılavuz bozkurt'un görünüp yardım ettiği kişi doğum, çocukluk ve yetişkinlik dönemlerinde olağanüstü haller gösteren ve Kağan olduğunda yeryüzü hakimiyetini elde etmeyi düşünen olağanüstü kişiliğe ve misyona sahip bir liderdir.

* Kılavuz bozkurdun kaynağı ilâhidir. Tanrı tarafından seçilmiş kutsal bir kişi olan Oğuz Kağan'a Tanrı tarafından gönderilmektedir.

* Kağan'a yol gösteren kutsal varlık olan bozkurt Oğuz ve ordusunun önünde yürümekte ona düşmanın ve savaşın yerini göstermektedir. Ayrıca kılavuz bozkurt Oğuz Kağan'la konuşmakta ve zaman zaman ona kılavuzluk etmenin yanısıra öğüt ve moral vermektedir.

* Bozkurt Tanrı'nın şekil değiştirmiş (dona girmiş) dileğini yansıttığı için gösterdiği yolda daima muzaffer olunur. Tanrının dileğini yansıtan dona girme ile açıklanan Kılavuz Bozkurt böylesi bir dona girme olayı ile muhatap olan kağanın Tanrı katında kut bulmuş olmasının delilidir ve neticede onu yüceltir. Kılavuz bozkurdun gönderilmesiyle Kağan misyonuna başlar ve onu ebedileştirecek olan süreci başlatır. Böylece bozkurdun kılavuzluğunda Oğuz Kağan, Tanrı ile haberleşebilen ve her yaptığıyla onun rızasına uygun hareket eden bir eren kişiliğine bürünür.

Bu haliyle de "kılavuz bozkurt motifi" eski Türk inanç sisteminde "Türk ulusu yok olmasın, diye koruyucu ve kağan verici" olan "Tanrı ile kağan arasında" bozkurt vasıtasıyla kurulan bağ ve "kağanın buyruklarına uyulmasıyla Tanrı ile ulus arasında kurulan sürekli bağın"(Yıldırım 1992a: 355) varlığının en somut şekillerinden birisi olarak karşımıza çıkmaktadır. Dahası Tanrı'nın kılavuz bozkurt vasıtasıyla bütün bu yaptıkları "kut, küç" (Divitçioğlu 1987) verip kağan kıldığı Oğuz'un Tanrıya borcunu Türk milletini ve dolayısıyla Tanrı'nın töresini yeryüzüne hakim kılarak ödemesi şeklinde tecelli edişi eski Türk "kağanlık ideolojisi"ni (Yıldırım 1991; 1992b) ve inanç sistemi yahut dünya görüşünü dışa vurmaktadır.

Kılavuz bozkurt motifi muhtelif Türk boyları arasında İslâmiyetin kabulünden sonra da İslâmileşerek yaşadığı bilinmektedir. Bu konuda Başkurt Türklerinin gerek adlandırılışları ve gerekse yaşadıkları topraklara gelerek oraları yurt tutuşlarına dair Abdülkadir İnan'ın (1968:74) naklettiği efsaneleri tipik bir örnek olarak tekrar etmek yararlı olacaktır.

19. yüzyılda Başkurt sözlü kaynaklarından derlenerek neşredilen ve Abdülkadir İnan tarafından özetlenerek aktarılan bir rivayete göre "Başkurt" adının kaynağı şöyledir: "Peygamber, sahabelerinden üç zatı Ural dağlarına İslâmiyeti öğretmek için yollamıştı. Bu

sahabelere Ural dağlarına kadar bir Bozkurt rehberlik etmiştir. Ural dağlarında bulunan kavim de İslâmiyeti kabul ettikten sonra "Başkurt adını almıştır." (İnan 1968a: 74). Peygamberin inanca göre her birisi "doğru yola ermek için yol gösterici yıldız" kabul edilen sahabelerine İslâmiyeti tebliğ için gittikleri bir kavmin yerini göstermek üzere "kurt"un kılavuzluk etmesini ortodoks İslâm inançlarıyla bağdaştırmak mümkün değildir.

Ancak Abdülkadir İnan'ın naklettiği Başkurtlar arasından derlenmiş bir efsanede ise kılavuz bozkurt motifinin İslâmileşmemiş formlarının da Başkurtlar arasında yaşadığını göstermektedir. Başkurtların kılavuzluk eden kurt vasıtasıyla yurtlarını keşfetme ve yerleşmelerini anlatan efsanenin ana hatları Abdülkadir İnan tarafından şöyle nakledilmiştir: "Eski zamanlarda uzak şarkta yüksek dağlarda "Başkurt, Nogay, Kazak Kırgız kavimleri bir tek babanın evladı olarak yaşıyorlardı. O vakit Başkurt, Nogay, ve başka ... isimler yoktu. Bir zaman bunlar arasında ihtilâf ve mücadele zuhur etti. Günlerin birinde bu kabile reisi ava giderken önünde bir kurt peyda oldu. Reis bu kurdu takip ede ede, cennet gibi ormanları ve nehirleri olan bir azametli dağlara geldi. O vakit kurt birden bire kayboldu. Reis anladı ki, bu rehberlik eden kurt, Tanrı'dan bu kavme tayin edilmiş "kut: talih"dir. Reis geriye şark diyarına vardı. Kavim kabilesini beraber alıp Ural dağlarına getirdi. İşte diğer kardeşlerden ayrılan bu kabileye "Başkurt" denildi ki, "Kurdun baş olup getirdiği kavim" demektir." (İnan 1968a: 74).

Başkurtların adlandırılışlarının kuvvetle muhtemelen daha eski bir varyantını da taşıyan bu efsanede diğer boylar ile arasındaki mücadele dolayısıyla sıkıntıda olan bir boyun başkanına kılavuzluk ederek yerleşebilecekleri yeni bir yurdun yerini gösteren "kılavuz kurt"un Oğuz Kağan destanındaki çarpışılacak düşmanın yerini gösteren, kılavuz bozkurt motifini devamı olduğu ve bu motifin yaptığı işler bakımından karşılanacak ihtiyacın değişmesine parelel olarak değişmeler meydana gelmesine rağmen kültürel bir düşünüş ve davranış kalıbı olarak işlevinin sabit olduğu görülmektedir.

İslâm öncesi Türk dünya görüşünü yansıtan ve Türk kültür tarihinde pek çok bakımdan son derece önemli bir yere sahip olan Oğuz Kağan destanının Uygur varyantında ve Başkurt efsanelerinde yer alan ve yukarıda işlevsel özelliklerini verdiğimiz kılavuz bozkurt motifinin günümüzde de Anadolu Alevî-Bektaşi Türkmenleri arasında sözlü kültür ortamında anlatılan menkıbelerde yaşadığını görmekteyiz.

Bektaşi-Alevî inancına bağlı Ankara-Çubuk Dağkalfat Köyü Türkmenleri arasında yapılan bir derleme çalışmasında (Ahi 1997) elde edilen menkıbelerde yer alan kılavuz kurt motifi yapısal ve işlevsel bakımdan Oğuz kağan destanındaki kılavuz bozkurt motifinin günümüze dek sürekliliğini ortaya koymaktadır.

Bu süreklilik gösteren yapısal ve işlevsel unsurları ele almazdan önce vereceğimiz ikinci örnek olayın kahramanını çok kısaca da olsa tanıtmamız yararlı olacaktır. Ankara'nın Çubuk ilçesine bağlı Yeniköy'de doğan ve 1850-1900 yılları arasında yaşayan bir "Hak âşığı" olan "Susuz" veya "Âşık" lakaplarıyla da anılan Seyit Süleyman'ın 1893 yılında aşk bâdesi içtiğine ve bütün deyişlerini bundan sonra yaşadığı ömrünün son yedi yılında söylediğine inanılır. (Çağlayan 1996).

Seyit Süleyman'ın sade kişilikten irticalen şiirler söyleyen sanatçı ve "ermiş" manevi lider kişiliğine dönüşümünü sağlayan "geçiş töreni" (rites de passeges) mahiyetindeki "kırklar cemi" ve onun bu törene girişini sağlayan kurtların Türk kültür tarihindeki "kılavuz bozkurt" mahiyetinde olduğu görülmektedir. Âşık tarzı edebiyat geleneğinde yaygın olarak karşımıza çıkan ve eski Türk inanç sistemiyle sürekliliği ortaya konulan "rüya motifi"nin (Günay 1986) yanısıra kılavuz bozkurt motifine dayalı bir geçiş töreni karşımıza çıkmaktadır. Piri tarafından Dağkalfat Köyünde yapılmakta olan bir ceme katılmak üzere manen haber verilerek davet edilen Seyit Süleyman davete icabet ederken önüne çıkan ve bir sağına biri soluna ve biri de önüne geçen üç kurdun kılavuzluğunda Kırkların Cemine dahil olur. Bu konuda tespit edilen bir menkıbe şöyledir: “Kasım ayı soğuğunda ekinler ekilirken, akşam Dağkalfat'ta cem yapılıyormuş. Cemi yürüten Dağkalfatlı Âşık Süleyman "Âşıklar olarak dardayız, çabuk gel" diye Yeniköylü (Susuz) Seyit Süleyman'a cem için çağrıda bulunmuş. Bu çağrı Seyit Süleyman'a ayan oluyor. O zaman kadar öküzleri eyliyo. Eve gidiyo "hanım, Dağkalfat'da,

cemde darda kalmışlar beni çağırıyorlar" diyo ve yola düşüyo. Yolda giderken önüne üç kurt düşüyor. Kurtlar orda buna el kaldırıyor. Asker biçiminde ikisi yanında birisi önde, öndeki yürüyünce yanlardaki de candarma gibi yürüyo. Yürüyolar, yürüyolar Evelek Kayası'nın orada, bir rivayete göre de Üçbaş'ın Tepe'de bir aleme giriyorlar, orada bir ummana dalıyorlar, orada kurtlar kayboluyorlar. Bir cem havalisine giriyor. Orda ermişlerin cemine giriyo, orda ona bir bâde veriyorlar. Hak bâdesi . Bâdenin hepsini içemiyor, yarısını içiyor, yarısını içtikten sonra söylemeler hep orda başlıyor. Sabaha karşı oradan çıkıp Dağkalfat'a geliyo, yorgun bitkin kapıdan giriyo.” (Ahi 1997: 51-52).

Kılavuz kurtların rehberliğinde Kırklar'ın Cemine katılarak aşk bâdesi içen ve Hak âşığı olarak deyişler söyleyen Seyit Süleyman inanca göre "kalp gözü açık" büyük bir velidir ve kırklarla görüşmektedir. Yukarıda nakledilen kılavuz bozkurtların "dona girme" ile ilgili olan mahiyetlerinin anlaşılmasını aynı yöreden derlenen bir başka menkıbe ortaya koymaktadır. Birinci menkıbede Âşık Seyyit Süleyman'ı Kırklar Meclisine getirip dahil eden kurtların kaybolduğunu görülmektedir. Oysa aşağıda vereceğimiz bir başka Seyit Süleyman menkıbesinde bizzat kırkların kurt veya bozkurt donuna girerek dolaştıkları ve Âşık Seyit Süleyman'ın da zaman zaman onlarla görüştüğünü görmekteyiz: “Âşık Seyit Süleyman ile arkadaşı Sarısulu İbiş köylerine giderken İbiş diyor ki; "Âşık! Şu kırklara beni bir koymadın, bana kırkların cemini göstermedin." diyor. Seyit Süleyman da; "Tamam İbiş seni kırkların cemine koyacağım " diyor.

Yolda giderlerken önlerine kurtlar geçiyor, bunları çeviriyor, ikisine sıcak sıcak lokma veriyorlar. Bunlar lokmayı alıyorlar, orada oturup lokmayı yiyorlar. Kurtlar gidiyor, bunlar yola revan oluyorlar. Seyit Süleyman kurtların kırklar olduğunu bildiği için, kırklarla beraber oturduğunu biliyor. Kalkıp gelirken İbiş, "Âşık" diyor "hani bana kırkları gösterecektin, niye göstermedin" diyor. Seyit Süleyman "beraber oturduk, görmedin mi?" diyor. İbiş şaşırıyor. Seyit Süleyman, "öyleyse senin gönül gözün kapalı" diyor. (Ahi 1997: 56).

Yukarıda verdiğimiz menkıbelerde yer alan kılavuz kurtlar motifiyle Oğuz Kağan destanındaki ve Başkurt efsanelerindeki kılavuz bozkurt motifi arasındaki süreklilik gösteren yapısal ve işlevsel benzerlikler olduğu açıkça görülmektedir. Ankara ili Çubuk İlçesinde 19. yüzyılda yaşayan Âşık Seyit Süleyman'la ilgili olarak anlatılan menkıbelerde yer alan kılavuz kurt motifinin yapı ve işlevlerini tarihsel bağlamlardaki kılavuz bozkurt motifleriyle mukayese ederek şöylece sıralayabiliriz:

Важным аспектом организационного развития является формирование цифровой корпоративной культуры, предполагающей открытость к инновациям, инициативность персонала и готовность к постоянному обучению. В ряде казахстанских организаций по-прежнему доминирует модель, основанная на формальном соблюдении инструкций и минимизации ответственности, что препятствует формированию инновационной среды. Цифровая культура требует иного управленческого подхода, ориентированного на развитие потенциала работников, поддержку инициатив и делегирование полномочий.

Анализ показывает, что наиболее успешные примеры цифровых преобразований в Казахстане характерны для организаций, где управление выстроено на принципах проектного подхода и горизонтального взаимодействия. Такие структуры обеспечивают лучший обмен информацией, более высокую мотивацию персонала и способность оперативно адаптироваться к изменениям. Это позволяет утверждать, что организационное развитие является не следствием, а условием эффективной цифровизации.

Следует также учитывать, что цифровизация затрагивает не только экономическую сферу, но и социальные аспекты деятельности организаций. Автоматизация меняет характер труда, структуру занятости и требования к квалификации. В этой связи организационное развитие должно включать механизмы социальной адаптации, направленные на снижение напряжённости и повышение устойчивости коллективов. В Казахстане данный аспект требует особого внимания, поскольку цифровые преобразования нередко воспринимаются как угроза занятости, что формирует сопротивление изменениям [5].

В практическом отношении организационное развитие в Казахстане целесообразно рассматривать как системный процесс, включающий диагностику управленческих проблем, перестройку бизнес-процессов, внедрение цифровых инструментов и развитие человеческого капитала. Такой подход позволяет перейти от фрагментарной цифровизации к комплексной трансформации экономики.

Важно отметить, что организационное развитие должно осуществляться не только на уровне отдельных организаций, но и на уровне отраслей и регионов. Различия в темпах цифровизации усиливают неравномерность экономического развития, что в перспективе может привести к структурным перекосам. Следовательно, государственная политика должна учитывать необходимость поддержки организационных изменений на всех уровнях управления.

Таким образом, организационное развитие становится основой формирования конкурентоспособной цифровой экономики и укрепления экономической независимости Казахстана. Технологические решения без изменения управленческой логики не способны обеспечить устойчивый рост. Только при условии комплексного подхода, включающего развитие управленческих структур, человеческого капитала и цифровой культуры, возможно достижение стратегических целей цифрового развития.

Дополнительно следует отметить, что в условиях цифровой экономики трансформируется сама логика организационного управления, переходя от функционального принципа к процессному мышлению. Для многих казахстанских организаций характерна избыточная регламентированность деятельности, что снижает их способность к быстрому реагированию на изменения рыночной конъюнктуры. В цифровой среде такие управленческие модели утрачивают эффективность, поскольку требуют значительных временных затрат на согласование решений. В этой связи организационное развитие должно ориентироваться на дебюрократизацию управления и переход к гибким моделям координации, основанным на проектных командах и децентрализации ответственности.

Не менее значимым аспектом является цифровая зрелость управленческого персонала, которая включает не только владение инструментами цифровых технологий, но и способность к стратегическому мышлению в условиях неопределённости. Для Казахстана проблема заключается в разрыве между поколениями управленцев, где часть руководителей ориентирована на традиционные методы управления, не соответствующие скорости цифровых изменений. В результате формируется риск консервации устаревших управленческих практик, что ограничивает возможности внедрения инновационных решений и снижает адаптивность организаций.

Организационное развитие также является важным фактором институциональной устойчивости государства, поскольку качество управления в организациях напрямую влияет на стабильность социально-экономических процессов. В условиях цифровой трансформации возрастает роль внутренних институтов, обеспечивающих рациональное распределение ресурсов, контроль за качеством управленческих решений и формирование доверия к цифровым инструментам. Недостаточная институциональная готовность организаций может привести к формированию цифровых рисков, включая усиление управленческих дисфункций и снижение эффективности государственной политики.

Особого внимания заслуживает проблема зависимости от зарубежных цифровых решений, которая приобретает новое значение в контексте экономической независимости. Отсутствие собственных разработок и компетенций в сфере цифровых платформ усиливает уязвимость национальных организаций к внешнему воздействию. Организационное развитие в этом контексте должно быть направлено на формирование внутренних инновационных экосистем и развитие отечественных управленческих и технологических решений, что будет способствовать укреплению экономического суверенитета Казахстана.

В целом можно констатировать, что цифровая трансформация без глубокой перестройки организационных механизмов приводит к формированию «технологической оболочки» без изменения сущности управления. Это создаёт иллюзию модернизации при сохранении неэффективных управленческих практик. Для Казахстана ключевой задачей является не просто внедрение цифровых инструментов, а формирование качественно новой модели организационного развития, ориентированной на инновационное мышление, цифровую культуру и устойчивое развитие национальной экономики.

В заключение следует подчеркнуть, что цифровая трансформация — это прежде всего управленческий вызов, а не технологическая задача. Для Республики Казахстан успешная реализация цифровой повестки невозможна без системной модернизации

организационных механизмов. Организационное развитие является ключевым элементом данной трансформации и фундаментом экономической независимости в цифровую эпоху.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Шваб К. Четвертая промышленная революция. - М.: Эксмо, 2017.
2. Шваб К. Технологии четвертой промышленной революции. - М.: Эксмо, 2019.
3. Адизес И. Управление жизненным циклом корпорации. - М.: Альпина Паблишер, 2019.
4. Лаптев В.В. Цифровая трансформация экономики. - М.: Юрайт, 2021.
5. Сурков К.В. Организационное развитие в цифровую эпоху. - СПб.: Питер, 2022.

ҒТАХР 06.81.12

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ: АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ӨСУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Жангалиева Индира
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«7М04101 Экономика» ББББ, 2-курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан

Цифрлық трансформация кез келген қазіргі мемлекеттің экономикалық дербестігін күшейту үшін өте маңызды. Қатаң жаһандық бәсекелестік пен технологиялардың қарқынды ілгерілеуі дәуірінде ұлттық экономиканың тұрақтылығы негізінен телекоммуникациялық желілердің тиімділігіне, цифрландыру дәрежесіне және азаматтар мен кәсіпорындар үшін цифрлық сервистердің қолжетімділігіне байланысты.

Қазақстан Республикасында "Қазақтелеком" АҚ стратегиялық байланыс операторы және цифрлық экономиканы дамытудың негізгі қозғалтқыштарының бірі ретінде әрекет ете отырып, цифрлық экожүйені құруда орталық рөл атқарады. Бұл ұйымның маңыздылығы негізгі телекоммуникациялық инфрақұрылымды қолдауда ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің цифрлық егемендігінің негізін қалайтын платформалық шешімдерді әзірлеуде.

Бұл зерттеудің мақсаты "Қазақтелеком" АҚ-ның Қазақстанның телекоммуникациялық нарығындағы ағымдағы жағдайын талдау, оның цифрлық экономиканы дамытудағы маңыздылығын айқындау және елдің экономикалық тәуелсіздігін нығайту құралы ретінде компанияның болашақ өсу мүмкіндіктерін бағалау болып табылады.

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы - Қазақстандағы ең ірі телекоммуникациялық оператор, елдің цифрлық дамуына негіз болатын инфрақұрылымдық компания. Ол тек интернет пен байланыс қызметтерін ғана емес, сонымен қатар теледидар, бұлтты технологиялар мен деректерді өңдеу қызметтерін де ұсынады. Компанияның миссиясы – халық пен бизнеске сапалы әрі сенімді байланыс қызметтерін ұсыну арқылы цифрлық трансформацияға жол ашу [1].

2025 жылғы мәліметтерге сәйкес, «Қазақтелекомның» кең жолақты интернетке қосылған 1,9 млн абоненті бар. Бұл қызмет тек қалалық жерлерде ғана емес, сонымен қатар шалғай елдімекендерге де жетіп отыр. Жалпы 91 774 шақырым талшықты-

оптикалық байланыс желісі тартылған, бұл – елдегі ең ірі телекоммуникациялық инфрақұрылым.

Сондай-ақ мобильді интернет пен байланыс қызметтері де кеңейіп келеді. 14,8 млн мобильді байланыс абоненті бар (бұл көрсеткішке «МТ-С» ЖШС қосылған). Бұл мобильді сегменттің нарықтағы маңызын көрсетеді.

Инфрақұрылым тұрғысынан компанияда 14 000-нан астам базалық станция орнатылған. Бұл – мобильді желілердің тұрақтылығы мен кең қамту аймағын қамтамасыз ететін негізгі фактор. Сонымен қатар 25 деректер орталығы жұмыс істейді. Бұлтты технологиялар мен деректерді сақтау қызметтеріне сұраныстың өсуі – цифрландырудың айқын көрінісі.

2025 жылдың наурыз айындағы деректерге сәйкес, Қазақстанның телекоммуникация секторында 26 миллионнан астам ұялы байланыс абоненті тіркелген. Олардың едәуір бөлігі - 18 миллионнан астам пайдаланушы - интернетке қолжетімділікке ие. Сонымен қатар, елімізде 3,2 миллион тіркелген интернет абоненті және 2,3 миллионға жуық тұрақты телефон желісінің қолданушысы бар. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның цифрлық инфрақұрылымының кеңеюі мен халықтың байланыс қызметтеріне сұранысының жоғары деңгейін айғақтайды [1].

Соңғы екі жылда мобильді интернет тұтыну көлемінің екі есеге артуы телекоммуникация нарығындағы қарқынды цифрлық трансформацияны көрсетеді. Қазақстан жан басына шаққандағы мобильді деректерді пайдалану бойынша әлемдік рейтингтің алғашқы ондығына кіреді, бұл елдегі цифрлық қызметтердің даму динамикасы мен инфрақұрылымдық әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейді.

2024 жылғы телекоммуникация нарығының жалпы табыс құрылымына жүргізілген талдау интернет қызметтерінің жетекші үлеске ие екенін көрсетеді - 53,17%. Бұл интернеттің негізгі экономикалық және әлеуметтік қызметтердің платформалық базасы ретінде маңызын арттырып отырғанын білдіреді. Мобильді байланыс нарық табысының 16,86%-ын құрап, халықтың байланыс жүйесіне тәуелділігінің тұрақты жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Табыс құрылымындағы өзге компоненттердің де үлесі назар аударарлық. Деректерді беру қызметтері жалпы табыстың 4,39%-ын, телехабар тарату - 3,86%-ын, жергілікті телефон байланысы - 2,12%-ын, халықаралық байланыс - 1,14%-ын құрайды. Бұдан бөлек, нарықтың 18,46%-ы «өзге қызметтер» санатына тиесілі, оған қосымша сервистер, қосымша құнды қызметтер және корпоративтік шешімдер сияқты бағыттар кіреді. Бұл категорияның едәуір үлесі телекоммуникация саласының дәстүрлі байланыс қызметтерінен тыс кеңейіп келе жатқанын көрсетеді [2].

Телекоммуникациялық қызметтердің жалпы көлемі 2024 жылы 1 362 млрд теңгені құрап, саланың ұлттық экономикадағы стратегиялық маңызын тағы бір мәрте дәлелдейді. Байланыс қызметтеріне деген сұраныстың тұрақты өсуі, соның ішінде интернет және мобильді деректерді пайдаланудың артуы Қазақстанда цифрлық экономиканың даму қарқынының жоғары екенін көрсетеді [2].

Осылайша, аталған статистикалық деректер телекоммуникация саласының Қазақстандағы цифрлық трансформацияның негізгі қозғаушы күштерінің бірі екенін растайды. Интернетке қолжетімділіктің кеңеюі, мобильді трафиктің күрт өсуі және цифрлық қызметтердің әртараптануы елдің экономикалық тәуелсіздігі мен технологиялық бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға айтарлықтай үлес қосады. Телекоммуникация нарығының құрылымын талдау «Қазақтелеком» АҚ секілді ірі операторлардың ұлттық цифрлық инфрақұрылымды дамытудағы шешуші рөлін айқын көрсетеді.

«Қазақтелеком» Қазақстанның телекоммуникациялық нарығындағы ірі ойыншы, оның қызметі көптеген бағыттарды қамтиды. Компания тек классикалық телефон байланысымен шектелмей, көптеген инновациялық қызметтерді де ұсынады. Қазақтелеком қызметтері бірнеше негізгі бағытты қамтиды.

"Қазақтелеком" АҚ Ұлттық Байланыс инфрақұрылымының басым бөлігін қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның телекоммуникациялық жүйесінде орталық орын алады. Компания кең жолақты қолжетімділікті дамыту, талшықты-оптикалық желілерді салу және мобильді интернетті қамтуды кеңейту бойынша ауқымды жобаларды іске асыруда, бұл халық үшін цифрлық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. LTE және 5G енгізуге дайындықты қоса алғанда, заманауи байланыс технологияларын енгізу экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді және мемлекеттік және коммерциялық қызметтердің жұмыс істеуі үшін технологиялық негіз жасайды [3].

Компанияның маңызды үлесі Мемлекеттік, бизнес және тұрмыстық сервистерді біріктіретін цифрлық экожүйені дамыту үшін жағдай жасау болып табылады. "Қазақтелеком" электрондық үкімет, онлайн-білім беру, цифрлық денсаулық сақтау және зияткерлік қалалық инфрақұрылым үшін техникалық базаны қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік цифрлық даму бағдарламаларын іске асыруға белсенді қатысады. Бұл бағыттар цифрлық Тәуелсіздікті нығайтуға және сыртқы технологиялық шешімдерге тәуелділікті төмендетуге ықпал етеді.

Компанияның цифрлық трансформациядағы рөлінің негізгі көрсеткіштерінің бірі оның инновациялық шешімдерді енгізу және цифрлық платформаларды дамыту қабілеті болып табылады. Соңғы жылдары "Қазақтелеком" заманауи экономиканың жұмыс істеуі үшін қажетті технологиялар спектрін кеңейте отырып, бұлтты сервистерді, деректерді өңдеу орталықтарын, киберқауіпсіздік қызметтерін және цифрлық қаржылық шешімдерді белсенді түрде ілгерілетуде. Бұл бағыттар барлық салаларға - өнеркәсіптен әлеуметтік салаға дейін әсер ететін тұрақты цифрлық іргетас жасайды.

Біріншіден, компания бекітілген телефония қызметін ұсынады, бұл ірі корпорациялардан бастап жеке пайдаланушыларға дейін кең таралған классикалық телефон қызметі. Екіншіден, кең жолақты интернет қызметтері бар, олар жоғары жылдамдықты интернетті оптикалық талшықты байланыс арқылы қамтамасыз етеді. Бұл бағытта «KT-AIXX» бренді интернет трафигін тиімді бағыттау және тарату қызметін атқарады. Үшіншіден, мобильді интернет саласында Kcell және Activ брендтері арқылы қызмет көрсетеді. Бұл Қазақтелекомды елдегі мобильді байланыс нарығындағы көшбасшы етеді. Төртіншіден, компания «TV+» брендімен ақылы және интерактивті телеарналарды ұсынады, пайдаланушыларға түрлі телеарна пакеттері мен қосымша қызметтер қолжетімді [4].

Сонымен қатар «Қазақтелеком» ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді де дамытқан. Бұлтты технологиялар, дата-орталықтар, ақпараттық қауіпсіздік шешімдері және «ЦРЦЭ» бренді арқылы деректерді өңдеу және сақтау қызметтері де ұсынылады. Қазақтелеком экожүйесі өз қызметтерін әртараптандыру арқылы Қазақстанның цифрлық инфрақұрылымын дамытып, елдегі телекоммуникация нарығында көшбасшылық позициясын сақтап отыр.

Телекоммуникациялық инфрақұрылымның дамуы мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігіне тікелей әсер етеді. Жоғары жылдамдықты байланыс цифрлық бизнестің тиімділігін қамтамасыз етеді, ішкі нарықтың мүмкіндіктерін кеңейтеді және инновациялардың дамуын ынталандырады. "Қазақтелекомның" қызметі қазақстандық компаниялар тек шетелдік технологияларға сүйенбей дами алатын жағдайларды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл ұлттық экономикалық тұрақтылықты күшейтеді және цифрлық егемендік деңгейін арттырады.

Жаһандық цифрландыру аясында сенімді киберқауіпсіздік жүйелеріне қажеттілік артып келеді. "Қазақтелеком" қауіп-қатерлер мониторингінің, желілерді қорғаудың және қауіпсіз цифрлық ортаны құрудың бағыттарын дамытады. Мұндай қызмет цифрлық Тәуелсіздіктің қажетті элементі болып табылатын елдің ақпараттық қауіпсіздігін нығайтады. Сандық қызметтер мен деректер көлемінің артуы киберқауіпсіздікке

қосымша инвестицияларды қажет етеді және компания қазіргі заманның сын-қатерлеріне жауап беруге дайын екендігін көрсетеді.

Компанияның ағымдағы жағдайын экономикалық талдау Қызмет көлемінің тұрақты өсуін және нарықтағы үлестің кеңеюін көрсетеді. Инновацияларға, желілерді жаңғыртуға және жаңа сервистерді құруға инвестициялар халықаралық және жергілікті операторлармен бәсекелестік жағдайында "Қазақтелеком" позициясын нығайтуға ықпал етеді. Компания инфрақұрылымды дамытуға ғана емес, оның одан әрі өсуінің негізгі факторы болып табылатын интеграцияланған цифрлық экожүйені қалыптастыруға стратегиялық ұмтылысын көрсетеді.

"Қазақтелеком" АҚ даму перспективалары 5G технологияларын одан әрі енгізумен, ақылды қалаларды құрумен, бизнес үшін заттар интернеті мен цифрлық платформаларды дамытумен байланысты. Бұл бағыттар нарықты кеңейту және экономиканың тиімділігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер қалыптастырады. Байланыстың жаңа стандарттарына көшу инновациялық сервистерге қолжетімділікті ашады, бұл Қазақстанға жаһандық цифрлық ортада орнықты жағдайға ие болуға мүмкіндік береді.

Технологиялық трансформациялармен қатар реттеушілік базаны жетілдіру және салалық саясаттың тиімділігін арттыру қажеттілігі сақталуда. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу, нарықтық бәсекелестік және инновациялық даму арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Тек кешенді шешімдер ғана цифрлық экономиканың негізгі қатысушысы ретінде "Қазақтелекомның" рөлін одан әрі арттыруды және нығайтуды қамтамасыз ете алады.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның цифрлық экономикасын қалыптастыруда және мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігін нығайтуда стратегиялық рөл атқаратынын атап өтуге болады. Компанияның инфрақұрылымды дамытуға, инновацияларды енгізуге және цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы жетістіктері тұрақты өсудің берік негізін құрайды. Одан әрі даму перспективалары «Қазақтелекомды» цифрлық трансформацияның драйвері және елдің экономикалық егемендігінің маңызды элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның телекоммуникация саласының даму динамикасы, әсіресе «Қазақтелеком» АҚ қызметінің кеңеюі, еліміздің цифрлық экономикасының нығаюына және экономикалық тәуелсіздігінің артуына тікелей ықпал етіп отырғанын көрсетеді. Статистикалық деректер халықтың цифрлық қызметтерге қолжетімділігінің жоғары деңгейде екенін, интернет пен мобильді трафикті пайдаланудың қарқынды өсіп келе жатқанын айғақтайды. Бұл үрдістер цифрлық инфрақұрылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық ресурсына айналғанын дәлелдейді.

Цифрлық трансформация жағдайында ұлттық байланыс инфрақұрылымын дамыту тек экономикалық тиімділікке ғана емес, сонымен қатар елдің цифрлық егемендігін қамтамасыз етуге де бағытталған. «Қазақтелеком» АҚ бұл тұрғыда негізгі оператор ретінде ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге, ауылдық және қалалық аумақтардағы цифрлық теңсіздікті азайтуға, инновациялық сервистерді дамытуға және Қазақстанның технологиялық тәуелсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосып отыр [5].

Қазіргі кезеңде экономикалық тәуелсіздік ақпараттық дербестікпен, цифрлық инфрақұрылымның қауіпсіздігімен және ұлттық технологиялық шешімдердің қолжетімділігімен тығыз байланысты. Осы бағыттардың барлығында «Қазақтелеком» қызметінің нәтижелері елдің цифрлық суверенитетін нақты күшейтетін фактор ретінде көрініс табады.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның телекоммуникация нарығы алдағы жылдары одан әрі дамуға айтарлықтай әлеуетке ие. 5G технологияларын енгізу, «ақылды қала» және IoT шешімдерін кеңейту, деректерді өңдеу орталықтарын дамыту – еліміздің цифрлық болашағын айқындайтын стратегиялық бағыттар. Бұл бастамалар Қазақстанның ғаламдық цифрлық кеңістікте бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана

қоймай, тәуелсіздіктің негізгі құндылықтары - тұрақтылық, дербестік және инновациялық даму - жүйелі түрде іске асырылып жатқанын көрсетеді.

Осылайша, телекоммуникация саласының және «Қазақтелекомның» қазіргі дамуы Қазақстанның цифрлық тәуелсіздігін қалыптастыруда және жаңа буын көзқарасына негізделген цифрлық қоғам құруда шешуші рөл атқарады. Бұл үдеріс еліміздің болашақ экономикалық және технологиялық дамуына берік негіз қалап, ұлттық тәуелсіздіктің жаңа мазмұнмен толықтырылуына жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. Қазақстан Республикасындағы цифрлық инфрақұрылымның жай-күйі мен дамуы туралы есеп. - Астана, 2024.
2. «Қазақтелеком» АҚ. 2023–2024 жылдарға арналған жылдық есеп. - Астана, 2024.
3. OECD (Organisation for Economic Co-operation and Development). Digital Economy Outlook 2023. - Paris: OECD Publishing, 2023.
4. Baimenov, A., & Yessimzhanova, S. Digital Transformation in Kazakhstan: Trends, Challenges and Prospects. // Central Asia Economic Review, 2023, №2.
5. International Telecommunication Union (ITU). Measuring Digital Development: Facts and Figures 2024. - Geneva: ITU, 2024.

ҒТАХР: 03.20

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Мырзағалиева Б.С.
А. Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі
Орал қаласы, Қазақстан
mbuldy@mail.ru

Тәуелсіздік – ұлттық дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ елі жетті. 1991 жыл еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы,тәуелсіздік – еліміздің жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі [1].

Қазіргі таңда Тәуелсіздік — барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі — ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бері көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның басты бағыты болуы тиіс. Қазақ халқының ғасырлар бойы

күткен арманы Тәуелсіздігі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы қабылданған 1990 жылдың 25 қазан күні.Еңсемізді тіктеп егемен ел, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да, тастай берік төзімділіктің арқасында күллі әлемге өзінің бар екенін, өркениетке деген үмітін мойындатты. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған, әлемде 9-орынды алып жатқан атамекен жеріміз, тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақ халқы рухының күштілігімен сақталды [3, 58 б.].

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктеріміз, қазақ халқының егемен заманда жаңаша дамуы, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземізді теңестірудегі қадамдарымыз, дәулетті елдермен қарым-қатынас жасаудағы жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – Қазақстан Республикасының егемендігінде.

Бүгінде Қазақстан – әлемдік қоғамдастықтағы жауапты да құрметті әріптес, Орталық Азияда шешуші дауысы бар ел. Әлемдік деңгейде өтетін көптеген игі іс-шаралардың платформасы.

Кейінгі кездегі батыл қадамдар ел арасында қолдау тауып, болашағымыздың жарқын екеніне сенім ұялатады. Лайым Қазақстанның алға басқан қадамдары мемлекетіміздің өркендеуіне, халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына әкелсін.

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік жарияланған күн – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Ұлттық мерекеде Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен ел ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанында қасиетті көк туымыз желбірей берсін.Тәуелсіздік! Иә, бұл кеудеңді көтере, мақтана айта алатын қасиетті ұғым. Жәй ғана ұғым емес, аса қадірлі ұғым. «Тәуелсіздік» дегенде әр адамның бойын мақтаныш кернейді. Менің бойымды осынау қасиетті ұғым жайлы сөз болғанда қуаныш пен қайғы, мақтаныш пен қасірет сезімі билейді [4, 149 б.].

Сан ғасырлар бойы небір қасіретті бастан кешсе де, ақын Ж.Молдағалиев жырлағандай, мың өліп, мың тірілсе де мойымаған қазақ халқы ұрпағының бас бостандығы, тәуелсіздігі үшін жан аямай күресті. Осы жолда ұлтымыздың аяулы тұлғалары, қайтпас қайсар батырлары жанын қиды. Әрине, олар бұл күнге жете алмаса да, өздерінің күрескерлік рухын, асқақ арманын болашақ ұрпақ жүрегіне жалғап, алғы күнге үміт артты. Міне, сол ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы көксеген арманына, аяулы мұратына XX ғасырдың соңына қарай қолымыз жетті десек, сол ақ түйенің қарны жарылған ақ жарылқап арманның жүзеге асқанына да бүгінде 33жыл. 33 жыл – тарих үшін қас-қағымдай ғана уақыт болғанымен, тәуелсіз Қазақ елі үшін ғасырдың жүгін арқалаған кезең болды. Иә, небәрі 33 жыл ішінде қазақ халқы бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген жетістіктерге жетті. Әрине, оның бәрі бізге оп-оңай келе салған жоқ. Тарихтың таң ғажайып сыйы.Тәуелсіздікті баянды етуді басты мақсат санаған қазақстандықтардың еңбегінің, маңдай терінің арқасында келді.

Тәуелсіздік еліміздің жаңа дәуірінде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі. Бүгінгі күнің жетістіктері осы Тәуелсіздіктің арқасында келді. Ата – бабамыз армандаған тәуелсіз күн арайлап атып,көк байрағымыз көкке желбіреді.Жас елдің тарихындағы жаңа дәуір өзінің бастауын Тәуелсіздіктен алды.Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес,сонымен қатар,ертеңгі өміріміз – Қазақстанның болашағы ,оның мүмкіндіктері мен мақсаттары.Тәуелсіз болу өз тағдырына жауап беру деген сөз. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанды бүкіл әлем таныды.Қазіргі тәуелсіз Қазақстан ата – бабаның орындалған шұғылалы арманы,сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздіктің таңын аңсаған ата – бабаларымыздың асқақ арманы

орындалды десек қателеспейміз.Тәуелсіздіккке ынтымағы жарасқан,ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатының өткеніміз нақты дәлелдеп берді. Еліміздің ұлы тарихына,ата – баба рухына,аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрмет пен басымызды иеміз.

Ұлттың рухын көтеретін, ұрпақтың мерейін өсіретін Тәуелсіздік- мемлекетіміздің алтын діңгегі, дербестігіміздің берік негізі. Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес егемендігіміз ең қымбат қазынамыз, ең асыл аманатымыз [5, 163 б.].

Мемлекет басшысы «Өткен әрбір он жылдық атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр. Алғашқы он жылдық егемен Қазақстанның өз дербестігін қалыптастыру кезеңі болды. Екінші онжылдықта еліміз тұғырын нықтап, керегесін кеңейтіп, іргесін бекітті. Үшінші он жылдықта мемлекетіміз шын мәнінде, кемеліне келіп, әлемдік саясаттың төріне озды. Алдағы төртінші он жылдықта бізді жаңа міндеттер күтіп тұр»- деген болатын. Елбасы «Қазақстанның жаңа дәуірінің алғашқы күні» атты мақаласында Тәуелсіз Қазақстанның дүниеге келуінің ұлы шежіресі бірқатар тарихи кезеңдерден тұрады.16 жетоқсан-«Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңды қабылдау, 1993 жылдың 15 қарашасы – өзіміздің ұлттық валютаны және қаржы жүйесін енгізу»-деп еске алады.

Тәуелсіз елдің елдігін, әлемдік аренадағы ресми «құжатын» танытатын бірден-бір белгісі-мемлекеттік рәміздері. Мемлекеттік рәміздер-бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізі. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік туы мен елтаңбасы 1992 жылы ресми қабылданды.

Тәуелсіздіктің көк туы аспанға желбіреген тұста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев шекарамызды шегендеп бекіту ісін қолға алды. 10 жылға созылған шекараны бекіту процесі 2001 жылы аяқталды. Ел тарихындағы елеулі құжаттардың бірі –Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы дәстүрлі Жолдаулары. Жыл сайын жарияланып отырған Жолдауларда ел дамуы, экономика, ішкі-сыртқы саясат, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мәдениет, білім, денсаулық, электронды үкімет, цифрлы Қазақстан бағдарламалары қамтылып отыр. 2014 жылдың басында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев XXI ғасырдағы Қазақстанның ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» деп жариялады. Осылайша кемел келешекке байсалды қадамдар жасау үстіндегі тәуелсіз Қазақстанның көздеген заманауи мақсат-мұраты артта қалған ғасырлар құндылығымен сабақтасып, жалғасып жатқаны, біз Еуразия түркілерінің қара шаңырағын ұстап қалған мұрагері болып табылатынымыз ресми дәйектелді [6, 61 б.].

Ұлт көшбасшысының "Мәңгілік Ел" идеясы – тәуелсіздігіміздің тұғыры. Бірлігі жарасқан ел ғана жолында кездескен барлық қиындықтардан аман өтеді. Сондықтан 2014 жылдың басында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев XXI ғасырдағы Қазақстанның ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» деп жариялады. Осылайша кемел келешекке байсалды қадамдар жасау үстіндегі тәуелсіз Қазақстанның көздеген заманауи мақсат-мұраты артта қалған ғасырлар құндылығымен сабақтасып, жалғасып жатқаны, біз Еуразия түркілерінің қара шаңырағын ұстап қалған мұрагері болып табылатынымыз ресми дәйектелді.

"Тәуелсіздік – біздің басты құндылығымыз. Ал тұрақтылық, бірлік және татулық салтанат құрған қоғам тәуелсіздіктің тұғырын одан әрі бекіте түседі".

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Бұл күнді атап өту – тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбектің бүгінгі белесін қорытындылайтын мерейлі сәтI. Еліміздегі салиқалы саясаттың арқасында тұрақты даму, толерантты өмір қалыптасып, халқымыздың әл-ауқаты артуда. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Қазақстанның биік табысына қол жеткізген президенттік билік және осы жылдары оның басында

үздіксіз болған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке факторы екеніне де ешкім күмәндана алмайды. Өз басым, бұл Егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жеткен болатын.Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан арманы [2, 392 б.]

Осы орайда, Нұрсұлтан Назарбаев «Әрбір елдің жадынамасында оның жаңа тарихының бастауы болған тағды ршешті таңдар болады. Біз үшін жаңа дәуірдің арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде «Қазақстан Республикасы» - атты жаңа жұлдыз жарқырай туды», - дей келіп, халқымыз Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, МӘҢГІЛІК ЕЛ болуға бет бұрғанын атап өтті. Сол себепті қазақ елі мәңгі жасауы тиіс [2, 608 б.].

Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады. Қазақ елі талай белестерді бағындырды. Желтоқсанда жарқ еткен жалынды жастар қазаққа азаттық таңын сыйға тартқандай болды. Осылайша күллі жаһанға қазақтың қайратын, айбынын танытты.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата – бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздік таңын аңсаған ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды десек қателеспейміз.

«Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырақтың ұлттық идеясы, әрі бабаларымыздың асыл арманын, яғни, «Мәңгілік Ел» болу – шектеусіз ғұмыры бар, тәуелсіз, тұғыры биік, ғылым-білімі дамыған, бірлігі жарасқан алдыңғы қатарлы, әлем таныған алпауыт елге айналуда. Сондықтан да, мәңгілік, әрі бәсекеге қабілетті ел болуы үшін, болашақ ұрпағымыз осы негіздегі мықты идеологияны бойына сіңірген болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // http: kk.wikipedia.org/wiki
2. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 608 б.
3. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392 б.
4. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // http: kk.wikipedia.org/wiki
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010. — 448 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.
6. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. — Алматы: Қарасай, 2006. — 216 б.

ҒТАХР:03.20

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАУ БОЛҒАН АЛАШТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Боран К.Б.
«Қособа «мектеп – бөбекжай – балабақша» кешенінің» тарих пәні мұғалімі
Сырым ауданы, Батыс Қазақстан облысы, Қазақстан
karinab0701@mail.ru

Тәуелсіздік — кез келген ел үшін ең маңызды құндылықтардың бірі. Әрбір халықтың өзінің дербестігін, ұлттық мәдениетін, тілін, дәстүрлерін сақтау мен дамытуға ұмтылуы — тарихтың мән-мағынасына айналады. Қазақстанның тәуелсіздік жолы ұзақ та күрделі болды, ал осы жолдағы алғашқы маңызды қадамдардың бірі — Алаш қозғалысының құрылуы мен оның идеологиялық мұрасы. Алаш қозғалысы қазақ халқының болашағы үшін тәуелсіздік, еркіндік және мемлекеттілік жолында күрескен ұлт зиялыларының тұтас бір буынын қамтыған тарихи құбылыс болды. Бұл баяндамада Алаш қозғалысының тәуелсіздік жолындағы маңызы мен оның қазіргі Қазақстанның дамуына қосқан үлесі туралы сөз қозғау мақсат етілген.

Тәуелсіздік – әрбір халықтың ең асыл арманы. Қазақ халқы үшін бұл арман ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, Алаш қозғалысының негізінде шындыққа айналды. Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі ғасырлар бойы жалғасып келгені белгілі. Осы күрестің ішінде Алаш қозғалысының тарихи маңызы ерекше. Қазақстан тарихының ұлы беттерінің бірі – Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлерінің тәуелсіздік жолындағы күресі. Алаш қозғалысы XX ғасырдың басында, отаршылдыққа қарсы күрес кезеңінде қазақ халқының ұлттық автономиясы мен тәуелсіздігін нығайту мақсатында қалыптасты. Бұл қозғалыс тек қана саяси қозғалыс емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және идеологиялық жаңғырудың негізін қалаған құбылыс болды. Тәуелсіздікке бастау болған Алаш қозғалысының ерекшелігі мен маңызы туралы сөз қозғағанда, оның тарихтағы орны мен ұлттық мемлекеттілікті құрудағы рөлі ерекше екенін айту керек.

XX ғасырдың басында қазақтың ұлы зиялылары мен қайраткерлері өз халқының болашағы үшін күреске шығып, саяси, мәдени, ұлттық сана-сезімді жаңғырту жолында еңбек етті. Алаш қозғалысы — қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы, тарихтағы дара жолы болды. Бұл жол тек саяси күрес қана емес, қазақтың ұлттық мәдениеті мен ғалымдарын қалыптастыру, елдің болашағын ойлау жолы болды.

1917 жылы құрылған Алаш Орда үкіметі қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы алғашқы қадамдардың бірі болды. Алаш қозғалысы тек саяси ұйым ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік, ғылыми тұрғыда да қазақ халқының жаңа даму кезеңіне жол ашты. Алаштың дара жолы — бұл тәуелсіздікке ұмтылған халықтың біртұтас күшінің көрінісі.

Алаш қозғалысы XX ғасырдың басында Ресей империясының түпкілікті күйреу кезеңінде құрылды. Бұл кезеңде қазақ қоғамы экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан үлкен дағдарысқа ұшырады. Ресей империясының отарлық саясаты мен қазақ халқын басқарудағы әділетсіздікке наразылық білдірген қазақ зиялылары өз ұлттық мүддесін қорғау мақсатында саяси ұйым құруды ұйғарды.

Алаш қозғалысының негізін қалаушылар — қазақтың ұлы қайраткерлері, Абайдың ізбасарлары, зиялылар болды. Олар ұлттық өзін-өзі басқаруды, халықтың мәдени және білім деңгейін көтеруді, елдің тәуелсіздігін қалпына келтіруді мақсат тұтты.

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін Ресейде саяси тұрақсыздық орнады. Осы кезде қазақ зиялылары мен Алаш қайраткерлері Алматыда (сол кезде Верный қаласы) құрылтай жиынын өткізіп, Алаш Орда үкіметін құру туралы шешім

қабылдады. Алаш Орда үкіметі қазақ елінің тәуелсіздігін жариялау мақсатында құрылды, оның басшысы болып Әлихан Бөкейхан сайланды.

Алаш Орда үкіметінің басты мақсаттары:

• Қазақтың ұлттық мүддесін қорғау;

• Қазақ жерін қорғау және оны біртұтас етіп сақтау;

• Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде енгізу;

• Қазақ халқының саяси құқықтарын қорғау.

Алаш Орда үкіметі еліміздің тәуелсіздігі үшін күресте маңызды рөл атқарды, алайда 1918 жылы Кеңес үкіметінің қысымымен жойылып, оның жетекшілері қуғын-сүргінге ұшырады.

Алаш қозғалысы тек саяси қозғалыс қана емес, сонымен қатар мәдени және ғылыми қайта өрлеу кезеңінің бастамасы болды. Алаш зиялылары қазақтың ұлттық ғылымын, әдебиетін, тілін дамытуды басты мақсат етті. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сияқты тұлғалар қазақ мәдениеті мен әдебиетінің өркендеуіне зор үлес қосты.

Алаш зиялыларының көпшілігі өз өмірін қазақ халқының ағарту ісіне арнады. Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің жаңа әліпбиін жасап, қазақ мектебін дамытуға күш салды. Мағжан Жұмабаев қазақ поэзиясының дамуына елеулі ықпал етті. Алаш қайраткерлері қазақ халқын жаңа замандағы білім мен ғылымға тәрбиелеу үшін өздерінің өмірлерін арнады.

Алаштың тәуелсіздік жолындағы күресі тек қана саяси емес, сонымен бірге идеологиялық күрес болды. Алаш зиялылары қазақтың мәдениетінің, тілінің және ділінің тәуелсіздігін қорғау мақсатында үлкен жұмыстар атқарды. Олар Ресейдің отарлау саясатына қарсы шығып, қазақ халқының болашағы үшін күресті. Алаш қозғалысының мүшелері Ресей империясымен де, кейінгі Кеңес үкіметімен де қарсы тұрды.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Алаш Орда үкіметі өз бетінше ұлттық мемлекет құруға ұмтылды. Бірақ 1918 жылы Кеңес үкіметі күшпен басып, Алаш қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшырады. Олар ел тәуелсіздігін көздегендер ретінде тарихта қалды. Бірақ олардың мұрасы бүгінгі күнге дейін сақталып, тәуелсіздікке ұмтылушы халықтың рухани күшіне айналды.

Тәуелсіздік алған Қазақстан үшін Алаш қозғалысының мұрасы маңызды орын алады. Алаш қайраткерлері ұлт тәуелсіздігі үшін күрескенде, олар тек саяси еркіндік емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің, тіл мен білімнің, адам құқықтарының сақталуы мен дамуы үшін де күресті. Осы тұрғыда Алаш қозғалысының ұлттық мемлекет құрудағы рөлі аса маңызды.

Қазіргі Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Алаш қайраткерлерінің еңбектері мен идеялары қайта жаңғырып, оларды ұрпақтарымыздың болашаққа бағдар алуына үлгі ету үшін қайта зерттелді. Алаш қозғалысының тарихи маңызы мен тәуелсіздікке деген ұмтылысы бүгінгі Қазақстанның ұлттық сана-сезімінің негізін қалады.

Алаш қозғалысы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ең алғашқы қадамдарының бірі болды. Алаш Орда үкіметі және оның қайраткерлері өз елінің тәуелсіздігі үшін күресте терең із қалдырды. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушылардың бірі — Алаш арыстары. Олардың саяси, мәдени және ғылыми мұрасы әлі күнге дейін еліміздің дамуына үлкен әсер етуде.

Алаш қозғалысы — қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін құру жолындағы күресінің маңызды кезеңі. Оның қайраткерлері тек саяси белсенділіктерімен емес, сонымен қатар мәдени, білім, ғылым салаларындағы жетістіктерімен де қазақ тарихында айрықша орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, Алаш қозғалысының мұрасын дәріптеу бүгінгі Қазақстан үшін үлкен маңызға ие. Қазіргі кезде Алаш қозғалысын зерттеу мен насихаттау аясында бірнеше маңызды ұсыныстарды қарастыруға болады.

Алаш қайраткерлерінің мұрасын оқу жүйесіне енгізу

Алаш қозғалысының тарихы мен оның жетекшілерінің еңбектерін оқушылар мен студенттер арасында кеңінен таныту үшін Қазақстанның білім беру жүйесіне арнайы курстар мен оқу бағдарламаларын енгізу қажет.

Мектептер мен университеттерде арнайы пәндер енгізу. Алаш қозғалысының тарихын және оның идеологиясын оқыту үшін мектеп бағдарламаларына арнайы тақырыптар енгізу керек. Университеттерде Алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын зерттейтін курстарды дамыту маңызды.

Қазақ әдебиетінің, тарихының пәндерінде Алаш қозғалысы туралы арнайы бөлімдер. Алаш қайраткерлерінің шығармашылық мұрасы мен саяси қызметі туралы әңгімелейтін оқу құралдарын әзірлеу, сондай-ақ студенттерге тарихи контексте түсінік беру.

Алаш қозғалысының мұраларын зерттеу

Алаш қозғалысын зерттеу әрі қарай тереңдетіліп, ғылыми бағытта жүйелі жұмыс жүргізілуі тиіс. Бұл Алаш қайраткерлерінің ұлттық мемлекеттілік идеясын дамытудағы маңызын толыққанды ашуға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулер жүргізу. Алаш қайраткерлерінің еңбектерін зерттеуге бағытталған ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, нәтижелерін ғылыми журналдар мен конференцияларда жариялау.

Алаш қайраткерлерінің архивтерін ашу. Алаш қозғалысының тарихына қатысты архивтік материалдарды жинақтап, оларды жариялау, сондай-ақ Алаш қайраткерлерінің шығармаларын қайта басып шығару маңызды. Бұл орайда Қазақстандағы және шетелдегі архивтерді кеңінен зерттеу қажет.

Мәдениет пен тарихты сақтау. Алаш қозғалысының тарихи мұраларын сақтау мақсатында арнайы зерттеу институттарын құру немесе осы салада жұмыс істейтін ғылыми орталықтар ашу.

Алаш қозғалысының идеологиясын насихаттау

Алаш қозғалысының идеологиясы мен оның мақсаттарын кеңінен насихаттау үшін түрлі қоғамдық және мәдени шаралар ұйымдастыру қажет.

Алаш қозғалысы туралы деректі фильмдер, телехикаялар түсіру. Алаш қайраткерлерінің ерліктері мен өмір жолын көрсететін деректі фильмдер, телехикаялар мен радиопередачалар арқылы ұрпаққа жеткізу.

Конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру. Алаш қозғалысының мұрасына арналған халықаралық және республикалық конференциялар, семинарлар мен форумдар өткізу. Бұл шаралар Алаш идеологиясының маңызын түсіндіруге көмектеседі.

Ұлттық бірлік пен патриотизмді қалыптастыру. Алаш қозғалысының мұрасы негізінде ұлттық бірлік пен патриотизмге бағытталған мәдени шаралар мен жастарға арналған тәрбие жұмыстарының аясын кеңейту.

Ескерткіштер мен мемориалдар орнату

Алаш қозғалысының қайраткерлерінің ескерткіштерін және тарихи орындарын сақтау, оларды жастар арасында дәріптеу маңызды. Бұл қозғалысқа қатысты нақты қадамдар:

Алаш қайраткерлеріне ескерткіштер орнату. Алаш қайраткерлерінің есімдерін мәңгі есте қалдыру үшін республиканың әртүрлі қалаларында, сондай-ақ тарихи орындарда ескерткіштер мен мемориалдық тақталар орнату.

Алаш қозғалысының тарихи орындарын зерттеу және экскурсиялар ұйымдастыру. Орынбор, Омбы, Алматы сияқты қалаларда Алаш қайраткерлері мен қозғалысының тарихына байланысты арнайы экскурсиялар ұйымдастыру. Бұл жастардың Алаш қозғалысы туралы білуіне үлкен мүмкіндік береді.

Мемлекет деңгейінде Алаш қозғалысының насихаты

Алаш қозғалысының идеологиясы мен қайраткерлерінің ерліктерін ел ішіндегі және халықаралық деңгейде насихаттау үшін мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар қабылдау қажет.

Алаш қозғалысы туралы мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу. Алаш қозғалысын дәріптейтін арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастыру. Бұл бағдарламалар Алаш қайраткерлерінің есімдерін ұлықтап, олардың идеологиясын насихаттауға бағытталуы керек.

Алаш қозғалысы туралы ұлттық мерекелер ұйымдастыру. Алаш қозғалысының тарихи маңызы мен оның тәуелсіздік үшін күрестегі орны туралы халыққа ақпарат беру үшін арнайы ұлттық күндер мен мерекелер белгілеу. Мысалы, 1917 жылғы Алаш Орда үкіметінің құрылуының 100 жылдығы сияқты маңызды даталарды атап өту.

Алаш мұрасына қызығушылықты арттыру үшін жастарды тарту

Жастардың Алаш қозғалысының тарихына деген қызығушылығын арттыру үшін оларды түрлі білім беру, шығармашылық және мәдени шараларға тарту маңызды.

Жастар арасында эссе, шығармашылық байқаулар ұйымдастыру. Алаш қозғалысының тарихы мен Алаш қайраткерлерінің идеологиясы туралы эссе жазу байқауларын ұйымдастырып, жастардың осы тақырыпқа деген қызығушылығын арттыру.

Жастардың Алаш қайраткерлері туралы зерттеу жұмыстарын жүргізуін ынталандыру. Студенттер мен оқушылар арасында Алаш қайраткерлері мен қозғалысының тарихына қатысты зерттеу жұмыстарын жасауға арналған конкурстар ұйымдастыру.

Алаш қозғалысы – қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы ұзақ та ауыр күрестің бір көрінісі. Оның қайраткерлері ұлттық мүддені қорғап, қазақ мемлекеттілігін нығайту үшін көптеген жанкешті қадамдар жасады. Тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен гүлдену жолында Алаштың дара жолы өз жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бөкейхан Ә. Қазақтың ұлт тағдыры (Алаш Орда туралы жинақ). – Алматы, 1993.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 1991.
3. Дулатов М. Қазақстанның тәуелсіздігі мен Алаш Орда үкіметі. – Астана, 2004.
4. Жұмабаев М. Поэзия және тәуелсіздік. – Алматы, 1997.
5. Нұрпейісова М. Алаш қозғалысының тарихи маңызы. - Қ арағанды, 2010.

МРНТИ: 03.20: 06.81.23

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ СОХРАНЕНИЯ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ НАРОДА

Святова Ангелина Сергеевна
Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова, студент 3 курса ОП «История»

***Научный руководитель: Ихсанова Айнура Бекжановна** – преподаватель, магистр*
Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова, г. Уральск, Казахстан
г. Уральск, Казахстан

Аннотация. Статья посвящена роли цифровых технологий в сохранении и популяризации духовного наследия Казахстана. Рассматриваются виртуальные архивы и коллекции, онлайн-платформы, мобильные приложения, социальные сети, а также VR/3D-реконструкции как средства повышения доступности культурных ценностей, укрепления исторической памяти и национальной идентичности, вовлечения молодёжи и расширения аудитории. Отмечаются государственные инициативы по цифровизации культурных ресурсов и формированию единой цифровой базы знаний. Выделяются риски цифровизации: утрата нюансов устной традиции, снижение сакрального смысла, проблемы авторства, правового регулирования и этики.

Ключевые слова: цифровые технологии, духовное наследие, традиции, государственные программы, мобильные приложения, социальные сети, сохранение культуры, цифровизация, историческая память.

В условиях стремительной цифровизации общества, сохранение духовного наследия народа выходит на первый план. Духовное наследие, включающее в себя традиции, обычаи, устное народное творчество и моральные ценности, является краеугольным камнем культурной и национальной идентичности, обеспечивая преемственность исторической памяти. Глобализация и эволюция культурных коммуникаций создают риски для уникальных духовных ценностей, особенно тех, что передаются устно. В этом контексте цифровые технологии становятся мощным инструментом для фиксации, сохранения и распространения духовного наследия. Создание цифровых архивов, виртуальных коллекций и онлайн-платформ позволяет не только сохранить культурные ценности, но и сделать их доступными для широкой аудитории. Таким образом, исследование возможностей цифровых технологий в сохранении духовного наследия имеет значительный научный и практический интерес.

Духовное наследие народа – это невидимые сокровища: его традиции, обычаи, песни, ритуалы и моральные принципы, которые передаются от предков к потомкам. Поскольку оно в основном нематериально и существует в устной форме, оно подвержено рискам при изменениях в обществе и культуре. Тем не менее, это наследие жизненно важно для формирования нашей истории, сохранения общего опыта и ценностей, а также для укрепления чувства принадлежности к нации. Сохраняя и оживляя его, мы обеспечиваем связь поколений и способствуем развитию общества. Сегодня цифровые технологии играют все большую роль в распространении этих ценностей. В Казахстане забота о духовном наследии отражена в государственных программах, таких как «Мәдени мұра» и «Рухани жаңғыру», нацеленных на укрепление национальной идентичности и преемственности. Духовное наследие – это основа нашей исторической памяти, и для его сохранения и передачи в цифровую эпоху необходимы современные подходы [1].

Цифровые технологии играют важную роль в современной культурной сфере, изменяя способы взаимодействия людей с культурным наследием и искусством. В

последние годы они становятся неотъемлемой частью работы музеев, театров, библиотек и других культурных учреждений по всему миру, открывая новые возможности для расширения аудитории, повышения доступности и вовлечения зрителей. Для Казахстана, обладающего богатым культурным наследием и историческими традициями, внедрение цифровых технологий в работу культурных организаций также является приоритетным направлением. Использование цифровых технологий позволяет сделать культурное наследие страны доступным для удалённых регионов и международной аудитории, а также повысить интерес молодёжи к культуре и искусству [2, с.19].

Казахстан реализует комплексную стратегию по сохранению и популяризации своего культурного наследия через цифровые технологии. Государственные программы, в частности "Сакральный Казахстан" и "Государственный каталог музейного фонда", успешно переводят в цифровой формат множество объектов культурного значения – от зданий и монументов до произведений искусства и исторических артефактов, гарантируя их долгосрочное сохранение [3].

Информационная платформа "Qazaq Culture" открывает новые возможности для знакомства с культурными сокровищами страны, предлагая виртуальные экскурсии и доступ к оцифрованным экспонатам [4].

Создание единой национальной цифровой базы знаний путем интеграции "е-Библиотеки" и "е-Архива" систематизирует и делает легкодоступными важные исторические документы и артефакты для научных, образовательных и культурных целей. Применение искусственного интеллекта для озвучивания контента на казахский язык, включая сурдоперевод, делает культурное наследие более инклюзивным и доступным для широкой аудитории [4].

Қазақстандық білім беру мекемелеріндегі реформалар басқарушының рөлін тек әкімшілік қызмет шеңберінен шығарып, оны педагогикалық көшбасшыға айналдырады.

Талқылау барысында психологиялық және педагогикалық тәсілдердің басқару тиімділігіне әсері салыстырмалы тұрғыда қарастырылып, халықаралық тәжірибемен үйлестіру жүзеге асырылады. Психологиялық тәсілдер басқару процесінде тұлғааралық қарым-қатынастың, мотивацияның, эмоциялық тұрақтылықтың маңызын көрсетсе, педагогикалық тәсілдер оқу-тәрбие процесінің сапасын арттырудың құралдарын ұсынады.

Халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, қазақстандық білім беру жүйесі басқарудың психологиялық мәдениетін дамытуда белгілі бір қиындықтарға кездессе де, инновациялық педагогикалық тәсілдерді енгізу жағынан айтарлықтай ілгерілеген. Мысалы, Финляндия, Сингапур, Жапония тәжірибелері басқарудағы адам капиталының, педагог мәртебесінің, кәсіби дамуды қолдаудың маңызын көрсетсе, Қазақстан соңғы жылдары осы бағытты белсенді дамытып келеді [6].

Зерттеу нәтижесінде білім беру саласындағы басқару қызметінің тиімділігі психологиялық және педагогикалық тәсілдердің үйлесімді ықпалы арқылы қалыптасатыны анықталды. Басқарушының эмоционалды интеллектісі, тұлғааралық коммуникациядағы құзыреттілігі, мотивациялық процестерді ұйымдастыру қабілеті педагогикалық ұжымның кәсіби дамуына әсер етсе, әдістемелік қолдау, инновациялық технологияларды енгізу, педагогикалық көшбасшылық білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды инструменттер ретінде қарастырылады.

Қазақстандық білім беру жүйесінің трансформациялану кезеңінде басқарудың жаңа моделі — адамға бағытталған, эмоционалды қолдауға негізделген, инновациялық педагогикалық стратегияларды үйлестіретін модель — өзектілікке ие болып отыр. Сондықтан білім беру ұйымдарындағы басқару тиімділігін арттыру үшін психологиялық-педагогикалық тәсілдердің интеграциясы стратегиялық маңызы бар міндет болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдіғапбарова Ұ.М. Білім беру ұйымдарын басқарудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

2. Тұрғынбаева Б.А. Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық. – Алматы: Нұр-Принт, 2021.

3. Омарова Г.С. Басқару психологиясы. – Алматы: Экономика, 2020.

4. Simon H.A. Administrative Behavior. – New York: Free Press, 2017.

5. Goleman D. Emotional Intelligence. – New York: Bantam Books, 2018.

6. Bush T. Theories of Educational Leadership and Management. – London: Sage Publications, 2021.

ҒТАХР: 03.20

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кожагалиева С.Т.
Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі,
оқу ісі жөніндегі орынбасары. педагог-сарапшы
Жаңақала ауданы, Батыс Қазақстан облысы

Қазақстан тарихы пәнін оқытудың мазмұндық,әдістемелік және тәрбиелік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.Пәнді оқытуда ұлттық тарихи сананы қалыптастыру,тарихи дереккөздермен жұмыс жүргізу,тарихи тұлғалар рөлін ашу және заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың маңызы айқындалады.Сонымен қатар Қазақстан тарихы пәнінің пәнаралық байланысы мен тәрбиелік әлеуеті ғылыми тұрғыда талданады.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық тарихты оқыту мәселесі ерекше маңызға ие. Қазақстан тарихы пәні білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыратын,ұлттық бірегейлікті нығайтатын және отансүйгіштік қасиеттерді дамытатын жетекші пәндердің бірі.Елдің тарихи дамуын,мемлекеттіліктің қалыптасуын және тәуелсіздік жолындағы күресін терең түсіну жас ұрпақтың азаматтық позициясын айқындайды.

Қазақстан тарихын оқыту тек өткенді баяндаумен шектелмей,тарихи құбылыстарды талдау,салыстыру және бағалау арқылы білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.Осы тұрғыда пәннің берілу ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыда зерделеу өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны ұлттық тарихтың тұтастығын сақтай отырып құрымдалған.Пәнде ежелгі дәуірдегі сақ,ғұн,үйсін тайпаларынан бастап,Қазақ хандығының құрылуы,отарлық кезең,кеңестік дәуір және тәуелсіз Қазақстан тарихы жүйелі түрде қарастырылады.

Мазмұндық ерекшеліктің басты сипаты-тарихи сабақтастық қағидасының сақталуы. Әрбір тарихи кезең алдыңғы дәуірмен өзара байланыста түсіндіріледі.Бұл білім алушыларға тарихи үдерістердің себеп-салдарлық байланысын ұғынуға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихын оқытудағы құзыреттілік тәсіл

Қазіргі білім беру жүйесінде құзыреттілік тәсіл басты орын алады.Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында білім алушылардың:

-тарихи ақпаратты талдау

-дереккөздерді салыстыру

-тарихи оқиғаларға баға беру құзыреттері қалыптастырылады.

Бұл тәсіл оқушылардың тек білім алуымен шектелмей,алған білімін өмірде қолдана білуіне жағдай жасайды.

Қазақстан тарихын оқытуда тарихи тұлғалардың қызметін зерделеу маңызды әдістемелік бағыт болып табылады.Тарихи тұлғалар арқылы оқыту тарихи оқиғаларды жандандырып,білім алушылардың қызығушылығын арттырады.

Хандар мен билердің мемлекет басқарудағы рөлі,батырлардың ел қорғаудағы ерлігі,ағартушылардың қоғам дамуына қосқан үлеі нақты мысалдар арқылы ашылады.Бқл тәсіл оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеуге ықпал етеді.

Тарихи дереккөздермен жұмыс жіне сыни ойлау

Тарихи дереккөздермен жұмыс Қазақстан тарихы пәнінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Дереккөздерге:

-археологиялық материалдар
-жазба тарихи деректер
-мұрағат құжаттары
-ауызша тарихи үлгілері жатады

Оқушылар дереккөздерді талдау арқылы тарихи ақпараттың шынайылығын анықтауды,әртүрлі көзқарастарды салыстыруды үйренеді.Бұл сыни ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді.Қазақстан тарихы пәнін оқытуда заманауи педагогикалық технологияларды қолдану білім сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады. Интерактивті әдістерге жобалық оқыту, пікірталас, дебат, ролдік ойындар, цифрлық карталар мен мультимедиалық ресурстар жатады. Бұл әдістер оқушылардың белсенділігін арттырып, өз бетінше іздену дағдыларын қалыптастырады.

Қазақстан тарихы пәні география, әдебиет, құқық негіздері және мәдениеттану пәндерімен тығыз байланыста оқытылады. Пәнаралық байланыс білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, тарихи білімді кешенді түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар пәннің тәрбиелік маңызы зор. Ол ұлттық құндылықтарды күрметтеуге, тарихи жадыны сақтауға және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан тарихы пәнінің берілу ерекшеліктері оның мазмұндық тұтастығымен, әдістемелік көпқырлығымен және тәрбиелік әлеуетімен айқындалады. Пәнді тиімді оқыту ұлттық тарихи санасы қалыптасқан, елінің өткені мен болашағына жауапкершілікпен қарайтын тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. *Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу бағдарламасы*. – Астана, 2022.
2. Қозыбаев М.Қ. *Тарих және тағдыр*. – Алматы: Ғылым, 1997.
3. Тұрсынов Е.Д. *Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі*. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
4. Әбілгожин Ж.Б. *Қазақстан тарихының өзекті мәселелері*. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
5. Сейітқалиев Ж. *Тарихты оқытудың заманауи әдістері*. .– Алматы: Рауан. 2020.
6. Қалиев С., Нұрғалиұлы Б. *Ұлттық тәрбие және тарихи сана*. .– Алматы: Мектеп. 2016

ҒТАХР 03.20.00
ӘОЖ 94 (574)

ДОМБЫРА – ҰЛТТЫҚ БРЕНД

Абуова Бақыт Кажиетовна
Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі
Жаңақала ауданы, Батыс Қазақстан облысы

Аңдатпа. Бұл мақалада домбыраның қазақ халқының ұлттық құндылығы ретіндегі орны мен маңызы қарастырылады. Домбыраның адамның жан дүниесіне әсері, шығармашылыққа шабыт беретін қасиеті, сондай-ақ саусақ моторикасын, қол қимылын және ойлау қабілетін дамытудағы рөлі сипатталады. Сонымен қатар, домбыра атауының шығу төркініне қатысты түрлі ғылыми пікірлер мен тұжырымдар талданып, аспаптың тарихи-танымдық сипаты ашып көрсетіледі. Ұлттық аспап домбыраны насихаттау, қастерлеу мен қадірлеудің ұлттық мәдениеттегі мәні айқындалады.

Кілт сөздер: домбыра, ұлттық құндылық, қазақ халқы, күй өнері, музыкалық аспап, рухани мұра, саусақ моторикасы, домбыраның шығу тегі, ұлттық мәдениет, Ахмет Жұбанов.

Ұлттық өнер, ұлттық аспап, ұлттық құндылықтар ол әрине – тарих. Қазақ елінің тілі, діні, жазуы, мәдениеті және өнерінің өзі ұлттық құндылық болып саналады. Менің ойымша, ұлттық құндылық белгілі бір халықтың қалыптасу кезінде жинаған мұраттары мен мақсаттары нәтижесінде туындаған көрінісі. Сан ғасырлар нәтижесінде қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері. Ұлттық құндылықтардың әрбір халық өмірінде алатын орны да өзгеше. Халықтың ғасырлар бойы жүріп өткен жолы, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы.

Ұлттық болмысқа құндылықтарды сіңіру үшін әр адам өз отбасынан бастауы керек. Өсіп келе жатқан бүлдіршін кезінен үлкенді сыйлауға, ана тілінде таза сөйлеуге баулысақ, есейгенде де сол құндылықтарды дәріптеп жүретін боламыз. Сонымен бірге қазақ халқының ұлттық өнерін танып, біліп, құрметтеуді үйрену міндетіміз.

Қазақ халқының өнері өте бай. Өнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі өнер өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға ұлттық аспап домбыра, оның пайда болуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Өнерін иелері табиғат сұлулығын өнер туындыларын күймен арқау еткен. Өнер туындыларының бет-бедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. «Ел іші өнер кеніші» дегендей ұлттық брендіміз домбыраны насихаттау ең маңызды іс деп есептейміз. Өйткені домбыра тек қазақта ғана бар. Нағыз өнер шеберлері барлық жоқтауды, қуанышты омсы домбыра үнімен жеткізген [1].

Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-бабамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа үйретіп келеді.

Сонымен, ұлттық аспап «Домбыра қайдан шықты?» деген мәселеге тоқсатсақ. Домбыра ұлттық құндылығымыз. Оны қастерлеп, қадірлеуіміз керек. Қазіргі кезде әрбір қазақтың үйінде домбыра аспабы бар. Қазақ халқы үшін домбырада ойнау үлкен бақыт. Домбырада күй ойнау адамның жан дүниесіне өте жақсы әсер етеді. Қуаттандырады. Шабыттандырады. Домбырада ойнау арқылы саусақ моторикасы дамиды. Қолдың бұлшық етінің шымыр болуына көмектеседі. Алақанның нүктелеріне әсер етіп, мидың дамуына, қол, саусақтың ширақ қимылына әсері мол [1].

Домбыра туралы нақты мәліметтер жинақтау үшін кітапханаға барып, ізденіс жұмыстарын жасадым. Ауданымыздағы Дина Нұрпейісова атындағы музейге бардым. Ондағы жәдігерлермен танысып, Дина әжеміздің домбырасын ұстап көрдік. Домбырамен күй орындап, күйші тұлғалар туралы мәлімет жинадық.

Домбыра – қазақ халқының асыл қазынасы. Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар. Қазақ ежелден қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты қара домбыраның үнімен жеткізген. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлі «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп жырлаған ішекті аспап жайлы толығырақ іздендік.

«Домбыра» атауының шығу төркініне қатысты талас-тартыс көп. Түркі тілдес халықтарда домбыра тектес шертпелі аспаптарды қазақ, ноғай, өзбек, башқұрт – домбыра деп атайды екен. Деректер бойынша «домбыра» сөзі көне шумерден аударғанда «кішкене садақ» деген мағынаны білдіреді. Ал академик Ахмет Жұбановтың айтуынша, «домбыра» сөзі «қозы құйрық» сөзімен байланысты «дунбаһ» және «бурра» деген қос араб сөздерінен шыққан. Ғалым шамасы домбыраның шанағының сүйірленіп барып, қозы құйыршықтанып бітетінін негізге алған болуы керек [2].

Белгілі зерттеуші Хайролла Жүзбасовтың пікірінше, домбыра сөзі «дөп бұра», «дәл бұра», «дем бұра» деген сөздердің тізбегінен жасалған. Тағы бір деректерде «домбыра» атауы «дом+бұра» деген сөздерінен шыққан делінеді. «Дом» сөзі қазір «домығып, ісініп кету» мағынасында қолданылып жүр. Ал «бұра», «күйге келтір» дегенге саяды.

Түрлі зерттеулерге сүйенсек, домбыра мен өзге халықтардың осы тектес аспаптары сонау орта ғасырларда белгілі болған. Мысалы, әл-Фарабидің еңбектерін оқысаңыз, тамбур аспабы жайлы кездеседі. Өзбектердің домбыраға ұқсас екі ішекті дутары алғаш рет әл-Хусейнидің «Музыкалық канон» трактатында айтылды [3].

Археологиялық қазба жұмыстары, тасқа түскен ескерткіштер домбыраның ежелгі түркі дәуірінде пайда болғанын көрсетеді. Алғаш домбыраның шыққан жері түркі халықтарының алтын бесігі Алтай тауы болып саналады.

Белгілі түркітанушы ғалым Сартқожа Қаржаубайұлының зерттеу дерегі бойынша Монғол Алтай тауының сілеміндегі Жарғалант-Қайырқан жотасының бір үңгірінен табылған домбыра тектес көне саз аспабы екі ішекті, тоғыз пернелі. Әрі саз аспабының мойнында ежелгі түріктің руна жазуы бар. Шанағына бұғының, бұланның бейнелері ойылып салынған, пернелері ағаштың қабығынан таспаланып тіліниП жапсырылған, басы бұғы мен бұланның басына ұқсас және ол тас бетіндегі ежелгі түрік ескерткіштерінен көп айырмашылығы жоқ. Табылған саз аспабының пішіні бүгінгі күнгі алтай домбырасына ұқсас. Зерттеуші-ғалым бұл жәдігерді б. з. Y-YI ғасырына жатқызады [4].

Алматы облысында «Майтөбе» жайлауынан жоғарғы тау шатқалындағы көптеген суреттің арасынан тастан қашалған көне домбыраның суреті табылған. Бұл тастағы суретті 1986 жылы белгілі этнограф Жағда Бабалықұлы тауыпты [5].

Домбыра жайлы көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. Соның бірі музыкалық аспаптың жоғарғы тиегінің қалай пайда болғаны жайында. Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қалжырап келе жатқан батыр жолда демалуға аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерге жайғасады. Талдың бір шыбығын сындырып, оған жылқы қылын керіп байлап, дыбыс шығармақ болады. Бірақ ешқандай үн шықпайды. Батыр оны қасына тастай салады да, өзі ұйықтап кетеді. Бір кезде жанынан шығып жатқан дыбыстан оянады. Қараса, манағы өзі жасаған аспаптың мойын тұсына әлдекім титтей ағаш тиек орнатып қойған. Батыр «Е, бұл сайтанның ісі болды ғой» деп ойлайды.

Бәлкім, содан қалған сөз болса керек, халық арасында домбыраның жоғарғы тиегін «шайтан тиек» деп атайды. Ішекті жылқының қылынан тағу, жоғарғы тиектің болмауы көне аспаптарға тән.

Тағы бір аңызда, Тарбағатайлық күйші Бағаналы Саятөлековтың айтуынша, «Ерте заманда тауқұдірет деген құс болған екен. Домбырада жалғыз ғана ішек, тауқұдіретте жалғыз ғана қанат болыпты. Тауқұдіреттің жалғыз қанаты еркегінің оң жағына, ұрғашысының сол жағына бітеді екен. Домбыраны жасаған шебер жалғыз ішекпен көсілтіп күй тарта алмайды. Ал жалғыз қанатты тауқұдірет қалықтап ұша алмайды. Домбырашы не істерін білмей іштен тынады. Тауқұдірет болса күндіз-түні Тәңірге мұңын шағып, қалықтап ұша алатын қос қанат сұрап жалбарынады. Күндердің бір күнінде тауқұдіреттің аталығына Тәңір ой салады: «Бүйтіп зарлап жүре бергенше, талпынып тірлік етіп көріңдер», - дейді. Содан аталық тауқұдірет пен аналық тауқұдірет қолдасып ұшуды ойлайды. Бірінде – оң қанат, екіншісінде – сол қанат, екі тауқұдірет бір-бірімен қолдасып, қанаттарын кере серпеді. Сол кезде жерден бауырлары көтеріліп, қалықтай ұшып жөнеледі. Көңілі шаттанған қос тауқұдірет қуанышын жасыра алмай Тәңірге ризашылығын білдіріпті. Кейін бұл тауқұдіреттен туған балапандарға тәңір қос қанат дарытты дейді. Осы оқиғаға куә болған домбырашы «қос қанат бірігіп еді – ұшты, егер домбырада қос ішек болса қалай?» - дейді де, екінші ішек тағады. Содан кейін қос ішекті домбырасын тартса, ғажайып үн шығады. Домбырашының қуанышында шек болмайды. Тіптен, риза болғандығы сонша, ең алғашқы күйін тауқұдіретке арнайды» [6].

Домбыра түрлері. Домбыра әр өңірде жергілікті халықтың тұрмысына, салт-дәстүріне, ән-жыр, күй мектебі мен өнерпаздардың орындаушылық мәнеріне, шеберлердің ісмерлігіне байланысты әртүрлі пішінде дамып, өзгеріп отырған. Мәселен, ән-жыр айтуға арналған домбыраның пернелері 8-9, әрі кеткенде 14-15-ке жетсе, күй домбырасында 20-дан астам перне болады. Олардың құлақ бұрауы да қажетіне қарай (кварта, квинта) өзгертіледі. Домбыра, негізінен, екі ішекті, кейде үш ішекті болып келеді [7].

Қазіргі кезде домбыраның 20-дан астам түрі бар. Олардың бірнешеуі: ән мен күй домбырасы, торсық, тұмар, кең шанақты, балдырған, балашық, шіңкілдек, аша, үш ішекті, қуыс мойын, шертер. **Оркестр домбыралары:** қоңыр дауысты (альт), жіңішке дауысты (прима), ащы дауысты (секунда), бас домбыралар.

Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, ішек, шанақ, қақпақ және ілгек. Қақпақ – бетқақпақ деп те айтылады. Сондай-ақ, оның көптеген қосымша бөлшегі бар: тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік. Домбыра тиегі үш түрлі болады: шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек.

Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары - қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді киелі ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Құрама домбыралардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады [8].

Домбыра екі шекті,көбінесе ағаштан жасалатын шертпелі музыкалық аспап.Оның құрылымы үш негізгі бөліктен тұрады. Шанағы, мойны, басы, құлағы. Шанақ домбыраның төменгі ең үлкен бөлігі. Мойны- шанақпен бас бөлікті жалғап тұрады. Бас-домбыраның жоғарғы жағы.

Қазақтың домбыра күйлері орындаушылық ерекшеліктеріне, күйдің құрылымына байланысты төкпе және шертпе деп бөлінеді. XX ғасырдың 20-жылдары қазақтың ән-күйін жинақтаған А.Затаевич өзінің әйгілі «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында: «Сырт көзге қарапайым көрінетін домбыра шебер орындаушының қолына тигенде өз шамасынан әлдеқайда асып түсіп, құлпырып шыға келетініне қайран қаласыз» дейді [7].

Домбыра күйлері ЮНЕСКО-ның адамзат игілігіндегі материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген. Қазақ ақындары домбыра туралы көп өлең шығарған.

Ілияс Жансүгіров – Домбыра өлеңінде

Тарт күйіңді, домбыра!
Төгіл, төгіл тәтті күй,
Тау суындай сылдыра,
Желпін, желпін жел соқтыр!
Тауда тұман тұрмасын,
Көкте бұлт ыдыра!
Тыңдамаған қоймасын,

Ойды-қырды қыдыра,
Құлшына тарт, домбыра!
Қадыр Мырза Әлі – Домбыра туралы
Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра,
Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!
Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана:
Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана» - деп жырлайды.

Қорыта келе, домбыра — қазақ халқының жаны мен рухының айнасы. Ол тек музыкалық аспап қана емес, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрі мен өмірлік философиясын бойына сіңірген киелі мұра [8]. Домбыраның күмбірлеген үні арқылы халқымыздың қуанышы мен қайғысы, батырлық пен нәзіктік сезімі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Бүгінгі таңда да домбыра өз маңызын жоғалтпай, қазақ өнерінің символына айналып отыр. Сондықтан әрбір ұрпақ үшін домбыраның үні — ұлттық болмыстың, рухани байлықтың мәңгілік белгісі болып қала береді. Біріншіден, Домбыра үні ұлттың өткені мен бүгінгі таңдағы алтын көпірі. Екіншіден, домбыра – ол біздің ұлттық мұрамыз. Ол бренд болып дамуы тиіс. Оны дамытуымыз қажет және перзенттік парызымыз болып қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сейітов С. *Қазақтың музыкалық мәдениеті.* — Алматы: Өнер, 2015.
2. Қоңыратбай Т. *Домбыра — дала үні.* — Астана: Фолиант, 2018.
3. Нұрпейісова Д. *Қазақтың күй өнері.* — Алматы: Рауан, 2012.
4. Ерзакович, Б. Г. Песенная культура казахского народа = Қазақ халқының ән мәдениеті: музыкально-историческое исследование / Б. Г. Ерзакович ; Акад. наук КазССР, Ин-т литературы и искусства им. М. О. Ауэзова. — Алма-Ата : Наука Казахской ССР, 1966. - 401 с.
5. Аманов Б. *Қазақтың ұлттық аспаптары.* — Алматы: Санат, 2010.
6. Тоқтағұлов Ә. *Домбыра және дәстүрлі музыка.* — Алматы: Өнер, 2020.
7. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі. *Қазақтың дәстүрлі музыкалық мұрасы* [Электронды ресурс].// https://mcs.gov.kz (қаралған күні 12.12.2026.)
8. *Домбыра — қазақтың ұлттық аспабы* [Электронды ресурс]// https://kk.wikipedia.org/wiki/Домбыра (қаралған күні: 05.11.2025).

II СЕКЦИЯ.
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫ, МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

ӘОЖ 94 (574.1)

ЖЫМПИТЫ ӨҢІРІНДЕГІ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНЫҢ БАСТАУЫ

Хайдаров Есқайрат Ерболатұлы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, т.ғ.к., аға оқытушы,
Орал қаласы, Қазақстан
esaka_78@mail.ru

Жымпиты – Алаш қозғалысының, соның ішінде Батыс Алаш Орда үкіметінің орталығы болған тарихи мекен. Бұл өңірде Жаһанша Досмұхамедов пен оның серіктерінің басшылығымен Батыс Алаш Орда үкіметі құрылып, маңызды саяси жиындар өткізілді. Сондай-ақ жергілікті милиция ұйымдастырылып, әскер жасақтауға бағытталған нақты әрекеттер жасалды. Бұл маңызды іс-шаралар мен тарихи-саяси оқиғаларға Алаш Орда қозғалысының белсенді мүшелерімен қатар Жымпиты өңірінің жергілікті тұрғындары да кеңінен қатысты.

1920 жылдан кейін Алаш Орда үкіметі өз қызметін тоқтатып, Алаш қозғалысы саяси дағдарысқа ұшырағанымен, 1920-1930 жылдары кеңес билігіне қарсы халық наразылықтары жаңа сипатта дами бастады. 1920 жылдары Жымпиты өңірінде кеңес билігіне қарсы «бандылар қозғалысы» кең өріс алса, 1929-1930 жылдары ұжымдастыру саясатына байланысты халық наразылығы күшейіп, ол әлеуметтік сипаттағы қарсылық қозғалысына ұласты.

2021-2022 жылдары Батыс Қазақстан облысының полиция департаментінің арнайы архивінің қорларымен жұмыстану барысында 1929 жылғы Жымпиты ауданының №15 және №19 ауылдарының байлары мен атқамінерлерінің баскөтерулері жөніндегі құжаттар кездесті. 90 жылдан астам уақыт құпия архивтерде сақталған бұл құжат «Досмұхамедов Ғаббас және басқаларын РСФСР-дің ҚК-нің 58-8, 58-9, 58-10, 58-11 баптары бойынша айыптау ісі» деп аталады. Бұдан басқа Жымпиты ауданының №6 және №11 ауылдарының байлары мен ишан-молдаларының ұйымы жөнінде құжаттар табылды. Бұл архив құжаты «Қожамжаров Әділ және басқаларын, барлығы 30 адамды ҚК 58-11, 58-13 баптары бойынша айыптау ісі» деп аталады. Бұрынғы Бұлдырты және Өлеңті болыстарының азаматтары кеңес билігіне қарсы шығып, өздерінің жеке дүние-мүліктері мен бостандықтары үшін күрес жүргізген [1].

1928 жылы ірі байларды кәмпескелеу туралы Кеңес үкіметінің қаулысы шыққаннан кейін ел іші ала топалаң болып кетті. Жымпиты төңірегіндегі ауылдарды да әбігерге салып, әсіресе, бай адамдардың мазасын қашырды. Астық дайындау науқаны кезеңінде байлардан артық астықты үкіметке тапсыруларын талап ету жағдайды одан сайын ушықтыра түсті. Осы астық дайындау науқанындағы келеңсіздіктердің салдарынан Бұлдырты өзенінің орта сағасында орналасқан №15, №19 ауылдардың байлары мен кедейлерінің арасында алауыздық пайда болып, кеңес билігіне қарсы наразылықтар орын алды. Аталған ауылдардың байлары мен атқамінерлері алашапқын болып үкіметтің шешімдерін асыра орындап жүрген жергілікті билік орындарының өкілдеріне қарсы шықты. Ғаббас Досмұхамедов пен Хұсайын Әділов бастаған көтерілісшілер өздерінің жасырын мәжілістерін ұйымдастырып, үкіметке артық астық пен ат көліктерін беруден бас тартқан, халықтың арасында кеңес билігіне қарсы үгіт-

насихаттарын жүргізген, тіпті, олардың ашынғандары сондай жайылымдық және шабындық жерлерді өртеуге дейін барған [2, 181-184 бб].

1929-1930 жылдары кеңес билігіне қарсы баскөтерулер Жымпиты ауданының көпшілік ауылдарын қамтыған. Мәселен, көтерілісшілердің №20 ауылда Айтпай Тауышов, №17 ауылда Аят Қабышев, №18 ауылда Жұбандық Ақболатов, №24 ауылда Есен Аманкелев, №13 ауылда Төлен Есболатов секілді белсенді өкілдері болған [3, 43-44 бб].

1930 жылғы мамыр айындағы II Орал округтік партия конференциясының деректері бойынша Орал округінде, оның ішінде Жымпиты ауданында колхозшылар наразылық білдіріп, колхоздардан шығып кетіп отырған. Партия ұйымының баяндамасында Жымпиты ауданында колхоздардың бірінде атыс болып, 3 адамның өлгені айтылған. Құжатта былай жазылған: «В Джамбейтинском районе часть колхозников захотела выйти из колхоза, им не разрешили этого и арестовали. Колхозники стали протестовать против такого беззакония, возник конфликт, в связи с которым по мотивам, чтобы неподчинения распоряжениям власти, возникла перестрелка, во время которой убито 3 колхозника» [4].

ОГПУ-дың Орал округтік бөлімінің 1930 жылғы 7 сәуірдегі арнайы ақпары (специнфсводка) бойынша Жымпиты ауданының №20 ауылында 20 шақты адамның қатынасуымен қарулы қақтығыс болған. Бұл құжат Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде сақтаулы тұр. Кеңестік кезеңдегі құзырлы органның мәлімдемесінде былай жазылған: «В Джамбейтинском районе, ауле №20 баями, в числе 20 человек вооруженными охотничьими ружьями сделано нападение на аулсовет под лозунгом «Сдавай оружие, долой Советскую власть». В перестрелке с нашим отрядом со стороны выступивших убит один, двое ранено и пять захвачено. С нашей стороны потери нет» [5].

Жымпиты өңіріндегі 1929-1930 жылдардағы халық наразылығын ОГПУ-дың Орал округтік бөлімі мен жергілікті аудандық уәкілдері бұрынғы Батыс Алаш Орданың төрағасы Жаһанша Досмұхамедовтың есімімен байланыстыруға тырысқан. Мұның себебі – азаматтық қарсыласу жылдарында Жымпитының Батыс Алаш Орда үкіметінің орталығы болғаны және бұл өңірдің көрнекті Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедовтың туған жері екендігі. Сондай-ақ, Жымпиты ауданының №15 ауылындағы баскөтерудің жетекшісі Ғаббас Досмұхамедов Жаһаншаның туған ағасы болатын.

Досмұхамедов Ғаббас және басқа да айыпталушыларға қатысты істің деректері бойынша 1929 жылғы ақпан-наурыз айларында №15 ауылдың байлары бірнеше рет жасырын жиналыс өткізген. Бұл жиындарға Ғаббас Досмұхамедовпен қатар Оспанғали Рамазанов, Сақтаған Сухамберлиев, Есқали Әбілғазиев, Есен Қарашолақов, Хайрулла Майданов, Төлеуқайыр Болатов, Өтеғали Есқалиев, Батырғали Жамбергенов, Дәулетияр Суханов сияқты байлар мен ауылдың атқамінерлері қатысқан. Жиналыстар барысында кеңес өкіметінің таяу уақытта құлайтыны айтылып, үкіметке артық астық тапсыруға және ат-көлік беруге қарсы екендері жөнінде шешім қабылданған. Сондай басқосулардың бірінде Жаһанша Досмұхамедовпен байланыс орнату туралы шешім қабылданып, бұл мақсатта оның туыстары Вильдан Ізмағамбетов пен Ғаббас Досмұхамедовтың ұлы Нұғман Ғаббасовты жіберу ұйғарылған. Мұндай жиындар №19 ауылда да өткен. Ол ауылдың белсенді адамдары №15 ауылдың байларымен тығыз байланыс орнатқан. Сонымен қатар, №15 және №19 ауылдардың байлары ауылды аралап, тұрғындар арасында кеңес билігінің науқандық шараларына қарсы үгіт-насихат жүргізгені анықталған [3, 26-34 бб].

Кеңес билігінің ұжымдастыру саясатының түбі қайырлы болмайтынын алдын ала болжаған Жаһанша Досмұхамедов ағасы Ғаббасқа жазған хатында «4 жылқы, 4 сиырдан басқа малдың бәрін сатып, одан түскен ақшаға үй ішіне қажетті нәрселер мен ауыл шаруашылығы құрал-саймандарын алуға» кеңес берген.

Жаһанша 1925 жылдың жазында ауылға демалысқа келген. 1927 жылдың маусым айында ол тағы да Жымпитыға келіп, «Тасқұдық» және «Жосалы» елді мекендерінде жерлестерімен кездескен. Ауыл азаматтарының тұрмыс-тіршілігін сұрастырып, сол кездегі саяси ахуал жайында да әңгіме-дүкен құрғанға ұқсайды [6, 111-116 бб].

1929 жылдың 20 маусымынан кейін көтерілісшілер қамауға алынған. Жымпиты ауданының №15 және №19 ауылдарынан 15 адам, кейінірек тағы бір адам Орал қаласындағы тергеу изоляторына жөнелтілген. Жымпиты ауданының осы екі ауылындағы оқиғаларға байланысты тергеу барысында барлығы 42 куәгерден жауап алынған. Архив құжаттарында айып тағылған азаматтардың тергеу хаттамалары сақталып, олардың жеке бастарына қатысты деректер көрсетілген. Онда Жымпиты өңіріндегі халық наразылығының жетекшілері Ғаббас Досмұхамедовтың Батыс Алашорда үкіметінің бұрынғы төрағасы Жаһанша Досмұхамедовтың туған ағасы екені және Хұсайын Әділевтің 1919 жылы Алашорда үкіметі тұсында ауыл старшынының орынбасары әрі земство басқармасының мүшесі болғаны нақты жазылған [3, 35-43 бб].

Ғаббас Досмұхамедов тергеу барысында өзіне жүктелген 1000 пұт тарыны үкіметке тапсырмағанын мойындап, ауылда астық дайындау науқанына қарсы ұйым болмағанын және ешқандай үгіт-насихат жүргізілмегенін айтқан. Сондай-ақ ол жеке өз басының бауыры Жаһанша Досмұхамедовке ешкімді ақыл-кеңес сұрауға жібермегенін және одан ешқандай нұсқау алмағанын мәлімдеген [7, 279-278 пп].

1929 жылғы 27 тамызда ОГПУ-дың Орал округтік бөлімінен ОГПУ-дың Жымпиты ауданы бойынша уәкілі Гавриловқа шұғыл-құпия телефонограмма жіберілген. Онда «контрреволюциялық ұйым» мүшелерінің бұрынғы Батыс Алашорда төрағасы Жаһанша Досмұхамедовпен байланысы бар-жоғын анықтау міндеті қойылған [3, 36 б].

Ақырында, Жаһанша Досмұхамедовтың Жымпиты өңіріндегі халық наразылығына жетекшілік еткені және көтерілісшілермен байланысы болғаны толық дәлелденбеген. Ал Ғаббас Досмұхамедов өз ұлы Нұғман мен туысы Вильданды ОГПУ уәкілдеріне ұстаттырмай, ауылдан қашырып жіберген болуы мүмкін.

1930 жылғы 15 наурызда ОГПУ-дың саяси өкілдігі жанындағы үштіктің шешімімен №737 іс бойынша айыпталған 16 адамға қылмыстық кодекстің 58-8 және 58-10 баптары бойынша үкім шығарылған. Олардың ішінде Ғаббас Досмұхамедов, Есқали Әбілғазиев, Төлеуқайыр Болатов, Оспанғали Рамазанов және Хұсайын Әділев – ату жазасына кесілген, Есен Қарашолақов – он жыл мерзімге, Хайрулла Майданов – бес жыл мерзімге, ал Өтеуғали Есқалиев, Батырғали Жақыпов, Мырзағали Темірханов, Давлетияр Суханов және Батырғали Жамбергенов – үш жыл мерзімге концлагерьге айдалған. Сонымен қатар, Әбдірахман Байғожиев пен Мүгілсін Еламанова – үш жыл мерзімге Сібірге жер аударылған, Сақтаған Сухамберлиев – жанұясымен бірге Ақмола округіне жер аударылған. Ал Зайнолла Кабаковтың тергеу барысында қамауда болған уақыты есепке алынып, ол қамаудан босатылған. 1989 жылы 16 мамырда жазықсыз жазаланған жандардың барлығы Орал облыстық прокуратурасының қаулысымен ақталған [7, 350-361 пп].

1929 жылы бұрынғы Өлеңті болысының ауылдарында кеңес билігіне қарсы баскөтерулер орын алған. Нақтырақ айтқанда, Жымпиты ауданының №6 және №11 ауылдарының байлары мен атқамінерлері, арасында ишан-молдалар да бар, астық жинау науқаны кезінде жергілікті билік өкілдеріне қарсы әрекет жасап, кеңес билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізді деп айыпталған.

ОГПУ уәкілдерінің тергеу құжаттарында бай-ишандардың ұйымына Әділ Қожамжаров жетекшілік жасады. Ұйымның құрамында Ғалым Фаметов, Жанғали Алпанов, Кәрім Умаров, Сейтжан Құттыбаев, Құрманәлі Сұлтаналиев, Айтқали Нұржанов, Ахунғали Баймұхамедов, Казихан Умаров, Тілекұл Байбулов, Көбенғали Құрманов және Әлікеш Әшібеков болды. Олар бірнеше жыл бойына ұйымның қызметіне белсенді түрде араласып, ауылдарда жүргізіліп жатырған саяси-

шаруашылықтық науқандарға үнемі кедергі келтіріп отырды. Серіктестік құрамына және «Қосшы» одағына кедейлер мен орташалардың кіруіне бөгет жасады. Ауыл мешітін өз меншіктеріне қайтарып алды деп көрсетілген [8, Т 2. 7-13 пп]. Бұл оқиғалардың бұрынғы Бұлдырты болысының ауылдарында болған жағдайлармен қатар жүргендігі анық байқалады. Тіпті, Өлеңтілік есіл ерлерге қатысты үкім 1930 жылдың қаңтар айында, яғни екі ай бұрын қабылданған.

Бұлардың ішінде Алаш Орда өкілдері кімдер десек, архив құжаттарында Әділ Қожамжаров, Ахунғали Баймұхамедов және Лұқпан Ыдрысовтың Алаш Орда қозғалысына қатысы бар екендігі көрсетілген. Онда Әділ Қожамжаровты «Видный деятель Алаш Орды, член правительства», Ахунғали Баймұхамедовты «при правительстве Алаш Орда - сотник», Лұқпан Ыдрысовты «при правительстве Алаш Орда - волуправитель» деп нақты жазған [8, Т 2. 50-53 пп].

1929 жылы қазан айында №6 және №11 ауылдардың азаматтары тұтқынға алынып, оларға ҚК 58-11, 58-13 баптары бойынша айып тағылған. 1929 жылы 14 қарашада Қожамжаров Әділ және басқаларына, барлығы 30 адамға қатысты айыптау ісі ОГПУ-дың саяси өкілдігі алқасының соттан тыс қарауына жолданған. Алма-Ата қаласындағы ОГПУ-дың көтерілістер жөніндегі бөлімінің уәкілі айыптау ісін қайта қарап, 1929 жылы 24 желтоқсанда ОГПУ-дың саяси өкілдігі жанындағы айрықша үштіктің қарауына берген.

1930 жылы 3 қаңтарда 24 адамға қатысты үкім шыққан. Басында айыпталған 30 адамның ішінен байлар мен атқамінерлер Исағали Ахметов, Иманбек Даргужинов, Қыдырқұл Секербаев, Әбілқайыр Мамбеталиев, Мәкәрім Даулеталиев және қызметкер Бекмаш Нұрмұхамедовтың аты-жөндері үкім қабылданған құжатта жоқ. Ауылдық мешітті молдалардың иелігіне өткізіп бергені үшін айыпталған бұрынғы аудандық прокурордың көмекшісі Бекмаш Нұрмұхамедовтың ісін республиканың прокуратурасы арқылы РСФСР-дың Жоғарғы сотының қазақ бөлімінде бөлек қарастыру туралы құжат бар. Ал 1929 жылы қараша айында аты-жөндері аталған 5 адамның қашып жүргендігі, оларға іздеу жарияланғандығы жөнінде құзырлы органдардың хабарламасы кездесті. Соған қарағанда олар қолға түспеген соң жазадан құтылып кеткен [8, Т 2. 56-60 пп].

ОГПУ-дың саяси өкілдігі жанындағы айрықша үштіктің отырысының шешімімен 24 адамның 12-сі ату жазасына кесілсе, қалған 9 адамды 10 жыл, 5 жыл, 3 жыл мерзімге соттау және 3 адамды 3 жыл мерзімге жер аудару қарастырылған.

1930 жылы 25 қаңтарда Алма-Ата қаласынан ҚКСР бойынша ОГПУ-дың саяси өкілдігінен Орал өңірлік бөліміне округтің аудан-ауылдарынан 36 адамға қатысты ату жазасын орындау жөнінде №990 шифртелеграмма келген.

1930 жылы 30 қаңтарда сағат 12.00-де ату жазасына кесілген Әділ Қожамжаров (43 жаста), Ғалым Фаметов (55 жаста), Жанғали Алпанов (58 жаста), Кәрім Умаров (54 жаста), Сейтжан Құттыбаев (75 жаста), Құрманәлі Сұлтаналиев (69 жаста), Айтқали Нұржанов (65 жаста), Ахунғали Баймұхамедов (56 жаста), Казихан Умаров (55 жаста), Тілеқұл Байбулов (62 жаста), Көбенғали Құрманов (48 жаста), барлығы 11 адамға қатысты үкім орындалған. Ешқайда кетпеу туралы қолхатпен ауылында жүрген Ерғали Саттаевты (65 жаста) артынан ұстап, 6 ақпанда 11.00-де атқан.

Бір өкініштісі осы адамдарға қатысты ату жазасы орындалып кеткеннен кейін 1930 жылы 29 маусымда жоғарыда қабылданған үкімге өзгеріс енгізілген. Қазақстандағы ОГПУ-дың саяси өкілдігі жанындағы үштіктің отырысында Әшібеков Әлікей және басқаларына, барлығы 12 адамға қатысты «айыптау ісінің» ҚК 58-11, 58-13 баптары бойынша Айтқали Тілеқұлов, Лұқпан Ыдрысов, Жәмел Мұхамедсариев – бес жыл мерзімге концлагерге айдалған, Ерғали Бурамбаев – үш жыл мерзімге Қазақстан шегінде округтан тыс аймаққа жер аударылған. Әлікей Әшібеков, Хамидулла Мерғалиев, Казихан Сұлтанәлиев, Айтулла Даулеталиев, Нұржан Байтасов – жазадан мерзімінен бұрын босатылған. Сафа Дәулеталиев, Хакім Қазмағамбетов, Нығмет Баймұхамедовке қатысты бұрынғы үкім өз күшінде қалдырылған.

Сөйтіп, ақырында ОГПУ-дың құзырымен Айтқали Тілекұлов, Лұқпан Ыдрысов, Жәмел Мұхамедсариев және Сафа Даулеталиев жазаларын өтеу үшін Қарқаралыға еңбекпен түзеу лагеріне жөнелтілген. Ерғали Бурамбаев, Хакім Қазмағамбетов, Нығмет Баймұхамедов Петропавл округіне жер аударылған. Әлікей Әшібеков және басқалары, барлығы 5 адам мерзімінен бұрын жазадан босатылған [8, Т 2. 89-90 пп].

1998 жылы 20 сәуірде жазықсыз жазаланған Өлеңтілік азаматтардың барлығы Батыс Қазақстан облысы прокуратурасының қорытындысымен ақталған.

Қорыта айтқанда, Алаш Орда үкіметі таратылып, Алаш қозғалысы саяси дағдарысқа ұшырағанымен, Жымпиты өңірінде кеңес билігіне қарсы жаңа сипаттағы халық наразылықтары бой көрсетті. Архив деректері Ғаббас Досмұхамедов, Хұсайын Әділов, Әділ Қожамжаров, Ахунғали Баймұхамедов және Лұқпан Ыдрысов сынды тұлғалардың Алаш Орда қозғалысына қатысы болғанын дәлелдейді. Дегенмен, 1929-1930 жылдардағы Жымпиты өңіріндегі көтерілістер – шаруалардың кеңес билігінің экономикалық саясатына қарсы бағытталған, әлеуметтік мазмұндағы қарсылық қозғалыстары болды. Осылайша, 1929-1930 жылдары Жымпитыда орын алған оқиғалар әлеуметтік теңсіздікке, экономикалық қысымға және күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы шаруалар қозғалысының айқын көрінісі ретінде тарихта қалды. Бұл оқиғалар кеңес дәуіріндегі ауыл қоғамының әлеуметтік-экономикалық ахуалын, сондай-ақ халықтың әділетсіз саясатқа қарсы наразылық білдіруін көрсетеді. Кеңестік қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз жазаға ұшыраған жымпитылық азаматтардың тағдыры – қазақ халқының тәуелсіздік пен әділдік жолындағы күресінің айғағы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хайдаров Е.Е. Жымпиты көтерілісі //Егемен Қазақстан, 2 наурыз, 2022. https://egemen.kz/article/305705-zhympity-koterilisi

2. Боранқұл Амантай. Азаттық жолындағы азапты өмір. (Ойран болған ауылдар) /А.Боранқұл. – Орал, «Полиграфсерфис», 2019. – 236 б.

3. Хайдаров Е. Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістері (1928-1932). Орал: Дана баспасы, 2022. 200 б.

4. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві. П-36-қ. 1-т. 326-іс. 16-п.

5. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві. 392-қ. 1-т. 168-іс. 167-п.

6. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. Орал, 1997. – 178 б.

7. Батыс Қазақстан облысы полиция департаментінің арнайы архиві. 18 қор, П-2917 іс, 2 том.

8. Батыс Қазақстан облысы полиция департаментінің арнайы архиві. 18 қор, П-4072 іс, 3 том.

ӘОЖ 94 (574) «18-19»

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ (XIX-XX ғ. басы)

Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Философия докторы (PhD), аға оқытушы

Орал қаласы, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада қазақ даласының білім мен ағарту саласындағы өзектілігі айқындалады. XIX ғасырда қазақ даласында ағарту саласында ерекше өзгерістер жүзеге асады. Әсіресе, мұсылман-түркі әлемінде елеулі өзгерістер болады. Діни білім ошақтары ашылып, халықтың жаппай сауат ашу үрдісі жалғасты. Қазақ

даласында ағарту саласында қызмет еткен мұсылман-дін қайраткерлері мен ағартушылар ислам мәдениетімен білімнің өркендеуіне үлес қосты. Мақалада автор, нақты дерек көздеріне сүйеніп халықтың жаппай сауат ашуына ықпал еткен факторларға тоқталады.

Түйін сөздер: мектеп, медресе, ислам, Ресей патшалығы, мешіт, ағартушылық.

Қазақ қоғамында ислам мәдениетінің орнығып, дамуына, халық санасында ислам құндылықтарын қалыптастыруға қазақ жерінен шыққан діни қайраткерлер, ишандар, хазіреттер үлкен еңбек сіңірді. Қазақ қоғамында ислам дінін оңтайландыра, халықты, ұлтты бір сенімге бейімдеуге біріктіруге көмектесіп, елдің ынтымағын, береке - бірлігін қалыптастыруда әділ қазылық қызметімен халық санасына шариғат құндылықтары мен әдеб ережелерін қалыптастыруға қазақ діни қайраткерлері мен ишандарының алар орны ерекше. Ишандар туралы В.В. Бартольд өз зерттеулерінде, «олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз (яғни оқытушылар) және ізбасарлар «мүрид» мағынасында қолданылған» деген анықтама береді. Одан әрі ғалым «ишан» - Орта Азиядағы суфизм жетекщілеріне берілетін атақ екенін, ол мұрагерлік ретінде әкесінен баласына өтіп отыратындығын айтады. Ал басқа зерттеушілер оларды Құранның басты мәнінен хабардар молдалар деп, екіншілері философиялық-дүниетанымдық көзқараспен байланыстырып, тақуалыққа ұмтылған жандар ретінде сипаттайды. И.И. Гейердің пікірінше, қазақ даласындағы рулар «ищан» және «қожа» топтарын өздерінше пірге балап, оларды бір-біріне ұқсас деп қабылдады. Себебі ірі ишандар қожа тобынан шыққан [1, 10 б.].

Қазақ жерінен шыққан діни ғұламалар тарихын зерттеуге және ол мәселенің методологиясына профессор Ә.Дербісәлі көп еңбек сіңірді [2]. Ислам дінін қазақ даласына тарату, дұрыс оқыту миссиясымен араб елдерінен келген қазақ тарихындағы қожалар Орта Азия, Қазақстан жеріне келіп қоныстанып, сіңісіп кеткені, Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» Қожаларға «қара» халықтан жеті есе артық құн белгіленгені тарихтан белгілі. Соңғы жылдары Қазақстан қожалары тарихын зерттеудің дереккөздеріне «Насаб-нама» ескерткіші де қосылды [3].

Қазақстанмен шекаралас Шығыс Түркістан жерінде қожалардың бірі діни қауымдастық жетекшісі Аппақ қожаның ұрпақтарын мадақтауға арналған ХУШғ. II ж. жазылған «Исламнаме» - өлең түрінде жазылған тарихи шежіре сақталған, авторы Молла Мұхаммед Абд әл-Әлім Ахун Арзу Мұхаммед. Бұл шежіре қазақ тарихын зерделеуде осы күнге дейін құнды дерек көзі болып табылады. Ислам діні құндылықтары исламға дейінгі салт-дәстүрлермен, наным сенімдермен астаса дами отырып, ертедегі Қазақстан қалаларында діни білім беріліп, медреселер жұмыс істеді. Қазақ жерінде қожалар, сол кездегі діни білімді адамдар алдымен қазақ хандары мен ақсүйектер балаларын оқытты. Мәселен Жәңгір хан Нарынның бір бөлігі Жасқұс құмына сол өзінің ордасын тіккен ауылында 1841 жылы шенеуніктеріне, соның ішінде Орынбор әскери губернаторы П.К. Әссенге Ордада қазақ балаларына арнап орыс тілінде білім беретін мектеп ашу қажеттігін дәлелдеп, әлденеше рет хат жазған Жәңгірдің ойынша, ондай мектеп қазақ балаларының Қазан университеті мен Орынбордағы Неплюев кадет корпусына, Ресейдің басқа да оқу орындарына түсуі үшін керек еді. Алғашқы діни білім мектепте (мактаб) беріліп, оқушылар араб тілін, Құран шариғаттарын үйреніп, мектепті (мактаб) бітіргендер жоғары білім алу үшін медреселерге оқуға түсті. Медреселер мен мектептердегі оқыту жүйесі отаршыл үкіметке қызмет ету мүддесіне бағындырылды. 1874 жылы қазақ еліндегі медреселер халық ағарту министрлігіне бағындырылды. Ресей империясының отарлау саясатының мүддесіне сәйкес мұсылман мектептерде орыс сыныптары ашыла бастады. «Мұсылман оқу орындарына қатаң талаптар қойылды. Олардың бұзылуын отаршылық, әкімшілік үнемі қудалап отырды. Бірақ бұған қарамастан, Қазақстан аумағында мектептер мен медреселер саны үздіксіз өсе берді, өйткені оқуға тілек білдірушілер саны арта барған

сайын арта түсті. Қазақ жеріндегі медреселердің оқу бағдарламаларына діни пәндермен қатар дүниеауи пәндер оқытылады, олар Құран ілімі, тәпсір, хадис ілімі, фикһ, араб тілі, араб риторикасы, араб тарихы, фәлсафа, логика, математика және жаратылыстану пәндері. XX ғ. бас кезінде дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін қазақтар өз балаларын шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хұсаиния», Тройцкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқгы ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін [4, 5 б.].

Бұл діниреформаторлық қозғалыстың әсері болатын. Сонымен қатар, қазақ қоғамында ескіше оқу (қадым), ишандар институтының рөлі де әлсіреген жоқ. Сонымен, XIX-XX ғ. бас кезінде қазақ қоғамында ишандар, ахундар, хазіреттер діни қызмет атқарды. Көбінесе ишан - деген халық арасында діни сауат ашу (әсіресе сопылық негіздерінде), оқу жұмыстарын белсенді жүргізуші, халыққа хақ дін ислам негіздері бойынша дұрыс ғибадат жасауды үйретететін, діни білімі бар адамға берілетін лауазым болған сияқты. «Ахун» (парсы созі «ахунд» - мұсылмандық діни лауазым; рухани ұстаз) - XVIII ғ. II ж. бастап қазақ даласында қолданылған діни лауазым. Орта Азияны билеген Бұхар хандығы тұсында ислам ғұламаларының ең жоғарғы лауазымы. 1860 ж. Л.Толстойдың қабылдауында болған қазақ мүфтиі Уәйіс ғұламаның екінші лауазымы». Мүфтидің шариғат негізінде айтылған шешімі ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмаған. Мысалға, қазіргі кезде ахун деген діни лауазымның орнына наиб мүфти лауазымы енгізілген. Патша заманында ислам дінінде ахун мүфтиден кейінгі атақ, лауазым болып табылады. Ахун лауазымы дінді терең меңгерген діни-ғұламаларға беріліп отырған [5, 579 б.].

Хазірет (арабша, қазақша - әзірет, қазірет)- жоғары дәрежелі дін иелеріне берілетін діни атақ. Мысалы, Мұхаммед Пайғамбардан кейінгі төрт халифалардың бірі Әли Әбу Тәліп қазақта Әзірет Әли деген атпен мәлім. Хазірет атағы мешіттің немесе белгілі бір аймақтағы мұсылман дін иелерінің басшысына да беріледі [6, 149 б.].

Діни тұлғаларға тарихи мәліметтер әсіресе ауызша тарих дереккөздерінен алынады. Патшалық дәуірінде танымал болған діни тұлғалардың бірі Досжан ишан Қашақұлы (1812-1896 жж.) бүкіл Кіші жүзге қала берді Жетіруға әйгілі ғұлама болған. Досжан ишан бір мәліметтерде XIX ғасырдың ортасында Әлім руынан шыққан Нұрпейіс ишанмен бірге, енді бірінде 1874 ж, Абайдың әкесі Құнанбай бастаған бір топ қазақтармен бірге Меккеге қажылық сапардан оралған соң Досжан ишан Доңызтаудағы Қайнар деген жерде, кейін Шиелісуда (қазіргі Ақтөбе обл., Темір ауд, Шұбаркүдық елді мекенінің маңындағы Ишан ата кешені) екі үлкен мешіт салғызады

Зерттеуші Марат Қабижанұлы «Досжан хазірет әкесі Қашақ молдадан 14-15 жасына дейін сауатын ашып, Орынбордағы «Хұсайния» медресесін бітіріп, үш жыл сондағы жастарға мүдарристік етіп (мүдәррис-ислам медреселерінде сабақ берген білімді ұстаз), Ойылдағы ауылына келіп бала оқытқан» деп қолға нақты дерек ұстатады. Досшан ишан 1842 жылдың шамасында, жасы отызға бел буа бітіріп, ишан дәрежесінде мешіт-медресе ашып, мүрид жинауға рұқсат беретін иршад алып шығады. Досжан хазірет қызметіне кіріскен шақта Орталық Азияда софылықтың соңғы формасы - ишандық күшейеді [7, 151-152 б.].

Жиенғали ахун шыққан тегі жағынан да, жасаған еңбегі жөнінен де қазіргі ұрпаққа өнеге болар жағы көп, тарихтан өзіндік орнын табуға тиісті тұлға. Жиенғали ахун Жұмағалиұлы (1880-1943 жж.) Әбубәкір Кердері жырлаған бүкіл Кіші жүз елінің дін көшбасшысы, хазреті болған атақты Досжан ишанның туған жиені. Бұл мәселеге қатысты құнды дерек тағы да қазақтың дәстүрлі дерек көздері болып табылатын фольклор, ақындар мұрасынан алынады. Тұлғаның рухани рөлі туралы Әбубәкір Кердері жан жақты талдайды.

Сондай-ақ халық арасында Жиенғали ахун туралы Омар шайыр айтты деген мынадай өлең шумақтары бар:

Жиенғали ахуным Мысырға барып шам жаққан.

Бұл мекенге белгілі Ғұлама келген жан - жақтан...

Шәкірттерге дем берген Шарапатын ел көрген.

Жиенғали ахунның Іліміне ел тан қалған... [8, 7 б.]. «Дәуқара», «Шымбай», «Көкөзек», «Қара бұға», «Нұрым түбек» елдеріне белгілі болған Омар шайырдың бұл өлеңінен де Жиенғали ахунның елге қаншалықты қадірменді, беделді ұстаз болғанын тағы бір мәрте тануға болады. Жиенғали ахунның өсіп жетілген ортасы - дін исламды насихаттаған ағартушы-мұдарристер арасы болды. Жасынан бастап исламиятты таратуды басты борышым деп түсінген ахун алғашында «Көрсайдағы» мешітте оқиды, кейін «Тасқабақтағы» мешітте арапша, парсыша, түркіше тіпті орысша да сауаттанған Жиенғали ахун Жаманқала (қазіргі Орск), Қарақамыс (Темір ауданы), Орынбордан бастап Ресей қалаларының біразын аралаған. Петерборда (Петербург) оқып, сол қаладағы татар-қазақ зиялыларымен танысып, достасқан. XX ғасырдың басында Жиенғали ахун Ыстамбұлға барып медреседе оқиды, бірақ оқуын толық бітіре алмайды. Еліне келген соң оқуын Орынбор қаласындағы атақты «Хусайния» медресесінде жалғастырады. Сол кезде Ресей мұсылмандары, әсіресе Қырым мұсылмандары, жалпы түркі халықтары арасында пантүркизм, панисламизм идеялары мен әрекеттері күшейе бастаған шақ еді. Болашақ ахун осы идеяның әсерінде болғандықтан, патша өкіметі оны кезінде де «саяси сенімсіз» адамдар қатарында тізімге алынған. Дін жолын жұртқа жайып таратпаққа мешіт сап, медресе ашқан әрбір елден.

«Білген ғылымын үйреткен құдай үшін

Ақы алмаған өмірде ешбіреуден.

Азан сап ертеңді кеш күңіренткен,

Ұйқыдағы адамды тебіренткен,

Ауырсам қасымда боп, ем-дом қылып,

Өлсем жуған, саулатқан «тәбарактен»,-деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай Жиенғали ахун дін жолына мықтап түскен адал ниетті діни ағартушы болған [8,13-17 6.].

Сондай-ақ Батыс Қазақстан өңірінде «Дәден ата» деген атпен әйгілі Жұмағазы хазірет Тәңкеұлы XIX ғасырда өмір сүрген дін ғұламасында ерекше атауға болады. Жұмағазы хазірет Түркістан шаһарында білім алып, Қожа Ахмет Яссауи дүрбесінде имамдық қызмет атқарған. Содан кейін туған жеріне оралып, мешіт - медресе ашып, елге рухани білім таратқан. Деректерде Жұмағазы хазірет Батыс Қазақстан облысы, Казталовка ауданына қарасты Жалпақтал ауылы маңы, шыққан тегі Тама руы екендігі белгілі. Жергілікті шежіреші Ким Ахметов «Жетіру шежіресі» (тама, табын және кердері рулары») атты кітабында, Төлектен Мәтен, Мәтеннен Тантем, Тантемнен Тәуке, Тәукеден Жұмағазы хазірет деп, оның шежіредегі орнын осылай көрсетіп қойған еді. Ел аузында Жұмағазы хазірет туралы көптеген аңыз-әфсана тараған. [9].

Аңыз-әфсаналардың көпшілігінде хазіреттің ерекше қасиеті, елден ерек тылсым күші туралы сыр шертіледі. Осындай бір халық аузындағы сакральды әңгіме бойынша, Жұмағазы хазірет қосшы баласымен бірге арбамен келе жатады. Айдалада арбаның белтемері үзіліп, шойырылып қалады. Сонда хазірет сынған белтемірді түсіріп алып, бір - біріне дем салып жалғаған екен. Айтушылар «сынған темірге көктен найзағай түсіп, балқытып жалғаған екен» деп те аңыз қылады. Хазірет қосшы баласына бұл оқиғаны көзінің тірісінде елге жария қылуға тиым салған екен. Бүгінде «Дәдем ата» жеке қоры ресми тіркеліп, зиярат орнында мешіт, қонақ үй салынған. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып қалып отырған, бұл мәдени мұра - Самара-Шымкент күре жолының бойында, Орал қаласынан Жымпитыға қарай 80 шақырымдай шыққандай жерде [10, 5-6 б.]. Көрнекті діни тұлғалардың бірі - Жұмағұл хазірет Байшуақұлы. Ол 1858 жылы Тамды болысына қарасты №3 ауылда, Қызылшаң мекенінде дүниеге келген. Бұхарада діни білім алған, парсы тілінен бастап бірнеше шығыс тілдерінде еркін сөйлеген. 1906 жылы Ресейдің I Думасына депутаттар сайлауына дауыс беруге әрбір қазақ болыстығынан екі адамнан жіберуге шешім

қабылданады. Қобда болыстығынан бұл мәртебеге Жұмағұл хазірет ие болады. Жұмағұл хазірет Тамды болысы, Қызылшаң елді мекеніне қарайтын өз ауылынада мешіт салдыртып, сол маңдағы елдің балаларын оқытқан. Қобда өңірінде Жұмағұл хазірет ұстаған мешіттің қабырғасы ғана сақталған. Жұмағұл хазірет заманында белгілі дін қайраткері ретінде танылған. Ахун діни жоғары оқуларын тәмамдап, діни білім мен тәжірибесі жоғары бағаланып, оған ахун атағы берілген. Бисен хазірет Абдоллаұлы 1878 жылы Қобда ауданы, Жарық елді мекеніне жақын Жаманкөл жайлауында дүниеге келген. Оның әкесі Абдолла қажылық сапарға екі рет барған. Сол кездегі дәстүр боынша Өзбекстан жерінде діни білім алған әрі сонда үстаздық еткен Абдолла қажы баласы Бисенді 15 жасында Бұхараға жібереді. Бисен Бұхара медресесінде үш жыл оқып, одан әрі білім алуды Ыстамбұл қаласында жалғастырады. Өзі дүниеге келген Жаманкөл жайлауында белгілі ұста Бірман Көшімқұлұлына мешіт салдырған. Мешіттің биіктігі 3 метр шамасында болады. Бисен хазірет осы мешітте он алты жыл бойы елді имандылыққа үндеп, сондай ақ араб тілі, дін сабақтарынан дәріс берген. Кеңес өкіметі тұсында мешіт ұстаған діндар ретінде Бисен қуғынға ұшырайды. «Руханият» мұражайында Бисен хазіреттің төлқұжаты және күнделігі сақтаулы [11, 5-6].

Ұлттық діни қайраткерлер ислам құндылықтарын насихаттап, елде тынымсыз рухани қызметтерін жоғары дәрежеде атқарған. Қазақ ишандары мен хазіреттері халық арасында қарапайым түсінікті тілмен ислами ақиқатты көшпенді адамның күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі өзіндік құндылықтарымен астасқан дәстүрлі формасында қоғамдық санаға сіңіріп үлкен идеологиялық қызмет атқарған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ибадуллаева З. Ишандар // Егемен Қазақстан. - 2010. - 12 наурыз. - №90-93.
2. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. - Алматы: Атамұра, 2008. - 488 б.
3. Жандарбек З.З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы.— Алматы: Дайк-Пресс, 2002. —168 б.
болған. Ал Қаратөбе ауданы құрылған 1928 жылы 34072 адам, 8116 жылқы, 87868 ірі қара, 1694 түйе, 102351 қой, 25588 ешкі есепте тіркелген [2, 132-157 б.]. Бұл аталған 1917 және 1928 жылдар аралығындағы статистикалық деректер Қаратөбе өңірінің әлеуметтік-экономикалық құрылымында елеулі өзгерістер жүргенін көрсетеді. Аталған кезеңде халық саны іс жүзінде өзгеріссіз қалғанымен (–0,25%), шаруашылық жүйесінің ішкі құрылымында айқын диспропорциялар қалыптасты. Әсіресе көшпелі өмір салтының негізгі тірегі болған жылқы саны 68,4 пайызға, түйе саны 55,6 пайызға қысқарды. Бұл жағдай дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың әлсіреп, оның орнына отырықшылыққа бейімделген мал түрлерінің басымдық ала бастағанын аңғартады. Керісінше, ірі қара санының 41,7 пайызға өсуі және ешкі санының 21 пайызға артуы өңір экономикасының біртіндеп отырықшы сипатқа ауыса бастағанын көрсетеді. Бұл үдерістер кейінгі жаппай ұжымдастыру мен ашаршылыққа алып келген әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды қалыптастырды.

Қорыта айтқанда, Қаратөбе ауданының құрылуы кеңестік биліктің әкімшілік, экономикалық және идеологиялық мақсаттарын кешенді түрде іске асыру үдерісінің бір бөлігі болды. Байларды тәркілеу науқаны ауданның ғана емес, бүкіл қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын күйретіп, ұлттық элитаның жойылуына және халықтың әлеуметтік күйзеліске ұшырауына әкелді. Бұл үдерістер XX ғасырдағы қазақ халқы бастан өткерген ең ауыр тарихи сынақтардың бірі ретінде бағалануға тиіс. Бүгінгі таңда Қаратөбе өңірінің осы кезеңдегі тарихын архивтік деректер негізінде жан-жақты зерделеу – өткеннің сабақтарын түсінуге және тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды ғылыми міндет болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚАРАТӨБЕ ауданы. Тарихи-танымдық анықтамалық. – Орал:Ағартушы, 2013. – 160 б.
2. Уральский округ и его районы: Чалкарский, Джамбетейский, Каратюбинский, Тайпакский. – Уральск: Издание Уральского Окрплана, 1929. – 233 с.
3. Шарафутдинов З. Ғ. Байлар қалай тәркіленді. – Орал: «ШұғылаПринт», 2024 ж. 88-бет.
4. БҚО мемлекеттік архиві, № 992 қор, № 1 тізбе, № 7 іс, № 2 байлам
5. БҚО мемлекеттік архиві, № 992 қор, №1 тізбе, № 1 іс, № 1 байлам

ҒТАХР 03.20.00
ӘОЖ: 94(574)

ДАЛА ӨЛКЕСІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА САЙЛАУ КЕЗІНДЕГІ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Бекмаганбетов Марат Бақытжанұлы
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, «Тарих» ББББ 2-курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
bakytzhanuly.marat@gmail.com

Аңдатпа. I және II Мемлекеттік Думаға және сайлау компанияларына сайлау нәтижелері дала аймағының халықтарының демократиялық өзгерістерге қызығушылығын көрсетті. Мұндай мүдделер I және II Думаға патша өкіметінің кедергілері мен сайлау құқықтарының шектеулеріне қарамастан, патшалық Ресейдің

қоғамдық-саяси құрылымын модернизациялауды қолдайтын адамдар арасынан ықпалды адамдардың сайлануына әкелді. Мақалада дала аймағы халықтарының әлеуметтік белсенділігінің көрсеткіштері болып табылатын сайлау науқандарының сипаты көрсетілген. Авторлар мақалада I және II Мемлекеттік Думаға сайлау кезінде көшпенділердің құқықтарын қорғау үшін думаны қолдануға шақырған озық демократиялық зиялы қауымның белсенділігі туралы айтады.

Кілт сөздер: I және II мемлекеттік Думалар, қазақ зиялылары, Қазақстан тарихы, сайлау науқандары, саяси партиялар

XX ғасырдың басы-Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Тарихтан белгілі болғандай, осы кезеңде император Николай II саяси күштерді қамтитын Мемлекеттік думаны шақыру туралы манифест шығарды. Императордың мұндай мәлімдемесі қоғамда резонанс тудырды және қоғамдық-саяси қозғалыстар мен партиялардың құрылуына әкелді. Сонымен бірге, қоғамдық-саяси мұраттарды жариялау және іске асыру мақсатында Парламент істеріне қатысу үшін күрес басталады. Осылайша, 1906-1907 жылдары Қазақстан аумағында алғаш рет заң шығарушы органға сайлау өткізілді, бұл халықтың сайлауға қатысуын қамтамасыз етті. Сайлау науқандары кезінде Саяси партиялар сайлау алдындағы күрес әдістерін қолданды және оларды ұлттық және аймақтық мерзімді басылымдарда жариялады.

Атап айтқанда, қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғамды трансформациялау, мемлекеттік басқару жүйесін реформалау және азаматтық қоғам институты мен билік құрылымдары арасындағы өзара қарым-қатынас, XX ғасырдың басында өткен I және II Мемлекеттік Думаға сайлау науқандарын өткізу тәжірибесін қарастыру тұрғысынан өте өзекті болып табылады. Бұл 1906-1907 жылдардағы I және II Мемлекеттік Думадағы сайлау науқандары XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғаға айналғандығына байланысты. Олар дала өңірі халықтарының өкілді органды қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз етті, сайлау құқығын жүзеге асыру және оны іске асыру үшін жағдайлар жасады. Сондықтан I және II Мемлекеттік Думаға сайлау өткізу мәселелерін, сондай-ақ сайлауалды науқандарды ұйымдастыру, қабылданған заңдар негізінде сайлау процестеріне қатысу тетіктерін зерделеудің ғылыми, теориялық және практикалық қажеттілігі бар.

Мемлекеттік Думаға сайлау сияқты аса маңызды саяси науқанға дайындық ұлттық даму жолын айқындаған қазақстандық қоғам үшін негізгі кезеңдердің бірі болды. Сондықтан сайлау науқанының Мемлекеттік Думаға қазақстандық қоғамның саяси өсуіне және Ел ішіндегі демократиялық өзгерістердің дамуына әсерін зерттеу қазіргі қазақстандық тарих ғылымы үшін аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақтардың саяси сана - сезімінің едәуір өсуі Ресей Мемлекеттік Думасындағы қазақ зиялылары көшбасшыларының сайлауалды қызметінде, кейінірек олардың Дума жұмысына қатысуында байқалады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі объективтілік пен тарихи жүйелеудің жалпы ғылыми принциптері болып табылады. Зерттеудің салыстырмалы тарихи әдісі саяси партиялардың сайлау науқандарының жекелеген аспектілерін зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл әдіс уақыт пен кеңістіктегі тарихи объектілерді салыстыру процесінде қолданылды. Қала тұрғындарының жекелеген қалалардағы сайлауға қатысуын қарастыру үшін статистикалық талдау әдісі қолданылды. XX ғасырдың тарихи-жүйелеу әдісі. бұл бастапқы кезеңде әлеуметтік-саяси жүйенің, атап айтқанда сайлау құқығының құқықтық институтының әрекет ету тетіктерін зерттеуге мүмкіндік берді.

Өзімізге белгілі, 1905 ж. 18 қаңтарында Ресейдегі саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Николай II «халық өкілдерін» заңшығарушылық жұмыстарына тарту мақсатында манифестке қол қойды. Содан соң, ішкі істер министрі А.Г. Булыгиннің

ұсынысы бойынша Николай II императордың атына мемлекеттік құрылысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды білдіруге мүмкіндік беретін жарлық қабылдады, осымен бірге император Мемлекеттік Дума шеңберінде заң жөнінде кеңес беретін органды құру жөніндегі рескриптке қол қойды. Мемлекеттік Думаны құрудың жобасы А.Г. Булыгиннің тарабынан қарастырылды және бұл жоба 1905 жылдың 6 тамызында жарияланды.

Мемлекеттік думаны қазақ халқының көпшілігі мерзімі жеткен мәселелерді талқылап және оның шешімін табатын жоғары форум ретінде қабылдады және оған қалыптасқан құрылысты парламенттік жол арқылы демократияландыруға жол ашады деген сеніммен қарады.

Патша үкіметінің және биліктің жергілікті органдарының қазақтарға дауыс беру құқығын беру жөніндегі ықыласының болмауы жергілікті халық арасында петициялық қозғалыстың қалыптасуына себеп болғаны белгілі. Мысалы, Семей облысы қазақтарының өкілдері қазақтарды сайлауға қатыстырмау және оларды сайлау құқықтарынан айыру туралы патша саясатына қарсы шықты. Сол уақытта, 1905 жылы 15 мың адам қол қойған Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде қабылданған Қарқаралы петициясы да кеңінен таныла бастады. Бұл петицияда Дала өлкесінің күрделі мәселелері жөніндегі талаптардың толық жиынтығы ұсынылды және Мемлекеттік Думаға Дала өлкесі атынан өкілдердің қатысуына айрықша көңіл бөлінді. Нәтижесінде, 1905 жылғы Қазан көтерілісі және революциялық қозғалыстың күшеюі Мемлекеттік Дума идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Халық Думаға заң шығару құқығын мойындауды және оған сайланушылардың ауқымын кеңейтуді талап етті. Осылайша, Петербургте өткен кезекті отырыста Ресейдің ішкі істер министрі Булыгин қазақ халқына дауыс беру құқығынан айыру туралы шешімнен бас тартуды ұсынды және тек қана «отырықшылыққа көшпеген халық тобын сайлауға қатысу құқығынан айыру» жөнінде ұсыныс жасады.

1905 ж. 17 қазандағы манифест қазақ тіліне аударылып, Өлкенің көшпелі ауылдарына таратыла бастады. Бұл жөнінде I Мемлекеттік Думаның он жылдығына арналған естелігінде Ә. Бөкейханов «Омбыда тұратын зиялы қазақтарға 17 қазандағы манифестті қазақ тіліне аударып, жергілікті газеттерді бақылаушының (вице-губернатордың) рұқсатымен Ақмола облысының типографиясында басып шығарып, 10,000 данасын Дала өлкесіне таратты» деп, одан әрі «қазақтардың жүріп-тұруы арқасында манифест қысқа уақытта бүкіл даланың қолына тиді. Жер-жерде қазақтар үлкенді-кішілі съездерге жиналды… Манифесті оқыды, оны түсіндірді, болашақтағы Мемлекеттік дума сайлауы туралы мәселелерді талқылады. Облыстың ең алыс түкпірлерінен қазақтар топ-топ болып қалаларға барды, онда қала тұрғындары ұйымдастырған қалалық митингілерге қатысты. Орыстар, татарлар, сарттар мен қазақтар бір туысқан отбасына қосылып кетті» деп атап көрсетеді [1; 117 б].

1905 ж. 11 желтоқсанында Мемлекеттік Думаға сайлау жөніндегі Ережеге өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, Польша губернияларында, Орал және Торғай облыстарында, Сібір губерниялары мен облыстарында, Дала және Түркістан генерал-губернаторларында және Кавказда сайлау ерекше қағидаға сәйкес өту қажеттігі жөнінде қосымша енгізілген [2; 138 б]. Дегенмен, сайлауға әйелдер және 25 жасқа толмаған азаматтар, білім алушылар мен әскери қызметтегілер жіберілген жоқ. Бірақ, Мемлекеттік Думаға қазақ халқының арасынан шыққан өкілдердің сайлануына кері ықпал еткен басты мәселелердің бірі — «Мемлекеттік думаға орыс тілін меңгермегендер сайлана алмайды» деген ереже болды [3; 257 б].

Осымен қатар, Думаға тікелей сайлау жүйесі де енгізілген жоқ. Дала өлкесінде қызметкерлер мен саудагерлерден құралған қалалық тұрғындар үшін екі сатылы сайлау жүйесі белгіленді. Алғашқы сатыда, қалалық съезде дауыс берушілер таңдалды, кейіннен, бұл дауыс берушілер ауыл тұрғындары арасынан шыққан сайлаушылармен бірігіп, облыстық сайлау жиналысында облыс атынан бір депутатты таңдады.

Думаға сайлау жөніндегі Ережеге сәйкес Дала өлкесінің сайлаушылары жергілікті тұрғындар және еуропалық халықтар деп бөлінді. Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарының 70 пайызын жергілікті қазақ халқы құраған, сондықтан, олардың арасынан 10 депутат сайлануы тиіс болғанымен, қазақтар 4 депутатты сайлаған, ал қалған 30 пайызды орыс халқы құрап, олар 6 депутат сайлаған [3; 269 б].

Дала өлкесінде I Мемлекеттік думаға сайлау науқаны күрделі жағдайда өтті. Мысалы, 1906 ж. 4 қаңтардағы Ақмола және Семей облыстарының генерал-губернаторларының қаулысына сәйкес жиналыстар, манифестациялар мен басқада жаппай іс-шараларды өткізуге тыйым салынған. Дегенмен, I Мемлекеттік Думаға сайлау қарсаңында Думаны көшпелілердің құқықтарын қорғау үшін қолдануға шақырған алдыңғы қатардағы қазақ демократиялық зиялылар қауымы өздерінің қызметін белсендетті. Осылайша, 1906 ж. сәуірінде қазақ даласында I Мемлекеттік думаға сайлау кампаниясы басталды. Бұл кезеңде Мемлекеттік дума өзінің қызметін бастап кетсе, Семей облысының волостарында тек қана сайлаушылардың тізімін анықтаған жоқ [4; 127 б].

Негізгі сайлау алдындағы күрес Омск, Ақмола және Семипалатинск, Петропавловск, Өскемен қалаларында орын алып, социал-демократиялық партия өкілдері айтарлықтай белсенділік таныта бастады. Петропавловскте социал-демократтар сайлау алды жиналысында патшалықпен күресуге шақырды. Мұндай іс-шараларды Семей қаласының социал-демократтары да сайлау кампаниялары кезеңінде жүргізген, олар өнеркәсіп кәсіпорындарының бірқатарында үгіт- насихат жүргізу барысында жұмысшыларды жалпы қалалық ереуілдерге шақырған [5; 154 б]. Ауызша және қағаз түрінде үгіт-насихат жүргізу сайлау алды күресі кезеңінде социал-демократтардың негізгі құралына айналды. Ішкі істер министрінің бұйрығының негізінде Дала өлкесіндегі жергілікті мерзімді басылымдардың қатаң түрде бақылауға алуынуының салдарынан заңды мерзімді басылымды қолдану қиынға соққан. Осындай бұйрықтың негізінде бірқатар газеттерге «залалды бағыт» деген айып тағылып, оларды басып шығаруға тыйым салынған. Мысалы, 1906 ж. Ақмола облысының әкімшілігі Омскіде «Степной голос» және «Степной вестник» деп аталатын басылымдардың шығуына тыйым салған. Семейде де күнде басылып шығатын «Прииртышеский край», «Семималатинская жизнь» газеттерінің басылып шығуына тиым салынған.

Толықтай алғанда, қоғамдық өмірдің кейбір белсенділігіне қарамастан және патшалық әкімшілік тарабынан жоспарланған кедергілердің салдарынан Қазақстан территориясындағы сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары кең түрде жүзеге асырылған жоқ. Осының салдарынан Дала өлкесі қалаларының өзінде халықтың айтарлықтай бөлігі сайлауға мән бермеген. Дала өлкесі қалаларының, сонымен бірге Омск тұрғындарының сайлауға қатысуының көрсеткішін келесі кестеден көруге болады (кесте 1), [3; 264 б]

Қала атаулары	Жалпы халық саны		Сайлауға жіберілгендердің саны	Сайлауға қатысқан сайлаушылардың саны	Сайланған сайлаушылардың саны
Омск	75376	4987	1752	35 %	4
Ақмола	9688	551	238	43,1 %	1
Атбасар	3038	325	106	32,6 %	1
Көкшетау	4962	640	403	62,9 %	1

Петропавловск	19688	2468	732	29,6 %	2
Семей	30000	3172	1049	45,8 %	2

Кесте 1. Дала өлкесіндегі халықтың I Мемлекеттік
Думаға сайлауға қатысу көрсеткіші (1906 ж)

Кестеден көріп отырғанымыздай, Омск, Петропавловск және Атбасар қалаларындағы сайлауға қатысушылардың саны біршама аз болған. Сайлауға белсенді түрде қатысқандар Көкшетау (62 %) және Семей (45,8 %), Ақмола (43,1 %) қалаларында байқалады.

Дегенмен, Ақмола облысынан қазақтардың I Мемлекеттік Думаға сайлануы қиын жағдайда өтті. Сайлау 1906 жылы 15 маусымда Көкшетауда ұйымдастырылды, онда депутаттыққа алты адам қатысып, 36 жасар Шаймерден Қосшығұлұлы 94 дауыспен жеңіске жетті [6; 79 б]. Өз халқының арасында Ш. Қосшығұлұлы отарлау мен қоныстандырудан көшпелі халықтың мүдделерін қорғаумен ерекшеленген. Ол көрнекті діни қайраткер Н. Таласовтың серіктесі болғандықтан, биліктегілер тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған. Сайлауға дейін Ш. Қосшығұлұлы әкімшілік тарапынан Дала өлкесінен тыс Якутияға жер аударылған, бірақ халықтың талап етуі арқасында патша әкімшілігі Шаймерденнің елге оралуына рұқсат берген. Сайлау аяқталған соң сайлау комиссиясына Ш. Қосшығұлұлы орыс тілін білмейтіні және «Мемлекеттік думаға сайлау жөніндегі Ереженің» 55-ші бабының бұзылғандығы жөнінде шағым түсірілген. Дегенмен, I Думаның мерзімінен бұрын таратылуының себебінен Ақмола облысының волостарынан сайланған депутат сайлауының нәтижесін бекітіп үлгермеген.I Мемлекеттік Дума бар жоғы 73 күн қызмет жасады. Дума депутаттарының айтарлықтай бөлігінің демократиялық өзгерістерге деген талпыныстарынан сескенген патша билігі 1906 ж. 9 шілдеде Думаны таратады. Әрине, парламенттің таратылуы Дала өлкесі халықтарының көңілін қалдырды. Атап айтқанда, Мемлекеттік думаның таратылуы қазақ халқының арасында ф«конституциялық жүйеге» деген сеніміне кері ықпал етіп, сенімсіздікті тудырды.

1907 жылдың қаңтар-ақпан айларында Ресейдің орталық губернияларындағы сияқты Дала өлкесінде де II Мемлекеттік Думаға сайлау өткізілді. II Мемлекеттік Думаға сайлау ұйымдастыру жұмыстары уездік және қалалық сайлау комиссиялары құрылғаннан кейін басталды. Сайлаушыларды тіркеу мерзімі — қалаларда 1906 жылдың желтоқсанынан бастап 1907 жылдың ақпанына дейін, ал ауылдарда 1906 жылдың желтоқсанында өтуі керек деп шешілді. Орыс халықтарынан Мемлекеттік Думаның мүшелерін сайлау 1906 жылдың 16 ақпанында, ал қазақтардан сайлау 20 ақпанға белгіленді.

II Мемлекеттік Думаға сайлау ескі қалыптасқан схема бойынша жүреді деген шешім қабылданды. Дегенмен, Сенаттың сайлау ережелеріне түсіндірмесінен соң үкімет сайлауға жіберілген азаматтардың санын қысқарта бастады. Мысалы, 1906 ж. 28 қазандағы Ақмола облысының губернаторы атына жіберілген Ішкі істер министрлігінің телеграммасына сәйкес пәтер бойынша (бір бөлмеде бірлесіп тұратындарға) және пәтерақы төлемейтін қайырымдық ұйымдардың қызметкерлеріне сайлауға қатысу шектелімдері қойылды [7; 56 б]. Осындай түсіндірмелерді негізге ала отырып, жергілікті әкімшілік сайлаушылар тізіміне мемлекеттік пәтерлерде тұратындарды: вахтерлерді, курьерлерді, от жағушыларды кіргізбеген. Мұнан басқа, жол мастерлері, темір жол қызметкерлері (машинистер және олардың көмекшілері, вагон тіркемешілері т.б.) сайлау құқықтарынан айырылды [8; 22 б].

Билік басындағылардың шектеулеріне қарамастан, социал-демократтар сайлау науқанында (I Думаға сайлау кезеңіне қарағанда) аса белсенділік көрсетті. Олар сайлау алдындағы кампанияда үгіт-насихат жүргізудің заңды және заңсыз тәсілдерін қолданды. Мысалы, Ақмола облысында олар тек қана үндеулер таратумен шектеліп қойған жоқ, сонымен қатар Думаға қатысты өздерінің тактикаларын үгіттеу үшін сайлау алдындағы

жиындар өткізді және әртүрлі партия өкілдерінің кездесулерін ұйымдастырды. 1907 жылдың қаңтарында РСДЖП-нің (Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы) Омск партия комитеті сайлау платформасын түсіндіру мақсатында 7 үндеу қағазын басып шығарды.

Сонымен қатар, Омскіде СРП-ның (Социал-революционерлер партиясы) өкілдері де сайлау алдындағы үгіт-насихат шараларын белсенді түрде жүргізген. Олар да сайлау алды жиындарына қатысып, үндеу қағаздарын басып шығарып, оларды таратқан. Мысалы, олар 1907 ж. «Знамия Земли и Воли» және «Российская социал-демократия» аталатын екі үндеу қағазын басып шығарып және таратқан, Думаға СРП кандидаттарын өткеру мақсатында РСДЖП-ның сайлау бағдарламасын сынға алған [9; 118 б]. Сайлау алды кампаниясының барысында Омскіде эсерлер кадеттермен бірігіп, әрбір партиядан екі кандидатты ұсынған. Өзімізге белгілі, өздерінің екінші съезінде эсерлер оңшылдарға қарсы барлық дума оппозицияларын біріктіру үшін кадеттермен келісім-шартты заңдастырған болатын.

II Мемлекеттік думаға сайлау қарсаңында сайланушы кандидат үшін орыс тілін меңгеру қажеттілігі жөніндегі талап өзінің күшін сақтап қалды. Бұл жөнінде Ю.П. Родинов 1907 ж. Ақпандағы II Мемлекеттік думаға сайлау кезеңінде Ш. Қосшығұлұлының орыс тілін меңгермегендігі жөніндегі мәселе жойылды. Сайлау 12 ақпанда Көкшетауда өтіп, сайлауға 101 адам қатысты. Дауысқа салуға үш кандидат, соның ішінде Ш. Қосшығұлұлы қатысты. Ол өзінің қарсыластарынан озып, өзінің негізгі қарсыласы Д. Тураовтан екі дауыс артық жинады деп атап көрсетеді [10; 118 б].

Толықтай алғанда, Қазақстан территориясындағы II Мемлекеттік Думаға сайлау науқандары мынадай нәтижелерге алып келді: Ақмола облысының қазақтарының атынан Ш. Қосшығұлұлы, Семей облысынан Т. Нокенов, Семей облысының орыс тұрғындарынан Н.Я. Коншин, Сібір казактары атынан социал-демократ А.К. Виноградов сайланды.

Осылайша, II Мемлекеттік Думаға сайлау алдындағы науқандар мен сайлаудың нәтижелері Дала өлкесі халықтарының демократиялық өзгерістерге деген қызығушылықтарын айқындап берді. Мұндай қызығушылықтың өзі патша әкімшілігі тарапынан жүзеге асырылған сайлау құқықтарының қысқартылуына және кедергілерге қарамастан II Думаға халық арасында танымал және патшалық Ресейдің әлеуметтік-саяси құрылымының өзгеруін қалайтын жеке тұлғалардың сайлануына себеп болды. Олар өз сайлаушыларының сенімін орындауға және өздерінің міндеттері мен көзқарастарына адал болды.

I және II Мемлекеттік Дума қарсаңындағы сайлау науқандарын талдау негізінде Думаға алғашқы сайлаулар билік пен басқару органдары үшін үлкен сынақ болғанын атап өтуге болады. Себебі, елдегі күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты сайлау өткізу тәжірибесі болмады. Қазақ даласында өткізілген I және II Мемлекеттік Думаға сайлау науқандары халықтың өз сайлау құқықтарына деген көзқарасын түбегейлі өзгертпеді және қоғамдағы демократиялық дәстүрді қалыптастырмады. Дегенмен, дәл осы кезеңде сайлау науқандарын ұйымдастырудың алғашқы тәжірибесі қалыптасты. Сонымен қатар, I және II Мемлекеттік Думаға Дала өлкесі облыстарынан сайланған депутаттар, сондай-ақ кадеттер мен эсерлер, социал-демократтар партияларының өкілдері патша әкімшілігі мен парламенттің назарын шаруашылық, саяси және мәдени салаларда әртүрлі шараларды жүзеге асыру барысында ұлттық және конфессионалдық ерекшеліктерді ескеру қажеттілігіне аударды. I және II Думалар партиялық фракцияларда орын алған демократиялық күштердің саяси ықпалдастығының бастапқы мектебіне айналып, сайлау науқандарын ұйымдастырудың мәселелерін қарастыру және заң шығарушылық қызметтің белгілі бір тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік берді. Осылайша, сайлау алдындағы науқандар саяси мәдениеттің қалыптасуының маңызды факторына айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Букейханов А. Выборы в Степном крае. – 1906. – Семипалатинская область. Режим доступа: https://e-history.kz/ru/news/show/4158/.
2. Калинычев Ф.И. Государственная Дума в России в документах и материалах / Ф.И. Калинычев. – Мәскеу: Юрид. Лит., 1957. – 255 б.
3. Буктугутова Р.С. Общественное движение в Степном крае в конце XIX–начале XX вв. / Р.С. Буктугутова. – Омбы, 2007. – 431 б.
4. У истоков Коммунистической партии Казахстан. (Летопись важных событий). (Конец XIX века – февраль 1917 г.) – Алматы: Қазақстан, 1966. – 254 б.
5. Родионов Ю.П. Выборы в I и II Государственные думы от казахского населения Акмолинской области. Ю.П. Родионов // Валихановские чтения–5: материалы Респ. науч.-практ. конф. Т. 2. — Көкшетау, 2000. — 79 б.
6. ҚР РҒА. – Ф. 369. – Оп. 1. – Д. 3901. – Л. 24.
7. ҚР РҒА. – Ф. 369. – Оп. 1. – Д. 3901. – Л. 26.
8. Курусканова Н.П. Листовки организации ПСР Западной Сибири в период первой русской революции 1905-1907 гг. Количественный анализ и хроника / Н.П. Курусканова. – Томск, 1994. – С. 118.
9. Родионов Ю.П. Хроника избирательных кампаний в I и II Государственные думы в Сибири. – Томск, 1994. – 214 б.
10. Родионов Ю.П. // Материалы к хронике общественного движения в Сибири в 1895-1917 гг. – Томск, 1994. – 256 б.

ӘОЖ 332.82(574.1)

1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, т.ғ.д., профессор,
Орал, Қазақстан
Muktar64@mail.ru
Амангелді Нұрхан Құрманғазыұлы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, магистрант
Орал, Қазақстан
nurbolryskaliev@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада 1990 жылдардағы Орал қаласында баспанамен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде тұрғын үй саласындағы қиындықтар, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс және мемлекеттік қаржыландырудың төмендеуі аймақ тұрғындарын тұрғын үй тапшылығымен бетпе-бет келтірді. Мақалада тұрғын үй саясатының өзгеруі, жеке меншікке басымдық беріліп, құрылыс қарқынының бәсеңдеуі, сонымен қатар тұрғындардың баспана алу мүмкіндіктерінің азаюы талданады. Бұл мәселелердің қала дамуына тигізген әсері, тұрғын үй инфрақұрылымындағы өзгерістер мен халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту үшін қабылданған шаралар туралы мәліметтер беріледі. Зерттеу нәтижелері сол кезеңдегі әлеуметтік жағдайдың тұрғын үймен қамтамасыз етуге ықпалын түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Орал қаласы, тұрғын үймен қамтамасыз ету, 1990 жылдар , тұрғын үй саясаты, тұрғын үй тапшылығы, жекешелендіру, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, мемлекеттік қаржыландыру, құрылыс қарқыны, тұрғын үй инфрақұрылымы

1990 жылдар Қазақстан тарихындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңі болды. Кеңес Одағының ыдырауы, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу, мемлекеттік басқару жүйесіндегі түбегейлі реформалар елдің барлық өңірлерінде, оның ішінде Орал қаласында да ауыр із қалдырды. Әсіресе тұрғын үй мәселесі өзекті болды, себебі жаңа жүйе жағдайында халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған бұрынғы механизмдер тиімсіз болып шықты.

Кеңес дәуірінде тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекет тарапынан жоспарланып, жүйелі түрде жүзеге асырылып келді. Мемлекеттік құрылыс бағдарламалары бойынша көпқабатты үйлер салынып, жұмысшылар, жастар және әлеуметтік осал топтар баспанаға қол жеткізетін. Алайда, 1990 жылдары жоспарлы экономиканың әлсіреуімен бірге бұл жүйе де тоқырауға ұшырады. Мемлекеттік бюджет қысқарды, тұрғын үй құрылысы азайды, нәтижесінде тұрғын үй нарығында сұраныс пен ұсыныс арасында үлкен алшақтық пайда болды. Бұл әсіресе қалаларда, оның ішінде Орал сияқты облыс орталықтарында қатты байқалды [1].

Сонымен қатар, осы кезеңде жекешелендіру процесі басталып, тұрғын үй нарығында жаңа заңдар қабылданды. Мемлекет әлеуметтік мәселелерді шешуде бұрынғыдай толық қамқорлық жасай алмай, нарықтық қағидаларға көшті. Жекешелендірудің арқасында халыққа өз пәтерін меншікке алу мүмкіндігі берілгенімен, жаңа үйлердің құрылысы айтарлықтай баяулады. Бұрынғыдай қарқынды құрылыс жүргізілмеді, бұл әсіресе халықтың баспанаға мұқтаждық деңгейін төмендетпей, керісінше, жағдайды қиындата түсті.

1980-жылдардан қаладаңы құрылыс жұмыстарын «Уральсквод строй» тресінің ПМК-115, ПМК-116, «Кушумводстрой» тресінің ПМК-48, «Казстальмонтаж» тресінің ПМК-сының жұмысшылары жүргізді. Бұл кезеңде қалада көп қабатты үйлер құрылысына үлкен көңіл бөлінген, оның жалпы құрылыстағы бесжылдық кезіндегі үлесі 25% болды. 1976 жылы 24 қыркүйекте Дзержинский көшесінде 12 қабатты алғашқы үй бой көтерді. құрылыс жұмыстарын жүргізуге өндіріс орындары да белсене қатыса бастайды. Мысалы, Гвардия көшесініц батысын тұйықтайтын 96-пәтерлік «Үш жапырақ» (Трилистник) деп аталып кеткен 12-қабатты үйді Омега зауыты, Есенжанов көшесі бойындағы 9-қабатты үйлерді «Уральскводстрой» мекемесі тұрғызған. Осы кезеңдегі қала құрылысы жөнінде 1981 жылы Оралда өткен Қазақстан Архитекторлар Одағының Пленумында «Орал қаласының бет-бейнесі өзгерген, үй құрылысы ерекше көз тартады» деп атап көрсетілген. Бұл кезеңде құрылыс жұмыстарына қажет құрылысшыларды «Промстрой» тресі жанынан ашылған №78 училище даярлады. Бірақ экономика мен мәдениетті көтеруге бағытталған қаржыныц бөлінуіне қарамастан XI бесжылдықта ол толық игерілмеді, тек 85,6% ғана игерілді. Нәтижесінде қалалықтар 63,5 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға ала алмады. Тек 1985 жылдың өзінде төрт мың кв. метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілмеді.Тұрғын үй құрылысын қаржыландыру лимиті жылдан жылға өсіп, XI бесжылдықтың соцында 22 млн сомға жеткеніне қарамастан оның жылдық орташа игерілімі 80% құраған. «Тұрғын үй -91» бағдарламасы бойынша 1987-1991 жылдарда 24549 жанұяны тұрғын жаймен қамтамасыз ету белгіленген. Егер XI бесжылдықта қалада 460 мыц шаршы метр тұрғын үй құрылысы жүргізілсе, 1987 жылмен 1988 жылдың 11 айында 259,3 мыц шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Мұндай бағдарламаны орындау ісіне «Коммунзапчасть», «Каз гипроводхоз» институты, СМП-372, Жиһаз фабрикасы сияқты кәсіпорындар белсене қатысуға міндеттеме алғанмен, бағдарламаны орындауда

бірқатар кемшіліктер орын алды. 1987 жылы жалпы көлемі 163 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға міндеттеме алынғанмен тек 145 мың шаршы метрі ғана пайдалануға берілген. Жыл тапсырмасы 18 мың шаршы метрге орындалмады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін Орал шағын перифериялық қала болатын, оның халқы 214 мың адамды құрады. Статистика департаментінің мәліметінше, қала тұрғындары негізінен 1970 жылға дейін (1301 үй) және 1970 жылдан 1991 жылға дейін (735 үй) салынған 2036 көпқабатты тұрғын үйде тұрған. Жеке үйлер саны 8222 болған [2, 66-70].

Қарашығанақ газ-конденсат кен орнын белсенді игеру, урбанизацияның әлемдік үрдісі және ауыл шаруашылығының құлдырауы қалаға үлкен халық ағынын алып келді. 2021 жылдың қаңтарына сәйкес, ресми деректер бойынша, Оралда 318 мың адам тұрады. Алайда әкімдік шын мәнінде қала тұрғындары шамамен 350 мың деп есептейді. Алдағы халық санағы кезінде билік саяжайлық алқаптар мен қала маңында тұратын отбасыларды да ескеруді жоспарлап отыр.

Тұрғындар санының артуы қаланың үлкен құрылыс пайызына алып келді. Статистика көрсеткендей, Орал қаласы негізінен жеке сектор есебінен кеңейді. Мысалы, КСРО кезінде, 1970 жылдан 1991 жылға дейінгі 21 жыл ішінде, Оралда 735 көпқабатты тұрғын үй салынған. Ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі 30 жыл ішінде, яғни 1991 жылдан 2021 жылға дейін 550 көпқабатты тұрғын үй бой көтерген.

Дәл осы уақыт ішінде, 1970 жылдан 1991 жылға дейін Оралда 1458 жаңа үй салынса, Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылында 16 748 жеке тұрғын үй пайда болды. Құрылыс бумы 2006–2011 жылдары, 4309 үй салынған кезде, және 2011–2015 жылдары – 4996 үй тұрғызылған уақытта орын алды. 2015 жылы Қазақстанда инженерлік коммуникациялармен жабдықталмаған жеке тұрғын үй құрылысы (ЖТҚ) үшін жер беруге мораторий енгізілді. Бұл жаңа жеке құрылыс көлемін азайтуға мүмкіндік берді [3].

Адамзаттың өмір сүру ортасы ретіндегі қалалардың дамуымен қатар оның өзіне тән мәселелері де орын алып отыратыны заңдылық. Қаладағы сондай өткір мәселенің бірі – тұрғын үй мәселесі болды. Себебі тұрғын үй қорының болуы, оның жағдайы мен бөлінуі елдің экономикалық дамуы мен азаматтардың әл-ауқатының деңгейінің маңызды индикаторы болып табылады. Бұл мәселе еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қарайғы уақыттың ішінде Қазақстанның барлық қалаларына тән мәселе ретінде Орал қаласында да өзіндік орын алып, белгілі бір деңгейде шешіліп отырды. 1994 жылдың басында қалалық бюджет есебінен тұрғын үй салу мен халықтың жеңілдіктегі категориясын тұрғын үймен қамту мәселесін шешуге 2,5 млн. теңге бөлінді. 1994 жылы кәсіпорындар мен халық күшімен 19,2 мың шаршы метр тұрғын үй салынған, бұл 1993 жылы салыстырғанда 19,3 % аз болды [4, 17]. Оның үстіне бөлінген қаржы осы кезеңде қалалық тұрғын үй бөліміне тіркелгендердің барлығының мәселесін шешуге жеткіліксіз еді. Өйткені бұл кезеңде қалалық тұрғын үй басқармасында кезекте тұрғындар 1994 жылы 1-қыркүйегінде мынадай көлемде болды:

Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен қаза болғандар жанұялары- 263,

ҰОС қатысушылар мен интернационалист жауынгерлер – 589,

Запастағы әскери қызметкерлер – 105,

Көп балалы жанұялар мен бала кезінен мүгедектер -347,

Ауыр науқаспен ауратындар – 262,

Жетім балалар үйінің тәрбиеленушілері -38,

Жалғыз басты аналар – 290,

Чернобыль қасіретіне қатысушылар– 38 болды [5, 11].

Мұндай мөлшердегі қажеттілік үлкен қаражатты талап етті. 1994 жылы бөлінген 491,3 миллион, 1995 жылғы -709,6 миллион теңге инвестиция қоры бұл сұранысты толық қанды өтей алмады. Ал 1998 жылдан тұрғын үй құрылысына инвестиция

бөлінбеді. Сондықтан да тұрғын үй құрылысы көлемі тез қысқарды. Егер 1991 жылы 159,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 1993 жылдан бастап бұл көрсеткіш төмендеп отырды. Мысалы, 1994 жылы - 50,6 мың шаршы метр, 1997 жылы - 33,8 мың шаршы метр, 1999 жылы - 15,9 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл кезде мемлекеттік тұрғын үй құрылысы дағдарысқа ұшырап, тоқталып қалды. Оның орнына тұрғын үйдің мемлекеттік емес жүйесі, жеке тұрғын үй салу секторы қалыптасты. Егер 1990 жылы тұрғын үйдің 78% мемлекеттік құрылыс есебінен тұрғызылса, 1999 жылы тұрғын үй құрылысының 90% жеке сектор есебінен тұрғызылды. Қаладағы баспанасыз адамдардың барлығының бірдей үй салуға шамалары жетпегендіктен оларға көмек ретінде Қазақстан Республикасы үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі № 437 шешіміне сай қалада әлеуметтік жағдайлары төмен азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысы берілген, ол кейінгі жылдарда да жалғасын тауып отырды. Мысалы, 2000 жылдың төрт айында орта есеппен 1200 теңгеден 5891 жанұяға 20 миллион 818 мың теңге тұрғын үй көмегі берілді [6, 24].

Нарықтық экономика кезіндегі қиыншылықтарды жеңе отырып, дамып, өркендеген Орал қаласы 1990-жылдарда халықтың қоныстануының негізгі орталықтарының біріне айналды. 1997 жылы қала халқының саны 241,0 мың адамға жетіп, қала тұрғындары мынадай құрамда болған: ересектер - 112 мың, 7 жасқа дейінгі балалар - 29 мың, оқушылар -39,6 мың, орта арнаулы оқу орындарындағы студенттер - 7,7 мың, жоғарғы оқу орындарындағы студенттер -6,9 мың, зейнеткерлер – 45,8 мың болса, 1999 жылғы санақ мәліметі бойынша қалада 222,9 мың адам тұрған, оның 81897-қазақ, 119532-орыстар, 5676-татарлар, 7870-украиндар, 1362-немістер, қалғаны басқа ұлт өкілдері болған [7, 32].

Жалпы тұрғын үй қорына келсек 1991 жылы облыста 9071 мың шаршы метр болса, қалада 4111,4 шаршы метр, оның 890,5- жеке, 322,9- мемлекеттік секторға тиесілі болды. Ал 1999 жылы облыста 9547,4 мың, соның ішінде қалада 4719,4 мың шаршы метр тұрғын үй қоры, оның 4591,1-жеке,128,3 – мемлекеттік секторға тиесілі болды.

1991-2001 жылдары Орал қаласындағы құрылыс саласы еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің күрделі нәтижесі болды. Кеңес дәуіріндегі жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшумен бірге тұрғын үй, инфрақұрылым және әлеуметтік нысандар саласында жаңа тәсілдер мен механизмдер енгізілді.

Бұл кезеңде тұрғын үй құрылысында жекеменшік сектордың белсенділігі артып, тұрғындардың жеке үй алуға деген сұранысы едәуір өсті. Алайда, экономикалық дағдарыс, инфляция және бюджеттік тапшылық құрылыс жобаларының жүзеге асырылуын баяулатты. Көпқабатты тұрғын үйлер салу қарқыны төмендесе де, инфрақұрылымдық жобалар мен әлеуметтік нысандардың дамуы қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамдар болды.

Сондай-ақ, нарықтық қатынастардың қалыптасуымен құрылыс компанияларының санының артуы, жаңа технологиялардың енгізілуі және шетелдік инвестициялардың тартылуы құрылыс саласының дамуында елеулі рөл атқарды. Орал қаласының құрылыс нарығы өзгеріп, жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндермен бетпе-бет келді.

Жалпы, 1991-2001 жылдары Орал қаласындағы құрылыс саласы тұрақты дамудың негізін қалауға, тұрғындардың баспанаға деген қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған бірқатар стратегиялық шешімдер мен іс-шараларды қабылдауға ықпал етті. Бұл кезеңнің тәжірибесі бүгінгі күні де құрылыс саласын дамытуда маңызды сабақтар береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Западно-Казахстанский область за годы независимости 1991-2001 гг. - Уральск, 2001. – 110 с.
2. Журасова А. Ш. Орал қаласының тарихы: әлеуметтік - экономикалық және мәдени дамуы (1946-2011 жж.): Монография – Орал: БҚМУ баспа орталығы, 2013. – 194 б.
3. Батыс Қазақстан облыстық статистикалық жылнамасы. – Орал, 2003. – 160 б.
4. БҚОММ. 4-қор. 15-тізім. 3351-іс.
5. БҚОММ. 626-қор. 2-тізім. 520-іс.
6. БҚОММ. 4-қор. 1-тізім. 3678 -іс.
7. БҚОММ. 4-қор. 1-тізім. 2964-іс.

ҒТАХР 03.20.00

«НАРЫН МЕН БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ СЫНАҚТАР: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ТАРИХИ САЛДАРЫ»

Мұстафина Аякөз Асыланқызы
М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» ББББ 1-курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
mustafinafora@icloud.com

Аңдатпа. Мақалада Нарын мен Батыс Қазақстандағы әскери сынақтардың тарихи, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық салдары зерттелген. Автор облыстық, мемлекеттік архив, кітапхана қорларында сақталған тарихи деректер, қолжазбалар мен мерзімді басылымдардағы естеліктерді алғаш рет ғылыми айналымға енгізе отырып, Орда ауданын мекен еткен қазақ халқының Оңтүстік Қазақстан мен республиканың ішкі аудандарына арнайы депортацияланғанын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. КСРО билігінің әскери сынақ аймақтары жөніндегі ақпаратты құпия ұстауы, сондай-ақ полигондардың кеңеюі нәтижесінде колхоз шаруашылықтарының жаппай көшіруі мен жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық және психологиялық зардаптары көрсетілген. Сонымен қатар, әскери сынақтардың экологиялық әсері қазіргі күнге дейін сақталып, аймақта жүйке, қан-тамыр және эндокриндік аурулардың таралуына әкелгені анықталды. Мақала архивтік құжаттар, статистикалық мәліметтер және ауызша тарих материалдары негізінде әскери сынақтардың адам өмірі, мал шаруашылығы, әлеуметтік құрылым және табиғи ортаға тигізген ұзақ мерзімді әсерін ашады.

Кілт сөздер: «Капустин Яр», Нарын өңірі, полигон, ядролық қару, колхоз, «Нарын» қоғамдық қозғалысы.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік саяси жүйе түбегейлі өзгерістерге ұшырап, жаһандық экономиканың дамуы мен өзара байланыстардың тереңдеуі халықаралық қатынастарда жаңа тәртіптің қалыптасуына ықпал етті. Американың Жапония қалалары Нагасаки мен Хиросимаға атом бомбасын тастауы әлемді дір сілкіндірді. Бұл келешекте әлемге үстемдік жасау атом қаруы бар елдердің қолында дегенді білдірген еді. АҚШ пен КСРО арасындағы идеологиялық, әскери және технологиялық бәсекелестік «қарулану жарысын» күшейтіп, жаппай қырып-жоятын қаруды жетілдіруді басты мақсатқа айналдырды. Осы әскери үстемдікке ұмтылыс ядролық қаруды сынауға арналған арнайы полигондардың құрылуына әкелді.

Кеңес Одағы үшін стратегиялық маңызды аймақ ретінде Қазақстанның Семей облысындағы Абыралы аумағы мен Батыс Қазақстан облысының Нарын аумағы жерлері таңдалып, осында ядролық сынақ алаңы ұйымдастырылды. Бұл полигон Қырғи қабақ соғыс кезінде КСРО-ның ядролық әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарғанымен, қазақ халқы үшін аса ауыр зардаптарға, экологиялық апатқа және ұзақ жылдарға созылған әлеуметтік-денсаулық дағдарысына себеп болды.

Кеңес билігінің Қазақстанның батыс өңірінде Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының 3 млн гектарға жуық жерінде «Капустин Яр» және «Азғыр» әскери сынақ полигоны құрылды. Батыс Қазақстан территориясында жайғасқан бұл екі полигонда ядролық қарумен бірге, ұшақтар мен зымырандар сынақтан өткізілді.

1947 ж. 13 мамырда КСРО Министрлер Кеңесінің Астрахан, Волгоград және Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының территориясында Орталық мемлекеттік «Капустин Яр» сынақ полигонын құру жөніндегі шешім қабылданады.

КСРО билігі әскери сынақ аймақтары жөніндегі қандай да бір мәліметтерді аса құпия ұстады. Астрахан облысының жеріндегі Капустин Яр селосының атымен аталған полигон «өте құпия» деген грифпен ғана көрсетілді. Полигонның алғашқы әскери басшысы генерал-лейтенант В.И. Вознюк тағайындалап, ол бұл құпия әскери объектіні, 27 жыл басқарады. Кеңес Одағы 1947 жылы күзде «Капустин Яр» полигонында алғашқы баллистикалық ракетаны ұшырып, сынақты сәтті өткізді [1].

Осылайша, 1947 ж. іске қосылған «Капустин Яр» сынақ аймағы үшін Батыс Қазақстанның Жаңақала, Орда аудандарының территориясынан 1 55 784 гектар жер бөлінеді. Осымен бірге, «Азғыр», және «Капустин Ярдың» «Тойсойған» бөлігі үшін Гурьев облысы да 1,5 млн гектар жер беруге мәжбүр болады [2].

Атап өту қажет, мұндай іс-шаралардың нәтижесінде, 1952 ж. Батыс Қазақстан облысының 300; атап айтқанда Жаңақала ауданынан 125; Орда ауданының 175 колхоз шаруашылықтарын Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіру аудандарына көшіру жоспарланады. Көшіру жұмысын ұйымдастыру Жаңақала мен Орда аудандарының төрағалары Валиев пен Ваисовқа тапсырылып, олар 15 ақпанға дейін көшуге тілек білдірген отбасыларды анықтап, көктемгі егіс науқанына дейін көшіруді аяқтауы тиіс болды [3].

Сонымен қатар қоныс аударушыларға берілетін шарттар мен жеңілдіктер түсіндіріліп, халық арасында арнайы үгіт-түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет деп белгіленді. Көшіру барысы жөнінде он күн сайын есеп беру міндеттелді. [4; 15] .

Осылайша, Жаңақала ауданынан Оңтүстік Қазақстан облысына 2 колхоз, Гурьев облысына 4 колхоз, Казталовка ауданына 2 колхоз, Жымпиты ауданына 2 колхоз, Чапаев ауданына 3 колхоз, Бөрлі ауданына 1 колхоз қоныстанса, Орда ауданынан Оңтүстік Қазақстан облысына 3 колхоз, Гурьев облысына 9 колхоз, Жәнібек ауданына 10 колхоз, Жаңақала ауданына 2 колхоз, Чапаев ауданына 5 колхоз, Тайпақ ауданына 1 колхоз қоныс аударады. [5]

Архивтік деректер бұл колхоздарға берілген жер көлемін нақты анықтауға мүмкіндік береді. Жаңақала ауданынан Чапаев ауданына көшірілген колхоздар ішінде Бостандық колхозына **34 344 гектар** жер бөлінгені көрсетілген. Ал Алғабас колхозына **16 150 гектар** және Талаптан колхозына нақты жер мөлшері архивтік құжаттарда көрсетілмеген.

Орда ауданынан Чапаев ауданына қоныстандырылған колхоздарға бөлінген жер көлемі анағұрлым толық берілген. Атап айтқанда, Көсем колхозына **47 636 гектар**, Энгельс колхозына **48 958 гектар**, Чапаев колхозына **47 484 гектар** жер учаскелері қарастырылған. Сонымен қатар бұл колхоздарға мемлекеттік қордан ұзақ мерзімді пайдалану жер көлемдері де тіркелген: Көсем колхозына – **4 563 гектар**, Энгельс колхозына – **3 366 гектар**, Чапаев колхозына – **8 780 гектар**. Бұдан бөлек, Бастауыш колхозына **27 411 гектар** (қосымша 250 гектар), Куйбышев колхозына **16 977 гектар** (қосымша 500 гектар) жер бөлінген. [6]

Жалпы алғанда, Чапаев ауданына қоныстанған колхоздарға берілген негізгі жер көлемі **200 мың гектардан астам** аумақты құраған. Бұл көрсеткіш аймақтың шаруашылық құрылымындағы қайта ұйымдастыру жұмыстарын кең ауқымда жүргізуге мүмкіндік бергенін дәлелдейді.

1951 жылғы мал шаруашылығының жағдайын сипаттайтын архив деректері Жаңақала ауданының колхоздарындағы мал басының нақты санын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәліметтер қоныс аудару науқаны кезеңінде басқа аудандарға көшірілген колхоздардың экономикалық әлеуетін көрсетеді. Чапаев ауданына қоныстанған Жаңақала колхоздарының негізгі мал көрсеткіштері төмендегідей.

Чапаев ауданына көшірілген Алғабас колхозында 1951 жылы **780 бас ірі қара**, **2478 қой** және **1552 қозы**, сондай-ақ **416 жылқы** мен **58 түйе** болған. Бостандық колхозында ірі қара саны **541 бас**, қой мен қозы тиісінше **2726** және **1665 бас**, жылқы – **209 бас**, түйе – **48 бас** құраған. Ал Талаптан колхозында ірі қара – **1040 бас**, қой – **3663 бас**, қозы – 2456, жылқы – **650 бас**, түйе – **70 бас** болды. [7]

Орда ауданы колхоздарының Чапаев ауданына орналасқан Чапаев колхозында **1972 бас ірі қара**, **9564 қой**, **708 қозы**, **1634 жылқы** және **108 түйе** тіркелген. Ал Куйбышев колхозында ірі қара – **642 бас**, қой – **4928 бас**, қозы – 46, жылқы – **387 бас**, түйе – **67 бас** болды. [8]

Жалпы алғанда, Жаңақала, Орда ауданы колхоздарының 1951 жылғы мал басы олардың шаруашылықтық тұрақтылығын, қоныс аудару кезеңінде экономикалық әлеуетін сақтап және әр колхоздың өндірістік базасының айтарлықтай айырмашылығы болған.

Орда ауданының жергілікті халқын республиканың ішкі аудандарына депортациялау жұмысы 1951 жылы 23 қараша күні Қаз ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Қоныс аудару Бас басқармасының № 59 бұйрығымен қоныс аудару ісіне жауапты өкілдері үшін 21 бөлімнен тұратын арнайы жадынама (памятка) дайындалған. Жадынамада республиканың ішкі қоныс аудару жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері көрсетілген. Ереже бойынша көші-қон ісі колхазшылардың еркімен жүргізілуге тиісті. Алайда архив қорындағы сан түрлі жедел хаттар, соның бірі 1952 жылы 30 маусым күні Теректі ауылдық кеңесіне қарасты Калинин атындағы колхоз бастығына: «Сіздің колхоздың колхозшыларын Сайхын станциясына тасуға барған автомашиналар ауылды аралап, әр жердегі үйлерді жинап тиеп жүретін көрінеді. Бұл жағдайда колхозшыларды тасу жұмысы 5 шілдеге дейін аяқталынбайтын болып отыр. Сондықтан колхозшыларды бір орынға жинап сол жерден автомашинаға отырғызуды, сөйтіп, колхозшыларды Сайхын станциясына көрсетілген мерзімге тасып бітіруді ұйымдастыру Сізге міндеттеледі» [9] деген хаттары мен колхозшылардың аудандық атқару комитетіне жалынышты сипатта жазған өтініштері қоныс аудару ісінің шын мәнінде, колхозшылардың еркінен тыс, жоғарыдан келген бұйрықты шұғыл түрде бұлжытпай орындағанын көп жайды аңғартады.

Облыстық архив қорында сақталған хаттамалар 1952 жылы ақпан айында Оңтүстік Қазақстан облысына көшірілетін Орда ауданының ауылдық кеңестеріне қарасты барлық колхоздарында колхозшылар жиналысы өткізілгенін дәлелдейді. Алайда, жиналыста Орда ауданының әскери сынақ алаңына айналатыны айтылмайды да, Нарын даласы егін, мал шаруашылығы үшін қолайсыз екендігін мына бір дерек, Алматыдан келген Жылқышиев Жаңақала ауданынның тұрғындарының жиналысында «Құмның қақаған қысы мен жазғы алай дүлей құм боранынан құтылғандарыңа қуана беріңдер, мен сіздердің көшіп баратын оңтүстік өңірді де жақсы білемін. Өте тамаша жер жаһаны жұмақ дерсіздер, еркін жүріп еңбек етесіздер. Алдарыңда піскелі тұрған жеміс-жидек, бау-бақша, көлеңкелі саялы теректер. Алып жатырған су мақталы өңір, Атың барда ел таны дегендей, көп ұлттың адамдары танысасыңдар, достасасыңдар деп, ол жақтың ыстық екенін, үлкен- кішілеріміз ыстығына шыдай алама деген сұрауларына, «қайта ауа райынның жылылығы жақсы емес пе! Батыстың адамдары

салқын тиюмен өкпе қабыну ревматизм деген аурумен ауратындарын жақсы білесіздер.Ол жақта күннің ыссылығы сол ревматизм ауруының шипасы деп дәлелді жауап берді.» Осы облыста, ауданда мал бағатын жұмыс қолы жеткіліксіз екендігін, құмнан көшкен елді көрмеген жаққа бастырмай, осы облыс орталығына сыйыстыруға болмай ма? деген өтініштерінің жауапсыз қалғанын білуге болады [10].

Бұл шешім жергілікті халық үшін әлеуметтік-экономикалық, демографиялық әрі психологиялық тұрғыдан аса ауыр сынақ болды. Ел мен ерді таразыға салған қиын кезеңде қазақтың *«басқа түскен баспақшыл»* деген мақалы осындайда айтылса керек. Сол жылдарды көзімен көрген қариялардың айтуынша, ауыл ішінде мұң мен күйзеліс басым болған.

Осы кезең туралы **Ш. Ишанбеков өзінің естелігінде** «Үлкендер жағының назары сынық, қабақтары қатыңқы. Туған жерін қимай амандаса келген ауылдастарына мұң зарын айтып жыласып отырған кәрі әжелерде жетерлік. Аз күннің ішінде қаймағы бұзылмай отырған ауылды аласапыранға салып, отырса мүлік, көшсе тәлк етіп, әбігерге ұшыраған ауыл. Мен әкемнен қайда көшіреді? Алпыстан асқан әке-шешемді аяп, сіздер неге көшесіздер. Осы жаңақаланың айналасында көшпеген колхоздардың ішінен орын табылмайма дегем. Әкем көңілі жабыңқы, қарлыққан дауысымен болмайды балам, болмайды өмір бойы нарын жайлап отырған қалың елім тума-туыс құдандалы жекжат ағайын іргеміз бөлінбеген елден қалай бөлектеніп қаламын. Елде қалып көшкен елдің жұртында ұлып қалған иттей бол деймісің, бәрібір өлер шерлі көңілмен құса болып өлмеймінбе? Құдайдың көрсеткенін көрерміз, адассаң ауылыңмен адас, көппен көрген ұлы той әрине атақоныс, кіндік қаның тамған нарын топырағы, аталарымыздың қабіріне дейін ыстық қимаймын — деп, орамалын көлдей жасқа малып, ауыр күрсінгені әлі көз алдымда. Мүмкін, ол туған өлкеге қайта оралмайтынын іштей сезген де болар…» [11] деген әкесінің күйінішті сөзі көштің халық жазмышындағы ауыр беттердің бірі екенін аңғартады. Атамекенінен айырылған тұрғындар жаңа ортаға бейімделуге тырысқанымен, туған жерден айырылудың қасіретін терең сезінді.

Сонымен қатар, әскери полигондардың аймаққа тигізген экологиялық зардаптары әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Қаратөбе ауданының тұрғыны, зейнеткер С. Малабаевтың айтуынша, «Аудан халқы арасында рак аурулары мен тамыр аурулары көбейіп кетті. Жалпы соңғы жылдары адамдардың өлімі артқанын байқаймыз. Мысалы, аудан бойынша 1991 жылы 3 адам осы ауруларға шалдықса, 1992 жылы 7 адам осындай жағдайға ұшырады. Малда да Нарын жақтағыдай аурулар кездеседі. Біздің малымыз да аяқтарын баса алмай қалады. Жақында жылқылар жаппай мұрыннан шырыш бөлініп, жөтеліп ауырды. Бұл жағдайлар бізге Семейдегі немесе Нарындағы жағдайларды еске салады» деп баяндайды [12].

1990 жылы мамыр айында Алматыда «Әлем сайлаушылары ядролық соғысқа қарсы» халықаралық конгресі өтіп жатқан күндерде Бөкей облысының орталығы болған, қазір Орда ауданының орталығы Орда селосында ауданаралық митинг болып, ССРО Қорғаныс министрлігінің осы өңірдегі Капустин Яр (КапЯр), Ахтуба секілді құпия полигондарын жабу, экологиялық жағдайды сауықтыру жолындағы 1992 жылы «Нарын» қоғамдық қозғалысы құрылып, кейінгі зерттеулерде Батыс Қазақстанда шамамен 39 ядролық жарылыс жасалып, 24 мыңға жуық зымыран ұшырылғаны анықталған. Бұл сынақтар аймақта жүйке, қан-тамыр, эндокриндік аурулардың кең таралуына әкелді. Әскери ведомстволар сұғына еніп, біраз жері құпия сынақтардан әбден зардап шегіп жатқан Орда селосының Орда, Жаңақала, Казталовка, Жәнібек аудандарымен Теңіз ауданы өкілдері өз пікірлерін ортаға салып, әлемге әйгілі «Невада-Семей-Нарын» қозғалысына айналдырайық деп, үндеу тастаған еді [13].

1994-2005 жылдар аралығында полигонның аймақтағы экологиялық зиянды әсерін анықтау мақсатында 13 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген. Алайда бұл құжаттардың «Капустин Яр» және «Азғыр сынақ аймағындағы жердің ядролық және химиялық ластану деңгейін анықтау үшін жеткіліксіз екендігі айтылды. Комиссия

отырысының қорытындысында полигонға жақын орналасқан аумақтардағы тұрғындардың арасында жүйке, қан-тамыр аурулары, эндокринді жүйе сырқаттарының жоғары екендігі көрсетіліп, жарылыс болған аймақтардың топырағы, суы мен ауасы толық зерттеліп, тұрғындарға жарылыс зардаптарының қалай әсер етіп жатқандығын анықтау үшін 4 бағдарлама дайындалып, зерттеу жұмыстарының басталатындығы айтылды [14, 29 б.].

Қорыта келгенде, әскери полигон Орда ауданына қарасты қырыққа жуық колхоздың, әскери мақсаттағы ат өсіретін жылқы зауытының және республикадағы ең ірі түйе зауытының бүкіл аумағын өз бақылауына алып отыр. Нарын тарихи бай өлке. Ол атақты Махамбет пен Исатайдың, екі шекті домбыра үнін шар тарапқа паш еткен Құрманғазы мен Динаның, қазақтың этнограф ғалымы Салық Бабажановтың, қазақтың түңғыш батыр қызы М. Маметованың, соғыс пен еңбектің талай-талай майталмандарының, академиктер Ғ. Бияшевтың, Ф. Мұхамбетқалиевтың, А. Таймановың жоғары әскери басшылардың, қоғамдық қайраткерлердің тағы да басқалардың туып өскен, нәрін алған мекені. Нарын біреулердің мақтап, екіншілердің даттап келген Жәңгірдің хандық құрған жері. Сірә, хан Бөкей кезінде орыс патшасына өз халқының қонысы үшін бұл өңірді тектен-тек алақанын жайып алмаса керек.

Орда ауданынан ортасынан өтетін теміржол Нарын өлкесінің өзегі, жүрегі іспетті. Бөкей Ордасының қазіргі Орда ауданының жерін Отанымыздың барлық түкпірімен жалғастырады. Соғыс жылдарында, Сталинград шайқасы жұрт жатқанда қоршаудағы қала тұрғындарының тіршілігін жалғаған Сайқын-Волгоград теміржолы бауырмалдық пен достықтың мәңгі үзілмес жолы екені анық.

...Астрахань жолына отырсаңыз, жолай баяғы көне қала – Берке Ақсарайына соғасыз. Бертінде ЮНЕСКО белгі соғып кеткен «Алтын Ордаңыз» осы. Көп жылдан бері полигон аймағында қалған көлдер, молалар, көне орындар – ата-баба тарихы екендігінде сая жоқ, - деп жазған Құрманғазы атындағы совхоздың тұрғыны, бұрынғы ұстаз Болат Байқуатов.

1952 жылға дейін Орда ауданының құрамында 48 колхоз, екі завод болды. Орал облысындағы ірі ауданның бірі - Орда ауданы полигонның мүддесі үшін бөлшектеліп, телім-телім күй кешті. 1939 жылы Орда ауданын 66 мың адам мекендесе, 1972 жылы аудан қайта құрылғанда 17 мың адам қалған. Көлдер тартылып, өсімдіктері азайып, шабындықтардан апандар пайда болды. Бұл оқиға тек жеке адамдарға ғана емес, бүкіл өңірдің әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына ауыр соққы болып тиді. Сондықтан Нарынның тағдыры – ел тарихында орын алған қайғылы оқиғалардың, әскери және саяси шешімдердің адамдар өміріне, олардың мәдени мұрасына, дәстүрлі өмір салтына тигізген терең зардабының айқын көрінісі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Коврин А. История военного полигона Капусти Яр http:// fb.ru/article /294887/ kapustin-yarastrahanskaya-oblast-istoriya-poligona
2. Көбейсінов К. Нарыннан елордаға дейін. – Алматы:«Арыс» баспасы,2015.– 116б.
3. Боранбаева Б.С. Капустин Яр әскери полигоны: Қазақ депортациясы. – Орал: Полиграфсервис, 2022. - 264 б.
4. Шарафутдинов З.Ғ. Зонадан көшкен колхоздар. – Орал: «ШұғылаПринт», 2023. 125 б.
5. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі - БҚОММ) 963-қ, 4-т, 38 –іс
6. БҚОММ, 963-қ, 38 –іс
7. БҚОММ, 963-қ, 4-т, 38 –іс

8. Боранбаева Б.С. Капустин Яр әскери полигоны: Қазақ депортациясы. Орал: Полиграфсервис, 2022. 13 б
9. БҚОММ, 173-қ, 1-т, 49 –іс
10. БҚОММ, 173-қ, 1-т, 49 –іс
11. БҚОММ, 173-қ, 1-т, 49 –іс
12. Көбейсінов К. Ойсыраған орда // Егемен Қазақстан, 1996. 14 ақпан.
13. БҚОММ, 173-қ, 1-т, 49 –іс
14. БҚОММ, 173-қ, 1-т, 49 –іс
15. Боранбаева Б.С. Орал өлкесінің тарихи мәдениеті XIX ғ. II жартысы – XX ғ. I жартысы. Монография. – Орал, БҚМУ РБО, 2019. - 202 б.

ӘОЖ 82(574.1)

БЕРҚАЙЫР АМАНШИННЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Батырғали Риза Қанатқызы
М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» ББББ 1-курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
rizabatyrgali@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиеттанушысы, жазушы, драматург және зерттеуші Берқайыр Аманшиннің өмірі мен шығармашылығы жан-жақты қарастырылады. Мақала авторы Аманшиннің туған жері, отбасы тарихы, білім алған ортасы, алғашқы әдеби қадамдары мен шығармашылық қалыптасу кезеңдерін талдайды. Әсіресе, Аманшиннің әулеттік тарихы мен әлеуметтік жағдайының оның білімге және әдебиетке бейімділігін қалыптастырудағы рөлі айқын көрсетілген.

Кілт сөздер: Берқайыр Аманшин, Махамбет Өтемісұлы, қазақ әдебиеті, әдебиеттану, махамбеттану, шығармашылық қалыптасу, рухани мәдениет, Атырау өңірі.

Қазақ тарихында ұлт руханиятының қайнар көзін терең зерттеп, халқымыздың ардақты перзенттерін жаңа қырынан танытқан тұлғалар аз емес. Солардың бірі – әдебиет сыншысы, зерттеуші, жазушы Берқайыр Аманшин. Ол өзінің саналы ғұмырын қазақ сөз өнерінің өткені мен бүгінін зерделеуге арнаған қаламгер. Ақын, жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші Аманшин Берқайыр Сәлімұлы: «1924 жылы 11 қарашада Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданындағы Батпақкөл ауылында туған» [1, 27 б.]. Берқайыр Аманшин Сәлімұлының арғы тегі жөніндегі деректер Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив материалдарында сақталған. Зерттеулерді оның әулеттік тарихынан бастасақ, мынадай мәліметтер кездеседі:

«1. Отец Аманшина Салима — Аманша происходил из байской семьи, то есть его отец Шотигут был баем...

2. Приняв наследство отца Аманша тоже был баем что подтверждается обьяснением очевидцев, кроме того он сумел обучать своих сыновей Салима и Ахметше в Русско-киргизской школе.

3. Главной роль среди детей Аманшина играл Салим Аманшин. После окончании 2-х годичный русско-киргизской школы в п. Калмыкова стал работать писарем» [2, с. 1] - деп көрсетіледі. Бұл дерек Аманшин әулетінің өңірдегі ауқатты, ықпалды топқа жатқанының айғағы. Сонымен қатар, архив деректеріне сүйенсек, әкесінен мұраға қалған шаруашылықты жалғастырған Аманша да бай ретінде танылған. Бұл туралы сол кезең куәгерлерінің түсініктемелері растайды. Әулеттің әлеуметтік мүмкіндігі мен тұрмыстық жағдайының жоғарылығы оның балаларының білім алуына да қолайлы жағдай туғызғаны байқалады. Нақтылай айтқанда, Аманша өз ұлдары Сәлім мен

Ахметшені орыс-қырғыз (қазақ) мектебінде оқытуға мүмкіндік жасаған. Бұл – сол дәуір үшін прогрессивті қадам және әулеттің ағартушылыққа мән бергенін көрсететін маңызды белгі.

Аманшин әулетінде жетекші рөлді Аманшаның ұлы – Сәлім Аманшин атқарған. Ол отбасының шаруашылық және қоғамдық істеріндегі негізгі ұйымдастырушы ғана емес, сол кезеңдегі білімді, көзі ашық тұлға ретінде танылған. Бұл ақпарат Сәлімнің ерте жастан сауатты, жазу-сызу ісін меңгерген, жергілікті басқару құрылымында қызмет атқарған тұлға болғанын дәлелдейді. Оның білімділігі мен қоғамдық қызметі кейіннен Берқайыр Аманшиннің дүниетанымына, білімге құштарлығына және зиялы ортада қалыптасуына елеулі ықпал еткен деуге негіз бар.

Ол өзінің «Өлеңім – өмірім» естелігінде әке тәрбиесінің рөлі туралы: «Мен ертеректің өзінде орысша-қазақша мектеп бітірген қызметкер әкенің арқасында жоқшылық көрмей, мәдениетті семьяда тәрбиелендім» [3, 5 б.], – деген дерек береді. Бұл деректен оның зиялы, мәдени ортасы бар отбасында өсіп, оқу-білімнің құндылығын жас кезінен сезініп өскені аңғарылады. Жазушының әдебиетке қызығуы мен шығармашылыққа бейімделуі дәл осы ерте қалыптасқан рухани-танымдық ортадан бастау алғаны анық.

Архив деректері мен естеліктерге сүйенсек, оның әкесі – Сәлім Аманшин – Орынбор қаласындағы реальное училищені орыс тілінде аяқтаған, сауатты әрі көзі ашық тұлға болған. Ол өз дәуірінің талаптарына сай білім алып, жергілікті әкімшілік және шаруашылық салаларында қызмет атқарған. Осындай зиялы әкенің тәрбиесі баланың дүниетанымының кеңеюіне, тілдік ортасының қалыптасуына және әдеби-мәдени ортаға ерте бейімделуіне тікелей әсер еткені сөзсіз.

Ал анасы үй шаруасындағы әйел болғанымен, бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген жан ретінде сипатталады. Ол отбасының тәрбие ісіндегі тұрақтылық пен жылылықты қамтамасыз етуші тұлға ретінде Берқайырдың мінезінің қалыптасуына, адамгершілік құндылықтардың бойына сіңуіне ықпал еткен.

Осылайша, екі түрлі бағыттағы – әкенің зиялылығы мен ананың мейірімге негізделген тәрбие мектебі – Берқайыр Аманшиннің тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқарған. Бұл орта оның шығармашылық ой-өрісінің кеңеюіне, білімге деген ынтасының артуына және болашақ ақындық жолына түсуіне берік алғышарт жасады.

Берқайыр Аманшин мектепте 6 сыныпқа дейін қазақша оқыған, бұдан соң орысша білім алған. Ол өзінің өмірбаяндық «Өлеңім – өмірім» жазбасында Иван Рудольфович Матцкий деген тәжірибелі қарт мұғалімнен оқығанын, сол қарт кісі орыс тілінде сөйлеуге үлкен әсер еткені туралы жазған. Кейіннен сол оқуы ҚазПИ-де әдебиет факультетәнде сырттай оқығаны туралы жазған.

1953 жылы ҚазПИ-ді бітіріп, «Атырау облыстық мекемелерінде, Қызылқоға ауданында қызмет істейді» [4, 8 б]. Жалпы, Берқайыр Аманшиннің туған жері Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы болғанымен, оның өмірлік жолының бастапқы кезеңі мен шығармашылық қалыптасуына тікелей әсер еткен негізгі өңір — қазіргі Атырау облысы. Жетісу жеріне, Алматы қаласына біржолата қоныс аударғанға дейін жазушының балалық шағы, тәрбие алған ортасы, алғашқы білім алған мектебі, еңбек жолының басталуы, сондай-ақ отбасын құрып, жауапкершілік жүгін арқалаған кезеңдері түгелдей дерлік Атырау өңірімен байланысты. Бұл аймақ – Жайық өзенінің бойындағы мәдениеті терең, тарихи-рухани тамыры мықты өлке.

Атырау – қазақтың батыс өлкесіндегі шежірелі мәдени кеңістіктің бірі. Халықтық дәстүр, ауыз әдебиеті, күй өнері, жыраулық мектеп, сондай-ақ еркін ойлы ақын-жыршылар дәстүрі қалыптасқан бұл өңір Аманшиннің дүниетанымына тікелей ықпал еткен. Жайық бойындағы табиғи-рухани орта жазушының шығармашылық сезімінің оянуына, сөз өнеріне деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына негіз болды.

Осылайша, Берқайыр Аманшиннің тұлғалық және шығармашылық қалыптасуындағы маңызды арқау – оның Атырауда өткен жастық шағы мен рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңірген ортасы екенін айтуға толық негіз бар.

Берқайыр Аманшин туған жері мен өскен ортасына деген сезімін өзінің «Оралу» атты өлеңінде айқын көрсетеді. Ақын туған топырақ пен жастық шағы өткен өңірді шығармашылық болмысының ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды. Өлең жолдарында ол Қаратөбеде туғанымен, балалық шағы өткен Атырау өңірінің – Үйшік маңының – өмірлік мектебі болғанын ерекше атап өтеді:

«Жан емен Жайық сырын көп аңдаған,
Сонда да сен ыстықсың, Орал маған.
Тусам да топырағыңда, жастай кетіп,
Мен саған ұзақ жылдар оралмағам...» [5, 213 б.].

Бұл шумақтарда ақын туған жеріне деген сағынышын, алыста жүрсе де Орал өлкесінің жүрегіндегі орынның ерекше екендігін білдіреді.

Ал келесі жолдарда ол өзінің шын мәніндегі азаматтық және шығармашылық тұрғыдан қалыптасқан өлкесі – Атырау екенін айқын көрсетеді:

«Ер жеттім сонау Үйшік қыр жағында,
Ол елге мәңгі бақи ырзамын да.
Еңбекке, ең жақсыға бөлеп жастай,
Жанымды бөлеген сол жыр жалынға» [5, 213 б.].

Ақын бұл өңірдің оған еңбекке баулып, рухани дүниесін байытқанын, жыр әлеміне жетелегенін ерекше атап өтеді. Демек, Атырау — оның ақындық болмысын шыңдаған, шығармашылыққа бастау болған жер.

Өлеңнің соңғы шумақтарында Аманшиннің шығармашылық жолы Алматыға жалғасқаны көрінеді:

«Жыр жалын қанат қақты, қалықтады,
Қалқытып, Алатауға алып барды.
Қайда да өз бесігім, өз үйімдей
Жақсы екен жаны жайсаң халық бары» [5, 213 б.].

Бұл жолдар ақынның Алматыға қоныс аударуын шығармашылық дамуындағы табиғи жалғастық ретінде көрсетеді. «Жыр жалын» деп бейнеленген шабыт оның жолын ашып, жаңа рухани ортасына жетелеген. Сонымен бірге, ақын адамдық жылылық пен жақсылықты қай өңірден де таба алғанын, халықтың кең пейілдігі оның өмірінде маңызды орын алғанын білдіреді.

Осылайша, «Оралу» өлеңі Берқайыр Аманшиннің географиялық қоныс көші ғана емес, рухани жолы мен шығармашылық эволюциясы туралы жинақталған лирикалық шолу болып табылады. Ақын туған Қаратөбе, жастық шағы өткен Атырау және шығармашылық тұғыры қалыптасқан Алматы – үшеуі оның әдеби болмысын тұтас құрайтын үш тарихи-рухани кеңістік ретінде ұсынылады.

Кейіннен қазақ әдебиетінің ақтаңдақ жазушыларын оқи отырып, тарихи әдебиет саласына аяяқ басуын былайша сипаттайды: «Өзіміздің қазақ жазушыларынан алғаш оқығаным Сәкен мен Бейімбет, сосын көбіне Сәбит Мұқанов. Сәбиттің «Сұлушашы», «Адасқандары» мен «Жұмбақ жалауы» оқиға байлығы, тілінің жеңілдігі, ұғымға оңайлығымен қызықтырып еді.

Абайды есейе келе оқыдым, Махамбетті де бертінде білдім. Жаңа поэзиядан әсер еткені Қасым Аманжоловтың «Советтік менің өз елім». Төрт аяғын тең басқан, мүше мүшесі түгел мінсіз, нағыз мәдениетті өлең деп әуелі сол өлеңді танып едім» [3, 7 б.].

Ақын Берқайыр кейінірек өзінің «Менің өмірбаяным» атты өлеңінде осы сәтті әдемі жеткізген екен:

Біргемін көппен қашанда,
Не көрсем бірге жадымда...
Өмірге қадам басарда

Ағалар болды алдымда.
Соларға өстім сүйеніп,
Солқылдақ құба тал ем мен.
Соларша сөйлеп үйреніп,
Сырластым жұмбақ әлеммен [5, 13 б.].

Өлеңдегі «алдымда болды ағалар», «соларша сөйлеп үйреніп, сырластым жұмбақ әлеммен» деген жолдардың астарында ақынның шығармашылық қалыптасуына ықпал еткен тұлғалар туралы терең лирикалық ой жатыр. Мұндағы «ағалар» ұғымы тек өзінің айналасындағы үлкендерді ғана емес, өнерге, білімге, рухани биіктерге жетелеген қаламгерлік орта мен әдебиет тарландарын да қамтиды. Ақынның «жұмбақ әлеммен сырласуы» — оның әдебиет әлемінің тылсымына бойлауын, көркем сөз құдіретін тануға деген ұмтылысын бейнелейтін метафоралық тұжырым.

Берқайыр Аманшин бұл жерде шығармашылық мұратқа жетелеген үлкен әдеби дәстүрді, ұлттық сөз өнері мен әлем әдебиетінің тағылымын меңзеп отыр. Әдебиетке деген құштарлығы қалыптасқан кезеңде оның рухани көкжиегін кеңейткен – ұлттық поэзия өкілдері ғана емес, орыс және Батыс классикалық әдебиетінің де әсері болғанын байқауға болады. Жас қаламгердің өзіндік көркемдік әлемін қалыптастыруда осы әдеби мектептердің ықпалы зор болды.

Сондықтан зерттеушілер атап өткендей, Берқайыр Аманшиннің әдебиет дүниесіне «кірпіш боп қалануына» тек жеке шығармашылық ізденіс емес, әлем әдебиетінің көркемдік дәстүрлері, оның идеялық және эстетикалық ықпалы елеулі рөл атқарды. Мұндай рухани-эстетикалық сабақтастық оның шығармашылығын кеңейтіп, әдеби танымын тереңдеткені күмәнсіз.

Берқайыр Аманшиннің қызметтік және шығармашылық жолы оның қоғамдық тұлға ретінде қалыптасуына, ұлттық әдебиетке белсене араласуына айрықша ықпал етті. 1948-1952 жылдары ол Алматы облысының Жамбыл ауданында және Алматы облыстық атқару комитетінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарды. Бұдан кейін, 1952–1953 жылдары Қазақстан КП Орталық Комитетінде еңбек етіп, мемлекеттік басқару саласында тәжірибе жинақтады. Осы кезең оның қоғамдық ортадағы танылуына, жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілетінің қалыптасуына негіз болды.

Елуінші жылдардың орта шенінен бастап Аманшиннің кәсіби өмірі біртіндеп шығармашылық ортаға ойысады. 1953-1954 жылдары Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында, ал 1954-1959 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби қызметкер болып істеді. Бұл кезең оның әдебиетке жақындап, шығармашылық қауыммен етене араласуына жағдай жасады. Алғашқы сын мақалалары, әдеби шолу мен зерттеу сипатындағы еңбектері дәл осы жылдары жарияланып, ақынның әдеби ортадағы орны біртіндеп айқындала түсті.

Берқайыр Аманшин қазақ әдебиетін аймақтарда дамыту ісіне зор еңбек сіңірген тұлғалардың бірі. 1959-1965 жылдары ол Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінің жауапты хатшысы қызметін атқарды. Бұл жылдары өңірдегі жас қаламгерлерді қолдау, әдеби бірлестіктер ұйымдастыру, әдебиеттің ел ішіне кеңірек таралуына ықпал ету бағытында белсенді жұмыс жүргізді. Туған өлкесіне ұзақ үзілістен кейін оралған ақын туған жер руханиятына қызмет етуді азаматтық парызы деп білді.

Өзінің туған топырағына қайта оралған сәттегі көңіл күйін ақын тебіреніс пен шынайы сағыныш арқылы жеткізеді:

... Жылы жүз, жаны жомарт жанашыр көп,
Бәрінің кеткендейсің баласы боп,
Шыр етіп жерге түскен жерін сондадағы,
Адамның аңсамасқа шарасы жоқ.
Сол жердің есімде еді суреттері,
Байғұтты, Шолаққамыс қыр беттегі...

Қосайын тағдырыңа тағдырымды,

Туған жер, бар жақсыңа үйрет мені [5, 213 б.].

Бұл шумақтарда ақын туған жерге деген шынайы ілтипатын, жақындық сезімін және рухани байланысын көркемдік бейнелер арқылы терең жеткізеді. Туған өлке оның тағдырының жалғасы, шығармашылық қуатының қайнар көзі ретінде суреттеледі.

Өзінің саналы ғұмырында шығармашылық тазалықты бірінші орынға қойған, «ардың ісіне» адалдық танытқан қаламгер Берқайыр Аманшин «Өлеңім – өмірім» атты естелік жазбасында өзінің алғашқы кітаптары туралы маңызды ойларын білдіреді. Ол: «Тұңғыш өлеңдер жинағым 1954 жылы шықты, кейінгі Жайық желі атты таңдамалы өлеңдеріме одан тек бір-ақ өлең енді. Екінші кітабым Бұтақтағы бұлбұлдар одан едәуір әрлілеу, нәрлілеу шықты, мені әдебиет әлеміне танытқан осы кітабым ғой деймін. Бірақ онда да, одан кейінгі өлең кітаптарымда да осы күнгі көзімен қарағанымда, өзім көңілім толмайтын біраз дүниеліктер жүр», – деп жазады [3, 8 б.].

Ақынның бұл пікірлері оның қарапайымдылығын ғана емес, сонымен қатар өзіндік сынға адалдығын көрсетеді. Шығармашылық шындықты тайсалмай айту – әр қаламгерге тән қасиет емес. 1954 жылы жарық көрген Өлеңдер жинағынан бастау алған оның әдеби жолы қазақ әдебиетіне жиырмадан астам кітап сыйлады. Соның ішінде поэзиясының үздік үлгілерін құрайтын жинақтар ретінде Бұтақтағы бұлбұлдар (1958), Жетісу-Жайық (1961), Менің өмірбаяным (1965), Маңғыстауым менің (1972), Жайық желі (1978), Құттыхана (1983) аталады.

Жайсаң жазушы ретінде де танылған Аманшиннің қаламынан Жар мұңы (1968), Көкжар (1971), Ақ жүректер (1975), Гүл көтерген (1982) сияқты повестер мен әңгімелер жинақтары жарық көрді. Ал қаламгердің өмірлік тақырыбына айналған Махамбет туралы Махамбеттің тағдыры романы оның қайтыс болғанынан кейін, 1987 жылы басылып шықты.

Сондай-ақ Берқайыр Аманшин драматургия саласында да табысты еңбек етті. Оның Исатайдың семсері, Таныстық керек, Жұлдыз, Жақия, Жылама, Дәмеш (М.Грешпен бірлесіп жазған), Маңқыстау оқиғасы және басқа пьесалары республикалық және облыстық театрларда сахналанды. Алғашқы драмалық туындысы Мұнайшылар 1943 жылы жазылғанын ескерсек, драматургиядағы ізденістерінің де ерте басталғаны анық байқалады.

Зерттеуші сондай-ақ жергілікті ел аузынан жинаған естеліктерге сүйене отырып, Махамбет пен Исатайдың тарихи тұлғасын нақты өмірдегі кейіпкер ретінде көрсетуге тырысқан. Бұл тәсіл махамбеттану ғылымында жаңа бағыт қалыптастыруға мүмкіндік берді [6, 258 б.]. Осылайша, Берқайыр Аманшиннің ғылыми еңбектері Махамбеттің өмірі, шығармашылығы, тілдік ерекшеліктері мен тарихи ортасын кешенді түрде зерттеп, махамбеттану саласын байытуға зор үлес қосты. Оның жинақтары мен мақалалары бүгінгі күнде сенімді дерек көзі ретінде кеңінен қолданылады.

1950 жылдардың соңында кеңестік идеологияда Исатай-Махамбет қозғалысына біржақты көзқарас басым болды: олар «феодалдық езгіге қарсы шаруалар көтерілісінің өкілдері» ретінде ғана сипатталды. Берқайыр Аманшин осы көзқарасты теріске шығарып, ақын мұрасын ұлттық деңгейде қарастыруды мақсат етті. Оның пікірінше, Махамбет – халықтың рухани еркіндігін қорғаған, азаттық үшін күрес символына айналған тұлға.

Ғалым өз зерттеуінде Махамбет шығармашылығын үш қырынан қарастырды:

Тарихи тұлға және саяси қайраткер ретіндегі орны;

Ақындық поэтикасының ерекшелігі;

Махамбет дәстүрінің кейінгі әдебиетке әсері.

Бұл көзқарас кейінгі әдебиеттанудағы Махамбет бейнесін жаңаша қалыптастыруға жол ашты.

Берқайыр Аманшиннің 1968 жылы жарық көрген «Махамбет тағдыры» еңбегі – қазақ әдебиеттануындағы алғашқы жүйелі махамбеттанулық зерттеу болып саналады.

Еңбекте ақынның өмір жолы, көтеріліске қатысу себептері, өлеңдерінің тарихи негізі мен көркемдік сипаты кеңінен талданған. Автор тарихи шындық пен көркем бейненің байланысын нақты архивтік деректермен дәлелдейді.

Кейінгі «Махамбет және оның дәуірі» (1973) еңбегінде зерттеуші ақынның замандастары, көтеріліс себептері мен салдары, тарихи құжаттар мен жыр нұсқаларына сүйене отырып, Махамбеттің өмірбаянын нақтылады. Бұл еңбек ғылыми деректілігімен, тілінің тазалығымен, тарихи дәлдігімен ерекшеленеді. Зерттеуші жалаң саяси баға беруден аулақ болып, оқиғаларды халық тұрғысынан түсіндіреді.

Берқайыр Аманшин Махамбет поэзиясын талдауда көркемдік-эстетикалық тәсілдерді ұтымды пайдаланды. Ол өлең құрылымын, поэтикалық образдарды, метафора мен интонация жүйесін талдай отырып, ақынның ішкі дүниесін ашуға ұмтылды. Сонымен қатар, Аманшиннің зерттеу әдісі қазіргі гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын мәдениеттанулық және тұлғатану бағыттарына жақын. Ол ақынды тек әдеби кейіпкер емес, тарихи тұлға, рухани феномен ретінде қарастырды.

Бүгінде Берқайыр Аманшин мұрасы – тек махамбеттанудың емес, тұтас қазақ әдебиеттану ғылымының алтын қазығы. Оның еңбектері тәуелсіздік дәуірінде қайта басылып, жас зерттеушілердің, студенттердің оқу бағдарламасына енгізілген. Бұл – ғалым мұрасының өміршеңдігін айқындайтын басты дәлел.

Берқайыр Аманшин – қазақ әдебиеттануының тарихында терең із қалдырған тұлға. Ол Махамбет Өтемісұлының мұрасын зерттеу арқылы ұлт рухының биік бейнесін жаңғыртты. Оның еңбектері кеңестік кезеңнің идеологиялық шектеулеріне қарамастан, ғылыми дәлдік пен ұлттық танымды ұштастырды.

Аманшин еңбектерінің құндылығы – тарихи тұлғаны көркемдік тұрғыдан зерделей отырып, оның рухани-идеялық маңызын ашуында. Сол арқылы ол қазақ әдебиетінің тарихи-танымдық негізін байытты. Бүгінгі күні Берқайыр Аманшинді махамбеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі, ұлттық руханияттың адал қызметшісі ретінде танимыз. Оның еңбектері – тәуелсіз қазақ әдебиетінің ғылыми тірегі, рухани қазынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. – Алматы: Жазушы, 1968. – 319 б.

2. Батыс Қазақстан облыстық архиві. №30 қор, №1 тізбе, №41 іс, №785 байлам. – 1953 жыл. // Персональное дело Аманшина Берхкаира Салимовича.

3. Аманшин Б. Өлеңім – өмірім. – Алматы: Арыс, 2002. – 224 б.

4. Аманшин Б. Жыр – семсер. – Алматы: Арыс, 2004. – 280 б.

5. Аманшин Б. Жайық желі. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1974. – 296 б.

6. Аманшин Б. Аманшин Б. Махамбеттің тағдыры: Роман және әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 400 б.

ҒТАХР 03.61

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА ҚАТЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

Борашева Ляззат Радиковна
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» ББББ 2 курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
brshva@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының үйлену тойына қатысты әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері қарастырылады. Қазақтың үйлену салты – ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Мақалада отау тігу, отқа май салу, шаңырақты көтеру босаға майлау, беташар, неке қию сынды дәстүрлердің мәні мен мағынасы баяндалады.. Осы әдет-ғұрыптар қазақ халқының отбасы құндылықтарын дәріптеуге, туыстық байланысты нығайтуға және ұлттық болмысты сақтауға бағытталған.

Түйін сөздер: Қазақтың үйлену дәстүрі, әдет-ғұрып, құда түсу, қалыңмал, неке қию, беташар, үйлену тойы, ұлттық мәдениет, отбасы құндылықтары, салт-дәстүр.

Қазақ халқының үйлену тойы – ұлттық мәдениеттің, салт-дәстүрлердің және ата-баба мұрасының жарқын көрінісі. Бұл салтанат ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен рәсімдер жиынтығын қамтиды, және әрбір кезеңінде өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазақ тойы – тек екі жастың отау құруы ғана емес, сонымен қатар екі әулеттің, екі рудың, екі шаңырақтың өзара байланысын нығайтуға бағытталған маңызды қоғамдық оқиға. Үйлену тойында орындалатын түрлі салт-жоралар мен әдет-ғұрыптар тек қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетін ғана емес, сонымен қатар халықтың өмір салтын, дүниетанымын, философиясын көрсетеді. Той барысында орындалатын рәсімдер жастарды үлкен өмірге дайындап, оларды отбасылық құндылықтарды қадірлеуге, бір-біріне деген құрмет пен махаббатты сақтауға үйретеді.

Адам өміріндегі ең бір қызықты да, қуанышты да ұмытылмас белең — оның үйленіп, жеке отау тігуі. Ұрпақтарының үлгілі отбасы құруы – сол жастардың ата-аналары мен ауыл адамдарының ғана тілек-талабы емес, қоғамдық қажеттілік. Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Қоғамдағы әр отбасының босағасы берік, мерейі үстем болмай мемлекеттің мықты болуы мүмкін емес.

Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Бұл әдет-ғұрыптар ұрпағының келешегін, нәсілінің болашағын ескеруден туындаған.

«Отау тігу» (рәсім). Ұлтымыздың мәдениетінде «отау көтердің» деген сөз бар. Ол «үйлендің, жұпты болдың» деген мағынаны білдіреді. Демек, үйленумен бірге отау көтерілуі тиіс. Әдетте ұлы үйленетін, қызы тұрмысқа шығатын ата-ана алдымен отау дайындайды. Бұрын қыз жасауына отау қосыла беретін. Отау жас отбасының бақыт шаңырағы болып саналатындықтан оны барынша әсемдеп, әдемілеп әзірлеу аз шаруа емес. Оған көрші-көлем, жақын туыс, нағашы-жиендер тегіс араласады. Кесе, аяқтан бастап үй киізіне дейін әкеледі. Сөйтіп бүкіл ауыл болып отау көтеру әрі қызық, әрі міндетті іс. Отау алғаш тігілгенде оны құрметті әрі елге сыйлы аналар бастайды. Шаңырақты да бақанға ақ мата байлап, ел ағалары көтереді. Отқа май құйылып «босаға майлау» жасалады. Алғашқы дастарқан жайылып, оған мол тағам қойылады. Кіргендер шашу шашып, «құтты болсын», «іші жанға, сырты малға толсын» деген тілекпен

қуанышын білдіреді. Жақын туыстар отауға көрімдік әкеліп, мал атайды, бағалы мүліктер сыйлайды.

Жас отау әке үйінің оң жағына тігіледі. Бұл үйге жасы үлкендер шақырусыз кірмейді. Ал жастар мен балалар қызықтап, осы отауды төңіректейді. Ауылдастар мен жанашырлар жас отау түтінінің түзу шығуын, жаңа үйленгендердің тұрмыс-тіршілігін сырттай бақылап, келінге баға беріп отырады. Жас келін ерте тұрып өз үйінің ғана емес, жанындағы іргелес үйлердің де түндігін ашуы оның әдептілігі мен мәдениеттілігін білдіреді.

Шаңырақты көтеру балалы-шағалы, үрім бұтағы өскен, елге беделді, салиқалы адамға жүктелген. Бұл жерде жаңа түскен келінге "осы ананың жолын берсін" деген ырымды көздеген. Отау ішінің жиһаздары жиналған [1, 295 б.].

Жас келіннің күймесі жігіт аулына жақындағанда ***«сүйінші»*** сұрауға салт аттылардың біреуін шаптырады. Қыздың жасауын артқан күйеу жігіттің керуені елге жақындаған кезде, серіктерінің бірі топтан бөлініп шығып: «Сүйінші! Сүйінші!» деп ауылға шапқан. Ол жас келінді түсіретін үйдің алдына шауып келіп, күйеу жігіттің әке-шешесінен қуантқаны үшін сыйлық алған. Сағына күткен хабар жеткен соң, ауылдың қыз-келіншектері атқа салт мініп керуенді күтіп алуға шығатын болған. Қалыңдығының атын жетектеген күйеу жігітті көргенде, олар оған: «Құсың құтты болсын!» деп бақыт тілеп, көшіне қосылған. Сосын ауылдың шетіне жеткенде қыз-келіншектер жас келінді қоршалай шымылдықпен бүркеп, ауылдағы бір үйге түсірген. Екі жеңгесі үлкен жаулықты бетіне бүркей жауып, келінді жерге түсіреді. ***Шашу шашылады.*** Жас келінді көріп, көрімдігін бергеннен соң, жігіттің әке-шешесі ағайын-туғандары мен көрші-қолаңды беташарға шақырған. Хабар тиісімен бұл рәсімге туыс-жекжат, ескі құдалар да алыстан ат сабылтып тезірек жетуге асыққан [1, 95 б.].

Беташар рәсімі жас келінді мерекелік атына мінгізіп ауылды аралатудан басталған. Осы кезде ауылдың егде әжелері мен күйеу жігіттің үлкен жеңгелері ыдысқа салған бауырсақ, құрт-ірімшік, өрік-мейіздерін жас келіннің үстіне жаудыра, шашу шашатын болған. Шашуға тиын-тебен, майда шақаларды да пайдаланған. Жас келіннің жүрген жолында төгіліп жатқан шашуды көтеріп алуды үлкен де, кіші де жинап алып, «Тие берсін!» деп ырымдап үйлеріне алып кететін болған. Алайда шашуға бәрінен бұрын ауыл балалары қарық болған [2, 96-98 бб.]. Беті бүркемеленген келін тойшыларды қақ жарып өтіп, жігіт әкесі үйінің табалдырығын оң аяғымен аттайды. Келесі күні ол қайын атасы мен енесінің үйіне келіп, кірерде есік босағасына маңдайын тигізу ырымын жасаған. Бұдан кейін жас келін табалдырықты оң аяғымен аттап, үш мәрте бас иіп тағзым еткен. Осыдан кейін енесі ұстатқан ожаудағы ерітілген майды отқа құйған. Осы кезде «От ана, Май ана, жарылқа!» деген тілектер айтылған.

«Отқа май салу» (салт). Келін табалдырықты аттардың алдында енесі маздап тұрған отқа май салады. Бұл қазақта сонау отқа табынғаннан бері келе жатқан салт. Қазір сирек, дегенмен кейбір көнекөз қариялары бар үйлер әлі де істейді. Бұнысы, бір жағынан отты қастерлеудің нышаны болса, екінші жағынан, белдеуінен ат, төрінен қонақ кетпесін дегенді меңзегені. Расында да, төрде шалжиып қонақ жатқан соң оларға ет асу, шай қайнату керек емес пе. Ал бұл үшін, әрине, ошақтың оты маздап тұруға тиіс. Әрі мұндайда май құйған оттың керемет маздайтыны және белгілі. Оның үстіне, қазақта «отың өшпесін» деген тілек те бар. Бұл да ұрпақ жалғаса берсін, дастарқан жиылмасын дегенді меңзесе керекті.

«Босаға майлау» (дәстүр). Келін табалдырықтан оң аяғымен аттаған соң жақын туыс әйелдердің бірі табалдырықты, босағаны майлайды. Бұл жастардың өмірі майдай жұғымды, аралары тату-тәтті, бір-біріне жұмсақ болсын деген тілекті білдіреді. Бұл дәстүрді орындаған адамға кәде жасалады [2, 46 б.].

«Той бастар» (дәстүр). Әр той дағдылы «тойбастар» жырымен басталады. Тойды әдеттегідей өлеңмен бастағаны үшін толымды сыйлық беріледі. Ол өлең де «тойбастар» деп аталады. "Тойдың кешкі ойынын өлеңмен бастайды. Сонда айтылатын

өлең "тойбастар" деп айтылады. (А. Байтұрсынов). Тойдың сәні «тойбастарды» әнші жігіт не қыз бастайды. Той бастағаны үшін жігіт (не қызға) той иесі алғыс айтып, «тойбастар» яғни сый-сияпат ұсынып, құрмет көрсетеді. «Той бастарды» бұрын елге белгілі ақындар мен әншілер бастаған. Мысалы, Баймағанбет сұлтанның Ақылқанықей деген қызы ұзатылғанда той бастарды атақты Шернияз ақын айтқан. Ел ішінде әдебиетімізде "Тойбастардың" көптеген жақсы үлгілері бар [3, 20 б.].

«Жар-жар» (дәстүр). Отау құру тойында жастарға арнап айтылатын той әні. Бұл ән ел арасында өте танымал, кез келген қазақ жатқа біледі десек артық емес. Ұзатылған қызды барар жері құшақ жайып қарсы алатындығы, барлығының келінді жақсы көретіндігі әуенмен айтылады. Осы өлеңнің аты «Жар-жар» деп аталады. Бұл өлеңді бүкіл халық жатқа біледі. *«Жар-жар»* – үйлену салтына байланысты айтылатын тұрмыс-салт жырларының бірі. Ұзатылатын қыз тойында қыз-жігіттер тобы келетін қыздың көңілін аулау, бара жатқан жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңмен айтысады. Сонымен бірге, олар қыздың бақытты, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан «Жар-жар» қызықты болып есептеледі. Ауыз әдебиетінде «Жар-жар» айтысы оның жалғасы «Ау-жар» айтыстары бар» [3, 343 б.].

«Беташар» (дәстүр). Беташар әр жерде әр түрлі өтеді. Кейбір жерлерде күндіз туған туыстарына той жасалып, барлық туыстары жиналған соң беташар жасайды. Ақын жігіт той басқарушы мен той иелерімен ақылдаса отырып келінге сәлем салғызатын адамдардың тізімі мен отбасындағы орындарын жазып алады. Өлеңге қосып, әр қайсысының атын шатастырмай айту үшін дайындалып алады. Басына бетін көрсетпей орамал жапқан келінді екі абысыны екі жағынан сүйеп алдын ала дайындап қойған жерге алып шығады. Екі жағында тұратын келіндер жас келінге ең жақын абысындары болуы қажет. Мұның өзі абысындарының өзінен кейінгі келінге көрсеткен өнегесі, әрі абысындар арасындағы сыйластықты бір-біріне білдіру жолы болып табылады. Өйткені «келіннің бетін кім ашса сол ыстық» деген сөздер алғаш келген келін сәлем салғанда демеген абысындарға да қатысты. Бұл кезде келінді сүйеп ұстап тұрған жас абысындары да келінмен бірге сәлем жасап, келінге үлгі көрсетеді. Бет ашуға дайын тұрған ақын, көпшілік алдында келінге және көпшілікке арнап өлең айтады. Келіннің жан-ұядағы орнын айта келе, жаңа түскен жеріндегі жігіттің жақын туыстарымен таныстырып сәлем бергізеді. «Беташардың» мағынасы енді қыздың жаңа жанұяға келіп, қызметінің өзгергенін білдіреді. Қыз күнінде жасаған қылықтарын тастап, әдепті келін болуы жайлы осы жерде айтылады. Айтылатын өлеңнің мазмұны жалпы үлкендер алдындағы инабаттылық, әдептілік міндеттерін сипаттап ақыл айту. «Беташар» айтатын адам жанұяға жаңа келген келінге осы екі жастың қуанышын тойлауға келгендердің қайсысының кім екенін, қандай туыстық жақындығы бар екендігін айту. Ата-енесімен қайын аға, қайын апа, қайын сіңлі, қайын інісінің беделін, қадір-қасиетін таныстырады да, тізе бүктіріп сәлем салғызады. Жақын ағайындарының атын атап оларды да таныстырады. Ата-енесінің айтқандарын екі еткізбей, құрметтеуін айтады. Туған-туыстары қонаққа келгенде қабақ шытпай қонақжайлылық танытуын, қадірлеуін де айтып кетеді. Сәлем алған адам жас келінге беретін сыйын атайды да сәлем салғызған ақынды да құр қол қалдырмайды. Ақын жігіттің алдына сыйлықтарын қояды немесе ақшалай тастайды.

Қазақстандық этнографтардың сөзінше, әйел баласы ес тоқтатып, отбасылық өмірге қадам басқанда, келін болып түскенде беташардан кейін енелері басынан сәукелесін шешіп, ***ақ орамал салған*** [4, 125 б.].

«Бие қысырмас» (кәде). Отқа май салынып, келіннің беті ашылғаннан кейін сол жақтағы келінді енесі қасына шақырып алып, оң жаққа отырғызады. Сонан соң ортаға ақ бұл (мата) тастайды. Оны отырғандар бөліп-бөліп алады. Үйлеріне апарып сабаларының аузына байлайды. Мұндағы мән: біріншіден, келінді өзінің қызындай көретіндігін білдіріп, оны өз қызы отырған қадірлі орынға лайық еткені, екіншіден,

ортаға ақ бұл тастап оны бөліп бергені, қазақта ең қастерлі түлік – жылқы, астың қадірлісі — қымыз, осы екеуі түтін басынан үзілмесін дегені.

«Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» дегенді әлімсақтан бері айтып келе жатқан қазақ келін түскеннен кейін бар келешекті соған байланыстырып жориды. Келіннің келуін биенің қысыр қалмауымен тоқайластыруы да сондықтан. «Табысы құралмайтын жігіттен, құрсағы құр жатпайтын бие артық» дейтіні де содан. Бие қысыр қалмаса одан ұлттық шарап (қымыз) да, жауға атойлап шабатын саңлақ та, қазы мен қарта, жал мен жая да болатынын қазекем жақсы біледі. Осыны ескерген қазақ халқы «бие қысырмас» кәдесіне үлкен мән берген [4, 59 б.].

«Құттық» (дәстүр). «Құттық» – құттықтау деген сөздің мағынасын білдіреді. Той өтіп, құдалар аттанған соң ауылдың бойжеткендері келіп той иесіне қайырлы болсын айтып, «құттық» сұрайды. Бұл қыз-келіншектерге лайықты әшекейлер: сырға, сақина, білезік, т.б. болады. Бұл жақсы дәстүр. Кейде «құттық» алу үшін әдейі ат басын бұрып, басқа ауылдардан келушілер де болады. Алыстан келгендерге жақсы сыйлықтар, қымбат киімдер, т.б. беріледі. Мұндай сыйлықтарды көбіне бай адамдар жасаған. Бұл дәстүр қазақ халқының жомарттығын, мырзалығын көрсетеді [5, 301 б.].

Үйлену тойының ең жауапты кезеңі – ***қыз бен жігіттің некесін қию.*** Некені молда оқиды. Неке оқылғанда сол үйге адам сыйғанынша отырады. Бұлар – екі жастың қосылғандығына куәгерлер. Неке суы үлкен кесеге құйылып, неке дұғасы оқыларда суға тұз, қант, сақина, жебе салынады. Су екеуінің бір-біріне судай таза пәк болуына, тұз некеге опасыздық жасаса дәм ата-дыға, қант екеуінің тату, тәтті өмір сүруіне, ал сақина мен жебе некенің ескерткіші ретінде салынған. Неках (неке) дұғасын оқыған молда «Бәленше қызы түгеншені әйелдікке алуға риза ма екен, күйеу жігіт бәленше ұлы түгіленше?» деген сұрақ. қойып, тостағанды алдында отырған жігітке ұсынады.

Куә, куә, куәдүрміз
Куәлікке жүрәдүрміз.
Таңда маһшар алдында,
Бүгінгі халық алдында,
Ақ куәлігін бередүрміз, - деп ант беруші куәгер үш жігіт күйеуге барып: «Бәленшенің қызы түгіленшені әйелдікке алуға ризасыз ба?» деп тостағанды ұсынады. Күйеу жігіт тостағандағы судан бір ұрттап, ризашылығын білдіреді де қайтып береді. Осы ретпен қыздан да ризашылығын сұрау ырымы қайталанады. Некенің берік болуы үшін молда дұға оқып, тостаған түбіндегі бұйымдарды қалыңдыққа ұсынады. Жігіт жүзікті алып қыздың сұқ саусағына кигізеді. Қыз жебені алып жігіттің кісесіне салады. Бұл – серт байласу, өмірлік адал жар болу, бір-бірінің «үйде де, жорықта да тілеушісі, жанашыры болдық» деген ырым.

Той иесі неке оқыған молдаға ақшалай немесе малдай ақы төлейді. Үлкендер отырған үйде ақындар айтысып, жыр-термелер айтылып, жас жұбайларға тағы да тілек тілеседі. Той өткен соң құда мен құдағиларға киіт кигізіп, түйе жетектетіп, ат мінгізіп, құрметпен шығарып салады [5, 163 б.].

«Түйін» (дәстүр). Жаңа түскен жас келінге енесі өз білгендерін үйретіп, еңбекке, үй-ішінің жинақылығына үйрету ежелгі ел дәстүрі болған. «Жақсы ауылға келген келін - келін, жаман ауылға келген келін-келсап» деу біреудің жас баласын тәрбиелеп адам қылу бүкіл ауылға, әсіресе енеге үлкен сын екенін білдіруден шыққан. Парасатты әжелердің «Келініңді қызындай көр, қызың да келін болмас па?» деуі немесе «Келіннің өнегелі болуы-енеден» деуі үлкендерге де жауапкершілік артудан туған ой-пікірлер. Өз білгенін келініне үйретіп, өнегелі, көргенді келін атандыруға енелер де тырысқан. Енесі, жеңгелері жаңа түскен келінге айтатын күйеуіңнен басқа ер адамдарға қолыңның ұшынан баска денеңді көрсетпе, жалаң бас, жалаң аяқ жүрме, еркектің жолын кесіп өтпе, үлкендер отырған үйге баса көктеп кірме, оларға шай құйғанда бір тізерлеп отыр, қонақ келгенде ыдыс-аяқты салдырлатып, баланы жылатып, дауыс көтеріп ашу шақырма, үлкен үйдің төріне шықпа, төсегіне жатпа, нанды бір қолмен

үзбе, жер таянып отырма, киімінді желбегей жамылма, т. б. өсиеттердің бәрі өнеге, тәлім-тәрбие [6, 164 б.].

«Төркіндеу» (дәстүр). Мұның негізі «төркін» деген сөзден шыққан. Ұзатылған қыздың төркін жұртына арнаулы (ресми) түрде баруы “төркіндеу" деп аталады. Мұндай жағдайда қыздың барлық туған-туыстары оны қонаққа шақырып, құрмет көрсетіп, қалаған затын беріп риза етіп аттандыруға тиіс. Төркіндеу әр қыздың парызы және ол бір-ақ рет төркіндеп баруға хақысы бар. Төркіндеудің халықтық, дәстүрлік маңызы зор және ол әйелдерге ғана тән ұрып. Дәстүрімізде қыз төркіндеп, күйеу қайындап, жиен нағашылап барады [5, 23 б.].

«Келін шайы» (рәсім) – беташар айтылып болған соң сол үйге жасы үлкендер, көрші-қолаңдар жас келіннің қолынан «шай ішу» рәсімін өткізеді. Келгендерге келін қолынан әзірленген дастарқан жайылып, келін шай құяды. Бұл кезде жас келінге өзіне тетелес сол үйдегі не жақын абысыны көмекке келеді. Абысын-ажын арасындағы болашақ татулық осы арадан басталады. Дастарқан үстінде келіннің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына назар аударылып, жас келін алғашқы сыннан өтеді. Соңынан жасы үлкен, халыққа қадірлі қария келінге бата берген. «Келін шайы» рәсімінің мәнісі жаңа түскен келінге шай құйдырту арқылы оның үй шаруасына икемдігін сынау және келінді жаңа туыстармен таныстыру. Келген қонақтарға келін жылы қабақпен, жылы жүзбен, инабатты пейілмен шай ұсынады. Әрине, шай демдеудің, оны кеселерге құюдың жөн-жобасын келін білмеген жағдайда абысындар көмектеседі. Бұл бір жағынан әлі ешкімді танымайтын келіннің абысын-ажынмен тезірек танысып, алыс-беріс жасап кетуіне жақсы. Сонымен қатар бұл дәстүр келін мен абысындар арасын бірден жақындастырады. Келгендер қолтығына бір-бір көйлектен, шай-қанттарынан, орамалдарынан қыстыра келеді. Тіпті кейбір жақын әрі кербез абысындар жүзік, сырға да салып кетеді. Адамдар арасындағы бауырмалдықты тез қалыптастыратын мұндай отырыс дін шарттарынан шықпағанын есте ұстағанымыз абзал. Қазақ әйелдерінің ырысты ынтымағынан хабар беретін «келін шайда» жақсы, ұлағатты әңгімелер айтылғаны дұрыс. Келін туралы Зейнеп Ахметова апамыз бір жазбасында: «Келін тек қана күйеуге ие болмайды. Ол қайын ата, қайын ене, қайны, қайынсіңлі, қайнаға мен абысын, тағы да басқа толып жатқан туыстарына, бүкіл әулетіне ие болуға барады [7].

Ежелгі ел дәстүрі бойынша келін алдымен түскен жерінің үлкен-кішісіне, еркек-әйеліне өзінше ***«ат тергеу» (дәстүр)*** (еркем, кішкене қайным, т. б.), ол аттардың қисынды, тапқырлық- пен қойылуы жас келінге сын болған. Бұл жас келінді әдептілікке баулудың бастамасы болып саналған. Ұлт дәстүрі бойынша әйелдер атасының, қайнаға, қайнысының, қайынсіңлісінің атын атамай, өзінше лайықты ат қойып «бай атам», «би атам», «мырза қайнаға», «төрежан», «тентегім», «еркем», әйел болса «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым», «күлімкөз» деп атайды. Жеңгелер жағы небір күлкілі аттар да қоя береді. Мысалы: тапалды «сұңғақтым», жайбасарды «жүйрік» дейді. Мұның бәрі шын мәнінде сыйластық пен құрметтің ерекше бір белгісі болып табылады. Ер адамдар да ақсақалдар мен өзінен үлкендерді «ата», «әже», «шеше», «апа», «Ереке», «Аха», «Жәке», «Сәке» деп құрметтеген. Бұл да осы ұрыптың бір түрі. Ат тергеу – біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, көргенділік, кішіпейілдік қасиеттерінің биік көрінісі. Өзінен үлкен адамның атын тура атау анайылық болып табылады. Әдебиетте бірінші рет Н.И. Ильминский «Күйеуінің туыстарының атын келін еш уақытта атамайтын. Оның аға-інілеріне, апа-қарындастарына арнайы ат қоятын...» деп ат тергеу туралы жазған. Келін тарапынан ат тергеу күйеу туыстарының жасына, жынысына, туыстық қатынасының алыс-жақындығына байланысты. Бұл арада келінннің тапқырлығы, байқағыштығы да оған көп көмек беретін. Өйткені әркімнің әр түрлі сырттай, іштей ерекшеліктеріне, мінез-құлқына қарай ұнамды ат қоя білу кез келген кісінің қолынан келе де бермейтін.

Егер жас келін сол әулеттің, сол елдің үлкен адамдарының атын атап қалса, ол тәрбиесіздік, құрметсіздік саналып, үлкен сөгіске қалады, қатал сынға ұшырайды. Ат

тергеу дәстүрі қазақ келіндерінің ибалы-ибасыздығын, текті-тексіздігін, сұңғыла-сарамастығын, тілге шешен-шорқақтығын сынайтын қатаң өлшем [8].

Қазақ халқының үйлену тойы – ұлттық мәдениеттің маңызды және бай саласы. Бұл салт-дәстүрлер тек қуаныш пен бақытты ғана емес, сондай-ақ екі отбасының бірігуі, әлеуметтік байланыстардың нығаюы мен ұлттық бірліктің нығаюын білдіреді. Үйлену тойы арқылы қазақ халқы өзінің мәдени мұраларын сақтап, ұрпаққа жеткізіп отырады. Қалың мал, құда түсу, қыз ұзату, күйеу шығару және басқа да салт-дәстүрлердің әрбірі қазақтың дүниетанымын, отбасы құндылықтарын және қоғамдағы орныққан моральдық ережелерді көрсетеді.

Қазақ халқының үйлену тойы – бұл тек екі адамның өзара қарым-қатынасы ғана емес, ол сондай-ақ ұлттың рухани және әлеуметтік өмірінің айнасы болып табылады. Әрбір ғұрып пен дәстүрдің өзіндік терең мәні мен символы бар. Осы арқылы жастарға жауапкершілік, сыйластық, өзара түсіністік және ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңызы түсіндіріледі.

Қазіргі заманда қазақ халқының үйлену тойы жаңа дәстүрлермен жаңарып, әлемдік мәдениетке де үлес қосуда. Бірақ, ұлттық дәстүрлердің сақталуы және оларды жаңаша формада өткізу арқылы жастардың ұлттық мәдениетті мақтан тұтуы және оған құрмет көрсетуі өте маңызды. Осылайша, қазақ халқының үйлену тойы – ұлттық бірлікті сақтаудың, мәдени мұраны қастерлеудің және ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтудың айқын көрінісі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тауұлы Ә. Қазақ салт-дәстүрлері. – Алматы: Балауса баспасы, 2017, – 384 б.
2. Оспанұлы Е. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: Балалық шақ, үйлену. – Алматы: Қазақстан, 2009, – 107 б.
3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012, – 384 б.
4. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар баспасы, 2005, – 216 б.
5. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Алматыкітап баспасы. 2010. – 312 б.
6. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994, – 221 б.
7. Келін шайы – ұлттық дәстүр белгісі. – URL: https://anatili.kazgazeta.kz/news/45856
8. Ат тергеу. – URL: https://bilim-all.kz/article/10532-At-tergeu

ҒТАХР: 06.81.23
ӘОЖ: 94(574)

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫНА БАНКІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТАУЫ

Гиниятова Нурлы Жаркынгалиевна
М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» ББББ 1-курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
nurly.giniyatova.87@mail.ru

Қазіргі заманғы мемлекеттің тұрақты дамуы тиімді қаржы жүйесінсіз мүмкін емес. Қаржы жүйесі ел экономикасының барлық салаларын біріктіретін, ұлттық табысты қайта бөлуді қамтамасыз ететін және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттейтін маңызды тетік болып табылады. Осы жүйенің өзегінде банк институттары орналасып, олар капитал қозғалысын ұйымдастыруда, инвестициялық белсенділікті арттыруда және халықтың әл-ауқатын жақсартуда айрықша рөл атқарады.

Банктер экономиканың нақты секторын қаржыландыру арқылы өндірістің дамуына, кәсіпкерліктің кеңеюіне және жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді. Сонымен қатар, банк жүйесі мемлекеттің қаржы саясатын іске асыруда, бюджет қаражатының тиімді бөлінуін қамтамасыз етуде және ақша айналымының тұрақтылығын сақтауда негізгі құралдардың бірі саналады. Осы тұрғыдан алғанда, қаржы жүйесі мен банк мекемелері елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық өсімінің басты факторларының қатарынан орын алады.

Қазақстан жағдайында қаржы жүйесінің қалыптасуы тарихи тұрғыдан алғанда мемлекеттің экономикалық дамуымен тығыз байланысты болды. Алғашқы қаржы және банк мекемелерінің құрылуы қоғамдағы шаруашылық қатынастардың күрделенуіне, сауда-саттықтың кеңеюіне және мемлекеттік басқару қажеттіліктерінің артуына жауап ретінде жүзеге асты. Сондықтан да Қазақстандағы алғашқы қазына банктерінің тарихын зерттеу елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының бастапқы кезеңдерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Тәуелсіздігімізді алып, ұлттық тарихымызды жаңаша көзқараспен зерделеуде қазақ жеріндегі алғашқы қаржы жүйесінің бастамасы болған Жаңгір негізін қалаған Қазынашылық мекемесінің құрылу тарихы мен қызметін зерттеу өзекті тақырып саналады.

XIX ғасырдың аяғына қарай Ресейдің Орталық губерняларының, Оралдың, Батыс Сібірдің индустриялық қуатының қаулап өрлеуіне байланысты және шектес аймақтардағы өнеркәсіп дамуының ықпалына ұшырай отырып, кең-байтақ өлке болып жатқан өзгерістерден қағыс қала алмады.

1898 жылы негізгі аумағы Торғай облысының құрамына кірген солтүстікте өндірілген тауарларының сомасы 99 090 сомға жетіп, 272 «өнеркәсіп орны» жұмыс істеді. Өндірістің өңдеуші сипаты назар аудартады: облыста 42 былғары, тон, май қорыту, сабын қайнату зауыттары, 202 диірмендер мен май шайқау зауыттары, 1 мыс балқыту зауыты, 1 мұнай зауыты жұмыс істеп, кіріс келтіру мөлшері жөнінен диірмендер жетекші жағдайда болған [1, 81 б.].

Өнеркәсіптің дамуы, қалалардың кең-байтақ өлкенің экономикалық өмірі орталықтарына айналуы, акционерлік қоғамдардың құрылуы және шығармашылық жүйесіндегі басқа да өзгерістер банк мекемелері желісінің кеңеюін көп жағынан тездетіп, экономиканың дамуындағы негізгі сатып алу-сату құралы ретінде ақшаның рөлін күшейтті.

Қазақстанда ашылған алғашқы банктердің бірі 1866 жылы Бөкей Ордасында құрылса, 1871 жылы Петропавлдағы негізгі капиталы 40 000 сом болатын қалалық қоғамдық банк іске қосылды.

Ал 1875 жылы Ташкентте Мемлекеттік банк бөлімшесінің құрылуы құрамына Жетісу облысы кірген бұкіл Түркістан генерал-губернаторлығы үшін елеулі оқиға болды. Мемлекеттік банктің осындай бөлімшелері Қазақстанның сауда орталықтары мен қалыптасып келе жатқан өнеркәсіп орталықтарында: Оралда (1876 ж), Петропавлда (1881 ж.), Семейде (1881 ж.), Верныйда (1895 ж.) жұмыс істеді [2, 337 б.].

XIX ғасырдың бірінші жартысында Бөкей Ордасында билік жүргізген Жәңгір хан қазақ қоғамындағы мемлекеттік басқару, білім беру, экономика және рухани-мәдени өмірін жаңғырту бағытында ауқымды реформалар жүргізген бірегей тұлға болды. Ол дәстүрлі көшпелі шаруашылықты сақтай отырып, Еуропалық үлгідегі әкімшілік басқару жүйесін енгізуге талпынды. Жергілікті халықтың тұрмысын жақсартуға, салық жүйесін реттеуге, сауда қатынастарын дамытуға, білім мен медицина салаларын жолға қоюға бағытталған реформалары арқылы қазақ даласында жаңаша қоғамдық өзгерістердің басталуына негіз қалады. Хан 1835 жылы мешіт салдырып, 1838 жылы дәріхана, архив ашып, 1841 жылы пошта-телеграф байланысын орнатты. Сонымен қатар 1841 жылы жаңа мектептің іргесін қалап, хандардың арасынан алғаш болып Қазан университеті ғылыми кеңесінің құрметті мүшесі болып сайланды. Хан Жәңгірдің алғашқы қазынашылық қызметті іске қосу, тұрғындарға медициналық екпе салдыру, құм басудың алдын алу мақсатында қарағай отырғызу сияқты игі істерді жүзеге асырды [3]. Жәңгір хан Нарын құмының жиегіндегі Жасқұс елді-мекенінен 1826 жылдан бастап қала салуды да қолға алады. Сәулетші Тафаев бастаған құрылысшылар бірнеше жылда хан қалашығының іргесін көтереді. Қарағайдан салынған сәулетті үйлердің сықырлауық қақпасы, оған орнатылған май шамдар, шаһар ортасындағы мұз айдыны ордаға сән, көрік дарытты [4].

Жәңгір хан — экономиканы дамыту үшін ақша айналымының маңызын түсінген алғашқы қазақ саясаткерлерінің бірі болды. Ол тек хандық аумағында ақша белгілерінің айналымын енгізу шараларын қабылдап қана қойған жоқ, сонымен қатар іс жүзінде ақшаның қаржы құралы ретіндегі мүмкіндігін дәлелдеді. Жәңгір ханның басқа қазақ хандарынан ерекшелігі оның еуропалық өмірмен жақсы таныс болуында. Астрахань губерниясында білім алып, кейін елге оралған соң ауыл шаруашылығына қатысты газет-журналдарды оқыған ол экономика саласын жетік меңгерді. Сауда жүйесінің дамуына да көңіл бөлді [5]. Ордада сауданың дами бастағаны туралы М.Бабажанов өзінің «Қырғыздың қырғыздар туралы жазбаларында» былай деп атап көрсетеді. Онда: «...тағы бір ең қуатты түрткі — сауда болды. Қырғыздар (қазақтар) даланың дәл ортасында орыс, татар, армян және өзге де саудагерлермен кездесе бастады, бұл олардың тауарға және саудаға еркінірек үйлуіне мүмкіндік берді. Айырбас тоқтап, малды ақшаға сата бастады және сол ақшаларға кейін тауар сатып алатын болды... Сауданы жақынырақ әрі тереңірек зерттей келе, қазақтар өздеріне түкке керегі жоқ — тері, жүн мен қыл — саудагерлер үшін ақшаға айналатынын байқады... Қазақтар алыста өзге де саудагерлер бар екенін, әрі олардың тауарлары арзан, ал қазақ өнімдері қымбаттырақ бағамен қабылданатынын білді... Осылайша соңғы 15 жыл бойы олар түйелерді Орынборға айдап апарып, жергілікті сатылымнан бір жарым есе көп пайда табуда. Қазір Орда төңірегіндегі 900 шақырымға дейінгі барлық жәрмеңкелерді қазақтар толық жатқа біледі».

1806 жылдың өзінде екі қазақ старшыны өз тауарларын әйгілі Макарьев жәрмеңкесіне жібереді. 1812 жылы маусым айында Қаржы министрі Гурьев Бөкейді өзіне бағынышты халқымен бірге Орал қаласының жанында айырбас саудасын жүргізуге рұқсат берді. Ал 1827 жылдан бастап Орынбор генерал-губернаторы Эссеннің бұйрығымен Орынбор кеден басқармасы саудамен айналысқан қазақтарға

жеңілдіктер ұсынды. 1828 жылы Гурьевтің нұсқауы бойынша 200 платина тиын ордалықтарға ұсақтау мен тарату үшін жіберілді.

Ханның сұрауы бойынша 1832 жылғы 17 мамырда Министрлер комитеті Нессельроденің ұсынуымен жәрмеңке өткізуге рұқсат берді. Осылайша Хан ордасы кешікпей сауда орталығына айналады және хан жәрмеңкесі зор танымалдылыққа ие болды. Жәрмеңкені өткізу мерзімі жыл сайын 9-25 мамыр және 14-25 қыркүйек аралығында болып бекітілді. Оның сауда айналымы жыл сайын өсіп, 1836 жылға қарай 2 миллион сомға жетті.

1825-1829 жылдары Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Бөкейұлының өтініші бойынша Шекаралық комиссия қорының қаржысынан өзара келісіммен 16 мың рубль мөлшерінде ақша берілген. Бұл несие бір жылға беріліп, уақытында толық өтеліп отырған. Жәрмеңкелік сауданың дамуының арқасында Хан Ордасы XIX ғасырдың 50-жылдарына қарай сауда-дайындау және тарату орталығына, кейінірек Бөкей хандығының саяси-әкімшілік әрі мәдени-экономикалық орталығына айналды.

Жәңгір хандық құрған тұста Бөкей Ордасы үш жақты: Орынбор губернаторы мен шекара комиссиясына, мемлекеттік мүлік министрлігі мен Астрахан губернаторына бағынышты болатын. Ол патша үкіметінің жергілікті жердегі билігін жүзеге асырушы өкілі болғанымен ішкі істерін олардың қатысуынсыз өзі жүргізді. Жәңгір негізінен қаржы-салық саясатын, жерді пайдалану мен шаруашылық құрылымының тәртібін анықтау, әкімшілік, сот және заң шығару өкілетін өз қолына алады. Бұрын Бөкей мен Шығай билік еткен тұста халықтан жиналған қазына салығы үкімет қарамағына түссе, енді Жәңгір бұл салықтарды Орданың өз қажетіне жұмсауға қол жеткізді. 1827 жылы сенатор Энгельге жазған хатында Жәңгір бұл салықтардың нақты қайда жұмсалатынан атап көрсеткен екен. Олар: әртүрлі айтыс-тартыстар мен хан ордасына келген қонақтардың жататын орны мен тамағына, көліктерінің жем-шөбіне, елді билеуші ақсақалдарға сый-сияпат тартуларға, жастарды оқытуға, Хан Кеңесін ұстауға, хан әулетіне сәйкес оның үй-іштерін киіндіріп, түрлі қызметкерлерді ұстауға жұмсалған [6, 141 б.].

Жәңгір тұлғасының маңыздылығы Орынбор генерал-губернаторы болып тағайындалған Василий Перовскийдің шешімінен де байқалды. Перовский Қырғыз Ордасын басқарудағы еңбегі үшін қазынадан берілетін ақшалай сыйақыдан бас тартқан, себебі ол: «Бөкей хандығында өз ісін жетік білетін ерекше дарынды билеуші бар» - деп санаған [7].

Халқымыздың басты кәсібі де, байлық көзі де мал және мал өнімдері болғаны белгілі. Орыс зерттеушісі Гебельдің 1834 жылғы мәліметінде Бөкей Ордасының мал саны мынандай ретпен көрсетілген: түйе - 99300, жылқы – 496500, ірі қара - 165000, қой- 8245000. Қазан университетінің профессоры Фукстың 1826 жылғы келтірген дерегінде әрбір орта дәулеті бар қазақта шамамен 1000 жылқы, 500-700-ге дейін сиыр, 300-400мың қой, 500-1000 дейін ешкісі, 200-300-ге дейін түйесі болған [8].

Ордадағы мал саны көрсеткішінің өзінен хандықтағы экономикалық жағдайдың қандай екенін білеміз. 1803 жылы 2 млн-дай мал болса, ал 1814 жылы 2026704 мал басы, ал 1825 жылға қарай 2572000 бас есептелген. [4] Ал 1820 жылғы дерек бойынша түйенің құны -80 сом, жылқы- 50 сом, ірі қара -40 сом, қой-10 сом, ешкі -5 сом тұрған болса, 1841 жылғы жәрмеңкеде түйе -100-130 сомға дейін, қой -10-14 сомға дейін, жылқы -250-350 сомға дейінгі бағамен сатылған екен [8].

Бөкей Ордасы қазақтарының негізгі сауда көзі де осы мал мен оның терісі, жүні болатын. Мысалы, 1833 жылы ұйымдастырылған жәрмеңкеге 562 971 мың бас мал әкелініп, 339 174 сомның тауары сатылды. Жылына 2 рет өтетін бұл жәрмеңкеде хан кеңсесінің мәліметі бойынша 1839 жылы даланың әр түкпірінен сатуға 4 122 бас ірі мал (түйе, жылқы, мүйізді ірі қара), 68 498 қой, 6 419 пұт жүн, 30 009 дана тері-терсек әкелінген. Ал өзге елдерден келген саудагерлер жібек, қағаз, нан, шай, қант, кірпіш, ыдыс аяқ және тағы басқа тауарларды әкелген [3]. Фукстың айтуынша Бөкей қазақтары

Ресейге әр жылы 300 мыңға дейін қой, үлкен мөлшерде ешкі түбітін, қой мен жылқы терісін, 100 мыңдай қоян терісін, сол сияқты түйе жүні мен киік мүйізін сатып отырған екен [8]. Үлкен сұранысқа ие ешкі түбіті, түйе жүні тәрізді бағалы тауарлар Ордадан Францияға да жеткізіледі [4]. Жәрмеңкеге 1845 жылы 1000 адам, ал 1847 жылы 1500 адам келіп, саудамен айналысқан. 1837 жылы 235 000 күміс сомға қазақтар 492 жылқы, 66 335 қой сатқан [3, б.9]. Сатып алушылар Мәскеу, Ярославль, Қазан, Саратов, Самара, Астрахань, Орынбор, Симбир, Тамбов, Воронеж, Чернигов, Нижегород, Кострома және басқа губерниялардан, сондай-ақ Хиуа, Самарқанд, Бұхарадан келген көпестер мен Орал казактары болды [7]. Хиуа, Бұқара хандықтарынан көптеген алыпсатарлар ағылып келіп, мал өнімдері мен аң терілерін алса, өздері жергілікті халыққа зергерлік жиһаз, тұрмыс жабдықтарын жеткізеді. Жыл тәулігінде мұнда 360 ләпке тұрақты жұмыс істеген [4].

Ханның өзі де орыс көпестерімен сауда байланыстарын ұстанған, мысалы, Ордада (1817 жылдан бастап) сауда жүргізген аса ірі астрахандық көпес Измайловты айтуға болады. 1832 жылы Измайлов қаржы дағдарысына ұшырап, оның мүлкінің тәркілену қаупі төнген кезде, Жәңгір ол жөнінде өтініш жасап, өз кепілдігін ұсынған. Айта кету керек, ханның Саратов қаласында өзіне тиесілі сауда ауласы (торговый двор) және Орынбор қаласында тұрақ орын-жайы болған [7]. Әр жылы Қазан губерниясынан екі мыңдай татар саудагерлері де сауда-саттық жасау үшін Бөкей Ордасына келіп отырған. Қазақтардың түрлі саудагерлердің алдауына түсіп қалмауы үшін де тәртіпсіздікті болдырмауды қадағалау үшін Жәңгір сауда саласын жақсы меңгерген сұлтанды базарға басшылық жасауға тағайындап отырды [8]. Базар сұлтанының міндеті – базар нарқын біліп отыру, сауда жасағандардан алым жинау, ал Ордадан тыс жерлерде сауда жасаған қазақтардың алданып қалмауын қадағалап, олардың мүддесін қорғау.

XIX ғасырдың орта кезінде Бөкей Ордасындағы сауда саласының дамуы тұрақты ақша қатынасын дамытқаны сөзсіз. Жәңгір хан ақша мәнін білген саясаткер ретінде орыс көпестерімен саудаға қатысты байланыстар мен іскер келісімдер жүргізген. Мысалға, бөкейлік қазақ келісілген уақытта қаржысын төлемесе, хан өзі төлейтін болып кепілдік берген. Ол Ішкі Орда территориясында ақша айналысына шаралар жасап, жағдай туғызып қана қоймай, оның құралы қаржы екенін іс жүзінде дәлелдеген. 1825-1829 жылдары Жәңгірдің өтініші бойынша Шекара комиссиясының қаржысынан 10 мың сом берілген. Несие бір жылға арналып берілген және мезгілінде жабылып отырған. Бұл сол кездегі қомақты ақша болды. Алынған несие бірден айналымға енген. Ол кездегі ақшалар бағалы металдардан болды. Әсіресе, алтын, күміс ақшалар. Кейіннен қағаз ақшалар шықты, онда ел басқарушыларының суреттері барлық атақ-дәрежесімен бейнеленді. Жәңгір хан енгізген бұл қаржылық басқару үлгісі — қазақ қоғамындағы алғашқы мемлекеттік бюджет элементтерінің пайда болуына негіз болды. [10, б.36-37].

Хан Жәңгір дүние салып, Орданың басқару билігіне Уақытша Кеңес келгеннен кейін қаржы-салық саласында кейбір өзгерістер енгізіледі. Жергілікті қазақтар бұрынғыдай салықты малдай емес ақшамен төлеуі тиіс болды. Әрі бұрынғы салықтардың көпшілігі қысқартылып, тек мал басына төленетін, түтін, зекет салықтары ғана қалдырылды. Мал басына салынатын салық түйе мен жылқыға - 27 тиын, ірі қараға - 14 тиын, қой мен ешкіге - 4 тиыннан салынған екен. Сондай-ақ жергілікті қазынаға сауда-саттық саласынан да көп ақша түсіп отырды. Жылда өткізілетін жәрмеңкелер де жәрмеңке комитеттері қатысушылардан сауда орындарын пайдаланғандары үшін орын ақысын және сауда жасауға рұқсат беретін құжаттар үшін де өтемақы алып отырған. Комитет 1887 жылы жәрмеңкеге қатысушылардан сауда құжатын бергені үшін 1623 сом 6 тиын, ал 1888 жылы тағы 1587 сом 61 тиын қаржы түсіріпті. Сауда орындарын пайдаланғандардан 5580 сом, одан тысқары участоктарды пайдаланғандардан 2790 сом 72 тиын ақша түскен [6, б.142]. Осылайша Бөкей Ордасында Қазақстандағы тұңғыш қаржы мекемесі - Қазынашылық ғимараты

Қазақстанның батыс аймағындағы Бөкей Ордасында 1866 жылдың 1 тамызында пайда болған. Бұл жөнінде 1867 жылдың 20 наурызында Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңестің Орынбор генерал-губернаторына 1866 жылға жасалған есебінің соңғы жағында канцеляриясының жұмысын талдаған кезде жасалған түйіндеменің: «Разрешаются ли вопросы учреждением при Ставке уже открыто с 1 минувшего августа» деген жауабында жазылған. Алайда қазынашылыққа қажетті қойма, оны күзететін күзетшілер, мұнда қызмет жасайтын штат, қызметкерлерге төлейтін жалақы мәселелері әлі шешімін таппай, бұл сұрақтар ағымдағы мәселелердің бірі болып, уақыт өте шешілген. Сондықтан оны қайта ашу қажеттілігі туындаған. 1867 жылдың 29 мамырында Мемлекеттік Кеңес осы жылдың 1 шілдесінен бастап казначействоны қайта ашу жөнінде шешім қабылдаған. Бұл туралы қаржы министрлігінің статс-секретары Рейтерн 1867 жылдың 6 маусымында Орынбор әскери губернаторына жазған №3748 қатынас қағазында хабарлаған. Қазынашылықтың алдағы уақыттағы жұмысын ұйымдастыру туралы Рейтерн Орынбор генерал-губернаторына былай деп жазған: «Сообщая о сем Вашему Превосходительству на отношение от 21 декабря 1866 г. №9223 и имея в виду, что упомянутым ВЫСОЧАЙШЕ утвержденным мнением Государственного Совета, между прочим представлено мне, по соглашению с Вами, составить временное росписание должности и окладов содержания вновь образуемого Казначейства, с тем, чтобы оклады те не превышали определенных ВЫСОЧАЙШЕ утвержденным оклады те не превышали определенных ВЫСОЧАЙШЕ утвержденным 30 ноября «Мнением Государственного Совета для уездных казначейств, и имею честь препроводить к Вашему Превосходительству экземпляр утвержденных мною 6 декабря временных росписаний уездных казначейств и покорнейше просить Вас, Милостивый Государь, почтить меня уведомлением , какой именно личный состав и оклады содержания необходимы, по мнению Вашему, для вновь образуемого Казначейства в Киргизской Орде».

Казначейство тікелей Астрахань Қазына палатасына бағынған. Казначействоның құрылған жылы оның қажеттілігі үшін үкіметтен 1715 сом қаржы бөлінген. Алғашқы жылдың штаттық кестесінде қазынашы (казначей), хатшы және екі қызметкер болады. Ал 1868 жылдың қызмет сметасына Мемлекеттік Казначейство департаменті Қаржы министрлігіне Бөкей Ордасы казначействосына 3430 сом қаржы бөлуді ұсынады. [10, б.36-37].

Қазынашылық мекемесінің жұмысын атқарған қызметкерлер, олардың саны мен қызметіне бөлінген қаражат мөлшерін төмендегі кестеден көре аламыз [6, б.142-143].

1-кесте. Бөкей Ордасындағы қазынашылық мекемесі қызметкерлерінің жалақы мөлшері.

Қызмет атауы	Қызметкер саны	Әр қызметкерге бөлінген қаржы	Жалпы сомасы
Орыс кеңесшілеріне	2	150 сом	300 сом
Ордалық кеңесшілер	2	100 сом	200 сом
Өндіріс саласын қадағалайтын чиновник	1	120 сом	120 сом
Төрағаның хатшысы	1	100 сом	100 сом
Іс басқарушысының көмекшілері	2	80 сом	160 сом
Бухгалтер	1	80 сом	80 сом
Казначей	1	80 сом	80 сом
Регистратор	1	60 сом	60 сом
Орыс тілмашы	1	60 сом	60 сом
Қазақ тілмашы	1	50 сом	50 сом
Аудармашы	1	30 сом	30 сом
Писарь	1	30 сом	30 сом

1908 жылғы деректер бойынша Орда Қазынашылық мекемесінде мынадай адамдар қызмет жасаған: салық жинаушы инспектор А.Ф.Юштин, казначей қызметі уақытша бос, аға бухгалтер П.П.Гладышев, 1-разрядты бухгалтер Г.А.Андреев, 2-разрядты бухгалтер Г.Л.Миронов [6, б.143]. Казначейство мекемесі ақша сақталып, оның айналымын реттейтін орын болғандықтан, оған арнайы қызыл кірпіштен ғимарат салынған. Әскери қарауыл тағайындалып, мұнда қызмет жасайтын қызметкерлер тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Оларға еңбекақы ғана емес, коммуналдық жағдайлар жасалған.

Батыс Қазақстандағы 1866 жылдан бастау алған Казначейство мекемесі 1876 жылы Орал қаласына ауыстырылып, жұмыс көлемін ұлғайтты. Ал Орданың Казначейство ғимараты 1948 жылдарға дейін, яғни аудан ажыраганша Мемлекеттік банк мекемесі болып тұрды. Бұл мәліметті кешен қорында сақталған құжаттар растайды. 1969 жылы Казначейство ғимараты Орда тарихи-революциялық музейіне беріледі [10, б.36-37].

Хан сарайының солтүстік-батысында орналасқан XIX ғасырда қызыл кірпіштен салынған Қазынашылық мекемесі бір ғасырға жуық уақыт жергілікті тұрғындарға банк қызметін атқарды. Ал бүгінде ол ғимарат Бөкей Ордасы тарихы музейі.

Экспозицияға сол кезде қолданылған тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақ, көне тиындар, қағаз ақшалар, белгілі тұлғалар тұтынған заттар қойылған. Оған қоса мұнда темірден жасалған сейф сақталған. Оның салмағы 1 т тонна 800 келі. Биіктігі - 161, ені – 88 см. Ал қабырғасының қалыңдығы – 10 см. Оның өртке төзімді және қауіпсіздігі қамтамасыз етілген үш есігі бар. Кілттері үш кісіде сақталған және бір-бірінсіз есік ашылмайтындай механизммен жасалған. Екінші есіктің ортасына өрт қауіпсіздігі үшін құм құйылған. Аса маңызды құжаттар сақтайтын үшінші бөлігі де бар [10, б.35].

Бүгінгі таңда Казначействоның сол кезден қалған сейфі мен тастан қашалып жасалған бұрыштық штампы, ерте кездегі ақшалар мен осында қызмет істеген адамдар туралы мәліметтер Бөкей Ордасы тарихи-музей кешені қорында сақталған. Осы деректердің өзі қазақ даласында алғашқы қазына банкінің Бөкей Ордасында ашылғанын, еліміздің кейінгі қаржы институттарының қалыптасуына жол ашқан алғашқы қаржы-басқару жүйесінің түпкі бастауы болғандығын дәлелдеп тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Обзор Тургайской области за 1899 год. – Оренбург:Типолит.Тург.обл.правл., 1901. – 81 с.7 б. https://www.prlib.ru/item/1056397?ysclid=mhi8sfazxl8040311 (қаралған уақыты: 2.11.2025)
2. По Тургайской области: Сибирский торгово-промышленный календарь за 1895 год. Томск, 1900. -510 с.
3. Гиззатов С. Жәңгір хан – қарама-қайшылыққа толы тұлға// 13.01.2021. https://e-history.kz/kz/news/show/32892 (қаралған уақыты: 24.10.2025)
4. Сабыров С. //Орал өңірі// Бастан кешкен бақ пен қасірет. 1998 ж, 17 ақпан. –3-б.
5. Ғиззатов С. //Бөкей ордасының тарихи тұлғалары және олардың атқарған қоғамдық-саяси қызметтері// 23.07.2021 https://e-history.kz/kz/news/show/32829 (қаралған уақыты: 25.10.2025)
6. Шәріпқалиев Т.М.// Нарынның сырты – дала, іші - пана// Орал, 2025 ж.
7. Иночкин В. Слово о Жангире // Приуралье 2002 г. 29 октябрь.–3-б.
8. Шәріпқали Т. Бөкей Ордасындағы мал шаруашылығы//Орал өңірі, 1998 ж. 27 маусым №3. – 3-б.
8. Аханқызы К. Хан Жәңгір. Ұлағат // 2003 жыл. №1, 3-8 бб.
9. Оразгелдиева Н. Қазақстандағы тұңғыш банк //Дана qaz// №3 (40), 2018 ж. 34-37-бб.
10. Кәрімова Б. Қазына үйінің басты жәдігері //Дана qaz// № 4-5(41), 2018 ж. 34-35–бб.

ҒТАХР: 03.20

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭТНОГРАФИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Қапезов Ерасыл Серікұлы
Астана халықаралық университеті,
«Тарих және қоғамтану» ББББ 4 курс студенті
Астана қаласы, Қазақстан
ekapezov811@gmail.com

Аңдатпа. Мақала XIX ғасырдағы Қазақстан этнографиясы мен тарихына қатысты ғылыми түсініктердің қалыптасуында Алаш қайраткерлерінің атқарған рөліне арналған. Зерттеуде Ресей империясының отарлық саясаты күшейген тұста қазақ мәдениеті, әлеуметтік құрылымы және тарихи жадын зерттеу жаңа ғылыми әдіснамаға ие болғаны көрсетіледі. Дәстүрлі этнографиялық еңбектер көбіне материалдық мәдениетті сипаттаумен шектелсе, Алаш зиялылары қазақ қоғамын өз ішкі болмысынан танып, ұлттық мүддені қорғауға негізделген зерттеу тәсілін ұсынды. Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов еңбектерінде қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық жүйе, жер-кеңістік қатынастары, әдеттік құқық нормалары, модернизация және отарлық қысым салдары терең талданады. Алаштың интегративті ғылыми бағыты тарих, этнография, биология, медицина, тіл білімі және мәдениеттануды ұштастырып, ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына және білім беру реформаларына үлес қосты. Мақалада Алаш мұрасы қазақ мемлекеттік дәстүрінің сабақтастығын ғылыми тұрғыда дәлелдейтін, тарихи сананы жаңғыртатын және этномәдени бірегейлікті нығайтатын платформа ретінде бағаланады. Зерттеу Алаш еңбектерінің тек өз заманына емес, болашаққа бағытталған интеллектуалдық бағдар екендігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Алаш, XIX ғ. этнографиясы, қазақ тарихы, отарлық саясат, әдет құқығы, тарихи жады, ұлттық бірегейлік, тіл.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы Қазақстанның этнографиялық келбеті, әлеуметтік құрылымы және тарихи өткені туралы ғылыми түсініктердің қалыптасуында шешуші кезең болды. Ресей империясының отарлық саясаты тереңдеген уақытта қазақтардың мәдениеті мен тұрмысын зерттеуге деген қызығушылық артты. Бұл үрдіс бір жағынан әкімшілік қажеттіліктерден, екінші жағынан гуманитарлық ғылымдардың дамуынан туындады. Алайда Қазақстан этнографиясы мен тарихы Алғаш өкілдерінің еңбектерінде ғана ұлттық мүддеге, тарихи жадыға және қазақ қоғамын өз қауымының тұрғысынан тануға негізделген жаңа идеологиялық және әдістемелік мазмұнға ие болды. Алаш зияларының еңбектерінде қазақ халқының мәдениеті мен тарихы әрдайымды зерттеулердің басты мәселелері болды. Мысал алаштың атақты зиялылысы Халел Досмұхамедов «Исатай-Махамбет», «Кенесары-Наурызбай» туралы жинаған материалдары мен еңбектерін атауға болады [1, 96 б.]. Мақаланың мақсаты – Алаш қайраткерлерінің XIX ғасырдағы Қазақстан этнографиясы мен тарихын зерттеудегі үлесін жүйелі түрде талдап, олардың методологиялық ұстанымдары мен концептуалдық идеяларын айқындау, сондай-ақ ұлттық тарихнамалық және этнологиялық мектептің қалыптасуындағы ғылыми-практикалық маңызын ашып көрсету. Алаш зиялылары еуропалық зерттеу тәсілдерін қабылдай отырып, оларды шығыс ғылым дәстүрімен және қоғамдық-саяси үдерістерге тікелей қатысу тәжірибесімен ұштастырды. Олардың еңбектерінде қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық жүйенің құрылымы, дәстүрлі өзін-өзі басқару тетіктері, әдеттік құқық нормалары, мәдени байланыстар, сондай-ақ модернизация мен отарлық қысымның салдарынан орын алған өзгерістер терең талданды. Бұл еңбектер тек

деректерді тіркеп, салт-дәстүрді сипаттаумен шектелмей, ұлттық тарихи даму тұжырымдамасын қалыптастырды, ол кейін автономия жолындағы қозғалыстың зияткерлік негіздерінің біріне айналды. Алаш қайраткерлерінің зерттеушілік қызметі XIX ғасырдағы Қазақстан этнографиясы мен тарихына қатысты құнды дереккөздер корпусын құрайды. Олардың еңбектері қазақ халқының этномәдени бірегейлігін тануға елеулі үлес қосты, мемлекеттік дәстүрдің тарихи сабақтастығын негіздеді, сондай-ақ дәстүрлі қоғамның әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайындағы трансформациясын айқындады. Сондықтан Алаш қозғалысы көсемдерінің көзқарастары мен еңбектерін зерттеу тек ғылыми маңызға ие құбылыс қана емес, қазіргі ұлттық тарихнама мен этнологияны қалыптастырудың маңызды бөлігі болып табылады. Кеңестік кезеңде, Қазақстан этнографиясының құрылуының ерте сатыларында зерттеулердің басым бөлігі қазақ тұрмысы мен материалдық мәдениеті мәселесімен болды, оған жататын жұмыстар ішінде И.В. Захарова, В.В. Восторов «Развитие народного жилища и изменение быта казахов-колхозников», 1960 жылдардағы Х.А. Арғынбаевтің «Қазақтың мал шаруашылығы жайлы этнографиялық очерк», Х.А.Кауанова «Материальная культура казахского народа на современном этапе» еңбектерін алуға болады. Кеңестік кезеңде Қазақ КСР ғылым академиясының аясында құрылған «Тарих, археология және этнография институты» қазақ жерінде этнографиялық зерттеулермен қатар, бірегей археологиялық зерттеулерді жүргізіп отырды. Бұл себепті де этнографиялық зерттеулердің түпкі тамырында, материалдық мәдениетке үлкен көңіл бөлуі себеп. Оған қарамастан халық шығармашылығы, қазақ халқының эпосы, ауыз әдебиеті және аңыздары қазақ рухани картинасын құрастыруда маңызды рөл ойнайтын компонент. Қазақ этносының ауыз әдебиеті мен халық шығармашылығында еңбектер жазған авторлар ішінен: Х.Арғынбаев, М.С. Муканов, Ш. Тоқтабаева, Н.Әлімбай сияқты авторларды атап өтуге болады [2, 74 б.].

Зерттеу барысында Борбасов С.М. «Духовное наследие лидеров «Алаш» в контексте формирования государственности» мақаласы, Аққұлұлы Сұлтанханның «Әлихан Бөкейхан шығармалары. 9 томдық» еңбегі, XIX ғасыр этнографы Әбубәкір Диваевтың «Қазақ халқының ауыз шығармашылығы, Х.Досмұхамедұлының таңдамалы шығармалары қолданылды. Деректерді талдау барысында авторлар көрсеткен тарихи оқиғалар мен құбылыстар субъективті баға беруден тыс, нақты фактілер мен статистикалық, этнографиялық, экономикалық мәліметтер негізінде қарастырылады.Зерттеу әдістері контент-анализге сүйенеді. Сонымен қатар, интегративтік тәсіл қолданылып, тарих ғылымы этнография, мәдениеттану, тіл білімі, биология, медицина салаларының деректерімен байланыстырылады. Бұл әдіс Алаш мұрасын ғылыми-практикалық платформалық тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ұлттық ғылым тілінің қалыптасуы мен білім беру саласындағы жаңашылдықтарды көрсетуге негіз болады. Зерттеу барысында тарихи оқиғаларды идеологиялық бағалаудан азат түрде талдау принципі басшылыққа алынады. Мысалы, Кенесары көтерілісі сияқты қозғалыстар ұлттық мемлекеттілікке талпыныс ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік және мәдени маңыздылығы анықталады. Аналитикалық тәсілдер мәтіндерді тарихи фактілер мен әлеуметтік үрдістер байланысында талдауға бағытталады, бұл Алаш қайраткерлерінің еңбектерін қазіргі ғылыми тұрғыдан қайта бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ зерттеу әдістемесі тарихи мәтіндерді болашаққа бағытталған құндылық ретінде қарастырады: олардың тек өткенді сипаттаумен шектелмей, ұлттық дамудың негізін қалыптастырудағы рөлін талдауға бағытталған. Мұндай тәсіл тарихи әділдікті қалпына келтірумен қатар, қазіргі және болашақ ұрпақтың мемлекеттілікке деген санасын тәрбиелеуге ықпал етеді.

Алаш қозғалысының ғылыми және идеялық мұрасы – қазақ халқының жаңғыру кезеңіндегі интеллектуалдық серпілістің көрінісі ғана емес, сонымен бірге ұлттық тарих ғылымының қалыптасуына бағыт берген теориялық негіздер жиынтығы. XX ғасырдың басында жазылған Алаш қайраткерлерінің еңбектері кезеңдік оқиғалардың

қарапайым көрінісі болып қалмай, Қазақстан тарихын жаңа методологиямен пайымдауға белсенді түрде түрткі болды. Олардың жазған еңбектері ұлттық идеяны ояту үшін емес, оны ғылыми негізде дәлелдеу мақсатынан туындаған. Сондықтан Алаштың ғылыми мәтіндерін тарихи публицистика ғана деу жеткіліксіз; олар — саясифилософиялық тұжырым, ұлттық мемлекеттілік теориясы, мәдени модернизация стратегиясы, тарихи сананы жаңғырту доктринасы ретінде бағалануы тиіс. Әлихан Бөкейхан еңбектері қазақ тарихнамасына жаңа бағыт енгізді. Ол тарихты тек оқиғалар тізбегі деп емес, қоғамдық дамудың экономикалық, географиялық, этнографиялық және саяси факторларымен түсіндірді. Оның «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» және «Киргизы» атты еңбектері сол уақыттағы тарих ғылымында үстем болған европацентристік көзқарастарға балама ұсынды [3, 122 б.]. Бұл еңбектерде қазақ халқының мемлекеттілігі сыртқы ықпалдардың нәтижесі емес, ішкі эволюциялық процестердің қисынды жалғасы ретінде қарастырылды. Автор тарихи шындықты жазу барысында субъективті баяндаудан аулақ болды, деректерге сүйене отырып, көшпелі қоғамның өзінің мемлекеттік басқару нормаларын, жерді пайдалану жүйесін, әлеуметтік құрылымын қалыптастырғанын дәлелдеуге ұмтылды. Бөкейхан қазақ тарихының бұрмаланбауына ерекше көңіл бөлді. Жер мәселесі туралы жасаған талдауларында ол дәстүрлі шаруашылықтың жойылуы халықтың мәдени ортасын бұзып қана қоймай, этностық тұтастыққа қауіп төндіретінін көрсетіп берді. Бұл еңбектері сол кезеңде әлеуметтік-экономикалық зерттеулердің жеке саласына айналды. Сонымен бірге, Кенесары көтерілісі туралы зерттеуі тарихи оқиғаны идеологиялық айыптаудан қорғап қалуға бағытталды. Ол қозғалысты феодалдық немесе реакциялық құбылыс ретінде емес, ұлттық мемлекеттілікке талпыныстың бір көрінісі деп қарады. Бұл пікір тұрғысынан Бөкейхан еңбектері кейінгі зерттеушілер үшін дереккөзге, ал методология ретінде жаңаша көзқарас үлгісіне айналды. Алаш қозғалысының тағы бір қыры — тарихи тақырыптарды әлеуметтік ағартушылықпен байланыстыра зерттеу болды [3, 126 б.]. Алаш қайраткерлері онымен қоса қазақ емес этнографтарды ала отырып оларды белсенді түрде жариялаған. Олардың ішінде башқұрт этнографы Әбубәкір Диваевті атап өтуге болады. Ол ғалымдар қатарында, әйгілі қазақ шығармашылғың зерттеген башқұр ғалым Әбубәкір Диваевті қосуға болады. Әбубәкір Диваев, орыс географиялық қоғамында Түркістан даласындағы қырғыз, қазақ халықтарының этнографиялық мәліметтерің жинаған. Ә.Диваевта кезінде, қазақ даласындағы этностың сыры мен тарихын ашатын жазба деректерінің аздығын атап өткен. Оның айтуынша: «Вся беда в том, что у кочевников нет ничего писаного, не говоря уже о печатном, до сего времени у них передавалась из поколения в поколение устно.... Вообще, если поинтересоваться казахским бытом, то можно найти много интересного» [4, 288 б.]. Бұл бағытта Халел еңбектері маңызды рөл атқарды. Дулатов ұлттық өткенді сипаттай отырып, халықтың болашақтағы тағдыры білімге, қоғамдағы тәртіпке және мәдени жауапкершілікке тәуелді екенін көрсетті. Х.Досмұхамедұлы, Әбубәкір Диваевтің шәкірті бола отырып, ол бастаған қазақ өлкесіндегі этнографиялық жұмыстарды әрі қарай жалғастырды[1, 74 б.]. Мәдени мұраға, тарихи нысандарға, сакралды кеңістіктерге қатысты тақырыптар арқылы ол ұлттық өзіндік сананың оянуына ықпал етті. Түркістан өңіріндегі діни және тарихи мұра объектілерін сақтау мәселесін көтеруі оның жұмыстарының практикалық маңызын дәлелдейді: тарихи санасы жоқ халық болашақтың субъектісі бола алмайтынын көрсету оның зерттеулерінің басты идеясы болды. Халел Досмұхамедұлының еңбектері Алаш мұрасын көпқырлы ғылыми платформаға айналдырды. Ол тарихты биология, тіл, медицина, этнография және мәдениеттанумен байланыстыра отырып, қазақ қоғамына енді ғана еніп келе жатқан ғылым салаларын ұлттық деңгейде игерудің жолын көрсетті [1, 26 б.]. Сонымен қатар қазақтың халық ауыз әдебиетің зерттеудегі Ә.Бөкейханның «Қобыланды» жырларын зерттеуін атап өтуге болады. Ә. Бөкейхан жазған этнографиялық және тарихи еңбектер, ХХ ғасырдың

кейінгі зерттеулерінде де орын тапты. Мысалы Ермұхан Бекмаханов «История Казахстана в 20е-40е годы XIX века» еңбегінде, ол Ә.Бөкейханның «Материалы из истории восстания султана Кенесары Касымова» еңбегіне сүйенді [5, 75 б.]. Ғылыми терминдерді қазақ тілінде қалыптастыруы арқылы ол ғылым тілінің ұлттық негізде дамуын қамтамасыз етті. Бұл ұлттық ғылымның тілдік кеңістігінің пайда болуына ықпал етті. Халел досмұхамедов қазақ даласындағы ауыз әдебиетінің дамуын еңбектерінде «Ол халық тәжірибесін артта қалған құбылыс ретінде емес, табиғи ортаға бейімделген рационалды өмір формасы» деп сипаттады [5, 77 б.]. Осылайша, Алаш қайраткерлерінің тарихи еңбектері іргелі бірнеше ғылыми мәселені шешуге бағытталды мемлекеттілік тарихының тамырын тереңнен дәлелдеу; жер мен кеңістіктің ұлттық болмыспен байланысын ашу; тарихи жад арқылы мәдени модернизацияны іске асыру; ғылым тілін ұлттық деңгейде қалыптастыру; білім мен тарихи сананың қоғамды түрлендіру күшіне айналуы. Бұл мұра қазіргі Қазақстан тарихи ғылымының теориялық іргетасының маңызды бөлігі болып саналады. Алаш жазбаларының құндылығы – оның өз заманына ғана емес, болашаққа бағытталғандығы. Олар тарихты өткен күннің шежіресі ретінде емес, ұлттық дамудың негізін құрайтын категория ретінде қарастырды. Сондықтан Алаш еңбектерін зерттеу – тарихи әділдікті қалпына келтіру ғана емес, болашақ ұрпақтың мемлекеттілікке деген көзқарасын қалыптастырудың маңызды шарты.

XIX ғасырдағы Қазақстанның этнографиялық келбеті мен тарихи дамуын зерделеуде Алаш қайраткерлерінің еңбектері ерекше ғылыми және рухани маңызға ие. Бұл кезең қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, шаруашылық жүйесі, саяси қатынастары және мәдени болмысы түбегейлі өзгерістерге ұшыраған уақыт болды. Осындай жағдайда Алаш зиялылары ұлттық тарихты жаңаша түсіндірудің, этнографиялық деректерді ғылыми жүйелеудің және тарихи жадыны сақтаудың кешенді негізін қалыптастырды. Олар қазақ халқының өткенін сыртқы көзқараспен емес, ішкі мәдени кодқа тән әдіснамамен талдауға тырысты. Бұл тәсіл сол уақыттағы европацентристік зерттеу парадигмасына балама ретінде ерекшеленді және ұлттық ғылымның дамуында жаңа бағытқа жол ашты.Алаш қайраткерлері қазақ этногенезін, ру тайпа жүйесінің құрылымын, жер қатынастарының тарихи эволюциясын, әдет құқығы нормаларын және көшпелі қоғамның әлеуметтік институттарын терең қарастырды. Олардың еңбектері тек этнографиялық материалды жинақтаумен шектелмей, қазақ мемлекеттілігінің тарихи негіздерін дәлелдеуге бағытталды. Қазақ халқының жермен байланысы, шаруашылық жүйесі және саяси әлеуеті туралы тұжырымдары ұлттық тұтастықты сақтаудың маңызды алғышарттары ретінде ұсынылды. Бұл бағыттағы еңбектер отарлық саясаттың салдарына ғылыми баға беруге мүмкіндік берді және тарихи әділеттілікті қалпына келтіру идеясына тірек болды.Алаш қайраткерлерінің шығармаларында ұлттық мәдениеттің рухани негіздері, қазақ ауыз әдебиеті мен эпостық мұраның тарихи сипаты жан жақты талданды. Олар халық жадының маңызын, сакралды кеңістіктің тарихи рөлін және ауызша дәстүрдің этногенетикалық ақпарат көзі ретіндегі құндылығын дәлелдеді. Әбубәкір Диваев, Халел Досмұхамедұлы және олардың ізбасарлары жинаған этнографиялық материалдар қазақ этнологиясының алғашқы дерекқорын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл деректер қазіргі этнологиялық және тарихи зерттеулерде әмбебап ғылыми маңызға ие. Алаш зиялылары білім, ғылым және ағартушылықты қоғамды жаңғыртудың басты тетігі деп таныды. Олар ғылыми ойды жүйелеу мақсатында қазақ тілінің терминологиялық базасын жасады. Бұл қадам ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына шешуші ықпал етті. Сонымен бірге, Алаш қайраткерлері денсаулық сақтау, экология, тіл білімін дамыту, мәдени мұраны сақтау сияқты салаларда да теориялық және практикалық ұсыныстар ұсынды. Олар көшпелі қоғам тәжірибесін артта қалған құбылыс емес, табиғи ортаға бейімделген оңтайлы өмір салты ретінде бағалады. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, Алаш мұрасы ұлттық мемлекеттіліктің тарихи негіздерін, этномәдени тұтастықты және

мәдени модернизацияның ғылыми платформасын қалыптастыратын маңызды дереккөз болып табылады. Бұл мұра қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын зерттеуде заманауи әдіснамалық үлгіге айналды. Алаш зиялыларының идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымында, этнографиясында, білім беру жүйесінде және мемлекеттік идеологиясында өзектілігін сақтап отыр. Қорытындылай келе, Алаш қайраткерлері қалдырған ғылыми мұра XIX ғасырдағы Қазақстан этнографиясы мен тарихының кең ауқымды картасын жаңаша пайымдауға мүмкіндік беретін ұлттық интеллектуалдық құндылық болып табылады. Бұл мұра тарихи сананы жаңғыртудың, ұлттық бірегейлікті нығайтудың және мемлекеттілік дәстүрін баянды етудің маңызды факторы ретінде бағалануы тиіс. Алаш зиялыларының еңбектері тек өз дәуірі үшін емес, болашақ ұрпақ үшін де бағыт көрсететін рухани және ғылыми бағдар ретінде қызмет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Досмұхамедов Х.Д., Ғарифолла Ә.Қ. «Х. Досмұхамедұлы. Таңдамалы еңбектер. – Астана-Полиграфия, 2008, - 362 б.
2. Масанов Е.А. «Очерки истории этнографического исследования казахского народа в СССР». – Алматы:Наука КазССР, 1966. - 222 с.
3. Аққұлұлы Ж.С. Әлихан Бөкейхан шығармаларының толық жинағы VI- том. – Астана; Сарыарқа баспасы, 2013. - 561 б.
4. Диваев Ә.А. Қазақ халық шығармашылығы. – Астана: Алтын кітап, 2007.- 319 б.
5. Борбасов С.М. Алаш партиясы серекелерінің рухани мұрасы, қазақ мемлекеттілік қалыптасу контекстінде.//Ш.Ш. Уәлиханов атындағы этнология және тарих институтының журналы. – Алматы, 2021. - 265 б.

ГРНТИ: 03.20

УРОКИ УПРАВЛЕНЧЕСКОГО ОПЫТА В. И. ШУБИНА - ОРГАНИЗАТОРА И БЕССМЕННОГО ДИРЕКТОРА СОВХОЗА ИМЕНИ ГАЗЕТЫ «ПРАВДА»

Нагимова Арайлым Сагидуллаевна
Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова,
магистрант 1 курса ОП «История»
г. Уральск, Уральск

Аннотация: В статье анализируется управленческий опыт Виктора Игнатьевича Шубина, бессменного директора совхоза имени газеты «Правда» в Джамбейтинском районе Западно-Казахстанской области. Целью работы является систематизация ключевых уроков, которые позволили совхозу достичь и поддерживать локальную экономическую эффективность и управленческую автономию в условиях жесткого централизованного планирования. Опыт В. И. Шубина имеет прямое методологическое значение для стратегий экономической независимости современного Казахстана в контексте цифровой трансформации агропромышленного комплекса.

Ключевые слова: Совхоз имени газеты «Правда», В.И. Шубин, Западно-Казахстанская область, управленческая автономия, диверсификация, локальная эффективность, социальный капитал, экономическая независимость, агроменеджмент.

История советского сельского хозяйства, особенно в период его интенсивного развития, традиционно рассматривается через призму макроэкономических показателей. Однако такой подход нередко оставляет без внимания фактор управленческой личности - организатора, который в условиях жесткого централизованного планирования сумел десятилетиями поддерживать модель локальной экономической и социальной эффективности. Директор совхоза имени газеты «Правда» Виктор Игнатьевич Шубин является ярким примером такого феномена. Совхоз в Джамбейтинском (ныне Сырымском) районе Западно-Казахстанской области (ЗКО), под его руководством стал образцово-показательным хозяйством. Анализ управленческих стратегий Шубина, направленных на создание локальной самодостаточности, предлагает ценные исторические уроки для построения устойчивой, диверсифицированной и технологичной сельскохозяйственной системы. Исследование феномена «образцовости» раскрывает реальные экономические и управленческие механизмы, лежащие в его основе.

Шубин Виктор Игнатьевич - директор совхоза имени газеты «Правда» Джамбейтинского района Западно-Казахстанской области Казахской ССР. Родился 22 января 1919 года в селе Верхне-Усинское Минусинского уезда Енисейской губернии (ныне Ермаковского района Красноярского края) в крестьянской семье.

В 1930-х годах семья перебралась в город Талгар Алма-Атинской области Казахской АССР (с декабря 1936 года - Казахская ССР, с декабря 1991 года - Казахстан). В 1937-1941 годах учился в Алма-Атинском зооветеринарном институте (ныне Казахский национальный аграрный университет), окончив который, в 1941-1942 годах работал старшим зоотехником совхоза «Восточный» Акмолинской области.

В 1942-1946 годах служил в воздушно-десантных войсках Красной Армии. Участник Великой Отечественной войны. Принимал участие в боях на Северо-Западном фронте, получил ранение под Старой Руссой, после чего находился на излечении в госпитале. Прошёл курс обучения в Саранском военно-пехотном училище (Мордовская АССР), получил звание лейтенанта. В 1943 году вступил в ВКП(б)/КПСС.

Демобилизовавшись из Красной Армии, вернулся в Казахскую ССР и стал работать заместителем директора мулзавода №122 в Чимкентской области, а затем старшим зоотехником конезавода Nº 111 в Кокчетавском районе Кокчетавской области. С 1950 года - директор конезавода Nº 117 в Джамбейтинском районе Западно-Казахстанской области [1].

Зимой 1956 года конезавод № 117 был объединен с зерносовхозом имени газеты «Правда». Во главе реорганизованного зерносовхоза «Правда» встал бывший директор конезавода Виктор Игнатьевич Шубин, уже проявивший себя способным организатором сельскохозяйственного производства. В связи с коренным изменением профиля руководимого им хозяйства директору пришлось многое начинать заново. Необходимо было повысить собственную квалификацию в области полеводства, изучить в этом направлении новые методы и опыт работы хозяйств, умело подобрать кадры специалистов. Предстояло совершенно по-новому организовать производственный процесс [2].

Во второй половине пятидесятых годов Михаил Шолохов (советский писатель, военный корреспондент, журналист, киносценарист.) приехал в Западный Казахстан летом в разгар уборки. Остановился он в целинном совхозе имени газеты «Правда». Своими впечатлениями от поездки по полевым токам и на заготовительный пункт писатель поделился с руководителями области. Он одобрительно отозвался о руководителях совхоза имени газеты «Правда» и удивился, почему их опыт по сохранению зерна на полевых токах не используют другие хозяйства и заготовительные предприятия области [3].

«Таких руководителей, как Шубин, в Приуралье не было, нет и уверенно можно сказать не будет никогда ни в одной отрасли экономики», – пишет в своих

воспоминаниях Алексей Черекаев (директор госплемзавода «Анкатинский» Уральской области, учёный-животновод, специалист по мясному скотоводству, государственный деятель Казахской ССР, Герой Социалистического Труда.). С Шубиным Черекаева связывала не только крепкая дружба, но и в некотором роде соперничество. Хотя Черекаев сам признает - до Шубина ему было далеко [4].

Менешев Таран Газизович долгое время работал вместе с Виктором Игнатьевичем, возглавлял совхозную партийную организацию. Бывший руководитель партийной организации совхоза Таран Газизович вспоминает: «...на моих глазах центральная усадьба и отделения хозяйства буквально преображались, жизнь крестьян становилась комфортной, приближенной к городской». Благодаря большим организаторским способностям и таланту Шубина и его подчиненных маломощное мелкое хозяйство выросло в аграрного флагмана экономики Приуралья [5].

Первый и, возможно, самый важный урок Шубина заключался в стратегическом отходе от монокультурной парадигмы. Он понимал, что зависимость от одного вида продукции является главным фактором уязвимости. Совхоз «Правда» вел планомерное развитие многоотраслевого хозяйства, включая мясное и молочное животноводство, овощеводство, виноградники и т.д.. Архивные данные ГА ЗКО показывают стабильный рост поголовья и надоев [6]. Многоотраслевое производство создавало внутренний экономический буфер. В неурожайные годы доходы от реализации продукции животноводства и переработки могли позволить покрывать расходы и выполнять социальные обязательства.

За короткий срок хозяйство стало высокорентабельным, многоотраслевым, выдвинулось в число передовых. В результате введения в оборот только под зерновые культуры почти 30 тысяч гектаров целинных земель резко расширилась посевная площадь, увеличилась сдача хлеба государству. В 1956 году совхоз собрал небывало высокий урожай, по 11 центнеров с гектара, и сдал государству 1 миллион 800 тысяч пудов хлеба [7].

Урок №1: Стратегическое планирование должно основываться на принципе устойчивости и диверсификации рисков. Многоотраслевой подход - это залог долгосрочной экономической независимости.

Совхоз имени газеты «Правда» инвестировал в создание беспрецедентно развитой для сельской местности социальной инфраструктуры. В 1968 году совхоз был признан образцово-показательным хозяйством. По словам Екатерины Серебренниковой (агрономом совхоза имени газеты «Правда»), Виктор Шубин был талантливым руководителем. «Мне повезло, что в начале моего трудового пути я работала под его руководством. Для Виктора Игнатьевича не было мелочей, он умел ставить и решать задачи. Много внимания он уделял социальной сфере. В совхозе были большие гаражи, котельная, МТС, дворец культуры, средняя школа, больница, поликлиника, торговый центр, стадион, асфальтированные дороги. Повсюду много зелени, цветники. Виктор Игнатьевич сумел из многонационального народа создать дружный, целеустремленный, работящий коллектив. Слава о совхозе имени газеты «Правда» гремела на весь Советский Союз», - рассказывала она [8]. Создав этот «социальный капитал», Шубин добился высокой лояльности и закрепления кадров, поскольку уровень жизни, который он предлагал, был недостижим в других хозяйствах.

Урок № 2: Вложения в социальную инфраструктуру и комфортную среду — это стратегическая экономическая инвестиция, которая обеспечивает стабильность человеческого капитала, а значит, и высокую производительность труда.

Выступление Виктора Игнатьевича на комсомольском собрании открывает еще одну важную грань его управления: работу с вовлеченностью и корпоративной культурой (говоря современным языком). В ходе комсомольского собрания (согласно протоколу общесовхозного-комсомольского собрания от 15 февраля 1966 года), В. И. Шубин подверг критике формальный подход к воспитанию молодежи. Он отмечал:

«…художественная самодеятельность, люди думают будем участвовать за деньги, то есть материальная сторона закрывает морально-политическую сторону дела…надо комсомольцам посещать кружки политучебы, где расширяется кругозор, меняется отношение к окружающим вещам…платить своевременно членские взносы, посещать кружки художественной самодеятельности, принимать участие в добровольных дружинах» [9].

Урок № 3: Формирование ценностной вовлеченности и социальной ответственности молодежи - это инструмент борьбы с кадровой апатией, который превращает население в инициативный капитал, способный к самоорганизации и долгосрочному развитию территории.

Опыт В.И. Шубина имеет прямое методологическое значение для стратегий экономической независимости современного Казахстана в контексте цифровой трансформации агропромышленного комплекса (АПК).

Урок диверсификации требует цифровой имплементации через точное земледелие. Шубин не ограничивался монокультурой пшеницы, активно развивая различные направления: зерновое хозяйство, ягодники и животноводство. Сегодня для эффективного управления таким многопрофильным хозяйством необходимы технологии точного земледелия. Использование сельхозтехники с GPS-навигацией и сенсорными датчиками позволяет точно рассчитывать объем удобрений для каждого участка почвы. Это обеспечивает высокую эффективность управления, даже если в хозяйстве одновременно возделывается более десяти различных культур.

Внедрение IoT-технологий (интернета вещей) позволяет осуществлять оперативный мониторинг всех отраслей производства. Установка датчиков влажности почвы на полях или «умных» ошейников на фермах обеспечивает передачу данных в режиме реального времени напрямую на смартфон руководителя. Это исключает необходимость личного присутствия на отдаленных участках для проверки состояния угодий - система оповещает об отклонениях автоматически.

Управленческая автономия достигается за счет Big Data и аналитических платформ. Если в условиях плановой экономики руководителю могли навязать неэффективный план, то современные инструменты анализа больших данных позволяют фермеру обосновать свои решения объективными графиками и прогнозами. Цифровые данные формируют профессиональный авторитет менеджера: решения принимаются не интуитивно, а на основе точного математического анализа, что позволяет аргументированно отстаивать интересы хозяйства перед проверяющими органами.

Инвестирование в цифровую грамотность и инфраструктуру сельских территорий. Шубин рассматривал комфорт работников как стратегическую задачу. В XXI веке этот подход трансформируется в необходимость обучения кадров работе с планшетами и навигационными системами, а также в обеспечение сельских населенных пунктов качественным интернетом. Без соответствующих компетенций персонала и наличия связи современные цифровые решения остаются нереализованным потенциалом.

Таким образом, уроки В.И. Шубина остаются фундаментом для стратегий экономической независимости Казахстана. Ключевые принципы, заложенные им актуальны, а цифровая экономика предлагает новые мощные инструменты для их эффективной и масштабной реализации, переводя ручной, личностно-ориентированный менеджмент XX века в алгоритмизированную, устойчивую модель XXI века.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Международный патриотический интернет-проект «Герои страны». Шубин Виктор Игнатьевич. URL: https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=20584&ysclid=mjbagd6yjo968368607 (дата обращения: 18.12.2025)
2. Один из первых [Электронный ресурс] // Официальный сайт медиахолдинга «Жайық Пресс». - 2021. - URL: https://zhaikpress.kz/ru/news/odin-iz-pervyx/?ysclid=mjalf2ca2230638702 (дата обращения: 16.12.2025).
3. Гавриленко. П.П. Михаил Шолохов - наш современник. / П.П. Гавриленко - Алма-Ата: Издательство Жазушы, 1982 - 192 с.
4. Признание в любви [Электронный ресурс] // ИНФОРМБИРЖА news : информационно-аналитическая газета. - 2016. - URL: https://ibirzha.kz/priznanie-v-lyubvi-8/?ysclid=mj7m3celnt666070236 (дата обращения: 17.12.2025)
5. Старое фото. Помнить Шубина [Электронный ресурс] // ИНФОРМБИРЖА news : информационно-аналитическая газета. - 2020. - URL: https://ibirzha.kz/staroe-foto-pomnit-shubina/?ysclid=mjalci17u5534174432 (дата обращения: 15.12.2025)
6. Государственный архив ЗКО (ГА ЗКО). Ф.761, Оп.17, Д.305, Л.31
7. Совхоз имени газеты «Правда» [Электронный ресурс] // Уральск Исторический : [сообщество во ВКонтакте]. - 2020. - URL: https://vk.com/wall-164032492_7385?ysclid=mj7lwepsxb668198328 (дата обращения: 18.12.2025)
8. Комсомольская путевка в жизнь [Электронный ресурс] // Курган и курганцы : газета. - 2021. - URL: https://kikonline.ru/2021/04/14/komsomolskaja-putevka-v-zhizn/?ysclid=mj7n5ehgrn688123876 (дата обращения: 17.12.2025)
9. Государственный архив ЗКО (ГА ЗКО). Ф.П-645, Оп.1, Д.543, Л.27

ҒТАХР 21.01.09
ӘОЖ: 316.75(574) «18-19»

XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ДІНГЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Орынбай Елжас Меңдешұлы
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» ББББ 2 курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
orynbay2003@mail.ru

Аңдатпа. XIX-XX ғасырлар – қазақ халқының қоғамдық және мәдени өмірінде терең өзгерістер орын алған дәуір. Ресей империясының отаршылдық саясаты, өнеркәсіптік революция, білім беру саласындағы реформалар қазақ қоғамын жаңаша ойлауға итермеледі. Бұл кезеңде қазақ зиялылары ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, халықтың прогреске жетуіне жол ашуға ұмтылды. Дін – қоғам өмірінің негізгі тірегі болғандықтан, оның рөлі мен маңызы осы зиялылардың сыни талдау объектісіне

айналды. Бұл мақалада Шоқан Уәлиханов және Міржақып Дулатұлы сынды зиялылардың дінге қатысты көзқарастары талданады.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде көтерілген дінге қарсы тақырып XIX және XX ғасыр басындағы қазақ ағартушы демократтарының жазба әдебиеттерінен де үлкен орын алған. Дінге қарсы күресте халық ауыз әдебиетінің ағартушы демократтарға еткен әсері күшті болды.

XIX-XX ғасырлар – қазақ халқының қоғамдық және мәдени өмірінде терең өзгерістер орын алған дәуір. Ресей империясының отаршылдық саясаты, өнеркәсіптік революция, білім беру саласындағы реформалар қазақ қоғамын жаңаша ойлауға итермеледі. Бұл кезеңде қазақ зиялылары ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, халықтың прогреске жетуіне жол ашуға ұмтылды.

Қазақ зиялыларының дінді сынға алуындағы негізгі себептер қоғамның даму мүдделерімен тығыз байланысты болды. Олар діннің кейбір аспектілерін сыни тұрғыда қарастырып, оның халықты білімнен алыстататын және прогреске кері әсерін тигізетін тұстарын айқындауға тырысты. Мысалы, біріншіден діни фанатизм және надандыққа қарсы күресте қазақ зиялылары діннің халық арасында қате түсініктерге негізделгенін және кейбір жағдайларда діни фанатизмнің қоғамның артта қалуына ықпал еткенін сынады. Мәселен, олар дінді түсіну тек догматикалық түрде емес, білім мен ғылым арқылы жүзеге асырылуы керек деген көзқарас ұстанды. Екіншіден, білім мен ағартушылықтың басымдығында XIX-XX ғасырларда Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күресте қазақ зиялылары білім мен ағартушылықты негізгі қару ретінде қарастырды. Зиялылардың пікірінше, діни сауатсыздық халықтың өзін-өзі тану қабілетін төмендетіп, оны отаршыл билікке тәуелді еткен. Үшінішден, қазақ зиялылары дінді тек догматикалық дәстүр ретінде емес, қоғамның алға басуына қызмет ететін құрал ретінде қарастырды. Олар ислам дінін реформалау және оны ұлттық мүдделермен үйлестіру қажеттігін алға тартты [1, 20 б.].

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының дәстүрлері мен ислам дінінің өзара байланысын зерттеді. Ол дінді қоғамның мәдени-әлеуметтік өміріндегі маңызды элемент ретінде қарастырғанымен, ислам дінінің кейбір догмалары қазақ халқының көшпелі мәдениетіне сәйкес келмейтінін атап өтті. Шоқан өз еңбектерінде діни фанатизмнің зияны туралы айтып, білім мен ғылымды жоғары бағалады. Оның айтуынша, қазақ қоғамы прогреске жету үшін діни догмалардан арылып, заманауи білімді меңгеруі тиіс.

Халықтың еркін қиялынан туған шығармаларға Шоқан Уалиханов ерекше мән беріп отырған. Әсіресе өзіне үлкен әсер еткен Қорқыт туралы аңызға зор көңіл бөлген. Шоқан тек ислам діні емес, діннің басқа түрлеріне де терең талдаулар жасай келіп, Орта Азия халықтарына ислам дінінің таралуы оларды үлкен мешеулікке ұрындарыды, халық мәдениетінің дамуына кесел келтірді деген еді. Шоқанның өз сөзімен айтқанда: «Ислам діні Орта Азия халықтарының қоғамдық дамуына өте зиянды, прогреске жат рөль атқарды» [2, 53 б.].

Ислам дініне дейінгі шамандық діннің пайда болуын анықтау үшін де Шоқан алдымен халық ауыз әдебиетіндегі деректерге сүйенген. Ертегілер мен аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдердегі деректердің өзі халықтың кәсібі, салты, әдет-ғұрпымен қатар, шаман дінінің шығу тарихын да анықтап бере алған. Күн көріс кәсібіне байланысты адам баласы табиғаттың әр алуан сұрапылдарына душар болғаны анық. Ол сұрапылдарға шошына, қорқа қараған. Оның құдыреттеріне таңдана бастаған. Дәни елестер табиғатқа қатынастан, соның сұрапылдарына шошына, таңдана қараудан пайда болған. Осыдан келіп, айға, күнге, суға, отқа табыну көбейе берген. «Адамның табиғатқа қатынасы шамандықты тудырды» - деген қорытынды жасайды Шоқан [2, 54 б]. Міне, бұл табиғат алдындағы әлсіздіктің, дәрменсіздіктің белгісі еді. Үрей қорқыныш кімді де болса ақылынан талдырады. Ал осы үрей-қорқаныштың

салдарынан қараңғы халық діннің шырмауна түскен. Дін табиғаттан тысқары нәрсе емес екені осыдан-ақ көрінеді.

Діннің пайда болу, шығу тегін осылай ашып беру – соған қарсы күрестің ең маңызды жағы. Ғылыми атеизмнің алға ұстайтын басты шарттарының бәрі де осыған негізделеді. Мұнымен қатар ислам дінінің қазақ сахарасына күшпен, зорлықпен енгізілген себептерін де Шоқан Уалиханов ашықтан-ашық айтты. Соған қарсы өзінің наразылығын білдірді.

Патшалық Россияның қазақ жерін отарлау саясатының алғашқы бет алысы ислам дінін таратудан басталған. Сол арқылы қараңғы халықты мәңгі-бақи тұншықтырып келді. Өздеріне тәуелді етіп қойды. Осы сырды ерте аңғарған Шоқан сол кездің өзінен-ақ: «Біз үкіметтің білім атаулының жауы дінді сүймелдеуін, соққы мен қорқынышқа негізделген теологиялық заңдарды сахараға күшпен кіргізбеуін талап етеміз» - деді [2, 55 б.].

Ал күшпен енгізілген ислам діні қазақ халқының өзіне тән табиғи еркінділігін, сенгіштігін, сауықшылдығын, қай нәрсеге де болса тәуекелшіл, алғыр қабілетін жойып жіберуге тырысқан залалды жақтарын да Шоқан ашық көрсеткен.

Ислам дінінің сыр-сипаты осындай. Оның қазақ сахарасында өріс алуына жол бермеу бағытында Шоқан Уалиханов өмірінің ақырына дейін аяусыз күресті.

Шоқан Уалиханов сияқты Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев және басқалар өз шығармаларында ислам дініне қарсы ой-пікірлер таратты.

Бұл жөнінде алдымен қазақтың ұлы педагогы Ыбырай Алтынсариннің дін туралы пікірлерін атап өтуге тиіспіз. Ол өзінің халық ағарту жұмыстарын дамыту барысында еңбек еткен алғашқы кездерінің өзінде-ақ: «Надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамасы келгенінше қызмет ету – біздің әрқайсысымыздың да борышымыз» - деп қазақ халқының көзі ашық, саналы азаматтарына бағыт сілтеді. Осы жолда өзі де өмірінің ақырғы минутына дейін қызмет етті [2, 231 б.].

Ал Міржақып Дулатұлының шығармашылығында қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени, саяси мәселелері кеңінен көтерілді. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында дінге деген көзқарас түрлі бағытта өрбіді. Бір жағынан, дін халықтың рухани тірегі ретінде маңызды рөл атқарса, екінші жағынан, кейбір діни әдет-ғұрыптар мен догмалар халықтың дамуына кедергі келтірді. Осы тұрғыдан алғанда, Міржақып Дулатұлының дінге деген сыншыл көзқарасы оның прогрессивті ұстанымын және қоғамды ағартушылық жолмен өзгертуге ұмтылысын көрсетеді.

Дулатұлының дінге деген көзқарасы оның шығармаларынан анық көрінеді. Ол дінді халықты тәрбиелеудің құралы ретінде қабылдап, оның қоғамдағы орнын дұрыс түсінуді ұсынды. Алайда, діннің догматикалық және сыңаржақ көріністері қазақ халқының прогрессивті дамуына кедергі келтіретінін жиі сынға алды. Мәселен, оның “Оян, қазақ!” атты өлеңдер жинағында халықты тек дінге сеніп, еріксіздікке бой алдырмауға шақыратыны байқалады.

Міржақып Дулатұлы дінді сынға алу барысында оны түбегейлі теріске шығармаған. Ол діннің негізгі құндылықтары – адамгершілік, мейірімділік, әділдік – қазақ қоғамына қажет екенін түсінген. Алайда, ол халықтың білімсіздігі мен дінді түсінудегі қателіктердің қоғамда әділетсіздік пен тоқырауға әкелетінін айтты. Оның еңбектерінде дін басыларының кейбірі өз пайдасын ғана ойлап, халықты алдайтыны сыналады.

Міржақыптың пікірінше, діннің дамуға тежеу болуының бірнеше себебі бар:

- Діни білімнің төмендігі: Молда және иман атанған кейбір тұлғалар өздерін діннің өкілі ретінде танытып, халықты сауатсыздықта ұстады.

• Дін мен ғылымның үйлеспеуі: Дулатұлы дінді ғылымнан бөліп қарамау керек деп есептеді. Ол ғылым мен білімге негізделген дін ғана қоғамды алға жетелей алады деп санады.

Міржақып Дулатұлының көзқарасында ағартушылық басты орын алды. Ол қазақ халқының ұлттық санасын ояту үшін білім беру мен ғылымды насихаттады. Оның пікірінше, дін халықты біріктіруге және тәрбиелеуге қызмет етуі керек, бірақ ол халықты надандықта ұстау құралына айналмауы тиіс.

Міржақыптың бұл ойлары "Қазақ" газетіндегі мақалаларынан да көрініс тапты. Ол онда халықты білім алуға, өз болашағын ойлауға шақырды. Сонымен бірге, шариғат заңдарын дұрыс түсініп, оны өмірде дұрыс қолдану керектігін жазды. Ол қазақ қоғамында дінге реформа жасаудың қажеттігін атап өтті. Ол діни білім беру жүйесін жаңарту, молдалардың білімін арттыру және дінді халықтың мәдени және әлеуметтік дамуына үлес қосатын құралға айналдыру мәселесін көтерді. Оның бұл көзқарастары татар зиялыларының діни реформалар туралы ойларымен үндес болды.

Міржақыптың ұсыныстарының бірі – дін мен зайырлы білімді үйлестіре отырып, ұлттық мектептер құру. Ол халыққа тек діни ғана емес, дүниелік білім беруді де мақсат етті.

Міржақып Дулатұлы дінге сын айта отырып, оның қоғамдағы рөлін толық жоққа шығармаған, керісінше, оны дұрыс түсініп, қолдану қажеттігін ұсынған ағартушы. Оның көзқарастары қазақ халқының рухани және мәдени жаңғыруына бағытталған. Дулатұлының дін мәселесіне қатысты идеялары ұлттық сананың қалыптасуында, ғылым мен білімнің дамуы жолында маңызды рөл атқарды [3, 128 б.].

XIX-XX ғасырлардағы қазақ зиялыларының дінді сынға алуы олардың дінге қарсы болғанын білдірмейді. Керісінше, олар діннің шынайы мәнін түсіне отырып, оның қоғамдағы рөлін білім мен прогресс тұрғысынан қайта қарастырды. Зиялылар діни догмалар мен фанатизмнің орнына ағартушылық пен білімді ұсынды. Бұл сындар қазақ халқының мәдени және рухани жаңғыруына ықпал етті.

XX ғасырдың бас кезіндегі демократялық бағыттағы ақын- жазушылардың қай-қайсысы болса да өз шығармаларында діннің қара ниет – озбырлық істеріне және схоластикалық діни оқудың зардаптарына тоқталмай өткен емес. Олар өмірде болған шындықты айтумен, әділетсіздікке қарсы күрес жүргізумен, дінді әшкере етумен өздерін халық арасына танытып, шындықты айтқандары үшін халық құрметіне бөленген. Олар халықтың мұң-мұқтажын, рухани көңіл-күйлерін жақтаушылар болды. Халық мұңына, халық тілегіне үн қосып отырды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты Сәбит Дөнентаев та «Жәкен молда» деген өлеңінде ел аралап қаңғыған молдалардың жемқорлығы мен парақорлығын, халықты алдап алудан басқаны ойламайтынын, құзғын қарға сияқты өз құлқынын ғана көксейтінін әшкере еткен.

Мұқан тұрып: - Осы Жәкең,
Сен мақтайсың, білмеймін мен,
Құдайменен тең серік пе?
Алу жағын қайдан білген?
Кітап ашады, күбірлейді,
Қиын сөзден түк білмейді,
Кітабына киім, қойдан,
Басқа неге ілінбейді? –
деп, оның қас масқарасын шығарған [4,78 б.].

Бірін-бірі қайталамайтын, біріне-бірі ұқсамайтын жоғарыда келтірілген шығармалардың бәрі де ислам дінінің, қаңғыған молдалардың адам баласына жасаған жан түршігерлік әр алуан қылмыстарын әшкере еткен. Қазан революциясына дейін дінге қарсы күрескен мұндай фактілер халық арасында қанша көп болғанымен, ол кезде өкімет билігі үстем тап, билеуші топтар қолында болды.

КПСС Орталық Комитеті Саси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясының XII сьезіне жасаған баяндамасында: «Жаңа адамды тәрбиелеу проблемасының шешілуі адамдардың санасындағы ескіліктің сарқыншақтарына қарсы күреспен тығыз байланысты... Мұнымен қатар атеистік насихатты жақсарту керек, діншілдік идеологияға, жоққа сенушілікке қарсы күресті күшейту қажет» - деген болатын.

«Әдебиет және дін» атты еңбегіміз партияның қойып отырған осы талап-тілектеріне байланысты жазылған еді. Қазақ совет әдебиетіндегі дінге қарсы күрескер Қазан революциясы жеңілісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ ашықтан-ашық күшейе түскен еді.

Ескінің барлық қалдықтары сияқты діни қалдықтар да өзгеріп, кейде тіпті басқа қырынан көрініп отырады. Олай болса, бұл қалдықтармен күрес әдісі де нақты болып жетілдіріліп отыруы керек. Бұл талапты атқаруда көркем әдебиетке де зор міндет жүктелетіні мәлім [4, 118 б.].

Мұғалім Сәрсекеев деген автор «Алаштың азаматтарына деген мақалада: «Бізден басқа орнықты елдердің көзі ашық, ғақылы толық, жомарт байлары әр жерге медресе, мектеп салдырып жатқанда, біздің қайыр - садақаларымыз ел аралаған қызылбастардың, өтірік қожалардың, өтірік сейіттердің тамақтарын асырауға жұмсалып жүрді» десе, Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінде: «Бейшара, момын қазақ әулиенің атын атап, мың түрлі тіленші қожаларға жем болып тұрған жайы бар. Түркістан қожаларының зиратты түзететін ойы жоқ. Зиратқа келгендерді ерікті - еріксіз талаудан басқа кәсібі жоқ», дейді «Оқшау сөз. Хазірет Сұлтан» атты мақаласында [5, 97 б.] «Осындай құдай сүйген шын ғалымдарды хақиы ғалым емес деп қара халықты өтірікпенен бұрмалап алдаудың түбінде обалы кімге болар екен? Оның обалы хақиқатты біліп отырып, өзінің нәпсісі үшін жасырып қойған молдекеңдерге болатындығы», делінген «Айқап» журналында жарияланған мақалада [5, 67 б.] Жағдайы нашар отбасылар мен жетім балаларды шоқындыру мәселесі. «Оқыту хақында Шариғат не айтады?» атты мақалада А. Жүсіпұлы: «Ең әуелі балаларға жақсы етіп өз дінін танытарға керек. Сонан соң орысша оқуға беруден қайшасқа керек» десе, [1,80 б.] «Қазақ түркілерінде үйлену» мақаласында: «Қазақ кедей болса, орысқа малай болады, орысқа малай болса, шоқынады, деп уайымдайды, һәм кедей болмас үшін жалғыз шара көшпелі мал бағу деседі» [5, 82 б.]. Екі мақала да «Айқапта» 1914 жылы жарық көрген. Байқап қарасақ, бір ғана дін тақырыбына қатысты көп мәселелер қазақ жұртшылығын алаңдатқан екен. Ал енді Алаш көсемсөз шеберлері осы діни мәселелерді қалай шешпек болды деген сұрақтың жауабына келсек. Мерзімді баспасөзде жарық көрген мақалаларға жүгінсек, Алашорда үкіметі мен ұлт лидерлері бұл мәселеде қол қусырып, қарап қалмаған, түйіткілдерді бірнеше жол арқылы шешпекші болған. Мәселені шешу барысы зайырлылық пен демократиялық принциптерге арқа сүйеп, ұлттың ауызбірлігіне үміттене отырып, бірнеше тарапта қатар жүрген.

Қорытындылай келе қазақ зиялыларының дінге көзқарасы негізінен ұлттық болмысты сақтау, мәдениет пен руханиятты қорғау мақсатында қалыптасты. Олар дінді қоғамды рухани біріктіру және халықтың білімін, мәдениетін арттыру құралы ретінде қарастырды. Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов сияқты тұлғалар дінді халықтың ұлттық ерекшелігін айқындайтын құндылық деп бағалады. Алайда, олар шариғат нормаларын прогрессивті біліммен ұштастыруды да маңызды деп санады.

Кеңестік кезеңде зиялылардың көпшілігі дінге қатысты репрессияға ұшырады. Бұл жағдай олардың діни көзқарастарының бейтарап немесе тіпті жасырын сипат алуына әкелді. Соған қарамастан, дінге оң көзқарас халықтың тарихи-мәдени санасында сақталып қалды.

Қазіргі таңда сол зиялылардың мұралары дін мен зайырлылық арасындағы үйлесімділікті іздеу мәселесінде өзекті болып отыр. Олардың көзқарастары ұлттық құндылықтарды сақтап, қоғамның рухани дамуын қамтамасыз етудің маңызды негізі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбжанов. Х. «Қазақ зиялылары және дін» // Қазақ тарихы, №4, 2002. – 20 б.
2. Шапиян М. Тұлғалар өміріндегі ислам. – Алматы, Marfu, 2020, І-том, - 231 б.
3. Дулатұлы М. «Оян, қазақ!». – Алматы: Жалын, 1991, - 128 б.
4. Ахметов Ш., Жанпеисова К. Әдебиет және дін. – Алматы, Ғылым, 1983. – 118 б.
5. Алаш көсемсөзі: Дін мәселесі. Көптомдық. 3 – том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. – 400 б.

ҒТАХР: 03.20

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Сағидулла Альбина Русланқызы
М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» ББББ 1-курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
albina09987@mail.ru

Тарих – қазақ халқының алғаш қалыптасқан сәтінен бастап ұлттық деңгейге көтеріліп, өркениеттер тоғысында даму әлеуетінен хабар беретін маңызды ғылым саласы. Тарих арқылы қазақ халқының сүрініп, құлаған сәттерін де, қайта тұрып, көтерілген сәттерін де бағамдаймыз. Тарих арқылы ұлтымыздың даму көкжиегінің деңгейін анықтап, бабалар қалдырған рухани мұраның зерделену жағдайынан хабар аламыз. Тарих арқылы ұлт зиялыларының өмірі мен шығармашылығы халықтың кемелденуіне қандай үлес қосып, ұлт тарихы тұрғысынан қандай рөл атқарғанын айшықтаймыз. Ал қазақ халқының ұлт деңгейіндегі көктеп, дамуына тыңайтқыш болған қазақ ғалымдарының тарихи маңызға ие қызметі мен еңбектерін саралау тарих ғылымының ұлт алдындағы борышы. Тарих беттерінде есімі алтын әріптермен жазылып қалған ұлт перзенттері мол.

Қазақ ғылымының даму тарихында есімі ерекше аталатын көрнекті тұлғалардың бірі – Қажым Жұмалыұлы Жұмалиев. Батыс Қазақстан облысының Орал өңірінде дүниеге келген ғалымның алғаш аяқ аттаған саласы қазақ әдебиеті болғанымен, академиктің тоқталып, тереңіне үңілмеген саласы кемде-кем және ол еңбектің бәрі тарих ғылымы үшін ұлттық ғылым дамуының ахуалын айқындау жағдайында үлкен рөл атқарады.

Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетіне шын ықыластық білдірген көрнекті тұлғаның ұлттық фольклористикаға, халық әдебиеті тарихы мен теориясына, жастарды ғылымға баулып, сапалы оқыту педагогикасына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Ұстаздың саналы ұрпақ тәрбиелеудегі елеулі үлесі жалғыз әдебиеттану ғылымына ғана емес, күллі қазақ халқының кемелдену тарихына қосылған үлес. Бұл үлестің тарихи маңызы – қазақ ұлтын сапалы оқу-білімге баулып, жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың өмірлік бағдарына әсер ететін құндылықты тәрбиенің қазақ даласына таралуында Қ.Жұмалиевтің де бір кісідей атсалысуымен айқындалады.

Туған ұлтының әдебиеті мен мәдениетіне бейжай қарамай, ғылыми қызметінде тарихи маңызға ие өлшеусіз жұмыстар жазып қалдырған академиктің әдебиет тарихына бет бұруы автордың өз сөздерінде былайша тұжырымдалады: «Өз жазуы жоқ, бар

жазуын басып шығаратын баспасы жоқ халықтың сөз өнерін қарастыру – қажетті іс. Жазбаша сипаты болмағанымен, ауызша әдебиетіне сан-салалы кереметті сыйдырған халық мұраларынан сол халықтың өмір-тіршілігін, тұрмыс-тынысын, ұлттық дүниетанымын бағамдауға болады. Ауыз әдебиеті дамыған халық сөз өнері арқылы ұрпағына тәлімді тәрбие бере алады, халықтың танымынан хабар бере алады, ел басынан өткен тағылымды тарихын да паш ете алады. Осыған орай, қазақ халқының сөз өнерін терең зерттеу құр қиялдан туған дүние емес, зәрулігі жоғары қажеттіліктен туған өмірлік мақсат» [1]. Бұл миссияның нәтижесі бүгінгі тарих көзімен қарағанда ұлттық кемелденуге, қазақ халқының ғылыми дамуына қосылған еңбекпен өлшенеді. Тарих толқыны үшін Қ.Жұмалиев – ағартушылық қызметі мен педагогикалық қажырлы еңбегі арқылы жас буынның бойына ғылыми білімнен бөлек, зерттеулеріне алтын қазық болған ұлттық таным, ұлттық сана, ұлттық идея негіздерін салып, сол тәлімді ғасырлар тоғысында сақтау мұратын дәріптеген кемел тұлға.

Ғылымға, оның ішінде әдебиет тарихының қалыптасу кезеңіне қосқан үлесі нар тұлғаның ағартушылық қызметімен де етене байланысып жатыр. Әдеби даму үрдісіне ғылыми негізде атсалысқан тұлғаның зерттеулерін жілігін шағып зерттеген ғалымдар өте көп. Бір өкініштісі, ашық ақпарат алаңында ғалым зерттеулері туралы толымды деректер жоқтың қасы немесе өте тар шеңберде таралған. Академиктің асыл ғылыми мұрасын саралап, зерттеу еңбектеріндегі әдеби талдаулардың тарихи маңыздылығын алға тартып, деректердің ғылыми негізділігі мен теориялық құнды ой-пікірлерден тұратындығын қарастырған қазақ ғалымдарының тізімі төмендегі сызбада көрсетілген (Сызба 1):

Сызба 1. Қ.Жұмалиев зерттеулерін әдеби-тарихи тұрғыдан қарастырған қазақ ғалымдары.

Figure 1. Kazakh scholars who examined K. Zhumaliev's research from a literary and historical perspective.



Ғалым еңбектерін жаппай зерттеу 1968 жылдан, академиктің дүниеден өткен уақытынан бастап басталды. Дегенмен әдеби зерттеулердің денін толтыруға мұрындық болатын бұл игі іс 70-жылдардың ортасынан кейін мүдіріп қалды.

Қаламгердің әдебиет тарихына қатысты жазған әрбір мұрасы ағартушылық сипатқа тұнып тұрды. Оның әдебиет тарихы мен теориясына қатысты оқулықтарының білім беру саласында кең қолданысқа түсуі әдебиеттану ғылымына ден қойған болашақ ғалымдар үшін педагогикалық көзқарастар мен әдістерге көмкерілген маңызды нұсқаулыққа айналды. Тіл ғалымы Ә.Дербісалиннің «Даңғыл ғалым» атты ғылыми мақаласында Қ.Жұмалиевтің өз зерттеулерінің ішінде қазақ әдебиетінің XVIII-XIX ғасырлардағы тарихына үлкен маңыз беруі аталып өтеді. Профессор: «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің жазбаша сипатқа әлі ие болмаған кезеңі туралы әдеби

талдау жасау, әсіресе, оны тарихи жүйелеу – өте қиын міндет. Соған қарамастан, барша қазақ ғалымдары әдебиет тарихының шежіресін қастерлі қаламымен жазып шықты. Солардың ішінде Қ.Жұмалиевтің қосқан үлесі айрықша» [2], - деп атап өтеді.

Жыраулар поэзиясындағы шоқтығы биік Бұқар жырау шығармашылығынан бастап, ақынжанды Махамбет батырдың жалынды жырларын жан-жақты зерттеп, өткен ғасырдың бас кезіндегі Шәңгерей ақынның поэзиясын зерделеген ғалымның әдебиет тарихындағы бағыттарды жіктеп, теориялық деректері мен әдістемелік әдістерге негізделген нақты мысалдары жас ғалымдар үшін құнды білім болғаны айқын.

Қазақ халқын жауынгерлік рухқа толы отты өлеңдерімен оятқан Махамбет батырдың тұлғасын ашып көрсету арқылы, батырдың ұлт-азаттық көтеріліс кезеңіндегі тарихи орнын нақты айқындаған зерттеулері әдебиет саласында білім ізденуші жастардан бөлек, тәжірибелі ғалымдар үшін де ағартушылық қызмет атқарды. Шыншыл ақынның шыр-пыр болып шындықты бүкпесіз жырлаған батылдығына масаттанған ғалым оның әдеби тұлғасын тарихи бірлікте қарастырды. Бұл зерттеулер өз кезегінде Махамбет шығармашылығын тарихи негізде зерттеуші әдебиетшілер мен тарихшыларға жол нұсқап, бағыт көрсететін таптырмас дерек көзі.

Әдебиет тарихындағы маңызды бөлімнің бірі – қазақ даласының біртуар тұлғасы, халықтың бас ақыны атанған Абай тұлғасына қатысты зерттеулер. Өз өлеңдерімен ағартушылық миссиясын атқарған, қазақ жеріне білімнің дәнегін таратып, надандық көлеңкесін өшіруге тырысқан ақын өмірі мен шығармашылығын ғылыми негізде зерделегендердің бірі де – Қ.Жұмалиев. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихындағы тұңғыш қорғалған докторлық жұмыс дәл осы кісіге тиесілі болса, алғашқы тақырып Абай ақынның шығармашылығына арналды. Өзінің докторлық тақырыбын ««Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деп алып, ұлы ақынның поэзиясына дейінгі қазақ өлең-жырларының табиғатына талдау жасап, Абай поэзиясының биіктігін де ғылыми негіздемелері арқылы дәлелдеп шығады. Көптеген ғалымдар секілді орыс ғалымы Н.К. Дмитриев те бұл еңбекке жоғары бағасы береді. Ол: «Қазақтың ұлы ақыны Абай шығармашылығын зерттеуді мақсат тұтқан ғылыми еңбектер көп болғанымен, Қ.Жұмалиевтің зерттеу еңбегі өзгелерінен озық, терең екен» [2], - деген пікірін білдіреді.

Абай тұлғасының биіктігін көрсететін өмір жолы мен шығармашылық мұрасын көпшілікке дәріптеп, талдау еңбегі арқылы жас ғалымдар мен Абайтанушы ғалымдарға маңызды деректер қалдырған ғалымның бұл қызметі оның ғалым әдебиетші ретіндегі еңбегін ғана емес, ағартушылық қызметін айқындап, педагогикалық қасиетке ие маңызды қырын тағы бір паш етеді.

Ғалымның педагогикалық қызметі мен ағартушылық салаға сіңірген еңбегін толықтай саралау мүмкін емес. Өйткені, ғалымның атқарған қызметтері мен жазып қалдырған әрбір еңбегі тарихқа қосылған өлшеусіз еңбек. Академиктің қазақ тарихындағы елеулі орнын айғақтатайын ағартушылық, ұстаздық қызметпен байланысты кезеңдерін тарихи тұрғыдан жіктеу мақсатында оларды хронологиялық кестеге топтастырдық (Кесте 1):

Кесте 1. Қ.Жұмалиевтің ағартушылықпен байланысты кезеңдері.
Table 1. K. Zhumaliev's periods related to the Enlightenment.

№	Жылдар	Бұл жылдардың ұстаз өміріндегі тарихи маңызы
1	1925-1928 жылдар	Орал қаласындағы педагогикалық техникумда педагогикалық білім алды. Бұл жылдардың тарихи маңыздылығы қазақстандық жоғары білім беру саласының қалыптасу кезеңінің алғашқы баспалдағы болуымен байланысты.
2	1928-1932	Орал қаласындағы педагогикалық институтта жоғары білім алу мақсатында талапкер болған жылдары. Бұл жылдар еліміздегі жоғары оқу орындарының

	жылдар	тұңғыш ашыла бастаған тарихи кезеңінің ғалым өмірімен байланыстылығын көрсетеді.
3	1932-1938 жылдар	Ұстаздың алғашқы педагогикалық қадамы Орал педагогикалық институтында аға оқытушы қызметінде, әдебиет кафедрасында дәріс беруімен басталған. Бұл жылдардың тарихи маңызы Қ.Жұмалиев өміріндегі ағартушылық қызметтің алғашқы кірпіші қалануымен тығыз байланысты.
4	1938-1941 жылдар	Бұл жылдары ғалым Алматы қаласындағы білім ордасы – Қазақ педагогикалық институтында білім алушыларға дәріс оқып, әдебиет кафедрасын басқарды. Бұл кезеңнің тарихи маңыздылығы Ұлы Отан соғысы алдындағы жоғары білім беру тарихынан сыр шертуімен байланысты.
5	1941-1946 жылдар	Бұл кезең ұстаздың оқытушылық қызметінен бөлек, зерттеу жұмыстарымен терең айналыса бастаған шағынан хабар береді. ҚазПИ-де оқытушы бола жүріп, докторлық диссертациясын Мәскеу қаласында қорғайды. Бұл кезеңнің академик ғұмырындағы тарихи маңызы Ұлы Отан соғысымен және соғыстан кейінгі алғашқы жылдармен тұспа-тұс келуінде.
6	1946-1951 жылдар	Докторлық жұмысын қорғаған соң Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде профессор, оқытушы қызметтерінен бөлек кафедра меңгеруішісі лауазымына тағайындалады. Бұл кезеңнің тарихи маңызы Кеңестік ғылымның дамуына қосылған мол үлеспен айқындалады.
7	1951-1956 жылдар	Ұлтшыл деген айыппен Алматыдан Қарағандыға жер аударылып, ұстаздық қызметі тоқтайды [3]. Бұл кезеңнің жалпы тарихтағы маңызы саяси идеологияға негізделген репрессияның қазақ ғалымдарына тигізген қиянатын көрсетуімен байланысты.
8	1957-1968 жылдар	Бұл кезең ғалымның өз есімін ақтап, өзіне жабылған жаланы жоққа шығарып дәлелдеуімен маңызды. Абақтыдан шығып, ҚазПИ-дегі кафедра меңгерушілігіне қайта оралып, педагогикаға қосылатын үлесін қайта жалғастырады. Бұл жылдардың ғалым өміріндегі тарихи маңызы саяси репрессиядан аман оралып, өзін де, ұстаздық қызметін де қайта қалыпқа келтіру кезеңі болуымен айшықталады.

Қ.Жұмалиевтің ағартушылықпен айналысып, педагогикалық салаға арнаған жалпы уақыты ғұмырының 36 жылын құрайды. Осы аралықта ұстаз-оқытушы өзінің педагогикалық оқулықтары мен оқу-әдістемелік еңбектерін жазып, ғылым арнасына құнды тарту жасады. Мәселен, ғалымның «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиет теориясы», «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» атты еңбектері педагогика арнасына құйылған берекелі бастау болды.

1938 жылы оқу орындарындағы білім алушыларға арналған «Қазақ әдебиетінің тарихы» оқулығы оқушылар мен студенттерге арналған ең алғашқы жүйелі еңбек болды. Бұған дейін әдебиет тарихына арналған толымды еңбектің болмауы жаңадан жүйелі оқулықты жазу қажеттілігін көрсетті. Араға 24 жыл уақытты салып, оқулықтың академиялық нұсқадағы толықтырылған екінші томы жарық көрді. Бұл томның ерекшелігі – бұл еңбек тек білім алушыларға ғана емес, білікті ғалымдарға да арналды. Жүйелі оқу құралына деген қажеттілікті өтеуі Қ.Жұмалиевтің ағартушылық қызметіндегі, жалпы қазақ халқының ғылым тарихындағы тарихи ашылулардың бірі.

Алғашқы басылымы 1938 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясы» оқу құралы да педагогика ғылымында маңызды орынға ие. Кейіннен 5 рет өңделген еңбектің соңғы толықтырылған нұсқасы 1969 жылы, ғалымның қуғындалып, қайта ақталып шыққан

сәтінен соң жарық көрді [4]. Бұл оқу құралы студенттер мен мектеп оқушыларына арналған.

Ал ағартушының ғалымдар мен студенттерге арналған «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» атты моногрфиясы ең алқашқы кеңестік әдебиеттің жүйеленген зерттеу еңбегіне айналды. Бұл еңбектердің бәрі де сол кезден бері бүгінгі күнге дейін білім беру саласында қолданылып келеді.

Ағартушылық қызметі мен ұстаздық жолы арқылы ұлттық тарих кеңістігінде үлкен нәтижелерге қол жеткізген ғалымның жетістіктерін тарихи тұрғыдан қарастыру заңды құбылыс. Өйткені, Қ.Жұмалиевтің жүріп өткен жолы қазақ ұлтының жүріп өткен жолындай кедір-бұдырлы, соқыр саясаттың идеологиясына ұшыраған қым-қиғаш болды. Қазақ халқының тарихын қарастырғанда, ұлттық таным мен ұлтжанды сананы қалыптастырып, ұлттық мүддеге қызмет еткен ұлт тұлғаларының өмір дерегін қатар қарастыру тарихи білімнің ғылыми бағытын негіздеуге мүмкіндік береді. Болашақ ұрпаққа қалдыратын тарихи деректерді жинауда ұлттың ұлы перзенттерінің ұлттық мұрасына салыстырмалы тарихи талдау жасау басым рөлге ие. Қ.Жұмалиевтің педагогикалық қызметіндегі оқытушы-әдіскерлік қырын көрсететін маңызды дүние - оқыту саласында қолданған әдістері. Ұстаздың педагогикалық әдістемесінде жиі қолданған әдістеріне салыстырмалы талдау нәтижесі төмендегі кестеге жинақталды (Кесте 2):

Кесте 2. Қ.Жұмалиевтің педагогикалық әдістемесінде жиі қолданған әдістері.
Table 2. Frequently used methods in K. Zhumaliev's pedagogical methodology.

№	Қолданған әдісі	Сипаттамасы	Тарихи мәні
1	Әдеби талдау	Қазақ әдебиетіндегі әр шығарманы жілік-майын шағып талдағаны шәкірттерін ғана емес, ірі ғалымдардың өздерін тамсандырған.	Әдеби талдаулары арқылы әдебиет теориясындағы әдеби сын үлгілерін мысалдар түрінде көрсетіп кетті.
2	Салыстырмалы әдіс	Халқымыздың бас ақыны – Абай мұраларын талдау барысында ақын шығармаларын өзге поэзия өкілдерімен салыстыра талдау негізінде қазақ ақынының құдыреттілігі – сөздік қорының молдығымен, сөз саптау қабілетінің қуаттылығымен өлшенетінін ғылыми дәйектейді [5].	Академиктің салыстырмалы әдісті қолдануы кеңестік әдебиеттану әдістемесінде аталмыш әдістің кеңінен қолданыла түсуіне діңгек болды.
3	Тарихи-әдеби әдіс	Әдебиет тарихы мен теориясына қатысты ғылыми еңбектерін тарихи тұрғыдан қарастырып, тарихтар тоғысындағы әдеби үрдістің даму әлеуетін айқындады.	Тарихи-әдеби әдіске бүгінде тарихи шығармаларды зерттеуде әдебиетшілер жүгінсе, қазақ әдебиетіне қатысты тарихи тұлғалардың өмір дерегін зерттеуде тарихшы ғалымдар кеңінен жүгінеді.
4	Жатқа айту	Білім алушыларға сабақ өту барысында қазақ әдебиетіндегі кез келген ақын, жыраудың шығармаларын жатқа айтып отырған.	Бұл әдіс халқымыздың ең мықты тұсы – халық ауыз әдебиетін жасаушы сипатын кеңінен дәріптейді.
5	Қағазға қарамай дәріс оқу	Дәрістерін жаттанды сөздерсіз, оқулық сөздері мен конспект сөздерінсіз, жанды негізде түсіндірген.	Бұл әдіс педагогикадағы дәстүрлі әдіс – ауызша түсіндіру әдісінің қалыптасуына негіз болды.

Педагогикалық қызметке арнаған 36 жылдың ішінде ұстаздың жетекшілігімен 32 ғылым кандидаты, 8 ғылым докторы қалыптасып, тұтастай әдебиет мектебі пайда болды [6]. Ғылым кандидаттары мен докторларының арасында Қазақстан ғалымдары ғана емес, түбі бір түркі халықтары Қырғызстан, Қарақалпақсат, Башқұртстан ғалымдары да болды. Академиктің дәрісін тыңдап, білім нәрімен сусындаған алғашқы қазақ ғалымдарының қатарында С.Қирабаев пен З.Қабдоловтар тұрды. Сондай-ақ М.Мырзахметов, Б.Наурызбаев, Ф.Оразбаев, М.Атымов, М.Тілеужанов, З.Жұмағалиев, С.Құспанов, З.Серікқалиев, А.Сүлейменов сынды ғалымдар мен сыншылар да академиктің мектебінен өткен шәкірттер.

Осылайша, Қ.Жұмалиевтің ағартушылық қызметінің тарихи маңызы Қазақстандағы сапалы кадрлар дайындау маңызымен анықталады. Кемеңгер тұлғаның педагогикалық қызметін зерттеу тарихшыларға қазақ жерінде қалыптасқан жоғары білім орындарының өркендеу жағдайынан хабар береді, кеңестік кезеңдегі білім беру саясатына тән құбылыстарды сипаттайды, қазақ ғалымдарының қалыптасуы мен қазақ ғылымның даму тарихын зерделеуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, ағартушы ұстаз әдебиет арқылы жас ұрпақтың тарихи танымын қалыптастырды. Әдебиет пен тарих ғылымдарының үндестігін танытатын Қ.Жұмалиевтің Махамбетке қатысты зерттеулері Исатай-Махамбет көтерілісінің (1836-1838) тарихи мәнін ұғындырса, Абай туралы ғылыми зерттеулері ақын дәуіріндегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды тарихи негіздеуге мүмкіндік береді. Ал жыраулар поэзиясын қарастырған әдеби талдаулары XVIII ғасырдағы саяси ахуал туралы тарихи ақпараттар алуға көмектеседі. Осылайша, тарих ғылымы үшін Қ.Жұмалиевтің ағартушылық қызметі мен ғылыми мұраларын қарастырудың маңызы зор деуге толықтай негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері [Текст] : зерттеулер. Т.1. / Қ. Жұмалиев. - Орал: Ағартушы, 2010. - 436 б.
2. Дербісалин Ә. Даңғыл ғалым / Соц. Қазақстан, 1977.
3. Мамыров А. Әдебиетке адалдық / Ана тілі, 2017.
4. Бисенғали З.Ғ. Қ.Жұмалиевтің ғылыми мұрасы және әдебиеттанудың өзекті мәселелері. Turkic Studies Journal, 2 (2), 2020. Б. 38-51. DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-2-38
5. Мырзахметов М. Ғұлама ғалым //Лениншіл жас. – 1977.
6. Мұсаев А. Академик Қ.Жұмалиевтің ғылыми мектебі // «Қажым Жұмалиев және қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері»: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында академик Қажым Жұмалиев мұрасына арналған атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2018. - 176 б.

ҒТАХР 03.20.00
ӘОЖ: 94(574.1)

АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Төлеген Мақсат Сұңғатұлы
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» ББББ 2 курс магистранты
maksat0306@icloud.com

Ұлы Отан соғысы (1941–1945) – ел тарихында ерекше орын алатын, халықтың қайсар рухы мен бірлігін танытқан ұлы сынақ кезеңі, адамзат тарихындағы ең қасіретті және ұмытылмас кезеңдердің бірі. Бұл соғыс әрбір отбасының тағдырына әсер етіп, барша халықты бір мақсатқа – Жеңіске жетуге жұмылдырды. Бұл қасіретті жылдарда Қазақстан халқының да, оның ішінде Ақжайық ауданы тұрғындарының да майданға қосқан үлесі өлшеусіз. Аудан халқының батыр ұлдары мен қыздары майданда жан аямай шайқасса, тыл еңбеккерлері Жеңісті жақындату үшін бар күш-жігерін жұмсады.

Ақжайық ауданының майданға аттанған батыр ұл-қыздары ел қорғауда қайсарлық танытып, ал тылдағы халық майданды азық-түлік, киім-кешек және басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз етуде ерен еңбек етті. Ауданның стратегиялық орналасуы, табиғи ресурстары және еңбекқор халқы соғыс жылдарындағы Жеңіске жетуде маңызды рөл атқарды. Ақжайық ауданының халқы өздерінің қажырлы еңбегімен ғана емес, сонымен қатар моральдық және материалдық қолдауымен де ерекше көзге түсті. Соғыс жылдарында ауыл шаруашылығы мен өндірістік саланың қайта құрылып, майдан қажеттіліктеріне бейімделуі, жергілікті халықтың патриоттық рухы мен ұйымшылдығының нәтижесі болды.

Ақжайық ауданы – Батыс Қазақстан облысының орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік бірлік. Оның аумағы Жайық өзенінің бойында орналасқан, табиғи және тарихи ерекшеліктерімен танымал. Ауданның қазіргі атауы қазақтың «Ақжайық» сөзімен байланысты, бұл «кең, мол сулы өзен» деген мағынаны білдіреді. Ақжайық ауданы 1928 жылы Ілбішін ауданы болып құрылды. 1938 жылы Чапаев ауданы болып өзгертілді. 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысы Ақжайық ауданы үшін ауыр сынақ болды. Ол кезде, аудан қазіргі атаумен танылмаған, бірақ оның аумағындағы ауылдар мен елді мекендер соғысқа тыл ретінде маңызды рөл атқарды. Аудан халқы майдандағы жеңіс үшін бар күш-жігерін жұмсап, еңбек ете отырып, елдің болашағы үшін үлес қосты.

1941 жылдың 1 қаңтарына қазіргі Ақжайық ауданының аумағындағы халық саны 59,4 мыңнан астам болды. Халықаралық жағдайдың барынша шиеленісе түсуіне байланысты бірнеше ауылдық кеңестерге бөлінген Чапаев және Тайпақ аудандары тұрғындарының, ауылшаруашылық құрылымдары мен мемлекеттік мекемелерінің, өзге де еңбек ұжымдарының алдына бүкіл елдегідей аса күрделі міндеттер жүктелді. Алдымен жергілікті басқару органдары қажет болғанда жаппай әскери мобилизациялау жұмысын шұғыл жүргізу мүмкіндігі реттелді. Сол себепті 1939 жылдың 1 қыркүйегінде жалпыға бірдей міндетті әскери қызмет туралы заң жарияланған болатын. Аудандық әскери комиссариаттар тарапынан Қызыл Әскер қатарына шақырылуға жататын азаматтардың есебін алу, оларды тұрғылықты жерде әскери қызметке қысқа мерзімде даярлау және жөнелту жүзеге асырылды. 1938 жылы Ілбішін(қазіргі Ақжайық) ауданынан 138, сәйкесінше сол кездегі Тайпақ ауданынан 52 адам Қызыл Әскер қатарына шақырылған [1, 6-7 б.].

Бәрімізге белгілі, 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Совет Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Аудандық партия, Кеңес органдары әскери

комиссариаттар алдын-ала жасалған нақты іс-қимыл жоспары бойынша Қарулы Күштер қатарына азаматтарды жаппай мобилизациялауға дереу кірісті. Осы аталған мекемелерде аудан жастарынан майданға сұранған жүздеген өтініш хаттар түсіп жатты. Аудан жастары Ұлы Отан соғысы жылдары майданға жаппай аттанды. Ауданнан мыңдаған ерлер мен әйелдер әскер қатарына қосылып, ел қорғау жолында жан аямай шайқасты. Ауданнан шыққан жауынгерлер Сталинград шайқасы, Мәскеу түбіндегі шайқасы, Курск доғасындағы қанды ұрыстар секілді тарихи оқиғаларда ерекше ерлік көрсетті.

Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күннен-ақ аудан жұртшылығы еңбек қарқынын еселеп арттырды, 2 совхозда, 17 колхозда және 3 МТС-та 150 адамның қатысуымен жиналыстар өтті. Шілде-тамыз айларында еңбек ұжымдарында 230 лекция, 17 баяндама оқылды. 14 мыңнан астам адам Отан қорғау тақырыбына әңгіме, пікірлесу сияқты шаралармен қамтылды. Аудандық газеттердің бетінде майдандағы қалыптасқан жағдай, тылдағы жанқиярлық еңбек, Отан қорғау тақырыптарына мақалалар көптеп жарияланды [2, 15 б.].

Соғыс жылдарында Ақжайық ауданы тылдағы еңбек майданында үлкен рөл атқарды. Майданға кеткен ер азаматтардың орнын әйелдер, балалар мен қарттар басты. Октябрь МТС-ының комбайншысы Қызыл Әскерге аттанғанда, рөлге оның қарындасы Анна Саратовцева отырды, «Трудовик» колхозының звено жетекшісінің орнына оның жұбайы Мария Щурихина ұжым тізгінін қолына алды. «Ерлеріміз, аға-інілеріміз майданға аттанды, ал біз жеңісті туған колхозымыздың егіншілік алқаптарындағы ерен еңбегімізбен жақындатамыз», – деп айтқан болатын [2, 15 б.]. Олар колхоздар мен совхоздарға егін егіп, мал бағып, майданға қажетті азық-түлік пен киім-кешек дайындады. Ақжайық ауданы ауыл шаруашылығымен айналысатын аймақ ретінде майданға астық, ет, сүт, жүн және басқа да азық-түлік түрлерін жіберді. Жайық бойындағы құнарлы жерлерде егіншілік дамыды. Жергілікті тұрғындар тәуліктеп жұмыс істеп, жоспарларды артығымен орындап отырды.

1941 жылы аудан еңбекшілері Отан қорғау қорына 71 мың сом қаржы аударды. 8-9 қарашада өткен сенбіліктерден 19125 сом ақша түсті, 10 тонна металл жиналды. Жалпы аудан бойынша 272 жұп пима, 745 жұп жылы шұлық, 1590 жұп қолғап, 165 жылы күрте, 390 құлақшын жиналды.

1942 жылдың 15 сәуіріне Чапаев ауданының 580 жұмысшы-қызметкері 174222 сом Мемлекеттік Әскери заемға жазылды. 197 колхохшы Отан қорғау қорына 135930 сом ақша аударды. Аудан шаруалары жауға қарсы «Батыс Қазақстан колхозшысы» атты танк колоннасын құруға қыруар көмек берді. Мысалы «Совстепь» колхозының малшы-шопандары Жиенғали Шінікеев 5 мың, ағайынды Дініш, Жақау Қоспаевтар 38 мың, колхозшы Болдырев 3 мың сом ақша аударды [2, 16 б.].

1942 жылғы Мемлекеттік әскери заемның орасан табысын өтуі советтік патриотизмнің тамаша көрінісі болды, заемға жазылу бұрын-соңды болмаған қысқы мерзмде және тамаша нәтижемен аяқталады. Батыс Қазақстан облысында Чапаев ауданы Талпын колхозы шаруаларының бастамасы кеі қолдауға ие болды, 50 мың сомға жазылған 100 колхозшы өз үлестерін қолма-қол ақшамен төлеп, облыстың барлық колхозшыларын осылай істеуге шақырып арнау жолдады [3, 11 б.].

Талпындық колхозшылардың жасаған бұл бастамасы, яғни бүкіл Жайық өңіріне арналған үндеуі, Тамбов колхозшыларының патриоттық қадамы аудан еңбекшілері тарапынан қолдау тапты. «Путь к коммунизму» колхозының мүшесі Әжікен Шүйінішәлиев 80000 сом қаржы аударды [1, 9 б.].

Ауданның мал шаруашылығы майданды ет және сүт өнімдерімен қамтамасыз етуде ерекше маңызды болды. Колхоздарда мал саны ұдайы өсіріліп, олардың өнімділігі арттырылды. Әйелдер мен жасөспірімдер мал бағу ісін өз мойындарына алып, майдан үшін маңызды өнімдерді өндірді.

Қырқыншы жылдардың басында Чапаев, Тайпақ аудандары ауыл шаруашылығы техникасымен біркелкі жақсы қамтылған өңір саналды. 1942 жылы Есенсайда 20, Базартөбе МТС-ында 46, Тайпақ МТС-ында 17, Қаракүл совхозында 12 дөңгелекті тракторлар, өзге де жер өңдеу, мал азығын дайындау құралдары болған. Алайда ауылдағы еңбектің басым бөлігі бұрынғыша білектің күшімен, айыр-күрекпен атқарылды. Пайдаланыстағы «ГАЗ-АА», «ЗИС-5», «ГАЗ-42» тағы басқа автокөліктердің де өндірістегі, жүк тасымалындағы үлесі төмен күйде қала берді.

1941 жылдың 1 шілдесінде «Ынталы», «Еңбекші», «Степь», «Трудовик», «1-Май» колхоздары ет, «Родник-Новый», Чапаев атындағы колхоздар жүн тапсырудың ерекше жылдық жоспарын орындап шықты. Еңбек озаттары малшы М. Темірғазиев, шопан Өтегенов өнімді еңбектің үздік үлгісін көрсетті. Қызыл Әскерге мобилизация ең жоғарғы деңгейге жеткен 1944 жылдың өзінде шаруашылықтағы қоғамдық мал басының жылдық өсімі ірі қарадан 105, қой-ешкіден 129% болған [1, 13 б.].

Соғыс кезінде КСРО-ның батыс аймақтарынан эвакуацияланған халықтың бір бөлігі Ақжайық ауданына орналастырылды. Бұл өңір соғыс қимылдарынан тым алыс болғандықтан, бейбіт тұрғындарды, әсіресе әйелдер мен балаларды қауіпсіз аймаққа көшіруде маңызды рөл атқарды. Ауданға келген эвакуацияланғандар жергілікті тұрғындармен бірге жұмыс істеп, тыл еңбеккерлерінің қатарын толықтырды.

Статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, Ұлы Отан соғысы жылдарында жалпы біздің облысқа 64 облыстан 50 мың адам эвакуацияланған. Негізінен бұлар: Ресей, Украина, Белоруссия, Молдавия, Балтық жағалауы республикаларынан. Эвакуацияланғандар: Жәнібек, Орда, Бөрлі, Теректі, Приурал, Зеленов, Шыңғырлау, Чапаев және Каменка аудандарына орналастырылған.

Батыстағы майдан шебінен көшірілген адамдар Чапаев, Калмыков ауылдарына, колхоз-совхоздарға орналастырылды. Тек 1941 жылдың өзінде Чапаев ауданы эвакуациямен келген 400 адамды қабылдады.

1942 жылы Сталинград облысынан 2 балалар үйі көшіп келді. Олар Чапаев ауданының Коловертное және Бударино ауылдарында, сондай-ақ Тайпақ ауданының Антон ауылында орналасты [4, 8 б.].

1941-1942 жылдарғы эвакуациямен келген көп халықты, отбасыларын аудан аумағына орналастыру, мектеп жасындағылардың оқуын ұйымдастыру бірқатар қиындықтармен, бірақ табанды түрде жүргізілді. Орыс тілді оқушылар саны күрт өсуіне байланысты мектептерде құрылымдық өзгерістер, педагогикалық кадрларды қайта бөлу жүзеге асырылды.

Эвакуацияның әсері Жайық өзенінің сол жағалауындағы мектептерге де жетті. 1942 жылдың 15 қарашасынан Октябрь орталау мектебінің бұиынғы 1-4 қазақ сыныптарына параллель осынша орыс сыныптары ашылды. Демек, соғыс қимылдары жүріп жатқан аймақтардан Жайық өңіріне ығысқан қалың елдің бәрін аудан орталықтары мен іргелес елдімекендерге сиғызу мүмкін болмаған [1, 13 б.].

Тылда адамдар тек еңбек етіп қана қоймай, майдандағы жауынгерлерді қолдау үшін түрлі шаралар ұйымдастырды. Әйелдер жылы киімдер тоқып, оны майданға жіберді. Жергілікті мектеп оқушылары жауынгерлерге хат жазып, қолдау білдірді. Аудан еңбекшілері майдандағы жауынгерлерге жылы киім, азық-түлік, сонымен бірге жаңа жылдық, мамыр мерекелері және Ұлы Октябрьдің 24, 25 жылдығына орай сыйлықтар жинап тапсырды. Бір ғана Тайпақ ауданының комсомол жастары майданға 5000 жұп қолғап, 4700 жұп жылы шұлық тоқып жөнелтті [1, 14 б.].

Ақжайық ауданы Жайық өзені арқылы жүктер мен материалдар тасымалдаудың маңызды орталықтарының бірі болды. Өзен бойымен азық-түлік, қару-жарақ және басқа да қажетті заттар тасымалданып, олар майданға жеткізілді. Жайық бойындағы ауылдар көлік тораптары мен қоймалардың қызметін атқарды.

Соғыс жылдары Ақжайық ауданының тұрғындары көптеген қиыншылықтарға тап болды. Ер азаматтардың майданға кетуі ауыл шаруашылығы жұмыстарына әсер етті.

Әйелдер мен балаларға бұрын ер адамдар атқаратын ауыр жұмыстарды орындауға тура келді. Азық-түлік пен киім-кешектің тапшылығы күнделікті өмірді қиындатты. Соған қарамастан, халықтың ұйымшылдығы мен патриотизмі бұл қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік берді. Тұрғындар барлық күш-жігерін жұмсады.

Жергілікті партия, Кеңес Органдары, аудандық әскери комиссариат 1942 жылдан ұрыста қаза тапқан Қызыл Әскер отбасыларына, соғыс мүгедектеріне мемлекет, қоғам тарапынан көмек ұйымдастыруды, оларға өндіріс тауарларын, азық-түлік бөлу, емделуін ұйымдастыру, жұмысқа орналастыру, жетім балаларды толық мемлекет қамқорлығына алу, жесір аналардың мұқтажын шешу, тағы басқалары қолға алынды.

Майдандағы асыраушысынан ұзақ уақыт хат-хабар немесе ресми хабарлама ала алмау себепті жанұясына тиісті төлемдер тоқтап қалмас үшін үкімет тарапынан оларға қайтарымсыз жәрдемақы төлеу жүйесі енгізілді. Қаза тапқандар мен мүгедектер отбасылары еңбек ұжымдарының, колхоз-совхоздардың, мектептердің қамқорлығына алынды [1, 14-15 б.].

Орал және Чапаев ауданының партия ұйымдары Сталинград облысынан эвакуацияланған әуеайлақ құрылысы басқармасын орналастыру бойынша ГКО қаулысы аясында айтарлықтай жұмыстар атқарды. Осы мақсатта 400 м² қойма үй-жайлары қосымша тазартылып, машиналар мен механизмдерге арналған алаңдар дайындалды. Құрылысты қалыпты жұмыс істеу үшін қажетті барлық заттармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды. Облыстық атқару комитетінің тарылған отырысында Чапаев, Фурманов, Тайпақ және Зеленов аудандарында 10 әуеайлақ, сондай-ақ «Джан-Дербек», «Шұқтыбай», «Джан-Дербек П», «Яик», «Алғабас» әуеайлақтарын салуға жер учаскелерін бөлу туралы шешім қабылданды[5, 97 б.].

Ақжайық ауданы аумағында 1942 жылы ақпан айынан сыйымдылығы 50-60 ұшаққа есептелген құпия әскери аэродром орналасты. Сырт көзге шетеннен тұрғызылған қой қораларына ұқсас бұл құрылыстар үшін қазіргі Мерген ауылдық округінің теріскейі, Жайықтың қалың орман көмкерген елеусіз бір тұсы таңдалған. Полигон әзір болғаннан кейін ұшақтардың қабылдануына жетекшілік еткен Орал горнизонының кіші лейтенанты, Курск доғасындағы шайқаста жарақат алып, әскери қызметін тыддағы қорғаныс істерінде жалғастырушы жауынгер В. Гулевский болды. Әскерилер отбасылары үшін осы «Полигон» аталып кеткен орында кезінде клуб, наубайхана жұмыс жасады, қарапайым тұрғын үйлер салынды. Бүгінде сонау қырқыншы жылдардың бір белесіндей, Жайыққа таяу құба жонда қыртысталған жер бедері, бұйраттар мен төмпешіктер анық байқалады. Бұл сол полигонның орыны, бір кездегі қызу тірліктің, қорғаныс шебінің іздері, Ұлы Отан соғысының беймәлім оқиғаларын ішіне бүккен бұйығы дала[1, 16 б.].

Кеңес Одағының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы – әлемдегі тұңғыш социалистік мемлекеттің тарихындағы дүниежүзілік империализмнің содырлы күштерімен болған ірі әскери қақтығыс еді. Сонымен қатар фашистік Германиямен болған соғыс майданы кеңес халқының рухының беріктігін, социалистік құрылыстың өміршеңдігін дәлелдей түскен аяусыз сынақ алаңы болды [6, 53 б.].

Ақжайық өңірінен жасақталған жауынгерлер легі Орынбор облысында қысқамерзімді әскери жаттығулардан өтіп, Ленинград, Мәскеу, Курск доғасы ұрыстарында ерлікпен шайқасты, Балтық жағалауы, Украина, Белоруссия, Шығыс Европа елдерін азат етуге, Кеңес-Жапон соғысына қатысты. Ақжайық өңірі жауынгерлерінің үлкен тобы Орал қаласында жасақталған 152-дербес атқыштар бригадасы құрамында 1942 жылы 22 ақпанда салтанатты түрде әскери ант қабылдап, 9-10 мамырда арнайы эшелондармен Мәскеу бағытындағы майданға бет алды [1, 17 б.].

Ұлы Отан соғысына қатысушы 3 мыңнан астам Тайпақ, Чапаев аудандарының Жеңіс сарбаздары ордендермен, медальдармен марапатталды. Төрт жерлесіміз Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар: Михаил Абдолов, Темір Масин, Есен Орақбаев, Александр Щурихин [1, 17 б.].

Ақжайықтық жауынгерлер барша совет халқы сияқты, Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында майдан шебіндегі сәтсіздіктер мен шегіністердің ащы дәмін татты, адам айтқысыз құрбандықтарды, қайғы мен қасіретті бастан кешті [1, 17 б.]. Соғыс аяқталған соң, Ақжайық ауданына майданнан оралған азаматтар ауданның бейбіт өмірін қалпына келтіруге үлес қосты. Жаралы жауынгерлер, соғыс мүгедектері, еңбек ардагерлері елге оралып, ауыл шаруашылығы мен экономикасын дамытуға атсалысты.

Бүгінгі күні Ақжайық ауданының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы рөлі аудан тарихының маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Соғыс жылдарындағы ерлік пен еңбек туралы естеліктер мектептерде, мұражайларда және ауданның мәдени шараларында ұдайы насихатталады. Ауданда соғыс жылдарында қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткіштер орнатылған, және аудан орталығындағы көшелерге ардагерлеріміздің есімдері берілген. 1418 тәулікке созылған сұрапыл соғыста Ақжайық ауданы Ұлы Отан соғысы жылдарында тыл мен майданда қажырлы еңбегімен және ерлігімен ерекше көзге түсті. Аудан тұрғындарының соғыс жылдарындағы ұйымшылдығы, төзімділігі мен патриотизмі бүкіл елдің жеңісіне қосқан үлесі ретінде бағаланады.

Сонымен, Ақжайық ауданының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы рөлі тек әскери емес, экономикалық, әлеуметтік және рухани тұрғыдан маңызды болды. Бұл аудан халқының төзімділігі, еңбекқорлығы мен отаншылдық қасиеті бүгінгі ұрпаққа үлгі бола алады. Ақжайық ауданының соғыс жылдарындағы үлесі тек жергілікті тарих үшін ғана емес, бүкіл елдің ортақ жеңісіне қосқан қомақты үлес ретінде бағаланады. Бұл кезең аудан халқының табандылығы мен патриоттық рухын көрсететін маңызды тарихи сабақ болып табылады. Ақжайық ауданының тарихын тереңірек зерттеу және осы кезеңнің оқиғаларын кеңінен насихаттау – болашақта да маңызды міндет болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоспаев Б. Д. Майдангерлер: Ақжайық ауданы. Орал: Полиграфсервис, 2010. – 360 б.
2. Ақжайық ауданы тарихи-танымдық анықтамалық. Орал: Дастан, 2006. – 257 б.
3. «Әлемдің тарих шеңберіндегі соғыс және бейбітшілік мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары – Орал қ.: М.Өтемісов атындағы БҚУ Баспа орталығы, 2005. – 267 б.
4. Мухамбетов М, Мажитова Г. Помощь детей Западного Казахстана фронту(1941-1945гг.). – Уральск, 1995. – 37 с.
5. Букаткин П. Р. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний(1941-1945). – Уральск: редакционно-издательский отдел ЗКГУ им М.Утемисова, 2005. – 200 с.
6. Исмаилов А. И. Соғыс және Жеңіс. Шымкент, 2010. – 164 б.

ҒТАХР 03.20.00
ӘОЖ: 94(574)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙМЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР (XIX Ғ. ОРТАСЫ - XX Ғ. БАСЫ)

Хамзин Ерлан Қайржанұлы
«Тарих» ББББ 2 курс магистранты
ҚР, Орал қ., М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
erlan.kairzhanuly@mail.ru

Аңдапта. Бұл мақалада XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық байланыстардың негізгі бағыттары мен ерекшеліктері қарастырылады. Ресей империясының отарлық саясаты аясында өңірдің шикізат көзіне айналуы, жәрмеңкелік сауданың дамуы, қазақ халқының шаруашылығындағы өзгерістер мен сауда буржуазиясының қалыптасуы ғылыми тұрғыда талданады. Сонымен қатар, мақалада Орал, Темір, Ойыл жәрмеңкелерінің маңызы мен қазақ және орыс көпестерінің өзара қарым-қатынастары зерделенген.

Кілт сөздер. Батыс Қазақстан, патша үкіметінің отарлық саясаты, экономикалық отарлау, капиталистік қатынастар, жәрмеңке саудасы.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы - Қазақстан тарихындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңі. Бұл уақыт аралығында патшалық Ресейдің отарлық саясаты күшейіп, қазақ даласына капиталистік қатынастар белсенді түрде ене бастады. Әсіресе сауда қатынастарының кеңеюі, жәрмеңке жүйесінің қалыптасуы және дамуымен тікелей байланысты болды. Жәрмеңкелер - сол кезеңдегі экономикалық өмірдің басты көріністерінің бірі ретінде, ішкі және сыртқы сауда байланыстарын нығайтумен қатар, қазақ халқының шаруашылық жүйесіне елеулі ықпал етті. Батыс Қазақстан өңірінде орын алған бұл үрдістер тек экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени өзгерістерге де жол ашты. Жәрмеңкелердің пайда болуы қазақ қоғамындағы дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың нарықтық жүйеге бейімделуін жылдамдатып, таптық жіктелудің алғышарттарын қалыптастырды. Осыған байланысты бұл тақырыпты зерттеу - Қазақстанның отарлық кезеңіндегі экономикалық даму ерекшеліктерін, капиталистік қатынастардың жергілікті ортаға әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Еуропа мемлекеттерінде қалыптаса бастаған капиталистік қарым-қатынастар Ресей империясына да ықпал етпей қоймады. Бұл кезендерде Ресей елінде крепостнойлық құқық жойылып, біртіндеп капиталистік қатынастар дами бастады еді. Аграрлық шаруашылықтағы өндіріс пен Ресейдегі капиталистік индустрия арасындағы өзара ықпалдастық арта түсті. Өсімқорлық капитал мен сауда Ресейдің орталық губерниялары мен Қазақстан арасында ғана емес, сонымнен бірге өлкенің өзінің ішінде тауар айналымының өсуі деңгейін шапшаңдатты. Қазақ жерінде үстемдік етіп келген натуралдық шаруашылық жүйесі бірте-бірте күйреуге бет алды. Қазақ даласы өнеркәсіптік өнімдерді тұтынатын нарыққа айналып, бағалы ауыл шаруашылық шикізатының негізгі көзі ретінде капиталистік Ресейге толықтай тәуелді болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ елі патшалық Ресей елінің отарланушы мемлекеттерінің ішіндегі артта қалып қойған аймақтарының бірі болған. Қазақстан аумағында феодалдық және патриархалдық жүйе үстем болып тұрған уақытта қазақ ауылдарындағы негізгі кәсіп түрі еліміздің тарихи және географиялық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылыққа

негізделген экстенсивті мал шаруашылығы болды. Дәл осы кезеңдерде Ресейде феодалдық тәуелділікке негізделген жүйе жойылып, капиталистік жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастар ене бастаған еді.

1861 жылдардағы Ресей мемлекетінде крепостнойлық тәртіпке негізделген билік жойылса да патшалық Ресей үшін қазақ жеріндегі аграрлық мәселелерді өздігінен шешу айтарлықтай қиындық тудырды. Шаруалар өздерінің жеке бастарының бостандықтарын алса да, тіршілік көзіне айналып отырған жерлері мен табыс көздерінен айырылу олар үшін өте қиын жағдай болғаны сөзсіз. Халықтың күнкөріс көзі тапшылау бола берді. Олардың бұрынғы кезден бері пайдаланып келген жерлерін енді помещиктер тартып алған болатын еді. Осылайша күнелту қиындай түскендіктен, орыс шаруалары өз беттерінше жан-жаққа таралып, отбасыларын асырау үшін еңбек етуге мәжбүр болды.

Осы кезеңде Ресейде қалалардың саны артып, кейбірі ірі өнеркәсіп орталықтарына айнала бастады. Елде капиталистік қарым-қатынастар дамып, соның нәтижесінде өнеркәсіп пролетариаты біртіндеп қалыптаса түсті. Капиталистің қатынастардың біртіндеп ауыл шаруашылығына ене бастауынан шаруалар арасында жіктелістер болды.

Осы кезге дейінгі Қазақстан елінде жерінде тұрып келген тұрғындардың 90% астам халқы ауылдық жерлерде тұратын тұрғындар болған еді. Олар ертеден бері ата-бабаларынан жалғасып келе жатқан мал шаруашылығымен айналысты. XIX–XX ғасырлар аралығында қазақ халқының едәуір бөлігі егіншілікпен шұғылдана бастады. Егіншілік жергілікті тұрғындардың негізгі кәсібіне айналды [1,78 б.].

XIX ғасырдың соңына қарай Қазақ даласы Ресей империясының капитализмге дейінгі кезеңдегі өндірістік қатынастары басым болған аграрлық аймағына айналды. Қазақ халқы бір жағынан патша үкіметінің отаршылдық саясатының зардабын тартса, екінші жағынан қазақ ауылдарындағы бай-феодалдардың езгісін де бастан кешірді. Қазақстан аумағындағы табиғи ресурстарға тек Ресейдің ірі буржуазия өкілдері ғана емес, сонымен қатар шетелдік капитал иелері де көз сала бастады. Патшалық Ресей мемлекеті қазақ халқының ежелден иеленіп келген атақоныстарын «Мемлекеттік меншік» деп жариялап, оны өз иелігіне өткізу мақсатында екі ғасырға жуық уақыт бойы Қазақстанды тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ рухани жағынан да отарлап отырды.

Қазақстанда капиталистік қатынастардың баяу қалыптасуының негізгі себебі - ел экономикасында артта қалған салалардың басым болуы еді. Қазақ жері тек шикізат көзі ретінде игерілді. Біртіндеп Ресей өнеркәсіп орындары өндірген тауарлар үшін өткізу нарығына айналды. Сонымен қатар, Қазақстан Ресейдің қалыптасып келе жатқан өнеркәсіптік және сауда монополистік буржуазиясының капиталын салатын өңіріне де айналды. Несие беретін мекемелер мен банк жүйелері құрылып, шеткері жатқан аймақтарға да қаржы тартылды. Ірі коммерциялық банктердің бөлімшелері XIX ғасырдың 70–80 жылдары Орал және Омбы қалаларында ашылған болатын [2, 56 б.].

Орал өңірлері мал өнімдерімен жабдықтап тұратын маңызды шаруашылық аймаққа айналды. Өнеркәсіп және сауда бағыттары өлкеміздің бай табиғатын игере бастауға ат салысқан болатын. Өнеркәсіп пен сауда бағыттары өлкеміздің бай табиғи ресурстарын игеруге жол ашты. Темір жол желілері жүк тасымалдау, сыртқы сауданың ұлғаюы мен капиталистік өндіріс тәсілінің орнығуындағы негізгі құралға айналды. Ғасыр соңына таман Рязань мен Орал, Самара қалалары арасындағы теміржол құрылысының аяқталуы Ресей мен қазақ жерлері арасындағы экономикалық байланыстардың нығаюына себеп болды. Осы кезеңде Қазақстанда жаппай қоныстану үдерістері жүріп жатты. Сырттан қоныс аударып келгендер осындай маңызы бар теміржол, тасжол және су жолдары бойында орналасуды жөн көрді.

Жәрмеңкелік сауда - негізінен мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқы үшін маңызды сауда түрі болды. Қазақстандағы сауда қатынастары үш түрлі бағыт

бойынша дамыды. Біріншіден, тұрақты сауда - ірі елді мекендерде дүкендер, лавкалар және сауда үйлерінде жүргізілді. Екіншісі - қазақ ауылдарын аралап жүріп жасалатын көшпелі сауда. Үшіншісі - маусымдық сауда-саттықтар, яғни жәрмеңкелерде ғана жүзеге асырылатын сауда түрі. Сырттан келген саудагерлер үшін жәрмеңке саудасы елді мекендерде тұратын көшпелілерге қарағанда табыс көзі жоғары маңызды іс болған. Орыс халқынан шыққан саудагерлер көшпелілерге өз заттарын өткізу арқылы байып отырған.

Бұл кездерде, атап өтетін болсақ, Кіші жүз территориясында патшаның әкімшілік басқару жүйесінің орнай бастауы қазақ даласына көп өзгерістер әкеліп отырды. Ресейдегі қалыптасқан отарлық саясат Кіші жүз қазақтарын экономикалық жағынан ғана тек өзіне тәуелді болуы арта беретін болды. Қазақстан аумағы біртіндеп патша үкіметінің негізгі шикізат көзіне айнала бастады. Осы жағдайлар қазақ даласында сауда-саттық ісінің жандануына әсер етті. Егер 1883 жылы Қазақстанда 12 жәрмеңке мен сауда орны жұмыс істеген болса, 1913 жылы олардың саны 20-дан асып, тауар айналымы 45 189 799 рубльге жеткен. Атап өтсек, Орал облысының қазақтар тығыз қоныстанған бөліктеріндегі Темір және Орал уездерінде орналасқан жәрмеңкелер ерекше маңызға ие болды. Орал қаласының маңындағы жәрмеңке жылына екі рет: жазда - 20 мамырдан 20 маусымға дейін, күзде - 15 қыркүйектен 15 қазанға дейін өткізіліп отырған. Темір жәрмеңкесі де дәл осы тәртіппен: жазда - 20 мамыр мен 20 маусым аралығында, ал күзде - 20 қыркүйек пен 10 қазан аралығында жұмыс істеген. 1912 жылы осы екі жәрмеңкенің жалпы сауда айналымы 3 872 760 рубльге жеткен [3, 43 б.].

Орал облысында орналасқан әскери казачество аймағында он шақты жәрмеңке жұмыс істеген. Солардың ішінде белсенді қызмет атқарғандарының бірі - Калмыково селосында өткізілген жәрмеңке болды. Бұл жерде өткен жәрмеңкелердің сауда айналымы 1910 жылы 1 128 745 рубльге жеткен. Ресейден келген саудагерлер Қазақстанда сауда-саттықтың жаңа түрі - жәрмеңкелік сауданы енгізді. Халқы сирек, ұлан-байтақ аумағы бар, көлік қатынас жолдары дамымаған, халқының басым бөлігі көшпелі болып келетін өлкеде жәрмеңкелер ірі сауда-саттықтың тиімді үлгісіне айналды. Қазақстан аумағында алғаш рет жәрмеңке 1832 жылы Бөкей Ордасында ашылды [4, 67 б.].

Б.Ж.Құрманбековтың «Жәңгір хан жәрмеңкесі» атты еңбегінде Жәңгір ханның саясатына, сондай-ақ оның саяси, экономикалық және әлеуметтік саладағы қызметіне байланысты маңызды ой-тұжырымдар келтірілген. Автор ханның тарихи рөліне мынадай баға береді: «Ел тізгінін көненің жаңамен ауысып отырған тұсында ұстаған Жәңгір хан алдында екі бағытта таңдау тұрды. Біріншісі - әкесі Бөкей ханның жолын жалғастырып, қазақ қоғамының бұрынғы саяси-экономикалық және әлеуметтік дәстүрлерін сақтай отырып өмір сүру болса, екіншісі - қазақ жұртшылығына бейтаныс, бірақ өркениетті деңгейі жоғары елдердің даму үлгісіне, яғни капиталистік жолға түсу еді». Жәңгір хан заман талабына сай, өркениет жолын таңдады. Алайда оның бұл ұстанымын өз жерлестері, қазақ қоғамының басым бөлігі түсіне қойған жоқ. Ресейдің дамыған мәдениеті мен экономикалық құрылымын үлгі ету арқылы хан қазақ халқының да соған теңесіп, өркениетті қоғам құруын қалады. Алайда көрші елдердің билеуші топтары - Ресей империясының шенеуніктері мен әкімшілік аппараты бұратана деп есептелген халықтардың өркениетті даму жолына түсуін құптамады. Керісінше, олар қазақ халқының табиғи ресурстарын, мал және егін шаруашылығы өнімдерін өз метрополиясының шикізат көзіне айналдыруға мүдделі болды [4, 92 б.].

Жәңгір ханның бастамасымен ұйымдастырылған жәрмеңке Орда қаласынан 35 шақырым қашықтықта орналасқан арнайы аумақта өткізіліп отырды. Жәрмеңке жыл сайын екі рет: көктемде - 7-25 мамыр аралығында және күзде - 14-25 қыркүйек аралығында жұмыс істеген. Бұл жәрмеңкелерде жүздеген киіз үй тігіліп, сауда орындары ұйымдастырылған.

Жәрмеңке тек сауда-саттықпен ғана емес, сонымен қатар мәдени іс-шаралармен де ерекшеленді. Мұнда жергілікті әнші-күйшілер, ақын-жыраулар мен өнерпаздар өз өнерлерін көрсетіп, халықтың рухани сұранысын қанағаттандырды. Осылайша, Жәңгір хан ұйымдастырған жәрмеңке тек экономикалық емес, әлеуметтік-мәдени орталық ретінде де қызмет атқарды. Жәңгір хан XIX ғасырдың 20-жылдары қазақ қоғамындағы шаруашылықтың даму үдерістеріне терең талдау жасады. Халық санының өсуі мен мал басының артуы шаруашылықтың экстенсивті әдіспен әрі қарай дамуына мүмкіндік бермейтінін аңғарды. Осыған байланысты хан жайылымдық жерлердің басым бөлігін жеке меншік шаруашылықтарға бөліп беріп, оларға қолдау көрсету арқылы билігін нығайтты. Хан шаруашылық дамуының қарқынын бәсеңдетпеу мақсатында түрлі реформалар мен ұйымдастырушылық шараларды қолға алды. Нәтижесінде жаңа құрылым жағдайында жеке иелікке жер алған шаруашылықтар жетекші орынға ие бола бастады [5, 135 б.].

Жәрмеңкеде сауда жасау үшін де белгілі бір талаптар қойылды. Батыс Қазақстан аумағындағы елді мекендер де орналасқан тұрақты сауда орындары мен жәрмеңкелерде саудагерлер тек ресми құжаттар мен билік тарапынан берілген бұйрықтар негізінде ғана сауда-саттықпен айналысу құқығына ие бола бастады. Бұл істі жүргізу жергілікті басқару орындары арқылы қатаң бақылауға алынып, өз кезінде тексеріліп, реттелініп отырды. Бөкей Ордасы мен оның айналасындағы елді мекендерде сауда-саттықтың басты нысаны мал және мал шаруашылығы өнімдері болды. Ресей көпестері Ішкі Орда аумағын аралап жүріп, өздерінің мануфактуралық өнімдерін қазақтардың өсіріп отырған малдары мен одан алынатын өнімдерге айырбастай бастады.

Жәрмеңкелердің қазақтарға да көп пайдасы тиді. Дәлірек айтсақ, көрші жатқан елдермен тұрақты сауда байланыстарының қалыптасуына жол ашылып, жергілікті халық сауда-саттық ісіне машықтанып, халықтар арасында өнер мен мәдениеттің дамуына да едәуір үлес қосып отырды. Алайда бұл өңірлерде сауда-саттық бірден жақсы дамып кете қойған жоқ. Оған әртүрлі себептер мен жағдайларды атауға болады. Мәселен, қазақтардың отырықшы өмірге толық бейімделмей, үнемі көшіп-қонып жүруі, тұрақты сауда жолдарының болмауы және қазақ даласына келген көпестердің жергілікті халықтың тілін білмеуі – сауданың қарқынды дамуына кедергі келтірген себептердің қатарында болды. Дегенмен, хан ставкасы жанынан ашылған жәрмеңкеде 16 сауда нүктесінен тұратын 12 үлкен корпус салынып жатқан еді. Осылайша, аталмыш хан Ордасы аз уақыттың ішінде өлкедегі ең қолайлы сауда орталығына айналып шыға келді [6].

Жәрмеңкелерге жеткізілетін мал шаруашылығы өнімдері мен әртүрлі тауарлардың саны жыл өткен сайын тұрақты түрде арта бастады. 1836-1838 жылдар аралығында ұйымдастырған жәрмеңкелерде сатылымға шығарылған мал саны мен өнімдерінің көлемі төмендегідей болған: түйе - 375 бас, жылқы - 2924 бас, ірі қара - 12344 бас, қой - 342100 бас. Сонымен қатар, мал терілері мен жүн өнімдері де үлкен көлемде өткізілген: жылқы терісі - 23000 пұт, қой терісі - 19654 пұт, түйе терісі - 106000 пұт, қоян терісі - 55 пұт, ешкі түбіті - 13 пұт, борсық терісі - 70 пұт, түйе жүні - 3086 пұт [7, 55 б.].

Бөкей Ордасынан татар саудагерлері қазақы қойдың құйрық майын өте көп сатып алып, шыжғырған майдан шырағдан (май шам) сабын жасаған, сатып алған жылқыларды Саратов губерниясының орыс поселкаларына апарып қымбатына сатақан, өйткені орыс шаруалары егін шаруашылығына завод жылқыларынан гөрі қазақ жылқыларын артық санап отырған жағлайлар көп кездеседі. 1897 жылғы алғашқы жалпы санақ бойынша, Орал облысында ресми тіркелген 304 көпес болды. Олардың ішінде И.Досов, М.Г.Баймағамбетов, Әлімжанов, Жәндәулетов секілді 48-ге жуық атақты тұлғалар бар еді. Бұл көпестер Орынбор губерниясында да тұрақты түрде қызмет атқарған. XIX ғасырдың 80-жылдарында Ырғызда 90, Торғайда 72 адам делдалдықпен айналысқан, олардың арасында 57 қазақ болған. Батыс Қазақстандағы қазақтар арасынан шыққан саудагерлер негізінен Орынбор, Ақтөбе, Орал, Ырғыз

қалаларында қызмет көрсететін орыс көпестерінің сенімді өкілдері болған. Қазақ даласындағы орыс көпестерінің басты бәсекелестері Орталық Азия мен татар саудагерлері болды. Сонымен қатар, Ресей өндірісі үшін қазақ даласынан ішкі заттар даярлау ісінде орыс көпестері мен өзбек, татар саудагерлері аралық байланысшы қызметін атқарған [8, 143 б.].

XIX ғасырдың басындағы көшпелі қазақтардың әлеуметтік және экономикалық жағдайы тек қосымша өнім өндірумен шектелмей, қоғамдағы өмір сүру қажеттіліктеріне байланысты да өзгеріп отырды. Жаңа шаруашылық қатынастарының енгізілуі, әсіресе ірі жер иелерінің тарапынан, патшалы Ресейдің отарлық саясатына тиімді болған. Бұл отарлық талаптар жергілікті халықтың күнкөрісін жақсарту мақсатында дамып, жаңа әлеуметтік құрылымдардың қалыптасуына себепші болды. Жәңгір ханның жәрмеңкесі 1929 жылы жабылғанымен, қазақ шаруашылығының дамуы жаңа бағыттармен жалғасып, халық отырықшы шаруашылыққа бейімделе бастады. Мал басы көбейіп, малдан алынатын өнімдерді жаңа әдістермен игеруге тырысылды. Нарықтық қатынастардың жаңа талаптарына бейімделген шаруалар дәстүрлі емес шаруашылық түрлеріне қызығушылық таныта бастады. Егін егу және одан пайда табудың мол жетістіктері байқалды. Қазақ даласында әлеуметтік жіктеліс тереңдеп, жаңа әлеуметтік топтар пайда болды. Шаруашылықта экономиканың артта қалған түрлері де болды. Жоғарыдағы артықшылықтар мен ерекшеліктерді айта келе Батыс Қазақстан даласы экономикалық жағынан тек қана шикізат көзі ретінде артта қала берген болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сундетов С.А Торговля в Казахстане в начале XX века // Казахстан в канун Октября: Сб. статей. - Алма-Ата: Наука, 1968. - 320 с.
2. Нұрпейсов Т.Ә. XX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы қазақ ауылы. - Петропавл, Білім, 2005. - 231 б.
3. Әминов Т.М. Қазақстан тарихы. - Алматы: Бастау, 2016. - 179 б.
4. Құрманбеков Б.Ж. Батыс Қазақстанда сауданың дамуы. - Ақтөбе: Принт, 2008. - 274 б.
5. Батыс Қазақстан облысының тарихы. - Орал: Полиграфсервис, 2015. - 290 б.
6. Есмағанбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. - Алматы: Атамура, 1994. - 221 б.
7. Құрманбеков Б.Ж. Жәңгір хан жәрмеңкесі. - Ақтөбе, А-Полиграфия, 2011. - 120 б.
8. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 302 б.

ҒТАХР 81.93.25
ӘОЖ: 94 (574.1)

ТЕРЕКТІ АУДАНЫНЫҢ ТЫЛ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ

Айбекова Мерует Юсуповна
М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» ББББ 2-курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
meruert_a.89@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Теректі ауданының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы еңбек ерлігі баяндалады. Ауданның ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен әйелдер, жасөспірімдер мен қарттардың майданды азық-түлікпен және

шикізатпен қамтамасыз етудегі үлесі талданады. Тыл еңбеккерлерінің еңбегі тарихи тұрғыдан бағаланып, оның отандық тарихтағы маңызы айқындалады.

Түйін сөздер: Теректі ауданы, тыл еңбеккерлері, Ұлы Отан соғысы, еңбек ерлігі, ауыл шаруашылығы, майданға көмек, әйелдер еңбегі, тыл батырлары, жұмысшылар ерлігі, еңбек майданы.

Ұлы Отан соғысы – XX ғасырдағы ең ауыр тарихи кезеңдердің бірі. Соғыс жылдарындағы жеңіс тек майдандағы жауынгерлердің ерлігімен ғана емес, тылда еңбек еткен халықтың жанқиярлық еңбегімен тығыз байланысты болды. Кеңес Одағы үшін тыл майданы стратегиялық маңызға ие болып, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдерін үздіксіз жеткізу басты міндетке айналды.

Қазақстан соғыс жылдары КСРО-ның ірі аграрлық аймағы ретінде ерекше рөл атқарды. Осы үдерісте Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданы да майданды азық-түлікпен қамтамасыз еткен маңызды өңірлердің бірі болды. Аудан тұрғындары ауыр тұрмыс пен еңбек жағдайына қарамастан, мемлекеттік жоспарларды орындап, Жеңіске өз үлестерін қосты. Сондықтан Теректі ауданы тыл жұмысшыларының еңбектегі ерлігін ғылыми тұрғыда зерттеу аймақтық тарих үшін өзекті мәселе болып табылады.

1941 жылы 22 маусымда Теректі ауданының орталығы Феодоровка ауылының тұрғындарына жиналыс болып, оған 500-ден астам адам қатысты. Қабылданған қаулыда «Өндірістік тапсырмаларды орындау және өндірістік тәртіпті нығайту үшін, күреске барлық күштерді жұмылдыру» туралы мәлімдеді [1, 52 б.]. Аудан Батыс Қазақстан облысының оңтүстік аудандары сияқты майданның жақын тылы болмағанымен, мұнда да соғыс тынысы сезілді. Жедел аэродромдар орналасатын аймақ шегінен жер бөлінді. Бүкіл ересек адамдар әуе қорғанысына дайындалуы керек болды. Милиция топтары құрылды.

Соғыс басталған сәттен бастап, Теректі ауданының барлық өндірістік және ауыл шаруашылық ұжымдары «Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!» ұранымен жұмыс істеуге көшті. Жауынгерлерге қажет азық-түлік, жылы киім, шөп пен жем дайындау – барлығы осы өңірдің мойнына артылды. Тұрғындар күн демей, түн демей тынымсыз еңбек етті.

Ер азаматтар майданға аттанған соң, жұмысшылар қатарын әйелдер, жасөспірімдер мен қариялар толықтырды. Олар ауыр техникасыз, қолмен жұмыс істеп, күнделікті нормадан асырып өнім беруге тырысты. Астық жинау, шөп шабу, мал бағу – барлығы соғыс жағдайына бейімделіп, ұтымды ұйымдастырылды.

Тылдағы жұмысшылар арасында көзге түскен еңбек адамдары аз болмады. Мысалы, Шағатай, Аңқаты, Бөкен, Приречный, Юбилейное сынды ауылдарда жұмыс істеген ауылшаруашылық ұжымдары қысылтаяң шақта майдан сұранысын тоқтатпай орындап отырды.

Соғыс жылдарында әйелдер қауымы ерекше белсенділік көрсетті. Олар ерлердің орнын басып, трактор айдап, шөп шауып, мал бақты, өндірістік нормаларды бірнеше есе орындады. Олар тек ауыл шаруашылығында ғана емес, басқару және ұйымдастыру жұмыстарында да белсенділік танытты. Колхоз бригадирлері, ферма меңгерушілері болған әйелдер ауыр жағдайда өндірісті тоқтатпай ұстады.

Сонымен қатар, оқушылар мен жастар да тыл жұмысына белсене араласып, егіс алқабында, мал қыстақтарында еңбек етті. Жасөспірімдер еңбек майданының маңызды күшіне айналды. Олар оқуын еңбекпен қатар алып жүріп, ересектермен тең дәрежеде жұмыс істеді. Бұл жас буынның бойында ерте жастан еңбекке деген жауапкершілік пен патриоттық сезімді қалыптастырды.

Отты жылдарда 15-16 жасар жастар өгіз арбамен шөп тасып, егін орды. Еңбекпен ерте есейген сол ұрпақтың бір өкілі – Бақсай ауылындағы Төкен Жүсіпов есімді бозбала. Ол соғыс кезінде жылқы бағумен айналысып, әр күз сайын жоспардан тыс мал

басын аман сақтап, майданға жөнелткен [2, 43 б.]. Осындай жас батырлар теректілік тыл жұмысшыларының шын ерлігін паш етті.

Соғыс жылдары Теректі ауданындағы "Калачев", "Шағатай", "Подстепный" секілді ірі ұжымшарлар мен кеңшарлар майданға азық-түлік, жылы киім және жылқы секілді көмек жөнелтті.

1942 жылы аудан шаруашылықтары мемлекеттік жоспардан тыс 30 мың пұт астық, 12 мың тонна көкөніс, 500-ге жуық ірі қара жіберген. Әйелдер мен жасөспірімдер күн сайын 12-14 сағаттан артық уақыт жұмыс істеді. Қолмен шөп шауып, пішен дайындап, майданға жіберіп отырды [3, 72 б.].

1942 жылдан бастап Теректі өңірінен де жастар мен әйелдер еңбек армиясына тартылды. Тылдағы ең ауыр жұмыс иықтарына түскендердің бірі – аналар болды. Олар жер жыртып, егін егіп қана қоймай, жауынгерлерге арнап қолғап, шұлық, іш киім тоқып, жылы киім дайындады. Қабира апа, Рабиға апа, Мейрамгүл әже сынды аналарымыздың есімдері ауыл тарихында құрметпен айтылады. Олар күн сайын еңбек майданына шығып, тынбай тер төкті. Тіпті кейбір аналар өздерінің бірнеше ұлдарын майданға аттандырып, артта қалып еңбек ете берді. Атап айтатын болсақ, Бибіш Иманбаева – соғыс жылдары Шағатай ауылындағы ұжымшарда жұмыс істеп, соқамен жер жыртып, астық жинауға белсене атсалысқан. Жаңылсын Молдағалиева – он алты жасында еңбекке араласып, тігін цехында сарбаздарға жылы киім дайындаған. Иван Козлов – Теректі ауданындағы май зауытында түн демей жұмыс істеп, майданға май өнімдерін дайындауға қатысқан [4, қ. 21.т. 8. і.25 п.13].

Мұндай адамдардың есімдері бүгінде Теректі аудандық өлкетану музейінде құрметпен аталып, арнайы бұрыштарда сақталған.

Теректілік тыл жұмысшыларының басты күші – бірлік пен төзімділік еді. Олар жоқтық пен аштыққа қарамастан, Отан алдындағы борышын адал атқарды. Қара жерден ырзық теріп, майданға үздіксіз көмек жіберіп отырды. Еңбек армиясына қатысқан теміржолшылар мен тасымалшылар да жауынгерлермен арадағы байланысты үзген жоқ.

Аудан колхозшыларының творчестволық бастамасы майдан он күндіктерін өткізу барысында айқын көрініп, олар стахановшыл еңбектің шынайы үлгісін көрсетті. Колхозшылар Нұғманов, Батырғалиев, Жұмашевтар норманы 200 және одан да жоғары процентке орындады [5, 119 б.].

1943 жыл – Теректі ауданындағы еңбек көрсеткіштері бойынша кей ауылдар марапатталған. Майдан шебінен тыс қалған Теректі халқы тылда аянбай еңбек етті. Әйелдер, қарттар мен балалар ауыл шаруашылығы жұмыстарына жаппай тартылды. Астық, ет, сүт, киім-кешек – барлығы майданға жөнелтіліп отырды.

Аудандағы колхоздар мен совхоздар соғыс жылдары да жұмысын тоқтатпай, жоғары өнім беруге тырысты. Әйел тракторшылар мен шопандар, жасөспірім жұмысшылар күн-түн демей еңбек етті. Бұл жылдарда Теректі ауданында патриоттық рух ерекше күшейіп, халық бір мақсатқа — Жеңіске жұмылды.

Елдің қорғанысын нығайту және әскерлердің моральдық-жауынгерлік жағдайын нығайу үшін белсенді армияны қару-жарақпен және өмірге және жауға қарсы күреске қажетті барлық нәрселермен қамтамасыз етуге тыл еңбеккерлерінің патриоттық қатысуының ең алуан түрлі формаларының маңызы зор болды. Сонымен, 1943 жылдың басына қарай қазақстандықтар еліміздің қорғаныс қорына 371 миллион 258 мың сом жеке жинақ ақшасын, 1 миллион 574,5 мың пұт нан, 128203 пұт күріш, 65074 пұт басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін аударды. Мұны жаудың талқандалуын қамтамасыз еткен майдан мен тылдың бірлігі деуге болады [6, 3 б.].

Соғыс жылдарында Теректі ауданы Балтық жағалауы елдерінен, Украинадан, Белоруссиядан, Молдовадан және басқа жерлерден көшірілген көптеген отбасылар мен әскери қызметкерлердің екінші үйіне айналды. Келу туралы анықтамаға сүйенсек, 2648

адам тіркелген. Олардың ішінде орыс, беллорус, еврей, украин, поляк, татар ұлттары келді [7, 98 б.].

Тың игерудің басты міндеттерінің бірі астық шаруашылығын дамыту, егіс алқаптарын кеңейту болды. Ал, Қазақстандағы Орал Облысы тапсырманы орындап қана қоймай, нан жеткізу бойынша міндеттемелерін де асыра орындады. 1958 жылы Орал облысы республикада бірінші болып Ленин орденімен марапатталды.

Теректі ауданының тыл еңбеккерлері тек материалдық көмек көрсетумен шектелмей, майданға рухани қолдау да білдірді. Олар жауынгерлерге хат жазып, жылы киімдер, азық-түлік жинап жөнелтіп отырды. Бұл майдандағы сарбаздарға үлкен моральдық күш берді.

Соғыс аяқталғаннан кейін де тыл жұмысшыларының еңбегі елеусіз қалмады. Көптеген еңбеккерлер мемлекеттік наградалармен, медальдармен марапатталды.

Бүгінде Теректі ауданының тыл ардагерлерінің саны азайып келеді. Бірақ олардың ерлігі мен еңбегі ел жадында мәңгі сақталады. Жергілікті мектептерде, мәдениет үйлерінде, мұражайларда осы еңбек ерлеріне арналған бұрыштар жасақталған. Тыл еңбеккерлеріне арналған ескерткіштер — кейінгі ұрпаққа тағылымды тәрбие береді.

Олардың тынбай тер төккен жылдары — бүгінгі бейбіт күннің бастауы. Сондықтан да Теректі ауданының тыл жұмысшыларының еңбектегі ерлігі — ел тарихындағы ең жарқын беттердің бірі. Олардың жанқиярлық еңбегі, төзімділігі мен отансүйгіштігі бүгінгі ұрпақ үшін өнеге болып қала береді. Бұл ерлік ешқашан ұмытылмауы тиіс, себебі Жеңіс – тек майдандағы батырлардың ғана емес, тылдағы еңбек адамдарының да ортақ жеңісі.

Бүгінгі ұрпақ бұл ерлікті ұмытпай, олардың рухына тағзым етіп, еңбекке деген құрметін жоғалтпауы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жеңіс сарбаздары. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында1941-1945. 2015.-181б.
2. Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны, 1941-1945 гг. –Алма-Ата: Наука,1971. – 350 с.
3. Букаткин П.Р. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945). – Самара: 1995. - 167 с.
4. Теректі аудандық мұрағат қоры, (қ. 21.т 1. і.25 п.13).
5. Мұқатов, Қ. Тылдағы ерлік – Орал: Полиграфия, 2010.-156 б.
6. Жұматова, А. Тыл еңбеккерлерінің тағылымы // «Орал өңірі» газеті, 2015 жыл, №24.
7. Қазақстан тарихы (XX ғасыр) – Жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Жалпы редакциясын басқарған М. Қозыбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 264 б.

ӘОЖ: 94(574)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қамиева Нұргүл
Атырау қаласы №42 Н.Балғынбаев атындағы ЖББМ тарихы пәні мұғалімі, педагог-модератор,
Kam__n87@mail.ru

Қазіргі кезде Қазақстандағы денсаулық сақтау саласының тарихына арналған көптеген еңбектер жарық көрді, бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми айналымға енгізілді. Дегенменде, Қазақстанның батыс өңіріндегі алғашқы ғылыми медицина, денсаулық сақтау саласындағы арнайы ресми мекемелер және алғашқы қазақ дәрігерлері туралы еңбектердің саны әліде азшылық етеді. Оның ішінде Қадақстанның батыс өңіріндегі аталған сафланың қалыптасуы мен дамуы туралы алғашқы деректерді Ресейлік империялық журналдар «Министрество внутренних дел» (1849, 1852, 1859), «Министерство государственных имуществ» (1862), «Известия РГО» (1882, 1883), «Вестник РГО» (1859), «Современник» (1851), «Москвитянин (1853)», «Эпоха» (1863), «Архив судебной медицины» (1867), «Руский врач» (1907, 1914), «Отечественные записки»(1848), «Северная пчела» (1861), «Астраханские губернские ведомости» (1869, 1870, 1881), «Астраханский вестник» (1889), «Памятная книжка Астраханской губернии на 1891 год» (Астрахань,1891), «Оренбургский листок» (1880, 1892) және т.б. мерзімдік басылымдар құрайды [1, 15-16 бб].

Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі қазақ халқының өмірінде мал шаруашылығы негізгі рөль атқарды, халықтың тұрмыс жағдайлары мен еңбегі сол малды үнемі бағып-қағу, аман сақтап өсірумен тығыз байланысты болды. Мұның өзі қазақтарды малға жайлы жер іздеп, үнемі көшіп-қонып жүруге, сөйтіп көшпелі өмірдің ауыр азабын шегуге мәжбүр етті. Ал қысы-жазы тыным таппай, аш-жалаңаш бай малының соңында жүрген кедейлердің өмірі бәрінен де ауыр, әрі аянышты болды. Сол себепті көптеген жұқпалы аурулар, соның ішінде малдан жұғатын аурулар қазақ халқын үнемі бақытсыздық жағдайларға душар етіп отырды. Мысалы, бурцуеллез, туберкулез, түйнеме, құтыру, туляремия т.б. аурулар қазақтар арасында кең етек алды. Мұндай аурулардың шығу себебін сол кезеңде өлкеде жұмыс істеген орыс дәрігерлері аурудың шығу себебін санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталмауынан көрді. Оның үстіне бұл аурулардың кең етек алуына қарамастан оған тиісті дәрежеде медициналық көмектер де көрсетілмеді. Өйткені патша өкіметі өзінің отар аймағы ретіндегі қазақ даласында медицинаның дамуына мүлде көңіл бөлмеген еді. Медициналық көмек көрсетудің аралас жүйесі халықтың қажетін, әсіресе көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылардың қажетін өтей алмады.

Бөкей ордасындағы медицинаның дамуы, бүкіл қазақ жеріндегі денсаулық сақтау ісі өркениетінің бастамасы болып табылады. Жәңгір ханның таққа келуімен халықтық медицинаның орнына жүйелі ұйымдастырылған емдеу ісі қалыптасты. Жәңгір өз қол астындағы халқының денсаулығына да үлкен көңіл бөліп отырған. Жәңгірдің білімділігімен мәдениеттілігі нәтижесінде хандықта алғаш рет медицина қызметкерлері, дәріхана, дәрігерлік пункт және Қазақстанда тұңғыш орда қоғамдық ауруханасы ашылды[1, 25 б].

Алғашқы жылдары Бөкей ордасының халқына медициналық көмекті хан ставкасына бөлінген қазақ отрядының құрамындағы әскери дәрігерлер көрсеткен. Қатты науқастарды емделуге Астрахан қазақ әскерінің лазареттеріне жіберіліп отырған. Бұдан басқа ауырған адамға медициналық жәрдемді орал қазақ әскерлері мен дала форпостарының дәрігерлері мен фельдшерлері көрсеткен.

Халықтың әлеуметтік-тұрмысының жақсаруына керекті басты нәрсе медициналық емдеу орындары болды. Орда тарихындағы тұңғыш дәріхананы 1838 жылы Жәңгір

Бөкейұлы ашқан болатын. Осыдан кейінгі жылдары, яғни, 1852 жылы Ордада екі бөлімді тұңғыш аурухана жұмыс жасай бастады. Ал XX ғасырдың бас кезінде Ново-Казанкада I дәрігер, 2 фельдшері бар емхана жасаған. Оған 1902 жылы 2 орыс, 916 татар, 1755 қазақ, барлығы 3582 адам қаралған. Кисымдағы 1 дәріхана 299 сомның дәрілерін сатқан [2, 5 п.].

1906 жылдың жазында осы оба ауруымен күресу үшін Бөкей ордасының территориясында 6 дәрігерлік және 18 фельдшер пункті ашылады, олардың барлығын Орда қаласында ұйымдастырылған дәрігерлік-санитарлық бас дәрігері басқарған болатын.

Ұлы Қазан социалистік төңкерісіне дейін Қазақстанда бірде-бір медициналық оқу орны болған жоқ. Өлкедегі аздаған ұлттық дәрігерлер қазақ қоғамдары қаржысы есебінен Москва, Қазан, Саратов, Томск пен Киев университтерінің медициналық факультерінде, Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясында, ал фельдшерлер Орынбор, Омбы, Астрахан, Воронеж, Қазан фельдшерлік және Кронштадт әскери-фельдшерлік мектептерінде даярланды.

Олар жергілікті халықтарға медицина ғылымының жарық сәулесін алып келді, ғылыми медицинаның құдіретін, ғасырлар бойы арта қалушылықты жеңудің және халық арасында кең тараған бақсылыққа қарсы күресті. Төңкеріске дейінгі Қазақстанда жергілікті халықтар арасында шыққан көптеген дәрігерлер мен фельдшерлердің өмірі мен медициналық қызметі республика медицинасының тарихында жарқын із қалдырды. Олардың көпшілігі Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен-ақ социалистік құрылысқа қызу араласып, денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушылары болды.

Төңкеріске дейінгі кезенде қазақ жерінде медициналық мамандар даярлау ісінде шешекке қарсы егушілер мен фельдшер мамандарын даярлау ерекше орын алады. Өлкеде шешектің алдын алу шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру алуан түрлі қиыншылықтарға толы ұзақ кезеңнен өтті.

Табиғи шешек-қазақтарға өте ерте кезден белгілі больш келген ауру. Ол көшпелі халықтың үрейін алып, жаппай қырғынға ұшырататын жұқпалы кесел еді. Халық, медицинасы шешектің алдын алудың ғасырлар бойы жинақталған біраз әдістерін меңгерді. Мысалы, қазақ халқы шешек ауруының өте жұқпалы екендігін білген. Осы аурумен ауырған адамға әртүрлі көмек беру үшін қасына бұрын шешекпен ауырған адамды қалдырып, ел басқа жерге шұғыл түрде көшіп кететін болған. Ауру жатқан киіз үйдің үстіне қара матадан жалау ілінген. Бұл опат аурудың белгісі еді. Ертедегі орыс оқымыстылары, саяхатшылары жазып кеткендей, қазақтарға шешек ауруынан сақтанудың осы кездегі оған қарсы алдын-ала егу тәсілімен қатарлас тұратын кейбір әдістері белгілі болған.

1825 жылы 28 шілдеде Орынбордағы шекаралық комиссияның жанынан шешекке қарсы күресуді қазақ балаларына оқытып-үйретететін емші (лекарь) белгіленеді [3, 10 п].

Орынбордың генерал-губернаторы "Шешектің алдын алу ісін кең түрде тарату кезек күттірмейтін мәселе деп тауып, барлық сұлтан-билерге шешекке қарсы егушілерді оқыту үшін шамалары келгенше жас ордашыларды Орынборға жіберетін болсын" - деп жарлық хат жолдайды. Сөйтіп штаб дәрігері Пятницкийге "шешек өнерін үйрету үшін тәулігіне 15 тиын төлеп оқытатын 3 қазақ баласы жіберіледі. Осы жылы Орынборда үш ай оқып шешекке қарсы егуге рұқсат куәлігін алып Ордаға жұмыс істеуге Сырлыбай Жәнібеков келеді.

Шекара комиссиясына оқуға 6 адам жіберіледі. Олардың бәрі оқуды аяқтап, шешектің алдын алу үшін егу жұмыстарын жүргізуге Ордаға қайтарылады. Бұл аурудың кең етек алуы 1915 жылы Астрахан губернаторын Ішкі Ордадағы әрбір адамға шешекке қарсы міндетті түрде егу туралы бұйрық шығаруға мәжбүр етті.

Алайда оны жүзеге асыру үшін 370 мың халқы бар губернияға бір жылда шешекке қарсы егу жұмысын жүргізетін 74 адам қажет еді. Сондықтан осы территориядағы 8 емдеу учаскесінің жанынан шешекке қарсы егушілер курсы ашылды және басқа да жұмыстар атқарылды.

Астрахан қаласындағы мемлекеттік мұрағатқа неғұрлым терең үңіліп қараған сайын XX ғасырдың басында Бөкейлік қазақтарды дәрігерлік қамту ісінде түбегейлі өзгерістер болғанын байқаймыз. Астрахан губерниясының 1915 жылы «Естелік кітабындағы» мәліметтерге сүйенсек, 1870 жылы екі дәрігерлік учаскенің саны 8-ге дейін көбейген. Олардың қарауында бір-бірден фельдшер және акушеркалары болған. Нақтылай айтсақ:

Бірінші учаске хан ставкасында, оның дәрігері Н.Параманов, фельдшері Крицкий, акушерка А.Флевьева болған.

Екінші учаске Ново-Казанкада болып, оның дәрігері И.Бендеров, фельдшері А.Александров, акушеркасы Е.Сухарникова болған.

Үшінші учаске Таловкада болған. Оның дәрігері Герасимов, фельдшері Темірәлі Көшеков, акушеркасы М.Делекторская.

Төртінші учаске қазіргі Құрманғазы ауданының орталығы Ганюшкинода болған. Дәрігері М. Шолтыров, фельдшері Першков, акушеркасының аты-жөні белгісіз.

Бесінші учаске Трехбратск деген аралда орналаскан. Оның дәрігері

В.О.Астаханов, фельдшері Х. Дәулетқалиев, акушеркасы Балашова.

Алтыншы учаске Чанчагани елді мекенінде орналасқан. Дәрігері В.Кибрин, фельдшері К.Сүлейменов, акушеркасының аты-жөні белгісіз.

Жетінші учаске Жәнібек елді мекенінде болған, оның дәрігері М.Шомбалов, фельдшері мен акушеркасының аты-жөні белгісіз, жазылмаған.

Сегізінші учаске Ұштаған елді мекенінде орналасқан. Оның дәрігері И.Оширин, фельдшері Слабунов, акушеркасы Ширяева болған.

Бұлардан басқа, халқының саны көбірек ауылдарда өз алдарына медпункттер ашылып, олардың меңгерушілігіне орыс қалаларында медициналық училищелерді бітірген фельдшерлер тағайындалған. Осы барлығы 23 пункттің (рет саны пункт нөмірімен сәйкес) меңгерушілері мыналар: Сағидолла Әлипов, Ибрагим Көбеев, Егор Аксенов; Мырзағали Өтебаев, Никита Гапаюк, Ыдырыс Ерғалиев, Дәулетқали Ертаев, Габдул-Муталиб Әміренов, Мисал Хамзин, Василий Ординцев, Есқайыр Сейтеков, Шамбай Мақашев, Қажығали Мамеков, Аркадий Сизов, Халел Шығаев, Абдош Ысқақов, Закария Жұмағалиев, Өтеғали Мұқашев, Бірімжан Бижанов, Ертай Жүсіпәлиев, Шағи Жүсіпәлиев, Филип Турусов. (Осының ішінде №15 медпункттің меңгерушісінің аты-жөні белгісіз болып тұр) [4, 2 п.].

Халық денсаулығын қорғауда көп еңбек сіңіріп, тарихта, ел аузында қалған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Махмұд Измайылұлы Шолтыров 1885 жылы 5 тамызда Ішкі Орданың Примор округінде дүниеге келген. Бастауыш білімді жергілікті орыс-қазақ мектебінен алады. Одан кейін қазақ оқушыларынан арнайы іріктеліп алынған балаларымен бірге Астрахань гимназиясының толық пансионатына қабылданады. Астрахань гимназиясын бітіргеннен кейін 1905 жылы М.Шолтыров Қазан университетінің дәрігерлік факультетіне түседі. Оқып жүрген кезінде оған Ішкі Орда қазақтары жылына 300 сом стипендия белгілейді. Бірақ 1905 жылы оқиғаға байланысты студенттік толқуларға қатысқаны үшін оқудан шығарылып, қазан қаласында тұру құқығынан айырылады. Бір жылдай полицияның қатаң бақылауына алынған Шолтыров бұл мезгілде туған ауылында болады. 1906 жылы көптеген студенттер қатарына қайтадан оқуға алынды. Тиісті көмектің кедергілерге жиі ұшырауына, Астрахан губернаторының 1910 жылы «Орданың арнайы қаржысы сарқылды» деген сылтаумен степендия беруді тоқтатуына қарамастан М.Шолтыров 1911 жылы ойдағыдай аяқтап шығады. Осы жылы И.И.Мечниковтың Қалмақ және Бөкей далаларының теңіз жағалауы бөлігі аймағында оба ауыруының жиі бой көтеруі себебін зерттеуге келген

экспедициясының құрамында еңбек етті. Бөкей өлкесінде оба және туберкулез ауруларының туу себептерін зерттеу жұмыстарымен айналысты. Экспедиция мұнымен қоса туберкулездің алдын-ала жұмыстарын да жүргізді. Экспедициялық отряд 2-Примор округіне дейін келіп, әкім Мақаш Бекмұхамбетовтың ставкасында болады, осы маңнан 5-6 шақырым жердегі Қосай мекенін аралайды. Зерттеуші-дәрігерлер обадан қаза тапқандардың зиратын ашып, бактериологиялық зерттеулер үшін материалдар алады. Сондай-ақ оба белгілері бар жабайы аңдар мен кеміргіштерге бактериологиялық зерттеу жүргізеді. М.Шолтыровтың осы экспедиция қрамында лаборант болып қатысуы болашақта оның обаға қарсы ұзақ жылдар бойы қызмет істеуіне көп көмегін тигізді.

Ол кезде Каспий төңірегінде оба ауруы жыл сайын байқалатын. Әкімшілік орындары медициналық қызмет көрсетуді күшейту шараларының бірі ретінде жаңа 3 дәрігерлік және 17 фельдшерлік пункт ашу жөнінде шешім қабылдайды. Жаңадан ұйымдастырылған 4 дәрігерлік учаске 300 шаршы километр жерде орналасқан халыққа қызмет көрсетті.

1912 жылдан бастап Ішкі Ордадағы 2-ші учаскеде дәрігер болып істейді, осы жұмысты істей жүріп, ол Каспий төңірегі, Нарын құмындағы оба ауруын жоюға белсене қатынасады. Осы оба ауруын зерттеу экспедициясына қатысқан академик

Н.Жуков-Бережников 1957 жылы мынадай хат жолдаған: «Құрметті дәрігер М.Шолтыров! Біз, байырғы оба ауруын зерттеушілер, өзіңізді білетін барлық совет дәрігерлері сияқты Сіздің обаға қарсы ұзақ жылдық қызметіңізді жоғары бағалаймыз».

Кеңес үкіметін орнату кезінде оған белсенді катысып, 1919 жылы ақгвардияшылардың тұтқынына түсіп, Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің төрағасы болған С.Меңдешевпен түрмеде бірге отырған. Осы жылы тұтқыннан босап, Азамат соғысының ақырына дейін жүріп, армия лазаретінде дәрігерлік қызметін атқарады.

1923-1924 жылдары Атырау (Гурьев) және Астахань облыстарының кейбір елді мекендерінде, оба ауруына қарсы күрес жүргізетін ірі отрядтың басшысы ретінде М.Шолтыров көзге түсетіндей көрнекті жұмыс атқарады. 1913-1926 жылдары учаскелік дәрігер болып істеген жылдарында бұрынғы Бөкей губерниясының жерінде болған бірнеше оба экспедициясына қарсы күресте бастан аяқ жұмыс жасайды.

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, шәкірті Ахмет Сүндетов өз естелігінде былай жазады: «М.Шолтыров сол ауданда хирургиялық қызмет жасады. Алғашқы рет ішкі органдарға операция жасады, аяғы ауыр әйелдерді қабылдап босандыру және оған акушерлік операция жасады. Ол кісіге жүздеген адам өзінің өмірімен, мыңдаған адам денсаулығымен, бақытымен қарыздар. Өзінің саналы өмірімен тамаша азамат, дәрігер ретінді кейінгілерге жақсы атақ қалдырды».

1936 жылға дейін ол Гурьев облысы Теңіз ауданында (қазіргі Құрманғазы) Кеңестік денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушы дәрігерлердің бірі, ал 1936-1947 жылдары Ганюшкин селосындағы обамен күрес бөлімінің меңгерушісі болды. Махмұд Шолтыров 1965 жылы дүние салды [5, 2 п].

Тарихта, ел аузында қалған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбалов 1873 жылы 20 сәуірде Ішкі Орданың Талап бөлімінде дүниеге келген. Жергілікті орыс-қазақ мектебін бітірген соң, ол Орынбор азаматтық гимназиясында 10 жыл (бір жылдық дайындық класында) оқиды. Мәжит мұнда гимназия пансионында жатып оқиды. Мәжит Шомбалов 1896 жылы 8 маусымда берілген № 16 кәмелеттік аттестатта: «Шомбалов өзіндік бет-бағдары айқындалған жас, оның бойындағы ерекшеліктерді тәртіптілігі мен ұстамдылығы айқындайды»,-деп жазылған гимназия берген мінездемемен білімін одан әрі жалғастыру үшін Қазан университетіне түсуді мақсат етіп, медицина факультетіне өтініш береді.



1885 жылы Орынбор гимназиясын тәмамдап, сөйтіп 1895 жылы 5 тамызда Қазан университетінің медицина факультетіне студент болып қабылданады. Қазанда студенттердің революциялық үйірмелерінің жұмысына араласқан. Университетте оқып жүрген барлық уақытта Ішкі Орда қазақтары бөлген 304 сом стипендияны пайдаланады. 1903 жылы Казан университетінің медицина факультетін бітіргеннен кейін Ішкі Ордада Хан ставкасы жанындағы ауылдық учаскеде дәрігер, 10 төсектік аурухана меңгерушісі, уезд дәрігері жұмыстарын атқарған. Оның қызмет ететін территориясы Каспий жағалауларын алып жатқан 15 мың шаршы километрдей үлкен аймақ еді. М.Шомбалов обаға қарсы күреске белсенді араласқан қазақ дәрігерлерінің алғашқысы болды. Астрахань темір жолы бойындағы Жәнібек бекетінде байқалған обаның бубон деген түрін бірінші болып айқындап, Санкт-Петербургтен бактериолог-дәрігерлер шақыртып, үлкен шараларға араласқан. 1906-1910 жылдары Қырғыз даласының Нарын бөлігі мен оңтүстік округтеріндегі обамен күрестегі еңбегі үшін арнайы күміс белгімен марапатталады. 1923-1930 жылдары Денсаулық сақтау халық комиссариатының орынбасарлығы қызметінде ол денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушысы ретінде танылған. Қазақстанда тұңғыш рет Семей фармацевтика техникумының, Алматы медицина институтының ашылуына белсене араласқан. Қазақ дәріхана басқармасын ұйымдастыруға тікелей катынасын, тұңғыш басшысы болған. Республикалық дәріханаға М.Шомбаловтың есімі берілген. Комиссариатта ана мен баланы қорғау бөлімін ұйымдастыруға және осы бөлімдердің жергілікті жерлерде ұйымдасуына белсенді еңбек еткен. Өмірінің соңғы жылдары Оралдағы обамен күрес станциясында меңгеруші болып істейді. 1940 жылы қайтыс болған [6, 31 б].

Республикаға аты әйгілі дәрігер, хирург, рентгенолог, денсаулық сақтау ісінің белсенді ұйымдастырушысы – Ахмет Жұмашұлы Сүндетов 1897 жылы Атырау (Гурьев) облысының Забурын ауылында дүниеге келген. 1906-1908 жылдары әкесінің жанында балықшы болды. 1908-1913 жылдары Үлкен Ганюшкин селосындағы орыс-қазақ екі жылдық мектебінде, 1913-1915 жылдары Ордадағы 4 жылдық бастауыш жоғары училищені оқып бітірді. 1915-1918 жылдары Астраханьдағы фельдшерлік-акушерлік мектепті бітірді. 1918 жылдың мамыр айынан бастап 1927 жылға дейін Забурын, Манаш балық батағаларындағы дәрігерлік пунктіне фельдшер болып тағайындалып, холера індетінен тұрғындарды құтқаруға атсалысып, Жаңақала, Теңіз уездеріндегі, Жылыой өңіріндегі оба ауруларына қарсы күресті. 1927 жылы Астрахань дәрігерлік институтына түсіп, оны 1931 жылы тәмамдағаннан кейін Гурьевке келіп, алғашқы қазақ дәрігер-хирургі болып, хирургиялық операция жасаған. А.Ж.Сүндетовтің қолдауымен алғашқы рентген аппараты алынып, қондырылып, ауруларды карау жолға қойылды. 1935 жылы Мәскеу қаласында рентгеннен, 1938 жылы хирургиядан мамандығын жетілдірді. Қалалық емханада физиотерапиялық емдеу әдістерін енгізеді. 1947 жылы «Қарабатан» көлінің балшығының емге шипалылығын зерттеп, ауруларды емдеуді ұсынып, «Гурьев» санаториясын ұйымдастыруға атсалысады. Жасаған ұсынысын дәлелдей жүріп, 1947 жылы Гурьевте медицина училищесінің ұйымдастырылып, ашылуына белсене қатысады. 1951 жылы А.Ж.Сүндетов облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бас хирургы болып тағайындалып, емдеу ісінің хирургиялық түрін қолға алып, қалалық, аудандық ауруханаларда хирургия бөлімшелерін ұйымдастыруды жолға коя бастайды. Сонымен қатар хирург кадрларды тәрбиелеп өсіруді, көбейтуді қолға алады. Соның арқасында Ғ.У.Жұмағалиев, М.Ш.Темірханов,

Б.Б.Бимаганов т.б. халыққа аттары әйгілі жоғары білімді хирургтар шығып, ұзақ жыл ерен еңбектерімен көзге түсті.

А.Ж.Сүндетов жоғары адамгершілік иесі екендігі сол, Ұлы Отан соғысына көмек ретінде өз қаржысынан 100 мың сом қаржы аударған. А.Ж.Сүндетовтің халық денсаулығын сақтаудағы еңбегі жоғары бағаланып, 1943 жылы Қызыл Армияға материалдық көмегі үшін В.И.Сталиннен құттықтау жеделхатын алған. 1946 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1961 жылы Ленин орденімен марапатталған, 1945 жылы «Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген дәрігер», 1957 жылы «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атақтарының иегері атанған. 1957 жылы Қазақ ССР хирургтар қоғамының Құрметті мүшесі, 1962 жылы Октябрь мерекесінің 45 жылдығына орай үлгілі еңбегі үшін, жан-жақты экспедицияны басқарғаны үшін Қазақстан Денсаулық сақтау Министрлігінің 1962 жылдың 3 карашасындағы №419 бұйрығымен үлкен марапаттарға ие болады. 1964 жылы Гурьевтегі Қарабатан балшығының емдік қасиетін анықтағаны үшін облыстық атқару комитетінің грамотасы беріледі. А.Ж.Сүндетов 1982 жылы дүние салды [7, 110 б.].

Осылайша саналы ғұмырларын өз халқына қызмет етуге арнаған ұлт зиялылары өзінің дәрігерлік мамандығымен өмірінің соңына дейін халыққа, туған еліне қызмет етіп, дәрігерлік істің дамуына, халықтың жағдайының сауығуына көптеген еңбек сіңірді. Осы еңбегін жас келешек ұрпақ біліп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Душманов С.Х., Душманова М.С. Развитие медицины и здравохранения на территории Букеевской орды и некоторых регионов Западного Казахстана (1801-200 гг.). – Актобе, 2001. -121 с.
2. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі қор НҚ- 16684/1-8
3. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі қор Нқ 16683/1-10
4. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі қор Нқ 16685/1-2
5. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі қор Нқ 16686/1-2
6. Әлжанов А. Алғашқы қарлығаштар. – Алматы, «Арыс», 2007. - 251 б.
7. Шәңгереев Ғ., Жанбала Ө. Атырау медицинасының шежіресі. – Алматы, 1992. - 110 б.

ҒТАХР 03.00.00
ӘОЖ 94(574.1)

БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВ ӘУЛЕТІ: ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ДӘСТҮР

Құспанова Алмагүл Ерсайынқызы
Эстетикалық бағыттағы гимназиясы, тарих пәнінің мұғалімі
Орал қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың көрнекті қайраткері, заңгер, ағартушы Бақытжан Қаратаевтың әулетінің қазақ қоғамындағы ағартушылық дәстүрі жан-жақты талданады. Бақытжан Қаратаев – қазақ халқының құқықтық сауатын арттырып, ұлттық сананы оятуға зор үлес қосқан тарихи тұлға. Оның өмірі мен қызметі ұлт мүддесін қорғау, ағартушылықпен айналысу және қоғамды әлеуметтік өзгерістерге бағыттау сияқты маңызды міндеттерді қамтиды.

Түйінді сөздер: қазақ зиялылары, Бақытжан Қаратаев, ағартушылық дәстүр, ұлттық сана, құқық қорғау, тарихи мұра, заңгер, қоғамдық қызмет, білім беру, рухани байлық.

Қазақ қоғамының рухани, мәдени және білім беру салаларының дамуына үлкен үлес қосқан тарихи әулеттердің ішінде Бақытжан Қаратаев әулетінің орны ерекше. Бұл әулет қазақ халқының құқықтық, ағартушылық және ұлттық санасын қалыптастыру жолында елеулі еңбек сіңірді. Бақытжан Қаратаев – қазақтың алғашқы заңгерлерінің бірі, ұлт мүддесін қорғаған көрнекті қайраткер. Оның өмірі мен қызметі қазақ қоғамының саяси, мәдени және білім беру салаларын дамытуға бағытталды. Қаратаев әулетінің ағартушылық қызметі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайтуға және рухани жаңғыруына негіз болды.

Бақытжан Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметі Ресей империясы кезеңінде, қазақ жерінде ірі саяси және әлеуметтік өзгерістер орын алып жатқан уақытта өтті. Ол қазақ халқының мүддесін қорғау үшін жер мәселесі, құқық теңдігі, білім беру сияқты маңызды мәселелерді көтерді. Қаратаевтың бұл идеялары мен көзқарастары қазақ халқының отаршылдық саясатқа қарсы тұруына және ұлттық сананың оянуына ықпал етті. Ол өз халқына білім мен мәдениеттің маңыздылығын түсіндіріп, әділетсіздікке қарсы күрестің құқықтық және ағартушылық жолдарын ұсынды.

Қаратаев әулетінің тарихи маңызы оның ұрпақтарының ағартушылық қызметімен тығыз байланысты. Бақытжан Қаратаевтың отбасы мүшелері қазақ халқының сауатын ашу, білім мен мәдениетті дамыту ісінде ерекше белсенділік танытты. Олар жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу, олардың тарихи жадын жаңғырту және мәдени құндылықтарды сақтауға бағытталған жұмыстар атқарды. Қаратаев әулетінің өкілдері халықтың рухани-мәдени әлеуетін арттыруға өз үлестерін қосты және қоғамдық өмірде маңызды рөл атқарды.

Әулеттің ағартушылық дәстүрі қазақ қоғамының рухани жаңғыруына үлкен ықпал жасады. Қаратаев әулеті арқылы қазақ жастарының білімге деген құштарлығы артты, ұлттық сана мен тарихи сананың негіздері қалыптасты. Бұл отбасы қазақ мәдениеті мен білімін жаңа белестерге көтеріп, ұлттың рухани болмысының беріктігін сақтауға қызмет етті. Әулеттің ағартушылық жолы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді.

Бұл мақалада Бақытжан Қаратаев әулетінің ағартушылық дәстүрі, олардың ұлттық тарихтағы орны мен қызметі жан-жақты қарастырылады. Әулеттің идеялық мұрасының қазіргі заманға әсері, қазақ қоғамына тигізген ықпалы мен олардың ағартушылық жолының маңызы сипатталады. Қаратаев әулетінің мұрасы – қазақ халқының мәдени және рухани дамуының жарқын көрінісі және бүгінгі жас ұрпаққа үлгі боларлық тағылымы мол құндылық.

Бақытжан Қаратаев 1860 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысында дүниеге келді. Ол қазақ халқының арасынан шыққан алғашқы жоғары білімді заңгерлердің бірі. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін үздік бітірген Қаратаев сол дәуірдегі қазақ халқының құқықтарын қорғау мен ағартушылық идеяларын таратуға бар ғұмырын арнады. Білім алып, елге оралған соң, ол жер мәселесі, әлеуметтік әділеттілік, ұлттық сана және білім беру сияқты маңызды тақырыптарға ерекше көңіл бөлді. Ол қазақ қоғамында құқықтық сауаттылықты арттырып, жастардың білімге ұмтылысын ояту үшін қажырлы еңбек етті [1, 205 б.].

Қаратаевтың ағартушылық қызметі Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күреспен ұштасып жатты. Ол қазақ халқының жерін сақтап қалу, отарлық қысымнан азат ету және білім беру арқылы ұлттың рухани дамуына жол ашу мақсатында көптеген еңбектер жазды. Өз дәуірінің сұранысына сай, ол халықтың құқықтарын қорғау, ұлттық мүддені сақтауға бағытталған күресте ағартушылықты басты құрал ретінде қолданды.

Қаратаев әулетінің ағартушылық қызметі

Бақытжан Қаратаевтың ағартушылық жолы оның әулетінің қызметінде жалғасын тапты. Қаратаев әулетінің мүшелері қазақ қоғамының білім беру, мәдени және рухани

дамуына зор үлес қосты. Әулет өкілдері ауылдық және қалалық жерлерде мектептер ашуға, қазақ жастарын оқытуға, ұлттық мәдениет пен әдебиетті насихаттауға ерекше көңіл бөлді. Бұл отбасының ағартушылық қызметі қазақ халқының сауатын ашып, рухани байлығын арттыруға бағытталды [2, 175 б.].

Қаратаев әулеті қоғамның түрлі салаларында белсенді жұмыс істеп, білім мен ғылымды дамытуға үлес қосты. Мысалы, олардың ұрпақтары әдебиет, өнер, құқықтану және тарих салаларында жемісті қызмет атқарды. Әулеттің көптеген мүшелері қазақ мектептерінде мұғалім, ғалым, мәдениет қайраткері ретінде танылды. Олардың еңбектері арқылы қазақ жастары ұлттық рухта тәрбиеленіп, елдің болашағына деген сенімдері нығая түсті [3, 122 б.].

Қаратаев әулеті ағартушылық қызметін тек білім беру саласында ғана емес, мәдениет пен қоғамдық өмірдің түрлі салаларында да жүргізді. Олар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ тілін, әдебиетін және мәдениетін сақтау жолында аянбай еңбек етті. Әулет өкілдері ұйымдастырған мәдени шаралар қазақ халқының рухани бірлігін нығайтып, ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етті.

Қаратаев әулетінің мұрасының қазіргі замандағы өзектілігі

Бүгінгі таңда Бақытжан Қаратаев әулетінің ағартушылық қызметі тәуелсіз Қазақстанның рухани және мәдени дамуы үшін ерекше маңызды болып отыр. Қаратаев әулетінің идеялары мен мұрасы – ұлттық сананы жаңғырту, тарихи жадыны сақтау және жастардың білімге деген құштарлығын арттырудың үлгісі. Әулеттің ағартушылық қызметі арқылы қазақ халқының мәдениеті мен рухани құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді [4, 357 б.].

Қаратаев әулетінің еңбектері қазақ қоғамының рухани жаңғыруына негіз қалап, ұлттың мәдени және әлеуметтік дамуына үлес қосуда. Бүгінде Қаратаевтың ағартушылық идеялары білім беру жүйесінде, мәдени шараларда және тарихи сананы қалыптастыруда қолданылады. Әулет мұрасы қазақ жастарына ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, елдің болашағына деген жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

Қаратаев әулетінің өкілдері ұстанған демократиялық құндылықтар, әділеттілік және білімге деген ұмтылыс қазіргі заманның әлеуметтік және мәдени дамуымен үндеседі. Бұл әулеттің қызметі мен идеялары қазақ халқының бірлігін нығайтып, ұлттық рухты көтеруге бағытталған. Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен оның әулетінің ағартушылық дәстүрі – бүгінгі күннің маңызды тарихи және рухани сабақтарының бірі.

Қорытындылай келе, Бақытжан Қаратаев әулеті: ұлт тарихындағы ағартушылық дәстүр – қазақ халқының рухани, мәдени және әлеуметтік дамуының ажырамас бөлігі. Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен қызметі қазақ халқының ұлттық санасын ояту, құқықтарын қорғау және ағартушылық саласын дамыту жолындағы қажырлы еңбектің жарқын үлгісі болып табылады. Ол өз заманындағы ең өзекті мәселелерді көтеріп, қазақ қоғамының дамуына бағытталған идеяларымен танылды. Білім мен ағартушылықты ұлттың өркендеуі үшін басты құрал ретінде қарастырған Қаратаевтың еңбектері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.Қаратаев әулетінің ағартушылық қызметі қазақ қоғамының білім беру және мәдениет салаларында ерекше орын алады. Әулет мүшелері ұлттың рухани жаңғыруына, жас ұрпақтың білім алуына және ұлттық құндылықтарды сақтауға үлкен үлес қосты. Олар қазақ мектептерін ашып, халықтың сауатын арттыруға, мәдени шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысты. Әулеттің бұл қызметі қазақ халқының тарихи жадын сақтауға және ұлттық рухты нығайтуға бағытталған орасан зор еңбек ретінде бағаланады.

Қаратаев әулеті қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын дәріптеуде, ұлтжандылық пен адамгершілік қасиеттерді насихаттауда маңызды рөл атқарды. Олардың ағартушылық дәстүрі қазақ қоғамының рухани әлеуетін арттырып, жас ұрпаққа білімнің, ұлттық мәдениеттің құндылығын түсінуге жол ашты. Әулеттің еңбектері қазіргі таңда ұлттық сананың қалыптасуы мен нығаюына ықпал етіп, қоғамның рухани өрлеуіне негіз болып отыр.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін Бақытжан Қаратаев әулетінің ағартушылық мұрасы – құнды әрі маңызды рухани қазына. Қаратаевтың демократиялық қағидаттарға, әділеттілік пен ұлттық бірлікке негізделген идеялары қазіргі қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуы үшін бағыт-бағдар болып қала береді. Бұл мұра ұлттың болашағына сеніммен қарауға, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге және тарихи жадымызды жаңғыртуға жол ашады.

Қорыта келе, Бақытжан Қаратаев әулетінің тарихы мен ағартушылық қызметі қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуы мен рухани дамуына өлшеусіз үлес қосты. Олардың еңбектері – ұлттық мәдениетімізді, тіліміздің және тарихи құндылықтарымызды сақтап қалудың жарқын мысалы. Қаратаев әулетінің ағартушылық дәстүрін ұлықтау, оны болашақ ұрпаққа жеткізу – біздің ортақ міндетіміз және елдің жарқын болашағына қосар тарихи жауапкершілігіміз. Бұл әулеттің тағылымы қазақ халқының рухани жаңғыруы мен ұлттық санасының дамуына бағытталған маңызды қадам болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қаратаев, Б. Қазақ жерін қорғау мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 320 б.
2. Абылқасымов, С. Бақытжан Қаратаев: өмірі мен қызметі. – Астана: Елбасылар баспасы, 2005. - 275 б.
3. Мұратов, Қ. Қазақ зиялылары және тәуелсіздік идеясы. – Алматы: Мектеп баспасы, 2020. - 188 б.
4. Тарихи тұлғалар энциклопедиясы. – Алматы: Қазақстан баспасы, 2012. - 540 б.
5. Бөкейханов, Ә. Қазақ даласындағы жер мәселесі. – Алматы: Санат, 1995. - 230 б.
6. Сейдалин, Ж. Қазақтың саяси тарихы. – Орал: Тұмар, 2004. - 192 б.
7. Құлманов, Б. Мемлекеттік Думадағы қазақ зиялыларының қызметі. – Алматы: Дәуір, 2011. - 210 б.
8. Тынышпаев, М. Алаш және азаттық қозғалыстары. – Семей: Азаттық, 2007. - 160 б.
9. Алдабергенов, Т. Қазақтың жерге құқықтары: тарих және қазіргі заман. – Тараз: Тараз университеті, 2015. - 147 б.
10. «Айқап» журналының мұрағаты (1911-1915 жылдар). – Алматы: Қазақстан ұлттық кітапханасы, 2019. - 390 б.

МРНТИ 05.41.03

ПОРТРЕТ СОВРЕМЕННОГО КАНДАСА (ОРАЛМАНА) АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Бурбаева Г.С.

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова,
магистрант 2 курса ОП «История»
г. Актобе, Казахстан

Аннотация: Современные кандасы (оралманы) Актюбинской области представляют собой этнических казахов, вернувшихся на историческую родину из соседних стран, таких как Узбекистан, Кыргызстан, Китай и других. Этот процесс влечет за собой значительные изменения в их жизни, так как они сталкиваются с рядом сложностей, связанных с адаптацией и интеграцией в казахстанское общество. В статье рассматриваются социальные, экономические и культурные аспекты жизни кандасов в

регионе, а также роль государственных и общественных организаций в содействии их адаптации. Результаты исследования позволяют глубже понять социальные процессы, связанные с миграцией, и могут быть полезны для разработки эффективных мер поддержки и интеграции этнических казахов в казахстанское общество.

Ключевые слова: кандас, Актюбинская область, миграция, интеграция, трудоустройство, социальная адаптация, этнические репатрианты, культурная интеграция.

На сегодняшний день Актюбинская область является самым большим регионом Казахстана, площадь которого составляет 300,6 км^2, а средняя плотность населения-самая низкая в Казахстане – всего лишь 2,7 человека на 1 км^2. Уникальностью географического положения области будет то, что ее северная и южная границы являются внешними – на севере регион граничит с Оренбургской областью России, а на юге – с Каракалпакской автономной областью Узбекистана. На начало 2023 года численность населения области составляла 928,2 тыс. человек, при этом городских жителей было 74,6%, а сельских – 25,4%.

Согласно статистическим данным, казахи составляют 84,3% населения Актюбинской области, русские занимают второе место с 10,4%, а украинцы – третье с долей 2,1% [1].

мектебіне бермей, қазақ ұлтының атын жамылған, «жаңа қазақ» атанғандардың қылықтарына қынжылады. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік болуы үшін ұлт перзенті болу қажеттігіне меңзейді. Тәуелсіздік алған заманда ұлтжандылық халықта бірнеше түрде байқалатынын атайды. М.Қ.Қозыбаев «ұлтжандылық» пен «ұлтшылдық» ұғымдарын шатастырмау қажеттігін ескертеді. Ғалымның ойынша, әр халық ұлтын өзінше сүйеді. Ұлт тұлғаларын танытуда М.Қ.Қозыбаев ерен еңбек сіңірді.

М.Қ.Қозыбаевтың еңбектерін саралай отырып, оның ұлы тұлғаларды танытуда орта ғасырларда өмір сүрген қайраткерлерден бастап, Тәуелсіз Қазақстанның іргесін көтеруге ат салысқан қоғам қайраткерлері мен ғалым, мәдениет қайраткерлерінің бейнелерін жасап, тарихтағы орнын анықтап, тұғырына ат салысқандығын аңғарамыз. Тұлғаны танып білуде ұмырнамаға сүйенуі қажеттігін көрсетті. Тарихи тұлғаларды танып білуде М.Қозыбаев орта ғасырдағы ел билеушісі Ақсақ Темірден (Әмір Темірден) бастап, соңғы ұмырнама жазушылардың жазғандарын салыстыра талдау арқылы көрсетуге тырысады.

Атап айтсақ, Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың тұлғалық ерекшелігін, Жалаңтөс батырдың тарихи бейнесін, Қожаберген дипломат, замана саясаткерлігін, Абылайдың саясат жолындағы ұстанған көзқарасын, Бұқардың даналығын, ақындық, жыраулығын, қазақ халқының бірлігін, тұтастығын көксеген Хан Кененің тұлғасын, Абай бейнесі мен ұлылығын, ХХ ғасыр басында қазақ зиялылар қалыптасқан ұлт зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов сынды азаматтар мен кеңестік жүйеде өздерінің қоғамдық-саяси қызметімен ерекшеленген Қ.И.Сәтпаев, Ә.Х.Марғұлан мен Е.Б.Бекмаханов, І.Омарұлы, Ж.Шаяхметов тұлғасын барша қазаққа танылу қажеттігін М.Қозыбаев басты парыз санады. М.Ғабдулиннің бойындағы батылдық, Нұртас Оңдасыновтың іскерлік қасиеттері мен ғылым саласында ғылыми еңбектерімен танымал болған Ақай Нүсіпбеков, Салық Зиманов, Өмірзақ Сұлтанғазин, Кеңес Нүрпейіс, Таутан Амандосов, Сұлтан Сартаев, Оразай Батырбеков сияқты ғалымдардың ғалымдық, қайраткерлік қасиеттерін бағалайды.

Манаш Қабашұлы 70 жылдық саналы ұмырында халқымызға ғалымдығымен, педагогтығымен, қайраткерлігімен танылып, Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне, тарих ғылымының алға қарай қадам басуына, тарихты терең, жан-жақты және шындық тұрғысынан зерттелінуіне қомақты үлес қосты. Ол мемлекеттік жауапты қызметтерде отырып, елде болып жатқан проблемалық мәселелерді шешуге ат салысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. –Алматы: «Қазақ Университеті», 1992. – 272 б.; Козыбаев М. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. 1 кн. –Алматы: Ғылым. 2000. 420 с.; Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. –Алматы, 2001. –369 б.; Козыбаев М. История и современность. –Алма- Ата: Ғылым, 1991. –341 с.
2. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. –Алматы: «Қазақ Университеті», 1992. – 272 б.
3. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. –Алматы: Қазақстан, –1994. –192 б.
4. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. –Алматы: Қазақстан, –1994. –192 б.
5. Қозыбаев М. Зобалаң түп тамыры осындай // Өркен. –1993. 16 қаңтар.
6. М.К. Козыбаев, Ж.Б. Абылхожин, К.С. Алдажуманов. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства // - Алматы: Қазақстан, - 1992. - 35 с.
7. Козыбаев М.К., Едыгенов М.Е. Труд во имя Победы. –Алматы: Казахстан, 1995. –176 с.

ҒТАХР 03.20.00

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨТЕРІЛУІ

Орман Б.М.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
«Тарих» ББВ 2 курс магистранты
Ақтөбе, Қазақстан
beybarys.0202@mail.ru

XX ғасырда Қазақ жерінде қазақ тіліндегі алғашқы газеттер шыға бастады. Бұл газеттердің негізгі мақсаты - жергілікті халықтың мұң-мұқтажы, ел тіршілігіндегі маңызды оқиғалар мен құбылыстарға дереу үн қосу болды. Қай елде болсын әдебиеттің дамуында баспасөздің рөлі зор. Алғаш шыққан газет-журналдарда ауыз әдебиетінің нұсқалары, этнографиялық материалдар, атақты ақын-жазушылардың шығармалары да жарияланып тұрған. Қазан төңкерісіне дейін шыққан баспасөзде қазақ жеріндегі саяси, экономикалық, шаруашылық, мәдени жағдайлар жан-жақты дәйектермен баяндалады. Бұл газет-журналдардың негізгі мақсаттарының бірі – патша үкіметінің отарлау саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтарын қарапайым халыққа жеткізу.

XX ғасырдағы қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары «Серке», «Қазақстан», «Алаш», «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің тұтас ұлттын мүддесін қорғау ісінде атқарған еңбегі зор. Ұлт зиялылары халық болып азаттыққа, еркіндікке қол жеткізудің кілті –білім, өнер және ғылымда деп санады. «Айқап» журналында: «Біздің қазақ жер-судан айырылып қалса не күн көрмекші? Соның үшін әркімге керекті, керексізді білуге тиіс екен, керекті керексізді біле қоюға біздің жұртта құрал жоқ. Бізге әуелі сол құралға жармасу керек. Ол құрал –ғылым-білім» [1], –деп уақыт өткізбей білім игеру керектігін анық меңзейді. Осы мақаланың соңына қарай халық пен халықты теңестіретін білім, ғылым екенін айта келіп, жас ұрпақты оқыту туралы ойын автор былай түйіндейді: «Пайдаға жабыстырып, залалдан қашыруға себеп болған сол ғылымды келетұғын заманда өзімізге құрал қылуға бір жол бар, ол мол шамамыз келгеніміз балаларымыздың қолын жеткізіп, оқыту керек» [2].

Тарихшы ғалым М. Қойгелдиевтің айтуынша «Қазақ» газетінің материалдары екі тұрғыдан құнды деп мәлімдеді. Біріншіден газет материалдары XX ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үрдістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті деп көрсетеді [3]. Тарихшы ғалым М. Қойгелдиевтің түйіндеуінше отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы ұлт зиялылары жүргізген азапты күрестің негізгі идеялық бағыттары мен кезеңдерін «Қазақ» материалдарынсыз мейлінше тура түсіну, әрине, мүмкін емес деген қорытындымен айғақтаған еді «Алаш қозғалысы» атты еңбегінде [4]. Бұл жерде байқағанымыздай Алаш өкіметіне «Қазақ» газетінің тікелей қызмет еткенін еш даусыз байқаймыз яғни Алаш өкіметінің басшысы Ә.Бөкейхановтың негізгі көзқарастары «Қазақ» газетінде еркін жазылғанына еш күмән келтіре алмаймыз. Аталған «Қазақ» газеті тәуелсіз газет екендігіне көз жеткізуге әбден болады.

Қазақ зиялыларының алғашқы топтасуы жалпы Ресейде қалыптаса бастаға әр түрлі саяси партиялардың самодержавиеге қарсы күрес жолындағы бағдарламаларымен танысу әсерінен және өз халқын отарлық бұғауынан құтқарудың жолы тек саяси күресте жатыр деп тануынан еді. Қазақ зиялыларының алғашқы баспа жүзін көрген бағдарламалары – жоғарыда аталып кеткен Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адамның қолы қойылып, Петербургке жіберілген Қарқаралы петициясы. «Бүкілелдік

наразылықтың қоғамына бұдан бұрын тән емес петиция түрінде көрінуінде түрткі болған тұңғыш ресейлік революция да, ал оны жазған азаттық қозғалыстың басына келген жаңа әлеуметтік күш ұлттық интеллигенция өкілдері еді» [5].

Туркиялық қазақ тарихшысы Хасен Оралтайдың 1979 ж. жарық көрген «Алаш» - Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны деген еңбегінде коммунистік идеологияның ықпалынан тыс, тарихи деректер мен орынды ой пікірлер молынан кездеседі. «Қазақ тарихының» аталмыш кезеңіне қатысты тарихшы мынадай мәліметтер келтіреді... «Қазақ» жасырын түрде саяси партия ұйымдастырды. 1905 жылы ұйымдастырылған жасырын жүргізілгендіктен, Алаш партиясының тарихқа белгілі тұңғыш съезі болып есептелмейді. Солай болғанымен де, 1905 жылғы съезд Алаш партиясының съезі екендігіне күмән жоқ. Өйткені 1905 жылы съезд ұйымдастырушылар, оны басқарушылар және онда шығып сөйлегендердің бәрі Алаш партиясының лидері Ә.Бөкейхановтың өзі қатысты [6]. Жалпы петиция 11 тармақтан тұрса, онда қамтылған талап тілектерді үлкен үш топқа бөлуге болады. 1 оқу-ағартудың жолға қойылуы; 2. Қазақтың өз жеріне өзінің меншігі деп табылуын талап етуі; 3. Қазақ елін басқару жөніндегі «Далалық ереженің» бүгінгі қазақ өміріне сай қайта өзгеруін талап етуі. Саяси сауаттылықпен жазылған бұл петиция патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының бар болмысын, әдіс-айласын қатқабат қырларын мейлінше терең ашуға ұмтылған, алғашқы айбынды үн еді. Петицияның 3 пункті ретінде берілген бұл талап мынадай нұсқада жазылған еді. «Қазақ» халқының ағымдағы қажетті-ліктерін айқындау үшін қазақ тілінде газет шығару керек, ол үшін цензурасыз газет шығарудың және баспахана ашудың ешкімнің келісімінсіз шешетін тәртібін орнату талап етіледі [6]. Қазақтың кең даласына бостандықтың қоңырау үніндей естіліп, елдің елдігін танытып, санасына қозғау салған петиция талаптары, әрине патша құлағына жетпеді. Бұл туралы 1910 жылы Ә.Бөкейханов өкіне жазды. «На киргизском языке пока нет ни одной газеты точно также киргизы не располагают до сих пор своей типографией. Мысль о том и другом возникла в киргизской степи в счастливые дни свободы но не осуществилась» [7]. 1905 жылдан бастап қазақ даласын шарлаған төл баспасөз ашу идеясы біртебірте жеңіске жетіп, шындыққа айнала бастады. Алғашқы әрекеттердің сәтсіздікке ұшырауы күрескер зиялыларды мойытудың орнына қайрай түскендей болды. Мұның өзі олардың күрескерлік белсенділіктерінің белгісі еді. Осынау идея тұтастығы мен берік бірлікті күрес нәтижесінде қазақ тарихында елеулі еңбек атқарып, ұзақ ғұмыр сүрген қазақ баспасөзінің қос жарық жұлдызы «Айқап» пен «Қазақ» дүниеге келді. Ғылыми айналымда «Айқап» туралы бірқыдыру зерттеулер дүниеге келгенімен, «Қазақ» газеті ұзақ жылдар бойы көзден таса қалып, зерттеу былай тұрсын, аты аталмай қалды [8]. «Қазақ» газетінің жарық көруі ең алдымен жоғарыда аты аталған қазақ ұлтымен өркендеуін өмірлік мақсатына айналдырған көрнекті қайраткерлер А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың тынымсыз еңбек тынымсыз күресінің нәтижесі «Айқап» журналының дүниеге келуі сол кездегі қазақ қоғамы үшін шөлді жерге жауын жауғандай әсер берді. Отаршылық қамытындағы қазақ халқының мұң-мұқтажын сөз етуге, бірлесіп кеңесуге, ақылдасуға зор мүмкіндік туды. Бұл айтулы оқиғаға сол кездің ат төбеліндей оқыған, көзі ашық ұлтжандылары бөркін аспанға ата қуанғандарын газет жарияланымдарынан анық байқаймыз. Алаш ардақтылары – Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев т.б. журналдың алғашқы санынан-ақ отты көсемсөздерімен жұрт назарын өздеріне аударды. Шұрайлы жерлерінен айырылған, өз елдерінде келімсектен төмен күй кешкен халық тұрмысы, білімсіз, өнерсіз қалған қараңғылығы, қазақ халқының мүддесі қорғалатын жалғыз жол – Мемлекеттік Думадағы қазаққа тиесілі депутаттық орынның қысқаруы, т.б. мәселелер өткір көтерілді. Қазақ халқы тұрмысының ауырлығы соншалықты, «Айқап» журналының бетінде «Қазақ халқы жоғала ма, жоғалмай ма?» деген тақырыпта мақала жарық көрген. «Ата жолдасы надандық, өнерсіздік қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жердеақ маңдайымызға тисе де, ата

жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты. Сонда да соны ғылым, өнерден артық көреміз. «Алланнан ойбайым тыныш» дейтін қазақ ғылымыңнан надандығын тыныш көреді. Не шара бар?», - деп жазады Ахмет Байтұрсынов «Қазақ өкпесі» [9, 49 б.] атты мақаласында. Міржақып Дулатов «Государственная дума һәм қазақ» атты мақаласында жаңа низам бойынша мектеп табалдырығын жаңа аттаған балалар алғашқы 3-4 жылда орыс тілінде оқитындығына қынжылыс білдіреді: «Халықта оқымаған адам қалмаған жақсы, бірақ қазіргі сөзімізше сол оқудың тәртібі хақында жаңа низам бойынша әлгі жас балалар орыс кітаптарымен орысша оқып кетсе, тез уақытта тілін ұмытып, діннен де айырылып қалу қаупі бар» [9, 63 б.]. Оның әйгілі «Оян, қазақ!» кітабының шыққан жылы да осы кез. Қазақтың ел болып қалу мәселесі өткір көтерілді. Айтылып қана қойған жоқ, одан шығудың тың жолдары көрсетілді. Ал, Мағжан Жұмабаев өз жұртының намысын қайрап, селт еткізу үшін: «Міне, жаз жетсе дала әдемі, көңілді. Жалғыз-ақ сол сүйкімді даланың орасан бір кемшілігі бар. Оның баласы білімсіз, ойсыз. Ішіп-жеу, ойнап-күлу, ұйықтаудан басқаны білмейді. Төрт аяқты малдан аз-ақ ілгері, ол жарты адам» [9, 101 б.] деген улы сарказм қолданады.

Қазақ газеттің екінші редакторы қызметіне М.Дулатовты тағайындау туралы 1914 жылы 19 мамырдағы жоғарғы баспасөз басқармасының Орынбор губернаторына берген бұйрығында былай дейді: «Орынборда А.Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы қызметін атқаруға Торғай облысы Сарықопа болысы №1 ауылдың қазағы Мир-Якуб Дулатович Дулатовқа рұқсат беріледі [10]. Жалпы аталған «Қазақ» газетінде отаршылдық езгіге қарсы күрес жүргізудің әр түрлі жолдарымен жүріп ұлт зиялыларының жан жақты білім иелері екенін байқаймыз. Мәселен Ә.Бөкейхановтың қазақ қоғамының нағыз реформаторы екенін «Қазақ» газетінің 1913 жылы басылған «Қазақтың тарихы» мақаласында орыстың атты ғаскері казак атанғандықтан біздің қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарық ғадетіне ыңғайлы қылып «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы. Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы мекемеден шеткері болған әрбір істі орнында «қырғыз» деген жаңылыс атты қойып, «қазақ» деген атты қолдану тиіс. Бұл болмайтын іс, ағынға қарсы (против течения) деген сөз емес, біз суды теріс ағызған атаның баласымыз [10] деген жолдардан байқағанымыз қазақтың атын қырғыз деп шатастырмауын қазақты өз алдына жеке халық екенін мерзімді баспасөз арқылы ұсынып отырғанынан - ақ көрініп тұр. Қазақтың жер мәселесіне байланысты «Қазақ» деген мақаласынанда «1913 жылы орыс қол астындағы қазақ саны 5 миллион 64 мың болады. Қазақ һәм қырғыз Шыңғысхан заманынан бері жеті жүз жыл шамасында 9 облыс жерінде жүріп тұрды. (Бұл жерде аталған 9 облыс Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Закаспи, Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқан облыстары) Қазақ жерінң шекарасы туралы мәлімет беріп «бұл жердің көбі 10 - 20 жыл мұнан бұрын қазақ пайдасында еді, соңғы 10 - 15 жыл Торғай һәм Ақмола облыстарынан қазақ пайдасындағы жерден көп жер мұжық пайдасына кетті, 1908 жылға шейін мұжыққа қазақтан 4 миллион десятина артық еді, 1913 жылдағы есепте, 1906 - 1912 жылдарда қазақтан мұжыққа алынған жер 6 миллион десятина артық [11] дейді. Ә.Бөкейхановтың аталған мақаладағы алынған адам есебі 1910 жылы жарық көрген «Формы национального движения в современных государствах» [12] СПб кітабындағы мәліметтер бойынша жарияланған болатын. Сонда байқағанымыз біріншіден қазақтың өз ата - бабасынан қалған жерінде шұрайлы жерлердің өз пайдасына іске аспай отаршылдыққа кеткенін меңзесе, екіншіден қазақ һәм қырғыз деген атуларға жеке тоқталып өткен. Газетіміздің үздіксіз шығуына байланысты сонымен қоса «қазақ» газетін қаржыландыру мәселесі алдыңғы орында

тұрғандықтан Ә.Бөкейханов бұл мәселеде тікелей өзі араласқанын аңғаруға болады. «Қазақ» газетіндегі 1913 жылғы № 41 санындағы «Ұры тию» мақаласында. «Үш жылдан бері «Айқап» журналы шығып тұр, бір жылға жақын «Қазақ» газетасы шығып тұр. Бұлардың екеуінің басындағы кісілер газета мен журанал ісіне оңашалап шықпай, басы басқа қызметке байлаулы күйінде іс жүргізіп отыр. Газетаға оңашаланып шығайын десе, салмақ газетаға түседі, оны көтеретін газетада салып отырған бұлардың сомалары жоқ. Байлар жомарттық қылмады деп қарап отыруға бола ма? Екінші жолмен іс жүргізуге ойлап тұрмыз. Қазақтың кесек сома шығарарлық байлары аз болғанымен аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтары аз емес. Сондықтан «Азамат» серіктігін ашып, «Қазақ» газетасын мұнан былай Алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз» [10]. «Қазақ» газетінің шығарушы алқасының атынан берілген 1913 жылғы 1 санындағы құлақтандыруда: «Газетіміздің көп мақсатымыздың бірі – басқадан да алып, өзімізде барын жиып, қазақ тілінің бетін жөндеп, жолын ашпақ сондықтан қазақтың мақалалары, тақпақ сөздері, билердің шешендердің айтқан сөздері, басылған өленңдер, қиссалар бірі де қабыл алынады, басылмай қалған сөздер қайтарылмайды» [12] делінген. Яғни «Қазақ» газетінен тікелей ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі жан – жақты кең көлемде мағлұматтарды аталған газеттен көруге болады. Жалпы алғанда Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі мақалалары екі жүзге жуық ең түйінді деген мәселелеріне тоқталған. ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси әлеуметтік өмірінің ең түйінділеріне, қазақ шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым қатынасына оқу – ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежірге арналған мақалалары жарияланған. 1917 жылғы 21 қарашадағы санында Ә.Бөкейхановтың басшылығымен құрылған «Алаш» партиясы програмассының жобасы [12] «Қазақ» газеті арқылы бізге жеткен құнды дерек екендігін мойындаймыз. Ә. Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде басылған сын мақалаларында мол тарихи – этнографиялық мәліметтер бар.

Қорыта келгенде мерзімдік баспалар осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды және ұлттық – демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйтқы болды. Бірақ іс жүзінде мүлде басқа принцпті басшылыққа алған Кеңес өкіметінің қаһарына қарсы тұру мүмкін болмай қалды. Алайда қиын қыстау заманда басылымдар өз міндетін атқарды. Және де орта және жоғарғы білімді қазақ зиялыларының басым көпшілігі «Қазаққа» ерді, Ә.Бөкейханов «Қазақтың» басты жетекшісі болып өз нәтижесінде жүргізе алды. Қазақ газетінде қалыптасқан ағартушылықпен бірге қазақ ұлтшылдығы да өмірге келді. Аталған қазақ ұлтшылдығының қалыптасуы да - ХХ ғасырдың басында қазақ ұлтының дұрыс даму жолында түскендігінің көрінісі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Смағұлова С.О. Қазақ мерзімді баспасөзі : шығу тарихы мен деректік маңызы (ХХ ғ. 20-30 жж.) . – Алматы: «Елтаным» баспасы , 2011. –432 б.
2. Қайрат С. Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі. –Алматы: «Қазақ энцилопедиясы», 2014.–400б
3. Мәмбет Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы, 2008. 181 б.
4. Ана тілі газеті, 1990ж. 12-сәуір, 3 бет.
5. Азат газеті 1991ж., № 8, 2-бет.
6. Брайнин С., Шафизо Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – Алма-АтаМосква, 1935. – С. 95.
7. Букейханов А. Киргизы. Оксфорд 1985. – С.51.
8. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер. – Алматы, 1990 ж. – 122 б. 6.
9. Айқап / Құр: Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995

10. «Қазақ» газеті, 1913,
11. Сонда, Қыр баласы. Қазақ 1913. №8
12. Букейханов А. Киргизы - Формы национального движения в современных государствах. Под ред. А.И Костелянского. СПб., 1910.С.

ҒТАХР: 03.20.00
ӘОЖ: 94(574)

ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ №11 МЕКТЕП – ИНТЕРНАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУДАҒЫ Е.Қ. САПАРОВТЫҢ РОЛІ

Буранбаева Салтанат
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» ББББ 2 курс магистранты
Орал, Қазақстан
salt_salta@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Орал өңіріндегі білім беру саласында ерекше орын алатын ұлттық мектептердің бірі №11 дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының басшысы болған, оның дамуына мол үлесін қосқан Ерсайын Қадырұлы Сапаров туралы баяндалады. Е.Қ.Сапаров басқарған жылдардағы мектептің, шәкірттерінің жетістіктері, білім саласына қосқан жаңашыл оң нәтижелері, білім саласындағы мәселелер туралы сараланады. Мектеп интернаты және оның жұмысы зерделенеді.

Кілт сөздер: Орал қаласы, №11 мектеп, Е.Қ. Сапаров, интернат, білім, оқу-ағарту

Орал қаласындағы білім беру саласына өзіндік үлесін қосқан Дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық № 11 Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ мектеп-интернат кешеніне қырық жылдан астам еңбек сіңірген Сапаров Ерсайын Қадырұлының еңбегі, жетістіктері ұшан-теңіз. Ерсайын Қадырұлын білім саласының новаторы, реформаторы деп айтуға болады. Ол туралы мәліметтер сол заманда – ақ бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жеткілікті.

Сапаров Ерсайын Қадырұлы 1946 жылы 24 шілдеде Жалпақтал ауданы, Балықшы ауылында дүниеге келген. Әкесі Сапаров Қадыр көптеген жылдар бойы мұғалімдік қызмет атқарып, 1956 жылдан түрлі партия – совет қызметінде болған. Анасы да өзінің саналы өмірін ұстаздық - тәрбиешілік жолына арнап, сан ұрпақты тәрбиелеуге өз үлесін қосқан адам. Осындай ұстаздар тәрбиесін көріп өскеннен кейін Ерсайын Қадырұлы орта мектепті бітіргеннен кейін ата - ана жолын қуып ұстаз болуды армандайды. Сол арманы оны Орал педагогикалық институтына әкелген болатын. Институтты үздік бітірген жас маманға Торғай өлкесіне еңбек етуге жолдама берілді. 1972 жылы жолдамамен Торғай облысының Шоқан Уәлиханов атындағы мектепке мұғалім болып орналасып, өзін қызықтырған биология пәнінен шәкірттеріне білім беріп, жас ұрпақты тәрбиелеуге кірісті. Мектепке келген жас маманның еңбек жолындағы алғырлығы мен алғашқы жетістіктеріне риза болған мектеп ұжымы көп кешікпей оған оқу ісінің меңгеруші жұмысын үлкен сеніммен тапсырған болатын. Осы жұмыста 1976 жылға дейін

қызметін атқарып, 1977 жылы Арқалық қаласы Б. Майлин атындағы орысша - қазақша мектебіне директор етіп ауыстырылды. Бұл мектепте де Ерсайын Қадырұлы өзінің шебер ұйымдастырушылығы мен терең білімін жас ұрпақ тәрбиесіне арнайды.

1982 – 1986 жылдары Арқалық ауданының оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Торғай өңіріндегі 14 жылдық еңбегінен кейін, 1986 жылы өзінің туған өлкесі Орал қаласына оралады. Өзінің өмір баяны, ұстаздық жолы туралы Ерсайын Қадырұлы Жайық ұстазы газетінде «Шоқан, Бейімбет, Сәкен ағалар жолымды ашқандай» атты мақалада баяндайды [1].

Елге оралғаннан кейін ұстаздық жолын әрі қарай жалғастырып, сол кездегі қаланың төртінші шағындау ауданындағы № 5 орыс мектебінде 3 жыл директорлық қызмет атқарады.

1989 жылы оқу жылының басында Ерсайын Қадырұлын Орал қаласындағы қазақша білім беретін оқу орнының діңгегі болып есептелетін С. Сейфуллин атындағы № 11 мектепке директор етіп ауыстырылады. Бұл мектепке басшы болып келгелі де көптеген игілікті істер атқарады. Мектеп лицей дәрежесін алып, дарынды балаларды үш бағытта тәрбиелеп, өмір талабына сай білім бере бастайды. Жоғары оқу орындарымен келісім шарттар жасау арқылы сол оқу орнының ұстазадры сабақ беріп, көптеген шәкірттердің оқуға түсуіне мүмкіншілік жасалады [2].

Ерсайын Қадырұлының ерінбей жүрген еңбегінің арқасында қазақша бастауыш кластар ашылып, 300 орындық жатақхана салынады, мектеп жанынан өнер мектебі мен балаларды сауықтыру кешені ашылып, балаларға қызмет көрсетіле бастайды [3, 3 б.].

1994 жылы мектептің жас ұрпақ тәрбиелеудегі еңбек жолының 70 жылдық мерейтойы, осы мектепті ашуға кезінде жол салған ақын С. Сейфуллинге ескерткіш орнатып, мұражай ашылады [4, 3 б.].

Барлық жақсылықты балаға арнайтын басшы мектеп оқушысының да бірінші қамқоршысы. Таңмен оқушыларды және әріптестерін өзі қарсы алып, олардың көңіл-күйлерін бақылап, киім шешетін бөлмелеріне жағдай жасап, мектепке жылулық беруге үлкен мән беру аса маңызды. Е. Сапаровтың Америкаға барған сапарында алған тәжірибесі үлкен жаңалықтарға жол ашты. Оның бірі әр клас есігіне ашық терезе орнату еді. Бұл мұғалім үшін де оқушы үшінде өте тиімді әрекеттердің бірі болған. Сонымен қатар, бес күндік оқуды да алғаш практикаға енгізіп, облыстық білім басқармасына мұның артықшылықтарын, сабақтан кеш қалмайтынын түсіндіріп, өзінің білім саласындағы жаңашылдық реформаларымен көзге түсе білген. Мұны әрине бала жүрегі сезеді, алдынан өткен сан шәкірттері өздерінің жылы ықыластарын білдіріп, алғыс айтып, өлең – шумақтарын арнап, оны баспасөз беттеріне жариялауда. Жыл сайын қыркүйек, қазан айларында мектептің мерейтойы аталып өткенде, шәкірттері мектебіне, ұстаздарына жыр шумақтарын арнап, өздерінің алғыстарын білдіруде.

Мектепке оқушылар жан – жақтан келгендіктен интернат балаларына көңілді ерекше бөлгендігін айта келіп, күнде таңертең әр балаға бал қосылған жылы су бергізіп, тамақтану кезінде тәртіп сақтауға, жұма сайын дене тазалығын ұстауға үйретіп, бір-біріне қамқор болуға үйретуде үлкен еңбектер атқарғанын көрсетті.

Ерсайын Қадырұлы өзімен әріптес педагогикалық ұжымға да қамқор басшы бола білді. Мұғалімдерді мектепте оқылатын пәндердің теориялық тереңдігі мен жаңашылдығын дамытуға қанаттандырып отырған. Әділ қойылған талап пен көмек лицей-мектебінің білім сапасының көтерілуін жылма-жыл жақсартып келеді. Сонымен қатар мұғалімнің әрбір сабағы ашық сабақ болу керек деген талапта қоя білген. Мұғалімнің әр сабаққа тиянақты дайындалуын айтпағанда, сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы, киген киімінде мін болмау керек. Жаратылысынан мұғалім болып туған адамдар болады, оларға бала өзі тартылып тұрады. Былай қарасаңыз ұрыспайды, айқайламайды, бірақ бала оны көзқарас, қимылынан ақ түсінеді. Ата-аналар да сондай мұғалімді іздеп сол сыныпқа баруға таласады. Әр мұғалім өзін ата-ана, оқушы іздеп таласатындай дәрежеге жету үшін ұмытылып, еңбектену керек. Мұғалімдердің

сабағына өте көп қатысып, талдау жасап, болашақта қателіктерге жол бермеу үшін жас мамандарға бағыт-бағдар беруге көп күш салған. Мұғалімнің киім киісіне де көп мән бердім, олардың ашық аяқ киімдер киуіне, тырнақ өсіріп, толтырып сақина тағып, ашық- шашық жүруіне рұқсат етпедім. Оқушының алдында нағыз ұстаз бола білуге, тек сабаққа мән беруге, тәрбие өзімізден басталатынына әрдайым ескерту жасап жүргенін Орал өңірі газетіне берген сұхбатында айтқан [5, 10-11бб].

Ерсайын Қадырұлы тек мектеп директоры ғана емес, оның қалалық және облыстық оқу бөлімінде де атқарған қоғамдық жұмыстары да ауқымды. Облыстық педагог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтына оқуға келген облыс мектептерінің басшылары мен мұғалімдерінің ұстаздың әдіс-үлгісі мен басшылық қызметінің жетістігінен әруақытта тәжірибе алмасып, озық іскерлік тәлімін бөлісуі –осының айғағы.

2001 жылы Американың Аризон штаты Туссон қаласындағы мектепке барып тәжірибе алмасып келді.

2005 жылы Ресей-Қазақстан достық-көпшілік шаралары аясындағы оқу-тәрбие семинарларын ұйымдастырды.

2012 жылы наурыз айында Қытай халық республикасының Пекин қаласында өткен «Қазіргі заманғы білім мен ғылымның өзекті мәселелері» атты халықаралық конференциясына қатысты.

2013 жылы Ұлыбританияның Брайтон қаласындағы Сассекс университетінде өткен мектеп басшыларына арналған тәжірибе алмасу курсына қатысып келді.

Ерсайн Қадырұлының халық ағарту ісінің қыры мен сырына қанық ширек ғасырдан астам педагогикалық қызметі елеусіз емес. Ол түрлі медальдармен, граммоталармен марапатталды. «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісі (1989ж), Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің «Құрмет Грамотасы» (1991 ж), «Ерен еңбегі үшін» медалі (1995 ж), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі(2002 ж) , «Ы.Алтынсарин атындағы білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалі (2007ж) иегері, Білім саласы қызметкерлерінің I,II съезінің делегаты, «Кәсіподақ комитеті» төсбелгісі(2014ж), Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін медалі (2014ж), Қазақстан Республикасының «Құрмет ордені» (2016ж), Орал қаласының «Құрметті азаматы» (2022ж).

Сонымен қатар Ерсайын Қадырұлының еңбектері, мектеп өміріне арналған «жаңа үлгідегі меткептің жұмысын ұйымдастыру» кітапшасы (1997ж), оқушыларға қосымша оқуға арналған «Генетика негіздері» еңбегі (1998 ж), «Сәкен мектебі» атты шежіре-тарихи кітабы (2007 ж) көпшілік пайдаланатын әдістемелік құралға айналды.

Ерсайын Қадырұлының есімі «Алаштың ардагер азаматтары» (1998ж), Республикалық «Лидер образования Казахстана» (2004 ж), «Қазақстанның үздік адамдары» (2009 ж), «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» (2010ж) энциклопедияларына, «Ұстаздар әлемі» (2013ж) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған жалпы білім беретін мектептің 5-7 сыныптарына арналған «Өлкетану» атты оқулыққа енгізілді.

Ерсайын Қадырұлымен сұхбаттасу барысында мектеп туралы біршама мәліметтер берді. Мектеп ғимараты 1978 жылы 1176 орынға есептелініп салынған. Мектеп кешені құрамына мектеп жанындағы интернат, емдеу-сауықтыру кешені, «Өнер» мектебі кіретінің айтты.

1936 жылы Қазақстандағы үш орта мектептің бірі болу дәрежесіне жеткенін, 1964 жылы 22 мамырда мектепке көрнекті қоғам қайраткері, ақын, жазушы, драматург С.Сейфуллиннің есімі берілгенің де жеткізді. 1991 жылы мектеп-интернат лицейі атағын алып, 1999 жылы 8 желтоқсанда Дарынды балаларға арналған облыстық С.Сейфуллин атындағы № 11 қазақ мектеп-интернат кешені мәртебесіне ие болған. 2007 жылы 28 қыркүйекте Дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық

№ 11 Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ мектеп-интернат кешені атанып, оқу мен тәрбие саласында өскелең ұрпаққа жаңа үлгіде қызмет көрсетуде.

Мектеп жанындағы интернат 250 орынға арналған. Интернатта асхана, монша, аяқ киім жөндеу шеберханасы тәрбиеленушілер үшін тегін қызмет көрсетеді. Әр бөлме 2-4 балаға арналған. Интернат бөлмесі керекті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Оқушыларға бес мезгіл тамақ беріледі, сонымен қатар демалыс, ойын бөлмелері жабдықталған. Жылдан жылға ауылдық жерден талантты, білімді жастар білім іздеп көптеп келуде.

Емдеу - сауықтыру кешені құрамына – дәрігерлік қабылдау бөлмесі, массаж бөлмесі, егу бөлмесі, тоқпен емдеу бөлмелері кіреді. Балаларға үнемі алғашқы көмек көрсетіліп, дәрігерлік бақылаудан өтіп отырады. Көптеген ауру түрлеріне байланысты оқушылар сауықтыру кешенінде емделеді.

Мектеп жанынан құралған Өнер мектебінде музыка мен өнердің әр саласынан білім беріліп, оқушы «Өнер» мектебін бітіргені туралы құжат алып шығады. Өнер мектебі 1993 жылы мектеп жанынан көркемсурет класы болып ашылып, соңынан Батыс Қазақстан облысы әкімінің 1999 жылғы 8 желтоқсандағы № 242 шешімі бойынша Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ мектеп – интернат - кешенінің құрамына енгізілді. Қазіргі уақытта «Өнер» мектебі 8 бағыт бойынша жұмыс жасайды. Мектептің негізгі мақсаты: сабақтан тыс уақытта оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, өнер арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту, музыкалық аспапта ойнауға үйрету.

Мектеп кітапханасында 28 орындық оқу залы бар. Кітапхана қоры үнемі толықтырылып отырады. Оқушының табиғатпен байланысын жақсартып, хайуанаттарға мейірімін арттыру мақсатында «Жасыл мүйіс» табиғат бұрышы ашылып, оқушылар күтіміне алынған.

Оқу кабинеттерімен қатар мультимедиялық кабинет, 21 кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған, барлық кабинеттер интернетке қосылған.

Мекеп оқу-тәрбие жұмысында жеткен жетістіктері облыс, Республика бойынша өткен түрлі байқауларда жүлделі орындармен марапатталып келеді. 2000 жылы «жыл мектебі», «Таңдаулы қала мектебі» сайысының жеңімпазы, 2001 жылы «жыл интернаты» байқауының дипломанты, 2006 жылы облыстық «Білім ұясы: Таңдаулы мектеп» сайысының жеңімпазы, 2006 жылы мектеп директоры Сапаров Ерсайын Қадырұлы Республика бойынша «Білім ұясы, жалпы орта білім беру үздік менеджері» наминациясымен марапатталды.

2012 жылы «Орта білім беретін үздік ұйым» атты облыстық конкурста бас жүлдені жеңіп алып, 13951000 теңгенің сертификатына ие болған. 2014 жылы «Білім беру жүйесіндегі Ұлттық біріыңғай тестілеуді ұйымдастыру мен өткізудегі елеулі еңбегі мен мектептің жоғары көрсеткіштері үшін» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Осы жетістіктердің барлығы тікелей басшы Ерсайын Қадырұлымен байланысты.

Мектеп «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының іс-тәжірибесі тарату бағытындағы базалық 35 мектептің бірі болып саналады. Сонымен қатар мектеп оқушылары облыстық, республикалық пәндік олимпиада мен ғылыми жобалар сайысында және басқа да көптеген жарыстар мен байқауларға, спорттық, өнер сайыстарына қатысып, жетістіктерге жетіп отырды.

Педагогикалық қызметкерлер саны -73, оның 44-і жоғары санатты және бірінші санатты 31 педагог жаңа форматтағы үш деңгейлік курстан өткен.

2012-2013 оқу жылын 50 бала аяқтады. ҰБТ қорытындысы бойынша орташа балл-106,02 балл. 2013-2014 оқу жылында ұлттық бірыңғай тестілеуге 56 мектеп бітірушінің 53-і қатысып, орташа жинақ балл -103 болса, «Алтын белгіге» үміткер 13 оқушының 11- і , «Үздік аттестатқа» 2 үміткердің 1-і өз білімдерін дәлелдеп шықты.

2014-2015 оқу жылында 35 сынып комплектісінде 905 оқушы білім алды.

2015-2016 оқу жылында 35 сынып комплектісінде 949 оқушы білім алуда.

Бүгінде Ерсайын Қадырұлы құрметті зейнеткер. Соған қарамастан еліміздегі білім, ағарту саласындағы өзгерістерді саралап, үнемі назардан тыс қалдырмайды. Бар арманы еліміздің ертеңі – жастарымыздың лайықты білім алуы, оны өмірде пайдалануы. Өйткені ұстаздың шын келбеті осы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сапаров Е.Қ. Шоқан, Бейімбет, Сәкен ағалар жолымды ашқандай // Жайық ұстазы. -2010. -20 тамыз

2. Сапаров Е.Қ. Инновациялық процесс және лицейді дамыту проблемалары // Орал өңірі. -1996. -17 қазан

3. Сапаров Е.Қ. Мектеп мерейі // Жайық үні. -1999. -30 қыркүйек

4. Сапаров Е.Қ. Мектеп мерейі // Жайық үні. -2004. -7 қазан

5. Мұштанова Д. Мұғалімнің әр сабағы - ашық сабақ болу керек // Орал өңірі. – 2021. -24 қыркүйек

ҒТАХР 03.20.00
ӘОЖ: 94(574)(043.3)

С.М. МӘШІМБАЕВТІҢ МОНОГРАФИЯСЫНДАҒЫ СЫРЫМ ДАТҰЛЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ПАРАЛЛЕЛЬДЕР

Сеғуатов Даулет Ғабитұлы
БҚО, Казталов ауданы
Казталов мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі

Аңдатпа. Бұл мақалада С.М. Мәшімбаевтің монографиясында Сырым Датұлының өмірі мен шығармашылығына шолу жасалып, тарихи параллельдер келтірілген. Мақала барысында өз халқының ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері Имам Шәміл, Салауат Юлаев, Әбділдабек, Александр Грузинскиймен бірге Серік Мектепұлы Мәшімбаевтің Сырым Датұлы туралы монографиясының бөлімдері арқылы салыстырмалы талдау жүргізіледі. Мақалада Серік Мектепұлы Мәшімбаевтің монографиясы талданады.

Кілт сөздер: Сырым Датұлы, ұлт-азаттық қозғалыс, патша үкіметі, көтеріліс, интеллигенция, тарихи параллель, салыстырмалы анализ.

Ұлтшылдық күшейген сайын басқа ұлттармен қақтығысқа, қисынды түрде өз басымдығын бекітуге әкелетіні анық. Бұл мағынада империализм Еуропадан тыс ұлтшылдықтың проекциясы болды. XIX ғасырда бірнеше мемлекет жер шарының еуропалық емес бөлігін жаулап алды. Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің барлығы дерлік бірнеше еуропалық мемлекеттерге тәуелді болды. Отаршылдық бейнесі түрлі-түсті болды: ол жалауларға, экзотикалық киімдерге, рәсімдерге, шерулерге, пошта маркаларына, отаршылдықтың ауқымын айғақтайтын түрлі-түсті географиялық атластарға және тамаша насихатқа толы болды. Шындығында, отаршылдық атлас беттерінде ең толық қабылданған географиялық ұғым болды. Ақырында, ол ішінара Бірінші дүниежүзілік соғысқа әкелді және оның соңында ғана күйретін үлкен иллюзияларды тудырды.

Ғасырлар бойы қазақ халқы елдің азаттығы мен тұтастығы үшін қаншама қиындықты бастан өткерді. XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамы өз

бостандығы үшін Жоңғар хандығымен, одан кейін Цинь империясымен, Орта Азия хандықтарымен бітіспес күрес жүргізіп, ақыры Ресей империясымен бетпе-бет келді. Көшпелі мал шаруашылығына сүйенген, өз ішіндегі феодалдық келіспеушіліктерді жеңе алмаған Жоңғар хандығы жеңіліске ұшырап, оның территориясы Цинь патшалығына өтті. Ресей империясы осы деңгейдегі қазақ жерлерін өзіне қосып алды. Орта Азияда елеулі держава ретінде танылған қазақ халқы мен жоңғар мемлекеті екі-үш ғасыр бойы көршілес қуатты империялардың жан-жақты шабуылына төтеп бере алмады.

Ұлт-азаттық қозғалыс отаршыл елдерге тән құбылыс. Ұлт-азаттық қозғалыстың басты мақсаты – ұлтты езгіден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін қалпына келтіру, отаршылдықты жою арқылы ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу. Ұлт-азаттық қозғалыс – отаршыл халықтардың отаршылдық езгіге қарсы ортақ күресі. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыс Қазақстан тарихында алғашқылардың бірі болды. Сырым Датұлы – ел көсемі, шешен, ұлы батыр, ірі мемлекет қайраткері, сонымен қатар қазақ демократиясының негізін салушы.

Сырым Датұлы туралы зерттеу жүргізген тарихшылардың бірі – С.М. Мәшімбаев. «Сырым Датұлы (1742-1802)» монографиясында Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысының бірінші басшысы Сырым Датұлының өмірі мен күрес жолдары қарастырылады. Қазақстан тарихындағы демократиялық жүйенің негізін салушы және оның шешен тұлғасы туралы жазылған..

С.М. Мәшімбаевтің Сырым Датұлы туралы монографиясында бір ғана әдістемелік бағыт – салыстырмалы талдау бар, тарихи параллельдер жүргізу арқылы монографияның негізгі бөлімдері мен негізгі тұжырымдарын анықтауға болады. Монографияның «Сырым Датұлының өмірбаяны мен тарихы», «Сырым Датұлының ұлт-азаттық қозғалысының барысы», қазақ даласындағы демократияның негізін салушы, шешен тұлға Сырым Датұлы деген бөлімдеріне сүйенсек, «Сырым Датұлының өмірбаяны мен тарихы», «Сырым Датұлының ұлт-азаттық қозғалысының барысы». төрт бөлікке бөлінген әдістемелік зерттеу: 1) Ресей империясы аумағында ұлы қайраткерлердің ұлт-азаттық күресінің өтуі; 2) ұлы тұлғалар текті әулеттердің ұрпақтары; 3) өз халқының ұлт-азаттық рәміздеріне айналуы; 4) өз заманындағы зиялы қауымның өкілі болу.

Бірінші мәселе, ұлы тұлғалардың ұлт-азаттық күресі Ресей империясына қарсы жүргізілді. Жалпы патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттық күрес географиясына Қазақстан, Солтүстік Кавказ, Башқұртстан, Қырғызстан, Грузия облыстары кіреді. Патша өкіметінің қол астындағы халыққа жасаған озбырлығының қаншалықты зор болғанын білмейміз. 1914 жылы 12 желтоқсанда Владимир Ленин «Ұлы орыстардың ұлттық мақтанышы туралы» мақаласында Ресей империясын «халықтардың түрмесі» деп атады. Цинь империясы мен Осман империясы сияқты патшалық Ресей де «жылжымалы шекара» бойымен континенттік экспансиядан басталды, бұл шеткері аймақтарда « билеуші отарлардың» пайда болуына әкелді. Ресей бірте-бірте өзінің «жаңадан алынған шекараларын ішкі отарларға» айналдырғандықтан, жанама басқарудан тікелей басқаруға көшу, сайып келгенде, орталықтандыру, интеграция және үстемдік нысандарының қатайуына әкелді[1, 78 б.]. Батыс империялары басқаларды географиялық және нәсілдік критерийлер бойынша анықтаса, Ресей империясы басқаларды таптық және діни критерийлер бойынша анықтады [2, 147 б.].

Ендігі мәселе – ұлы тұлғалар текті әулеттерден шығады. Сырым Датұлының шежіресі Әтімбет Байбақты, Шолан Әтімбет, Дата Шолан, Сырым деректері арқылы тарайды. Сырым Датұлының шежіресін құрастырған Балтабай Адамбаевтың мақалаларында оның атасы Шолан туралы деректер кездеседі. Шолан ел алдында батыр аталып, сыртқы жауға қарсы күресте үлкен беделге ие болды. Сырымның әпкесі Орын Нұралы ханға тұрмысқа шыққан. Бұл Әбілқайыр хан мен Шолан ұрпақтарының арасындағы ерекше қарым-қатынасты айқын дәлелдейді [3, 199 б.]. Айта кетейік,

Сырым Датұлының қарт әжесі де елін қадірлейтін жан болған. Әже Сырымды Тама Есет Көкула мен Таня Малайсарыға бата беруге жібереді. Есет батыр: Көзің қырандай, балам. Бұл дүние бес күндік опасыз, Батырдың күні өтіп, жолы мен күшін сынап жатыр. Жауды өлтірсең ер боласың, жаудан өлсең шейіт боласың. Ел ердің соңынан ермейді, саған бәрі ермейді. Малайсари би: «Арқаң қара мәрмәрдей ауыр болсын, мінезің қара жердей ауыр болсын, өкпесіз бауыр болсын, үйіңнің сыртында шу болмасын, құлағыңнан сыбыр болмасын» – деген [4, 19 б.]. Бір күні Сырымға барғым келеді. «Ей, Сирия!.. Әкең шалбарын аузына тығып алған дат екен.Күндіз келген жиырмаға, түнде келген жиырмаға сауық-сайран жасайтын Шешен ер-азамат екен. Анаңнан тудың ба, балам – «Иә, Бақай атам» «Әкем дат болса, болар еді». Анам күндіз келген жиырма адамды, түнде келген жиырма адамды қонақ етіп жіберсе, қырықтың бірі қаңғыбас болар еді» [5, 47 б.]. Тарихи параллельдер жүргізетін болсақ, Имам Шәміл дворяндарға жататын авар-құмық ұстасы Денгава-Магомед пен құмық немесе авар бектерінің қызы Баху-Меседтің баласы болып шығады. Салауат Юлаев шайтан-құдей руының тұқым қуалайтын тархандарынан шыққан, олардың әр буынында тархандар, молдалар, абыздар, батырлар болған. Әбділдабектің арғы аталары жоңғарларға, Қоқан хандығына қарсы соғысқан батырлар. Александр Грузин Ресейдің шығысындағы Картли және Кахети патшасы Эрекле II (Ираклии) мен оның үшінші әйелі Дарежан Дадианидің ұлы болды.

Ұлы тұлғалар өз халықтарының ұлт-азаттық символына айналды. «Сырым Датұлының өз заманында ұлы тұлға болғанының тағы бір дәлелі, ол Нұралы ханды тақтан тайдырған соң, оның орнына басқа хан қою керек деп ойламайды, керісінше, бұл әулеттің көзін құртуды ойлайды, бұл елге пайдасы жоқ. елге зиянын тигізіп, оны биліктен біржола кетіруді ұйғарды, ол кезде Сирияның көбінің басына «хансыз өмір сүру» деген ой келмеді замандастары, тіпті кейбір ынталы, пікірлерінің ішінен тайқып кетті, Сырым Датұлы кең көлемді ойланып, қазақ даласында 1786 жылы халық кеңесін жүргізеді хандықтың орнына Сырымның ұсынысы бойынша старшындар жиналысы жылына бір рет шақырылып, оның шешіміне барлық ақсақалдар бағынуға міндетті оның ұсынысы, бар мәселені демократиялық, мажоритарлық жолмен шешуге ұмтылғаны анық үлкен бақытсыздықтар. Біріншіден, отаршылдардың қазақ ауылдарына үздіксіз шабуылын тоқтатса, екіншіден, өрісі тарылып қалған қазақтардың Жайықтың арғы бетіндегі шөбі шүйгін жайлауға шығуына мүмкіндік ашты. Сосын Жайықтан малын алып шыққан қазақтар арнайы салық төлеп, жазда кейін қайтарған. Мұндай мәселелерді мемлекеттік деңгейде тек Сырым ғана шеше алатын»[6, 61 б.].

Имам Шамиль Кавказ халқының көсемі болған және Кавказ соғысы кезінде орыс әскеріне қарсылық көрсеткен. 1834 жылы Шәміл имам болып, исламдық реформалар мен орыс басқыншылығына қарсы күресті белсенді түрде насихаттады. Ол өзіне орыс әскерлеріне қарсы тұруға көмектескен адал жақтастарды - әдеттер армиясын жинады. Шәміл өзінің әскери тактикасымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Орыс әскеріне қарсы тұру үшін тау бекіністері мен партизандарды пайдаланды. Шәміл Кавказдағы ұлт-азаттық қозғалыстың жақтаушысы да болды. Оның құрамына Кавказдың әртүрлі халықтары, соның ішінде шешендер, дағыстандықтар, ингуштар және т.б. Ол Ресей империясынан тәуелсіздік үшін күресте бірігуге ұмтылды. Шәміл өз мақсатына жетудің күші мен мүмкіндігін Кавказ халықтарының бірлігінен көрді. Шәмілдің басты мақсаты Кавказды Ресей билігінен азат етіп, тәуелсіз ислам мемлекетін құру болды. Ол Кавказдағы барлық халықтар үшін әділеттілік, теңдік пен бостандық орнатуға күш салды [7, 67 б.]. Салауат Юлаев – Башҡортостанның милли батыры, шаир-жазушы. Ол 1773-1775 жылдардағы шаруалар соғысында Емельян Пугачевтің белсенді жолдастарының бірі ретінде танымал болды. Башқұрт халқының жадында Салауат Юлаев мәңгілік ұлттық қаһарман, елдің байырғы халқының құқығы үшін күрескер болып қалады. Жастығына қарамай әскерді бастап, әділдік үшін күресті басқарды. Пугачев өлген Петр III патшаның киімін киіп, Орал мен Еділ бойындағы

казактар мен шаруалар арасында жаппай тәртіпсіздіктер бастады. Оның әскеріне Оңтүстік Сібір тұрғындары – башқұрттар, татарлар, чуваштар және т.б. Оның бұл жерлердегі басты жолдастарының бірі башқұрттардың отрядын басқарған Салауат Юлаев болды. Сол кезде билік құрған Екатерина II Пугачева көтерілісшілердің атын ұмыту үшін бәрін жасады; көтеріліс туралы өте аз жазылған, цензура оны жіті бақылап отырды. «Орынбор ауданының мұрағатынан Емельян Пугачев пен Салават Юлаевтың есімдерін атағандардың жазаланғаны туралы толық деректер таптым. [8, 104 б.]. Әбділдабек Алымбек – атақты Алымбек-датқа мен Құрманжан-датқаның үлкен ұлы. Олар даңқты отбасылық дәстүрді жалғастыра отырып, ұлдарының бойына Отанға деген сүйіспеншілікті, халық игілігі үшін қызмет етуді, абырой мен абыройды оятқаны белгілі. «Абдылдабек қырғыз халқының даңқты перзенті, өйткені ол өмірінің соңына дейін мұратына берік болған қырғыздың нағыз ұлттық батыры, азаттықтың нағыз перзенті» деп жазды. [9, 118 б.]. Әбділдабек өзінің жоғары, ақсүйек шыққанына қарамастан, Пулат ханның ең жақын серіктерінің бірі болды. Грузия князі Александр (1770-1844) Грузиядағы Ресей билігіне қарсы бірнеше көтерілістерді басқарған отбасынан шыққан грузин король князі (Батонишвили) болды. Ол Парсыда Ескендір Мырза, Ресейде Царевич Александр Ираклиевич, Батыс Еуропада Ескендір Мырза деп аталды. Александр Грузияның шығысындағы Картли және Кахети патшалығының соңғы патшасы Эрекле II-нің ұлы, оған әртүрлі әскери және әкімшілік тапсырмаларды сеніп тапсырған. 1798 жылы Эрекле қайтыс болғаннан кейін ол өзінің туған інісі Георгий XII-нің қосылуына және жаңа патшаның Ресейді қорғауға ұмтылуына қарсы болды. 1801 жылы Ресей Грузияны аннексиялап алғаннан кейін Александр елден қашып кетті және ондаған жылдар бойы Ресейдің туған жеріндегі бақылауын бұзуға тырысты. Сайып келгенде, Ескендірдің парсылардың қолдауына және Солтүстік Кавказдан келген жалдамалыларға сүйенуі оған халықтың қолдауын жоғалтты. 1812 жылы өзінің соңғы ірі көтерілісі басылғаннан кейін Александр ұзақ уақыт Персияда тұрақтап, 1844 жылы белгісіз жағдайда қайтыс болды[10, 737 б.].

Ұлы тұлғаларды біріктіретін соңғы дерек – олардың өз заманының, ұлтының данышпандары, зиялылары екендігі. Сырым боз бала, яғни 13 жасында терең ойлылығымен, кемеңгерлігімен ерекшеленді. Ержете өзінің әскери талантымен, шешендігімен, мейірімсіздігімен, әділдігімен, шыншылдығымен халық арасында кеңінен танылды. Сырым 20 жасында би болып, Байбақ руының басшысы болады. Сырдың қасиеттерінің қалыптасуына Тама руының старшыны Малайсари ықпал етті. Сырым Малайсари еліне барып ақыл сұрағанда: «Құрметті Сырым, дүниеде үш ұлы сөз бар, соны есіңе алсаң, ел құрметіне бөленеді, ұмытсаң, бәрі жүгіреді». Малайсары: «Намыс, намыс, ел алдындағы парыз. Осы үш мұратты ұстансаң, ел ізіңнен ерер. «Алла тірегің, алдың ашық болсын» деп батасын берді.Сырым Датұлының алда болғанының тағы бір дәлелі. оның заманының ханды тақтан тайдырғаны ғана емес, ол құлатылған хан мен хандықтың орнына ел басқарудың жаңа әдісін тудыруы далалық демократияның қайраткері болғаны соншалық, Шәміл имаматта білім мен ғылымның дамуына көңіл бөлді, оның реформалары жалпыға бірдей бастауыш білім беруді қамтамасыз етіп, ғалымдар мен оқу үдерісінің барлық қатысушылары үшін артықшылықтар туғызды. Дүние жүзіндегі мамандардың таңданысын тудырды, бұл реформаларды жүзеге асыру арқылы Шәміл ұлты мен дініне қарамастан әрбір таулы өлкенің, мемлекеттің әрбір азаматының өміріндегі кітаптың рөлін одан әрі арттыруға ұмтылды. Оның серіктерінің барлығы дерлік білімді, ерекше интеллектуалдық қабілетімен ерекшеленетін, бай кітапханасы бар адамдар болды. Бұл дәуір туралы талай кітаптардың, шежірелердің, тау жазушыларының өлеңдерінің бізге жеткені кездейсоқ емес. Имам Шәміл: «Барлық білім пайдалы, сондықтан шет тілдерін білу де пайдалы, тіпті олар христиан болса да» деген[11, 445 б.]. Салауат Юлаев импровизатор ақын ретінде кеңінен танымал. Салауат жырларында Жайық жерін, оның халқы мен ежелгі әдет-ғұрпын, ата-бабасының киелі сенімін жырлаған. Әнге деген сүйіспеншілік, ат пен

жауынгер ерлігі әрқашан башқұрт жауынгерінің ажырамас бөлігі болған. Башқұрт халқының сол ғасырлардағы мұраты жауынгер-әнші болған. Салауат Юлаевтың түпнұсқадағы әндері мен өлеңдері сақталмаған. Оның поэзиясы революцияға дейінгі башқұрт әдебиетінің сирек көріністерінің бірі. Әбділдабек дат қызметін алды. Билік жүйесінде датқа ханзадалардан жоғары, сұлтандарға тең саналды. Ол асыл адам еді. Ұлт-азаттық күресі кезінде патша әулетінің князі Александр Грузинский өзінің батылдығымен, даналығымен және дипломатиялық қарым-қатынас орнату қабілетімен ерекшеленді.

Ұлы тұлғаларды салыстырмалы талдау арқылы басқа қырынан ашылды. Қазақ даласымен қатар патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар Ресей империясының басқа территорияларында да болды. Тарихи параллельдер сызу күрестер мен тұлғаларды зерттеуге жаңа серпін беретіні сөзсіз. Халқының болашағы үшін сол кездегі алып елге қарсы күресіп, әскери де, рухани жағынан да күрескен, халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының басында тұрған ұлы тұлғалардың есімі өшпейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Schorkowitz D. (2019). Was Russia a Colonial Empire? In: Schorkowitz D., Chávez J., Schröder I. (eds.) Shifting Forms of Continental Colonialism: Unfinished Struggles and Tensions. Palgrave Macmillan, Singapore. – 252 б.
2. Etkind A. Internal Colonization. Imperial Experience of Russia. - M. : NLO, 2013. - 448 б.
3. Адамбаев Б. Қазақ ақындары. – Алматы, 2008. – 319 б.
4. Мұқтар Ә, Смайлов С. Сырым бастаған қозғалыс/Сырым Датұлы жинағы.-Алматы:Арыс, 2004 – 22 б.
5. Мұхтар Ә., Ахметова Ұ. Сырым батырдың шежіресі мен тарихы. // Ізденіс 2001. №6. 145 б.
6. Сырым Датұлы(1742-1802 жж.): монография/ С.М. Мәшімбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 122 б.
7. Казиев С. Имам Шамиль / «Керемет тұлғалардың өмірі» сериясы. М, Молодая гвардия, 2010. – 212 б.
8. Идельбаев М. Салауат Юлаев. - Уфа, Кітап, 2004. - 224 б.
9. Бабабеков К. Алай патшайымы өзбек ғалымдарының зерттеулерінде // Абдулла-бек – Алай патшайымының ұлы. – Ташкент, Бішкек, 2011. - 238 б.
10. Борнютан Г. "Александр, ханзада". 8 бөлім. – 826 б.
11. Полковник Руновскийдің күнделігі, 1866. - 1414 б.

ҒТАХР: 03.02.00

1930-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПАНАСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Айитбаева Ә.А.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Тарих» ББББ 2 курс магистранты
Ақтөбе, Қазақстан
aajitbaeva@gmail.ru

Ғылыми жетекші: Мәден А.Т.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, т.ғ.к., доцент,
Ақтөбе, Қазақстан
Assylbek_maden@mail.ru

Отырықшыландыру мен жаппай ұжымдастырудың салдары 1931-1932 жылдардағы бүкіл елді жаулаған аштыққа ұласты. Аштық бала деп баланы да, кәрі деп кемпір-шалды да, уыздай жаз екен деп қыз-бозбаланы да аяған жоқ. Адамы түгел қырылып қалған ауылдардың аттары да жойылып кетті. Естен кетпес тағы бір өкініш, жарты ғасырдан астам уақыт бойы сол сұмдық апат туралы тірі жан жақ ашып айта алмады. Тарихымыздағы ақ таңба сенімді жабылған күйінде қала берді.

1928 жылы «байларды тіркілеу кәмпескелеу» бойынша тарихта қалған «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұраны іске асырыла бастады. Сол жылдары қазақ даласында 40 миллион бас мал болса, 1930 жылдарға келіп 4 миллиондай мал қалған. Бұл қазақ халқының аштыққа ұшырап, жаппай қырылуына әкелді. Аталмыш іс тарихта «голодомор» деген атпен қалды. Аштықтың ащы шындығын айтуға үкімет рұқсат бермеді. Ұзақ уақыт жабуылы күйде қалып, оның қасіретін дәлелдейтін барлық құжаттар архив қойнауында құпия күйде жатты. Бір ерекшелігі осы 30-шы жылдардағы аштық тауқыметі жайында бірде-бір мерзімді баспасөзде хабар, ақпарат жарияланбады. Сөйтіп, үкімет өз күнәсін жасырып бақты. Қазақстандық тарихшылар тарапынан тек 90-шы жылдардың басында ғана қолға алынып, үкіметтің арнайы шешімімен 1991 жылдың қарашасында комиссия құрылып, аштықтың шығуына себебін болған жәйттер анықталды [1].

Ашаршылық Қазақстанның ауыл шаруашылығына және экономикасына қатты зиянын тигізді. Бұл дағдарысқа Кеңес Одағындағы ұжымдастыру мен астық жеткізуге қойылған биік мақсаттар ықпал етті. Көптеген шаруашылықтар жойылып, құнарлы жерлер пайдалануға жарамсыз болып қалды. Ашаршылық халықтың ауылдық жерлерден қалаларға және КСРО-ның басқа аймақтарына жаппай қоныс аударуына әкелді. Бұл Қазақстанның демографиялық құрылымының өзгеруіне және мигранттардың бейімделуіне байланысты әлеуметтік мәселелерге әкелді. Ашаршылық тірі қалғандардың психологиялық және эмоционалдық күйінде терең із қалдырды. Олар күйзеліске ұшырап, жақындарынан айырылып, қиын өмір сүру жағдайларын басынан өткерді. Бұл денсаулыққа және аштықтан қалпына келтіруге кері әсер етті.

Осы ашаршылықтың және соғыстың зардабынан қазақ даласында панасыз қалған балалар көбейді. Бұған дейін жетім-жесірін жылатпаған дәстүрлі жүйемізде «Балалар үйі» деген ұғым пайда болды. Соғыс пен аштықтың салдарынан ата-анасыз қалған жетім балалардың қаңғыбастыққа салынуы, олардың криминалды элементтерге жақындауы және басқа да мәселелер кеңес үкіметінен ол балаларды кеңестік тәртіп пен идеологияға, еңбекке баулу, қоғамға бейімдеу бойынша шұғыл шаралар алуға мәжбүр етті. Сонымен қатар кеңес мемлекетіндегі XX ғасырдың 20-30 жылдардағы аштық пен мыңдаған жас балалардың аштыққа ұшырауы туралы ақпарат бірқатар шетелдік

ұйымдарға белгілі болды. Осыған байланысты «Аштыққа ұшырағандарға көмек беру ұйымы» секілді ұйымдар жәрдем бере бастады. Атап айтқанда, тамақ беру пункттері, асханалар Орынбор, Орал қалаларында ашылды [7].

Аштық жайлы баяндалған еңбектер мен мақалаларға тоқтала кететін болсақ, XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы үлкен аштық кезіндегі қазақтардың қайғылы тарихын баяндаған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі 1999-шы жылы жарық көрген М. Малышева мен В. Познанскийдің «Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934)» атты еңбегі. Мұнда аштықтан қазақтардың Батыс Сібірдің оңтүстігіне ағылып жан сауғалуы, оларды жаңа аумаққа орналастыру мәселелері баяндалған. Авторлар этносаралық қатынастар мәселелерін және аштықтан зардап шеккен қазақтарды құтқару шараларын қарастырған [2].

1920–1930 жылдардағы панасыз қалған балаларды мемлекеттік қорғау ісіндегі түбегейлі өзгерістер мен балалар мекемелерінің құрылу тарихы туралы жекелеген мәселелер Г.К. Кемелжанованың «Становление и развитие детских домов в 1920–1940-е годы в Казахстане» атты мақаласына арқау болған. Еңбекте 1920–1940 жылдардағы балалар мекемелері жүйесі балалардың панасыздығымен және қараусыздығымен күресу жағдайында дамыды деген тұжырым жасалады. Сондай-ақ, қамқорсыз жасөспірімдер мен балалар үйінің тәрбиеленушілерінің күнделікті өміріне қатысты зерттеу жұмысын қорытындысында, аталған институттық құрылымның өмір сүруіне елдегі сол кезеңде күрделі ахуалдың ықпал еткендігін ескеру қажеттігін алға тартады. Әрине, панасыздықты толығымен жою, балалардың ауылдардағы жағдайын түбегейлі жақсарту мүмкін болмады, бірақ экономикалық жағдайды ескере отырып елде көп нәрсе жасалды [3].

Неміс тарихшысы Роберт Киндлердің дерегінше, Қазақстанда төрт жыл ішінде ұжымдастыру кезінде ірі қара малдың 90% -ы жойылды. Сталиндік голодомор 1,5 миллион қазақтың өмірін қиды. 1930-1933 жылдар аралығында Қазақстанның әрбір төртінші тұрғыны қайтыс болды [4].

Американдық зерттеуші Сара Кэмерон: сталиндік режимнің ең ауыр қылмыстарының бірі – 1930-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық. Бұл аштық 1,5 миллионнан астам адамның өмірін қиды, бұл Қазақстан халқының төрттен бірін құрап, дағдарыс континентальды Еуропаның көлемін өзгертті. Алайда, бұл аштық туралы оқиға негізінен жасырын болып келгендігін айтты [5].

Ашаршылық құрбандарының елден жиналған естеліктері сол заманның ауыр қасіретін айқындай түседі. Мысалы, Қызылорданың Шиелі ауданының тұрғыны Шотбаева Дәнеткер жергілікті жерлерде жоғарғы билік органдарының солақай нұсқауларын асыра сілтеп жүзеге асырған ауылдық аймақтардағы шолақ белсенділердің озбыр әрекеттері туралы былай деп жазады: «Белсенділер, бұрынғы кедейлерден көрдік бәрін. Үйдегі тығып қойған дәнді шанышқымен тексеріп, тартып алып кететін. Жұмыс істегендерге қасықтап дән беретін. Колхоз бір киллограмм астық берсе, оның жартысын басқарма, белсенділері алып қалатын... Үкімет ешқандай көмек берген жоқ. Үш жыл шөптің басын, жантақтың сөгін, шенгелдің қоңырауын жедік. Өз баласын өзі суға тастағанды көрдік, ал адам жеді дегенді естігеніміз болмаса, көргеніміз жоқ. Адам өліп жатса қарамайтын, өз басын ғана ойлайтын...» [6].

Аталған мәселеге байланысты алғашқы зерттеулер қатарында революцияға дейінгі ресейлік ғалым А.И. Закты, кеңестік педагогиканың негізін салушылар А.С. Макаренко, Н.К. Крупскаяның еңбектерін айтуға болады [8]. А.И. Зак "Типы детской беспризорности, преступности и проституции" деген ғылыми еңбегінде балалар панасыздығынан құтылудың бірден бір жолы - қоғам мүшелерінің панасыздарға оң көзқарасын қалыптастыру керек деп санайды. Автор кәмелеттік жасқа толмаған қылмыскерлер арасында қылмыстың үш категориясы - туа біткен қылмыскер, қылмыстық жолға кейін түскендер, әсіресе кездейсоқ қылмыскердің жиі кездесетіндігін дәлелдеп, олардың құқығын қорғайтын балалар сотын құруды ұсынады. А.И. Закты

теориясын А.С. Макаренко, Н.К. Крупская жоққа шығарады. Олардың пікірінше, туа біткен қылмыс жоқ, тек әлеуметтік теңсіздік, қысымшылық салдарынан болатын қылмыспен күресу керек. Кеңестік Ресейде панасыз, жетім балаларға арнап тұңғыш коммуна ашқан А.С. Макаренко өз тәжірибесінен туындаған ой-толғаулар мен коммунарлық тәрбиеге арналған еңбектерінде бөліседі.

Отандық тарихи ғылымда күні бүгінге дейін арнайы зерттелмеген тың тақырыптардың бірі - балалар панасыздығы тарихы. Отандық тарихшылар Р.Б. Сүлейменов, Г.Ф. Дахшлейгер, Б.А. Төлөпбаев, Ә.Б. Тұрсынбаев кеңес заманының 1960-1980 жылдарында қазақ ауылдарын кеңестендіру, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру мәселелеріне көлемді ғылыми монографиялар жазды. Олар тоталитаризм дәуірінің басты кезеңдеріне қатысты өз пікірлерін тек тұспалдап айтуға ғана мәжбүр болды, әрі халықтын тарихи шындыққа деген сұранысын толық қанағаттандыра алмады.

XX-ғасырдың 80 жылдарының екінші жартысында басталған мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріндегі қайта құру мен демократияландыру реформалары отандық тарихтың құпия беттерін қайтадан оқып шығуға жол ашты. Белгілі ғалымдар М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, Т.О. Омарбеков еңбектерінде голощекиндік геноцид туралы деректер мол [9]. М.Х. Асылбеков, Ә.Б. Ғалиев, М. Тәтімов, Н.В. Алексеенко, А.Н. Алексеенконың зерттеулерінде 1931-1933 жылдардағы демографиялық апаттың себеп-салдары нақты айғақтар арқылы дәлелденеді [10]. В. Михайловтың "Хроника великого джута" деп аталатын құжаттық жинағында, З. Қыстаубаевтын, Х. Сейіткемеловтың кітаптарында қызыл қырғынды көзімен көрген адамдардың жан түршігерлік естеліктері негізінде большевиктік этноцидтің технологиясы әшкереленеді [11]. М.П. Малышева мен В.С. Познанскийдің "Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири" деген көлемді монографиясы ашаршылық жылдары Батыс Сібірге жер ауған қазақ қожалықтарының өмірін сипаттайды [12]. Кітапта Батыс Сібір өлкесі басшылығының қазақ балаларын аштықтан аман алып қалу, олар үшін балалар үйлерін, мектеп-интернат ашу, дәрігерлік қызмет көрсету сияқты гуманитарлық шаралары тізілген.

Қорыта келгенде, Қазақстандағы ашаршылық тарихы, әсіресе 1930-1933 жылдардағы халық қасіреті әлі де тарихымызда бұрмаланып келеді. Бірақ аталған тақарып бойынша бірнеше тұжырым жасауға болады. Біріншіден, XX ғасырдың 20-40 жылдары панасыздықтың қасіретін жоюға мемлекеттік мекемелер шешуші үлес қосты. Екіншіден, панасыз балалар мәселесіне бағышталған іс-шаралардың пәрменді болуына адамзат баласына тән гуманистік қасиеттер мол септігін тигізді. Үшіншіден, панасыз балалар жағдайын жақсарту мақсатында құрылған балалар қорының қазақстандық бөлімшесі атты қоғамдық құрылымдардың еңбегін жоққа шығаруға болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Данилов В. и др. (ред.). Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927—1939. Документы и материалы. В 5 т. Т. 3. Конец 1930—1933. Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2001.

2.Малышева, Познанский, 1999 – Малышева М. П., Познанский В. С. Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931–1934 гг.). Алматы, 1999. 536 с.

3.Кемелжанова, 2020 – Кемелжанова Г.К. Становление и развитие детских домов в 1920–40-е годы в Казахстане //Молодой ученый. 2020. № 23(313). с. 616-620.

4.Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. – Москва., 2017. – 382 с.

5.Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. 2018. – 294 p.

6.32-нің ЗҰЛМАТЫ профессор Қ.М. Атабаева жетекшілік жасаған тарихи-этнологиялық экспедиция деректері: деректер жинағы Алматы 2014 – 103б)

7.Козыбаев М.К. и др. (ред.). Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931 1933 гг. Сборник документов и материалов. Алматы: Фонд «XXI век», 1998.\

8.Панасыздар мен жетімдер // Қазақ Ордасы. - 2003. - №5-6. - 60-62 бб.

9.Панасыз, жетім балаларды мемлекеттік қамқорлыққа алу тарихынан // Шоқан тағылымы-Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Көкшстау, 2005. - 1-том. - 210-213 бб

10.Батыс Сібірдегі ашаршылық жылдарындағы панасыз, жетім қазақ балалары // Қазақстанның Ресейдегі жылы аясында өткен халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. - Актөбе, 2005. - 452-455 бб.

11.Большевиктік аграрлық реформалардың қазақ аулы балаларына тигізген зардабы // Қазақстанның Ресейдегі жылы аясында өткен халықаралық ғылымитеориялық конференция материалдары, - Ақтөбе, 2005. - 456-458 бб.

12 Детская беспризорность в первые годы Советской власти в Казахстане. // История Казахстана: преподавание в школе. - 2003. - №1. -25-31бб.

ӘОЖ: 94(574)

АҒАРТУШЫЛЫҚТЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ БАСТАУЫ (XIX-XX ғ. басы)

Байғалиев Темірлан Сабырғалиұлы
Орал қалалық №16 ЖОББМ тарих пәні мұғалімі
Орал қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ағартушылықтың әлеуметтік және мәдени тұрғыдан маңызды рөлі, оның қазақ қоғамының өзгеруіне әсері талданады. Қазақ халқының білім мен ғылымға деген көзқарасын, ағартушы тұлғалардың рөлін, сондай-ақ олардың халықтың сауаттылығын арттыруға бағытталған әрекеттерін сипаттайды. Сонымен қатар, мақалада қазақ ағартушыларының еңбектері мен олардың ұлттық сана мен мәдениетті қалыптастырудағы үлесі де айтылады. Патша үкіметі қазақ жастарын оқу жүйелеріне тарту арқылы өзінің сөзінен шықпайтын, айтқанын орындайтын мамандар даярлауға тырысты. Осы ретте қазақ балаларын ірі орыс қалаларында оқыту, қазақ даласында орыс түріндегі мектептер ашуды жүзеге асыруды миссионерлер жіберу арқылы қолға алуды көздеді.

Түйін сөздер. білім ордалары, медресе, ислам, Ресей патшалығы, мешіт, ағартушылық.

Ағартушылық – бұл қоғамды өзгертуді, жаңа көзқарастарды қалыптастыруды мақсат еткен және ғылым мен білімнің маңыздылығын түсінуге негізделген философиялық және мәдени қозғалыс. Ол өз бастауын Еуропада XVIII ғасырда алып, қоғамның ойлау жүйесіне жаңа тыныс беріп, адам құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуді мақсат етті. Қазақ жерінде ағартушылықтың қалыптасуы да осындай тарихи үрдістің ықпалымен және ұлттық сана-сезімнің дамуы аясында жүзеге асты. Бұл процесс қазақ халқының мәдениеті мен тарихына ерекше әсер етті.

Ағартушылықтың басты мақсаты – білім мен ғылымды, адами құндылықтарды насихаттау, қараңғылықтан құтылып, қоғамды өркениетті жолға бағыттау болатын. Ағартушылардың ең басты ұстанымы – адамзаттың еркіндігі, теңдігі мен бостандығы еді. Білім беру жүйесін жетілдіру, халықты сауаттандыру, әлеуметтік теңсіздік пен

әділетсіздікке қарсы күрес сияқты мәселелер де осы қозғалыстың негізгі бағытына кірді. Әсіресе, ағартушылық философиясы мен идеялары Ресей империясының қазақ жерінде кеңінен таралуы оның одан әрі дамуына ықпал етті.

Қазақ жеріндегі ағартушылықтың басталуы XIX ғасырдың бірінші жартысынан басталады. Бұл кезеңде Ресей империясының қазақ жеріндегі саяси ықпалы күшейгенімен, қазақ қоғамында ұлттық мәдениет пен білімге деген сұраныс та өсе түсті. Бұған себеп болған факторлардың бірі – қазақтардың білімге деген құштарлығы мен өздерінің дәстүрлі мәдениетін сақтау талпыныстары. Сонымен қатар, қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік, оқудың жоқтығы және халық арасында білімнің аздығы мәселелері осы бағыттағы реформалардың қажеттілігін туындатты. Қазақ ағартушыларының алғашқы буыны халықтың сауатсыздығын жоюға, мектептер ашуға, білім беру жүйесін жетілдіруге ұмтылды. Олардың арасында белгілі ойшылдар мен әдебиетшілер, сондай-ақ қоғам қайраткерлері болды. Мысалы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев сияқты тұлғалар қазақ ағартушылығының негізін қалаушылардың қатарына жатады.

Шоқан Уәлиханов – қазақ ағартушылығының алғашқы өкілдерінің бірі. Ол тек тарихшы, географ, этнограф қана емес, сонымен қатар білім мен ғылымның маңыздылығын түсінген көрнекті тұлға болды. Шоқанның зерттеулері мен ғылыми еңбектері қазақ халқының тарихын, мәдениетін тереңірек танытуға бағытталды. Ол халықтың әлеуметтік өмірі мен тұрмысын зерттей отырып, ағартушылық идеяларды өз еңбектерінде көрсетуге тырысты. Шоқан Уәлиханов қазақ білімін арттыру үшін орыс тілін меңгеріп, еуропалық ғылым мен мәдениетті қазақ халқына танытуға ұмтылды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде алғашқы мектептерді ашқан ағартушы ретінде ерекше көзге түсті. Оның қазақ балаларына арналған мектептерді ұйымдастыруы, оқу құралдарын жазуы, педагогика саласындағы жаңашылдықтары ағартушылықтың қазақ қоғамындағы негізін қалаушы әрекеттердің бірі болды. Алтынсарин қазақтардың өз алдына мәдени және интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету үшін заманауи білім мен ғылымды енгізуді мақсат етті. Оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы қазақ білімін жетілдіруге бағытталған маңызды еңбектердің бірі болып саналады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ағартушылығында ерекше орын алатын тұлға. Ол ұлттық тіл мен білім саласындағы реформалар жүргізуге белсене атсалысты. Ахмет Байтұрсынұлының басты еңбектері қазақ тілін зерттеуге, оны жазу мен оқыту әдістерін жетілдіруге бағытталды. Оның «Тіл-құрал» оқулығы қазақ мектептерінде оқыту әдістемесінің негізін қалады. Байтұрсынұлының ағартушылық идеялары қазақ халқының білімге деген қызығушылығын арттырып, ұлттық мәдениетті дамытуға ықпал етті.

Қазақ жеріндегі ағартушылық қозғалысы білім мен ғылымның дамуына, ұлттық мәдениеттің өркендеуіне, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына бағытталған маңызды тарихи кезең болды. Ағартушылықтың қазақ қоғамындағы бастауын XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы тұлғалар ашып, оны кейінгі ұрпақтарға жеткізді. Бұл қозғалыс қазақ халқының сауаттылығының артуына, білім беру жүйесінің қалыптасуына, сондай-ақ ұлттық сана-сезімнің нығаюына ықпал етті. Ағартушылықтың қазақ жеріндегі бастауы қоғамның мәдени және әлеуметтік өмірінде терең із қалдырды және қазіргі қазақ қоғамының дамуында маңызды рөл атқарды.

Қазақ қоғамында ислам мәдениетінің орнығып, дамуына, халық санасында ислам құндылықтарын қалыптастыруға қазақ жерінен шыққан діни қайраткерлер, ишандар, хазіреттер үлкен еңбек сіңірді. Қазақ қоғамында ислам дінін оңтайландыра, халықты, ұлтты бір сенімге бейімдеуге біріктіруге көмектесіп, елдің ынтымағын, береке - бірлігін қалыптастыруда әділ қазылық қызметімен халық санасына шариғат құндылықтары мен әдеб ережелерін қалыптастыруға қазақ діни қайраткерлері мен ишандарының алар орны ерекше. Ишандар туралы В.В. Бартольд өз зерттеулерінде, «олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз (яғни оқытушылар) және

ізбасарлар «мүрид» мағынасында қолданылған» деген анықтама береді. Одан әрі ғалым «ишан» - Орта Азиядағы суфизм жетекшілеріне берілетін атақ екенін, ол мұрагерлік ретінде әкесінен баласына өтіп отыратындығын айтады. Ал басқа зерттеушілер оларды Құранның басты мәнінен хабардар молдалар деп, екіншілері философиялық-дүниетанымдық көзқараспен байланыстырып, тақуалыққа ұмтылған жандар ретінде сипаттайды. И.И. Гейердің пікірінше, қазақ даласындағы рулар «ищан» және «қожа» топтарын өздерінше пірге балап, оларды бір-біріне ұқсас деп қабылдады. Себебі ірі ишандар қожа тобынан шыққан [1, 10 б.].

Қазақ жерінен шыққан діни ғұламалар тарихын зерттеуге және ол мәселенің методологиясына профессор Ә.Дербісәлі көп еңбек сіңірді [2]. Ислам дінін қазақ даласына тарату, дұрыс оқыту миссиясымен араб елдерінен келген қазақ тарихындағы қожалар Орта Азия, Қазақстан жеріне келіп қоныстанып, сіңісіп кеткені, Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» Қожаларға «қара» халықтан жеті есе артық құн белгіленгені тарихтан белгілі. Соңғы жылдары Қазақстан қожалары тарихын зерттеудің дереккөздеріне «Насаб-нама» ескерткіші де қосылды [3].

Қазақстанмен шекаралас Шығыс Түркістан жерінде қожалардың бірі діни қауымдастық жетекшісі Аппақ қожаның ұрпақтарын мадақтауға арналған ХУШғ. II ж. жазылған «Исламнаме» - өлең түрінде жазылған тарихи шежіре сақталған, авторы Молла Мұхаммед Абд әл-Әлім Ахун Арзу Мұхаммед. Бұл шежіре қазақ тарихын зерделеуде осы күнге дейін құнды дерек көзі болып табылады. Ислам діні құндылықтары исламға дейінгі салт-дәстүрлермен, наным сенімдермен астаса дами отырып, ертедегі Қазақстан қалаларында діни білім беріліп, медреселер жұмыс істеді. Қазақ жерінде қожалар, сол кездегі діни білімді адамдар алдымен қазақ хандары мен ақсүйектер балаларын оқытты. Мәселен Жәңгір хан Нарынның бір бөлігі Жасқұс құмына сол өзінің ордасын тіккен ауылында 1841 жылы шенеуніктеріне, соның ішінде Орынбор әскери губернаторы П.К. Әссенге Ордада қазақ балаларына арнап орыс тілінде білім беретін мектеп ашу қажеттігін дәлелдеп, әлденеше рет хат жазған Жәңгірдің ойынша, ондай мектеп қазақ балаларының Қазан университеті мен Орынбордағы Неплюев кадет корпусына, Ресейдің басқа да оқу орындарына түсуі үшін керек еді. Алғашқы діни білім мектепте (мактаб) беріліп, оқушылар араб тілін, Құран шариғаттарын үйреніп, мектепті (мактаб) бітіргендер жоғары білім алу үшін медреселерге оқуға түсті. Медреселер мен мектептердегі оқыту жүйесі отаршыл үкіметке қызмет ету мүддесіне бағындырылды. 1874 жылы қазақ еліндегі медреселер халық ағарту министрлігіне бағындырылды. Ресей империясының отарлау саясатының мүддесіне сәйкес мұсылман мектептерде орыс сыныптары ашыла бастады. «Мұсылман оқу орындарына қатаң талаптар қойылды. Олардың бұзылуын отаршылық, әкімшілік үнемі құдалап отырды. Бірақ бұған қарамастан, Қазақстан аумағында мектептер мен медреселер саны үздіксіз өсе берді, өйткені оқуға тілек білдірушілер саны арта барған сайын арта түсті. Қазақ жеріндегі медреселердің оқу бағдарламаларына діни пәндермен қатар дүниеауи пәндер оқытылады, олар Құран ілімі, тәпсір, хадис ілімі, фикh, араб тілі, араб риторикасы, араб тарихы, фәлсафа, логика, математика және жаратылыстану пәндері. ХХ ғ. бас кезінде дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін қазақтар өз балаларын шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хұсаиния», Тройцкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқгы ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін [4, 5 б.].

Хазірет (арабша, қазақша - әзірет, қазірет)- жоғары дәрежелі дін иелеріне берілетін діни атақ. Мысалы, Мұхаммед Пайғамбардан кейінгі төрт халифалардың бірі Әли Әбу Тәліп қазақта Әзірет Әли деген атпен мәлім. Хазірет атағы мешіттің немесе белгілі бір аймақтағы мұсылман дін иелерінің басшысына да беріледі [6, 149 б.].

Діни тұлғаларға тарихи мәліметтер әсіресе ауызша тарих дереккөздерінен алынады. Патшалық дәуірінде танымал болған діни тұлғалардың бірі Досжан ишан Қашақұлы (1812-1896 жж.) бүкіл Кіші жүзге қала берді Жетіруға әйгілі ғұлама болған.

Досжан ишан бір мәліметтерде XIX ғасырдың ортасында Әлім руынан шыққан Нұрпейіс ишанмен бірге, енді бірінде 1874 ж, Абайдың әкесі Құнанбай бастаған бір топ қазақтармен бірге Меккеге қажылық сапардан оралған соң Досжан ишан Доңызтаудағы Қайнар деген жерде, кейін Шиелісуда (қазіргі Ақтөбе обл., Темір ауд, Шұбаркұдық елді мекенінің маңындағы Ишан ата кешені) екі үлкен мешіт салғызады

Зерттеуші Марат Қабижанұлы «Досжан хазірет әкесі Қашақ молдадан 14-15 жасына дейін сауатын ашып, Орынбордағы «Хұсайния» медресесін бітіріп, үш жыл сондағы жастарға мүдарристік етіп (мүдәррис-ислам медреселерінде сабақ берген білімді ұстаз), Ойылдағы ауылына келіп бала оқытқан» деп қолға нақты дерек ұстатады. Досшан ишан 1842 жылдың шамасында, жасы отызға бел буа бітіріп, ишан дәрежесінде мешіт-медресе ашып, мүрид жинауға рұқсат беретін иршад алып шығады. Досжан хазірет қызметіне кіріскен шақта Орталық Азияда софылықтың соңғы формасы - ишандық күшейеді [7, 151-152 б.].

Жиенғали ахун шыққан тегі жағынан да, жасаған еңбегі жөнінен де қазіргі ұрпаққа өнеге болар жағы көп, тарихтан өзіндік орнын табуға тиісті тұлға. Жиенғали ахун Жұмағалиұлы (1880-1943 жж.) Әбубәкір Кердері жырлаған бүкіл Кіші жүз елінің дін көшбасшысы, хазреті болған атақты Досжан ишанның туған жиені. Бұл мәселеге қатысты құнды дерек тағы да қазақтың дәстүрлі дерек көздері болып табылатын фольклор, ақындар мұрасынан алынады. Тұлғаның рухани рөлі туралы Әбубәкір Кердері жан жақты талдайды.

Сондай-ақ халық арасында Жиенғали ахун туралы Омар шайыр айтты деген мынадай өлең шумақтары бар:

Жиенғали ахуным Мысырға барып шам жаққан.

Бұл мекенге белгілі Ғұлама келген жан - жақтан...

Шәкірттерге дем берген Шарапатын ел көрген.

Жиенғали ахунның Іліміне ел тан қалған... [8, 7 б.]. «Дәуқара», «Шымбай», «Көкөзек», «Қара бұға», «Нұрым түбек» елдеріне белгілі болған Омар шайырдың бұл өлеңінен де Жиенғали ахунның елге қаншалықты қадірменді, беделді ұстаз болғанын тағы бір мәрте тануға болады. Жиенғали ахунның өсіп жетілген ортасы - дін исламды насихаттаған ағартушы-мүдарристер арасы болды. Жасынан бастап исламиятты таратуды басты борышым деп түсінген ахун алғашында «Көрсайдағы» мешітте оқиды, кейін «Тасқабақтағы» мешітте арапша, парсыша, түркіше тіпті орысша да сауаттанған Жиенғали ахун Жаманқала (қазіргі Орск), Қарақамыс (Темір ауданы), Орынбордан бастап Ресей қалаларының біразын аралаған. Петерборда (Петербург) оқып, сол қаладағы татар-қазақ зиялыларымен танысып, достасқан

Сондай-ақ Батыс Қазақстан өңірінде «Дәден ата» деген атпен әйгілі Жұмағазы хазірет Тәңкеұлы XIX ғасырда өмір сүрген дін ғұламасында ерекше атауға болады. Жұмағазы хазірет Түркістан шаһарында білім алып, Қожа Ахмет Яссауи дүрбесінде имамдық қызмет атқарған. Содан кейін туған жеріне оралып, мешіт - медресе ашып, елге рухани білім таратқан. Деректерде Жұмағазы хазірет Батыс Қазақстан облысы, Казталовка ауданына қарасты Жалпақтал ауылы маңы, шыққан тегі Тама руы екендігі белгілі. Жергілікті шежіреші Ким Ахметов «Жетіру шежіресі» (тама, табын және кердері рулары») атты кітабында, Төлектен Мәтен, Мәтеннен Тантем, Тантемнен Тәуке, Тәукеден Жұмағазы хазірет деп, оның шежіредегі орнын осылай көрсетіп қойған еді. Ел аузында Жұмағазы хазірет туралы көптеген аңыз-әфсана тараған. [9]. Бүгінде «Дәдем ата» жеке қоры ресми тіркеліп, зиярат орнында мешіт, қонақ үй салынған. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып қалып отырған, бұл мәдени мұра - Самара-Шымкент күре жолының бойында, Орал қаласынан Жымпитыға қарай 80 шақырымдай шыққандай жерде [10, 5-6 б.]. Көрнекті діни тұлғалардың бірі - Жұмағұл хазірет Байшуақұлы. Ол 1858 жылы Тамды болысына қарасты №3 ауылда, Қызылшаң мекенінде дүниеге келген. Бұхарада діни білім алған, парсы тілінен бастап бірнеше шығыс тілдерінде еркін сөйлеген. 1906 жылы Ресейдің I Думасына депутаттар

сайлауына дауыс беруге әрбір қазақ болыстығынан екі адамнан жіберуге шешім қабылданады. Қобда болыстығынан бұл мәртебеге Жұмағұл хазірет ие болады. Жұмағұл хазірет Тамды болысы, Қызылшаң елді мекеніне қарайтын өз ауылында мешіт салдыртып, сол маңдағы елдің балаларын оқытқан. Қобда өңірінде Жұмағұл хазірет ұстаған мешіттің қабырғасы ғана сақталған. Жұмағұл хазірет заманында белгілі дін қайраткері ретінде танылған. Ахун діни жоғары оқуларын тәмамдап, діни білім мен тәжірибесі жоғары бағаланып, оған ахун атағы берілген. Бисен хазірет Абдоллаұлы 1878 жылы Қобда ауданы, Жарық елді мекеніне жақын Жаманкөл жайлауында дүниеге келген. Оның әкесі Абдолла қажылық сапарға екі рет барған. Сол кездегі дәстүр боынша Өзбекстан жерінде діни білім алған әрі сонда үстаздық еткен Абдолла қажы баласы Бисенді 15 жасында Бұхараға жібереді. Бисен Бұхара медресесінде үш жыл оқып, одан әрі білім алуды Ыстамбұл қаласында жалғастырады. Өзі дүниеге келген Жаманкөл жайлауында белгілі ұста Бірман Көшімқұлұлына мешіт салдырған. Мешіттің биіктігі 3 метр шамасында болады. Бисен хазірет осы мешітте он алты жыл бойы елді имандылыққа үндеп, сондай ақ араб тілі, дін сабақтарынан дәріс берген. Кеңес өкіметі тұсында мешіт ұстаған діндар ретінде Бисен қуғынға ұшырайды. «Руханият» мұражайында Бисен хазіреттің төлқұжаты және күнделігі сақтаулы [11, 5-6].

Ұлттық қайраткерлер ислам құндылықтарын насихаттап, елде тынымсыз рухани қызметтерін жоғары дәрежеде атқарған. Қазақ зиялылары халық арасында қарапайым түсінікті тілмен ислами ақиқатты көшпенді адамның күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі өзіндік құндылықтарымен астасқан дәстүрлі формасында қоғамдық санаға сіңіріп үлкен идеологиялық қызмет атқарған.

Қазақ жеріндегі ағартушылықтың дамуы – қазақ қоғамының тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, ағартушылық идеялары қазақ жерінде кеңінен тарала бастады. Бұл кезеңде қазақтың көрнекті ойшылдары мен ағартушылары өздерінің еңбектері арқылы білім мен ғылымның, мәдениет пен әдебиеттің дамуына зор үлес қосты. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы сынды тұлғалар қазақ халқының сауатын ашу, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жолында ауқымды жұмыстар атқарды. Олардың еңбектері қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени өміріне елеулі өзгерістер әкелді.

Ағартушылық қозғалысы тек білім беру жүйесін жетілдіріп қана қоймай, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына, халықтың өз мәдениеті мен тілін сақтау мен дамытуға деген құштарлығын арттыруға бағытталды. Сонымен қатар, ағартушылық қазақ халқының заманауи өркениетке қадам басуы үшін қажетті негіздерді қаласты. Бұл процесс халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ұлттық тәуелсіздікке жету жолындағы маңызды қадам болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ибадуллаева З. Ишандар // Егемен Қазақстан. - 2010. - 12 наурыз. - №90-93.

2. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. - Алматы: Атамұра, 2008. - 488 б.

3. Жандарбек З.З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы.— Алматы: Дайк-Пресс, 2002. —168 б.

4. Дербісәлі Ә. Даланың дана перзенттері (Отырар, Женд, Исфиджап Сайрам, Тараз, Баласағұн ғұламалары жайлы жаңа деректер) // Казахская цивилизация. №1. - 2005. - Б. 4-40.

5. Ұлттық энциклопедия. Том 1. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

6. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна» ЖШС 2010.-592 б.

7. Бейсенов Б.Қ. Қазақ ойшылдары туралы: оқу құралы. - Алматы, 2012. -192 б.

8. Аралбай Қ.Қ., Қуғынбай М.Ә. Асылдың сынығы: Әдеби-ғылыми ғұмырнамалық зерттеу. - Нөкіс: ҚР «Рухани мәдениет және ағарту» қоғамдық орталығы, 1998. -4 8 б.

9. Сайынов Д.А. Қазақ даласындағы діни қызмет (XVIII-XIXғғ) мақаласы, «Досжан ишан және Батыс Қазақстандағы діни қайраткерлер мен діни нысандар» республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы, -Ақтөбе, 2016. -226 б.

10. Қазыбек Құттымұратұлы. Ақ Жайықта Жұмағазы хазірет //Үш қиян. - 2010. -№23.

11.П.Исламғали Құбайдоллаұлы. Қобдадан шыққан хазіреттер // Ақтөбе облысының қоғамдық -саяси газеті. - 2017.-11 мамыр

ӘОЖ: 930 (574)

ОРАЛДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Шаманаева Арай Қанатқызы
«Бәйтерек колледжі» МҚКК тарих және құқық пәндерінің мұғалімі
Орал қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Орал қаласында орналасқан 1916 жылы құрылған Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжінің тарихы туралы зерттеу нәтижелері берілген. Зерттеу нәтижелері бойынша XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы, оның ішінде Батыс өңірдегі денсаулық сақтау ісінің қалыптасуы, медициналық көмекке зәрулік, түрлі жұқпалы аурулардың таралуы және жергілікті халықты сақтап қалудың жолдары және басқа да денсаулық сақтауға қатысты мәселелері туралы баяндалған.

Кілт сөздер. Медицина, колледж, емдеу, дәрігерлер, медициналық блім беру, фельдшерлік мектеп, Орал губерниясы, түлектер.

Қазақстандағы медициналық білім берудің алғышарттарының бірі болған, қазіргі кезде құрылғанына 100 жыл толған Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжінің тарихы, даму кезеңдері, жеткен жетістіктері жаңаша көзқарастағы тарихи тұрғыда әліде толық зерттелмеген тақырыптардың бірі. Бұл оқу орны қаһарынан қан тамған патша заманынан бастау алады. Мұрағат мәліметтеріне сүйенсек, Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжінің тарихы 1916 жылдан басталады [1, 1 б].

ЛИСТОКЪ УРАЛЬСКІЙ

Годъ изданія II й №209

Вторникъ 11 го октября 1916 г.

Земская фельдшерско-акушерская школа

ОТКРЫВАЕТСЯ ВЪ ГОР. УРАЛЬСКѢ СЪ 1 НОЯБРЯ 1916 г. КУРСЪ УЧЕНІЯ ДЛЯ ФЕЛЬДШЕРОВЪ 3 ГОДА, ДЛЯ ФЕЛЬДШЕРИЦЪ АКУШЕРОКЪ 1 ГОДА. ПРИНИМАЮТСЯ ЛИЦА ОБОЕГО ПОЛА НЕ МОЛОЖЕ 14 ЛѢТЪ, ОКОНЧИВШІЯ 4 КЛАССА ЖЕНСКОЙ ГИМНАЗІИ, ИНСТИТУТА И ЕПАРХІАЛЬНАГО УЧИЛИЩА, 3 КЛАССА МУЖСКОЙ ГИМНАЗІИ, РЕАЛЬНАГО И КОММЕРЧЕСКАГО УЧИЛИЩА, ОКОНЧИВШІЕ ПОЛНЫЙ КУРСЪ ДУХОВНЫХЪ УЧИЛИЩЪ, РЕМЕСЛЕННОЙ И СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ШКОЛЫ И ВЫСШИХЪ НАЧАЛЬНЫХЪ УЧИЛИЩЪ И ИМѢЮЩІЕ СВИДѢТЕЛЬСТВА НА ЗНАНІЕ УЧИТЕЛЕЙ И УЧИТЕЛЬНИЦЪ.

ПРОШЕНІЯ ПОДАЮТСЯ ВО ВРАЧЕБНОЕ ОТДѢЛЕНІЕ. ДЛЯ ЛУЧШИХЪ УЧЕНИКОВЪ ВЫДАЮТСЯ СТИПЕНДІИ 250 РУБ. ВЪ ГОДЪ.

Сурет-1. БҚО жоғары медициналық колледжінің құрылуы туралы газет бетіндегі ақпарат, «Уральский листок» газеті, №209, 1916 жыл. (колледждің ресми сайтынан алынған)

XX ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік жағдайлар себебінен ең зардапты ауыз кезеңдер болып табылады. Айталық, 1914-1917 жылдарда I дүниежүзілік соғыс саяси және экономикалық ауырпалығын салумен қатар, әлеуметтік күйзеліске ұшыратып, тұтас бір халықтардың қырылып жойылып кетуіне қауіп төндірді [1, 3 б]. Ресеймен шекаралас Астархань, Орал, Орынбор губернияларында 1914 жылдардан бастап оба, сүзек аурулары өршіп, халықтың жаппай қырылуына алып келді. Аталмыш мәселеге алаңдаушылық өлкеге дәрігерлердің жіберілуімен ерекшеленді. Халықты емдеуге келген дәрігерлер мамандардың жетіспеушілігінің алдын-алу мақсатында өңірде оқу орнының ашылуына ықпал етті [2, 58-59 бб]. 1916 жылы Земствалық ауруxана жанынан фельдшерлер мен акушерлер дайындайтын мектеп осылайша ашылды. Бірнеше медициналық мамандардың даярланып, еліміздің, КСРО көлемінде еңбек етуіне себепкер болған колледж денсаулық сақтау саласының дамуына өзіндік үлес қосты. Бүгінде Жоғары медицинальық колледж деңгейіне көтерілген колледждің қалыптасып даму тарихы еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие болып отырғандығы тақырыптың тарихи маңыздылығын онан әрі аша түсуіміз өзекті екендігін аңғартады.

Биыл Қазақстандағы медициналық білім беру жүйесіне 100 жыл толады. Сонау 1916 жылдың қараша айында Орал қаласында алғаш рет қазақ даласында медициналық қызметкерлерді даярлау басталды. БҚМК еліміздегі ең алғашқы медициналық оқу орны болып табылады,ол құрылғаннан кейін 12-15 жылдан соң ғана басқа медициналық оқу орындары ашыла бастады. Қазақстанның өзінің медициналық кадрларын даярлай бастаудың қажеттілігі асқынған эпидемиялық жағдайдың және аймақта медициналық қызметкерлердің мүлдем жетіспеуі салдарынан туындады.

XX ғасырдың басындағы алма кезек сипатта өрбіген соғыстың алғашқы кезеңінде бірде-бір жауласушы жақ айтарлықтай басымдылыққа қол жеткізе алмады.... Кескілескен ұрыстарда орасан зор адам шығындарына ұшырады. Бас әскери-санитарлық инспектордың мәлімдеуінше, бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Ресей империясының қарулы күштері медикалық-санитарлық құралдармен небәрі төрт-ақ айға қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, әрқайсысы 50 мыңнан тұратын 74 әскери корпустарға 122 лазареттерге, 850 далалы және 79 бекініс госпитальдарына, 74 әскери-санитарлық көліктерге, 100 әскери-санитарлық поездерге және бекіністер үшін 76 020 жатып емделетін орындарға арналған медициналық мүліктің төрт айлық қоры қоймаларда сақталынды [3, 85 б].

XX ғасыр басының өзінде осы жерде Орта Поволжье облыстарына дейін тараған оба мен тырысқақ ауруларының бірнеше ірі індеттері болды. Бұл індетпен күрес жүргізу, эпидемияны зерттеу және оның себептерін бағалау бойынша жұмыстар жүргізу үшін өлкемізге дәрігерлер мен фельдшерлердің үнемі келулерінің де себебі болды. Дәрігерлер өздеріне көмекшілер – орта буын медициналық қызметкерлерді дайындай бастады. Оларды Қазан, Воронеж қалаларына оқуға жіберді [4, 12 б].

Орал губерниясында медициналық мектеп ашудың бастаушысы 1912 жылдан еңбек еткен, саратовтық дәрігер-эпидемиолог, ғалым Григорий Иванович Кольцов еді. Ол қолда бар медициналық кадрлармен оба мен тырысқақ ауруларының індетін алдын-алу жұмыстарын жүргізіп, және оның тамырын түпкілікті жою мүмкін еместігін түсінді.

Сондықтан мақұлдау мен қолдау ала отырып, ол земство басқармасына өзінің фельдшерлік мектебін ашу қажеттілігі туралы хат жолдайды. Сөйтіп, казіргі Қазақстан аумағында алғаш рет Орал қаласында Зем ауруханасы жанында 4 жылдық фельдшерлік-акушерлік мектеп ашылған болатын. Бұл жөнінде сол кезде басылып тұрған «Уральскиий листок» газетінің 1916 жылғы 1 қарашадағы санында мектепке қабылдаудың басталғандығы жөнінде жазылған. Бұл газеттің көшірмесі бүгінгі таңда колледждің мұражайынан орын тепкен.

Мектеп директоры ретінде Г.Кольцов тағайындалып, Земство және әскери ауруханалардың терапевтері И.Селезнев, И.Ползик және хирург П.Иванов сол

мектептің оқытушылары болған. Кейінірек олардың қатарын лектор ретінде Саратов университеті проректорының көмекшісі А.Генке және хирург Острецов толықтырған [5, 13-14 б].

Мектепке алғашқы 20 оқушы іріктеліліп алынды. Осы өңірде шешек ауруының тарауына байланысты үшінші курс оқушылары ауруға қарсы егу жұмыстарын бастап кетті. Сөйтіп,алғашқы түлектер 1919 жылы мерзімінен бұрын оқу орнын тәмамдаған болатын. Мұрағаттық құжаттарда 1919 жылы сабақты тек екінші және тағы қабылданған бірінші курс бастағаны куәландырыпты. Оның себебі фельдшерлік-акушерлік мектептің үшінші курс оқушыларының барлығы шешек ауруына қарсы егу жұмыстарын жүргізу үшін Орал, Калмыково, Ілбішін уездеріне, ал бірнеше адам емшінің көмекшілері ретінде Чапаев дивизиясына және Бірінші Қазақ кавалериялық бригадасына жіберілген.

Ал 1919 жылдың желтоқсан айында ерекше соғыс жағдайына байланысты әскери уақыттағы медбикелерді дайындайтын екі, төрт, тоғыз айлық қысқа мерзімді даярлық курстар ұйымдастырылып, даярланған мамандар майданға аттандырылып отырған.

Десе де, 1923 жылы КСРҚА Наркомздрав алдында жергілікті халықтың тілін, тұрмысын, өмірін білетін республиканың өзіндік медициналық кадрларын даярлау туралы мәселе тұрды. Бұл идея Орынбор қаласында өткен Бүкіл қырғыздық денсаулық сақтау бөлімдері меңгерушілерінің III съезінде толық қолдауын тапты. Сондай-ақ 1923 жылы БООАК жарлығымен Орал қаласындағы фельдшерлік мектепті жауып, Қаз КСР астанасы – Орынбор қаласына көшіру және «Қазақ өлкелік медициналық техникумі» атауына өзгерту және барлық оқу және көрнекі құралдарымен бірге Кирнаркомздрав қарауына беру туралы шешім қабылданады [5, 15 б].

«Қазақ өлкелік медициналық техникумі туралы» Ережеге сәйкес оқу орны барлық Далалық өлке халқына медициналық қызмет көрсететін медициналық қызметкерлерді даярлау керек деп танылды. Оқу мерзімі – 4 жыл болатын. Техникум жанынан жалпы саны 150 адам және толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етілген жергілікті қазақ халқының балаларын оқытатын бөлім өз жұмысын бастады.

1929 жылы тамыз айында республика астанасын Қызыл Орда қаласына ауыстырғаннан кейін техникум Орал қаласына қайта көшірілді және Орал медициналық техникумі атауына ауыстырылды. Сондай-ақ бұл жерде бұрын болған стоматологиялық, лабораториялық және мейірбикелік бөлімдер ашылды. Мұрағат құжаттарының мәліметтері бойынша, 1929 жылдан бастап республиканың барлық облыстарына бөлінетін фельдшерлер мен акушерлер даярланған. Бітірушілер тек батыс аймағына емес, сонымен қатар павлодар, Қостанай, Ақмола, Қызылорда, Шымкент, Семей, Алматы, Орынбор қалаларына еңбек етуге жіберілген. Алматы медициналық институтының алғашқы студенттерінің көпшілігі техникум тәмамдаған мамандар болатын. Бұл дерек өз кезегінде Орал медициналық техникумының маман даярлауда сол кездері республиканың денсаулық сақтау саласы үшін маңызды рөл атқарғандығын дәлелдейді.

Техникум медициналық кадрларды дайындай отырып, өзі де дамыды, басқа оқу орындарының құрылуына жәрдемдесті, оқытудың жаңа әдістері енгізілді, орта медициналық қызметкерлерді даярлау бойынша жаңа бағдарламалар дайындады, дәстүрлі дәріс әдісімен бірге семинарлық, зерттеу, лабораториялық сабақтар, стационарлық және дала жағдайларындағы практика қолданылды [6, 3-4 бб].

Сол кездегі техникум қызметінің ерекшелігі мен өзгешілігі – медициналық қызметкерлерді дәрігерлердің жетекшілігімен жұмыс жасауға емес (РКФСР-дың басқа техникумдары сияқты), өз беттерімен жұмыс жасайтын дәрігерлердің көмекшілерін дайындады. Оқу мерзімінің үш жылдық емес, төрт жылдық болуының түпкі негізі осы бағдарламаға сай болғандықтан еді. Және оқыту бағдарламасы басқа оқу орындардағы бғдарламалардан өзгеше болды. Бұл келтірілген дерекке 1930-31 жылдарғы Қазақстанда дәрігерлік кадрларды дайындау туралы мәселе қозғалған республикалық

мәжіліс материалдары дәлел бола алады. Осы құжаттарда Орал медициналық техникумы тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ РКФСР-дағы оқу орындары арасында ерекше орын алатыны айтылғандығы белгілі болып отыр. Орал медициналық техникумы автономды жұмыс үшін мамандар дайындайды және оның бағдарламалары медициналық институт бағдарламаларынан өзгешілігі көп болмаған. Техникумның тағы бір айтарлық маңызды ерекшеліктерінің бірі сол, перифирияда екі жыл жұмыс жасағаннан кейін техникум түлектері институттың үшінші курсына түсіп, оқуларын жалғастыра алатын болды.

1935 жылы медициналық техникум медициналық білім беру реформасы кезінде фельдшерлік-акушерлік мектеп атауына қайта өзгертіледі. 1954 жылы фельдшерлік-акушерлік мектептің атауы қайтадан медициналық училищеге өзгертілді.

1960 жылы дипломы бар фармацевттерге аса қажеттілікті ескере отырып, училищеде фармация бөлімі ашылды, ал 1975 жылы алғаш рет санитарлық-фельдшерлік бөлімге оқушылар қабылданды. 1989 жылдан бастап орта медициналық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру бойынша бөлім қызмет ете бастады. 1996 жылы оқу орны «Батыс Қазақстан медициналық колледжі» атауына өзгертілді.

Бастауын сұрапыл соғыс кезінен алып, уақыт бедерінде өзінің өміршеңдігін айқындаған батыстық медицина маманын даярлау үрдісі талай тарихи сәттерді басынан өткеріп, еліміздің және Кеңес елінің медицинасына қосар өзіндік үлесі ғана емес, айтулы жаңалығы бар тұлғалардың қалыптасуына негіз бола білді. Күллі Кеңес жұртына танымал болған техникум түлектері – атақты дәрігер тұлғалар тамырын тереңге жіберген оқу орнының өзіндік беделі мен бейнесін аша түсті.

Танымал болған түлектер арасында соғысқа дейінгі кезеңде денсаулық сақтау наркомы және соғыстан кейінгі кезеңде республиканың денсаулық сақтау министрі болған, белгілі Кеңес эпидемиологы, КСРО және ҚазКСР академиясы медициналық ғылымдарының корреспондент мүшесі болған Ишанбай Қарақұлов, медицина ғылымдарының докторы, профессор, бала психиатры мамандығы бойынша профессор атағын алған алғашқы қазақ әйелі Розалия Илешова, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, КСРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор, ҚазКСР еңбек сіңірген қайраткері, ҚазКСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хамза Жұматов, Мәскеу қаласында Патрис Лумумба атындағы Халықтар достастығы университетінде емдеу факультетінің алғашқы деканы Николай Тюрин, КСРО медицина ғылым академиясының академигі, көп жылдар бойы Ленинград дәрігерлер біліктілігін жетілдіру институтын басқарған Семен Симбирцев [7, 5-6 бб].

Қазіргі таңда колледж еліміздің жетекші медициналық колледждерінің бірі, алты мамандық және сегіз біліктілік бойынша медициналық қызметкерлердің жоғары білікті және құзыретті кадрларын дайындайтын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің базалық оқу орны болып табылады. Бүгінгі таңда елімізге танымал білім ордасында 1050 студент білім алуда. Колледж бітірушілері еліміздің барлық аймақтарында және одан тыс жерлерде де сұранысқа ие. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары, жоғарғы оқу орнына түсетін түлектер де, шет елдерде еңбек ететін түлектер де кездеседі.

2014 жылы Батыс Қазақстан медициналық колледжі Қазақстан Республикасының үздік алты медициналық колледжі қатарында «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша Қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасын енгізудің ДСМ сынамалы жобасын іске асыруға қосылды. Бұл жоба «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласы секторындағы технологияларды беру және институционалдық реформа жүргізу» Дүниежүзілік банк жобасына аясында дайындалып, енгізіліп жатыр.

Колледжде оқытуды жоғары білікті педагогикалық ұжым жүзеге асырып келеді, оның көбі жоғары және бірінші санатқа ие, Алматы, Астана, Түркістан, Ресей, Финляндия, Испания, АҚШ, Германияда оқудан және тәжірибеден өткен

білімді,білікті,тәжірибелі мамандар. Жыл сайын оқытушылардың 96%-на жуығы өз біліктіліктерін арттырып отырады.

Колледжде білім беру үрдісіне ең заманауи инновациялық технологиялар (дуалдық оқыту және кредиттік технология, симуляциялық оқыту, білімді балл-рейтингтік бағалау, тестілеу әдісімен студенттердің білімінің өміршеңдігін ретроспективті бағалау, қашықтан оқыту элементтерін пайдалану және т.б.) енгізілуде. Оқу үрдісінде компьютерлік және симуляциялық техникалар, робот-симуляторлар, оқу тренажерлері, электрондық оқулықтар және т.б. кеңінен қолданылады [8, 4 б].

БҚМК студенттерінің практикалық дайындығы облыстағы үздік орта медициналық қызметкерлер қатарындағы жетекші-тәлімгерлердің қатысуымен Орал қаласының ірі емханаларының базаларында жүзеге асырылады. Сапалы оқу үрдісі үшін оқу базаларында барлық қажет заттар – сабаққа арналған оқу бөлмелері, ЕПҰ тренингтік орталықтары, емдеу-диагностикалық бөлімдер мен кабинеттер, медициналық жабдықтар мен лабораториялар берілген. Облыстың 26 медициналық ұйымдарымен әлеуметтік әріптестік туралы шарт жасалды, онда колледж бен денсаулық сақтау мекемелері арасындағы өзара мүдделікке және соңғы нәтижеге негізделген қарым-қатынастар айқындалған. Бұл ретте,әлеуметтік әріптестік денсаулық сақтау мекемелеріне киелі білім беруге – оның мазмұнына ықпал ете отырып, оқу үрдісінің белсенді және толық құқықты қатысушы болуға, ал білім беру ұйымдарына халыққа медициналық көмек көрсету сапасына әсер етуге мүмкіндік береді [8, 4 б].

Екі жылдан бері колледж базасында Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлердің білімін және практикалық дағдыларын тәуелсіз бағалау орталығы қызмет етеді.

Ақжайық өңірінің колледжі өзінің ғасырлық мерейтойы қарсаңында тәуелсіз институционалдық және мамандықтар бойынша аттестаттаудан, сондай-ақ еуропалық стандарттарға сәйкес келу бойынша халықаралық аттестаттаудан табысты өте отырып, республикада алғашқылардың бірі болып Жоғары медициналық колледжі мәртебесін алды [9, 30-32 б], [10, 14 б].

Мейіржандар ұстаханасы тарихтың бір ғасырын жүріп өтті. Осынау кезеңде еліміздің тарихында орын алған өзгерістер мен тарихи кезеңдердің бәрінде маман даярлау ұстанымымен халық денсаулығын қорғау қызметінде жоғарыдан көріне білді [11, 20-25 бб].

Қазақстандағы медициналық білімнің бастауы болған оқу орнының 100 жылдық тарихы, қаһарынан қан тамған патша заманынан бастау алып, Кеңес үкіметімен қатарласа қалыптасқан ғасырлық даму кезеңдері, Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері мен қиындықтары тарихымызды толықтырар құнды деректерге толы. Зертеу нысанынан кенжелеп қалған медициналық білім тарихының Батыс өңірінен тамыр алғанын дәлелдеу, колледждің тарихын ғылыми тұрғыда насихаттау үлкен маңызға ие боларлық жұмыс.

Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжінің сапа саласындағы
САЯСАТЫ

Сурет-2. БҚО жоғары медициналық колледжінің сапа саясаты, 1 қараша, 2023 ж.(колледждің ресми сайтынан алынған)

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. БҚО жоғары медициналық колледжінің ресми сайты: zko-medcollege.edu.kz.
2. Душманов С.Х., Душманова М.С. Развитие медицины и здравохранения на территории Букеевской орды и некоторых регионов Западного Казахстана (1801-2001 гг.). – Актобе, 2001. -212 с.
3. Жүнісбаев А. Санжар Асфендияров: өмірі мен қызметі (1889-1938 жж). Т-1. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. -256 б.
4. Душманов С.Х., Душманова М.С. Развитие медицины и здравоохранения на территории Букеевской орды и некоторых регионов Западного Казахстана (1801-2001 гг.). – Актобе, 2001. -121.
5. Шумбалов Н.М. История становления Западно-Казахстанского медицинского колледжа. // Ақжайық өңірі медициналық журналы, №1,(13),2016 жыл, 12-15 бб.
6. Шумбалов Н.М. Халықтың денсаулығын қорғау қызметінде 100 жыл. // Ақжайық өңірі медициналық журналы, №3,(15),2016 жыл, 3-4 бб.
7. Батыс Қазақстан медициналық колледжінің директорлары. // Ақжайық өңірі медициналық журналы, №3,(15),2016 жыл, 5-6 бб.
8. Шомбалов Н.М. Мейіржандар ұстаханасына – 100 жыл! // Орал өңірі, 11 маусым, 2016 жыл, 4 б.
9. Тасқалиева Р. 100 жылдық тарихы бар оқу орны // Дана каз журналы, №6 (29), 2016 жыл, 30-32 бб.
10. Шумбалов Н. Славный путь медицинского колледжа. // Приуралье, №116, 22 қыркүйек, 2016 жыл, 14 б.
11. Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтауының даму кезеңдері. // Орал, 2011 жыл, 20-25 бб.

ҒТАХР:03.20.00
ӘОЖ 82(574)

МӘЖИТТІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ЕРЛІКТЕРІ

Күзембаев Мәдениет Қанағатұлы
М.Бегалиева атындағы ЖОББМ тарих пәні мұғалімі
БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Бөрлі ауылы
madenietkuzembay@gmail.com

Мәжит малшы шаңырағында өмірге келген, соғысқа дейінгі ғұмыры мал соңында өткен қарапайым жандардың бірі еді. Көзін малмен ашқан ауыл баласы бейнетке көнбіс, еңбекқор болатын. Қаршадайынан малсақ, әкеге еріп колхоз қойын бақты. Есейе келе әке кәсібіне иелік етіп, шопан таяғын қолына алды. Шаруақор жігіт аудандағы алдыңғы қатарлы шопандардың біріне айналды. Кім біледі, соғыс болмаса, атқарған ісінің оңтайын білетін жігіт елдегі Еңбек Ерлерінің бірі болар ма еді...

22 маусымда 1941 жылы Гитлер бастаған Нацистік Германия Кеңес Одағына басып кіргені тарихтан белгілі. Құпия келісімге сеніп, қапы қалған Сталин санын бір-ақ соғып дереу хабар-қарау таратып, бұл соғысты Ұлы Отан соғысы деп жариялайды. Шұғыл түрде мобилизация жариялап, Қызыл Әскер қатарына әртүрлі ұлтпен ұлыстан 2 миллионнан астам сарбаздар шақыртылды. Қазақстан Кеңес Социалистік Республикасында соғыс жылдарында басқа одақтас республикалармен салыстырғанда ең жоғары мобилизацияланғандар саны тіркелді. Республиканың барлық тұрғындарының 20%-ы ажал аузына отан қорғауға аттанды. Соның ішінде отандасымыз, жерлесіміз Мәжит Жүнісовте бар еді. [1]

Ия, Мәжит те туған жерінің төсінде өзі еншілеген шопан таяғын кейінгілерге аманат етіп, 1938 жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала РВК-сынан Қызыл Армия қатарына шақырылды.1941 жылдың маусымынан Ұлы Отан соғысына араласты. Батыс (06.1941-06.1942), Воронеж (07.1942-03.1943), Оңтүстік-Батыс (03.1943-08.1943), Дала (08.1943-10.1943), 2-ші Украина (10.1943 бастап) майдандарында шайқасты. 1943 жылдың қыркүйегінен бастап Дала майданының 57-армиясына қарасты 303-атқыштар дивизиясының 845-атқыштар полкінің автоматшылар ротасының старшинасы болып тағайындалды [2].

Батырлық айқаста танылар демекші, старшина болып көшбасшылығымен, көзсіз батырлығымен көзге түсіп, жауынгерлік шеберлігі шыңдала түседі. 22 шы қыркүйек күні Днепрпетровск облысы Магдалиновск ауданындағы Топчино ауылындағы жау тылына өзінің автоматшылар ротасымен тұтқиылдан тап береді. Бұл шайқаста автоматшылар 25 фашист солдатын жойып,7 тұтқынды, жүк арбалар мен 12 атты алып келеді. Старшина Мәжиттің өзі жеке 5 фашисттың көзін жояды. 2 күн өткен соң сол облыстағы Прядовка ауылы үшін болған шайқаста Мәжит бастаған 9 автоматшы бірінші болып ауылға басып кіріп, сол ауылда орналасқан жау пулемет экипажын толықтай жояды. Және де жаудың 30 сарбазын тұтқынға алып, әскери жүктері бар 15 арба мен 1 радиостанцияны қолға түсіреді. Бұл шайқастада ол өзінің алғырлығымен, қысылтаяң сәттерде дұрыс шешім қабылдау білуімен көзге түседі [3].

1943 жылдың 26 қыркүйегінен 27 қыркүйегіне қараған түні 845-атқыштар полкі (303-атқыштар дивизиясы, 57-армия, Далалық майдан) автоматшылар ротасының старшинасы Мәжит Жүнісов бастаған топ Червонное селосының маңында (Днепропетровск облысы) Днепрден сал арқылы түн жамылып, арғы бетке өтті. [4] Жау тылына жасырын еніп, тұтқиылдан тиіскен топ екі тәулік бойы күш жағынан басым жаумен ұрыс жүргізді. Шабуылдан шабуылға шықты. Олардың окоптарының алдында 60-тан астам жаудың өлігі жатты. Ақыры жаудың екі взводының көзін құртып, ротаның арғы бетке аман-есен өтуіне жол ашты. Днепрдің арнасы кең суының бетінде

понтондар, баржалар, қайықтар қаптап кеткен кезде олардың оқ-дәрісі де бітуге таянған еді... [5]

Днепрдің оң жағалауындағы плацдармды кеңейту үшін болған ұрыстарда старшина М.Жүнісов жаудың штабына шабуыл жасап, 1 офицерін жойып, 2 телефон, 4 радиостанцияны басып алады [6]. 1943 жылы 2 қазанда өз отрядымен жаудың қарсы шабуылын тойтарып, 20 дан астам фашистердің көзін құртып, қалған фашисттерді қуғынға ұшыратады. Мәжиттің бұл адам айтса нанғысыз, жанқияр ерліктері сарбаздар арасына, Украин даласына кеу-кеулеп тарап кетеді. Мәжит сарбаздар арасында нағыз қаһарманға, көшбасшыға айналады. [7]

Жерлесіміздің Днепр жеріндегі осы жанқиярлық ерліктері елеусіз қалған жоқ. 303-ші атқыштар дивизиясы командирінің 1943 жылы 18 қазандағы бұйрығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Арада 2 күн өткен соң, сол ұрыстарда дивизия командирі сержант Жүнісовті Кеңес Одағының Батыры атағына жеке өзі ұсынды. Осылайша КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 20 желтоқсандағы жарлығымен Мәжит Жүнісовке Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Оның өңіріне батырлық белгіні даңқты қолбасшылардың бірі, генерал-лейтенант П.И.Батов өз қолымен қадап, қазақтың қайсар ұлына қошемет көрсеткен болатын. [8]



1-сурет. «Ерлігі үшін» медалі үшін берілген бұйрық

НАГРАДНОЙ ЛИСТ 257

2-сурет. «Кеңес одағы батыры» марапат қағазы

Кейіннен Мәжит 1944 жылдың қазан айынан бастап Будапешт стратегиялық шабуыл операциясына қатысты. 1944 жылы желтоқсан айының басында Будапештің солтүстік-шығысында жау қорғанысын бұзып өту кезінде 845-ші атқыштар полкының комендантттық взводының командирі сержант М.Жүнісов жауынгерлер мен командирлерді ыстық әрі дәмді аспен қамтамасыз етіп, оны тікелей ұрыс құрамаларына уақытылы жеткізіп отырды. Әсіре Мәжиттің Будапешт шайқастарындағы мына ерлігі кинонын дайын эпизоды деп айтсақ, асыра айтқанымыз болмас:

Алғашқы әсер алдамшы болуы мүмкін. Әсіресе соғыста. 1944 жылы желтоқсанда Венгрия үшін болған шайқастарда фашистік барлаушылардың отряды майдан шебіне ыстық тамақ тасып бара жатқан жалғыз қазаққа кездейсоқ тап болады. Мұндай шайқастың нәтижесін болжау оңай, солай емес пе? Тәжірибелі неміс сарбаздарына қарсы жалғыз сарбаз не істей алады? Фашистер де солай ойлады. Бірақ Мәжит еш саспастан, тез арада қорғаныс тасасын тауып, жеті фашистті өзінің автоматымен көзін жояды.Неміс барлаушылары материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшесінің жауынгерінен мұндай ептілікті күтпегені анық. Оның жау шебінің артына бір емес, бірнеше рет аттанған ұшқыр автоматшымен шайқасқанын олар қайдан білсін? Қалған сасып қалған фашистер қаша жөнеледі. Осы шайқасы үшін старшина Жүнісов 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

Алам деп келген жауына күйрете соққы берген Кеңес Армиясы бір қаладан кейін бір қаланы азат етіп, батысқа қарай жылжып бара жатты. Фашисттік армияның өз ұясында талқандалар күні де таяу қалған. Мәжиттің дивизиясы да алға өршелене ұмтылды. Соғыс аяқталуға бір айдан аз-ақ уақыт қалғанда, яғни 1945 жылдың 1-ші сәуір күні Кеңес Армиясы Чехословакия астанасы Прага қаласына келіп кірді. Бірнеше күнге созылған ауыр ұрыстардан соң немістер қаланы тастап шықты. Прага азат етілді. Осы ұрыста 420 Кеңес жауынгерлерімен мен офицерлері қаза болды. Оның бесеуі Кеңес Одағының батырлары еді. Соның бірі Қазақ елінің батыр перзенті Мәжит болатын...

Осылайша Жаңақалалық қарапайым шопан Мәжит Жүнісов Ұлы Отан соғысында қазақ халқының қанына сіңген батырлық пен батылдықтың үлгісін көрсетіп 28 жасында ерлікпен қаза тапты. Батырдың денесі Ольшанскідегі кеңес жауынгерлерінің

бауырластар бейітіне жерленді. Жаңақазанда туып, Прагада өмірден өткен батырдың есімі мәрмәр тасқа ойып жазылды. [9]

Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, жігерімен де үлес қосқан, қаһарман батырларымыздың бірі де, бірегейі – Мәжит Жүнісовтың ерлік рухы ұрпақтан ұрпаққа өнеге болып, аты мәңгілік өшпек емес.

3-сурет. Прагадағы Ольшан қорымындағы суреті

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жүнісов Мәжит: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия.-Алматы: Арыс, 2010.-293-294 б.
2. Жүнісов Мәжит: өмірдерек // Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары.-Алматы: Өнер, 2010.-92-93 б.
3. Мақанұлы Н: Жаңақалалық жаужүрек жауынгер// Жаңарған өңір., 2005.-9 мамыр.-2б
4. Жаңақала жерінен шыққан батырлар: [Айтқұлов Сәлім Нығметұлы, Жақсығұлов Садық Шакелұлы, Жүнісов Мәжит, Орақбаев Есен Шегірейұлы фотолары мен өмірбаяндары] // Жаңарған өңір.-2010.-9 мамыр.-1 б
5. Ақбасов Ө. Құмның қайсар қазағы // Жаңарған өңір.- 2010.-9 мамыр.-2 б.
6. Ақбасов Ө. Құмның қайсар қазағы: [Кеңес Одағының Батыры Мәжит Жүнісов] // Орал өңірі.-2010.-27 мамыр.-5 б.
7. Әміреев М. Бір ескерткіштің тарихы // Жаңарған өңір.-2010.-22 наурыз.-2 б.
8. Бейісбай С. Қазақ қазақты іздейді// Дала мен қала.-2005.-6 мамыр.
9. Қарабек Е., Жиенбай Ә. Прагадағы қазақ батырының зиратына 60 жылдан соң ат ізін салдық // Жас Алаш.-2005.-5 мамыр; Орал өңірі.-2005.-14 мамыр.

ҒТАХР:03.20.00

ЖӘНІБЕК АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТАРИХЫ (1922-1924 жж)

Ермуханова Гульфия
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» БББ 2- курс магистранты
Орал, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының XX ғасырдың бастапқы жылдарынан бастап қазіргі кезге дейінгі әлеуметтік – экономикалық даму тарихы зерттелді. Мақалада Жәнібек ауданының құрылу тарихы зерттеліп, ауданның «Жәнібек» деп аталу себептері сипатталған. Жәнібек ауданының әлеуметтік – экономикалық даму тарихы - архивтік құжаттарды, энциклопедияларды, аудан туралы анықтамаларды, газет-журналдарды пайдалана отырып, зерттелді.

Кілт сөздер. Жәнібек, аудан, Талов ауылы, темір жол, астық, театр, ауыл шаруашылығы, мектеп.

Қазақстанның батыс өңіріндегі әкімшілік-аумақтық бірліктердің қалыптасу тарихын зерделеу өңірлік дамудың ішкі заңдылықтарын, көші-қон және қоныстану үдерістерін, сондай-ақ инфрақұрылымдық жаңғырудың әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге ықпалын айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Жәнібек ауданының тарихы — XX ғасырдың басындағы теміржол құрылысы, кеңестік кезеңдегі әкімшілік реформалар және тәуелсіздік жылдарындағы инфрақұрылымдық жаңарту сияқты көпқырлы факторлардың тоғысында қалыптасқан өңірлік тәжірибенің айқын үлгісі.

Жәнібек ауданы 1922 жылы құрылғанымен, құрылу тарихы одан да тереңіректе жатыр. Ауданның негізі 1904 жылы Орал-Рязань теміржолының салынуына байланысты қалана бастаған. Бірте-бірте теміржол жанынан үйлер салынып, көшелер тұрғызыла бастады. Мысалы сол кезде пайда болған Киров, Московская көшелерінің атаулары күні кешеге дейін қолданысқа ие болып келді. Кейін Киров көшесінің атауы Ш.Мажитов көшесі, ал бұрынғы Московская Абай көшесі болып өзгертілді. Қазіргі таңда ауданға жол тартылып, толықтай қолданысқа берілді. Үйлер газ, сумен толықтай қамтылған. Ауданда сауда - саттық жақсы дамыған, Ресей Федерациясының Волгоград облысымен сауда-саттық байланыс жақсы орнатылған.

Жәнібек ауданы 1922 жылдың 31 мамырында құрылған (Қазақ АССР-і Орталық Атқару Комитеті 1922 ж. 31 –желтоқсанда бекіткен). 1925 жылдың 18 мамырындағы Қазақ ССР-і Орталық Атқару қаулысының негізінде Бөкей губерниясы таратылып, Орал губерниясы құрамында Бөкей уезі құрылады, оның құрамында орталығы Жәнібек қаласында Жәнібек болысы болады. 1928 жылдың 17 қаңтарында губерния тарап, Орал округі құрылып, оның құрамында 15 аудан болады [1, 2 б.]. Ол Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1928 ж. 3 қыркүйектегі шешімімен бекітілген [2, 2 б]. Соның бірі болып, орталығы Жәнібек қаласында Жәнібек ауданы құрылды. 1928 жылғы 19 наурызда Жәнібек қаласы селолық мекен болып өзгертіледі. 1932 жылы қаңтарда БКП(б) ОК Қазақстанда облыстар құру қажет деп тапты. Осы жылдың 20 ақпанында Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен құрамында 14 ауданы бар Батыс Қазақстан Облысы құрылады. Құрамындағы Жәнібек ауданының орталығы Жәнібек поселкесі болып бекітіледі. Аудан облыстың батыс бөлігінде орналасып, батысында Вологорад (бұрынғы Сталинград, Полласовка ауданы) және солтүстік-

батысында Саратов облысы (Новоузен ауданы), шығысында Қазталов ауданымен, оңтүстікте Бөкей Ордасы аудандарымен шектесіп жатыр [1, 2 б.].

Жәнібек ауданы 1922 жылы құрылғанымен іргесі 1904 жылы қалана бастаған. Жәнібек жері арқылы 1900 жылы Рязань-Орал теміржолы салына бастаған. Теміржолды Астрахань қаласына дейін тарту жұмыстары 4 жылға созылған [3, 12 б.]. Жәнібек ауданының территориясымен өтетін осы теміржолдың ұзындығы - 29 километр [4, 2 б.]. 1904 жылы пайдалануға берілген Орал-Рязань (қазіргі Приволжская) теміржолының салынуына байланысты теміржол бойында селоның алғашқы үйлері тұрғызыла бастаған. Мысалы вокзал көшесінде (қазіргі Х.Чурин атындағы) екі қатарлы ағаш үйді Вишневка көпесі Ф.А.Коробов 1904 жылы салдырған. Селодағы алғашқы үйлердің салынуы осы 1904 жылдан бастау алады. Сол жылдары жергілікті тұрғындарға теміржол бойынан басқа жерлерге үй салуға рұқсат етілмеген.

Соның нәтижесінде, біртіндеп теміржол бойындағы елді мекен кеңейіп, 1914 жылы халық саны 2 мыңға дейін жеткен. Біртіндеп селода май, нан зауыттары, қарағайдан қиып салынған төрт қабатты үйде бумен жұмыс істейтін диірмендер және 4-5 жел диірмені, ауылшаруашылық техника бірлестігі, тұрмыс қажетін өтеу комбинаты, құрылыс, көлік т.б. кәсіпорындары, 11 шаруа қожалығы мен серіктестер, өндірістік кооперативтер пайда болған. Әрине, село құрылысын жүргізуде белгілі бір жоспар болмаған. Дегенмен түзу көшелер мен үлкен алаңдардың болуы, селолық бұрынғы құрылысшыларының белгілі бір сәулет (архитиктура) ережелерін қолданғанын байқатады [5, 1 б.].

Жәнібек ауылында теміржолдың салынуы көптеген жекеменшік дүкендердің жұмыс істеуіне, аурухана мен оқу орындарының пайда болуына, мәдениет, білім саласының өсіп-өркендеуіне ықпалын тигізген. Теміржолдың арғы бет жағы Степновка поселкесі деп аталып, тұрғындар үшін екі көше салынған. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін осы бетте орналасқан екі қабатты үйдің астыңғы қабатында бастауыш мектеп, үстіңгісінде Степновка селолық кеңесі орналасып, ол Царицын (қазіргі Волгоград) уезінің қарамағында болған. Теміржолдың бергі бет жағы Жәнібек селолық кеңесі деп аталып, Орда губерниясына қарасты болған. Бұл беткейде Вокзал, Свободная, Московская, Астраханская, Больничная, Киров көшелері орын тепкен. Киров көшесінен кейінгі бір шақырым қашықтықта Иртыш деген шағын ауыл болған. Ол ауылдың басым көпшілік тұрғындары орыстардан, татарлардан және латыштардан тұрған [6, 8 б.].

Жәнібек ауданың Жәнібек деп аталу себебіне бірнеше версия бар. Оның бірі XVIII ғасырдың аяғына таман қазақ пен Еділ бойындағы қалмақтардың жауласуы кезінде, яғни жаугершілік заманда қазіргі аудан орталығы тұрған жерде шағын қазақ ауылы болыпты. Ауылдың ер-азаматтары ереуіл атқа отырып, егесуге кетіп, елде еркек кіндік атаулыдан жас жылқышы, он алты –он жеті жастар шамасындағы Жәнібек қалса керек. Бір кезде алыстан ауылды тұтқиылдан шабуға оқталған қалмақтар көрінеді. Жаудың келе жатқанын бірден байқаған Жәнібек өрістен жылқыларын жинап, кері айдайды. Жау көп, өзі жалғыз. Егер амалын таппаса ауылда қалған қорғансыз әйелдер мен балалар, кәрілер қалмақ қылышына туралмақ. Не істеу керек? Жас жігіт жедел шешімге келіп, аттардың құйрығына ескі тұлақ, тері-терсек байлап, алдындағы бір үйір жылқыны ерсілі-қарсылы қуалап шаба береді. Жылқылардың тұяғынан туған шаң-тозаң және жерге сүйретілген тулақ-терінің будақ-будақ ұйытқымасы көкке көтеріледі. Ауыл төбесінде тұрған щаң-топырақты және ерсілі-қарсылы жүйткіген жылқыларды көздері шалған қалмақтар «Ойбай, мына қазақтар дабыл қағып, атқа қонып жатыр екен! Ұрын келудің сәті түспеді, тойтарыс алармыз»-, деп жолынан бұрылып кері кетіпті. Сөйтіп жылқышы Жәнібек туған ауылын қалмақтың тұтқиыл шабуылынан аман алып қалыпты. Соның құрметіне бұл жер «Жәнібек ауылы» деп аталып кеткен [7, 8 б].

Жәнібек ауданының Жәнібек деп атау себебінің тағы бір версиясы, Жәнібек ауданының көнекөз ақсақалдары мен зиялы қауымы Астрахан қаласындағы мұрағаттан

алынған құжаттарға сүйеніп, «Жәнібек» атауын Алтын Орданы 1342-1357 ж.ж. билеген атақты ханының есімімен байланыстырса, жер атауын Жәнібек ауылының солтүстік жағындағы 17-18 шақырым қашықтықты орналасқан ескі обалармен де сәйкестендіреді.

Осы Жәнібек ауданындағы Жаңатұрмыс обасынан Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкерлері 1353-1354 ж.ж. Гүлстандағы теңге сарайында құйылған Жәнібек хан дәуірінің теңгесін тапты. «Жаңатұрмыс»- қазіргі Қамысты ауылдық округіне қарасты елді мекен.

Патшалық Ресейдің сыртқы істер коллегиясының құпия істер жөніндегі тілмашы, елші Алексей Тевкелевті 1731 жылы Кіші жүз қазақтарының Ресейдің қол астына кіргенін хабарлау үшін Анна Иоанова үкіметі қазақ даласына арнайы өкіл етіп жібереді. А.Тевкелев экспедициясы Жәнібекке жақын маңдағы Кайсацк, Вишневка селоларын басып өтіп, Жәнібек ауылына келіп біраз күндер жұмыс істеген. Осынау тарихи оқиғаға байланысты 1985-1988 жылдар аралығында Жәнібек аудандық партия комитетін басқарған бірінші хатшысы Шынбай Шарафеддинов 1987жылы Жәнібек ауылынан 3 шақырым қашықтықтағы көршілес Ресейдің Палласовка ауданының Вишневка селосымен катынайтын жолдың нақ ортасында «Бұл жерде орыс елшісі Алексей Иванович Тевкелев экспедициясы жүріп өткен»»,- деп үлкен тақтаға ап-анық қылып жаздырып қойған [3, 9-10 б].

Аудан халқының негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығы мен егіншілік) болды. 1917 жылы қазақтарды егіншілікпен айналыса бастаған. Егер 1917 жылы әрбір қазақ семьясында егістік жер 1,9 гектар болса, 1928 жылы 2,3 гектарға жеткен. Аудан жерінің 18 проценті ғана жыртылуға жарайтын болса да, егіншілік едәуір дамыған. Оған қара және қоңыр топырақты жер қыртысы да, Саратов егіншілік ауданымен байланысқан теміржолының болуы да әсер етті. Осының өзі Ресейден егін шаруашылығымен айналысатын көшпелілердің келуіне ықпал жасады. Егістік дақылдардың ішінде ақ бидай бірінші орында тұрған, содан кейін қыша, күнбағыс, тары, сұлы, арпа, қара бидай еккен. Қазақтар ежелден осы кең далада мал шаруашылығымен де айналысқан. Бұл олардың тарихи шаруашылық дәстүрі болатын. Жайылымдар барлық жер көлемінің 68,8 процентін құрайтын. Ауданның батысында және солтүстігінде егіншілік басым дамып, оңтүстікте және шығысында мал шаруашылығы көбірек өркендеді. Қой малынан гөрі ірі қара малы көбірек болған. Бірақ революциядан кейін мал саны 45,1 процентке азайған. 1917 жылы мал басы саны 130934 болса, 1928 жылы 59120 басқа азайып, соның 7206 басы жылқы, 25211-і - ірі қара, 5569 түйе, 14995 қой және 6139 ешкі есептелген [1, 2 б].

Жәнібек аудыны тәуелсіздікке дейінгі жылдары ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде елеулі жетістіктерге жетіп отырған. Мысалы Талов ауылында 1966 жылғы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемі 1505 мың сомнан 1970 жылы 3599 мың сомға жеткен. Экономикалық жұмысты жақсарту нәтижесінде жерді, қаржыны тиімді пайдалануға қол жеткізді. 1966 жылы әр 100 гектар ауыл шаруашылық жеріне шаққанда 1416 сомның өнімі өндірілген болса, 1970 жылы бұл көрсеткіш 2,3 есеге өскен. Совхоз экономикасының нығаюы, қоғамдық өндірістің тиімділігінің артуы жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек ақысының артуына әсер еткен. 1966 әр жұмысшы орта есеппен 1010 сом жалақы алған болса, 1970 жылы 1531 сомға өскен. Яғни әр жұмысшының жалақысы 1970 жылы орта есеппен 1,5 есе артты. Бұдан басқа жұмысшыларға 300 мың сомның сыйлығы берілді[8,2б]

Жәнібек ауданы Талов ауылы тәуелсіздікке дейінгі жылдары өзінің асыл тұқымды мал шаруашылығымен әйгілі болды. Қазақтың ақ бас ірі қарасын өсіріп, басқа жерлерге сатып жүрген. Мысалы 1970 жылдары төрт жыл ішінде 2830 бас асыл тұқымды мал сатылған. 1974 жылы әр жүз сиырдан орта есеппен 106 бұзау алынған. Талов ауылының асыл тұқымды малдары Мәскеуде өтетін ауыл шаруашылық көрмелерінен әрдайым жүлделі орындарға ие болып жүрді. Малшылардан диқаншылар

да қалыспаған. Олар егіншілік мәдениетін көтеру жолындағы соңғы жаңалықтарды өндіріске енгізе отырып, егінен тұрақты өнім алып отырды. Мысалы 1971-1975 бесжылдық жоспар бойынша совхоз 306 мың центнер астық тапсыруы жоспарланған болса, мемлекет қоймасына 318 мың центнер астық тапсырып, жоспар артығымен орындалған [9, 2 б].

Мәдениеті. 1936 жылы 500 дана кітап қорымен «Қызыл ту» деген атпен алғаш рет кітапхана ашылды.Кітапхана алғаш құрылған жылдан-ақ, көпшіліктің жиі баратын орнына айналды. Жазу –сызуы кем сол жылдарда қалың бұқараға білім шуағы мен ақпарат хабарларын жеткізу мақсатында кітапхана қызметкерлері аянбай қызмет етті. Ал 1938ж. Жәнібек халық театрының негізі колхоз театры болып құрылды. Театр тарихында Д. Исабековтың «Әпке» спектаклі және «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Қаракөз» қойылымдары ерекше орынға ие болды. Театр режиссеры алдымен М. Ғұмаров тағайындалады, кейін 1987 жылдан оның шәкірті Қ.Ермұқанов осы қызметке иелік етеді.

1946 жылдан бастап Жәнібек аудан орталығында 1 киноқондырғы және 2 жылжымалы кино қондырғы жұмыс жасады. Колхоздарда ат-арбамен кинофильмдер қойылып, халықтың киноға деген құштарлығын оятқан. Сол уақытта шығарылған фильмдердің тәрбиелік мәні зор және мазмұнды болған. 1962 жылдың 22 қарашасында аудан орталығында жаңадан «Спартак» кинотеатры салынып бітіп, пайдалануға берілген. 1969 жылы қаңтар айында кинотеатрдың атауы «Комсомолдың 50 жылдығы» атындағы кинотеатр деп өзгертілген [10, 38-39 б].

1962 жылы шалғайдағы елді мекендегі малшы - шопандардың балаларына арналған сегізжылдық Абай атындағы мектеп-интернаты ашылды, содан 1987 жылдың тамызына дейін жұмыс жасады. 1987 жылы ауылдық мектептер жанынан жатақханалар ашылуына байланысты мектеп -интернат жабылып қалды.

Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде Жәнібекте шұжық шығаратын және лимонад шығаратын цех, нан зауыты, байпақ шығаратын цех, элеватор, нефтебаза қарқынды жұмыс істеп тұрды.

Қазіргі таңда ауданда шағын кәсіпкерлік кең өріс алып тұр. Салық басқармасы есебінде 689 жеке субъект және 23 заңды тұлға тіркелген. Бұл салада 1189 адам жұмыс істейді. Тұрғындарды азық-түлік, киім-кешек және басқа да тұрмысқа қажетті күнделікті тауарлармен қамтамасыз ететін 86 дүкен, 3 супермаркет, 3 мейрамхана, 5 дәмхана жұмыс істесе, соңғы үлгідегі сақтау орындарымен жабдықталған 4 дәріхана, жанармай сататын 3 станса, 1 техникалық қызмет көрсету станциясы, 2 шаштараз, 1 киім тігу ателъесі, 1-монша-сауна, 2 қонақ үй, 2 базар қызмет көрсетуде. Шағын кәсіпкерлік субъектілері өндірілген өнім мен жұмыс көлемі 1 млрд 814 теңгені құрайды. Олардан түскен салық 30 млн тенгеге жуық [11, 20 б].

Бүгінгі таңда ауданда жалпы білім беретін 21 мектеп жұмыс жасап келеді. Олардың 11-і орта, 1-уі негізгі, 9-ы шағын құрамды бастауыш мектеп. Сонымен бірге бүгінгі күннің талабына сай жастарға кәсіптік бағдар, білім беретін кәсіптік техникалық мектеп, саз мектебі, спорт мектебі, денсаулығына байланысты түзетуді қажет ететін педагогикалық-психологиялық түзеу кабинеті, 4 балабақша жұмыс жасайды [10, 79 б].

1-сурет. Жәнібек ауданы бойынша XX ғасырдың бастапқы кезеңінен казіргі кезге дейінгі мал санының көрсеткіші



2-сурет. Жәнібек ауданы бойынша XX ғасырдың бастапқы кезеңінен казіргі кезге дейінгі мал санының көрсеткіші



1-кесте. Жәнібек ауданының егістік көлемінің көрсеткіші

Дәнді-дақылдар	1917 ж	1944ж	1950ж	2001ж	2003ж
Ақ бидай	16790га	2500га	2536 га	7338га	11,407га
Тары	-	4200га	2128 га	100га	-
Қара бидай	-	1345га	1120га	220га	-
Арпа	-	1500га	422га	3177га	2320га
Қыша	5882 га	2945га	2163га	-	

Жәнібек ауданы облыстан алыс жатқан елді мекендердің бірі. Аудан облыс орталығынан батысқа қарай 500 шақырым жерде орналасқан. Жерінің аумағы - 8,2 мың шаршы км2. Орталығы Жәнібек ауылы. Құрамында 9 ауылдық округі бар. Жәнібек ауданының атауы – 2000 жылы 20 – наурыздағы ҚР Президентінің жарлығымен Жәнібек болып өзгертілді. Халық саны 16 147 адамды құрайды. Жәнібек Батыс Қазақстан облысын Ресеймен шектестіріп, батысында Ресейдің Волгоград облысымен, солтүстік-батысында Саратов облысымен шектесіп тұр.

2022 жылы Жәнібек ауданының 100 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде тойланды. Жер - жерден келген қонақтарды құрметпен қарсылап, үлкен концерт, ат жарысы, түрлі спорттық жарыстар, ақындар сайысы ұйымдастырылып, мерейтой кешкісін салютпен аяқталды. Концертке Алматыдан әншілер Айқын Төлепберген мен Жұлдыз Өмірғали, Ернар Айдар шақырылды.

Қазіргі таңда Жәнібекте үлкен мәселелердің бірі малдың азық мәселесі. Биыл жауын-шашынның аздығына байланыста жем-шөптің бағасы өсіп кетті, оның үстіне киіктің саны көбейіп шөптерді жеп кетуде. Бұл мал шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізіп, салдарынан малдың саны азая бастады. Мал азығының қымбаттауына, киік санының өсуіне байланысты биыл жазда ауданға ҚР Парламент Сенатының депутаты Арман Өтеғұлов, облыс әкімдігінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов келіп жиналыс өткізді. Бұл жөнінде Орал өңірі мен Шұғыла газетінде өздерінің парақшараларында жариялады. Шұғыла газеті Жәнібек ауданында жұмасына бір рет шығатын ақпарат көзі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Архивтік анықтама (Жәнібек ауданы тарихы) - /В.Иночкин Орал қ - 2000 жыл (2б). «Жәнібек Ауданының Мемелекеттік Архивы», Жәнібек ауылы Мажитова көшесі, 103 ғимарат
2. Жәнібек ауданы туралы анықтама –/ Д. Құсайынов, Е.Мұқаев Орал қ. - 1992 жыл (2 б)
3. Жәнібек ауданы энциклопедиясы –/Ж.К. Абдолов, А.Х.Молдағалиев, А.Б. Бақтығалиев, Ә.Ә. Қуанғалиева, Г.Т.Төреғалиева А.М. Уәлиев - Жәнібек ауданы 2022 жыл (9-10-12б)
4. Орал өңірі – «Өсіп өнген өңірім» -/А.Атаев – 25.09. 2012ж. (2б)
5. Октябрь туы- «ХХ ғасырдың басы»-/В. Иночкин - 27 тамыз 1991 жыл.(1б)
6. Шұғыла – «Жәнібектегі теміржол туралы» -/Н.Жапақов - 25 мамыр 2012 жыл (8б)
7. Жайық ардагері- «Жәнібек атауы қайдан шыққан?»-/С.Ықсанғали - 16 қыркүйек 2004жыл.(8б)
8. Орал өңірі –«Бесжылдық төрт жарым жылда орындалды»-/ Г.Панченко 1971 ж. 26 март (2б)
9. Орал өңірі –«Коллективті бастай отырып»-/ К.Асанов -1975 ж 26 май (2б)
10. Жәнібек энциклопедиясы -/ Г. Бәсирова, Т. Гусманов, Н.Жапақов, Е.Жүсіпов, Д.Искакова, В.Иночкин –-Жәнібек 2006 ж (38-39,79б)
11. Жәнібек ауданы тарихи танымдық анықтамалық –/А.Қ. Батырханов, Н.М. Жапақов, Қ.Ж. Жүнісов, Г.С. Жұмабаева, С.А. Мамбеталиев — Орал «Полиграфсервис» баспасы 2012 ж. (20б).

ҒТАХР: 06.81.23

«ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҮЛГІЛІ АТТЫ ӘСКЕР ПОЛКІНІҢ ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН КОМИССАРЛАР»

Исмагулова Гулсара
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» ББББ 1-курс магистранты
Орал, Қазақстан
gulsara_7474@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда 1918 жылы құрылған алғашқы үлгілі атты әскер полкін құруға қатысқан, кейін ҚазАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің құрамында қызмет еткен және әскери қызмет атқарған тұлғалар туралы баяндалған. Зерттеуде полкте қызмет еткен тұлғалардың өлкені жаулардан азат етудегі ерліктері, қоғам өмірінің дамуына қосқан үлестері және әскери өнердегі сабақтастықтың тарихи маңызы қарастырылады.

Түйін сөздер: азамат соғысы, полк, эскадрон, командир, халық комиссары.

Қазақстан Республикасының ұлттық саясаты тарихи сабақтастықты сақтауға, ұлттық сананы жаңғыртуға және елдің тәуелсіздігін нығайтқан тұлғалардың қызметін ғылыми тұрғыда зерделеуге бағытталған. Мемлекет басшысы ұсынған «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Рухани жаңғыру», «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамалары аясында ел тарихындағы күрделі кезеңдер мен сол дәуірде халық мүддесі үшін қызмет еткен қайраткерлердің рөліне объективті баға беру өзекті болып отыр. Бұл үдеріс отансүйгіштік рухты қалыптастырудың, жас ұрпақтың тарихи жады мен азаматтық жауапкершілігін арттырудың маңызды тетігі саналады.

Отанға адал қызмет ету, ел тәуелсіздігі мен тұтастығын қорғау идеясы қазақ қоғамында әрдайым патриотизмнің негізгі өзегін құрады. XX ғасырдың басындағы азамат соғысы мен саяси қақтығыстар кезеңінде қалыптасқан әскери құрылымдар осы патриоттық ұстанымдардың нақты көрінісі болды. Солардың бірі – 1918 жылы Бөкей Ордасында құрылған тұңғыш үлгілі атты әскер полкі. Бұл әскери құрылым тек қарулы күш ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа саяси элитаның қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік-саяси мектеп қызметін атқарды. Аталған полк құрамында әскери қызмет атқарған бірқатар тұлғалардың кейіннен халық комиссарлары, әскери генерал деңгейіне дейін көтерілуі олардың ұйымдастырушылық қабілеті мен мемлекетшілдік көзқарасының қалыптасуында әскери қызметтің шешуші рөл атқарғанын көрсетеді. Сондықтан Бөкей Ордасындағы тұңғыш үлгілі атты әскер полкінің тарихын, оның құрамында болған болашақ халық комиссарларының қызметін зерттеу – Қазақстанның ұлттық саясаты мен патриоттық тәрбие мәселелері тұрғысынан маңызды ғылыми міндет болып табылады.

1918-1920 жылдары Ресей империясының құлауынан кейін елдегі азамат соғысы Қазақстанға да әсер етпей қоймады. Бөкей Ордасы аймағы кеңес билігін бейбіт жағдайда қабылдағанына қарамастан, кеңес күштеріне қарсы күрес жүргізудің ең сенімді және басты аймағына айналды. Елдегі саяси тұрақсыздық ұлттық үлгідегі атты әскерді құру күн тәртібіне қойылып, тез арада оны жүзеге асыру қолға алынды. Революциялық Әскери Кеңес мүшелері Л.Каменев және И.Смирнов қол қойған Шығыс майданы бағыты бойынша №62 бұйрықта Революциялық комитеттің төрағасы Л.Троцкийдің келісісімен қырғыздардан (қазақтардан) алты эскадроннан тұратын атты әскер полкін жасақтау М.Тұнғаншинге тапсырылады. Полктің құрамы тек қазақтардан

болуы, ал шаруашылық бөлімін басқарушылар мен офицерлер қатары өзге ұлттан болу керектігі атап өтілді [1, 80 б.].

Әр аймақта азаматтық соғыс әртүрлі сипат алған кезде, Бөкей Ордасы қорғанумен болды. Орал ақ казактары Жайық өзенінің екі жақ жағалауын Елек, Ойыл өзендерінен Каспий теңізіне, Нарындағы Үштағанға дейінгі аралықтағы территорияны басып алып, өз үстемдігін орнатты. Жергілікті Кеңес органдарының әлсіздігін, тәжірибесіздігін пайдаланып, ақ казактар 1918 жылы көктемінде Сламихин (Жалпақтал), Аққурайлы (Шильный), Жалпақ көл, Таловка, одан кейін маусым айының басында Әбіш, Көктерек, Жаңақала (Новая Казанка) қоныстарын басып алды. Соғысу тәсіліне ғасырлар бойы жаттыққан, әрі қарулары сайма-сай ақ казактарға қарсы тұратын жаңа ғана құрылған Кеңестерде күш болмады. Оның үстіне Кеңестер бір-бірімен байланыссыз, болды, ал тіпті кейбіреулері облыстық, өлкелік Кеңес органдарын мойындамай, күштерді біріктіруде қиындықтар туындады. Бөкейліктерде әскер болмады, оны құруға қару-жарақ, жабдықтар жетіспеді. Казактар түнделетіп отырып, ауылдарға басып кіріп, Кеңес мекемелерін басып алып, оларды таратып жіберіп отырған. Мысалы, 1918 жылдың 4 маусымында Жаңақалаға 500-дей казактар келіп, 25 винтовка, 3500 сом ақшаны қолды қылып, жергілікті үкіметті таратып, өз адамдарын қойған. Одан кейін ақ казактардың әрекеті Бөкей Ордасының территориясына ауысып, Нарын қисымынан 3 милиция аттарын, винтовкаларын тартып алады [2, 77 б.].

Большевиктердің жасаған игі істерінің бірі автономия құруға рұқсат болса, екіншісі контрреволюциямен күрес, өз азаматтарын қорғау үшін әскер құруға көмегі болды. РКФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты 1918 жылы сәуір-мамыр айларында қазақ бөлімін құрып, оған М. Тұнғаншин басшылық етеді. Бұл бөлімнің міндеті- қазақ жерінде Кеңестердің сайлауын өткізіп, жалпықазақ съезін шақырып, автономия жариялауды дайындау болды, бірақ азамат соғысы басталып, Кеңестер қуылып, контрреволюциялық күштер орнығады. Тек Бөкей Ордасында Кеңес үкіметті сақталып тұрған еді. Халық Комиссарлар Кеңесі Қырғыз (Қазақ) өлкелік әскери істері жөніндегі комиссариатын (ҚӘІК) құрып, оның тұңғыш комиссары болып М.Тұнғаншин тағайындалады. Ол 1918 жылы 27 тамызда Ордаға қару-жарақ, қаржы алып келеді [2, 80 б.].

Бисен Жәнекешов— тұңғыш атты әскер полкінің қолбасшысы. Бисен Жәнекешұлы-1888 жылы БҚО Бөкей Ордасында, Қарабөлтек ауылында дүниеге келген. 1912-1915 жылдары Бөкейлікте ислам дінін уағаздаушылардың бірі болған. Ол – Батыс Қазақстан облысындағы өз заманының білімді азаматтарының және кеңес үкіметін орнату жолындағы күреске белсене қатысушылардың бірі, әрі ақын. Оның:

«Тастамас атан жүгін қарлы жерде.
Жүреді жолбарыстар таулы жерде.
Қылышын қынабынан қанға бояп,
Тұрады батыр жігіт жаулы жерде» – дейтін өлең жолдары осы кездерде жарық көрсе керек. Бүгінгі күнге дейін жеткен жырларында ол бірлікті, өнер мен білім тақырыбын көтерген екен. Бисен Жәнікешев туралы сол полкте болған Х.Ажғалиев өз естелігінде «Бисен өте жігерлі, батыл, жақсы ұйымдастырушы, әрі шешен» деген сөздері ақынның белсенділігін дәлел түседі [3, 99 б.].

1915 жылы күзде Уфа шаһарына барып «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бисен Жәнекешев «Ғалия» медресесінен Қарабөлтектегі ауылына 1917 жылдың көктемінде, ақпан төңкерісі болып, патша тақтан құлағаннан кейін оралады. Келісімен ауылда мұғалім қызметіне орналасады. Мұнда ол бірнеше пәндерден сабақ беріп орыс тілін үйрене бастайды. Мектепте балаларға хат танытудың төте жолын-жәдитше оқыту әдісін қолданады. Бұрынғы қадими оқытуға қарсы шығады. Ол балаларды жаңаша оқытумен қатар, халық арасында да ағарту жұмыстарымен айналысты. Сөзге шешен, көсемдігімен ел жұртты ұйымдастыратын қабілеті жоғары болған. Татардың белгілі демократ ақыны Ғабдолла Тоқайдың реалистік стиль, прогрестік идеядағы бірнеше

шығармаларымен танысады. Бисен Жәнекешев 1917 жылдың жазында «Марсельеза» жырын ең бірінші болып қазақ тіліне аударған. [4, 32 б.]

Бөкей Ордасындағы «Дұрыстық жолы» атты қазақша газет ұйымдастыру жұмысын қолға алады. Газетті шығаруға және таратуға, азамат соғысының ардагерлері Ғабит Сарыбаев, Хамит Чуринде белсене қатысады. 1919 жылы қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкінің сапында Азғыр, Нарын, Күйгенкөл, Шоңай, Қаракөл, Сайқын маңында ақ гвардияшылардың тұрақты әскери бөлімдерін талқандауға қатысты. Бөкей Ордасының түкпір-түкпірінен Бисен Жәнекешев ұйымдастырған партизан топтарын да жергілікті халық «Бисен отряды» деп атаған. Бисен Жәнекешев небары 33 жасында, 1921 жылы наурызда Ордада қайтыс болды [3, б.101]. Аз ғана ғұмыры ішінде Бисен Жәнікешев қазақтардың әскери машығын шыңдап, комиссар ретінде маңыздық қызметті атқарған.

Қазақтың тұңғыш атты әскер полкінің құрамында қызмет атқарып, кейін екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақтың тұңғыш генералы Шәкір Жексенбаевтің әскери маман ретінде шыңдалуында осы полктің орны ерекше. Ол 1901 жылдың 28 ақпанында Батыс Қазақстан облысының Долбин-Шонай ауылында Айтали Жексенбаев пен оның жұбайы Жәмиләның отбасында дүниеге келген. Отбасы бай да емес, кедей де емес – орта дәулетті болды. Кейіннен Ш. Жексенбаев өз анкеталарында атасы Жексенбай басқаратын отбасын орта шаруа малшылар қатарына жатқызғанын жазған. Мал шаруашылығымен қатар, Шәкірдің әкесі Айталы қамыс шабумен және Басқұншақ көлінен тұз өндірумен айналысқан. Айталы 1908 жылы ұлын ауылдық бастауыш мектепке береді. Онда Шәкір алғашқы білімін алып, 1912 жылы Хан Ордасындағы жоғары бастауыш училищеге оқуға түседі. Жас Шәкір бұл училищені 1917 жылы тәмамдап, оқу орнындағы педагогикалық курстарға қабылданады. Алайда, сол жылы басталған революция мен Азамат соғысы оның оқуын аяқтауына мүмкіндік бермей, Ш.Жексенбаев үйіне оралуға мәжбүр болады. Ол отбасына көмектесіп, теміржол стансасына тұз таситын түйенің айдаушы болып еңбек етеді. 1918 жылдың қазан айында ол Долбин-Шонай болысының жұмысшылар, шаруалар және қызыл әскер депутаттары Кеңесінің атқару комитетінің құрамына жауапты хатшы ретінде сайланады. Оның осы тілегін қостап, өлкені басқарушы әскери-революциялық комитет Қызыл Армияның академиясына жолдама береді. 1920 жылы оны әскери қызметке тағайындау туралы телеграмма келеді, онда: «Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитет жолдастар Шәкір Жексенбаев пен Хабир Бөкейхановты Бас штаб академиясының тыңдаушылары ретінде қабылдауды табандылықпен ұсынады. Аталған жолдастар жаңадан қалыптасып келе жатқан жас Қырғыз Қызыл армиясының өкілдері болып табылады. Бұл әскер әскери істі білетін және қырғыз халқының тілі мен тұрмысынан хабардар қызыл командирлерге аса зәру жағдайда тұр. Қырвоенревком (Қырғыз әскери революциялық комитеті) жолдастардың әскери тәжірибесінің болмауын қырғыз халқының әскери іспен айналысу мүмкіндігінен айрылған тарихи жағдайлармен түсіндіруді сұрайды» Осылайша, Шәкір Жексенбаевтің әскери мансаптық қызметі басталды. Қазақ атты әскер полкінің қатарынан өсіп шыққан Ш. Жексенбаев — Кеңес армиясының генералдық шеніне дейін жеткен алғашқы қазақ офицерлерінің бірі болды. [5]

Кадр мәселесінің тапшылығы, жергілікті халықтың әскери қызмет атқаруға деген құлшынысы оларды тоқтата алмай, тіпті өнер адамдары да әскерге кіре бастады. Атақты әнші, ақын Ерғали Аязбаев Таловка аймағында үгіт жұмыстарын жүргізіп, 1919 жылы қаңтарда 308 жігітті ертіп келеді, өзі де 48 жасында армияға кіреді. Ерғали, Бисен, Ишанғали, Ғиндаш, т.б өнер адамдары да әскерге алынады. М.Тұнғаншинге қазақ зиялылары С.Меңдешев, С.Жанболатов, М.Шомбалов, Ы.Берғалиев, Б.Ниязов, И.Меңдіханов, А.Құлшорин, Қ.Мамеков, Н.Манев, Д.Темірәлиев, Ғ.Мұсағалиев, К.Есенбаев, т.б көмектеседі. Поручик С.Жанболатов, прапорщик С.Нұралыханов, А.Құлахметов-эскадрон командирі, Б.Жанекешев 2-эскадрон, саяси жетекшісі

А.Құлшорин 3-эскадронды басқарды. Е.Аязбаев взвод командирі, А.Ниязов бас дәрігер, Б.Ниязов заң бөлімін басқарса, А.Құлшорин, Ы.Берғалиев, Қ.Мамеков, Н.Залиев инструкторлар болды. Тұңғыш атты әскер артиллериясы құрылды, оған С.Жанболатов басшылық етті. Полк жауынгерлеріне арнайы әскери форма тігіліп, ол күні кешеге дейін «Тұнғаншин формасы» аталып жүрді.

1919 жылы 10 ақпанда Орда қазақ соғыс комиссариатының жіберуімен Б.Жәнікешев Оралға келеді. Ол өзінің Оралда болғанын «Дұрыстық жолы» газетінің 1919 жылы 29 мартта шыққан нөмерінде былай жазады: «Ордадағы Қазақ соғыс Комиссариатының жұмсауы бойынша Теке (Орал) қаласына кеттім, Орал қазағы мен бөкейлік арасында қатынас жасау ниетімен. Орал қаласын біздің қайратты, өжет халық үшін жанын қиған Қызыл Армиямыздың 11 қаңтарда (жаңаша 24 қаңтар) алған екен. Бірнеше жылдан бері ақ казактардың найза, қылышынан зәбір көрген қазақ халқы, қарты, жасы келіп Қызыл армияға жазылып жатыр. ...Бүтін Оралда қызмет ететін комиссарлар жиналысында маған тапсырған аманат сөздері мынау: Бөкейлік қазағына, қазақ комиссариатына бізден көп сәлем және өтініш- мұндағы қазақ бөліміне қызмет ететін кісі жіберілсін...Қазақтан өз алдына полк түзелсін. не керек, бар нәрсені береміз деп тапсырды». Осыдан кейін Орал қаласында қазақтың екінші атты әскер полкі құрылып, эскадрон командирі болып Исхақ Бекбаев тағайындалады [5, 2 б.].

Бірінші қазақ үлгілі атты әскер полкін құруда Азамат соғысына белсене қатысушылар Ә.Әйтиев, Б.Қаратаев, Ә.Жангелдин, А.Әлібеков, М.Епмағамбетов, М.Тұнғаншин, Б.Әлжанов және Б.Жәнекшов көп еңбек сіңірді.Ақ әскерлермен соғыста полк сарбаздары ерлік көрсетіп, олардың қатарынан шыққан Ш.Жексенбаев, Р.Құрманғалиевтар лейтенант дәрежесіне көтерілген болса, олардың арасынан С.Меңдешев, Х.Ищанов, Ш.Бекмұхамедов, Х.Чурин, С.Арғыншеев, Г.Әлібеков сияқты халық комиссарлары шықты.

Қазақ мемлекеттілігін құруда ерен ерлігімен есте қалған тұлғаның бірі- Ә.Әйтиев. Ол Орал губерниясында Теректі болысына қарасты Сүгірбай ауылында 1886ж дүниеге келген. Он жеті жасына дейін байдың малын баққан ол 18 жасқа толғанда ғана Қараоба мектебінде сауат ашып,зеректігінің арқасында сотта аудармашы, кейін істі жүргізуші қызметін атқарған. Елдегі болып жатқан оқиғалардан хабары бар Ә.Әйтиев 1905ж Орал қаласында болған ереуілге қатысып, оның саяси қызметі ауыл ауылға большевиктердің хабарларын таратудан бастайды. Ғ.Тоқай, Н.Смуров.т.б бірге “Еркіндік үшін” (“За свободу”) газетін шығарады. 1916ж патша жарлығы шығып, ел арасында қарсылық болғанда да ол халықтың бастаушы ретінде көзге түсіп, патша өкіметінің қудалауына ұшырап, сырттай өлім жазасына кесіледі. 1918 жылы тамыз- желтоқсан аралығында Орал ревкомы мен Қызыл Армия командованиесінің астыртын жауынгерлік барлау тобының мүшесі, атқару комитетінің төралқа мүшесі болады.1919 жылы Орал губерниялық ревкомның үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру және әскери қатарына еріктілерді жинау жөніндегі бөлімді басқарды. Орал губерниясы және Бөкей ордасында жергілікті жастардан қызыл гвардия жасақтарын құрды. Оның құрамында қазақтардан басқа орыс, украйн ұлттарының өкілдері де бар еді. Сол жылдың 3 маусымында Бөкей ордасы Кеңестері съезі салтанатты түрде Бірінші қазақ үлгілі кавалерия полкіне РСФСР-дың Қызыл туы тапсырылды. Полкті ұйымдастырушылардың бірі, Орал губерниялық әскери-революциялық комитеттің мүшесі Әбдірахман Әйтиевтің «Яицкая правда» газетінің сол күнгі санына арнайы мақаласы жарияланды. «… Бірінші қазақ кавалерия полкі Ішкі Орда қазақтарынан құрылды. «Алғашқы» полкке бүгін салтанатты түрде Қызыл ту тапсырылды. Қазақ халқы бүгін өз көздерімен өздерінің төл тұрақты армиясын көрді. Ішкі Орда қазақтары бүгін өз тарихында бұл айтулы күнді ұмытылмастай етіп мерекеледі...» Әбдірахман Әйтиев облыстық коммунарлар жасағының атты барлаушыларының бастығы да болды. Кейіндеу губерниялық Төтенше комиссияда бөлім бастығы қызметіне ауыстырылды. Әйтиевтің басшылығымен бірнеше солшыл эсерлердің астыртын әрекеттері ашылып, жауапқа тартылды. Орал

гарнизоны ішкі сатқын жаулардан тазартылды. Әйтиевтің іскерлігін жоғары бағалаған губком оны Төтенше комиссияның Құпия-оперативтік бөлімін басқаруды сеніп тапсырды. Сол ауыр кезеңде әйелі Құлшан Әйтиева да оған жан-тәнімен көмектесті. Бертінде Құлшан Әйтиева сол ауыр күндерді былай деп еске алған. «… Ол кезде мен жастау едім. Тұңғыш балам Кәмиланың үш-төрт жастағы кезі. Баланы өзіммен бірге алып жүретін жағдай болған жоқ. Сондықтан оны Сүгірбай ауылындағы енемнің қолына қалдырып кеттім. Бала алып жүретін уақыт емес-ті. Ал өзім Әбдірахманнан қалмай қалаға кеттім. Себебі ауылда қалғанда да жаулар маған большевиктің әйелісің деп күн көрсетпейтін еді. Орал қорғанысы кезінде барлық азаматтармен бірге мен де қиын күндерді басымнан кештім. Күндіз-түні бірдей тыным таппай, мезгілімен бел шешіп, ас ішуді білмеген, үнемі арпалыс арасында жүрген еріме серік болып, қолымнан келгенше көмек көрсетуге тырыстым…». Әйтиев қаладағы Разумов пен Любарскийдің астыртын ұйымын сол Құлшанның тікелей көмегі арқасында қолға түсірді. Әйтиев өзінің бір естелігінде: «Құпия-оперативтік бөлім күндіз-түні бірдей тынымсыз жұмыс істеді. Адам үшін ең қажетті нәрсе-ас ішудің өзіне уақыт болмады. Өйткені бұл өте қиын кезең болды. Не жаудың барлық әрекеттерін, құпия дайындап жатқан заговорды әшкерелеп, зиянсыздандыру керек, гарнизонды төнген қауіптен аман алып қалу керек, не жау іштен де, сырттан да бас көтеріп, жүздеген, мыңдаған күрескерлерді құрбан етеді. Бейкүнә адамдарды атып-асып, ойран салады», – деп жазған. Контрреволюциялық қастандық жасаушыларды дер кезінде әшкерелеп, тұтқындағаны үшін Орал губерниясындағы РСФСР-дің Төтенше комиссиясы 1919 жылы 6 тамызда №70 бұйрығымен Әбірахман Әйтиевке алғыс жариялады. [8]

1920 ж. қаңтарда Қазревком мүшесі және Қазақ өлкелік ішкі істер комиссариатының меңгерушісі, осы қызметте Батыс Алашорда үкіметін тарату ісімен шұғылданды, оның жауапты қызметкерлерін пайдалану мәселесінде Түркістан майданы командованиесінен бөлек пікірде болды, Батыс Алашорданы жойып жібермей, Қазревкомға қосуды жақтады. Кейінірек бұрынғы Алашорда қызметкерлерін Кеңес ісіне пайдалану мәселесімен айналысып, Б.Атшыбаев, К.Жәленов, А.Кенжин секілді қайраткерлерді қызметке алды, Семей ревкомы мен 5-армияның Ерекше бөлімі қамауға алған Семей алашордашыларын қорғауға белсенді қатысты.1921ж қазанынан 1924ж қаңтарына дейін ҚазақАКСР нің ішкі істер халық комиссары қызметін атқарған Ә.Әйтиев 1921жылы Мәскеуге барған делегацияның ішінде болып, В.Ленинмен болған кездесуде жергілікті басқару аппаратын ұлттандыру мәселесін қозғады. Ол 1935жылы Тараз қаласында ауырып, қайтыс болды.

Бекмұхамдев Шафхат Мұхамеджанұлы 1892 жылы Бөкей Ордасының 2-ші теңіз жағалауы округі басқарушысының отбасында дүниеге келген, «Алаш» партиясының мүшесі. 1919 жылы коммунистік партияға қабылданып, 1923 жылдың наурызында партиядан шығарылды, 1924 жылы қайта қабылданды, 1925 жылы тағы да шығарылды.1912–1917 жылдары Қазан университетінің медицина және заң факультеттерінде білім алған.1918–1919 жылдары Астрахань губерниялық жер бөлімінің алқа мүшесі, Бөкей губерниялық жер бөлімінің меңгерушісі болды. Бөкей Ордасында тұңғыш полкті құру жұмыстарына белсенді аралаып отырған ол 1919 жылдың қыркүйек–қазан айларында Бөкей губерниясының әскери комиссарының орынбасары, 1919 жылдың қазан айынан Кирревкомның мүшесі әрі хатшысы, ҚАССР-дың Жұмысшы-шаруа инспекциясы алқасының мүшесі қызметтерін атқарды.1920–1921 жылдары губерниялық жер бөлімінің меңгерушісі, Бөкей губерниялық атқару комитетінің төрағасы болды. 1921 жылдың қазанынан 1922 жылдың қазанына дейін әділет халық комиссары, 1922 жылдың тамызынан бастап ҚАССР прокуроры қызметін қоса атқарды. Бекмұхамедов Ш қазақтың тұңғыш прокуроры.1922 жылдың қазанында Қостанай губерниясының прокуроры болып тағайындалды, бірақ бұл қызметтен бас тартты. 1924–1930 жылдары ҚАССР Жер халық комиссариатының әкімшілік-шаруашылық бөлігін басқарды, Әділет халық комиссариатында аса маңызды істер

атқарды. Кейін ауыл шараушылығы минстрлігінде жұмыс жасап, зейнеткерлікке шықты, 1958 жылы қайтыс болды.[7,84 б.]

Ищанов Хұсайын Сахубалиұлы 1901-1952 жж Батыс Қазақстан облысының Жаныбек ауданының Құлайшыкен ауылында дүниеге келген ол малшының ұлы болды. 1919 жылдан 1921 жылға дейін және 1938 жылға дейін Коммунистік партия мүшесі болды. 1917 жылы бастауыш мектепті, 1919 жылы екі жылдық орман шаруашылығы техникумын (Бөкей губерниясы, Орда ауылында) және 1920 жылы (Астрахань) губерниялық кеңестік партия мектебін бітірді.1919 жылдан 1921 жылға дейін Қызыл Армияда қызмет етті: 1-ші үлгілі қырғыз кавалерия полкінде жауынгер болды. Одан кейін Борисоглебск кавалерия училищесінде курсанты болған ол 1920–1921 жылдары Бөкей губернаторлығында жеке кавалерия эскадрильясының взвод командирінің көмекшісі, одан соң Грозныйдағы Кавказ еңбек армиясының саяси қызметкері болды. 1923 жылдың қыркүйегінен бастап Жәнібек болысының атқару комитетінің хатшысы. 1925 жылдан 1927 жылға дейін қылмыстық тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші (Орда поселкесі), халық судьясы (Чижа поселкесі) болды. 1929 жылы Орал аудандық сотының мүшесі, халық судьясы (Покатиловка поселкесі, Орал ауданы). 1930 жылы Орал Зауральды аудандық атқару комитетінің төрағасы, Орал аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы және Тайдың іздеу бөлімінің прокуроры (Төменгі Еділ аймағы). 1932 жылдан 1934 жылға дейін Еңбекшілдер аудандық полиция бөлімінің бастығы (Қарағанды облысы). 1934-1935 жылдары Ақмола аудандық полиция бөлімінің бастығы. 1935-1938 жылдары Солтүстік Қазақстан полиция бөлімінің аға инспекторы және бастығының орынбасары (Петропавл). 1939-1940 жылдары Республикалық полиция департаментінің аға инспекторы, саяси бөлім бастығының орынбасары. 1940-1941 жылдары Гурьев облыстық полиция бөлімінің бастығы. 1941-1942 жылдары Қазақ КСР НКВД Оңтүстік Қазақстан басқармасы бастығының орынбасары. 1942 жылдың сәуірінен бастап Қазақстан Коммунистік партиясы (большевиктер) Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің екінші хатшысы, 1942 жылдың қазанынан бастап Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы. 1944 жылдың тамызынан 1945 жылдың ақпанына дейін Қазақ КСР Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары қызметін атқарды. Қ.С.Ищановтың саяси мансабы басталмас бұрын әскери қызметті атқаруы оның саяси өмірге белсене араласуына ықпал еткен еді [7, 175 б.]

Залиев Нұғман 1889 жылы бұрыңғы Астрахань губерниясы, Қамыс- Самар уезінің, Қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы, Сетекбай тоғай деген жерде дүниеге келді. Әкесі Зал орта дәулетті, аздап мұсылманша сауаты бар адам болғандықтан балаларына өзі оқу, жазуды үйретіп, сауаттарын ашады. Жас Нұғыман әкесінен алған білімін жалғастырып, Қамыс -самар мектебіне түсіп, оны 1902 жылы аяқтайды. 1905 жылы Орда қаласындағы педагогикалық курсты бітіріп, Қазан семинариясын түседі. Осы оқу орнында жүрген кезінде ол И.Қашқынбаев, Ғ.Бердиев, Ә.Иманбаев сынды қазақ студенттерімен, сонымен қатар М.Уахитов, Н.Никольский, В.Охотников қатарлы өзге ұлт өкілдерімен достасады. Осы кезде Нұғман РСЖДРП мүшесі болып, патша билігінің жергілікті өкілдері тарапынан қудалауға ұшырайды. Семинарияны 1909 жылы аяқтап, Ордадағы мектепте мұғалімдік қызмет атқарды. Ауылда шыққан “Қазақстан” газетін шығарушылардың бірі. 1918-1919ж Бөкей Ордасындағы жер басқармасы бастығының орынбасары және облыстық білім беру бөлімінің бастығы қызметтерін атқара жүріп, ауылда құрылған үлгілі атты әскер полкінде де әскери міндетін өтеді. 1919 жылы Ордада қазақтың тұңғыш педагогикалық басылымы “Мұғалім” журналын шығарушылар қатарында, яғни Ғ.Қараш, И.Меңдіханов, Ғ.Бегалиевтер басқарған редакция алқасының мүшелігінде болады. 1920-1922 жылдары Қамыс Самар уезінің атқару комитетінің төрағасы болды. 1922 жылдың қазанынан 1924жылдың желтоқсанына дейін ҚазАКСР халық ағарту комиссары болды.1925-1927 жылдары Гурьев уезінің атқару комитетінде жасаған қызметі барысында мұнай кәсібінің, балық шаруашылығының дамуына үлес қосты,

Гурьев-Доссор темір жол тарабын тартуға да атсалысқан болатын.Одан кейінгі жылдарда Оралдағы “Қосшы” одағын және білім беру саласын басқарса, 1929-1931жылдары Алматы қаласындағы рабфак- ты,кейін Қостанай Халық ағарту институтын, Ақтөбе облысының білім беру саласын,1937 жылы Орынбордағы педагогикалық курстарды жүргізді.1938 ж. 15 ақпанда КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясы «үштігінің» қаулысымен Ақтөбе қаласында 57 адамдық топпен атылды. Бейіті Ақтөбе қаласынан 25 шақырым жердегі Түйетөбе мекенінде. Н.Залиев туралы мәліметтер өте аз, сондықтан тұлғаның қоғамдық-саяси еңбегі, халық ағарту ісі саласындағы қызметі зерттеуді қажет етеді [9].

1918 жылы Бөкей Ордасында құрылған тұңғыш үлгілі атты әскер полкі — қазақ халқының әскери тарихындағы аса маңызды бетбұрыс кезеңдердің бірі болды. Бұл полктің ұйымдастырылуы тек азамат соғысы жылдарындағы қорғаныс қажеттіліктерінен туындап қойған жоқ. Сонымен қатар, ұлттық әскери кадрлардың қалыптасуына жол ашқан әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде ерекшеленді. Оның тәжірибесі кейін Қазақстан аумағында әскери құрылымдар құру ісінде пайдаланылды. Бұл үрдіс қазақ жастарының ел қауіпсіздігіне, Отан қорғауға деген жауапкершілігін арттырды.Полктің құрамынан шыққан комиссарлар халық игілігі үшін жан аянбай еңбектеніп, елді басқару ісін дамытуға өз үлестерін қосты.

Бөкей Ордасындағы алғашқы атты әскер полкінің тарихын зерттеу — қазақ халқының мемлекетшілдігі мен патриоттық рухының көрінісін, ұлтымыздың саяси және әскери элитаның қалыптасу жолын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ізденістер отандық тарих ғылымының деректік базасын кеңейтіп қана қоймай, қазіргі ұлттық қауіпсіздік пен патриоттық тәрбиенің ғылыми негізін тереңірек түсінуге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Чурин.Х. Дауылды жылдарда.-Алматы: Қазақстан,1971.
2. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917-1920). II бөлім. - Орал, 2001.
3. Пахмурный М.П, Елеуов Т.Е .Революция от жалынында. - Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1959.
4. Ермуратов Х. Октябрь нұрландырған өңір. - Алматы: Қазақстан, 1972.
5. Біләлиев А.Орал қазақ атты әскерлер бригадасы.// Орал өңірі.-1966.-№61.-2 бет
6. Аден А. Шакир Жексенбаев. Первый казахский генерал. Қолжетімді: https://e history.kz/ru/news/show/4649 . 28.02.2020.
7. Жакыпов М.Х,Зулкашева А.С,Ипмагамбетова А.Н,Чиликова Е.В. Наркомы Казахстана.. 1920-1946. Биографический справочник.-Алматы: Арыс,2007.-400б.
8. Адырбекұлы К. Тұңғыш ішкі істер халық комиссары. Қолжетімді: Тұңғыш ішкі істер Халық Комиссары Әбдірахман Әйтиев: 5 маусым 2007,Turkystan.kz.05.06.2007 .
9. Наурызбай К.Көрнекті ағартушы Нұғман Залиевтің туғанына 135 жыл. Қолжетімді: https://e-history.kz/kz/news/show/339879 . 10.05.2024.

ӘОЖ 94(574) (043.3)

ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ КЕЙІПКЕРЛЕР

Акжигитова Айжан
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» ББББ 2-курс магистранты
Орал, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Хамза Есенжанов шығармаларындағы тарихи кезеңдер мен көркемдік шындықтың берілу ерекшеліктері талданады. Жазушының «Ақ Жайық» трилогиясы, «Көп жыл өткен соң» және «Ағайынды Жүнісовтер» романдарындағы азамат соғысы, ұжымдастыру, ауылдағы тап тартысы, қазақ қоғамының әлеуметтік-психологиялық ахуалы жан-жақты қарастырылады. Автор жасаған кейіпкерлер жүйесі – сол дәуірдің қайшылықтары мен өзгерістерін шынайы бейнелейтін, өмірден алынған типтік тұлғалар екені көрсетіледі. Хакім Жүнісов, Құныскерей, Әлібек, Гүлжаһан сынды образдар арқылы жазушы тарихи оқиғалардың адам тағдырындағы әсерін терең ашып, ұлттық рух пен әділет үшін күрес идеяларын алға тартады. Сондай-ақ еңбекте тарихи деректер мен көркемдік қиялдың өзара үйлесімі, шындықты берудегі жазушы шеберлігі талданады. Мақалада Хамза Есенжанов шығармаларының қазақ қоғамының XX ғасыр басындағы тарихи даму жолын түсінуге қосқан құндылығы айқындалады.

Кілт сөздер: Хамза Есенжанов, тарихи шындық, Ақ Жайық трилогиясы, азамат соғысы, революция, кейіпкер бейнесі, Құныскерей, Жүнісовтер, ұжымдастыру, қазақ ауылы, әлеуметтік тартыс, көркемдік жинақтау, тарихи тұлғалар, ұлттық сана.

Хамза Ихсанұлы Есенжанов 1908 жылы 25 желтоқсанда қазіргі Орал облысы, Чапаев ауданы, Шалқар көлінің жағасында орта шаруаның отбасында дүниеге келді.

Хамза Есенжанов өзінің жазушылық жолын 1930 жылдары өлең, әңгіме жазудан бастады. Сол жылдары Республикалық басылымдарда «Өлеңінің жағасында», «Қызыл құмақ», «Күшке күш» сияқты әңгімелері және «Жер шарында атты» сахналық шығармасы жарияланды. Хамза Есенжанов 1956 жылдан творчестволық жолын бастады [1, 10 б].

«Ақ Жайық» трилогиясында сонау азамат соғысының Батыс Қазақстандағы сұсты, сұрапыл шындығы суреттелсе, «Көп жылдар өткен соң» романында азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірудің соңғы кезеңі мен бірінші бесжылдық жоспардың қабылдану қарсаңындағы Орал өңірінің шежіресі баяндалады, ал «Ағайынды Жүнісовтер» романында Орал қаласы мен Батыс Қазақстан облысындағы азамат соғысынан кейінгі ұжымдастыру жылдарындағы өмір шындығын бейнелеп береді [2, 10 б].

Қазан революциясы мен Азамат соғысының дауылды жылдарын және социалистік құрылыс дәуірінің қырқысқан таптық күресін көрсеткен шығармалар бұдан бұрын да баршылық еді. Сөйте тұра, Хамза Есенжановтың роман-эпопеясы осы ірі әлеуметтік өмір кезендерін бейнелеуде өз өрісін, өз тәсілін, өз құралын тапқан. Оның кейіпкерлері сол оқиғаларға қатысқан әлеуметтік топтардың сырын ашып, ролін анықтаған жинақты да нақты образдар жасады. Мысалы, трилогияның негізгі кейіпкері Хакім Жүнісовты ұқсас құбылыстарды жинақтаған типтік образдар болғандықтан Х.Есенжанов жасаған кейіпкерлер қазақ әдебиетінің осы сипаттағы басқа образдарынан алабөтен өзге болуы мүмкін емес еді. Дегенмен олардың даралық қасиеттері өзді-өзіне тән айқын да айрықша ерекшеліктерімен көрінуі әрқайсысын басқа ешкіммен шатастырмайсыз, өйткені оның кемелденген кейбір сипаты «Ботакөздегі» Асқар

Досановқа ұқсағанымен, характерінің даму жолында өзіндік өзгешеліктер бар. Ол Асқар сықылды кедей отбасында өсіп, революцияға түзу келген кісі емес, оның жолы – ауқатты қажы баласының көп қайшылықтарды басынан кешіріп революцияны қиындықтар арқылы қабылдаған жастың диалектикалық жолы [3, 115 б].

Хамза Есенжанов кейіпкерлерін алыстан іздемеген, өзі өскен ортадан тапқан, бала, жасаңдау кезінде көріп-естігендерін ойында жаңғыртқан. Осы себептерден де шығармалары шынай болып шыққан.

Революциялық күрестің он жылдан астам уақыт ішіндегі ірі-ірі кезеңдері оқиғаларын желілеп таратып, автор оның суреттерін көп салалы кеңдікпен, тарихи материалды мол қамтыған қарымдылықпен бейнелеген, «Ақ Жайық», «Көп жыл өткен соң», «Ағайынды Жүнісовтер» романдарында революциялық дәуірдің талас-тартыстары, шиеленіс, саналы азаматтардың азаттық үшін күресті бастап шығуы, ақтар мен ұлтшылдарға сүйенген байлардың кертартпа әрекеттері, орыс большевиктерінің қазақ халқының бостандық күресін қолдауы мен патша әкімдерінің жендеттік айла-тәсілдері, ауылдағы тап тартысы, дала табиғатының әсем суреттері мен ел тіршілігі, халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын көрсететін жағдайлар еңбекте керемет суреттелген. «Оралда бірінші Совдеп құрушылар Петр Дмитриев, Бақытжан Қаратаев, Павел Червяков, Петр Парамонов, Меңдікерей Епмағамбетов, Әбдірахмин Эргиев, Иван Белан өмірде болған адамдар.

Автор олардын бейнелерін тарихи деректі шындықтың шеңберінде көркемдік құралдармен сырлап жеткізген. Сондықтан аталған образдарда әрі шыншыл дәлдігімен де, көркемдік жинақтылығымен де нанымды [4, 22 б].

Хакім Жүнісов - үш романға да ортақ бас қаһарман. Мұның бойында дәуірдің ерекшеліктерін жинақтау сипаты молырақ байқалады. Басында сипаты молырақ саясаттан өзін аулақ ұстауға тырысқан жас жігіт аласапыран күрес заманында революция жағына қалай шығып кеткенін байқамай қалады. Жасына адалдық, шыншылдық жолында өскен жасты осы адамдық қасиеттер үшін тартыс саяси күрес жолына әкеледі. Революциялық өзгерістер оның дүние танымын өзгертеді. Хакімнің оқиғалар тізбегінде оңы мен солын танып, есеюі, саяси күрес жолынан өтуі, кейін саналы азамат болып, білімді заң қызметкері есебінде ауылдағы советтік шараларды жүзеге асыруы, әділет үшін гуманистік күресі аталған романдардың негізгі өзегі. Әуелде өзі де жас, ісі де ширамаған Хакім соңғы романдарда күрес жолынан өткен тәжірибелі жігіт ағасы есебінде ауылдағы тап күресінің басы-қасында болады [5, 15 б].

Дүние екіге жарылып, екі қоғамдық күшті қолдап шыққан заманда ауыл ақсақалдары да күрестен тыс қала алмайды. Елге тізесі батқан қатыгез ескішілдік Шұғыл қажы бейнесінен танылса, Жүніс арқылы жазушы әрқашан халық ортасында болып, оның арман-мұңын кеудесіне жиып өскен, ойшыл, әділет үшін күрескер адамның образын даралайды. Хакімнің әділдік үшін күресінде де шындап келгенде шындық жолынан таймайтын әке мінезінің ұшқыны бар. Шұғыл баласы дәрігер Ехлас та тап мүддесінен бұлтара алмай ұлтшылдық ескішілдіктің шырмауында қалады. Осыларға ере шыққан ішінде де қызғылықты типтер мол. Олар Кален мұғалім, старшын Жол, таяқ астынан революция босатқан кедейлер Қажымұқан мен сыбызғышы Қайыпқожа тағы басқа жаңа экономикалық саясат пен ауылды кеңестендіру кезінде кесек мінездерімен көзге түскен түлкі мінезді Ахметше мен солар бұзып адастырған қашқын Құныскерей, ескі тәртіптен сілкініп жаңа жолға ұмтылған әйел Шолпан сиякты бейнелер де жазушының елеулі табыстарының қатарына қосылады [6, 98 б].

Революция дұшпандары да романда реалистік жолмен жасалған. Патшашыл генерал Михеев, шенқұмар полковник Арон Қаратаев, баскесер Абылаев, шыншыл оқығандар Жанша, Халел Досмұхамбетовтер, дәрігер Ехлас Шұғылов, тағы басқалары да қара бояумен сызыла салған кейіпкерлер емес. Автор қазақ қоғамындағы буржуазияшыл ұлтшылдықтың шығу, даму жағдайларын нанымды суреттейді. Ұлт азаттығы үшін күрес кезінде туып, соның туын ұстағысы келген бұл ағым шын

мағынасындағы халық қамкоршысы болуға жарамай қалды, елді прогресс жолына бастауға кауқарсыздық көрсетті, сондықтан да оның ісінен сөзі көп болды ма өздерінен күш кете бастаған кезде революция жауларымен одақтасы. Хамза осы топ өкілдерін біздің кейбір шығармаларымызда кездескендей, күлкіге айналдырмай олардың трагедиясын күрделі психологиялық суреттермен ашады [4, 155 б].

Жазушы «Жүнісовтер трагедиясында» халыққа есімі аян, тарихи белгілі тұлғалар тағдыры жайында да толғана алған. Дәуір рухымен дәлдік тұрғысынан қайшылық кетпесін деп солардың бәрін де ой елегінен өткізген. Сәкен, Ғабит, Голощекин, Бақытжан Қаратаев жазбалары, Құныскерей деректерімен және басқа оқиғалар да жақсы бейнеленген.

Бақытжан Қаратаев ғасыр бастауында, төңкеріс жылдарында халқы үшін игілікті қандай жұмыстар атқарғанын бәрін-бірін былай қойғанда, ол 1868-1872 жылдардағы кіші жүз қазақтарының бас көтеруі жайлы ұзақ өмірінде өзі көрген адам.

Бақытжанмен әңгіме көп нәрсені түсінуге жол ашады. Ол Құныскерей тағдырына қатысты да әдемі ойлар айтады.

«Құныскерей Қожахметов неге бұл ұлы істен аулақтап, бір беткей жүр? Бұл – талдап келсеңіз дәлелдеуге болатын сияқты заңды құбылыс. Қазақ «батыр» деп бір кісіге әлі келетін күшті, қайратын қайтпай жұмсайтын, батыл, ел басына күн туған кезде, ерлігімен ауызға ілінген ардақты жігіттерін айтады. Бірақ өзгермейтін нәрсе жоқ, заң да, әдет пен ғұрыпта жаңарып отырады. «Елу жылда ел жаңа» деп мұны қазақ тауып айтқан. Бұрынғы заманның батыры атқарған істер екінші бір замандарда басқаша. Ал, ел басына туатын күн сирек кезде батырлық басқаша түрге, басқаша мағынаға айналады. Батыр Қожахмет күші мен тапқырлығын және қорықпайтын батылдығын жылқы айдап алуға жұмсаған. Онан туған Құныскерей кек алу жолына көшкен. Қоныскерей әрі батыл, әрі күшті. Оның үстіне сөзін ешкімге есе жібермейтін жан деп естимін. Басында да ол антек жолмен өзіне бас салған біздің өкімет өкілдерінен бас қорғау үшін қарсыласы, кейін оның түбі кек алу, кісі өлтіруге айналған деседі. Егерде тап осы жағдай ақиқат болса, мен мұны қазақтың ескі қағидасына сүйенген әдет-ғұрып заңымен де, осы күнгі білімге сүйенген совет заңының жолымен де адвокаттар қорғар еді деп ойлаймын. Өйткені бас қорғап, қару жұмсау қылмыс деседі. Сонан соң баскесер еткен не нәрсе? Осыны ашар еді қорғаушы Меніңше, адасқан жандар кері қайтады. Тек олардың адасқаны үшін кешірімін қолға ұстату қажет» [3, 142 б].

«Жүнісовтер трагедиясы» жеткізетін тағы бір құнды дерек – жалпы Х.Есенжанов романдарында шешуші бір желіге айналған мейлінше азалы тағдыр тәлкегі – Құныскерей хикаясы.

Роман оқиғасының, ондағы адамдар тағдырының күрделілігі шығармада отызыншы жылдары қазақ халқы басынан кешкен осындай қайғылы халді суреттеуден ғана емес, жалпы революциядан кейінгі қазақ ауылының советтік жолға түсуінің қайшылықты шындығынан да кен көрінеді. Жиырмасыншы жылдардың аяқ кезіндегі қазақ аулындағы тап тартысының шиеленісуіне, жаңаны жақтаушылардың ауыл байлары мен әлділеріне қарсы күресіне жазушы ерекше мән береді. Ахметше түрмеге түсіп, мүлкі тәркіленіп, жер аударылды. Қоныскерей жаңалықты қабылдамаған күйінде қашқын боп кетті. Жастар жаңа шындыққа сүйеніп өсіп келеді. Олардың алға ұстар үлгісі – Хакім еді.

Кейіпкерлердің тіршілігі осылай жіктелгенмен, олардың бірімен бірі байланысқан күйде өлмеудің, беріспеудің жолында тіршілік етіп жатқанын көреміз. Ахметше есебін тауып, малын өкіметке бермей, сатып ақшаға, алтынға айналдырып тығып жатыр. Қызы Гүлжаһанды Саратовқа оқуға жіберіп, өз қолынан кеткен малға соны ие етіп жұмсап жүр. Ағайын арасының жақындығын бұзғысы келмейтін Әділбек ағасы Хакімнің тапшыл көзқарасын іштей мойындамай Гүлжаһан мен Ахметшеге кол ұшын береді. Тап жауының қызы деп, бас тартпай, Әлібек те Гүлжаһанды беріле сүйеді. Мұның бәрі Хамза геройларының ақ, кара болып қана жіктелмей, жалпы адамға тән жақсылы-жаманды мінездерге бай, күрделі, қайшылықты жандар екенін дәлелдейді. Осылай

Ахметшені жер аудармай-ақ, әкімшілік жағынан тежей отырып, жаңа қоғам ісіне пайдалануға болар ма еді деп ойлайсың. Мал тұқымын асылдандырудың маманы ол оқыған көргенін, білгенін халық қызметіне жұмсаса біртіндеп төселіп кетер де еді. Құныскерейді де қашқын етіп бездіріп алған белсенділердің шолақ саясаты деуге болады. Жазушының шындыққа кен көзбен қарай отырып суреттеуі оқырманды осы ойға итермелейді. Ахметшенің тергеушімен әңгімесі, Құныскерейдің Сәкенге жазған хаты осы ойды дәлелдей түсетін сияқты.

Қосшы-кедейлердің бостандық алып, жаңаны түсіну жолында ілгерілеуінің өзіндік шындығы, логикасы бар. Олардың ішінде де бірден совет алғандар да, жаңа саясатты біртіндеп түсініп келе жатқандар да аз емес. Хамза көбінесе шындықты асықпай суреттеп, оны өмір тәжірибесіне лайық ұғынып келе жатқан адамдардың күрделі характеріне үңіледі. Жолмұқан – бұл тұрғыдағы елеулі бейне.

Шығарманың негізгі Гүлжаһан, Әділбек сияқты жастардың тұлғалары да осындай қайшылықты ортада қалыптасады. Аққөңіл, аңғал сезімтал Әлібектің бойында ақындық талант бар. Ол көбінесе соның ырқыменішкі сезімге, ойға көбірек беріледі. Заманының кедей мен байды жіктеп жатқанына, ағасы Хакімнің осы тектес бағыттағы уағызына қарамай, ол Гүлжаһанды шын сүйеді. Бірақ өмір оны бұл мақсатына жеткізбейді. Бай қызына ғашық болғаны үшін, күйрек өлең жазғаны үшін ол талқыға түседі, комсомолдан шығып қала жаздайды. Оқуын үзіп, жөнделу үшін өмірдің өзіне жіберіледі. Онда ол күріш дайындау науқанына араласады. Өсіте жүріп, заман сырын, адамдар психологиясы тереңірек таниды. Кішкенебай мен Ахметтің Әлібек көзімен салыстыра берген портреттері, характерлері сәтті жасалған. Әлібектің ауылда науқаншылдықты, асыра сілтеу фактыларын көріп, ой түюі де нанымды. Ол соларға қоса Шолпанмен әңгімесінде Орал бойындағы елдің аштық пен босқын өмірге ұшырағанын қынжыла айтады.

Әділбек-Әлібектен тіпті басқаша жан. Ол ауылда өскен. Ауыл ортасының ағайын мінезін бойына сақтаған. Адамшылық қарызына, ел ішінің бір-біріне деген қолқабысына ден қояды. Адам мен адамның арасын бай деп, кедей деп жіктеп, біріне бірін рахым етеуге баулып жатқан заман тілегін ол онша қабылдамайды. Бір мінез айтқанынан қайтпайтын қайсарлығы да бар. Оның белсенділердің әрекеті арқылы Совет істерінен сырт тартып барып, қайта оралуы дәуір шындығына сай суреттелген. Аяғында ол Алматыға оқуға аттанады [4, 165 б].

Романда сол кездегі ел басшыларының бірі, Қазақстан халық Комиссарлар советінің председателі Ораз Исаевтың да жан-жақты бейнесі танылады. Оның халық қайғысына ортақтаса білуі, елді содан құткаруға жанталасуы, көтерілген елге басу айтуға Сәкенді жұмсауы, ақынмен достық қарым-қатынасы Ораз туралы жылы әсер қалдырады. Оралдан қызметтен босаған Хакімге де қол ұшын беріп, Ақтөбеге ауыстырады. Бірақ олардың соңғы тағдырына араласа алмай, өйткені оның өзі де Сакен, Хакімдердің қатарында «халық жауы» деген атқа қосылып кетіп еді.

Мұнын бәрі Хамза романының дәуір шындығын кең бейнелеген туынды екенін дәлелдейді. Ол жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдар ішіндегі қазақ қоғамы дамуының ащы шындығын бүркемелемей, жалтақсыз суреттейді. «Ақ Жайықтан» басталған революциялық күрестің Қазақстанда Кеңес үкіметін нығайтуы кеңестендіру жолындағы ұлы істерге ұласқанын кең көрсете отырып, осы жолдағы бұрмалаушылықтарды ашады, сол негізде халық басына түскен ауыртпашықты жасырмай айтады. Бұл романның уақиға желісінен де, кейіпкерлер тағдырынан да анық танылады.

Хамза Есенжанов еңбектеріндегі кейіпкерлер – қазақ халқының қилы тағдырын, тарихи кезеңдердегі өмірін, күрескерлік рухын бейнелейтін жан-жақты тұлғалар. Оның шығармаларында әділдік, еркіндік, ұлттық сана, туған жерге деген сүйіспеншілік идеялары айқын көрінеді. Жазушының кейіпкерлері шынайы өмірдің көрінісі, олар тарихи оқиғалар аясында күресіп, өз тағдырларын қалыптастырады. Әсіресе, «Ақ

Жайық» романындағы Жүніс, Қайраш, Сәуле сынды тұлғалар қазақ зиялыларының басынан өткен қиындықтар мен рухани беріктікті сипаттайды [5, 167 б].

Қорытындылай келе, Хамза Есенжанов шығармаларындағы кейіпкерлер күресі мен тағдыры оқырманға ой салып, ел тарихын тереңірек түсінуге көмектеседі. Хамза Есенжановтың шығармалары жекелеген оқиғаларды баяндаумен ғана шектелмей, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын, тұрмыс-салтын және тарихи жадын кешенді түрде танытады. Жазушы ел тарихындағы ең күрделі кезеңдерді көркемдік шеберлікпен бейнелей отырып, жеке адам тағдыры мен халық тағдырын өзара сабақтастыра көрсетеді. Бұл туындыларда ұлттық болмыс, рухани құндылықтар мен тарихи шындық терең үйлесім тапқан. Осы ерекшеліктері арқылы Хамза Есенжанов шығармалары қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік дамуына елеулі үлес қосып, бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпай келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Есенжанов Х. Ақ Жайық. – Алматы: «Жазушы», 1978 – 344 б.
2. Шайекенов Ж. «Ақ Жайық» трилогиясындағы халықтық бейнелер. // Өркен 2024, №8, 11 б
3. Нұрғали Р. Қазақтың 100 романы. Оқу құралы. – Астана: «Фолиант», 2004. – 204 б.
4. Есенжанов Х. Ағайынды Жүнісовтер. – Алматы: «Жазушы», 1977 – 184 б.
5. Қирабаев С. Екі томдық шығармалар жинағы Том 2. – Алматы: «Жазушы» 1992. – 294 б.
6. Тұғыры биік талант: Хамза Есенжанов туралы естеліктер. – Орал, «Шұғыла Принт», 2018. – 154 б.

МРНТИ: 03.20

ШАЙХИСЛАМ БЕКЖАНОВ: СТРАНИЦЫ БИОГРАФИИ ПЕРВОГО ДИРЕКТОРА УРАЛЬСКОГО КАЗАХСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА

Абдрахманова Асель
Западно-Казахстанский Университет им. М.Утемисова,
магистрант 2 курса ОП «История»
г. Уральск, Казахстан
abdrahmanovaa021@gmail.com

Аннотация: Статья посвящена реконструкции жизненного пути и профессиональной деятельности Шайхислама Бекжанова — первого директора Уральского Казахского педагогического института, одного из малоизученных представителей региональной педагогической интеллигенции Казахстана 1930-х годов. На основе анализа архивных материалов, историографических источников и методологии историко-биографического исследования рассматривается его роль в становлении региональной системы высшего педагогического образования. Особое внимание уделяется институциональному развитию Уральского Казахского педагогического института в период руководства Бекжанова, а также значению цифровой репрезентации историко-образовательного наследия в условиях современной переоценки ценностей независимости и развития цифровых технологий. Делается вывод о необходимости включения биографий региональных деятелей образования в

цифровое научно-образовательное пространство как важного элемента сохранения исторической памяти.

Ключевые слова: Шайхислам Бекжанов, педагогическое образование, Уральский Казахский педагогический институт, региональная интеллигенция, цифровая репрезентация истории, историческая память, 1930-е годы, Казахстан.

В условиях цифровой эпохи и переосмысления ценностей независимости особую актуальность приобретает проблема сохранения и научной репрезентации историко-культурного наследия, в том числе через изучение малоисследованных биографий деятелей науки и образования. История становления педагогического образования в Казахстане, особенно на региональном уровне, включает значительное число персоналий, вклад которых в формирование национальной образовательной системы до настоящего времени остается недостаточно изученным. Одной из таких фигур является Шайхислам Бекжанов — первый директор Уральского Казахского педагогического института и впоследствии ректор Казахского педагогического института имени Абая, чья деятельность пришлась на период интенсивных социально-политических и институциональных преобразований 1930-х годов [1].

Формирование сети высших педагогических учебных заведений в Казахстане в 1930-е годы происходило в условиях реализации политики всеобуча, ликвидации неграмотности и подготовки национальных кадров для системы народного образования. Создание педагогических институтов в регионах имело стратегическое значение для расширения казахоязычного образования и формирования профессиональной педагогической интеллигенции. Уральский Казахский педагогический институт, открытый в начале 1930-х годов, стал одним из ключевых центров подготовки учителей для Западного Казахстана, обеспечивая регион квалифицированными специалистами и выполняя важную культурно-просветительскую функцию [2].

Ранние этапы жизненного пути Шайхислама Бекжанова остаются недостаточно изученными, что является характерной особенностью биографий многих представителей национальной интеллигенции первой трети XX века. Вместе с тем имеющиеся фрагментарные сведения позволяют утверждать, что его профессиональное становление происходило в контексте формирования казахской советской интеллигенции, ориентированной на идеи просвещения, социальной мобильности и модернизации традиционного общества. Полученное образование и опыт работы в системе народного просвещения способствовали формированию у Бекжанова управленческих и организационных навыков, которые оказались востребованными в период институционализации высшего педагогического образования. Для данного поколения было характерно сочетание педагогической, административной и общественной деятельности, что в полной мере проявилось и в его профессиональной траектории [3].

Назначение Шайхислама Бекжанова на должность директора Уральского Казахского педагогического института в 1932–1933 гг. совпало с наиболее сложным этапом становления вуза. Институт испытывал острый дефицит профессорско-преподавательских кадров, учебно-методических материалов и материально-технических ресурсов. В этих условиях руководство вуза было вынуждено решать широкий круг задач, связанных с формированием преподавательского состава, разработкой учебных планов, организацией учебного процесса и адаптацией образовательных программ к региональной специфике. Управленческая деятельность Бекжанова осуществлялась в условиях усиления идеологического контроля и нестабильности кадровой политики, характерных для периода второй пятилетки, что значительно усложняло процесс институционального становления образовательного учреждения [4, с. 19–20].

Несмотря на существующие ограничения, под руководством Шайхислама Бекжанова Уральский Казахский педагогический институт постепенно трансформировался из формально учреждённого учебного заведения в реально функционирующий образовательный и социокультурный центр региона. Институт обеспечивал подготовку учителей для казахских школ Западного Казахстана, что имело принципиальное значение в условиях реализации государственной политики в сфере образования. Помимо учебной деятельности, вуз принимал участие в организации научно-методических семинаров, педагогических конференций и культурно-просветительских мероприятий, направленных на повышение профессионального уровня педагогических кадров и расширение сферы использования казахского языка в образовательной среде. Таким образом, институт выполнял не только образовательную, но и культурную миссию, способствуя формированию региональной интеллигенции и распространению новых социальных и культурных ценностей [5].

Дальнейшая профессиональная деятельность Шайхислама Бекжанова, связанная с его работой в Казахском педагогическом институте имени Абая, свидетельствует о признании его управленческого и педагогического опыта на республиканском уровне. Назначение на руководящие должности в системе высшего образования отражало кадровую политику того периода, ориентированную на специалистов, обладавших практическим опытом организации учебного процесса в сложных социально-экономических условиях. Вместе с тем историческая оценка личности Бекжанова осложняется фрагментарностью источников и влиянием идеологических факторов, характерных для советской историографии, что требует осторожного и взвешенного подхода к интерпретации его деятельности [4, с. 27].

В современных условиях особую актуальность приобретает проблема цифровой репрезентации биографий деятелей региональной педагогической интеллигенции. Оцифровка архивных документов, создание электронных баз данных и биографических онлайн-ресурсов позволяют не только сохранить исторические источники, но и интегрировать их в научно-образовательное пространство. Реконструкция жизненного пути и профессиональной деятельности Шайхислама Бекжанова в цифровом формате способствует расширению исследовательского поля истории педагогического образования и актуализации малоизученных страниц региональной истории.

Обращение к биографии Шайхислама Бекжанова позволяет по-новому осмыслить процессы становления регионального педагогического образования в Казахстане в 1930-е годы и выявить значимость личного вклада представителей педагогической интеллигенции в институциональное развитие высшей школы. Анализ его управленческой и организационной деятельности показывает, что развитие Уральского Казахского педагогического института во многом определялось инициативой и профессиональной компетентностью первого директора, сумевшего в условиях кадровых и ресурсных ограничений заложить основы устойчивого функционирования образовательного учреждения. Включение исследований подобного рода в цифровое научно-образовательное пространство способствует сохранению исторической памяти, актуализации малоизученных страниц истории отечественного образования и формированию комплексного взгляда на эволюцию педагогической науки и практики в Казахстане.

ЛИТЕРАТУРА:

1. От института к университету: к девяностолетию ЗКУ им. М.Утемисова/ Г.Гурьева. – Уральск: РИЦ ЗКУ им.М.Утемисова, 2022. – С.5.

2. Высшие учебные заведения Казахстана. Сборник статей. // под ред. Ф.Спивак. – Алма-Ата,1957 – С.7.

3. Государственный архив Западно-Казахстанской области (ГА ЗКО). Ф580, Оп.1, Д.6, св.1, Л.23

4. История и хроники. Хроники сталинской эпохи. Часть 1. Исторический факультет/ М.Н.Сдыков. – Уральск: РИЦ ЗКУ им.М.Утемисова, 2024. – С.19-27.

5. Государственный архив Западно-Казахстанской области (ГА ЗКО). Ф580, Оп.1, Д.8, св.1, Л.2-4

ҒТАХР: 03.20.00

ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ

Джайылганова Айман
М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» ББББ 2 курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
aimanalniazova@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда этнография ғылымының институционалдық қалыптасу үдерісі және қазақ этнографиялық мектебінің дамуы қарастырылады. Зерттеуде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі мен оның ұлттық этнографиялық ғылымның қалыптасуындағы рөлі талданады. Сонымен қатар мақалада көрнекті этнограф ғалым Халел Арғынбайұлы Арғынбаевтың өмір жолы, ғылыми қызметінің негізгі кезеңдері, этнографиялық зерттеулерге қосқан үлесі мен ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі қарастырылады. Ғалымның қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, отбасы және неке қатынастары, шаруашылық жүйесі мен этномәдени ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған еңбектері ұлттық этнология ғылымының дамуына маңызды ықпал еткені көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері Х.А. Арғынбаевтың ғылыми мұрасы қазақ этнографиясының теориялық және деректік базасын қалыптастыруда ерекше орын алатынын дәлелдейді.

Кілт сөздер: этнография, қазақ этнографиялық мектебі, Халел Арғынбаев, этнология, Қазақстан ғылымы, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы институт, дәстүрлі мәдениет, қазақ отбасысы.

XX ғасырдың екінші жартысы Қазақстандағы этнографиялық ғылымның институционалдық тұрғыдан қалыптасып, кәсіби ғылыми кадрлардың жүйелі түрде даярлана бастаған кезеңі ретінде ерекшеленеді. Бұл кезеңді зерттеушілер қазақ этнографиялық мектебінің қалыптасуы мен дамуының маңызды тарихи кезеңі ретінде қарастырады. Аталған ғылыми мектептің қалыптасуы, ең алдымен, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты құрамындағы этнография (этнология) бөлімінің ғылыми-ұйымдастырушылық қызметімен тығыз байланысты болды. Формалды тұрғыдан шағын құрылым болғанымен, бұл бөлімнің ғылыми әлеуеті республикадағы этнографиялық зерттеулерді үйлестіруші негізгі орталыққа айналуына мүмкіндік берді.

Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанда этнография ғылымының жеке ғылыми бағыт ретінде ұйымдастырылуы кездейсоқ құбылыс емес еді. Бұл үдеріс бір жағынан мемлекеттік ғылыми саясаттың ықпалымен, екінші жағынан қазақ халқы мен Қазақстандағы өзге этностардың тұрмысы мен мәдениетін зерттеуге бағытталған

ғылыми дәстүрлердің қалыптасуымен түсіндіріледі. Этнография бөлімінің алдында қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, тұрмысын, сондай-ақ кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-мәдени өзгерістерді далалық экспедициялық материалдар негізінде зерттеу міндеті тұрды. Алайда осы бағыттағы басты қиындықтардың бірі кәсіби этнограф кадрлардың тапшылығы болды.

Осыған байланысты 1940-1950-жылдары қазақстандық этнографтар мен Мәскеу және Ленинград ғылыми орталықтарының мамандары арасында ғылыми байланыстар нығайып, бірлескен экспедициялар ұйымдастырылды. Сонымен қатар жас зерттеушілерді даярлау ісі жолға қойылды. Нәтижесінде 1950-жылдардың басында Қазақстанда алғашқы кәсіби этнографтар қалыптасып, кандидаттық диссертациялар қорғала бастады. Соғыстан кейінгі материалдық-техникалық қиындықтарға қарамастан, далалық экспедициялардың тұрақты жүргізілуі, жиналған материалдардың ғылыми зерттеулер мен іргелі жарияланымдарға негіз болуы қазақ этнографиялық мектебінің қалыптасуына маңызды ықпал етті.

Дәл осы ғылыми ортада қазақ этнографиясының кейінгі дамуына елеулі үлес қосқан жас буын зерттеушілер қалыптасты. Олардың қатарында Халел Арғынбаев, Едыге Масанов, Марат Мұқанов, Оразақ Исмағұлов сияқты ғалымдар болды. Қазақ халқының тарихи этнографиясы сол кезеңде толық зерттелмеген ғылыми кеңістік болғандықтан, әрбір зерттеуші өзінің ғылыми бағытын қалыптастырып, оны кейінгі онжылдықтарда жүйелі түрде дамытты [1, б. 23].

Қазақ этнология ғылымының көрнекті өкілі, отандық этнографиялық мектептің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан ғалым Халел Арғынбайұлы Арғынбаев 1924 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келді. Оның балалық шағы кеңестік қоғамдағы күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңімен тұспа-тұс келді. 1931 жылы отбасы Кузбасс өңіріне қоныс аударып, әкесі шахта өндірісінде еңбек етті. 1932 жылы отбасы Камчатка өңіріндегі Петропавловск қаласына көшіп, әкесі дүкен күзетшісі қызметін атқарды. Осы кезеңде Халел Арғынбаев бастауыш мектепте білім алып, 1934 жылы екі сыныпты аяқтады. Кейін отбасы Новосибирск қаласына қоныс аударып, ол үшінші сыныпты сол жерде аяқтады.

1935 жылы отбасы Қазақстанға қайта оралып, Қаратал ауданына орналасты. Ал 1938 жылы Алматы облысының Қапал ауданына көшіп, Халел Арғынбаев Қоңыр ауылындағы жетіжылдық мектепті аяқтады. 1939 жылы Қапал педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, оны 1942 жылы тәмамдады. Сол жылы ол Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, 1942 жылғы 1 қыркүйектен 1947 жылғы 1 наурызға дейін әскери қызмет атқарды [2, б. 22].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Халел Арғынбаев Ташкент қаласында Орта Азия әскери округінің радиотелеграф курстарында оқып, кейін Воронеж майданы құрамындағы артиллериялық дивизияда радист ретінде қызмет етті. 1943-1945 жылдары II–III Украин майдандары құрамындағы артиллериялық бригадада әскери байланыс қызметін атқарып, Украина, Молдова, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Югославия және Австрия аумақтарындағы әскери операцияларға қатысты [3, б. 35].

Соғыс жылдарындағы ерлігі үшін Халел Арғынбаев бірқатар мемлекеттік марапаттарға ие болды. Оның ішінде «Отан соғысы» ордені, «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалі, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және басқа да мерейтойлық медальдар бар [3, б. 35].

Соғыс аяқталғаннан кейін демобилизацияланып, туған жеріне оралған Халел Арғынбаев кәсіби білімін жалғастыру мақсатында 1947 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түседі. 1951 жылы оқуын үздік аяқтағаннан кейін Панфилов қаласындағы педагогикалық училищеде оқу ісі жөніндегі меңгеруші қызметін атқарып, КСРО және Қазақ КСР тарихы пәндерінен дәріс береді [4, б. 10].

1954 жылы Халел Арғынбаев Қазақстан Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің аспирантурасына қабылданады. Оның ғылыми жетекшісі белгілі этнограф И.В. Захарова болды. Ғалымның кандидаттық диссертациясы қазақ және орыс халықтарының тарихи-мәдени байланыстары мен олардың қазақтардың материалдық мәдениетіне ықпалы мәселелеріне арналды. Зерттеу Семей облысының материалдары негізінде жүргізілді [3, б. 35].

1960 жылы Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнография институтының диссертациялық кеңесінде Халел Арғынбаев кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады [3, б. 35].

1960-жылдардан бастап Халел Арғынбаев Қазақстандағы этнографиялық зерттеулердің жетекші мамандарының біріне айналды. 1963 жылы оған «аға ғылыми қызметкер» ғылыми атағы берілді. Кейінгі жылдары ол қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы, қолөнері, отбасы-неке қатынастары, халықтық білім жүйесі, әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері сияқты этнографияның түрлі бағыттары бойынша іргелі зерттеулер жүргізді.

1975 жылы ғалым «Семья и брак у казахов» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. 1977 жылы оған тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді [3, б. 36]. Кейіннен ол этнография бөлімінің меңгерушісі қызметіне сайланып, ұзақ жылдар бойы осы бөлімді басқарды. Ғалымның ғылыми еңбектері қазақ этнографиясының көптеген мәселелерін қамтып, ұлттық этнографиялық ғылымның дамуына маңызды үлес қосты.

1982 жылы КСРО Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен оған профессор ғылыми атағы берілді. Кейінгі жылдары ол этнография бөлімінің меңгерушісі ретінде бірнеше рет қайта сайланып, ғылыми-ұйымдастырушылық қызметін жалғастырды.

Ғалымның көпжылдық ғылыми қызметі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы президиумының шешімімен Халел Арғынбаев этнография ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда этнография ғылымының институционалдық негізі қалыптасып, кәсіби ғылыми мектептің дамуына жағдай жасалды. Бұл үдерісте Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің қызметі шешуші рөл атқарды.

Осы ғылыми ортада қалыптасқан көрнекті зерттеушілердің бірі – Халел Арғынбаев. Оның ғылыми еңбектері қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен әлеуметтік институттарын зерттеуде маңызды деректік және теориялық негіз қалыптастырды. Ғалымның ғылыми және ұйымдастырушылық қызметі қазақ этнографиялық мектебінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосып, отандық этнология ғылымының дамуына ұзақ мерзімді ықпал етті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ажигали С.Е. Казахская этнографическая школа второй половины XX века// XIII Конгресс антропологов и этнологов России: сб. материалов. Казань, 2-6 июля 2019 г. / Отв. ред.: М.Ю. Мартынова. – Москва; Казань: ИЭА РАН, КФУ, Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019. – 516 + LV с.

2. Аргынбаев Х. Автобиография// // Өнегелі өмір/ ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. Ш.46. – 373 б., сур.

3. Калыш А.Б. Халел Аргынбаев – профессиональный казахский этнограф//II Арғынбаев оқулары: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары /

құраст. Б. Хинаят, Е. К. Рахимов; жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 468 б.

4. Калыш А.Б., Раисов Д. Краткий очерк научной, педагогической, общественной деятельности д.и.н., профессора Х.А. Аргынбаева // Арғынбаев Х. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мутанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - С. 9-15.

ҒТАХР 03.20.00
ӘОЖ 94 (574)

ҒАЛЫМ Т.З. РЫСБЕКОВТЫҢ АҚЖАЙЫҚ ӨҢІРІНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Узбекова Махаббат Нұрлыбекқызы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» ББББ 2 курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
mahabbatuzbekova7@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада профессор, ұстаз-ғалым Рысбеков Тұяқбай Зейітұлының М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетін (1990-2000 жж.) басқару тәжірибесі, өңірлік жоғары педагогикалық білім беру жүйесін сақтап қалу және жаңғырту бағытындағы ұйымдастырушылық қызметі ғылыми тұрғыдан талданады. Автор тұлғаның қалыптасуына ықпал еткен өмірбаяндық факторларды, оның ғылыми жолын (кандидаттық және докторлық диссертацияларының тақырыптық өзегі), сондай-ақ басқарушылық шешімдерінің институционалдық нәтижелерін қарастырады. Зерттеуде университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, білім беру бағдарламаларын жаңарту, ақпараттандыру мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту сияқты стратегиялық бастамалардың мазмұны айқындалып, олардың 1990-жылдардың соңындағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы маңызы негізделеді. Сонымен бірге Т.З. Рысбековтің ғылыми мектеп қалыптастырудағы рөлі, өңірде диссертациялық кеңестің ашылуы және тарихшылардың жаңа буынын тәрбиелеуге қосқан үлесі көрсетіледі. Мақала қорытындысында ғалым-ұйымдастырушының қызметі Жайық өңіріндегі жоғары білім мен ғылымның тұрақты дамуына ықпал еткен тарихи тәжірибе ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков; М. Өтемісов атындағы БҚУ; Жайық өңірі; жоғары педагогикалық білім; басқарушылық қызмет; өтпелі кезең; білім беру реформалары; ғылыми мектеп; диссертациялық кеңес; институционалдық даму; халықаралық ынтымақтастық; білім беруді ақпараттандыру.

Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адамның мінездемесі үшін маңызды орын алады. Ол басқа индивтермен біріккен іс-әрекетінде, ақиқатты өзгертеді, соның арқасында тұлға дәрежесіне жетеді [1]. Бүгінгі мақаланың да басты мазмұны өмірдің мәнін жоғары деңгейге жеткізген Тұлға, әсіресе – Ұстаз , ғалым туралы болмақ.

Ұстаз барлық мамандық иесіне ілім беріп, тәрбиелейтін абзал жандар. Сондықтан «Мұғалім мамандығы-барлық мамандықтың негізі» деп саналады. Яғни, ұстаздық – бұл барлық мамандық атаулының төресі. Осы ұстаздық пен ғалымдықтың төте жолын қатар

ұстап, абыроймен көтеріп жүрген, күллі шәкірттері мен өзіне арқа сүйеген Ақжайық жұртына шамшырақ бола білген Рысбеков Тұяқбай Зейітұлының өмір жолы мен ағартушылық қызметі өнегеге толы. Профессор Т.З. Рысбековтың өз сөзімен айтсақ: «Бұл өмірде тек ғылым ғана ұлттан да жоғары және обьективті бола алады. Түркі ұлттар мен ұлыстардың басын біріктіретін де – Ғылым. Өз досыңа сенгендей, Ғылымға да адал болыңдар. Өмірде өткізген уақыттарыңды ғылыммен салыстырып санаңыз. Тек сол ғана өмірде сізге жол көрсететін компас тәріздес болады» [2, 3 б.].

Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы педагогикалық кадрлар даярлайтын М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетін кеңестік кезеңде де, сондай-ақ тағдырлы 1990-жылдардағы өтпелі дәуірде де басқарды. Осы уақыт аралығында ол жоғары деңгейдегі басқарушылық жауапкершілікті өз мойнына алды. Аталған кезең тек Қазақстандағы ең көне жоғары оқу орындарының бірінің даму бағдарын айқындаумен шектелмей, сонымен қатар тұтас мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және рухани болашағы шешілген тарихи белес болды.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті – бай тарихы мен қалыптасқан академиялық дәстүрі бар жоғары оқу орны. Ел тағдыры сынға түскен аса күрделі кезеңдерде аталған оқу орнының қоғамдық беделі мен институционалдық тұрақтылығын сақтау жөніндегі жауапты міндет Тұяқбай Зейітұлының еншісіне тиді. Жамбыл облысында дүниеге келген Тұяқбай Зейітұлы үшін уақыт өте келе Жайық өңірі рухани тұрғыдан етене жақын аймаққа айналып, ал педагогикалық институт оның кәсіби және өмірлік жолындағы қастерлі білім ордасы ретінде қалыптасты.

Жамбыл облысы, Талас ауданына қарасты Ақкөл ауылы – Тұяқбай Зейітұлының кіндік қаны тамған туған мекені, тарихи-мәдени мұрасы терең, ежелден қалыптасқан дәстүрлі өңірлердің бірі болып саналады. Әкесі Зейіт – Ұлы Отан соғысының ардагері, ал анасы Дәнекөз – ұрпағын тәрбиелеуде мейірім мен адамгершілік құндылықтарды басты ұстаным еткен жан болған. Жамбыл педагогикалық училищесінде білім алуы болашақ педагогтың шығармашылық әлеуеті мен ұйымдастырушылық қабілеттерінің қалыптасуына айрықша ықпал етті. Аталған оқу орнын сәтті тәмамдағаннан кейін, Тұяқбай Зейітұлы өзінің еңбек жолын туған ауылында бастауыш сынып мұғалімі қызметінен бастап, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіне белсене араласты [3, 4 б.].

Алайда ғылымға деген тұрақты құштарлық, білімге ұмтылған терең ынта және туған өлкенің тарихи өткеніне қызығушылық Тұяқбай Зейітұлын кәсіби дамудың жаңа белестеріне жетеледі. Келесі жылы ол ұлттық университетке (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) оқуға қабылданды. Университет қабырғасында Төлеген Тәжібаев, Мәулен Балақаев сынды көрнекті ғалымдардың ғылыми-әдістемелік ықпалымен жас зерттеушінің алғашқы ғылыми ізденістері қалыптаса бастады. Сонымен қатар Б.С. Сүлейменов, С.М. Кенжебаев, С.Б. Жантуаров, Н.Н. Даулбаев тәрізді отандық ғылым өкілдері оның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына бағыт-бағдар берген тұлғалар болды.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін табысты тәмамдағаннан кейін, Тұяқбай Зейітұлы жолдама арқылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына оқытушылық қызметке жіберілді. Тарихи тағылымы мол, рухани мұрасы бай Жайық өңірі ізденімпаз әрі зерделі жас оқытушы үшін ғылыми әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік берді. Ол педагогикалық қызметті жүйелі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастыра отырып, кәсіби тұрғыдан кемелдене түсті. Исатай мен Махамбет, Құрманғазы, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Жаһанша Досмұхамедов, ерлік пен отансүйгіштіктің символына айналған Мәншүк Мәметова сынды ұлт рухын биіктеткен тарихи тұлғалармен сабақтас киелі өңірде Тұяқбай Зейітұлының алғашқы ғылыми еңбектері дүниеге келді [4].

Т.З. Рысбеков аспирантурада білім ала жүріп, 1977 жылы ғылыми жетекшісі Дулатова Дина Исабаевнаның жетекшілігімен «Деятельность местных Советов Казахстана по руководству культурно - просветительной работой в ауле и селе (1933 -

40 гг.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Кеңестік дәуірдегі мемлекеттік биліктің жергілікті органдарының қызметін зерделеу Тұяқбай Зейітұлының кейінгі ғылыми ізденістерінің де негізгі бағыттарының біріне айналды. Осы бағыттағы кешенді зерттеулерінің нәтижесінде ол 1990 жылы «Советы Казахстана в период упрочения и развития Социализма (1938-1960 гг.)» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Тұяқбай Зейітұлы академиялық ортада ассистенттен кафедра меңгерушісіне, одан әрі декандық қызметтен жоғары оқу орнының ректоры лауазымына дейінгі кәсіби жолдан өтті. Қазақстанда Тәуелсіздіктің жариялануы мен нарықтық қатынастарға көшу кезеңі оның институт ректоры болып тағайындалуымен тұспа-тұс келді. Басшының табандылығы, басқарушылық тәжірибесі мен стратегиялық ойлау қабілетінің арқасында еліміздегі ең байырғы жоғары оқу орындарының бірінде заман талабына сай жаңа білім беру бағдарламалары енгізіліп, оқу орнының материалдық-техникалық базасы жүйелі түрде жаңғыртылды. Сонымен қатар шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған институционалдық негіздер қаланды [5].

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын басқару жөніндегі аса жауапты міндет Тұяқбай Рысбековтің үлесіне тиді. Оның басшылығымен оқу орнының институционалдық дамуына серпін беретін жаңа білім беру технологиялары мен бағдарламалары кезең-кезеңімен енгізіліп, бакалавриат–магистратура–докторантура деңгейлерін қамтыған көпбейінді университет моделі қалыптасты. XX ғасырдың 1990-жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайында Т.З. Рысбеков жоғары оқу орнының ғылыми-білім беру әлеуетін сақтап қана қоймай, оны қайта құрылымдау мен стратегиялық дамытудың берік негізін қалады. Бұл трансформациялық үдеріс кредиттік оқыту технологиясын енгізу, білім беру менеджментін жетілдіру, оқу үдерісін ақпараттандыру, инновациялық жобаларды іске асыру және халықаралық академиялық интеграцияны күшейту бағыттарымен сипатталды. Жиырма жылға жуық басқарушылық қызметі барысында Тұяқбай Зейітұлы аталмыш білім ордасын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, еңбек нарығы талаптарына сай сұранысқа ие білім беру бағдарламаларын ашты, материалдық-техникалық инфрақұрылымды жаңғыртты, интерактивті және цифрлық оқыту технологияларын, сондай-ақ сапа менеджменті жүйесін енгізді. Аталған шаралар жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оның академиялық беделін ұлттық деңгеймен қатар халықаралық кеңістікте де нығайтуға мүмкіндік берді [6, 103 б.].

Тұяқбай Зейітұлы – ұстаздықты өмірлік мұрат еткен, бірнеше буын педагог-шәкірттерді тәрбиелеп шығарған тұлға. Республика батыс өңірі үшін докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалатын диссертациялық кеңестің ашылуы аса маңызды ғылыми жетістік болды. Т.З. Рысбековтің басшылығымен өңірде тарихшылардың ғылыми мектебі қалыптасты, оның шәкірттері бүгінде Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де табысты еңбек етуде. Олардың ішінде ғылыми-педагогикалық қызметті таңдаған кандидаттар: А.С. Тасмағамбетов, Р.Л. Абдрахманова, Б.С. Боранбаева, Г.Б. Сүлейменова, С.Б. Құрманалин, Ж.Ж. Жақсығалиев, Ж.Т. Ерназаров, А.С. Аманбаев, С.М. Гиззатов, А.М. Балыкова, Л.С. Серикова, А.Ш. Журасова, Ж.А. Исмурзин, А.Б. Аман, А.Т. Маден, Ж.К. Тастаева, М.Г. Дүйсенғалиева және т.б.

Тұяқбай Зейітұлы – ғалым және қоғам қайраткері, тек Жайық өңірінде ғана емес, бүкіл республикада және шетелдерде де кеңінен танымал әрі құрметке ие тұлға. Ол «Парасат» орденімен, «Арнайы еңбегі мен ғылыми-зерттеулері үшін» (Германия), «Наполеон» (Франция) сыйлықтарымен марапатталған, «Оксфордтың үздік ғалымы» номинациясы бойынша сертификат иегері, 2013 жылы ҚР БҒМ гранты бойынша «Үздік жоғары оқу орны оқытушысы» атағын алған. Сонымен қатар ол А. Байтурсынов атындағы медальмен, «Еңбек ардагері» медалімен, «И. Алтынсарин» төсбелгісімен, «Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, «Қазақстан білім

саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Т.З.Рысбеков «ҚР Құрметті қызметкері», «Орал қаласының Құрметті азаматы», «ҚР Білім саласының құрметті қызметкері» сияқты мәртебелі атақтарға ие болды.

Профессор Т.З. Рысбековтің өмірі мен қызметі – дарынды ұйымдастырушы, табысты әрі талапшыл басшы ретіндегі үлгі, өскелең ұрпақ үшін айқын сабақ болып табылады. Ол мақсатқұмарлығы, көрегендігі және қажырлы еңбегі арқылы кез келген қиындықты жеңіп, ең күрделі мәселелерге шешім таба білді. Бұл туралы ғалымның өзі де «Менің ғылымға арналған жолым басқа ғалымдардың әдеттегідей базалық білімді аяқтап шыққаннан кейін, ең жоғарғы ғылыми жәрежеге дейінгі ғылым жолынан еш айырмашылығы жоқ» - деп жазады [2,3 б]. Ғалымның жетекшілігімен мамандар даярлау жүйесінен бастап, оқу үдерісін ұйымдастырудағы озық идеяларды іске асыруға дейінгі барлық бастамалар нақты практикалық нәтижелермен дәлелденді. Бұл тәжірибе өскелең ұрпақ үшін тағылымды үлгі әрі кәсіби бағдар бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Тұлға мәселесін теориялық тұрғыдан шолу» // https://martebe.kz/tulga_maselesi (қаралған уақыты 23.12.2025)
2. «Батыс Қазақстандағы тарих ғылымы мен білім дамуының мәселелері: ізденістер мен міндеттер»//Т.ғ.д., академик Т.З.Рысбековтың 60 жасқа тоуына арналған РҒТКМ жинағы. – Орал; БҚМУ БАҚ және баспа орталығы, 2007. – 224 б.
3. Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш. - Орал: М. Өтемісов ат. БҚМУ РБО, 2017. - 121 б.
4. Старкова А. С уважением к родной истории // Приуралье. — № 87, 20 июля 2017 г.
5. Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің қалыптасу және өркендеу тарихы -Тоқсаныншы жылдар (Рысбеков Т. жөнінде). – Орал, 2002. – Б. 59-63.
6. Көзқарас: мақалалар жинағы / Т. З. Рысбеков. - Орал: РБО БҚМУ, 2007. – 240 б.

ҒТАХР: 03.20

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ӘСЕРІ

Қабышев Ы.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
«Тарих» ББББ 2 курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
yqlas_96@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шығу себептері, барысы және тарихи маңызы қарастырылады. Сонымен қатар көтерілістің Батыс Қазақстан өңіріне ықпалы, оның аймақтағы көріністері мен ерекшеліктері нақты деректер негізінде талданады. Автор патша өкіметінің отарлық саясатының күшеюі, жер мәселесінің шиеленісуі және тыл жұмыстарына адам алу жөніндегі 1916 жылғы маусым жарлығының халық наразылығын күшейткенін көрсетеді. Батыс Қазақстандағы көтеріліс жалпыұлттық қозғалыстың құрамдас бөлігі ретінде бағаланып, өңір тұрғындарының отарлық езгіге қарсы күресі тарихи тұрғыдан сараланады.

Тірек сөздер: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Батыс Қазақстан, патша өкіметі, отарлық саясат, халық наразылығы, тыл жұмыстары, көтеріліс.

Патша үкіметінің мемлекеттік саясатының бір бөлігі ретінде Қазақстанға жоспарлы түрде енуі XVIII ғасырдың басында басталды. Отарлау екі бағытта жүрді: Қазақстанның батыс бөлігінде /кіші жүз/ және Солтүстік пен Шығыста /орта жүзде/ осы бөліктердің бәрінде казак әскерлері қамалдар жүйесін тұрғыза бастады, олар бір линияға біріктірілді.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Яик линиясы қазақша Жайық 1780 шақырымға жетті. Ол Гурьев қалашығынан басталды. Яик өзені бойынша өтіп, Алабужинский отрядына дейін созылды.

Жат елді басып алу әрекеті үш жүз жыл бойы дерлік жүргізілді. Бұл қиянат қай кезеңде болсын қазақтардың жерлерін жаппай талан-таражға салумен ұштастырылды. Патша үкіметінің екпінді күші казактар Қазақстанның ішкі аймақтарына тереңдеп енген сайын империяның да шекарасы ұлғая түсті, тартып алынған жерлерде бекіністер қаптады. Мұның өзі қазақтардың тамырын жайған ата мекендерін тастап, құнарсыз аймақтарға босуына итермеледі. Қазақтар қыстауларынан, өріс жайлауларынан айырылды. Сөйтіп олардың талай ғасырлар бойы жасаған шаруашылық жүргізудегі прогресі жойылды. Орал казак әскерлері Оралдың сол жағындағы бүкіл құйқалы аймақты, суармалы мол шабындықты жайлап алды.

Казактардан соң шаруалар арқылы отарлау басталды. Патша үкіметі 1907-1912 жылдары столыпиндік реформа кезінде қазақ халқының жерін жаппай басып алып отырды. Мысалы: 1893 жылдан 1895 жылға дейін 2 жыл ішінде 4 млн десятина жер кесіп алынса, 1906 жылдан 1912 жылға, яғни 7 жылдың ішінде 17 млн жер кесіп алынды. 1910 жылы отарланған аймақтарды патша үкіметінің таянышын бекіту мақсатымен Сібір мен Қазақстанда жеке меншікке иелену үшін қоныс аудару учаскелерін кесіп беру жөніндегі шешім қабылдады. Тек 1911 жылдың өзінде жеке меншік жүздеген учаскелер мен хутор учаскелері бой көтерді. Сөйтіп Қазақстанда кулак шаруашылықтарының өркендеуіне, помещиктік жерлердің пайда болуына жағдай жасалды. Патша офицерлері, помещиктер, көпестер ірі жер учаскелеріне ие болды. Капиталистер – кен кәсіпшілері аренда деген желеумен қазақтарды ата қоныстарынан қуды. Қазақ халқының жер байлығы АҚШ, Англия капиталистерінің де сілекейін шұбыртты.

Қазақстанда тартып алынған жердің және тікелей талан-таражға салынған жердің көлемі өте зор еді. Патша үкіметінің қоныстану саясаты қатал да имансыз саясат еді. Отарлық саясатпен ымыраласпайтыны қазақтың Ресей қол астына кірген соң көп ұзамай-ақ белгі бере бастады. Бұған XIX ғасырдың 70-80 жылдарындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалыстары дәлел. XVIII ғасырдың 70 жылдарынан XX ғасырдың бастапқы ширегіне дейін қазақ елі отарлау саясатына 300 рет қарсы шыққаны белгілі. Осы қозғалыстардың барлығы ұлт-азаттық сипатта болған. Соның бірі – 1916 жылғы патша жарлығынан туындаған ұлт-азаттық көтеріліс еді. Бұл көтеріліс Қазақстанның түкпір-түкпірінде орын алған патша үкіметіне қарсы ұлттық қозғалыс болды.

Патша үкіметі халықпен есептеспейтін, көпті керек қылмайтын «Патша дәуірінде үкімет халық үшін» емес, «халық үкімет үшін» еді. Осы жолынан тайған жоқ. Патшаның әміріне қарсылық көрсету мүмкін емес еді. Патша өз қол астындағы кісілерге не істесе де ерікті еді. Ол 1916 жылғы жарлықты іске асырғанда да осы пікір осы жолмен жүрді [1, 10 б.].

1914 жылы басталған жер жүзілік соғыс империяшылар соғысы көпке созылды. Соғыс ылаңы 1916 жылға дейін ел арасында оншама сезілген жоқ сияқты еді. Елдің әдеттегі тұрмысы күнделікті қалпында еді. Бірақ осы 1916 жылы соғыстың зардабы сезілді. Қазақтан солдат алады екен деген хабар таралды. «Ақ патша қазақтан жүз жылға дейін солдат алмаймын деп ханға уәде еткен екен, сол жүз жылы толып, 4-5 жыл

өтіпті, енді солдат алатын болыпты» деген алып-қашпа сөздер жайды. Бұл ылаңменен қатар 1916 жылы елге керек қайбір нәрсе-қара қымбаттады. 14 тиын тұрған талон 15-16 тиын болды, тағы сондай қымбаттаған нәрсе-қаралар болды. Тағы бір заттардың кеміс болып, жетпеуі басталды. Елден басын кесіп, өлшеп мал алу болды. Бұрынғы күміс ақша орнына 15-20 тиындық марка шықты. Тағы-тағы сондайлар болды. Бұл жағдай белгілі ел арасына түрлі өсек үшін хабарлардың таралуына, халықтың әр комиссияға құрақ тұруына алып келді.

1916 жылғы Июнь жарлығы елге тым қатты тиген жарлық болды. Июнь жарлығы елдің зәресін ұшырды. 19 бен 30 жастардың арасы жігіттер соғыс майданының шебіндегі жұмысқа алынады деген хабар әсіресе жастарды қорқытты. Әкім қара Қызыл үйге (ол уақытта болыс кеңсесі қызыл үй деп аталатын) жиналып тізім алу басталды. Істеп жатқан жұмыстарын тастап, бағып отырған малын қойып, 19-30 жас арасындағы жастар атқа мінді, лек-лек болып, топ-тобыменен ауыл, елді аралады. Елмен қоштасамыз деп қыдыру басталды, бірқатарлар бұл жұмысқа барудан қалай қаламыз, қайткенде құтыламыз деп, қалай бас қорғаудың шарасын іздеуге кірісті. Тізімге жазылмаудың шарасын іздеді [2, 21 б.].

1916 жылғы көтеріліс революциялық-саясаттық сипатта болды. Ол Ресей империализмінің отарлық системасына елеулі соққы берді, елдегі жалпы революциялық қозғалыспен ұштасып, еңбекшілердің таптық сана-сезімін көтеруде үлкен роль атқарды.

Майдан өңіріндегі жұмыстарды атқаруда кешегі ауыл тұрғындары еңбек коллективтерінің күшін таныды, таптық ынтымақтастыққа машықтанды, революциялық ниеттегі жұмысшылармен және солдаттармен танысты, олардың патша өкіметіне, буржуазияға және олардың одақтастары – феодал бай элементтерге деген өшпенділігі шыңдала түсті.

Әскерге шақыру жасындағы адамдардың тізімдерін жасау болыстарға, ауыл старшындарына феодалдық-патриархаттық жоғары топтың өкілдеріне тапсырылды. Олар тылдағы жұмыстарға мобилизациялаудың мәнін қалың бұқараға алдын-ала түсіндірген жоқ, қазақ арасында тууы туралы куәліктің болмайтынын пайдаланып, байлардың балаларының жастарын өсіріп немесе кішірейтіп, әскерге шақыру қатарынан босатты, олардың орнына жергілікті қазақ кедейлердің балаларын тізімге енгізді. Мұндай заңсыздық елде кең етек алды, бәрін болыстарға беретін тек қана пара шешетін болды.

Сонымен көтерілістің негізгі себептері: отарлық езгінің күшеюі, шұрайлы жерлерді тартып алу, алым-салық мөлшерінің артуы, еңбекші бұқараны феодалдық-бай топтарының езгісінің өсуі, бұқараның жағдайының соғыстың басталуымен байланысты нашарлауы, ұлт араздығының өршуі және «орыстандыру» саясатының орын алуы болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына Қазақстанның барлық облыстарынан қазақ еңбекшілерінің кең топтары белсенді түрде қатысты. Көтеріліс жаппай ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты, оның қозғаушы күші – еңбекші халық өкілдері жергілікті жұмысшылар, кедейлер, қолөнершілер болды.

Көтерілістің таптық мәні де болды, Қазақстанның басым көпшілік бөлігінде бұл қозғалыс ұлт-азаттық сипат алды және патша өкіметіне, империалистік соғысқа және жергілікті бай-феодалдарға қарсы бағытталды. Тек Жетісу мен Ақмола облысының аздаған бөлігінде ғана көтеріліс басында болған феодалдық және клерикалдық элементтер өз мүдделерін көздей отырып, ұлт араздығы мен ру аралық күресті шиеленістіріп, көтеріліске реакциялық, ұлтшылдық сипат беруге тырысты. Алайда, Қазақстанның барлық облыстарында да қазақтар қанаушы тап өкілдерінің ырқына көнген жоқ.

Көтерілістің кең құлаш жайған аудандары – Жетісу, Торғай, Ақмола, Сырдария, Семей және Орал облыстары болды[3,88 б.].

Қазақстандағы көтеріліс патша әкімшілігі үшін де, сондай-ақ жергілікті үстем феодалдар тобы үшін де күтпеген жерден басталды. Әр текті болғанмен, Қазақстандағы қозғалыс көпшілік аудандарда халық азаттық сипатта болды және негізінен патша өкіметіне империалистік соғысқа және байларға қарсы бағытталды. Көтеріліске соғысып жатқан армиялар ауданында қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар орнату жөніндегі жұмыстар үшін де Орта Азия мен Қазақстанның және басқа да бірқатар облыстардың бұратаналарын алу туралы болды. Қара жұмысқа 19 бен 43 жас аралығындағы еңбекке жарамды барлық жігіттер алынуға тиіс еді. Сол арқылы патша өкіметі көптеген орыс солдаттары мен жұмысшыларын неғұрлым көнбіс және арзан жұмыс күші ретінде «реквизицияланған бұратаналармен» ауыстырып оларды қорғаныс құрылыстары мен басқа да тыл жұмыстарынан босатқысы келді.

Көтерілістің басты кезеңінде қазақтар тек тізім жасауға қарсылық көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен бірге ауылдық старшындардан басқа да жергілікті әкімдерден тізімдерді тартып алып жойып жіберіп отырды. Орал облысының Шілік болысында ауылдық старшындар дайындаған тізімді жергілікті тұрғындар құртып жіберді. Осындай қимылдары үшін 19 қазақ жауапқа тартылды. Уезд басқарушылары тыл жұмысына «реквизицияға» жергілікті тұрғындардың барынша қарсылыққа дайын екендігіне көзі жетіп, қарулы қазақтармен ауылдарды аралап, старшындар мен болыснайларға біршама қолдау жасады. Ілбішін уезінің әміршісі подполковник фон-Геллер тыл жұмысына барудан бас тартқан қазақтардың тобымен қақтығысып, олардың бірнешеуін соққыға жықты. Қаруланған әскерге қарсы тұралмайтынын білген қазақтар тарап кетті. Ауылдық старшындардың көмегімен тыл жұмысына жөнелтетін адамдардың жаңа тізімі жасалды. Ауыл, болыс әкімшілері мен қазақ жастарының қайшылықтың одан әрі өршуі «Реквизицияны» тоқтатады деп шошынған патша үкіметінің облыстық және уездік буындағы басшылары кейбір жағдайда «семьялық тізімдерді» болыснайлармен ақылдаспай-ақ өздері дайындады. Қазақ ауылының жеке рулардың семья жағдайымен шала таныс отаршыл билеудің өкілдері осындай тізімдерді дайындауда көптеген олқылықтар жіберді. Мысалы, Ілбішін уезінің екінші ауданының басшысы Лебедев қазақ руларының өмірімен нақты таныс болмаса да Өленті, Бұлдырты, Сабынкөл, Қалдығайты болыстары бойынша «реквизицияға» жатқызатындардың тізімін өзі құрастырады. «Семьялық тізімдерді» дайындауда патша үкіметінің әскери жазалау орындары мен әкімшіліктері халықтың әдет-ғұрып дәстүрлерін аяққа басты. Ілбішін уезінің үшінші бөлімінің әміршісі Логашкиннің түземдік билеушілерімен санаспай қазақ жастарының тізімін құрастыруына пәрменді қарсылық көрсеткен қазақтар оны соққыға жықты. Қамшылы қазақтардың соққысынан әзер дегенде бас сауғалаған Логашкинді өлімнен құтқарған осы уездің ауылдық старшындарының бірі еді. Азық-түлік және күнделікті тұрмыстық заттар мен бұйымдардың тапшылығы қазақ ауылын шарпыды. Алыпсатарлардың қиянаты, күннен күнге күшейген қымбатшылық білек күшімен күн көрген кедей қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына алуға зорлау тіпті ызаны күшейтіп, қарулы қарсылыққа итермеледі. Осындай астан-кестен жағдайда Темір уезінің қазақтарының бір тобы «реквизицияға» қарсылық ретінде және жоқшылықтан әбден назаланып, орыс шаруаларының Преображенск селосындағы дүкенін тонаған. Темір уезінің Қайыңды болысының және жаз айларында осы өңірде көшіп қонып жүрген Гурьев уезінің Ақжол және Бестөбе болыстарының шаруалары қолдарындағы дүкенді талаудан түскен заттарын қайтармас үшін арнайы жіберілген қазақ қарулы отрядына қарсылықтан тайынбады. Ішкі істер министрлігі мен соғыс министрлігінің шешіміне сай 1916 жылғы қыркүйек айының басында қабылданған құжатта «бұратаналық» тұрғындар ішіндегі тәжірибелі малшыларды қара жұмыстан босатуға мәжбүр етті. Губернаторларға осы шешімді іске асыру тапсырылса да Қазақстанның жеке облыстарында бұл талап қатты бұрмаланды. Мысалы, Орал облысының губернаторы қара жұмыстан тек жылқышылар мен қойшыларды босатуға келісті де, сиыршыларды, түйешілерді майданның тыл

жұмысынан босатуға қарсылық білдірді. Осыған сай 1916 жылдың қазан айының 15-інде екінші мемлекеттік думаның депутаты сұлтан Бақытжан Қаратаев Ішкі істер министрі Кукелонополский мен осы министрліктің іс басқарушысы Протопоповтар атына жолдаған жеделхатында малшыларды қара жұмыстан толықтай босатуды талап етті. Сонымен қатар желедхатта жергілікті болыстарда пристантар мен шаруаларды басқарушылар мен малшылардың санын анықтауда заң бұзушылыққа барып отырғандығын хабарлады. Б.Қаратаевтың ішкі істер министрлігіне жолдаған жеделхатында «Мысалы, Орал облысындағы реквизициялық ережелерді ескермеген губернатор» семьялық тізімге: 15, 16, 17 жастағы балаларды, туберкулезбен ауыратын қазақтарды кіргізіп отырғанын ашына хабарлады. 1916 жылдың қараша айының 4-інде Орал облысы губернаторы және вице губернатордың қолдауымен Петербургке жіберген жеделхатта «Қаратаевтың ірі қара мен түйе бағушыларды да қара жұмыстан босату жөніндегі талабын негізсіз деп қарастырамын және қабылдаудан бас тартамын» деуі патша отаршыл әміршілерінің жоғарыдан түскен нұсқауларға пысқырып қарамағандығының көрінісі еді. Қаратаевтың 19 жасқа жетпеген бала жігіттерді қара жұмысқа заңсыз тартып отырғандығын мойындауға мәжбүр болған губернаторда ондай фактілер өте аз, тізімдерді құрастырғанда ондай кемшіліктер бола береді ғой, ал дімкәс ауруға шалдыққан жастарды тыл жұмысына тартуды тексеру комиссиялары арқылы анықтауға болар еді деп екі ұшты жауап береді. Патша әкімшілігінің рұқсаты бойынша 1916 жылғы 7-ші тамызда Торғайда Қазақстанның бес облысы Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстары өкілдерінің кеңесі шақырылды. Кеңесте феодалдық рулық жоғары топ көтерілісшілер қозғалысына өздерінің дұшпандықпен қарайтынын және жігіттерді тылдағы жұмысқа мобилизациялау туралы жарлығын қолдайтынын мәлімдеді. Дін басылары да реакцияны қолдап шықты. «Патшаның бұйрығы ақиқат, сондықтан оған қарсы тұруға болмайды. Сол себептенде біз патшаның бұйрығын орындамай отыра алмаймыз. Қазақ газеті мобилизацияны жақтаған үгітті өрістетіп, өз ықтиярымен қарсы жинауға шақырды, ал мұның дені болыстар мен ауыл старшындарының қалтасына түсті. Туындап келе жатқан ұлттық буржуазия қазақ шаруаларының азаттық қозғалысын бастаған жоқ. Ауылдық феодалдық патриархаттың жоғарғы тобына және орыс буржуазиясына жалтақтаған ол жалпы россиялық революциялық-демократиялық қозғалысқа қосылған ұлт-азаттық қозғалысын қолдамады». Сонымен қатар Даладағы 1916 жылғы шілдедегі жағдай туралы кейбір мәліметтердің ішінде 8 шілде күні Орал уезі болысы өлтірілгені айтылады [4, 2-3бб.].

1916 жылғы қазақ көтерілісінде патша әкімдерінің қолданған әдістері де болды. Ол туралы «Қahарлы 1916 жыл» [7]атты құжаттар жинағындағы Сейітқали Меңдешевтің жазған шығармасынан көруімізге болады: Қазақ көп халық. Қазақ халқы қозғалса, патша үкіметіне едәуір еңбек. Патша үкіметі міне осыдан қауіптеніп, қазақты неғұрлым надан қылып ұстауға тырысты. Ұйымшылдықтан, мәдениеттен аулақ қылды. Қазақ еліне қарсы, қазақ елінің тілегіне қарсы істер істесе, оған қазақтың надандығын дәлел қылып көрсеткісі келді. 1906 жылы (3 Мемлекеттік Думасы таратылғаннан кейін) өкімет қазақ халқын Думаға уәкіл сайлау еркінен айырды.

Оған әлі болса, қазақ халқының азаматтық құқығының мәніне түсінбегендігін дәлел қылды. Қазақ халқын соғыс қызметіне алмағанына да осы дәлелді көрсетті. Қазақты соғыс қызметіне алу мәселесі бірнеше көтерілсе де түрліше себептер көрсетіліп, кейінге қалдырып жүрді. 1914-17 жылдың соғысы кезінде бұл мәселе Мемлекет Думасында көтерілгенде де, соғыс министрі Муншамаков елдің жастарына құрал беруге болмайтынын, құралданып алғаннан соң қазақ халқының үкіметке қарсы көтеріліс жасауының мүмкін екенін айтып, тағы да қазақтан солдат алынбайтын болып қалды.

Орал өңіріндегі бас көтерулер бірден қазақ жүздіктерінің күшімен қатаң басылып тасталынды. Көтерілісшілер қырғынға ұшыратылып, олардың басшылары өлім жазасына тартылып, түрмеге қамалды. Соған қарамастан патша үкіметі өз мақсатын

толық орындай алмады. Орал облысынан жоспардағы 50270 адамнан шақыру пункттеріне барлығы 18270 адам ғана барды.

1916 жылғы Орал өңіріндегі оқиғалар туралы белгілі мемлекет қайраткері Әбдірахман Әйтиев өз естелігінде былай деп жазады: «1916 жылы маусым айында патша жарлығы жарияланды да қазақтардың тыл жұмыстарына еріксіз алуға қарсы толқулары бірден басып тасталынды. Шыңғырлау болысында ызаланған көпшілік болыс пен оның песірін өлтірді, соның нәтижесінде олардың 5-6 басшылары өлім жазасына кесілді. Орал өңірінің басқа аудандарында көршілес Торғай, Жетісудағыдай ірі көтеріліс болған жоқ, тыл жұмыстарына адам алу салыстырмалы түрде аса қарсылықсыз өтті» [6, 63 б.].

Орал облысы мен Бөкей Ордасындағы 1916 жылғы көтеріліс оқиғаларының барысын зерттеу нәтижесінде ерекше атап өтетін бір жағдай патша үкіметінің көтерілісшілерді жазалау үшін негізінен қазақ жүздіктерін пайдалануы болып табылады. Қазақ жүздіктері Жетісудағыдай Орал өңірінде де көтерілісшілерге қарсы қолданылған негізгі әскери күш болды. Жайық бойын патша үкіметінің отарлауы кезінде қазақ жерлері казактарға бекітіліп беріп, енді бағындырып ұстау үшін казак әскери күштері пайдаланылды. Сондықтан қазақ жерін өз уысында ұстап тұруға мүдделі бірден бір күш ретінде казак жүздіктері көтерілісті басып-жаншып, көтерілісшілерді жазалауға кеңінен қолданылды. Патша үкіметінің өзіне қойған міндетін казак жүздіктері Жайық өңірінде, бүкіл Қазақстан бойынша қанқұйлы жорықтарымен негізінен орындап шықты. Оған қырғынға ұшыраған көтерілісшілер мен тонауға, талан-таражға ұшыраған қазақ ауылдарының жағдайы толық дәлел бола алады.Орал уезінде басып-жаншу үшін Орал қосалқы жүздігінен 5 взвод әскер бөлініп олар Ойыл мен Темірде орналастырылды [13, 135 б.].

Міне, қазақ тарихындағы ұлттық дәрежеге жеткен бұл көтерілістің басталуы, себебі, мақсаты туралы ой түйіндейін. Қазақстанның ірі ошақтарының бірі батыс жеріндегі болған көтерілістің алатын орнын, дәрежесін нақтылай отырып, сол бойынша болашақ ұрпаққа пайдаға асатындай деректерді ұсынғым келеді. Өйткені, Орал облысы мен Бөкей Ордасында 1916 жылғы оқиғалар көтеріліс дәрежесіне жетпей тек қана бас көтеру, толқу деңгейінде ғана болғанымен халықтың патша әскеріне қарсы күресі ұлт-азаттық көтеріліс тарихының беттерінен лайықты орын алары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 90 жылдығына арналған «Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар: теория, тарих, тағылым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2006-148 б.

2. Қарабалин Ғ. «Аймақтағы батыл дүмпу: Батыс Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс тарихынан» //Егемен Қазақстан, 1996, 31 желтоқсан

3. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның тарихи жылдары (1916-1920 жж.) (тарихи очерк) Орал, 2000, 130 б.

4. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917-1920) II-бөлім, Бөкей облысы. Орал, 2001, 169 б.

5. Құрманбеков Б.Ж. Батыс Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс. (Оқу құралы). Ақтөбе: - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық баспа бөлімі., 2003 ж 87 б.

6. Хасанов Қ. Соналы көтерілісі. Орал: «ШұғылаПринт», 2015, 131 б.

7. Қahарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) - Грозный

1916-й год: (сб. Документов и материалов). – Алматы: Қазақстан, 1998. – (Саяси көпшілік басылым), 2. Т. – 1998, 247 б.

8. Қазақ әдебиеті Қозыбаев М. «1916 жыл. Ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері», 1992, 3 көкек,
9. Мырзағалиева Г. 1916 жыл оқиғасы // Дана журналы. - №5 (19). – 2015. – 50 б.
10. «Орал өңірі еңбекшілерінің таптық сана сезімінің оянуы» Орал өңірі 1986, 26 қыркүйек
11. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане (сб. Документов), из.Академии Наук СССР, М., 1960, 792 с.
12. Сапаргалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане. Алматы, 1966, 375 с.
13. Чурин Х.«Дауылды жылдарда» Қазақстан баспасы, Алматы. 1970, 156б
14. Сейфуллин С. «Тар жол, тайғақ кешу» Тарихи-мемуарлық роман. Алматы, «Жазушы», 1977, 392 б.
15. Ермұратов Х.Д «Октябрь нұрландырған өңір» Алматы, «Қазақстан» 1972 ж. 132 б.
16. Турсунов Х. «Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане» Изд: «Знание». Москва, 1966, 46 с.
17. Қазақ журналы, Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998, 392 б

ҒТАХР 03.20
ӘОЖ:94(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕР

Қуанышева Меңдігүл Муратовна
БҚО Құрманғазы атындағы саз колледжі МКҚК оқытушысы
Орал қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалад 1910-1914 жылдардағы Қазақстандағы большевиктік баспасөздің дамуын, Революция алдындағы реакция кезеңінің әсерін және жергілікті демократиялық газеттердің («Қазақстан», «Айқап») рөлін талдайды. Автор большевиктердің жергілікті баспасөз арқылы идеяларын таратуын, әсіресе «Қазақстан» газетінің (1911-1913) ерекшеліктерін баса көрсетеді: ол патша әкімшілігінің органы емес, прогрессивті интеллигенция (Бақытжан Қаратаев, Сейітқали Меңдешев, редактор Елеусін Бұйрин) басқарған. Газет алғашқы кезде ағартушылық бағытта болғанымен, Оралға көшкен соң революциялық-демократиялық мазмұнға (Лена оқиғасы, жұмысшылардың таптық күресі) толық ауысқан. Үзінді патша отаршылдығына, капитализмге қарсы күрестің алғашқы көріністерін мысал етеді, кейінгі Совет баспасөзіне негіз болғанын атап өтеді.

Кілт сөздер. «Қазақстан» газеті, большевиктік идеялар, революция, прогрессивті интеллигенция, саяси ереуіл, патша отаршылдығы.

Революцияның жаңадан өрлеуі кездерінде 1910-1914 жылдары Қазақстанда мерзімді большевиктік баспасөз органдары қалыптаспаған еді. Бұған реакция кезінде олардың қатарының кетуі, партия ұйымдарының аздығы мен бытыраңқылығы себеп болды. Бірінші империалистік соғыс кезінде де жергілікті большевиктік газеттер мен журналдар шыққан жоқ. Дегенмен олар жергілікті баспасөз беттерін пайдалана білді. Елдегі революциялық ситуация қазақтың демократиялық баспасөзінің пайда болуына жағдай жасады. Орда мен Орал «Қазақстан» газеті (1911-1913 ж) және Тройцкіде «Айқап» журналы (1911-1915) басылып тұрды. Газеттердің беттерінде қалайда большевиктік идеялардың жекелеген [1,174 б.] ұшқындары көрінді.

«Қазақстан» газетінің ерекшелігі - одан бұрынғы «Түркістан уалаяты» және «Дала уалаятымен» салыстырғанда органдарға әсерін тигізген заманның түбірлі айырмашылқтарын сөз етпегенде) ол патшаның отаршылдық әкімшілігінің органы болмағандығыда. Оны шығарғандарда прогресшіл интеллигенция өкілдері, қоғамдық қайраткерлер, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Коммунистік партияның қатарына кіріп, социалистік құрылысқа белсене қатысқан:Бақытжан Қаратаев, Сейітқали Меңдешев және басқалар. Газет редакторы-Елеусін Бұйрин. Олар байларда жалпылама жүріп, кейін қазақ оқытушылар семинариясын бітіріп, мұғалімдік қызметте болды. Октябрь жеңісінен кейін совет баспасөзінде еңбек етті.

Алғашқы кезде «Қазақстан» газеті жалпы демократиялық, ағартушылық бағытта болды. Ал редакция Орал қаласына көшкеннен кейін оның беттерінде нақты революциялық-демократиялық мазмұнды материалдар жиі көріне бастады.

Олардың бірі Россиядағы жұмысшылар мен капиталистердің арасындағы айқаспен таныстырды [1,176 б.].

Газеттің 1912 жылғы 24 апрельдегі нөмерінде «Ленада болған оқиға» деген мақала ерекше назар аударды. Онда былай делінген: «Бұл күнде халық екіге бөлінді: бірі - капиталист - байлар тобы, екіншісі - жұмысшылар-пролетариаттар. Байлар жұмысшыларды арзан жалдап алуға тырысып, таң атқаннан күн батқанша жұмыс істетті. Мұндай ауыр жағдайдаға наразы болған жұмысшылар еңбегіне қарай жалақы алу үшін, күніне 8-10 сағаттан артық жұмыс істеу үшін күресті» [2, 4 б.].

Бұдан кейін автор жұмысшылардың таптық күрес формаларын түсіндірді. Екі түрлі экономикалық және саяси ереуіл болатынын айта келіп, автор біріншісінде жұмысшылар жағдайын жақсарту мақсатымен жалақыны арттыруға күресетінін, егер де талаптарын қожалары орындамаса, жұмысқа шықпай қоятынын айтады. Ал саяси ереуілдердің мақсаты мен маңызы өте зор және терең. Мұнда жұмысшылар барлық өкімет билігін өз қолдарына алып, әділетті азаматтық құқықтарды орнату үшін күреседі деп жазды автор. Мақалада 1912 жылғы апрельде Лена өзені бойында жұмысшыларды да самодержавие қырғынға ұшыратқаны толық баяндалып, патша үкіметі капиталистердің мүдделерін қоғайтыны көрсетілді.

Газетте жарияланған «Ленада болған оқиға» деген мақалаЕмбі мұнай кәсіпшілігіндегі қазақ жұмышылары капиталистерге қарсы қалай күресудің жолын, жұмысшы қозғалысының міндет – мақсатын олар өзінің ана тілінде оқып таптық санасы оянды [2, 4 б.]. Сөйтіп, олардың өздері ереуілдерге белсене қатысты. Бұл арада тағы бір жайды айта кеткен Большевиктердің басшылығымен 1912 жылы Уральск қаласының жұмысшылары Лена оқиғасына байланысты ереуілге шығып, әкімшілікке экономикалық талаптар қойғаны туралы большевиктік «Невская звезда» газетінде жарияланған.

Сонау Үркіт губерниясында Лена өзені бойындағы кешенде жалданып, алтын қазып жатқан жұмысшылар ереуіл жасап, жөнді жұмыс істемей жатыр еді, - деп жазды газет. – Ақырында әскер шығып, осы 4 сәуірде (апрель қарсылық білдірген жұмысшыларды атты. Табанда 270 қырылып, 250 адам ауыр жараланды [2, 5 б.].

Лена оқиғасына қазақ жұмысшылары да қатысқаны тарихи құжаттардан белгілі. Самодержавие мен капиталистерге қарсы күрес «сеңін қозғаған», сөйтіп 1912 жылы революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуінің бастамасы болған оқиға Мұқатай Жәнібеков те қатысқан. Сол үшін 12 жылға каторгаға кесілді. Онан қайтып келе жатып жолда ереуілдерге қатысты. Қарқаралыда туған жас жігіт өмірлік жолын осылай бастайды. Қаршадайынан байларға жалшы болған және каторгінің азабын көрген ол қазақ байлары мен орыс капиталистері бәрібір қанаушы екенін түсініп, ол олардан тек большевиктердің басшылығымен жұмысшылар мен кедейлер бірлесіп күш жұмсағанда ғана құтылатынын білді. Бұдан кейін ол Қазақстанда Совет өкіметі үшін күрескендердің қатарында болды. Уездік милиция бастығы болып туған кезінде тап жауларына қарсы күресте [1, 287 б.] қайсарлық көрсеткен. Көрсеткендіктен «Угар» деп

аталды…

Халықтың адал ұлы, 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі Мұқатай Жәнібеков 1932 жылы 8 - октябірьде 45 жасында қайтыс болды. Ажалмен айқасқан, халық жауларымен шайқаста ерекше ерліктер көрсеткен оны елі мәңгі есте сақтамақ [2, 6 б].

Газеттің аталуында да мән бар. Бұл қазақ жерлерін біріктіріп, демократиялық республика орнату идеясын аңғартады. «Қазақстанда» елдің қоғамдық, экономикалық және мәдени өмірінің ең актуальді проблемалары жазылды. Газет көшпелі елді отырықшылық өмір салтына бейімделуге, білімге, орыс мәдениетімен жақындасуға шақырды. Мысалы, Б.Қаратаев «Азаматтарға» деген хатында көшпелі өмірдің күні өтті, көшпенділік және партиархалдық-феодалдық тұрмыстың салты мәдениеттің дамуына бөгет жасайды деп жазды. Кертартпа элементтерге соққы бере отырып, ол қазақтың еңбекші бұқарасын поселке болып тұруға, пайдалы кәсіппен айнылысу-балаларды мектепке оқытуға [3, 35 б] шақырады.

Газетте кооперация, агротехника, зоотехника мен ветеринария мәселелері жөнінде, сол сияқты ғылыми – атеистік мақалалар басылды. Бұл газеттің жетістігін айтумен бірге оның ерекшелігін де көрсетуіміз керек. Газет проблемалық мәселелерді көтергенде қай таптың мүддесін қорғайтынын ашып айтпайды. Мәселен, қазақ елінің әлеуметтік – шаруашылық өміріндегі қайшылықтардың себептерін, кедейлер санының көбеюін «Жердің тарлығынан» деп жалпылама түрде сипаттайды, бай мен кедей арасындағы қайшылықтарды ашып көрсете алмаған. Соған қарамастан осы газеттің қазақ бұқарасының арасында озат қоғамдық демократиялық ой – пікірлерді насихаттауының, замана талаптарына қарай отырықшы тұрмыстың шаруашылық пен мәдениеттің дамуына қолайлы жағдай жасайтындығын түсіндіруінің үлкен маңызы болды. Сондықтан, «Қазақстан» қазақ баспасөзінің тарихынан прогресшіл, демократияшыл газет ретінде орын алады. Тарихи жағдайларға байланысты «Қазақстан» газеті революциялық –демократиялық дәстүрлер дәрежесіне көтеріле алмады. Бірақ елдегі революциялық жаңа өрлеудің ықпалымен прогресшіл, демократиялық бағытта [3, 36 б.] болды.

Қазақ халқының мәдени өмірінде тұңғыш қоғамдық саяси және әдеби «Айқап» (1911-1915) журналының шығуы елеулі оқиға болды. Редакторы – қазақтың демократиялық интеллигенциясы өкілдерінің бірі - М.Сералин, жоғарыда айтылғандай, бірінші орыс революциясы жылдарында ауылда революциялық насихат жүргізді. Өзінің сол кездегі шығармаларында ол патша өкіметін, байларды, буржуазиялық ұлтшылдарды әшкерелеп жазды. М.Сералин журналдың төңірегінде ұлт интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдерін топтастырды. «Айқапқа» Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Бейімбет Майлин, Бақытжан Қаратаев, Сабыржан Ғаббасов және басқа жазушылар мен публицистер қатысты. «Айқап» журналы қазақтың қоғамдық ой – пікірін, әдебиеті мен публицистикасын Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннның, Абай Құнанбаевтың ағартушылық дәстүрлері негізінде дамытты [4, 28 б].

Журнал Қазақстанда революциялық ситуация, ереуілдер мен толқулар болған жылдары шығып тұрғанмен, оның бетінде бұл жайлар көрініс таппады. Мәселе оның жария шығуында ғана емес, редакцияның өзі бұл оқиғалардан қалыс қалды. Дегенмен журнал бетінде байлардың өктемдігін әшкерелейтін, еңбекші бұқараның қанаушылар мен самодержавиеге қарсылығын білдіретін материалдар басылды. Мәселен, Х.Лекеровтың «Болыс және Шотан» деген әңгімесінде сөзімен езушілер қатаң айыпталады. Кедей бостандықты талап етсе, болыс бұрынғы феодалдық – патриархалдық тұрмысты ақсайды. Өлкені басқарудың отаршылдық системасын сынайтын корреспонденция, мақалалар да басылды [5,160 б.].

Патша үкіметі 1867-1868 жылдардағы Ережелерді шығарарда, - деп жазды М.Сералин,-тек Қазақстандағы үстем тап өкілдерімен ғана ақылдасты. Комиссияға

кірген болыстар мен сұлтандар халықтың мүддесін қорғамады. Ш.Уәлихановтың егер билер сайлауы енгізілетін болса, зорлық –зомбылықты, парақорлықты, дауыс беретіндерді, сатып алушылықты және жіктелу күресін күшейтеді дегенін М.Сералин білетін еді.
Революциялық жаңа өрлеу жылдарында мұндай сынның мәні күшті болатын. Шын мәнісінде бұдан дәуірлеп тұрған тәртіпке [5, 169 б.] наразылық білдіретінін аңғаруға болады.

Журналда Ресейдің құрамына қазақтардың өз еркімен қосылуының прогрестік нәтижелерін көрсететін материалдар басылды. М.Сералиннің және басқа публицистердің қоғамдық – экономикалық проблемалар жөнінде айтқандары назар аударды. Мәселен, журналдың 1911 жылғы екінші нөмірінде М.Сералиннің «Қазақ халқының мұқтаждығы» деген мақаласында жергілікті халықты атам заманнан бергі мекенінен ығыстыруды, сөйтіп, мұнда кулактар шаруашылығын құруды көздеген столыпиндік қоныс аудару саясаты әшкереленді [6, 28 б].

Қазақ жерлерін зорлап тартып алу және шаруалардың жаппай қоныс аудару жағдайында М.Сералин аграрлық мәселенің әділетті шешілуі туралы батыл талап қойды. Мұқаметжан игілігінде болмауға тиіс, шұрайлы жерлер алдымен қазақ пен орыстың кедей шаруаларына берілу керек. Ол қазақ еңбекшілерін тым болмаса жан басына деген ресми норманы пайдаланып, поселке салып, егіншілікпен айналысуға шақырды.

«Қазақстан» газеті (1911-1913). Ордадан шығып тұрған басылым. Алғашқы екі саны Хан Ордасынан шығып, қалған сандары Орал қаласынан басылады. Газеттің алғашқы саны 1911 жылы 16 наурызда шықты. «16 нші марттан бастап Хан Ордада Елеусін мырза Бұйрин басқауыменен «Қазақстан» ісімлі қазақша газет шыға бастады. Бірінші нөмірі біздің басқармамызға келді. Сөзі таза қазақ тілінде жазылған. Адрес: Ханская ставка. Астр. Губ. Редакция газеты «Казакстань». Ал жұрт! Ендігі кезек сіздерде шығарылған газетті жазылып алдырып оқып, газеттің жылғы расходын өтесеңіздер газет тоқталмай шыға барар; алмасаңыз әлбетте тоқтап қалуы анық. Талапкер жастарымыз да кінә қалған жоқ. Ендігі кінә жұрт өз мойындарыңызда қалар. Газетке жәрдем етіп көбірек жазуға тырысыңыз» («Айқап». №4.1911.))деп, газеттің ұмырлы болуына, оқырманы көп болуына ізгі тілектерін білдіреді. Газетте негізінен отырықшылық, оқу-ағарту, өнер білім, мәдениет, тұтынушылар корперациясын құру мәселелерін көтерген еді. Газет қаржылық қиындықтарға байланысты тоқтайды [7, 114 б.].

«Қазақ» газеті (1913-1915). 1913 жылы 2 ақпанда Орынбор қаласында қазақтың алғашқы жалпыұлыттық газеті «Қазақ» шықты. «Қазақ» газеті 1918 жылға дейін шығып тұрды. 1917 жылдан бастап «Қазақ» газетінің ізін басып Семейден – «Сары Арқа», Ташкенттен – «Бірлік туы», Ордадан – «Ұран» газеттері шықса, 1918 жылы Семейден – «Абай» журналы, Петропавлдан – «Жас Азамат» газеттері іркес-тіркес жарық көрді [7, 118 б.].

«Қазақ» газетінің алғашқы 40 санын Мұстафа Оразаев бастырса, 41 санынан бастап «Азамат серіктігі» бастырды. Ахмет Байтұрсынұлы – 231; Міржақып Дулатұлы – 33; Жанұзақ Жәнібекұлы – 2 санын шығарды. «Қазақтың» жалпы 266 нөмері жарық көрді. 1913 жылы 44 саны, 1914 жылы 48 саны, 1915 жылы 71 саны, 1916 жылы 48 саны, 1917 жылы 46 саны, 1918 жылы 9 саны басылды. 1915 жылдан бастап жетісіне екі мәрте, жыл ортасында қайтадан бір мәртеден басылды. Соңғы №266 саны – 1918 жылы 26 қыркүйекте жарық көрді. Гзеттің 1913, 1914, 1915 жылғы сандары жинақталып, жеке кітап болып басылып шықты.«Қазақ» газеті және оның ізбасар басылымдары туралы Тұрар Ырысқұлұлы өз еңбегінде былай жазады: «1913 ынші жылдан 1916 ыншы жылға шейін қазақтың ұлтшыл оқығандарының қозғалысы едәуір күшейді, олардың қала сайын үйірмелері, ұйымдары болады. Феврал төңкерісінен кейін қазақтың осы ұлтшыл оқығандары «Алаш» атты саясат партиясын жасайды да, «Қазақ»

осы «Алаш» партиясының орталық газеті болады. Осы кезде «Қазақстан» басқа да қазақ тілде газет, журналдар шыға бастайды. Мәселен Семейде «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы, Ташкенде «Бірлік туы» газеті (бұл «Алаш Орда»ның Түркістан бөлімінің газеті еді» мұны бастап шығарған Шоқай ұлы Мұстафа), Аштараханда «Ұран» газеті, Қызылжарда «Жас Азамат» газеті. Бұл газет, журналдардың бәрі де «Қазақ» газетінің бағытын ұстап, соның жергілікті бөлімдері есебінде болды» [8, 40 б.].

«Сарыарқа» газеті (1917-1919). Семей қаласында «Алаш» баспаханасында басылды. Алғашқы сандарын Райымжан Марсеков шығарды. Одан кейін Халел Ғаббасов пен Имам Әлімбеков кезектесіп шығарды. Газеттің кей сандарында шығарушы ретінде – Әлихан Бөкейхан есімі көрсетілген (№45 - №47 сандары). 1919 жылдардан қазір бізге жеткен №75 - № 88 сандарын Шенже Керейбаев шағарды. Газеттің 1917 жылғы сандары жеке кітап болып басылды [9, 72 б.].

«Бірлік туы» газеті (1917-1918). Ташкент қаласында шығып тұрды. Газеттің алғашқы сандарын Мұстафа Шоқаев шығарған болса, одан кейінгі сандарын Хайредин Болғанбаев (№6-№16) пен Сұлтанбек Қожанов (№17-№29) шығарып тұрды. Газеттің 29 саны ғана табылып отыр. Табылған санбары жинақталып, жеке кітап ретінде осы жылы баспадан шығады.

«Ұран» газеті (1917-1918). Ордада шығып тұрған басылым. Алғашқы саны 1917 жылы 28 шілдеде жарық көрген. Шығарушы: Ғабдулғазиз Мұсағалиев, бастырушы: мұсылман бюросы болды. Жалпы 40 жуық саны шығып барып тоқтады. 1918 жылы 28 шілдеде №38 саны шыққаны белгілі. 1918 жылы 17 қарашада «Ұранның» орнына «Хабар-Известия» деген болшевиктердің екітілді газеті шыға бастайды. Газеттің кей сандары жинақталып, жеке кітап болып басылды [10, 42 б.].

«Жас Азамат» газеті (1918-1919). Петропавл қаласында шығып тұрған жастардың газеті. Қошмұхамед Кемеңгерұлы №1-№11 және №17- № 22 сандарын; Біләл Малдыбайұлы: №12-№16 сандарын шығарды. Қазақ жастарының алғашқы газетінің беташары «Жас тілек» деген бас мақаламен ашылды. Ұлттық мемлекет құрудағы жастардың ақ тілегі туралы: «Өмір тәжірибесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай, «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шықты. ... «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі» («Жас азамат». №1.1918). Газеттің үшінші санында Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген өлеңі басылып, жастарды ұлт үшін қызмет жасауға шақырады [5, 89 б.].

Жоғарыдағы аты аталған қазақ тілді басылымдардан өзге, солшыл бағытты ұстанған «Алаш» (1916-1917, Ташкен) және «Үш жүз» (1918, Петропавл) газеттерін атауға болады.

Газет бағыттары туралы Тұрар Ырысқұлұлы өзінің «Қазақстан» деген еңбегінде: «Қазақ жастары мен кейінгі дәрежелі оқығандар арасында кадетші зиалыларға (Әлихан, Ахметтердің жігіне) наразылық біліне бастайды. Бұлар өз алдына үйрімелер ашып, қатта бөлек газет шығармақшы болады, бірақ осы солшыл оқығандардың өзі де ұлтшылдық пікірінен тазармаған еді. 1917 інші жылы Ташкенде шыққан «Алаш» газеті, онан кейін (Түгес ұлы Көл-бай шығарған) «Үш жүз» газеттері «Қазақ» газетіне қарсы боп жазады. Бірақ соңғы екі газет құр солшыл ұран ұстаған мен, мақсат жағынан белгілі бағыты жоқ, құр бәсекені қолға алған еді. Басындағылар да «ауырдың асты, жеңілдің үсіт мен жүріп», оңай атақ бен оңай олжаға құмартқан, қолайсыз кісілер еді» [10, 40 б.] деп сипаттайды. Жалпы «Алаш» газетының 30 астам саны, «Үш жүз» газетінің оннан астам саны шығып жабылады. Мерзімді басылымдармен қатар қазақтың оқыған жастары қолжазба журналдар да шығарып тұрды. Бұлардың қатарында: Уфадағы «Ғалия» медересесінің жастары «Садақ» журналын (1915-1918), Омбыдағы қазақ жастары «Балапан» журналын (1915-1916), Алматыда «Садақ» жураналы (1917-1918), Петропавлдан «Жаңа заман» журналдардары (1917-1918) шыққанын атап өтуге болды [11, 46 б].

Ресей және Қазақстан аумағында Азамат соғысы (1918-1920) аяқталып бүкіл елде болшевиктер билікті қолға алған соң, жер-жерде баспалар ретке келіп, ұлттық басылымдар қайта шыға бастады. Шығарушылар бұрынғы Алашорданың белді мүшелері болғандықтан, көпшілік газет-журналдардың идеялық бағыты ұлттық сипаттан ажырамады. Олардың қатарында Петропавлдан «Бостандық туы» (Мағжан Жұмабайұлы, Жанұзақ Жәнібекұлы), Семейден «Қазақ тілі» (Жүсіпбек Аймауытұлы, Мәннән Тұрғанбай), Қостанайдан «Ауыл» (Мұхаметжан Сералин), Ташкенттен «Ақжол» (Сұлтанбек Қожанұлы) газеттерін атауға болады. Көп ұзамай бұл басылымдар үкімет тарапынан шектеуге ұшырап жабылады немесе атауы өзгертіліп, шығарушылар ауысады [11, 48 б].

Сонымен қатар, қарапайым шаруалар мен кедейлердің үні ретінде қазақ тілді баспасөздердің келесі бір толқыны пайда болды. ондай басылымдар көбінесе «Кедей» атауын қолданды. Мысалы, «Кедей сөзі» (Омбы, 1920), «Кедей еркі» (Алматы, 1921), «Кедей» (Темір, 1924), «Кедей айнасы» журналы (Ташкент, 1923-1924), «Кедей тілі» (Астрахан,1924) сияқты губернелік газеттер еді. Жаңаша атаумен жарық көрген ауданлық газеттердің қатарында бүгінгі Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің бастауы болып табылатын «Кедей еркі» газеті де бар. «Кедей еркі» газетінің алғашқы саны 1922 жылы майда екітілде «Вольная беднота», қазақша беті «ركىە يەدەك» («Кедей еркі») деген атаумен жарық көрді. Газеттің орысша-қазақша екітілде жарық көру тарихы «Дала уалаяты» (1888-1902) газеттінен бастау алады. «Кедей еркі» газетінің тұңғыш саны «ركىە يەدەك» деп Ахмет Байтұрсынұлы емлесімен шықты. Бас бетінде «Ашық хат» хабары баслып, бір өлең жарияланған. Жергілікті халқтың қажетіне байланысты жарық көрген «Кедей еркі» газеті әр жылдары «Еңбек» (1924), «Диқан дауысы» (1929), «Колхозшы» (1931), «Колхоз жолы» (1938), «Комунист» (1939), «Сталин жолы» (1944), «Еңбек туы» (1958) атауларымен жарық көрді [12, 86-87 бб].

Тарихтың сан тауқыметін тариқан тарихи басылым тек 1990 жылы 3 сәуірден бастап бүгінгі қолданыстағы атауы «Ақ жол» есімімен, бүгінге дейін үздіксіз шығып тұр. Облыстың тарих тереңінен сыр шертетін басылым, тағылымға толы.

Біз жоғарыда, XX ғасыр басындағы қазақ ұлттық баспасөзінің қалыптасуы тарихына, алғашқы журналдар мен газеттер тарихына қысқаша тоқталдық. Аталған басылымдардың азы бірнеше жүз, ең көбі 8 000 тиражбен басылып, Алтайдан Астраханға дейінгі қазақ даласына таралып жатқанын айттық. Газет-журналдардың көпшілігі негізінен бүгінде Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы. Кейбіреулері жеке кітап болып жинақталып шықты [13, 2-3 бб].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев С. Әлем баспасөзі тарихынан. / С. Қозыбаев, А. Рамазанова, Қ. Аллаберген. –Алматы: Санат, 1998. – 300 б.
2. Сағымбеков Р. Ажалды жеңген адам. / Р.Сағымбеков // Семей таңы, 1967. – 6 желтоқсан, -5 б.
3. Садықұлы.С Баспасөзде билік бар ма? / С.Садықұлы // Ақиқат. – 200. - №2. - 35 – 39 бб.
4. Өзбекұлы С., Исмаилов А. Ғұмар Қараш (өмірі мен қызметі). – Алматы, 2000. -334 б.
5. Бекхожин Х Қазақ баспасөзінің тарихының очеркі / Х.Бекхожин. – Алматы:Ғылым, 1981. – 191 б.
6. Дала уалаятының газеті/ Киргизская степная газета. / Құраст. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б.
7. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі / Б.Әбілқасымов. – Алматы: Мектеп, 1971. – 241 б.

8. «Дұрыстық жолы» газеті. 1919 ж. (ғылыми-танымдық жинақ. Ж.Сафуллиннің редакторлығымен. – Орал, 2016. -298 б.
9. Кенжалиев И.Н. Ғұмар Қараш. Оқу құралы. – Орал, 2004. -136 б.
10. «Қазақстан». Ырысқұлұлы Тұрар. Қызылорда. Қазақстан мемлекет баспасы. 1927. - 40 б.
11. Боранбаева Б.С. Ғұмар Қараш. Қоғамдық-саяси қызметі. Монография. – «Арыс» баспасы, 2014. -232 б.
12. Суханбердина Ү. Революцияға дейінгі мерзімді қазақ баспасөзі беттеріндегі материалдар. – А.- 1963. – 2 бөлім.
13. Абай Мырзағали. Қазақ баспасөзінің тарихы: бүгіні мен ертеңі //https://abai.kz/post/159401. Қаралған уақыты: 28.09.2025.

ӘОЖ 94(574.1)
ҒТАХР 03.00.00

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Сатдыкова Ибагул Наримановна
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
«Тарих» ББББ 2 курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан
Ibagul_1971@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының көрнекті перзенті, даңқты қолбасшы әрі қаламгер Бауыржан Момышұлының өмір жолы мен тұлғалық болмысы баяндалады. Автор батырдың балалық шағы, білім алуы, еңбек және әскери қызмет кезеңдерін жүйелей отырып, Қиыр Шығыстағы тәжірибесі мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік істерін сипаттайды. Панфилов дивизиясы құрамындағы жауынгерлік қызметі, Мәскеу түбіндегі шайқастардағы тактикалық шеберлігі, сарбаздармен жұмыс істеудегі көшбасшылық ұстанымы нақты эпизодтар арқылы ашылады. Сонымен қатар Б. Момышұлының әскери қызметтен кейінгі қоғамдық-әдеби ортаға араласуы, қазақ және орыс тілдеріндегі шығармаларының өмір шындығын арқау ететін көркемдік-тағылымдық мәні көрсетіледі. Мақалада батырдың қайсар мінезі, отансүйгіш рухы мен адамгершілік қағидалары ұрпақ тәрбиесіндегі өнеге ретінде пайымдалады.

Түйін сөздер. Бауыржан Момышұлы; Ұлы Отан соғысы; И.В. Панфилов; Панфилов дивизиясы; Мәскеу түбіндегі шайқас; Волоколамск бағыты; қолбасшылық; жауынгерлік рух; әскери тактика; ерлік; Қиыр Шығыс; ат спорты; қазақ жауынгері; жазушылық мұра; тарихи тұлға.

Жер бетінде қандай жарқын теңеулер болса, соның бәрі Бауыржан Момышұлына қатысты айтылған. Қазақ халқының көрнекті перзенті, даңқты қолбасшы әрі қаламгер Бауыржан Момышұлының келбеті өз заманының үлгілі азаматы өнегелі ұрпақты жетілдіруге бар күшін салып өткен қайраткердің жарқын бейнесі болып қалмақ!

Жамбыл жақтың (қазіргі Жамбыл облысы) тумасы болған Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге клеген. Әжесінің тәрбиесінде болып, кейін көрші ауылдағы әкесі Момыштың тамыры Иванның үйіне жатып оқып орысшы үйренеді. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі.

1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол жерде қазақтың қоғам қайраткерлері Әбділдә Тәжібаев, Құрманбек Сығындықовтармен

бірге білім алады. 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі. Институт директоры Тоқтыбаев студент баланың қатты суықта жұқа киіммен жүргенін көріп, өзінің кабинетіне шақырып алады. Баланың қолына бухгалтерияға қағаз жазып беріп, осы қағаз бойынша, ақша алатындығын және сол ақшаға ауылға қайтатындығын айтады. Осындай тұрмыс жағдайына байланысты оқудан кетеді [1, 1 б.].

Бауыржан атамыздың балалық бал дәурені ауылында өтіп, артынан жатақханада тәрбиеленеді. Мектепті бітіргеннен соң мұғалімдік жолды таңдайды, көп тұрақтамай мекемелік қызметке көшіп, жұмыстар атқарады. 1928-1930 жылдары, алдымен мектеп мұғалімі кейін, аудандық атқару комитетінде хатшы, артынан аудандық милияцияда 6 ай қызмет жасайды [1, 1 б.]. Әскери сап түзейтін дәуірге де, келіп жетеді. Ол шақ 1932 жылы туады. 1932-1934 жылдары қызыл армия қатарына қызметте, 1933 жылы полк мектебінде оқиды. Әскери оқулары мен жаттығуларына қоса, мергендікті де қатар алады. Келерінде қосымша командир болып оралады [2, 8 б.].

1932-1936 жылдар аралығында Қиыр Шығыста Қызыл тулы Армияның жасағында болады. Онда ұмытуға болмайтын көп жәйттарға куә болады. «...Қиыр Шығыста жүрген кездерімнің өзі бір мектеп» - дейді. «Сұлу табиғатына сүйсініп, бойымды үйреттім, ызғарлы аязы шымшып, жаңбырлы жазы жаныңды жадыратады. Келген жауынгерлерде біртіндеп үскірік аязына төзе жүріп, шынығып алды. Қиыр Шығыс Армиясында спортқа қатты мән берілген. Соның бірі ат спорты. Қазақта атты жақсы көрмейтін адам кемде-кем шығар» -деп жазады қайраткердің өзі [3, 16 б.]. Атамыздың да бала кезден жылқы атаулыны жаны сүйетін қазақтардың бірі. Қиыр Шығыс Армиясында да жылқыны таңдаудың реті түседі. Ішінен қарап жүріп Ақбоз атын таңдап алады. Ол өзінің серігіне айналады. Ат спорты командасының капитаны болып жүріп, қасына атты жақсы білетін адамдарды жаттықтырады. Кедергілерден жылқына секіріп өтуге шынықтырады. Осындай өнерін Қиыр шығыстағы айрықша Қызыл тулы Армияның қолбасшысы, маршал В.К.Блюхердің алдында ат спорттары жарысы өткізіліп, қазақтардың аттың құлағында ойнайтынын дәлелдейді [3, 18 б.].

Ұлы Отан соғысы бүкіл Кеңес халқының басына түскен ауыр күндер болды. Соғыс тауқыметі әр отбасына оңай болмады. Соғысқа аттанған бірінің әкесі, ағасы, інісі, баласы еді. Соның ішінде Бауыржан Момышұлы да болды.

1941 жылы екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен Бауыржан даңқты генерал - майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады. Батальонды басқарып, лейтенант шенінде жүріп, полк командирі қызметтерін атқарады [1, 1 б.].

1941 жылы И.В.Панфиловтың әр жерден келген жастарды біріктіре отырып, елін жатқа бермейтін мықты жасақ қалыптастырады. Бауыржан Момышұлына командирлік міндет жүктейді. Генерал Панфилов алыстан ойлап, көп жағдайда сабырмен шешіп отырған болу керек. Көп ұзамай соғысатын сәттері де жақындайды. Бауыржан Момышұлы Мәскеуде бірнеше рет ұрысқа бастап шығып, өзіне артылған міндеттерді артығымен орындайды. Шегіне жүріп шабуыл жасау әдістері де, сәтті қолданылады. Бір ұрыста, өзі жарақат алса да, «Енді шегінерге жол жоқ, не көрсекте бірге көреміз, санаулы ғанамыз» - деп, бұл сынақтанда аман шығады. Қолы көп үлкен жауларға, азғантай жауынгерлерімен қарсы аттанса да, жеңіп оралады.

Волоколамск бағытындағы немістерді жылжытпастан қарсыласып тұрып, талқандайды. Өткен күндердің бірінде, қоршауды бұзып жауымызды ысырып жеңіп келе жатқан кезде, жауынгерлердің бойында мақтаныш кернеп, өздеріне сенімділіктің тағы бір көрінісі білінді.

Генерал И.В.Панфилов Бауыржан Момышұлын үкімет марапатына ұсынады. Ол еңбектері белгісіз себептермен ескерусіз қалады. 1942 жылы Бауыржан Момышұлы мың екі жүз немістің көзін жойып, алты тармаққа бөлінген ауылдарға түнде шабуылдап, немістерден босатады. Немістердің басты күштері жиналатын орнын

жойып, бүкіл жоспарларын құртты. Көптеген техникаларды қолға түсірді. «Аса құпия» деген құжаттарын қолға түсірді. Қаншама рет кеудесін жауға төсеп, небір қиын тұстардан өткен еді. Әуе кеңестігінен келген қатерлерге де, қарамастан жаудың бетін қайтарып отырды.

1948 жылы Генералдық штабтың әскери академиясын аяқтады. 1950 жылдан бастап «Тыл және Кеңес Армиясын қамтамасыз ету» әскери академиясында аға оқытушы болып қызмет етті. 1955 жылдың желтоқсанынан бастап запастағы полковник Б.Момышұлы Қазақ КСР Жазушылар одағының мүшесі болды.

1982 жылы 10-маусымдаАлматыда батыр Бауыржан дүниеден өтті.

Бауыржан Момышұлы әдебиетке ден қойған шығармашалық жан болатын. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады.

Бауыржан Момышұлы әдебиетке ерекшелікпен келген екен. Оқырман қауым батырды алдымен шығармалардың авторы ретіндеемес, шығармадағы ержүрек кейіпкер ретінде таныды. Ол орыс жазушысы Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» (Волоколамское шоссе) повесті арқылы танылған болатын. Повестің басты кейіпкері панфиловшы офицер, Мәскеуді қорғауға қатысқан батыр –Бауыржан Момышұлы. А.Бек бұл еңбегін батырдың әңгімелері мен еске түсірулерінің желісімен жазған болатын [4, 11б].

Бауыржан Момышұлы жігіттік шағында-ақ ғашықтық жырлар, достарына, жерлестеріне арнау өлеңдерін жазған. Оның алғашқы шептен жазған мақалалары мен өлеңдері, аудармалары майдан газеттерінде, «Социолистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті» және басқа басылымдарда жарық көріп тұрған. Майданда ол күнделік жазып, ұрыс алыңында көрген-білгенін, басынан өткен жайттарды қағазға түсіріп жүрген. Оның негізгі шығармалары оқырманды шыншылдыққа тәрбиелейді [5].

«Ұшқан ұя» туындысы үшін 1976 жылы Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығына ие болады. 1965 жылы «Кубалық кездесулер» атты очерктік шығармасын жазды [6].

Оның басты еңбектерінің бірі - «Москва үшін шайқас» - Отаны үшін ұлы шайқастарға бас тіккен ерлеріміздің ұлы жолдары. Тік мінезділігі мен турасын бетке айтатыны, ел арасына әзіл-қалжың ретінде таралып кетті.

«Арпалыс» туралы ойларын, оқиғаларын қағазға түсірген А.Бек болған шайқастар мен оқиғаларды қатты әсерлеп, тіпті, Кеңес әскерінің жеңіліске ұшыраған кездерін жазбай қойса керек. Сөйтіп қолжазбасын Б.Момышұлына оқытады. Оқып болған соң, А.Бекпен болған келесі бір әңгімесінде оның жазғандарының кей жері шындыққа жанаспайтындығын және шындықты шындық етіп жазу керек екендігін айтады [4, 86 б].

Отан соғысының ардагеріАлексей Абрамов Момышұлы жайлы былай дейді: Тарихқа Клочковтың «Ресей ұлан-ғайыр, артымызда Мәскеу, шегінерге жер жоқ» деген сөзі кірген. Осындай ұлы сөзді Бауыржан Момышұлы айтқан. Ол алдында жатқан картаны өртеп жіберіп, «Бізге Мәскеуден ары батысқа қарай карта керек емес, не жаудың бетін қайтарамыз, не осы жерде өлеміз» деген. Бұл Ұлы Жауынгердің қасиетті сөзі.

Батырдың нақыл сөздері:

Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады.
Таяқтан тайсалмасаң,
Семсерден сескенбесең,
Жеңдім дей бер...
Қарабет болып қашқанша,
Қайрат көрсетіп өлген артық.
Ептілік те-ерлік
Айбындана шапқаннан ажал дасескенеді.

Қой бастаған арыстан тобынан, арыстан бастаған қой тобы артық.

Қазақ халқының біртуар батыр ұлы Бауыржанның Кеңес үкіметі мен қазақ халқы үшін жасаған ерліктері мен еңбектері өте зор болды. Ол тек қана әскери адам ретінде ғана емес, сонымен бірге жазушы ретінде де танылды. Оның еңбектерін оқыған жас буын өкілдері Отанға деген сүйіспеншілікті бойларына сіңіріп өсті. Өскелең ұрпақ алдында өзінің ерлігі мен тікмінез қайсарлығын көрсете білді [8, 122 б].

Атамыздың есімін құрметтеу барысында, қара домалақ қазақ баласына Бауыржан деп ат қойылса, сыртқы мемлекеттерде де, атамыздың атында әскери, оқу орындары ашылған.

Қазақтың басына Бауыржандай батырымыздың жазылуы тегін емес шығар. Жүрегі таза, тіліащы небір, өмір соқпақтарынан өткен жан. Жинақталған шығармаларының шығуы, жанында жүрген адамдардың ықпалымен, уақыттың талабымен, іздену жолдарымен қарастырылған болатын. Атамыздың бізге жеткен, қалдырған құнды жазбалары, естеліктері толықтырылып құрастырылып оқырманына қарай жол тартуда.

Батыр Бауыржан Момышұлы боп, толықтай танылуы негізінен, Ұлы Отан соғысы басталғаннан бері тарихтан ойып тұрып орын алды. Өзі соғыста жаумен арпалысып жүрсе де, елден хат-хабар жазысып, білгенін дәптерге түртіп отырды. Басынан кешіп жүрген оқиғаларын, соғыстың барысын, жауынгерлердің сәтін, келістіре отырып суреттеп, жазушы А.Бекке баяндаған. Кітап жазылғаннан кейін оң бағасын алып, халықтың журегінен жол тапты. Бауыржан атамыздың есімі асқақтады.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, дербес мемлекет болғаннан кейін, халықтың Бауыржан Момышұлына сұраныстары артты. Құнды мұралары көптомдық шығармалар жинағы боп, ұлы Бақытжан Момышұлы келіні Зейнеп Ахметова, қатарлас жүрген достары арқасында, толықтырылып шыққан болатын.

Атамыздың жазып қалдырған естеліктері, хаттары көбінеарабша жазылған болатын. Өзінің ыңғайы арабша жазу болса да, оны қайтадан қазақшааударып, реттеу қиындық туғызған. Архив деректерін зерделеп, басқаелдерде жарияланған мұрағаттар, сын-пікірлер, әскери карталар сыры жиналса, көптеген мәліметтерге қол жеткізіп, шығармалар көлемі өседі.

2010 жылдың ақпан айында Мәскеу қаласында Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына арналған «Аңызға айналған батыр» кітабының тұсаукесері өткізілді. Кітапта Бауыржан батырдың Мәскеу мұрағаттарындасақталған, бұрындары жарияланбаған жазбалары және жауынгер әріптестері Мәлік Ғабдуллиннің, Дмитрий Снегиннің естеліктері жарияланған. Батыр, жазушы Бауыржан Момышұлының 1928 жылдан 1982 жылы хатқа түсірген дүниелері ұшан теңіз және ол атамыздың өмірінің 54 жылын қамтиды.

Естеліктерді жазып отырып, өзінің сөздік қорлары жетпей қалатынын атамыз мойындаған. Қалың қолмен жауғааттанып жүріп, жазған дүниелері өте әсерлі. Жазған шығармалары басынан аяғына дейін, соғысқа қатысқан әрбір жанның қыл үстіндегі өмірі. Генерал, қарапайым жауынгерлердің ерлік істерін, халқынаадалдығын, психологиялық тұрғыдан жақсы сомдалған.

Есімі елінің жүрегінде сақталған атамыздың еңбектері әскери өмірден сыр шертеді. Жеңіске деген ұмтылыстары қосымша күш беретіндей, жігерленеді. Бастарын өлімге тігіп, жаудан азат етеді. Әскери өмірдің ауыр жолы қызығы мен шыжығын қатар алып жүруге үйретті.

Бауыржан Момышұлының архивтегі қағаз бетіне түскен дүниелер аз қамтылғанын, түсініп оқудың өзі қиындық тудыратынын айтқан. «Соғыста жүрген кезінде де, соғыстан кейін де, жақсы араласып жүрген жазушылардың еңбектерін талқылап ойларымды айтып, қателіктеріне түзетулер енгізуін ескерткенмін. Поэзия туралы тың ақпараттар мен ойларын бөліскен, үйреткен, сауатымды ашқан Әбділда Тәжібаев. Қазақ-орыс тіліне келгенде сөзім қысқалау. Соған қарамастан осы өмірде

көрген, жинаған дүниелерімді тілімнің байлауын біле тұра, жазуға кірістім. Шығармашылық жолдарымды бөліп қарастыруға тырыстым» деп жазады.

Бірінші тақырып-қазақ азаматы болып қалыптасуымның алғашқы кезеңдері. Жалпы өмірімнің бастапқы жолақтары, оларды жазу менің міндетім деп есептеймін

Екінші тақырып-жауынгерлік өмірге дағдыланып, соғыс психологиясынан сыр шерту. «Арпалыс», «Москва үшін шайқас», «Бір түннің оқиғасы» тағы басқа әңгімелер жарияланды. Қанды шайқасқа қатыстым, ендіоны жазуға тиістімін.

Үшінші тақырып-жауынгерлік өмірден-еңбек жолына бастауы. Қысқаша әңгімелерден тұрады.

Төртінші тақырып-И.В.Панфилов туралы өмірбаянын толықтырып шығару.

Көзі тірі, көпті көрген аға-аталарымыздың естеліктерін жинақтау дұрыс қарастырылмай келеді. Соның салдарынан соғыс кезінде қаншама материалдар белгісіз қалды. Панфилов дивизиясының атағын әлем халықтарының біле бастауы атамыздың айтуымен, А.Бектің жазған шығармасы болатын. Соғыстағы жазған дәптерлері бүгінгі таңда тарихи құнды дереккеайналды. Екі тілді қатар алып төселген атамыз, орыс тілінде жазудағы шеберлігі, сөз саптауы өте жоғары дамыған. Әрбір жауынгердің тағдыры шешілген соғысты әсерлі етіп жазғандардың бірі -ол Бауыржан Момышұлы атамыз.

«Соғыста бірге жүріп күрескен достарыма туындыларыммен ескерткіш орнатам», - деп айтқан атамыз сөзінде тұрды. Есіне мықтап сақтаған жанрларын, көз алдында бүгін болғандай етіп жеткізді. Әскери құжаттармен де соғысты білуге болады, бірақ адамның өмірі туралы жазылған шындыққа талпынған жақсы. Атамыздың естеліктерінде жауынгерлердің жеңіске ұмтылғанын, тәртіпке бағынып, ел алдындағы жауапкершілігін сезініп, жауды жағадан алған болатын. Елге төнген қауіпті, жеңіске деген талпыныспен алға ұмтылып, нық қадам жасады. Біздің бұрынғы-соңғы белгіліақын-жазушыларымыз эпистолярлық жанрғаонша мән бермеген. Ал мәдениеті биік, ісіне ұқыпты елдің зиялылары эпистолярлық жанрды ұсақ-түйек демейді. Бауыржан Момышұлының жарияланбаған қолжазбаларын тақырыбы жағынан жүйеге түсіріп, жанры жағынан жіктегенде көптомдықта күнделіктері, естеліктері, замандастары мен ресми орындарға жазған хаттары, өлеңдері, шежіре-әңгімелері, көптеген шашпа пікірлері мен әскери ғылыми теориялық туындылары хронологиялық жүйемен сұрыпталып берілді.

Бүгіндеатамыз туралы архив деректері түгелге жуық жинақталды десекте болады. Атамыздың қара шаңырағында қалған архивіне келіні Зейнеп Ахметова аса ыждағатпен мән беріп, рет-ретімен жүйелеп бізге дер кезінде жеткізіп берді.

Архив материалдары негізінде Бауыржан Момышұлының таңдамалы шығармаларының 27 томының алғашқы нұсқасы даярланған. Оның қандай қиын жолдармен жүзегеасып жатқанын басына түскен пенделер ғана сезініп, бағалай алмақ. Бауыржан Момышұлының өзінің майдандағы досы Д.Снегинмен өз қолжазбаларының келешек тағдыры туралы әңгімесінде: «Мен саған күллі қағаздарымды қалдырамын. Кейбіреулерінде табу (тыйым) белгісі; бастыруға болмайды. Бірақ мен тиісті кезінде білдіремін-тіпті, ол дүниеден де сәті келді, бәрін де жарияла, тіпті «ұмыт» деп әмір еткен нәрселерімнің өзін де, жарияла деймін» -депті. Міне Бауыржан Момышұлының сол аманатын тәуелсіздіктің арқасында еліміздің жас буын, жаңа толқынына ұсынатын кез жеткен сияқты.

Бауыржан Момышұлы әділет жолында һәм шындық үшін өзін де, өзгені де, аяған емес. Ащы да болса шындық артық деген жолды ұстанды. Бауыржан Момышұлы сынына, ой-пікіріне түсіне білген адам оны ақылға салып, қабылдай да, біледі деп ойлаймын. Ал ойлана білген әрбір жас атамыздың сөзінен рух еркіндігін сезініп, санасындағы бодандық сезімнен құтылып, жандүниесі байып, ой-санасы еркіндікке құлаш ұрып, биікке қанат қағары сөзсіз. Атамыздың ащы сынға толы өміршең ой-пікірлерінің өзі осындай тәрбиелік тереңдігінде жатыр.

1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан Момышұлы біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Жазушылық талант тез ұшталды. Ол шығармаларын қазақ, орыс тілінде жазып, қазақ әдебиетіндегі әскери проза жанрының негізін қалады. Жазушының өзекті тақырыбы-Ұлы Отан соғысы кезіндегі жауынгерлердің тұлғасын жан-жақты суреттеп сомдауға арналған. Осы шығармашылық мақсаттың айғағы ретінде жазушы қаламынан туған «Куба әсерлері» (1969), «Жонарқа» жинағы, екі томдық шығармалар жинағы (1969), «Ұшқан ұя» (1974), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991) т.б туындыларын айтуға болады. «Ұшқан ұя» кітабы үшін жазушы 1976 жылы Мемлекеттік сыйлық лауреаты атанды.Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқауеткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларынаайналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады.

«Офицердің күнделігі» атты шағын кітаптың авторы – Совет Армиясының гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктері бүкіл совет халқына мәлім. А.Бектің «Арпалыс» атты романын, М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» атты очерктерін, генерал Панфилов атындағы даңқты гвардия дивизиясы туралы жазылған жүздеген әңгіме, мақала, очерктерді оқыған әрбір совет азаматына полковник Б.Момышұлының басынан өткен оқиғаларды мақала тілімен баяндау орынсыз деп ойлаймыз.

Бірқатар шығармаларында Бауыржан Момышұлы Совет Армиясының қатарында қызмет ететін жастарды батырлықпен батылдыққа, төзімділік пен тәртіптілікке, тапқырлық пен табандылыққа қалай үйрету керек деген мәселелерді көтереді. Бауыржан өзінің «Офицер дәптері» атты қолжазбалары туралы: «Көрген білгенімді, өмір шындығынан туған ой-пікірімді қағаз бетіне түсіргенде, мен өзімді қаламы төселген жазушы болдым деп жүргенім жоқ, менің жазғандарым жазушыларға материал болса да жеткілікті» ,- дейді. Сонымен қатар бұл еңбектерінің әрқайсысында өмір шындығы, солдат сыры, отанын сүйген адамның жан сезімі бар.

Бұл шығармалар мыңдаған совет солдатының тағдырына жауапты командирдің демалыс уақытында ғана жазылған, совет командирінің ауыр борышын атқару жолындағы арпалыспен араласа туған, автордың өз сөзімен айтқанда, «аттың жалында,автоматтың жанында» жазылған еңбектер. Біз Бауыржанның қалың дәптерінің ішінен алынған қолжазбаларын бөлек кітап етіп ұсынғанда, оқушыларымыз айтылған ерекшеліктерін ескерер деп сенеміз.

Жігіттердің намысын қыздыруға тырысады: «Дұшпандарды артымыздан ертіп Москваға не бетімізбен барамыз, жігіттер сүйегіміз осы жерде қалсын, бір адым кейін шегінуге жол жоқ», - деп солдат кеудесіндегі патриоттық сезімді оятады «Ана әмірі» әңгімесінде.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», «Наша семья», «Москва үшін шайқас», «За нами Москва» шығармалары жазушының ең танымал туындылары. Бұл шығармалардың бәрі де, алғаш басылым көрген кезінде цензураның қатаң бақылауынан өтіп, біраз жерлері қысқартылған болатын. Өйткені «Наша семья» кітабы 1947 жылы жазылып бітсе де, 1956 жылға дейін ешбір баспа орны қабылдамай келді.Осындай алақұйын заманда XX ғасыр басындағы, яғни қазан төңкерісі алдындағы қазақ отбасы өмірінің бар болмысын сол қалпында суреттеген әрі ешқандай таптық саясаттың көрінісі жоқ. «Наша семья» кітабының М.Әуезов эпопеясынан кейін басылым көруі Қазақстанда мүмкін емеседі.Осы жағдайға байланысты бұл кітап цензура тарапынан біраз қысқартулар арқылы Ресейдің шеткеріоблысы Калининградта жарияланды.

Бауыржан атамыздың күнделігінде «Жазғандарым көп, басылғандары аз» - деп ескертуінде зор шындық жатыр. Біздер оқырмандар, бүгінге дейін жарияланған Б.Момышұлының су бетіндегі бөлігін ғана көрумен қанағаттанып келеміз. Ал суастындағы аумағы зор қат-қабат сырға толы қазыналы болмысын көз алдымызға

елестетеде алмаймыз. Өйткені, онда Бауыржан атамыздың бастан кешкен заман шындығы жайлы өтін тіліп айтқан сыншыл да, шыншыл жасампаз пікірлері жатыр. Бұл Бауыржан атамыздың жазған аталы пікірлердің мән-мағынасы-бірегей тарихшы ғалым профессор Е.Бекмаханов ескерткендей «Қиянаттың үлкені-халықтың өз тарихын өзінен жасыру екен. Бұл ұлттық сананың төте жолы ғой. Ал, ұлттық санадан айырылған ел ұлт болудан қалады», - деген ой толғанысымен тікелей сабақтасып жатқан құндылықтардың тұнып тұрған рухани қазынасы. Осы басылымда «Биографическая справкада» берілген «Предлогаемая читателю книга является первой частью автобиографического романа «Наша Семья», - деп ескертуінде автордың екінші кітабын жазу мақсаты айқын көрініп тұрды.

«Наша семья» романын жазушы Тұтқабай Иманбеков «Ұшқан ұя» деп қазақ тіліне аудару барысында автормен бірге жұмыс істеп, толықтырулар енгізді. Бауыржан Момышұлынан қалған архив мұрағаттарында Ұшқан ұяның екінші кітабын жазуға пайдалану үшін жиған дерек – мағұлматтары мен ол жайлы автордың жанама пікірлері жиі ұшырасады. Мысалы атамыздың балалық шағында әкесі үйреткен «Сұр мерген» қиссасын әпкесі, қарындасы, көкесі Момынқұлдың басшылығымен ауыл аралап айтқаны, тыңдаушылардан алғысалғаны туралы айтылатын жазба деректер осының айғағы.

Бауыржан атамыздан бірде неге «Ұшқан ұяның» екінші кітабын жалғастырмадыңыз деп сұрғанда: «...Ол кітапты жалғастыру үшін дерек сөздерін жинастырып жүрдім. Бірақ уақыт мүмкіндік бермеді. Әрі бозбалалық дәуір мен әртүрлі мектептерде оқып, сол тұста қатты сапырылыстарға ұшыраған қазақ қоғамының қалтарыстарында өткен өмірлік жолының суреттерісанамда қарайып ұмыт бола бастауы да кедергі келтірді» -деген екен.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бауыржан Момышұлы // https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12580?ysclid=
2. Егембердиева Ж. Өмірінің өзі дастан. – Алматы, 1990. – 320 б.
3. Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер / Құрастырған: М. Мырзахметұлы. – Алматы, 2007. – 208 б.
4. Бек А. Волоколамское шоссе. Тетралогия. – М., Худож. Лит., 2014. -544 с.
5. Бауыржан Момышұлы //https://kk.wikipedia.org/wiki (қаралған уақыты 15.09.2025)
6. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы, 1975. – 158 б.
7. Момышұлы Б. За нами Москва. – Алматы: Мектеп, 1992.
8. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз //http://ikitap.kz/book/a_nurshaiykov_akikat_pen_anyz/files/assets/basichtml/page2.html

Қ О С Ы М Ш А Л А Р

Қосымша 1

Бауыржан атамыздың Анасы Рәзияны салған суреті

Қосымша 2

Бауыржан Момышұлының жас кезіндегі бейнесі.

Қосымша 4

ҒТАХР 03.20
ӘОЖ: 94(574)

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ

Сулейменова Эльмира Амангельдиевна
Құрманғазы атындағы саз колледжінің тарих пәні оқытушысы,
тарих магистрі
Орал қ., Қазақстан
Электрон. почта: eimi.zh08@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада мұсылманшылдықтың бес парыздарының бірі – қажылық институтының ислам дінінің таралуы мен мұсылман халықтарын рухани, идеологиялық біріктірудегі маңызы талданады. XIX ғасырдағы қазақ даласында қажылықтың өрістеуі патша өкіметін алаңдатып, оны мұсылман фанатизмін күшейтетін күш ретінде қарастырылғаны мақалада тарихи деректермен ашып көрсетілген. Аталған кезеңдегі отаршылдық биліктің қажылыққа тежеу салып, қатаң қадағалауға алынғаны ашық айтылған. Сонымен бірге, мақалада Ресей империясының діни институттарды қолдану саясаты талданған, соның ішінде Орынбордағы мүфтилік құруы арқылы мұсылман халықтарын бақылау мәселесі өзекті болып отыр.

Кілт сөздер: қажылық, ислам, патша өкіметі, қазақ даласы, Орынбор мүфтилігі, отаршылдық саясат, рухани бірігу, мұсылман фанатизмі.

Мұсылманшылдықтың бес парыздарының бірі болып табылатын қажылық [1, 9 б.] - исламдық діни ағымның ең маңызды институттарының бірі. Сонымен бірге, аталмыш институт - ислам дінінің таралу ауқымы мен деңгейінің де ең басты көрсеткіші де. Оның территориясы, саяси-экономикасы, мәдениеті, тіпті, тілі жағынан да әртүрлі мұсылман халықтарын рухани, идеологиялық біріктіруші әлеуетті институционалдық құрылым болатындығы да сондықтан. Яғни, мұсылман дінінің басты негізі - қажылық ежелден бері мұсылман елдерінің, олардың сан алуан нәсілдік, этникалық өзара айырмашылықтарына қарамастан, рухани және идеологиялық жақындасуының, тіпті кейбір саяси жағдайда бірігуінің аса тегеурінді факторларының біріне айналды.

XIX ғасырдағы қазақ даласындағы мұсылман дінінің өрістеуі, халық арасында жиелеп кеткен қажылықтың өріс алуы патша өкіметін де алаңдатпай қоймады. Өйткені, бұл қазақ даласында ислам дінінің ықпалын күшейтетін фактор еді. Алайда, кейбір орыс шенеуніктерінің пайымдауынша, қазақ даласындағы қажылықты реттеу экономикалық табыс көзіне айналуы тиіс болды. Бірақ, патша өкіметі алғашқы ислам дінін қолдау саясатынан бас тартып, орыстандыру және шоқындыру саясатына ауысуы да қажылыққа деген көзқарастың өзгеруіне себеп болды. Сөйтіп, отарлық билік тарапынан қажылық мұсылман фанатизмін нығайтушы, дүниежүзі мұсылмандарын саяси-діни біріктіруші күш ретінде қарастырылып, оны жойып жіберуге орыс билігінің мүмкіндігі болмаса да, мемлекеттік тұрғыда зиянды деп табылып, оған мүмкіндігінше тежеу салынып, қатал қадағалануға алынды [2, 3 б.]. Осы тұрғыда Ресей империясы мемлекеттерді жаулап алуда саяси, әскери жолдар мен қатар, рухани діни институттарды қолдана отырып, XYIII ғасырдан бастап қолға алған патшалықтың Орынборда мүфтилік құруы, сол арқылы мұсылман халықтарын бір тізгінде ұстауы, аталмыш мүфтилікке барлық қазақ жерімен қатар, Бөкей Ордасының қарауы қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Жайық пен Еділдің қойнауында құрылған Бөкей Ордасында мұсылман дінінің дамуы мектептердегі мұсылман дінінің оқытылуымен, жергілікті халық

идеологиясында Бөкей Ордахан әулеттерінің мұсылман дінін басты ұстанымда негіздеуімен, мектеп-медресе, мешіт салдыруымен, мұсылман дінінің бес парызының бірі «қажылық» парыздарын ұйымдастыруымен көрініс табады.

1789 жылы 4 желтоқсанда Уфадағы мүфтиліктің ашылу салтанатын бас мүфти М.Хұсейінов мұсылмандарды патшайым II Екатеринаға адал болуға шақырудан бастады. II Екатерина патшайым дін уағыздау, жалпы идеологияны өз қолдарына алып, Кіші жүзге мешіт пен мектепке өздеріне сенімді адамдарды ғана жіберіп, оларды бақылауға, уысында ұстауға күш салды. Бұл молдалар тарихта «указный молдалар» деген атаумен қалды [3, 82 б.]. Ал, мешіт салу, молда жіберу, орналастыру губернатордың билігінде болған [4, 52 б.].

Осы кезеңде Бөкей Ордасына 1802 жылы имам болып Жүсіп Махмутов тағайындалып, әрбір ауылға имам бекітілді. Астрахан өлкесінің генерал-губернаторы генерал-лейтенант және ковалер Николай Федорович Птицев Бөкей Ордасының ханы Бөкей ханның сұрауы бойынша молда мурсалим Муртаза Абдреш Кутушев пен Айш Мұхамедрахимовты Ордаға молда қызметіне бекіту тапсырылып, 1808 жылы 14 маусым күні орындалған. Әрине, бұл жерде жоғарыда айтылған «указный молдалар» сатылы жүйе арқылы жоғарыға бағындырылды. Мұсылман діні Ордада мектептерде, медреселерде оқытылып, мешіт салу қажылыққа бару өз деңгейінде дамымасада, бірізділікпен жолға қойылып отырды. Бұл жолда Жәңгір ханның билігі тұсында жоғары деңгейге көтерілген болатын. Патшалық Ресей Жәңгір хан арқылы отарлауды тереңдету саясатын ұстады. Орыс үкіметі Жәңгірді толық тәуелді етіп, қазақ халқын оның ішінде қазақ балаларын шоқындырып, орыстандырып, тілінен, дінінен айыруды жоспарлады. Алғаш рет Қазақстан тарихында ахундар хандықта басты рухани тұлға ретінде лауазымдылығына бекітіліп, және оған қоса хандықта рухани өазылар міндетін атқарған. Хандықта дін басылары ханның жанында отырып, оның қолдауына сүйенген. Жәңгір хан халық санасын ояту үшін білім саласына аса мән берді. Хан өз ойларын жүзеге асыру үшін мұсылмандық жаңа үлгідегі бастауыш ауыл мектептері мен медреселерді салған. Қазақтар ішінен ислам діни қызметшілері тобы ұйымдастырылып пайда болғанын зерттеуші А. Алекторов көрсеткен [4, 52 б.].

Бұл кезеңдегі мұсылман дінінің мектеп-медреселерде қолдау табуына тоқталатын босақ, 1841 жылдың ақырына дейін қазақ балалары білімді тек мұсылман мектептерінен меңгерді. Оқу ісінде көбінесе мұсылман мектебі, оқуы әркімнің үйінде, не ауылында болған [5, 141-192 бб.]. Мұсылман мектептерінің оқушылары Ордада шын мәнінде татар сауаттылығына қарағанда анағұрлым үлкен дәрежеде дамиды. Мектептегі оқуды молдалар мемлекеттің қолдауымен жүргізеді. Бұл мектептердің бағдарламасы күрделі емес, оқу және жазу татарша, кейбір жатталатын мәтіндер Құраннан және намаз оқу тәртібінен еді. Мектептер ата-аналар және қоғамның қорынан өмір сүрген. 1841 жылы хан ордасында ашылған мектеп негізінде орысша-қазақша білім беру жолға қойылды [6, 46-46 бб]. Ішкі ордада, 1868 жылға дейін, яғни, әкімшілік реформасына дейін жалғыз орыс-қазақ мектебінен басқа хан ставкасында тек мұсылман мектептері мен медреселер болды [7]. Өз уақытында Ордада молдалар санының өсуімен, Ордада мұсылман мектептерінің саны да көбейген. Мұсылман мектептерінде орыс және орыс-түзем мектептеріне қарағанда шәкірттердің көп ескеруіміз қажет. Бірақ мектептің өмір сүруі тұрақсыз болды. Көптеген мәселе тұрғындардың материалдық жағдайына, діни қызметкерлердің жеке басына, географиялық және табиғи факторларға байланысты еді [8, 54 б.]. 1861 жылы Ордада мұсылман мектептерінің саны 55-ке дейін жетіп, оларды 1300 шәкірт оқыған. 1866 жылы 93-ке жетіп, шәкірт саны 3141-ге артқан. 1872 жылы 154 мектепте 3821 оқушы оқыпты. Ал келер жылы орыстандыру, шоқындыру саясатының ықпалымен 66 мұсылман мектептерін жаба отырып, мектеп санын 88-ге, ал шәкірт санын 3000-ға дейін кемітті [6, 45 б.]. 1870 жылы 26-наурызда жоғарыдан бекітілген тәртіпке байланысты ұлт мектептерінде міндетті түрде орыс тілін оқытуды еңгізудің керектігі айтылды. Ордада бұл міндет қолданыла бастағанда, кейбір

молдалар бұған сенімсіздікпен қарайды. Оларға әсер ету үшін Орынбор Мүфтиі молдаларға өз мектептерінде орыс тілін енгізуге келісім беретіндігі туралы циркулярлық қаулы жібереді. Барлық мұсылман мектептері және медреселер, сонымен бірге үйде және оқытумен айналысатындар 1874 жылы 20-қарашадағы Мемлекеттік Кеңестің пікіріне байланысты Халық Ағарту Министрлігінің оқу басқармасына бағындырылған. Ішкі ордадағы орыс-қазақ училищелерінде 1/4 бөлімін діни пәндер құрады. Мұсылман және татар мектептерінде пәндердің көпшілігі діни бағытта еді [7, 54 б.]. Алайда, патшалық Ресей өлкедегі мұсылмандық оқу орындарын түркі халықтарын біріктіруші саяси күш ретінде қарастырды және алғашқы Түркістан генерал-губернаторы К.П.фон-Кауфманның пікірінше, бұратана балалары мен орыс балаларының бөлек білім алулары келешекте империяның отаршылдық саясатына кедергі келтіретін-ді. Сол үшін кең тараған мұсылмандық оқу орындарын жойып, олармен күресу қажет болды [8, 19 б.]. Сөйтіп мектеп-медреселерді қысқартуға барынша күш жұмсай бастады. 1841 жылы хан ордасында ашылған мектеп негізінде орысша-қазақша білім беру жолға қойып, 1868 жылдан бастап мектепте білім беру орысша сауаттылыққа күш салынды [6]. Ал, Бөкей ордасында мешіт салу, құлшылыққа кедергі келтіруге жұмсалған патша үкіметінің саясатына да өз деңгейінде қарсылықтар орын алыпотырды. 1835 жылы Жәңгір ханның тікелей нұсқауы бойынша мұсылман мешіті ашылды. Қазақ ауылдарындағы молдалардың саны арттырылды. Олар хатшылық және рухани ұстаз міндеттерін қоса атқарды. Ресейдің ғалымы А. Алектровтың айтуына қарағанда, «хан бірде-бір рет намазын қаза қылмаған, жұма сайын сұлтандармен бірге мешітке барып тұрған, рамазан айындағы ораза кезінде онда таң атқанша болып жүрген. Бөкей хандығындағы мұсылман мешіттерінің дамуы туралы ресми цифрлар шамамен беріледі. Ішкі ордада 1850-52 жылдары 128 мешіт, онда Ахун, 130-молда болғаны , 1873 жылы 144 мешіт болғаны белгілі [9, 37 б.] [10, 220 б.].

Бөкей Ордасындағы тұрғындар күннен күнге исламға көптеп тартыла бастады. Мұсылмандардың бес парыздарының бірі болып саналатын «қажылық» мәселесі де Бөкей Ордасында өзіндік жалғасын тапты. Қажылық – исламдық діни ағымның ең маңызды институттарының бірі. Сонымен бірге, аталмыш институт – ислам дінінің таралу ауқымы мен деңгейінің де ең басты көрсеткіші де. Оның территориясы, саяси-экономикасы, мәдениеті, тіпті тілі жағынан да әртүрлі мұсылман халықтарын рухани, идеологиялық біріктіруші әлеуетті институционалдық құрылым болатындығы да сондықтан. Қажылық ежелден бері мұсылман елдерінің , олардың сан алуан нәсілдік , этникалық өзара айырмашылықтарына қарамастан, рухани және идеологиялық жақындасуының, тіпті кейбір саяси жағдайда бірігуінің аса тегеурінді факторларының біріне ацналды. Ресей патшасы II Екатеринаның 1767-1773 жылдардағы басқа халықтардың дініне төзімділікпен қарау саясаты («О терпимости всех исповеданий») мұсылман халықтарының Ресей арқылы қажылыққа бару мүмкіндігін жеңілдеткенімен, патшалық әкімшіліктің одан кейінгі ислам дініне байланысты екіжүзділік саясаты нәтижесінде Бөкей Ордасында да мұсылмандардың қажылыққа бару барысы үкімет тарапынан әртүрлі кедергіге ұшырап отырады. Соған қарамастан, Бөкей ордасының 1862-1897 жылдар аралығында 500 жуық мұсылман қажылыққа аттанған. Осы тұста назар аударар жайт, аталмыш жылдар ішінде қажылыққа ден қойған адамдардың санының жылдық динамикасының синусоидасы құбылмалы болғанмен, ол қажылықтың қазақы ортадағы орнықты дәстүрге айнала бастағандығын көрсетеді (1862 – 8, 1863 – 11, 1864 – 6, 1874 – 5, 1875 – 3, 1879 – 12, 1880 – 23, 1881 – 17, 1882 – 2, 1883 – 17, 1884 – 12, 1885 – 76,1886 – 22, 1187 – 23, 1888 – 25, 1889 – 17, 1890 – 11). Ислам дінінің қағидасы бойынша қажылыққа кәмелетке толған, бас бостандығынан айырылмаған (құл немесе жалшы емес), есі дұрыс, денсаулығы бар және ең бастысы, қажылыққа қажетқаражатты өз еңбегімен тапқан адам ғана бара алады. Ал қажылыққа бару үшін аталмыш уақытта әрбір адамға, кезінде қыруар қаражат (100-300 рубль) және қажылық паспорт алу үшін, маркаларымен, консульдық визамен қоса есептегенде 12,6

рубль қажет болды. Сондықтан да, қажылыққа негізінен ауқатты бай, би, сұлтандар және діни басшылардың ғана баруға мүмкіндігі болды [9, 3-16 бб.].

XIX ғасырда Ресей мұсылмандары қажылыққа үш жол торабы арқылы барды. Бірінші бағыт бойынша, жолаушылар Закавказе жіне Парсы елінің солтүстігіндегі Керменшах жері арқылы Түркиядағы Ханеяки қаласын басып өтіп, Бағдат бағыты бойынша киелі орындар Казмейну, Кербеля, Неджевке, одан әрі Арабия құмынан асып, Мекке мен Мединаға жол тартты. Ал, екінші бағыт бойынша – Кememен Қара теңіз порттарының бірі – Стамбұл-Александрия, одан құрлықпен Суэц қаласына, одан кеме арқылы Янбо мен Жиддаға одан Медине мен Меккеге сапар шекті. Үшінші бағыт бойынша – Бұқара немесе Самарқанд арқылы Мазари-Шәріп-Қабыл-Пешевар-Бомбейге тоқтап, одан әрі Үнді мұхитымен Жиддаға, немесе Янбоны басып өтіп, Мекке мен Мединаға аттанды. Екінші бағыт Орта Азия халықтары үшін ұтымды болды [9, 13 б.]. Мәселен 1833 жылы Бөкей Ордасында бой көтерген мешіттің аты берілген Байғазы қажы мен Кәкімбек қажылар қажылық парызын Закавказе жол торабы арқылы өтеген болатын [11, 33 б.].

Ішкі Ордадағы Уақытша Кеңестің сұрауымен Новоресей және Бессераб генерал-губернаторының 1863 жылы 27 ақпанда №243 бұйрығымен Мантемуров руы Тогачев бөлімінің қырғызы Атанияз Қыстаубаев (№23 билет), Ноғай руы Қазанқұлов бөлімінің қырғызы Юлгут Наурызбаев (№56 билет), Ноғай руы Қазанкулов бөлімінің қырғызы Салих Байчурин (№57 билет), Есентемір руынан Тагачев бөлімінің қырғызы Жетен Атаниязов (№30 билет), Ноғай руынан Куясов бөлімінің қырғызы Нурлубай Джанибеков (№59 билет) 1 жылға қажылыққа жіберілді. Уақытша Кеңестің сұрауымен Орынбор және Самара генерал-губернаторлығының келісімімен 1864 жылы сәуірде қажылық жасауға Ішкі Қырғыз Ордасынан төленгіт руы Дуванов бөлімінен Уразбай Құдайниязов, Ішкі Орда қырғызы Танаш Бекмұхамедов, Ішкі Ордасының Алашын руынан Масмех Кумкнов, Ішкі Қырғыз Ордасының Шеркеш руынан Сатыбалды Досжанов, Ішкі Қырғыз Ордасының Шеркеш руынан Кубей Кусумов 1 жылға қажылыққа жіберілген [4, 33 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей әкімшілігінің қазақ даласында ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, орыстандыру саясатына көшуіне байланысты және мұсылман халықтарының бірігуі мен татар халқының ықпалының күшеюінен сескенген ресей патшалығы 1868 жылға Орынбор Мұсылман Діни жиналысы құзырында болған қазақтардың діни мәселелерін, соның ішінде, қажылық ұйымдастыру ісін енді жергілікті әкімшіліктерге тапсырылған болатын [12, 10 б.]. Қорыта айтқанда, Бөкей Ордасындағы мұсылман діні ресей үкіметі тарапынан қатаң қадағалауға алынды. Молдалар Орынбор мүфтилігі тарапынан сынақтан өткізіліп, Орынбор шекара комиссиясының келісімімен бекітілді. Рухани салада Ресей әкімшілігі тарапынан тағайындалған белсенді рөл атқарды. Қазақ жергілікті татар молдаларына да басқасына да үйренді.

Әдебиеттер:

1. Ислам: қысқаша анықтамалық/ Ауд.: Қ.Тұтыбаев, О. Жолдыбаев, Е.Естаев. – Алматы: Қазақстан, 1988.-192 б.
2. Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылым халы – 2011.- 520 б.
3. Рүстемов С. Орынбор мүфтилігі және қазақтар // Қазақ тарихы, 2004. №4. -82 б.
4. Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство. –Алматы, Арыс, 2009. -400 с.
5. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. –Алма-Ата: Наука, 1982. -171 с.
6. Мұхамбетжанова А. «Бөкей ордасындағы білім беру». // Қазақ тарихы, №1, 1999. -45-48 бб.
7. Рысбеков Т.З. Бөкей Орда тарихы. –Орал, 2001. -758 б.

8. Егембердиев М. Патшалық Ресей және мұсылмандық оқу орындары (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғ. басы) // Қазақ тарихы, 2005, №3. -19 б.
9. Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX-XX ғ. басы) // Материалдар жинағы. Құраст. және жоба жетекшісі Г.Р.Мухтарова (Абдраимова). – Алматы: «Баспалар үйі», -2009. – 592 б.
10. Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. –Алматы, 2005. -224 с.
11. Мұқтарұлы Қ. Кәкімбек қажы кім болған? //Городской парк, 2003. -33 б.
12. Левшин А.И. «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей». – Алматы, 1996 г.

ҒТАХР 03.20.00
ӘОЖ 94(574)

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ САНАСЫНЫҢ ОЯНУЫ

Сырымқызы Айдана
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, магистрант
Орал қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ жастарының Ресей және қазақ жеріндегі құрылған саяси ұйымдары мен қоғамдық белсенділігі туралы зерттелген. 1898 жылы Ә. Топчибашев пен С. Жантөриннің бастамасымен құрылған «Мұсылман қайырымдылық қоғамының» материалдық және саяси қолдауы, XX ғасыр басындағы «Мұсылман студенттердің Орталық комитеті» құруға бағытталған ұйымдастыру шаралары талданады. М. Шоқайдың 1910-1914 жылдарғы естеліктері негізінде Санкт-Петербург университетіндегі студенттік қозғалыстың үкіметке қарсы демонстрациялар мен пан-түркістік идеяларды дамытудағы рөлі көрсетіледі. Бұл үдерістердің Алаш қозғалысының кадрлық негізін қалағандығы тұжырымдалады.

Кілт сөздер. Түркі-мұсылман студенттері, «Мұсылман қайырымдылық қоғамы», қазақ жастары, Санкт-Петербург университеті, саяси белсенділік, Алаш қозғалысы, ұлттық интеллигенция, студенттік бірлестіктер, Ресей Мемлекеттік Думасы.

Қазіргі кезге дейін өзінің өзектілігін жоймаған маңызды тақырыптардың бірі – XX ғасырдың басындағы қазақ жастарының саяси санасының қалыптасуы мен алғашқы қазақ жастары ұйымдарының құрылу тарихы болатын. Осы мәселенің мәнін ашуға көмектесетін тарихшы ғалымдардың еңбектерінде көз салсақ, бірінші кезекте жастардың арасынан шығып, шет елдерде білім алып, қазақ ұлттық интеллигенциясының құрылуына үлес қосқан қайраткерлермен байланыстыруға болады.

Қазақ жастарының XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы білім алуы Алаш қозғалысының интеллектуалдық негізін қалады. Ғалым К. Нұрпейіс «Алаш һәм алашорда» еңбегінде осы кезеңде қазақ жастарының Ресей империясының жоғары оқу орындарында білім алуына ерекше назар аударады, бұл олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға негіз болғанын көрсетеді.

Санкт-Петербург университетінде XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында шамамен 20 қазақ жастары оқыған: Б. Қаратаев, Б. Құлманов, Б. Сыртанов, А.

Тұрлыбаев, Ж.Досмұхамедов, М. Шоқай, Ж. Ақбаев т.б. Мәскеу мен Петербургтің басқа жоғары оқу орындарын Ә. Бөкейханов (Санкт-Петербург орман шаруашылығы институты, 1890 жж.), Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев сияқты қайраткерлер бітірген. М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» (2 том) монографиясында бұл білім ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы мен саяси санасының жетілуіне шешуші ықпал еткені толық талданады; қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омск, Варшава қалаларында заң, медицина, техника мамандықтары бойынша оқыған.

Шетелдік Шығыс оқу орындарында Ә. Ғайсин, С. Шанов, Д. Көлбаев, М.Тұрғанбаев, Ә. Машаев білім алған [1, 32-б.]. Толық емес мәліметтер бойынша, 1917 жылға дейін 120-ға жуық қазақ жастары жоғары оқу орындарын бітірген, 700-ге тарта орта арнайы білім алған [1, 33-б.].

XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан 1916 жылға дейін Ресейдің Қазан университетінде 26 қазақ жастары оқыған: 16-сы заң факультетінде, қалғаны медицинада; диплом алғандары – 14 адам [2, 86-б.]. Алғашқылардың ішінде Оразалы Құрбанов (1829 ж., Шығыстану факультеті), Әлмұхамед Қуатов (1844–1847 жж., құқық магистрі), Жансұлтан Сейдалин (1878 ж., заң факультеті, магистр) бар; олар Дала ережелерін сынап, ұлттық басқаруды жақсарту ұсыныстарын жасаған.

Университетті бітірген Ахмет Бірімжанов, Мұхамеджан Қарабаев, Әбубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Маметов, Иса Қашқынбаев, Шафқат Бекмұхамедов XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқан [3, 87-б.]. Қазан малдәрігерлік институтында 1877–1917 жылдар аралығында 25 қазақ студенті оқыған (бұрынғы деректе 13), 22-сі диплом алған; алғашқылар – Нұрмұхамед Алдияров, Чуваков (1876 ж., стипендиямен). Қазан мұғалімдер семинариясында төңкеріс алдында 17 қазақ оқып, 13-і бітірген [3, 87-б.].

Бұл оқу орындарындағы алған білімдері қазақ жастарының саяси көзқарасын қалыптастырды: Қазанда татар зиялыларымен «Шығыс клубында» пікірталасқан Иса Қашқынбаев, Әбубәкір Иманбаев т.б. азаттық идеялармен сусындап, 1916 жылғы көтеріліске қарсылық білдірген. Қазан баспаханалары 1917 жылға дейін 700-ден астам қазақ кітабын шығарған, студенттер қазақ әндері («Әмірхан», «Көке») грампластинкасына жаздырған. Ветеринарлық институт түлегі Бижанғали Жанқадам Алаш-Ордада жетекшілік еткен. Осылайша, шетелдік білім Алаш қозғалысының кадрлық қорын құрды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясында өрбіген азаттық қозғалысында түркі-мұсылман халықтарының арасында саяси күштерді топтастыруға деген талпыныс айқын байқалды. Бұл кезеңде түркі-мұсылмандық студент жастар да осы үдерістен тыс қалмады; олардың саяси белсенділігінің артуы ұлттық сана-сезімнің оянуымен тікелей байланысты болды. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1896 жылы бітірген Райымжан Мәрсеков – осы үдерістің жарқын үлгісі, Алаш партиясы мен Алаш-Орда үкіметінің белді мүшесі ретінде қазақ жастарының саяси оянуына септігін тигізген көрнекті тұлға.

Ресей империясының еуропалық бөлігіндегі жоғары оқу орындарында оқыған түркі-мұсылман жастары (қазақ, татар, башқұрт, өзбек т.б.) 1890-жылдардан бастап саяси топтар құруға кірісті. Санкт-Петербургтегі студенттер арасында «Түркі» клубы мен «Мұсылман студенттер одағы» сияқты бірлестірмелер пайда болды, мұнда отаршылдық саясат, жер мәселесі және ұлттық автономия талқыланды. Бұл топтар 1905 жылғы революция алдында кадеттер партиясымен (Конституциялық-демократиялық партия) байланыс орнатып, Дума сайлауларына дайындық жүргізді. Түркі студенттерінің арасында шыққан баспасөз – «Ақ жол», «Түркістан» журналдары – ұлттық идеяларды насихаттауға қызмет етті.

Райымжан Мәрсеков (186?-1919 жж.) Санкт-Петербург университетін бітірген алғашқы қазақ заңгерлерінің бірі ретінде ерекше орын алады. Университетте оқу кезінде (1890-1896 жж.) оның ұлтшылдық көзқарастары қалыптасып, татар зиялылары

С. Мәжитов, А. Ипшүрәлімен тығыз байланыс орнатты. Ол мұсылман студенттерінің жиналыстарында жер реформасы, қазақ тіліндегі білім және жергілікті басқару туралы баяндамалар жасады. 1905 жылы бірінші Ресей Думасына Семей облысынан кандидат болып сайлануға тырысты, кейін Алаш партиясының Заң департаментін басқарды. Алаш-Орда үкіметінде ішкі істер министрі қызметін атқарып, ұлттық армия құру жобасын әзірледі.

Мәрсековтің әсер ету аясы кең болды: ол Петроградтан қайтып келген соң, Семейде «Алаш» газетін шығарып, жастарды саяси топтарға біріктірді. Оның шәкірттері мен замандастары – М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, Ә. Бөкейханов – университеттік білім мен саяси тәжірибені Алаш қозғалысының негізіне айналдырды. Бұл үдерістер 1917 жылғы Ұлттық кеңесте Алаш автономиясының жариялануына негіз болды. Мәрсековтің еңбегі қазақ интеллигенциясының отаршылдыққа қарсы күресіндегі алғашқы ұлтшыл лидерлердің бірі ретінде бағаланады. Ол патша өкіметі қанша тыйым салғанына қарамастан Жақып Ақбаевпен бірігіп жерлестер ұйымын құрды. Бұл ұйым жағдайы нашар қазақ студенттеріне қаржылай көмек берумен айналысты. Олай еткен себебі, патша үкіметінің қазақ жерінде жүргізіп отырған отарлау саясатына бағынып, қазақ жерін қолдан беріп қана отыра бермей, қандай да бір қарсы әрекеттер жасау үшін жасақтау еді. Ондай күш, біріншіден, білімде, яғни, қазақтың оқыған балаларының санын арттырып, санасын сәулелендіру керек деп түсінді. Патша үкіметінің саясатына қарсы әрекеттің басы 1899 жылы басталады. Сол жылы Райымжан Мәрсеков бастаған студенттер полициялық оқу тәртібіне қарсы шығып, академиялық бостандықты талап етті. Осындай антирежимдік көзқарасы үшін Райымжан Мәрсеков оқудан шығарылып, құпия бақылауға алынды. Бірақ өзінің құқықтық сауатының жоғарылығының арқасында ол көп кешікпей оқуын қайта жалғастырып, оны ойдағыдай аяқтады [4].

Ресей империясындағы түркі-мұсылмандық студент жастардың саяси өмірге белсене араласуына азаттық қозғалысының қайраткерлері шешуші ықпал етті. Бұл үдерістер XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуымен тығыз байланысты болды, өйткені студенттер арасында отаршылдық саясатқа қарсылық пен ұлттық бірлік идеясы қарқынды дамыды.

Белгілі әзербайжандық қайраткер Әли-бей Топчибашев пен қазақ интеллигенциясының алғашқы толқын өкілі Сейіт Жантөриннің бастамасымен 1898 жылы Санкт-Петербургте құрылған «Мұсылман қайырымдылық қоғамы» тек материалдық қолдаумен шектелмеді, сонымен бірге түркі-мұсылман студенттерінің қоғамдық-саяси белсенділігін арттыруға бағытталған. Қоғам мүшелері стипендия тағайындап, тұрмыс жағдайын жақсарту арқылы студенттерді біріктіріп, оларды Дума жұмысына, мұсылман фракциясына дайындады. Бұл ұйым 1906 жылы Ресей Думасының I сессиясында мұсылман депутаттарының құрылымдық негізіне айналды, онда жер реформасы, тіл еркіндігі және автономия мәселелері талқыланды [5, 53-б.].

XX ғасыр басында түркі-мұсылман қозғалысының 15 көрнекті қайраткерінің қолдауымен «Мұсылман студенттердің Орталық комитеті» құру жолындағы ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылды. Бағдарлама жобасында білім беру реформасы, ұлттық тілде оқыту және саяси құқықтарды кеңейту сияқты мәселелер көрініс тапты. Санкт-Петербург, Мәскеу және Қазан университеттеріндегі студенттер арасында «Түркі клубы», «Мұсылман студенттер одағы» сияқты топтар пайда болып, 1905 жылғы революция кезінде үкіметке қарсы митингілер ұйымдастырды. Бұл бірлестірмелер Алаш қозғалысының алғышарттарын құрады, өйткені қазақ студенттері татар, башқұрт және әзербайжан замандастарымен бірлесіп ұлттық бағдарламаны әзірледі [5, 53-б.].

Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде оқыған Мұхамеджан Шоқайдың естеліктеріндегі мынадай жолдар осы үдерістің айнасы болып табылады: «1910-1914 жылдары Петербург университетінде оқып жүрген болатынмын. Біз,

студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз. Балқан соғысы Петербургте студенттер қозғалысын қоздыра түсті. Сонда да біз түрік студенттеріне бұлар аз көрінеді. Бұларға қосымша тағы бірдеңелер істеуді ойластырдық. Олар үшін біз – әзербайжан, татар және Түркістандық студенттер, орыстардан бөлініп, өзімізше әрекет жасамақ болдық. Ол кезде қызмет бабында Петербургта тұрып жатқан Түркістандық адвокат Серәлі Лапиннің келісімін алып, сол кісінің үйінде бас қосып тұратын болдық». Осы кезеңде небәрі 22-23 жастағы Шоқайдың бастамасымен түркі студенттері Балқан соғысына қатысты үкімет саясатына қарсы петициялар жасаған, бұл олардың пан-түркістік идеяларға бет бұруына негіз болды.

Осы саяси белсенділіктің нәтижесінде түркі-мұсылман студенттері 1917 жылғы Ұлттық кеңесте Алаш-Орда үкіметінің кадрлық қорын құрады, отаршылдыққа қарсы күрестің алғашқы ұйымдастырушыларына айналды.

Саяси қызметке араласу тек ірі қалаларда оқитын студенттерге ғана тиесілі көрініс емес еді. Өмірде болып жатқан саяси оқиғаларға ден қою, түрлі үйірмелер жұмысына араласу жергілікті орталықтарда орта білім беретін оқу орындарында 16 оқып жүрген жастарға да тән әрекет болатын. Мәскеу университетіне түскенге дейін Семей гимназиясында білім алған Х.Ғаббасов өзінің гимназияда Бичевин деген кісі ұйымдастырған революциялық үйірмеге қатысқанын, гимназия оқушыларына 1905 жылғы оқиғалардың үлкен әсері болғандығын, оның ықпалымен алдымен Бекметов, соңынан Қозыбағаров басқарған қазақ жастарының да үйірмесі құрылып, оның жұмысына Омбыдан саяси қызметі үшін қуылған Жақып Ақбаевтың да араласқанын, үйірме мүшелері халық арасына «саяси әдебиеттер және қазақтарды отырған жерін өз еркімен бермеуге, елінің мүддесін ақшаға айырбастаған сатқын болыстармен» күресуге шақырған үндеу таратқандарын жазды [3, 92-б.]. XX ғасыр басында түркі-мұсылмандық студент жастардың ұйымдарға бірігіп, азаттық қозғалысқа дем беруге талпынуы тек Ресей көлемінде ғана емес, сонымен бірге шет елдерге білім алуға барған жастар арасында да көрініс берді. Бұл ретте Түркияға білім алуға барған түркі-мұсылмандық жастардың әрекетін ерекше атап көрсетуге болады. Түркияға Түркістаннан, Бұхар әмірлігінен және Ресейдің өзге де өңірлерінен білім алуға барған жастар сонда эмиграцияда жүрген түркі-мұсылмандық қозғалыс қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынаста болған. Олардың араласуымен 1909 жылы Түркияда «Білім таратушы Бұхара қайырымдылық қоры» құрылды. Бұл қоғамның мүшелерінің басым көпшілігі, яғни 250-ден астамы Ресей империясынан Түркияға білім алуға келген жастар еді [5, 54-б.]. Аталмыш қоғамға мүше болған жастар Түркияда жарық көрген саяси мазмұндағы әдебиеттер мен түрлі мерзімдің басылымдарды Түркістан өлкесіне және Ресей империясының басқа да аймақтарына тарату арқылы, түркі мұсылман халықтарының саяси оянуына ықпал етуді мақсат тұтты. Қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғырту жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси санасының қалыптасуы мен белсенділіктеріне әсер етпей қоймады. Кеңес өкіметі билікке келгенге дейін жастардың саяси көзқарасының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына Ресейде өткен бірінші орыс революциясы, бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуы мен оның ауыртпашылықтары, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс сияқты ірі саяси оқиғалар белгілі дәрежеде ықпал жасады. Бірінші орыс революциясы қарсаңында және одан кейін Қазақстан жеріне саяси қуғынға ұшырап, жер аударылған адамдар легінің келуі де әсер етті.

1903 жылдан бастап, Қазақстанда шыға бастаған алғашқы социал-демократиялық топтар өздерінің істерімен қазақ жастарының саяси өмір мен күреске қатысуына ұйытқы болып, оларды орыстың революциялық пролетариатының төңірегіне топтасу күресіне жұмылдырды. Бұл жылдарда Қазақстанда, В.В.Куйбышев пен М.В.Фрунзе

өздерінің алғашқы жұмыстарын бастады. Қазақстан жеріне келген большевиктер партиясының мүшелері Ресейден большевиктік үнпарақтар мен ақпараттар жеткізіп, оларды 17 жастар арасында таратты. 1904 жылы В.Куйбышев Көкшетау қаласында маркстік ілімді насихаттау мақсатында жастар арасында алғашқы үйірмесін ашты. Көкшетаудың реолюционер жастары 1905 жылы қыркүйекте Көкшетау жастарының революциялық үйірмесі қарқын ала түсті [6, 10-11 бб.]. 1903 жылы Ресей социал демократиялық жұмысшы партиясының (РСДЖП) II съезінде «Оқушы жастарға көзқарас туралы» арнаулы қарар қабылданды. Съезд бұл қарарында оқушы жастар арасында барынша насихат жұмыстарын жүргізуді қолға алынатынын айтты. РСДЖП-ның көптеген комитеттері сол кезеңнің өзінде-ақ студенттермен, оқушылармен байланыс жасап, олардың өз ұйымдарын, үйірмелерін, топтарын құруға ұдайы атсалысып, жастар арасында саяси насихат жүргізуге, астыртын әдебиеттерді, үгіт-насихат қағаздарын таратуға кірісті. Партия комитеттері жастардың осы ұйымдары арқылы ең алдымен жұмысшы-шаруаларға саяси ықпал жүргізуге тырысты. Сөйтіп олардың өкілдері Қазақстанның әрбір қалаларында іске кірісті [7]. Осындай үгітшілік жұмыстар мен әр түрлі саяси топтардың белсенділігі нәтижесінде 1905 жылдың алғашқы жартысында Өскемен, Ақмола, Павлодар уездерінің жастары жұмысшылар ереуілдері мен демонстрацияларына қатысты, ал Семей мен Орал жастары оқу орындарында жүріп-ақ бой көтерді [8, 159-160 бб.]. Мұндай идеяларды тарату жұмыстарына Верный (қазіргі Алматы) қаласында М.В.Фрунзе, Орал қаласында социал-демократ И.Н.Савин секілді өкілдер жастарды саяси үйірменің айналасына топтаумен айналысты. Орал баспаханасына жаңа редактор және онымен бірге оған көмекші болып студент П.Алексеев келді. Бұлар 1902 жылы жұмысшылар үйірмесін ұйымдастырды. Олар Мәскеу мен Петербургтің жоғары оқу орындарының студенттері жеткізіп тұрған құпия әбедиеттерді үйірмеде оқып талқылады. И.Савин мен П.Алексеев жастардың саяси үйірмесінің жұмыстарына да қатысты. Көп ұзамай жастар үйірмесі Орал қаласындағы теміржолшылар, диірмен жұмысшылары мен мектеп оқушылары арасында жұмыс істей бастады. 1904 жылы социал-демократ жұмысшы партиясының бағдарламасын үйренуді мақсат еткен темір жол жұмысшылары үйірмесімен қатар, орта мектептегі оқушылардың үйірмесі құрылды. Тұңғыш саяси топтар Верный (Алматы), Ақтөбе, Қазалы, Орал, Қостанай, Петропавловск, Ақмола қалаларында құрылды. Орынбор мен Перовск (Қызылорда) қалаларында бұл топтар одан да ілгері құрылған еді. Бұл саяси топтар негізінен большевиктік партияның үндеу хаттарын, халық және жастар арасында оқу, насихаттау жұмыстарымен айналысты. Үгіт-насихат хаттары тек орыс тілінде басылды, сонымен бірге ішінара қазақтарға ұғындыруға жеңіл деп татар тілінде басылғандары да болды. Жастар 1905 жылдың бірінші жартысында Өскемен, Ақмола, Павлодар уездерінің өнеркәсіп пункттерінде, Оралда, Перовск станциясында, ал 1905 жылдың екінші жартысында Қазалы мен Түркістан станциясында болған жұмысшылардың ереуілдері мне демонстрацияларына қатысты. 1905 жылдың соңына қарай Қазақстанның барлық ірі-ірі қалалары мен өнеркәсіп аудандарындағы жұмысшылар ереуілінің толқыны өрши түсті, бұл ереуілдерге 18 жастар да қатысты. Сөйтіп, Ресейде өткен бірінші орыс революциясы Қазақстан жастарының саяси сана-сезімінің оянуына ықпалын тигізді, оларды саяси жағынан бір серпілтті. Қазақ зиялылары жалпы демократиялық міндеттегі ұлттық, тең құқықтық, халықтың мәдениетін көтеру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты көкейтесті мәселелерді өз шығармаларының өзекті тақырыптарына айналдырды. Осы жалпы демократиялық мазмұндағы талап-тілектердің өзі халық арасында объективті түрде отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастыруға қызмет етті.

1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде М.Дулатовтың «Жастарға» өлеңі басылып, мұнда да ұлттық, демократиялық ойлардың сарыны айтылды. Осыдан екі жыл кейін 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген Міржақып Дулатовтың «Оян

қазақ» атты шағын көлемді өлеңдер жинағы шықты [9, 9-10 бб]. Бұдан біз Алаш қайраткерлері атанған ұлттық интеллигенция өкілдерінің өткен ғасыр басында қазақ зиялылары мен жастары арасында қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуының бастау көздеріне септігін тигізгенін біле аламыз. М.Дулатовтың «Оян, қазақ» жинағы қаймана қазақтың көкейіндегіні дөп басып, көпшілік қауым арасында кеңінен танымал болды.

XX ғасырдың басында қалыптаса бастаған қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің халық арасында жүргізген саяси жұмыстары жастарға әсер етпей қойған жоқ. Мәселен, 1903-1909 жылдары Петербургтегі әскери-медициналық академияда оқыған, кейін Алаш қозғалысының белгілі жетекшілерінің бірі болған Халел Досмұхамедов 1931 жылғы қыркүйектің 14-інде ОГПУ-дің тергеушісіне берген мәлімдемесінде «1905-1906 жылдары мен кейбір қазақ студенттерімен бірге Орал қаласында үгіт жұмыстарын жүргізіп, халыққа елде болып жатқан оқиғаларды түсіндірдім. «Фикр» және «Уральский листок» газеттерінде мақалалар жариялядым. 1906 жылы қырдағы ауылдарды аралап жүргенімде полицияның көзіне іліктім де саяси жұмыс жүргізуіме тиым салынды», - деп жауап берген [10, 154-б.]. «Оян қазақ» ұлттық идеясы еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін, отарланған өлке үшін түсінікті де пәрменді формула болып шықты. Ол табиғи ырғақты даму мүмкіндігінен айрылған қазақ қоғамына және оның халқына зорлықпен таңылған кеселдерді айыптап қана қоймай, әркімнің және баршаның намысын оятты. Қалай дегенде 1912 жылға дейін өзінің жеке басының пікірін ғана емес, қазақ қауымының көпшілігін ойландырып-толғандырған қоғамдық саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінде мерзімді баспасөз бен басқа да басылымдар арқылы халыққа арнап сөз айтатын айтарлықтай зиялылар тобы қалыптасқан еді. Солардың алдыңғы шебінде болған А.Байтұрсыновтың еңбектері, Ә.Бөкейхановтың шығармалары зор беделге ие болды [11].

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстандағы жастар ұйымының құрылуы мен оның нығая түсуіне өзіндік үлес қосқан Алаштың ардақты перзенті Смағұл Сәдуақасов XX ғасыр басындағы қазақ жастарының саяси жағынан оянуына тоқтала келіп: «Соңғы 10-15 жыл ішінде қазақ жастары қалың 19 ұйқысынан оянып қыбырлап іске кірісе бастады. Оянуға зор себеп болған нәрселер: жапон соғысының артынан Русияның әр қалаларында 1905-1906 жылдарда болған жұмыскерлер қозғалысы, 1910-1913 жылдарда шыққан «Айқап» журналы, 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газеті және «Оян қазақ», «Сана», «Қырық мысал» кітаптарын айтады. Сонымен қатар 1914 жылғы бірінші жаһангерлік соғысы, 1916-шы жылғы қазақ жігіттерін қара жұмысқа майданға алу, орыс патшасының қазаққа көрсеткен қысымшылықтары һәм әсіресе, 1917 жылғы төңкеріс алдымен қала-қалада орысша, татарша һәм қазақша оқып жүрген жастар арасында оянуды бастады», - деп жазуы осы кезеңдегі түрлі оқиғалардың қазақ жастарының саяси оянуына ықпал еткендігін дәлелдейді. Ұлттық ұстаным ұстаған қазақ зиялыларының осы тұста жазған еңбектері мен қазақ баспасөзінің де жастар мәселесіне әсері мол болғандығын айғақтай түседі [12, 46-б.].

А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов 1913 жылдан бастап Орынборда жалпыұлттық бейресмилік «Қазақ» газетін шығара бастады. Бұл газет бірден жалпыұлттық мәнге ие болған басылымға айналды. Оны Қазақстанның барлық аймақтарынан жаздырып оқи бастады. Газет 1913 жылы ақпанның 2-сінен 1918 жылы наурызға дейін шығып тұрды. Қазақ газеті алғашқы санынан бастап халықты ағарту, оның саясатқа деген ынтасын арттырып, тарихи зердесін ояту және ұлттық сана-сезімді тәрбиелеу міндеттерін қойды. Бұл міндеттердің газетте басты орын алуы жастар толқынының саяси жағынан оянуына қомақты күш беріп, миллиондардың тағдырына ықпал етті [11]. Алаш зиялылары тек «Қазақ» газетін шығару арқылы көптің санасына әсер етіп, сол кездегі газет оқитын көзі қарақты оқырманның барлығына идеяларын сіңіре білді деуге болады. Кейіннен осы газет шыққаннан кейін де ел ішінде «Қазақ»

газетінің шығуына, халық арасына үлкен таралыммен тарауына қолында дүниесі бар ауқатты қазақтар көмектесе бастады.

Сонымен, ұзақ уақыт бойы қазақ халқының отарлық саясаттың зардабын тартуы, әлемдік өркениеттен артта қалушылығы қазақ жастарын отаршылдыққа қарсы ұран көтеріп, қазақ халқын мәдени-рухани жағынан ілгерілетуге бағытталған күреске итермеледі. Қазақ жерін отарлық езгіден қорғау мақсатында қазақ халқын әлеуметтік прогресс пен өркениеттілік санатқа көтерудің идеялық негізі қазақ жастарының рухани оянуы, ұлт мүддесі үшін бірігуі нәтижесінде қалыптаса бастады. XX ғасырдың басындағы Ресей империясының ішкі аудандарындағы революциялық оқиғалар, демократиялық жаңғыруларға байланысты іс-әрекеттер Ресейдің орталық қалаларында білім алған қазақ жастарының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына, әлеуметтік белсенділіктерінің артуына ықпал еткені сөзсіз. Осы кездерде қазақ жастары оқудағы жерлес студенттерге қаражатпен көмектесуде және болашақта қазақ халқының арасында мәдени ағартушылық жұмыстарын жандандыру мақсатында алғашқы қоғамдық ұйымдарға топтаса бастаған. XX ғасыр басындағы әлем елдерінің өзара күш сынасып, отар бөлісу үшін басталған Бірінші дүниежүзілік салқыны Ресей империясының құрамындағы қазақ қоғамына да үлкен шығын келтірді. Қазақтардың жерін тартып алып, малын талау әдеттегі іске айналды, соғыс 20 қажетіне делінген алымдар көбейді. Бұл кезде қазақтар ата кәсібі мал бағудан қол үзіп, жан бағу үшін өнеркәсіп орындары бар ірі қалаларға ағылып, қаладағы түрлі қоғамдық-саяси істерге белсенді араласа бастағанын көреміз. 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы мен 1917 жылдардағы қос революция кезіндегі қазақ зиялылары мен еңбекшілері ел ішіндегі толқуларға белсене араласты. Осылайша қазақ жастары қоғамдық-саяси өмірге белсене араласа жүріп, әлеумет істерінде ұлт мүддесі үшін күрес жүргізуге ұмтылды.

Әдебиеттер:

1. Нұрпейіс К.Н. Алаш һәм алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
2. Борзов Л. Казахстанский отряд Ленинского комсомол на рубеже 10-летие КАССР. –Алматы.1930.-45 б.
3. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат,1995. – 368 б.
4. Әбсаттар М. Тірідей көмілген тұлға // Жас қазақ. – 2008. – 5 қыркүйек.
5. Рүстемов С.К. XX ғасыр басындағы түркі-мұсылмандық студент жастардың қозғалысы//Бекмаханов тағылымы-2004. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. 18-19 мамыр 2004 ж. – Алматы, 2004. – 53-56 бб.
6. Сайлан Б.С. Қазақстандағы алғашқы жастар ұйымдарының құрылу тарихы (1917-1925 жж.): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті.2015. – 103 б.
7. Зайниева Л. Тұңғыш съездің тағылымы // Лениншіл жас. – 1991. – 5шілде.
8. Сайлан Б.С. XX ғасырдың басында қазақ жастарының саяси санасының қалыптасуы және оған алаш қайраткерлерінің ықпалы // Шәкәрім. «Ғылыми педагогикалық журнал». – Семей: Семей мемлекеттік педагогикалық институты – Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы, 2008. - №6-7. -158-163-бб.
9. Дулатов М. Елім деп соққан ұлы жүрек. – Алматы, 2002. – 362 б.
10. Сайлан Б.С. Алаш қайраткерлерінің ықпалымен бой түзеген алғашқы жастар ұйымдары. //«Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі мекен» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциның материалдары. – Семей, 2008. 3-5 қараша. – Семей: Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2008. – 153-159-бб.
11. Әбжанов Х. Алаш ұлықтаған ұлттық идея // Егемен Қазақстан. – 2008. – 13 маусым.
12. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы:Алаш, 2003. – Т.2. – 360 б.

III СЕКЦИЯ.
ҚҰҚЫҚ, САЯСАТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУДАҒЫ ИННОВАЦИЯ

ҒТАХР: 03.20

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ МЕН ЗАҢДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

Дауыржан Тулебаев
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты,
Тарих және құқық институты,
Алматы, Қазақстан
e-mail: dauyrzhantulebayev@gmail.com, ORCID – 0009-0000-2541-5665

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы тіл саясатының құқықтық реттелуі мен оның заңдық-әлеуметтік негіздерінің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында тіл саясаты мен заңнаманың өзара байланысы, мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесін айқындайтын конституциялық және салалық нормалар, сондай-ақ тілдік қатынастарды реттеудегі әкімшілік-құқықтық тетіктер талданады. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының құқықтық базасы ретінде Конституция, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң, тіл саясаты тұжырымдамалары мен мемлекеттік бағдарламалардың рөлі айқындалады. Сонымен қатар тіл заңнамасының әлеуметтік өмірде іске асырылу деңгейі, көрнекі ақпарат пен жарнама саласындағы тілдік құқық бұзушылықтар, тіл заңнамасын жетілдіру қажеттілігі, тілдік құқықтардың адам құқықтарымен сабақтастығы ғылыми әдебиеттер мен әлеуметтік зерттеулер негізінде сараланады. Мақалада тілдің тек коммуникация құралы ғана емес, құқықтық мәртебеге ие әлеуметтік құбылыс екені негізделіп, Қазақстандағы тіл саясатын құқықтық тұрғыдан жетілдірудің басым бағыттары ұсынылады.

Кілт сөздер: тіл саясаты, құқықтық реттеу, заңнама, мемлекеттік тіл, әкімшілік құқық, тілдік құқықтар, әлеуметтік негіздер, Конституция, тіл туралы заң.

Кіріспе. Заң – өркениетті қоғамдағы қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі институттардың бірі. Ол қоғамдық, әлеуметтік, саяси және құқықтық үдерістердің мазмұнын айқындап, олардың жүзеге асу шекараларын белгілейді. Осы тұрғыдан алғанда, заң кез келген қоғамдық құбылыстың құқықтық мәртебесін, заңдық салмағын және әлеуметтік маңызын анықтайтын басты тетік болып табылады. Тіл де сондай қоғамдық құбылыстардың қатарына жатады. Сондықтан тіл саясатының тиімділігі оның құқықтық негіздерінің қаншалықты орнықты қалыптасқанына тікелей байланысты.

Тіл саясаты – күрделі әлеуметтік құбылыс. Қазақстан қоғамының тәуелсіздік жылдарындағы даму кезеңдері тіл саясатының стратегиялық мақсаттарының біртіндеп және саналы түрде жүзеге асырылуымен ерекшеленеді. Бұл үдерісте тіл саясаты қоғамдағы тілдік ахуалды жоспарлауға, басқаруға және оңтайландыруға бағытталды. Әсіресе қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі құқықтық мәртебесін орнықтыру, оның қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын заңдық тұрғыдан қамтамасыз ету тәуелсіз Қазақстанның тіл саясатының негізгі басымдығына айналды.

Тіл мен заңның өзара байланысы бірнеше деңгейде көрінеді. Біріншіден, тіл заң арқылы құқықтық мәртебе иеленеді. Екіншіден, заңнама тілдің қоғамдық қызметін,

оның қолданылу аясын, азаматтардың тілдік құқықтарын және мемлекеттік институттардың тілге қатысты міндеттерін анықтайды. Үшіншіден, тіл саясатының әлеуметтік тиімділігі көбіне заң талаптарының орындалу деңгейіне тәуелді болады. Егер тіл мәселелерін құқықтық тұрғыдан реттеу тетіктері жеткілікті түрде нақты қалыптаспаса, тілге қатысты даулар, түсінбеушіліктер мен қайшылықтар туындауы мүмкін.

Сондықтан Қазақстандағы тіл саясатының құқықтық реттелуі мен заңдық-әлеуметтік негіздерінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу – ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе.

Зерттеу әдістері

Мақалада талдамалық, салыстырмалы-құқықтық, әлеуметтік және ғылыми-теориялық әдістер қолданылды. Тіл саясатына қатысты нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнын саралау үшін талдамалық әдіс пайдаланылды. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, тіл саясаты тұжырымдамалары мен мемлекеттік бағдарламалар жүйелі түрде қарастырылды. Сонымен қатар әлеуметтік зерттеулер нәтижелері, фокус-топтық пікірлер, социолингвистикалық және құқықтық еңбектерге сүйене отырып, тіл саясатының құқықтық нормаларының қоғамдық өмірде жүзеге асырылу деңгейі бағаланды. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың тілдік құқықтар, тіл заңнамасы және тіл саясаты жөніндегі ғылыми тұжырымдары салыстырмалы түрде пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Тіл мен заңнама байланысын, оның әлеуметтік өмірге ықпалын қарастырған зерттеулер бұл мәселенің көпқырлы сипатын көрсетеді. Әдебиеттерге шолу барысында зерттеушілердің дені тілдік заңнаманың практикалық ықпалын ғана емес, оның тіл саясатын іске асыратын негізгі құқықтық құралдардың бірі екендігін атап көрсетеді.

Э.Сүлейменова мен Н. Шаймерденова «тілдік заңнама» ұғымын тіл саясатының заңдық формасы ретінде сипаттайды. Ғалымдардың пікірінше, Конституция тіл қолданудың жалпы қағидаларын белгілесе, заңнамалық актілер осы қағидаларды нақтылай түседі (Сулейменова, Шаймерденова, 2002). Бұл тұжырым тіл саясатының құқықтық реттелуі көпдеңгейлі сипатқа ие екенін аңғартады.

Bernard Spolsky тіл саясатын тілдік практика, тілдік наным-сенімдер және тілдік басқару жүйесінің жиынтығы ретінде қарастырады. Оның пікірінше, тіл туралы заңнама – тілдік басқарудың институционалданған және құқықтық тұрғыдан бекітілген формасы (Spolsky, 2007). Демек, тіл саясаты заң арқылы ғана емес, қоғамның күнделікті тілдік практикасымен де тығыз байланысты дамиды.

A.Mochalov мемлекеттік және ресми тілдерді мемлекеттің конституциялық-құқықтық мәртебесінің құрамдас элементтері ретінде бағалайды. Оның пайымдауынша, ана тілін пайдалану құқығы сөз бостандығы, білім алу, сайлау құқығы және мемлекеттік органдарға жүгіну құқығы сияқты негізгі құқықтарды жүзеге асырудың маңызды алғышарты болып табылады (Mochalov, 2020).

G. Dulatov мемлекеттік тілдің мәртебесін белгілеу мемлекеттің тарихи дамуындағы заңды құбылыс екенін атап өтіп, мемлекеттік тілді құқықтық кеңістіктің бірлігін қамтамасыз ететін, қоғамды біріктіруші фактор ретінде бағалайды (Dulatov, 2010).

Wilson McLeod қазіргі тіл саясатында «заңнамалық бетбұрыстың» болғанын атап көрсетіп, тіл заңнамасы өздігінен жеткіліксіз екенін, оның тиімділігі мезо- және микро деңгейдегі нақты шаралар арқылы қамтамасыз етілуі қажеттігін жазады. Сонымен қатар тілге құқық беру немесе оны формалды түрде тану сол тілдің қоғамдық мәртебесін көтеретін маңызды символдық әсерге ие екенін көрсетеді (McLeod, 2024).

Халықаралық деңгейде де тілдік құқықтар адам құқықтарының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. ЕҚЫҰ-ның Ұлттық азшылықтардың тілдік құқықтары

жөніндегі Осло ұсынымдарында тілдің бір жағынан жеке тұлғаның болмысымен байланысты жеке мәселе, екінші жағынан қоғамдық ұйымдасудың негізгі құралы екені атап көрсетілген. Сондықтан демократиялық мемлекетте тілдік әралуандылықты құқықтық тұрғыдан ескеру этносаралық тұрақтылықтың маңызды шарты болып табылады (OSCE HCNM, 1998).

Iñigo Urrutia Libarona Arzoz тілдік құқықтарды өзге құқықтарды іске асырудың алғышарты ретінде бағалайды. Оның пікірінше, тілдік құқықтар тек мәдени құқықтар шеңберінде қалмайды, олар азаматтық, саяси және әлеуметтік құқықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іргелі құқықтық механизм болып саналады (Arzoz, 2007).

Осы еңбектердің барлығы тіл саясатын құқықтық тұрғыдан реттеу – тек тілдің мәртебесін жариялау емес, оның қоғамдық өмірдегі нақты қызметін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді үрдіс екенін көрсетеді.

Қазақстандағы тіл саясатының құқықтық негіздері, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Конституцияның 7-бабының 1-тармағында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетілген. Бұл норма қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін айқындайтын негізгі конституциялық қағида болып табылады. Ал осы баптың 2-тармағында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп белгіленген. 3-тармақ мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайтынын бекітеді.

Конституцияның 14-бабының 2-тармағында тілге байланысты кемсітуге жол берілмейтіні көрсетілген. Бұл норма тілдік құқықтардың адам құқықтарының құрамдас бөлігі екенін дәлелдейді. Сонымен қатар 19-баптың 2-тармағында әркімнің ана тілін және төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар екені жазылған.

Мемлекеттік тілдің құқықтық мәні Конституцияның өзге баптарында да көрініс табады. Мәселен, 41-баптың 2-тармағы бойынша Республика Президенті мемлекеттік тілді еркін меңгерген азамат болуы тиіс. 58-бапта Парламент Палаталарының төрағалары мемлекеттік тілді еркін меңгерген депутаттар арасынан сайланатыны белгіленген. Ал 93-бапта Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға барлық азаматтардың мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдай жасау міндеті жүктелген.

Конституциялық нормалар Қазақстандағы тіл саясатының базалық құқықтық тірегін қалыптастырады. Осы негізде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң қабылданып, тілдерді қолдану мен дамытудың нақты тетіктері айқындалды. Заңның 3-бабында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы Конституцияға негізделетіні және ол осы Заңнан, сондай-ақ тілдерді қолдану мен дамытуға қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұратыны белгіленген.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда тіл саясатын бірізді жүргізуге бағытталған нормативтік-құқықтық базаның іргесі қаланды. Бұл қатарға Конституциядан бөлек, 1996 жылғы Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң, әр кезеңде қабылданған мемлекеттік бағдарламалар жатады. Аталған құжаттар Қазақстандағы тіл саясатының құқықтық құрылымын қалыптастырып, тілдік қатынастарды реттеудің негізгі тетіктеріне айналды.

Тіл – тек адамдар арасындағы коммуникация құралы ғана емес, белгілі бір халықтың, мемлекеттің және қоғамдық институттардың құқықтық мәртебесін айқындайтын әлеуметтік құбылыс. Тілге мемлекеттік мәртебе берілген сәттен бастап оның құқықтық реттеушілік әлеуеті артады. Өйткені тіл осы мәртебе арқылы мемлекеттік басқару, заң шығару, ресми іс жүргізу, білім беру, ақпарат тарату және азаматтардың құқықтарын қорғау салаларында қолданылатын құқықтық категорияға айналады.

Осы тұрғыдан алғанда, «мемлекеттік тіл» ұғымы – тек лингвистикалық емес, құқықтық ұғым. Ол «мемлекет» және «тіл» категорияларының тоғысында пайда болып, құқықтық нормалар, кодекстер, мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар жүйесінде бекітіледі. Тілге мемлекеттік мәртебе беру оның қоғамдағы орнын символдық деңгейде ғана көтеріп қоймай, нақты құқықтық салдарға алып келеді: мемлекеттік тілде білім алу, мемлекеттік тілде ақпарат тарату, мемлекеттік тілде қызмет алу, мемлекеттік тілде мемлекеттік органдармен байланыс жасау сияқты құқықтық қатынастар қалыптасады.

Сондықтан тіл мен заңның өзара байланысы мынадай бағыттарда көрінеді: біріншіден, заң тілдің мәртебесін белгілейді; екіншіден, тіл азаматтардың құқықтарын іске асыру құралына айналады; үшіншіден, тілдік қатынастардың бұзылуы құқықтық жауапкершілік мәселесін туындатады; төртіншіден, тіл саясатының тиімділігі заң нормаларының орындалуына тәуелді болады.

Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу тәжірибесі

Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасуына «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның қабылдануы тікелей әсер етті. Бұл құжат тіл мәселесіндегі мемлекеттік ұстанымның құқықтық шеңберін айқындап, қазақ тіліне қатысты заңдық нормалардың дамуына жол ашты. Соның нәтижесінде тілдерді дамыту бағдарламалары, тұжырымдамалар және өзге де ресми құжаттар қабылданды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы №3186 өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы» осы саладағы маңызды құжаттардың бірі болды. Онда тілдік ахуалға ресми сипаттама беріліп, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін іс жүзінде қамтамасыз ету мәселесі көтерілді. Құжатта заң актілерін қабылдау, ресми іс-шаралар өткізу, қызметтік хат-хабар жүргізу, азаматтардың өтініштеріне жауап беру мемлекеттік тілде жүзеге асуға тиіс екені атап көрсетілді. Сонымен бірге бұл міндеттерді орындауда негізгі жауапкершілік мемлекеттік органдар мен олардың басшыларына жүктелді.

Бұл кезеңде тіл саясатының мазмұны бірнеше маңызды факторға негізделді: қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде орнықтыру; оның құқықтық мәртебесін нақтылау; қазақ тілінің қоғамдық рөлін арттыру; елдегі өзге тілдердің құқықтарын сақтау; тілдік қақтығыстарға жол бермей, үйлесімді тіл саясатын жүргізу. Осы ұстанымдар Қазақстандағы тіл саясатының құқықтық және әлеуметтік негіздерінің қалыптасуына тікелей ықпал етті.

Тіл заңнамасының іске асырылу механизмдері

Тіл туралы заңдардың қабылдануы олардың толыққанды орындалуын өздігінен қамтамасыз етпейді. Тіл саясатының нақты нәтижесі заң нормаларының күнделікті әлеуметтік өмірде қалай жүзеге асырылатынына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанда тіл заңнамасының орындалу деңгейі әркелкі.

Тіл заңнамасының сақталуына қатысты мәселелер жиі туындайтын салалардың бірі – көрнекі ақпарат, жарнама, маңдайша жазулар, қызмет көрсету және ресми коммуникация кеңістігі. Бұл салада мемлекеттік тіл нормаларының бұзылуы, мәтін сапасының төмендігі, аудармадағы қателер, заң талаптарының ескерілмеуі сияқты мәселелер жиі кездеседі. Мұндай құбылыстар тіл саласындағы әкімшілік-құқықтық тетіктердің әлсіздігін немесе оларды іске асырудың жеткіліксіздігін байқатады.

Қоғамдық қарым-қатынастарда тілге байланысты әкімшілік құқықтардың сақталмауы күнделікті өмірде байқалатын факторлардың бірі. Бұл, бір жағынан, азаматтардың тіл заңнамасын жеткілікті білмеуімен байланысты болса, екінші жағынан, заң талаптарының орындалуын қадағалайтын жүйенің пәрменділігіне қатысты мәселелерді көрсетеді. Сондықтан тіл саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, бақылау және құқықтық баға беру тәжірибесін күшейту өзекті.

2023 жылғы әлеуметтік-аналитикалық зерттеу нәтижелері де осыны аңғартады. Респонденттердің 44,7%-ы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңды

естігенімен, оны оқымағанын айтқан; 26,4%-ы заңды мүлде білмейтінін көрсеткен; тек 16,5%-ы заңмен толық таныс екенін мәлімдеген. Бұл деректер қоғамда тіл заңнамасы жөніндегі құқықтық сауаттылықтың жеткілікті деңгейде емес екенін көрсетеді. Сол сияқты респонденттердің басым бөлігі заңға өзгерістер енгізуден гөрі, оны жүзеге асырудың нақты тетіктерін күшейту қажеттігін айтқан. Яғни мәселе көбіне құқықтық нормалардың мазмұнында емес, оларды орындау механизмдерінің әлсіздігінде болып отыр.

Тілдік құқықтар оқшау өмір сүрмейді. Олар саяси, азаматтық және әлеуметтік-экономикалық құқықтарды жүзеге асырумен тікелей байланысты. Тіл жеке тұлғаның мемлекетпен, құқықтық институттармен және әлеуметтік кеңістікпен өзара әрекеттесу құралы болғандықтан, тілдік құқықтар басқа да негізгі құқықтардың жүзеге асуына ықпал етеді. Егер азамат өзінің ана тілін немесе өзіне түсінікті тілді сотта, білім беру жүйесінде, мемлекеттік органмен қатынаста пайдалана алмаса, бұл оның әділ сотқа қол жеткізу, білім алу, мемлекеттік басқаруға қатысу және тиімді құқықтық қорғану құқықтарын шектеуі мүмкін. Сондықтан тілдік құқықтарды тек мәдени құқықтардың бір тармағы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Олар құқықтық жүйенің іргелі элементтерінің бірі. Осыған байланысты халықаралық құжаттарда тілдік әртүрлілікті ескеру және ұлттық азшылықтардың тілдік құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі маңызды орын алады. ЕҚЫҰ-ның Осло ұсынымдары мемлекеттердің тіл мәселесін теңгерімді түрде реттеуінің этносаралық тұрақтылыққа ықпал ететінін көрсетеді. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін де маңызды, себебі Қазақстандағы тіл саясаты мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту мен елдегі өзге тілдердің мүдделерін ескерудің арасындағы тепе-теңдікке негізделіп келеді.

Талқылау

Қазақстандағы тіл саясатының құқықтық реттелуі бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, Қазақстанда тіл саясатының берік нормативтік-құқықтық базасы қалыптасқан. Конституция, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң, тұжырымдамалар мен мемлекеттік бағдарламалар тіл саясатының құқықтық негіздерін анықтап берді.

Екіншіден, құқықтық база негізінен қалыптасқанымен, оның жүзеге асырылуы біркелкі емес. Қоғамдағы тілдік процестерді құқықтық тұрғыдан басқару мен бақылау жүйесінде әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстар бар. Бұл әсіресе көрнекі ақпарат, қызмет көрсету, жарнама, ресми құжат айналымы салаларында айқын көрінеді.

Үшіншіден, тіл саясатының тиімділігі тек заң қабылдаумен өлшенбейді. Заңның әлеуметтік әсері оның орындалу механизміне, құқық қолдану тәжірибесіне, бақылау тетіктеріне, азаматтардың құқықтық сауаттылығына және мемлекеттік органдардың жауапкершілігіне байланысты.

Төртіншіден, тілдің құқықтық мәртебесі оның символдық беделін ғана көтермейді, сонымен бірге оны қоғамдық өмірдің нақты салаларында қолдануға құқықтық негіз қалайды. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту – тілдің әлеуметтік кеңістіктегі қызметін кеңейтумен қатар жүруі тиіс.

Бесіншіден, тіл саясаты саласындағы заңнаманы уақыт талабына сай жетілдіру қажет. Жаһандану, цифрландыру, жаңа ақпараттық орта, қызмет көрсету форматтарының өзгеруі тілдік құқықтарды іске асырудың жаңа тетіктерін қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, тіл заңнамасын халықаралық тәжірибемен және адам құқықтары стандарттарымен сабақтастыра дамыту маңызды.

Қорытынды

Қазақстандағы тіл саясатының құқықтық реттелуі тәуелсіздік жылдары жүйелі түрде қалыптасқан күрделі үдеріс болып табылады. Оның негізінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі конституциялық мәртебесін бекіту, тілдерді қолдану мен

дамытудың құқықтық тетіктерін белгілеу, азаматтардың тілдік құқықтарын қорғау және қоғамдағы тілдік қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеу мақсаты жатыр.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанда тіл саясатының құқықтық базасы жеткілікті дәрежеде қалыптасқанымен, оны іске асыру тетіктерін жетілдіру өзекті болып қала береді. Тіл заңнамасының тиімділігі көбіне оның орындалу сапасына, әкімшілік-құқықтық бақылау жүйесіне, азаматтардың құқықтық сауаттылығына және мемлекеттік органдардың жауапкершілігіне тәуелді.

Тіл – тек мәдени мұра немесе коммуникация құралы емес, ол құқықтық мәртебеге ие әлеуметтік институт. Сондықтан тіл саясатының табысты болуы үшін тілдік құқықтарды адам құқықтарының құрамдас бөлігі ретінде қарастыру, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтумен қатар, заңнамалық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету, құқық қолдану практикасын күшейту және қоғамдық санада тіл заңнамасының маңызын арттыру қажет. Қорыта айтқанда, Қазақстандағы тіл саясатының болашақтағы дамуы құқықтық нормалардың сапасын арттырумен ғана емес, сол нормалардың нақты әлеуметтік кеңістікте толыққанды жүзеге асырылуымен тығыз байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2.Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_

3.Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. *Словарь социолингвистических терминов*. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

4.Spolsky, B. (2007). ***Towards a theory of language policy***. Working Papers in Educational Linguistics, 22(1), 1–14. University of Pennsylvania ScholarlyCommons.

5.Mochalov, A. N. (2020). Konstitutsionno-pravovoe regulirovanie ispol’zovaniya yazykov v mnogonatsional’nykh federatsiyakh: uroki Belgii i Indii. ***Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Pravo***, 11(4), 852–876. https://doi.org/10.21638/spbu14.2020.403

6.Dulatov, G. Z. (2010). Kazakh language as the state language of the Republic of Kazakhstan: constitutional and legal analysis. ***Aktualnye voprosy yurisprudentsii***, 3, 272–276.

7.McLeod, W. (2024). The role of language legislation in contemporary language policy in Scotland. In C. Elsweiler (Ed.), ***The languages of Scotland and Ulster in a global context, past and present*** (pp. 280–308). Aberdeen: FRLSU.

8.Van der Jeught, S. (2025). ***EU Language Law*** (2nd revised ed.). Oxford: Oxford University Press.

9.Sivtseva, S. M. (2021). Analysis of normative legal acts «On languages». ***Voprosy studencheskoy nauki***, 5(57), 40–41.

10.OSCE High Commissioner on National Minorities. (1998). ***The Oslo Recommendations regarding the Linguistic Rights of National Minorities and Explanatory Note***. The Hague.

11.Arzoz, I. (2007). The nature of language rights. ***Journal of Applied Linguistics***, 4(1), 1–25.

12.Жумашев Р.М., Досова Б.А., Жуманова А.З., Нығыметұлы Д. (2017). Современная языковая политика в Республике Казахстан. *Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия*, 2(86), 8–14.

13.Қазақстандағы тілдік ахуал: аймақтық ерекшеліктер және өзекті мәселелер (әлеуметтік лингвистикалық зерттеу): монография-оқулық / А.Абасилов және т.б. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2023. – 352 б.

14.Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулер / Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті, «EcoVID» ЖК. – Астана, 2023.

УДК 332.02 (574)
МРНТИ:11.25.40

КАЗАХСТАН В ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССАХ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Науанова К.М.
кандидат философских наук, старший преподаватель ОП «Социальные науки»,
Есеева Г.Н.
старший преподаватель ОП «Социальные науки»
Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова
г. Уральск, Казахстан

За последние десятилетия в мире активизировались интеграционные процессы, протекающие в разных регионах и охватывающие различные сферы отношений государств. Интеграция – существенный фактор развития, определяющий будущее благополучие интегрированных национальных экономик, который представляет собой процесс освобождения движения капиталов, товаров, услуг и рабочей силы от национальных перегородок. Интеграция, наряду с другими общепризнанными факторами экономического роста, такими как научно-технический прогресс, инвестиции в основной капитал, инвестиции в человеческий капитал, воздействует на экономику любой страны. Основная цель интеграции - достижение экономического роста и выравнивание уровня жизни людей в странах интеграционного объединения.

Региональная интеграция выступает альтернативой глобализации. Пять стран Центральной Азии с древних времен представляли собой единую культурно-историческую зону, где на протяжении многих веков существовало единое политическое пространство. Расположенный на перекрестках маршрутов между Востоком и Западом, этот регион в течение многих столетий способствовал диалогу и взаимодействию культур, языков и религий вдоль Великого Шелкового пути. Поэтому пять основных стран региона – Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан и Узбекистан объединяет много общего в их истории, культуре и социально-политическом развитии. Регион располагает огромными минерально-сырьевыми и сельскохозяйственными ресурсами, многие из них являются уникальными и пользуются большим спросом в мире. Интеграция в таком контексте может показаться естественным явлением, но на деле в Центральной Азии этот процесс остаётся извилистым и трудным.

Сейчас нет ни строгого определения того, что такое центральноазиатская интеграция, ни полного согласия в её понимании. С практической точки зрения она затрагивает политику, экономику, культуру, безопасность и многие другие сферы. Она явно не ограничивается экономическим аспектом, но и включает в себя политические, социальные и культурно-гуманитарные аспекты. В широком смысле её можно понимать, как всестороннее региональное сотрудничество между пятью странами Центральной Азии.

Среди государств Центральной Азии особую роль играет Казахстан, пытающийся быть центральноазиатским лидером и сохранять баланс между крупными игроками в данном регионе – Москвой, Пекином, Вашингтоном и др. Казахстан занимает двойственное положение в системе региональных отношений, так как относится одновременно к тюркоязычному миру и имеет религиозную общность с исламскими государствами, исторические корни и психологические особенности национального духа, обусловливающие его принадлежность к Востоку. Однако Казахстан относится и к Западу, так как европринадлежность Казахстана обусловлена факторами демографического и политического свойства, характером построения светского

государства. Казахстан является инициатором и активным участником многих интеграционных процессов и выступает в качестве «интеграционного ядра» региональной интеграции на пространстве СНГ в целом и, прежде всего, в Центральной Азии. Заинтересованность Казахстана в поступательном развитии соседей основывается на понимании того, что успешное в долгосрочном плане экономическое развитие невозможно без благоприятного регионального окружения. Известно, что обстановка в окружающем ее регионе сказывается на оценке делового климата в каждой отдельной стране. Поэтому Казахстан имеет прямой интерес в том, чтобы в Центральной Азии присутствовали стабильность и благополучие. Постепенное становление Казахстана как самостоятельного интеграционного ядра связано со значительно более высоким, по сравнению с центральноазиатскими соседями, уровнем ВВП, что делает республику привлекательной для соседей в контексте торговли, трудовой миграции и образования, а также повышает роль Казахстана как источника инвестиций. В январе Казахстан утвердил концепцию программы управления водными ресурсами на 2020–2030 годы. К приоритетным направлениям программы относятся, помимо прочего, международное сотрудничество, институциональное реформирование, реформирование системы управления и модернизация инфраструктуры [1].

Начало центральноазиатской интеграции положил подписанный в январе 1994 года договор между Казахстаном и Узбекистаном о создании «Единого экономического пространства». В том же году к нему присоединилась Киргизия, а в 1998 году, после окончания гражданской войны, её примеру последовал Таджикистан. Он постепенно начал функционировать, но решения преимущественно исходили от глав государств и принимались на высшем уровне в зависимости от возникавшей политической или экономической ситуации. Вместе с тем, между участниками ЦАС выявились серьезные расхождения в понимании будущего интеграционного процесса на постсоветском пространстве, в частности о перспективах ЕАС и уже к тому времени подписанному договору «4+N». Объединение несколько раз переименовывалось - сначала в Центральноазиатский союз (ЦАС), а затем в Центральноазиатское экономическое сообщество (ЦАЭС). В его рамках были созданы институциональные механизмы от уровня президентов и премьер-министров до уровня министров иностранных дел и обороны, исполнительные органы, Центральноазиатский банк сотрудничества и развития и была сформулирована комплексная стратегия развития. Однако ничто из этого не было в полной мере реализовано.

В 2002 году ЦАЭС было преобразовано в организацию «Центральноазиатское сотрудничество» (ОЦАС). В 2004 году по предложению президента Узбекистана Россия вступила в неё, что изменило содержание центральноазиатской интеграции. В 1996 г. президент Узбекистана И. Каримов отказался от участия в этом договоре. Тем не менее, в 1998 г. после присоединения к Договору о создании ЕЭП Таджикистана, «четверка» Центральноазиатских государств решила образовать Центральноазиатское экономическое сообщество (ЦАЭС). Государства решили проводить единую политику в использовании водно-энергетических ресурсов Нарын-Сырдарьинского каскада водохранилищ, согласовывать затраты на ремонт межреспубликанских водохозяйственных объектов. Но уже в 2005 г. ОЦАС был ликвидирован, а его структуры вошли по предложению президента РФ Путина В.В. в ЕврАзЭС, которое было создано в 2001 году. И региональный интеграционный процесс прервался. В 2007 году Нурсултан Назарбаев ещё раз высказался за создания Центральноазиатского союза, в который могут войти Казахстан, Киргизия, Таджикистан, Туркмения, Узбекистан. Повторил он это в 2008 году. Однако из-за позиции Узбекистана этот вопрос не получил дальнейшего развития [2].

Принято считать, что главной причиной провала центральноазиатской интеграции в этот период была борьба за лидерство между Узбекистаном и Казахстаном.

Казахстан, крупнейшая экономика Центральной Азии, ВВП которой в 1990-е годы был эквивалентен ВВП четырёх других стран региона вместе взятых (сейчас он вдвое больше), видел себя региональным лидером. Между тем Узбекистан, будучи традиционным политическим и культурным центром Средней Азии в советское время и обладая богатыми человеческими ресурсами, а также промышленной базой, не желал никому подчиняться. Киргизия и Таджикистан, две небольшие страны, которые не могли экономически конкурировать с Казахстаном и Узбекистаном, колебались, опасаясь, что интеграция нанесёт ущерб их экономическим интересам.

Региональная интеграция возобновилась в 2018 году после 13-летнего перерыва. В марте 2018 года главы четырёх центральноазиатских государств и спикер парламента Туркменистана встретились в Астане. Это была первая встреча всех региональных лидеров за двадцать лет в попытке снова запустить процесс интеграции. Новый раунд стартовал с высокой точки и с самого начала включал в себя все страны региона. Во второй встрече уже приняли участие все пять лидеров. Она положила начало череде полноценных центральноазиатских саммитов, официально называющихся Консультативными встречами глав государств Центральной Азии. К настоящему моменту состоялись четыре таких саммита. Последний из них прошёл в киргизском городе Чолпон-Ата в июле 2022 года, и на нём было принято решение о подписании Договора о добрососедстве, дружбе и сотрудничестве в целях развития Центральной Азии в XXI веке [3].

Главным инициатором этого раунда интеграции стал президент Узбекистана Мирзиёев Ш.М., что получило положительный отклик со стороны Казахстана. Это тандемное вождение выглядит ключевой причиной плавного развития нового интеграционного процесса. В новых условиях государства Центральной Азии ощущают необходимость поддерживать друг друга для отражения угроз и сохранения своей независимости и территориальной целостности, как это чётко выражено в Договоре о добрососедстве, дружбе и сотрудничестве. Очевидно, что политическая, экономическая и экосоциокультурная интеграция жизненно необходима странам региона.

Аналитики неоднозначно оценивают перспективы центральноазиатской интеграции, предлагая, как оптимистичные, так и пессимистичные прогнозы. Существует мнение, что, хотя Центральная Азия снаружи выглядит монолитной, внутри она очень разная, её политические культуры совсем не одинаковы и страны не движутся в одном направлении. Некоторые считают, что центральноазиатская интеграция невозможна, потому что страны региона имеют общую историю, но не общее настоящее. Также высказываются предположения о низкой экономической взаимодополняемости стран Центральной Азии и сомнения в том, что интеграция принесёт значительные экономические выгоды. Есть утверждения, что региональная интеграция не имеет перспектив без участия соседних крупных держав. Тем не менее, интеграционный процесс обновил свое развитие.

В условиях геополитического давления центральноазиатские государства будут стремиться позиционировать себя не как набор постсоветских государств, а как устойчивый и перспективный регион для коммуникации с внешним миром. На практике для этого необязательно иметь формальные признаки объединения. Если обратиться к истории, именно из этих соображений первый президент Казахстана Нурсултан Назарбаев и предложил термин Центральная Азия. Насколько политический запрос на повышение уровня представленности региона в целом в мировых делах будет конкурировать с объективным отсутствием предпосылок для практического сотрудничества, предстоит увидеть в ближайшие годы.

Сегодня необходимость интеграции проверена и доказана временем. Интеграция стала актуальной, и это можно наблюдать ее во многих регионах мира: в Европе - Европейский Союз, в Северной Америке - НАФТА, в Латинской Америке - МЕРКОСУР, в Юго-Восточной Азии - АСЕАН и др. Поэтому Центральноазиатский

регион не может быть исключением. Брать друг у друга самое лучшее, совместно преодолевать трудности, четко видеть перспективу для всех вместе и каждой страны в отдельности, взаимодействуя двигаться к общей цели, - это и есть интеграция.

Страны Центральной Азии всё чаще признают общую идентичность, считая, что регион как единое целое более узнаваем в мире, имеет больше возможностей укрепить свой международный авторитет и может иметь больший вес в отношениях с внешним миром.

